

87 К.03.1
Ж 88

ПРОЗА

ЖАҢА ЗАМАН
ӘДЕБИЕТІ

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ



ЕДІГЕ

84 Қаз 7-44

Ж 88

ПРОЗА

ЖАҢА ЗАМАН
ӘДЕБИЕТІ


Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

ЕДІГЕ



НУРА-АСТАНА
баспасы

Астана - 2012



УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-44

Ж 88

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІ
«ӘДЕБИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ТҮРЛЕРІН БАСЫП ШЫҒАРУ»
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Жүністегі Кәмел.

Ж88 ЕДІГЕ. Тарихи роман.


Астана: Нұра-Астана, 2012.-408 бет.

ISBN 978-601-7101-38-1

Бұл роман аңыз-әңгімелер, әр елде сақталған дастандар, архив материалдары мен зерттеулердің нәтижесінде туған көркем шығарма. Шығармадағы Ер Едіге, Аңдысын, Сыпыра жырау, Мамай, Тоқтамыс, Әмір Темір, Нұралы, Ноғай, Витовт, Василийлер тарих сахнасында болған адамдар.

Автордың бұрын жарық көрген «Құба белдер» трилогиясы, «Соңғы Абыз» романы, «Дос көңілі», «Көксеу», «Көксеңгірдің тасында», «Көне хикая», «Қоңыр күлжа», «Шырағдан» атты повестер мен әңгімелер жинағы кезінде оқырмандардың жоғары бағасын алған. Қаламгердің әңгіме-хикаяттарының бір тобы «Вожак» деген атаумен орыс тілінде жарық көрген.

Романның тілі көркем, тартымды.



УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-7101-38-1

© К.Жүністегі, 2012.

© “Нұра-Астана” баспасы, 2012.

КӘМЕЛДІҢ ЖАҢА РОМАНЫ ХАҚЫНДА

Творчестволық кемел шағында Кәмел күрделі бір шығарма жазатын шығар-ау деп күтетін едім. Тура менің үмітімнің үстінен шыққан сияқты. Едіге туралы мынау туындысы әзірге ешкім шиырлап үлгермеген тың дүние екен. Кезінде өткеннің саясат тарапынан жауы көп еді, егемендік алған соң дауы да кем түсіп тұрған жоқ. Біреулер ары тартады, біреулер бері тартқысы келеді, арада шындықтың беті шиырланып, оқырман дудамал ойға тап келетін кездері болады. «Шалқайғанды бері тартпа, ары итер дейтін» қазақтың дана сөзі бар. Қалай тартып, қайда итерсең де өткеннің бәрі өз тарихымыз. Жақсысын асырсақ та жаманын жасыруға болмас. ВЦИК мүшесі Фрунзенің сөзімен айтқанда: «Тарих қазақ деген халыққа қашанда зауал болып келген». Сол зауалдың тепкісі XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында тағы келіп килікті. Дәл осы кезде батыстың саясаты мен тарихшылары «түркі зорлығының үш кезеңі» дейтұғын лақаптың шаңын бұрқылдатып, түркі дүниесіне лап қойды да біздерден біржола түбегейлі құтылмақ болды. Бопсалап айтсақ: бірінші кезең - Аттила, екіншісі - Көтенханның екі ұлы Ашбөрі хан мен Ботпай, Үшіншісі - Шыңғысхан болса керек. Сонсоң да түркі билігінің бошырап, Алтын Орданың әлсіреуін күтіп отырды. «Қашайын деп тұрған киік еді, сауырдан таяқ тиіп еді» демекші, осы кезде тарих алаңына даңққұмар, жарымжан параноик Ақсақтемір шыға келді де Мәскеу түбінде бейғам жатқан Тоқтамысқа, Еуропаға шығайын деп тұрған Константинопольдегі Баязит ханға тұтқиылдан шабуыл

жасап, түркі дүниесін астаң-кестең қылды. Оның үстіне Батыс пен Таяу Шығыстың барлау қызметі мен дипломатиясы Ақсақтемірдің қолтығына дым бүркіп, онсыз да дүрдеараз боп отырған жеке хандықтарға айдап салды. Едіге жан-жақтан андағайлап тұрған алмағайып заманға тап келді де бір емес, бірнеше жаумен айқасты. Түркі тарихындағы қаралы беттердің қасіретті кезеңі екенін біле тұра өзбек ағайындар сол Ақсақтың пәленбай жылдығын тойлады. Қазақстан ашып ештеңе айтпаса да үнсіз қалыс қалды. Газет-журналдар бейтарап болғанымен тарихшылар радио арқылы үш дүркін пікір ұйымдастырып, шындықтың бір бетін ашқан сияқты. Түркі тарихында ежелден сепаратист боп келген өзбектерге реніш жоқ, тегіне тартпай тұра ма, сол үшін де Қасымхан 36 жыл соғысып еді, бүгінде еврейі бар, тәжік-парсысы, ұйғыр-қазағы бар конгломерат боп алған өзбек ағайынды қамшыласаң да оңына бұрылмайтын шығар.

Кәмел жұрт жайлап кеткен сарыжұртқа соқпайтын әдетімен Едігені өзінше зерттеп, өзінше пайымдаған екен, бұйыртса оқырман қолына бір ғана Едіге туралы емес, өткендегі тарихи оқиға, тарихи қайраткерлер жөнінде тәуір бір шығарма тиетін шығар деп ойлаймын. Қашанда тарихтың қарыспа желіне қарсы тұратын «сорлы» қазақтың ерлігі жайында бір парақтың беті ашылған сияқты.

**Қалихан ЫСҚАҚ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.**

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің
жиырма жылдығына арнаймын!**

Автор.

ЕДІГЕ

I

ЗОБАЛАҢ ШАҚ

Ертемен тұрған Құтлықия Қаратау жақтан ескен самалға төсін төсеп, ұзақ сүйсініп тұрды. Құмкенттің іргесіндегі Қызыл көл де жай ғана тыныстап, кей-кейде айнакөлдің беті жыбырлап, ұп-ұсақ иірім-толқындар бірін-бірі қуалап, секіріп ойнаған шабақтары да көрініп қалып, бейбіт тірліктің кейпін көрсетіп жатыр. Қарт Қаратаудың басына түн баласы қонақтаған бұлт та күн көтеріле етегін жиып, бірте-бірте сейіліп, шыңның басына ақ сәлде боп оратылып біраз тұрды да, көзден ғайып болды.

Құтлықия осы шағын кенттің әкімі. Кешеден бері қонақтап жатқан Тайқожа ханның нөкерлері де әлі бас көтере қоймапты. Тайқожа ханмен екеуінің арасындағы пейіл достастығы тым ертеден басталған. Тайқожа да хан екенмін деп шіренбей, Құтлықия иелігіндегі осы қалашыққа ат басын анда-санда бұрып, мына жалғанда көңілі толмас, ішіне шер боп қатқан сан жағдай, қилы уақиғаларды досымен бөлісіп, іштегі құсаны ақтарып, жеңілдеп қайтатын еді.

Байлаулы тұрған аттардың бірі, сірә айғыр болса керек, шылбырын үзіп босанған бетте арқырап, өзіне мінез көрсете пысқырынып, жер тарпып айқасты. Байлаулының да ноктасы шарт үзіліп, аспанға секіріп, айбат шегіп шыға келді. Қайырыла бұрылып, тебісті. Шарт-шұрт соғысқан тұяқтың, арқыраған айғырлардың үні жым-жырт тыныштықтың шырқын бұзып шыға келген.

Қолына құрықша алып тұра жүгірген баласы Едіге екен. «Ай, шу! Шу» леп құрықшасын сілтегеніне көздері қанталаған айғырлар көнер емес. «Япырай, қаршадай немені мына құтырынған айғырлар таптап кетер ме екен» деп іштей уайым шексе де Құтлықия бірер аттап басты да тоқтады. «Жә, қаршадай болса да ширақ қой, мұндайды да көріп-піскені дұрыс».

- Әй, не қарап отырсың? - деді қатқыл үн. Қатқыл үннің иесі хан нөкерлерінің ішіндегі онбасы екен.

- Мен бе? - деп тонының жағасына тұмсығын тығып мүлгіген күзетші басын көтерді.

- Құдай ұрған... Саған сеніп... Сен түнде бар атты жау айдап кетсе «ыңқ» дейтін түрің жоқ қой.

Онбасы күзетшіні желкеден түйген. Жұдырық қаттырақ тиді ме, күзетші аунап, топырақ қапқан.

Ызалы айғырдың бірінің тізгіні онбасының қолына түсті. Кішкене Едіге де қалысар емес. Айғыр қалай оскырынса да қолға тиген шылбырын жібермей, ақыры ырқына көндіріп, жетектеп келеді.

- Аға, мініп бір ағызып келейінші.

- Қой шырағым, хан ием көрсе ұрады.

Құтлықия Едігені үш жасынан атқа мінгізіп үйретіп еді. Сонан бері де алты-жеті жылдай болып қалыпты. А, Құдай бергеніңе шүкіршілік. Осы жазда Едігенің асау тайдың құлағында ойнағанын көзі көрген. Мына шәлкес айғырдың тізгінін қолына берсе жарым сағатта

жуасытып әкелетініне сенеді. Иә, өмір деген де айтқанына көне бермейтін асау уақыт. Шарт-шұрт етіп басында сан рет найзағай ойнар, ғұмыр дауылы да түпсіз шыңырауға лақтырып бағар. Соның бәрінен жол тауып шығу үшін қажымас қайратынды жасында шыңда. Ол жеткілісіз-ау, тұңғиықтан сәуле табатын ілім-білім қайда? Иә, ол жағынан да Едіге ешкімнен кем болмас. Міне, бір-екі жылдың жүзі болды, Әптиекті бітіріп, Құранды тәмәмдап, Мұхтасарға да ауысқан. Әбжадтан да хабары бар. Медреседегі ұстаздары Едіге түбі бар ғылымды игерер деген үміттерін де Құтлықияға жеткізген.

Алыстан шаң көрінді. Бұрқ етіп көтерілген шаң созыла түскендей. Құтлықия қолын маңдайына қойып күн салып қарады да басын шайқады.

- Жақсылық болса игі еді.

Құмкент кішіректеу қалашық. Сауда жолының үстінде. Түстігінде Баба Ата, терістігінде Созақ. Керуен Құмкентке сокпай кетпейді. Құмкент арқылы керуен Сарысуды бойлап Арқаға да беттеп жатады. Қаланың ерекше бекінісі де жоқ, аласа дуалмен ғана қоршалған.

Құтлықияның да қалабасы ретінде бар мақсаты қала тұрғындарының бейбіт тірлігін, берекелі өмірін сақтау. Айнала қанша алакөз болып, шабысып қалып жатса да, осы дұшпан ниеті Құмкентке жеткенде су сепкен өрттей басылады. Біреулер оны қалаға жақын жатқан Баба түкті Шашты Әзиз әулиенің шарапаты десе, қайсылары Құтлықияның білгірлігіне саяды. Иә, Шашты Әзиз бабаға ағылған жұртта да шек жоқ. Басына түнеп шарапатын көрдік дегендердің әңгімесінің өзі аңызға бергісіз. Пенде болған соң күнә да жетерлік болар, Құдайдан үмітсіз де жан табылмас. Сонан да шығар Құмкент іргесіне келгендер әйтеуір жуасып жүреді.

Талай жұртты шауып, сансыз елді бағындырған Әмір Темір де Құмкентке зорлық көрсетіп, қаһарын тіккен емес. Иә, сонау бір жылы Әмір Темірдің жаушысы келген. Әмір де жұрт қатарлы ит жүгіртіп, құс салғанды ұнатады екен. Әмір әлдебір жүргіншіден Құмкент билеушісінде қыран бүркіт бар деп естіп, соған қолқа салыпты. Ондай құс Құтлықияда жоқ еді. Әмірдің жаушысының көңілінде күдік қалмасын деп, өзі түгілі осы маңдағы құс иелерін де аралатып көрсетті. Әмір Темірдің сұратқаны да тек Жошы хан ұстаған Арқадағы Ортаудың бүркіті екен. Құтлықия да Әмірмен дос ниетте екенін білдіріп, сол бүркіттің бір ұрпағын екі-үш ай шамасында жеткізіп беретініне уәде еткен. Құтлықияның Арқаның Ортауына жіберген жігіті жаз ортасында екі ақиық балапанды алып жетті. Барған жігітін Әмір де құр алақан қайтармапты, Құтлықияға арнап мол сыйлық ала келген. Сонан бері осы маң тыныш. Секіре қашқан бөрі болмаса, найзасын шошайтып селт етіп көрінген жау жоқ еді.

- Иә, Алла, тыныштығыңды бере көр.

Шаң арасынан кара көрінді. Қараның әзірше қаракөк пе, құла ма, қаракер ме, қандай екені белгісіз. Шаңды шаңға қосып ызғытып келеді. Алдында қуған аңы көрінбейді, өзі қашқан болса соңында қуғыншы жоқ. Соншама еліре шапқан бұл кім болды екен? Жұрт жинала бастады.

- Е... ей...й, - деген дауыс та сонау алыстан талып естілген.

- Мынау жай адам емес қой.

- Өзі де атты аямайды екен. Күн болса мынау шыжғырып бара жатқан.

- Жайшылық болса игі еді, - деп қарт Есе би күрсінді.

- Іргеке келіп қалған жау жоқ сияқты еді, - деп онбасы нөкер тамсанды.

Иә, Құтлықия да айшылық жерде топтанған дұшпан бар деп естімеген. Қалабасы болған соң да өткен-кеткеннен, талай жерді аралап, талайдан тіл алатын саудагер біткеннен айнала басқа елдің ау-жайын сұрап бағатын. Әмір Темірдің қолы бұл маңға, не анау Арқа жұртына беттемеген, тіпті Әмірдің Арқаның сайын даласын да, мыңғыраған мал асыраған елін де бағындыру ойында жоқ сияқты. Қайта жылма-жыл Арғын-Наймақ Керей-Уақ, Алшын-Тама жаққа керуен аттандырып, саудасына отарлап мал айдап қайтатынын береке-құт санайтын тәрізді. Сонда мына шапқыншы кім?

Шапқыншының астындағысы қаракер екен. Қала айналасындағы дуалдың іргесіне келіп, аттың басын бірақ тартты. Сықырлап қақпа ашылды. Мына ыстықта басына құндыз бөрік киген жігіт атын ойнақтатып келіп, орталық алаңға жеткен бетте:

- Уа, халайық, тыңдандар! Тыңдандар! - деп бар дауысымен айқай салды.

- Не дейді, мынау?

- Тыңда деп жатыр ғой.

Келесі сәтте шапқыншы жігіттің емеурінін таныған біраз оған саптыаяқпен сусын ұсынды. Қаталап қалған болса керек, саптыаяқты басына бірақ көтерген жігіт, алақанымен аузының айналасын сипап:

- Уһ, - деп дем алды.

- Мынау тіпті өлуге айналыпты ғой, - деп күлді онбасы.

-Ұрыс хан ием қол жинап жатыр, халайық, Айбынды Ұрыс ханның төңірегіне жиналыңдар. Бұл хан бұйрығы. Кімде кім бас тартса жазаланады.

- Япыр-ау, бұл кіммен соғыспақ екен, ә?

Аласа орындықта отырған қарт Есе би аппақ қудай сақалын сипап, басын шайқады.

- Ұрыс ханды айбынды деді ме? - деп күлді онбасы.
- Ол қашан қолбасы боп, қай жауды қиратты екен?
- Ханның қаһарына ілікпендер. Қалалықтар да, даланың қазағы да ұлы ханның әмірін екі етпейді. Қарсы келгеннің күні қараң. Ұрыс хан - ұлы хан.
- Сонда ол кіммен соғыспақшы? - деп қалды қарттың бірі.
- Ә, не дейсің?
- Кіммен соғыспақ?
- Кіммен? - ханның жаушысы енді есіне түскендей бөріні басынан алып, шыр айналдырып жіберіп, қайта төбесіне жапсырды. Мұнысы оның «міне, көрдіңдер ме, хан сеніміне кірген адамның осындай асыл киімге қолы жетеді» деген мақтанышы екенін Құтлықия танып тұр.
- Ұлы Ұрыс хан сарайдың ендігі иесі болмақшы.
- Ә? - деді өз құлағына сенбеген онбасы.
- Сарайдың..., -Есе би қарт таңданып, айнала жұртқа басын бұрып, жан-жағына үңіле күрсініп, - сонда... Япыр-ай, өз ұямызды өзіміз талқан етеміз бе, - деді бәсең үнмен.
- Иә, иә! Ұлы Ұрыс хан ұлылығын енді әлемге жария етуге бекінді.
- Шырағым атың кім еді? - деді қарт жаушыға мойнын созып.
- Оны қайтейін деп едің?
- Хан әмірін жеткізушіні біле жүрейік дейді мына жұрт.
- Ә, онда болады. Атым Кенжен!
- Е, солай де.
- Ал, халайық, жинал. Хан жасағына баратындар бір аптаның ішінде хан ордасының маңынан табылуы керек. Жақсы аты, бес қаруы түгел болсын. Сойыс малын да ала жүруді ұмытпасын.

- Мына жігіттің киімі жақсы екен, - деп қызықты Едігенің досы Андысын.
- Сырты жылтыр, ішін кім білсін, - Едіге ұнатпағанын білдірді.
- Хан жарлығы деп тұр ғой.
- Әй, білмеймін. Үлкендерден сұрамасақ, әзірге мен оқыған кітаптарда ондай пәлені көрмедім. Сонда ханның аты кім өзі? Ұрыс па? Әлде Орыс па?
- Соны мен де ұқпадым, - деп Андысын басын сипады.
- Ә, мейлі, кім болса да.
- Жиналған жұрт өзара күңкілдесіп, қарттар жағы сақалдарын уайыммен сипап тарай бастады. Дәстүр бойынша Ұрыс ханнан келген Кенженді Құтлықия жайлы жерге орналастырып, алдына ас-суын қойып, атын бағынға берген. Құтлықияны уайым басты. Жоқ жерде жау табылды, іргеден, ағайын арасынан дұшпан шықты. Оның несі қуаныш.
- Келген жаушының кім екенін Тайқожа хан да біліп отыр екен. Құтлықия хан досының жүзінен мазасыздықты таныды. Тайқожа кіші хан, Ұрыс хан үлкен хан есебінде. Салт бойынша Тайқожа хан оны тыңдауға міндетті.
- Иә? - деді, Тайқожа хан сұраулы жүзін бұрып.
- Иә, - деп күрсінді Құтлықия. - Енді өзара жауласуымыз қалыпты. Шығыста шүршіт, батыста орыс бар еді. Ендігінің қаны бірін-бірі сүзгілеп жүргенде кәпірің құтырып, көкайыл қатындай шаптығуға айналды.
- Кішірек қана аймақты басқарып отырған Тайқожа ханның қолынын не келеді, ол да іштей қынжылысын жасыра алмай көкбуырыл тартқан сақалын сипап, ауыр дем алды.
- Ұрыс ханның ендігі көздегені несі екен?

- Сарайды басып алмақшы.
- Ел бүлінді деген осы да. Иә, сонан...
- Сонан... Бізді өз әскеріне қосылуға бұйырыпты.

Болмаса шетінен жаза шегесіндер деп қан жаушысы дігірлеп жатыр. Бір апта ішінде Ұрыс ханның жанынан табылуымыз керек екен. Беті қатты сияқты.

Ертеңіне Ұрыс ханның жігіті Кенжен аттанып кетті. Жай кеткен жоқ, кімдердің өздеріне ілесетінін білгісі келіп, қайта-қайта дігірлеп, Құтлықия бастаған ел жақсыларының апшысын қуырды. Атыс-шабыстың қайсынан болса да қалыс қалып, саудамен, бейбіт тірлікпен өркендеп отырған қала жұртшылығы Ұрыс ханның бұл өкімін құп алмады.

- Қалалықтардың кеңесін өткізіп барып, бұл мәселені шешеміз, - деп Құтлықия да жаушы Кенженді екі ұштылау жауаппен шығарып салды.

Тайқожа хан қатты абыржулы еді. Бөлектеу жатқан кішірек аймаққа да ешкім қызыға қоймай тақ таласынан алыстау тірлік етіп жатқан жайы бар. Енді мына әпселең өзін еріксіз сүйреп бара жатқанын жан-тәнімен сезінген. Не істесе болар еді деп басы қатты. Ұрыс ханмен бетпе-бет бірер жүздескені болмаса, сыралғы емес. Көк Көкорда Ишен ұрпағының үлесінде. Сол ордаға қолы жеткен Шөжетай хан басқаның ұлысын басып аламын деп өзеуреген емес. Шөжетай хан дүниеден кетісімен оның тағына ұлы Ұрыс хан отырды. Тайқожаның сонда ықылас білдіріп кіріп шыққаны бар.

Көп кешікпей Ұрыс хан туралы сөз гуледі. Айтыстарына қарағанда Ұрыс хан әкесі ұстанған бейбіт тірліктен іргесін аулақ салған сияқты. Қолымызда күш барда басқалар тізе бүгуге тиіс деп, көршілес жатқан елдің ұсақ билеушілердің бірінен соң бірін астына басыпты деп естиді. Ендігі арманы Сарай екен деген де сөз жеткен. Сарай Алтын Орданың астанасы. Көнеден

келе жатқан ұстаным бойынша Алтын Орданың билігі тек Бату хан ұрпағынан болуға тиіс. Бұл дәстүрді бұзу шексіз қантөгіске апаратын жол. Ұрыс ханның бұл жолғы айтқанына көнбесе өз тағдырының қалай болатыны да белгісіз.

Әрі-бері толқып, шешімін таба алмай бара жатқан Тайқожа хан Құтлықияның мұндай абыройсыз соғыстан бас тартатынын естіп, өзі де қатынаспауға іштей бекіді. Ұрыс ханның мына ісіне қарсылар тағы да табылар, жеке қалмасын деп ішкі толқуын басты.

Тайқожа хан өткен түнде көз ілмей шыққан. Енді ат үстінде отырып, өткеннің елесіне тағы көз жүгіртті. Соның бірі Ұрыс ханның таққа отырғаннан кейінгі біраз адамды жинаған мәслихаты. Оның өзі де бұрынғы дәстүрден өзгешелеу десе болғандай. Бұрын әкесі Шөжетай ханның тұсында төрден орын алғандардың талайы бұл кеңеске қатыстырылмады. Ханның оң тізесін баса отыратын мұфти де, осындай кеңестен қалдырылмайтын хатшы да жоқ. Ханның ең сенімді дегендері осылар емес пе еді, енді бакса олар сырттан тыңдаушыларға айналыпты да олардың орнын басқалар басыпты. Жаңа жетілгендер хан сөзін Құран сөзіндей қабылдап, алып-қосары жоқ ыңғай ләпбай тақсырлар екен. Онда мұның несі кеңес? Дұрыс-бұрысты қалай шешпек?

Тіпті хан күзетінде ғұмырын сарып еткен, сан уақиғаны басынан кешіріп, сенімге ие болған күзет бастықтары, лауазым иелері де шеттетіліп, тың адамдардың табан астынан көтерілуі өте жиі. Шеттеп қалғандардың көзі, әзірше, тірі. Оның арты не боларына тағы ешкімнің көзі жетпейді. Осыны ойлаған кіші хан Тайқожа іштей бір Аллаға сыйынып, жүрісін тездеткен.

Ойда жоқта иен даланың шаңын көтеріп, бейбіт гірліктің шырқын бұза жеткен. Ұрыс ханның жаушысы

Кенжен де Құтлықияның сол түнгі ұйқысын қашырды. Өз үйіңнен безіп кете алмассың, дөңбекшіп түн өткізіп, түнеп шыққаннан басқа амал қанша. Мұндағы ел-жұрттың епдігі ойы не? Мына елдің басына түсер бұл пәледен қашып құтылар амал нешік? Дөңбекшіп жүріп, ұйқысырап көрпесін ашып тастаған Едігені қайта қымтап, маңдайынан иіскеп, қайта қисайды. Е, Алла, мұндайда таң да атпайды екен. Әншейінде айқаса кететін кірпіктері де бір-біріне жуықтамай, ұйқы деген шошынған торғайдай безіп, маңына жоламады. Қаншама шаршадым десе де ойы сергек. Бірін-бірі қуалаған ойлар қуаласып келіп жағалауға ұрған толқындай сапырылысып, әбден берекесін алды.

Еріксіз тұрып, түн күзетіндегі жігіттер жақты жағалады. Түн ортасынан асса да олар да бүгін сергек екен. Жайшылықта күзеттегілер кезек-кезек ауысып, көз шырымын алушы еді, бүгін ол да жоқ екен.

- Мына жаушы дегбірімізді кетірді-ау, - дейді жасамыстауы.

- Тыныш өмірге не жетсін.

- Әй, соның енді реті келмейін деп тұр ғой.

- Менің естуімше осы хандар таққа таласып, қырылысып жатыр, - деді жас жігіт.

- Е, сен оны жаңа естіп жүрсің бе? - деп қағытты жасамыс жігіт.

- Оларға тақ, ал бізге...

- Біз сонда кіммен соғыспақпыз осы. Сарай Алтын Орданың бас қаласы емес пе, оны талқандап өз ұямызды өзіміз бұзамыз ба, сонда. Осыны түсіндіріп берер адам бар ма, шіркін.

Ұрыс ханның бұл бірінші жорығы емес. Дәл осыдан екі жыл бұрын да табан асты жиналып, қамсыз жатқан сарайды шаппаққа атанған. Қанша қамсыз болса да сарай халқы дәл іргесіне атойлап келген Ұрыс ханның әскерін

қисықтығы үшін дүрелеген әкедей, шықпырта сабап келген жағына қуып тастаған. Бірақ ол жолы Ұрыс хан бүйтіп сауын айтып, бар елді дүрліктіріп қол жинаған жоқ еді. Ханның бұл ісіне іштей наразы Құтлықия күзеттегі жігіттердің сөзін естіп, өз байламының дұрыстығына көзі жетті. Ұрыс хан жаушысын қайта жібермес, бұлар да «солай еттік» демей үнсіз қалар.

Ертеңгілік астан соң баласы Едіге әкесіне жалтақтап қарай берді. Құтлықия баласының көңілінде бір сауалдың жатқанын түсініп, алдындағы асты кейін сырып, қолын сұртті де тамағын кенеді.

- Әке!

- Ау, балам.

- Кеше Ұрыс ханнан келген адамның Сарайды шабуға шақыра келгенін естіп едім, ендігі жөні қалай?

- Иә, балам, сондай іс болып тұр, - Құтлықия жас Едігенің осындай іске зейін қойған зеректігіне риза боп, іштей көңілі өсті. - Балам, әр нәрсені санаңа түйіп жүргеннен артығы жоқ. Алтын Орда алып мемлекет еді. Біз де соның бір бөлшегіміз. Енді сол Алтын Орданың тағдыры алмағайып заманға дәл келіп тұрмыз. Шығысы Алтай, батысы Қарбет тауларынан асып жататын осы мемлекеттің дау-шары үдеп кетті. Батыс жақ аласапыран десе болады. Сол батыс жақты тастап кетсе де болар еді дейсің, бірақ Еділ мен Тұнай өзені кешегі қыпшақтың дүрілдетіп той өткізген, дәурен құрған жері ғой. Ол да ата-мекеніміз. Сол даланың терістігінде орыс жұрты бар. Бірімен бірі соғысып, быт-шыт боп жүрген берекесіз ел еді. Алтын Орда соның өзара жауласуын тыйып, ел етіп еді, енді олар да бізді аяқтан шалуға айналды. Алтын Орданың шалқып тұрған шағында алыс-жақын елдердің көбісі онымен шиеленіске бармай, ымыралас болуға, онымен тіл табысуға тырысатын. Алтын Орданың азаматы болу да мәртебе, кеудесін кере жүретін.

Ормандағы орыс та, Қырым мен Қапқаз жұрты да Алтынордалықпын деп мақтанатын.

- Керемет екен-ау, - Едігенің көзі мақтанышпен жалт етті. Әкесінің сөзін үнсіз, бүгіліп отырып тындаған бала бойын жазып, кеудесін кере түскенін өзі де байқамады.

- Қазір ол заман өтті. Іштей іріткіге түскен Алтын Орда бүгінде ауруы асқынған адамға ұқсайды. Оның есесіне кеше есесі кеткен дұшпандар күшейіп келеді. Мынау орысқа бір кезде біз қамқор едік, енді олар да керексіз еткендей. Қайта біздің батыстағы дұшпандарымызбен бірігіп, Алтын Орданың байлығын тонап, реті келсе өзіне үстемдік етпекші.

- Алтын Орда ауырған адамға ұқсайды дедіңіз. Аурудың емі болмаушы ма еді. Әке, емшісін табу керек қой, ауруын сылып тастар бір азамат табылар мынау елден

- Иллаһим, солай болсын, балам.

- Құтлықия көзі шоқтанып шыға келген ұлына сүйсіне қарады.

- Иллаһим!

- Иллаһим, - деді Едіге де әкесіне қосылып.

- Иә, балам, енді мынаны да білгенің жөн. Алтын Орда өзіне қарсы бас көтергендерді ноқталап тастауды қойған. Бұл әлсіздіктің белгісі. Бұрынғы екпінмен төңірегіндегілерге тек қоқиланып қояды. Алтын Орданың түбіне жеткен тоқмейілсу, хандардың бақ пен тақ құмарлығы, азаматтардың іші бос өркеуделігі. Олар тіпті ірі мақсаттары мен айтар ойларының нақтылығынан айырылып қалған. Осындай жағдайда іштен шіру көбеймесе, азая түсер ме? Біртіндеп барымыздан айырылып та жатырмыз.

- Сонда ол қалай? - деп Едіге ежіктей сұрады.

Құтлықия баласына зер сала қарады. Балалық әуескойлық па, әлде жастайынан кітапқа көп үңіліп

өскен баласының жас та болса әлемді танудағы ерекшелігі ме. Бар зейінімен тындап отырған тәрізді ғой. Ендеше зердесіне түйе берсін.

- Тақ таласында шек жоқ. Хан тұқымының бірін бірі өлтіруінің салдарынан сайын хан Батудың тұқымы құрып бітуге айналды. Қайсының тірі екеніне де қазір көз жетпейді. Ал, Алтын Орда заманындағы тұтастығынан айырылды десе болады. Онан Хорезм бөлініп шықты, оны хан емес Ақ сопы, кейін Хусаин сопы басқарып отыр. Көк Орда өзінше шаңырақ көтерді, оның ендігі билеушісі Ұрыс ханның жаушысын кеше көрдің. Қырымда Генуя, Венеция саудагерлері өз алдына билік құрып, бөлініп барады. Кешегі Алтын Ордадан тізесі дірілдеп отырған Поляктар Ордаға қарасты Волын княздігін басып алып, енді не істей аласың деп ежірейтіп отыр. Ал, анау Литва деген елдің князі Олгерт деген Көксудың жағасында Орданың Қажыбай, Құттыбай басқарған әскерін қуып тастап, Подолие өлкені тартып алды. Бұл жерден Орданың басқақтары атам заманнан бері салық жинап келген. Енді ол жерге Орда адамы аяғын қия баса алмайды. Онан кейін сол Олгерт дегені Чернигов, Стародуб, Рылск деген жерді де басып қалды.


- Таза басынған екен, - деп Едіге кіжінді. Жұдырығын тас-түйіп алыпты.

- Е, шырағым, - Құтлықия әлденеге қинала түсіп, басын изеді.

- Бір кезде Қарбеттен асып жататын Орданың шекарасы енді Днепрдің шоңғалдарымен шектеліп қалды ғой.

- Тух! - Едіге қозғалақтап, әкесіне үңіле түсті.

- Ол ол ма, кешегі өзіміз асыраған орысымыз енді өзі бізді қаба бастады ғой. Новгород деген қаладан шыққан қаракшылар Болғар мен Кама бойын



саудагерлерді қоймай тонап алды. Саудагерді тонауға қай ел жол берген. Қарақшылар жазасыз қалды.

- Шектен шыққан екен.

- Иә, балам, бұл Орданың әлсірегенінің белгісі. Сонан кейін дөніккен Нижегородтың князі Бұлғары елінің басшысы Асанды қудалап, ақыры келесі жылы ордалықтарды ығыстырып, Сүре өзенінің бойына өздерінің бекінісі Құрмышты салды.

Мана естігендеріне жабырқап, бармағын тістелеп отырған Едіге кенет басын шайқап, өткеннің ауыр елесінен құтылғысы келгендей қайта серпіліп әкесіне тағы сұраулы жүзін тастады. Әке балаға сыншы, Құтлықия да баласының қас-қабағын баққан.

- Сонда қалай өзі, Орданың хандарының кейпі осындай болса өзіңіз айтқан Алтын Орда мемлекеті қалай құрылған?

- Ертеректегі дәурен басқа еді ғой. Алтын Орданың негізін салған Шыңғыс ханның ұлы Жошы десе болады. Оның ұлы Бату хан орысты да, Морова, Шуаш, Үдімұртты да бағындырып, Еуропаның поляк, неміс, Ұрым елінің зәресін алды. Олардың біразы соғыспай ақ тізе бүгуге дайын-тын. Батуды елі күні бүгін Сайын хан атайды. Ерте-ертеде, тіпті осыдан мың жыл бұрын Еділ патша деген болған екен. Сол бүкіл батысты бағындырып Ұрым елінің бас қаласының көшесінде ат ойнатқан екен. Бату хан, міне соның ізімен барды деседі. Көне жазбаларда мұның бәрі бар.

- Мұны қайдан оқуға болады.

- Ә, балам, мұны мен Бұхардағы кітапханадан көріп едім. Көп дүние Бағдаттың, Дамшық, Мысырдың кітапханаларында сақталған. Заманың түзу болса сенде барып танысарсың.

- Ә, - деді Едіге, - сонан Бату ханның соңы не болды, әке?

Берке ханның тұсында Алтын Орда дәуірлей түсті. Берке хан елді ислам жолына шақырып, мұсылман дінін қабылдады. Сөйтіп дін Алтын Орданың маңына жұртты біріктірген ұйытқы болды. Мемлекеттің кіріс-шығысын, мүмкіндігін есептеу үшін алғаш рет халық санағын жүргізеді. Араз әтештерше бір-бірімен төбелесе кететін орыс княздарының ісін бақылау үшін басқақтарды қойды. Шабысып-төбелеспек түгілі орыстың кнәзі де, басқасы да басқақтың рұқсатынсыз қатын да ала алмайтын еді. Орданың ішкі қауіпсіздігі күшейтілді, бір орталыққа бағынған тәртіп орнады.

- Бәсе, - деп лепіре қуанды бала Едіге. - Солай жалғаса берген шығар.

- Иә, - деп Құтлықия сәл ойланып, жүзін алысқа салып біраз отырды, - иә, бұл тәртіп Өзбек ханның тұсында да беки түскен еді. Өзбек хан мемлекет билігіне білікті адамдарды тарта білді. Бар мәселе жан-жақты зерттеліп, дұрыс шешімін табу үшін Хан кеңесін құрды. Кеңестің мүшелігіне өзінің пікірін ашық айта алатын, оқу-тоқуы бар, өмір тәжірибесі мол адамдарды өзі таңдады. Кеңес мүшелерінің әрқайсысы пікірін айтып болғанша ол өзінің ойын ортаға салмайды екен.

- Онда жан-жаққа тартып кетпей ме? - деп қалды Едіге.

- Жоқ, ханның ақырғы сөзі осы кеңестің шешімі боп қабылданатын үрдіс бар-тын. Хан кеңесінен басқа төрт түрлі биліктің жеке-жеке әмірі болған. Олар мемлекет ісінің әр саласын басқарды. Бірақ басты билік беклербекте, екінші орында уәзір тұрған Орталықтың айтқанын бұлжытпай орындау үшін ұлыстар жойылып, аймаққа айналған. Аймақтың басшысын хан өзі тағайындаған. Аймақ әмірі болып бұрынғы ұлыс басшысы да қалатын, егер ол өз ісін ақтамаса сол ұлысты билсген ұрпақтың басқа біреуіне әмірлік берілген.

Аймақ әкімшілігінде әділ төрелік ететін Қазі, дін басқарушысы мүфти, кеден ісін басқарушы, салық жинаушы, диуан хатшысы, барлау ісі, тұтқауыл да болған.

Құтлықия ұзақ әңгімесінің Едігеге әсері қандай екен деп, жиі-жиі көз тастап отырған. Бала жалықпапты, қайта айта түссе екен дегендей, ниет танытып, бет жүзі бал-бұл жанып отыр. «Е, жаратушы ием бір Алла, осындай ұл бергеніне де шүкіршілік» деп ішінен тәуба етті.

- Әке, Ұрысхан да солардай болатын ба еді, оған көмекке әскер неге бермедіңіз? - деп сұрады Едіге. - Әлде, онымен араз ба едіңіз?

- Жоқ, балам, бас араздығым жоқ. Біраз Ұрыс ханның осы ісі көңілге қонбайды. Сарай Алтын Орданың бас қаласы. Оны билеген қазіргі хандар да берекесіз. Бірақ сол Орданы да, Сарайды да қорғап жүрген Мамай батыр. Ол хан емес, хан болмайды да. Көненің жолы бойынша хан тек Шыңғыс тұқымынан болуы керек. Мамай төре тұқымына жатпайды.

- Сонда Мамай батырдың ерлігі не?

- Балам, мана мен бір кезде өзіміз асыраған, быт-шыт болудан сақтап қалған орыстар енді өзімізді аяқтан шала бастады демедім бе. Саудагерлерді тонап, жасақ құрып, иен даладағы біздің ауылдарға қырғидай тиіп жүрген де солар. Мамай батыр соларды қайта тәубасына түсіріп жүр. Бағынғысы келмеген орыс княздарын да орын-орнына қойып жүрген сол. Нижгородтың князі Константиннің Митриі бас княз өзі болғысы келіп өзеуреп еді, Мамай бас княздікті Иванның Митриіне беріп, анаусын тәубасына келтірді, ақыры ол есін танып қашып жүр.

- Солай екен ғой, - Едіге таңданды.

- Жассың ғой, әлі естімеген уақиғалар жеткілікті. Мамай батыр қазір тағы да сол бас көтерген орыс

княздарын жуасыту үшін Мәскеуге қарай аттанған. Сарай қорғаусыз қалғандай. Осыны пайдаланып Ұрыс хан сарайды басып алмақшы. Сонда, өзің ойлашы, Мамай Алтын Орданың бүтіндігін ойлап, дұшпанмен айқасып жүр, ал Ұрыс хан ұрыға ұқсап қапысын аңдып, дұшпанға көмектесіп, оны желкеден соқпақшы. Осындай іске көмек етсем менің кім болғаным.

- Онда Сізде... иә, онда бізде, - деп сөзін түзеді Едіге,

Алтын Орданың жауларына көмек еткен боламыз ғой.

Бәсе, осы соғысты қала халқы да қаламай жүр еді.

Есіктен көрінген қызметші қаланың игі жақсыларының сарайға жиналғанын хабарлады. Сақал-шашына ақ кірген Құтлықия асқа бата жасап, сәлдесін жөндеп киіп есікке беттеген. Едіге әкесінің соңынан ұзақ телміре қарады. Осындай әкесінің барлығына риза. Япырау, сонау-сонау батыста болып жатқан уақиғаларды қайдан біледі десейші. Әлде, сол жақта болды ма екен? Осы үйге де алыс-алыс аймақтардан келмейтін кісі жоқ. Солардың көбі естіген-білгендерін Құтлықия әкесіне айта отырып, онан кеңес сұрайтын тәрізді. Мамайды әкесі нені айтатынын да сан естіген, бірақ бүгінгідей саралап, түсіндіріп берген емес еді. Енді есінде жүрер. Сонда өркөкіректікке салынып, орданың дұшпандарына болысқан Ұрыс хан кім? Көрер ме еді өзін. Бәсе, кеше осы елдің үлкені Есе би ата жаушы Кенженді жақтырмай басын шайқап отыр еді, Есе би ата көреген ғой.

Жаз ортасы өткен еді. Алыс жақтан, сонау Ұрыс ханның ордасы маңынан түрлі хабарлар келіп жатты. Айтуларына қарағанда Ұрыс хан сарайды тонаған сияқты, бірақ хан тағына бекініп отыра алмаған ба, әлде оны қуып шыққан ба, әйтеуір жайсыз күймен өз ордасына оралыпты. Сонан соң ұзынқұлақ бірінен соң бірі жайсыз уақиғаларды жеткізді. Сәтсіздікке ашуланған

Ұрыс хан өшін басқалардан алса керек. Баяғы өз әкесінің маңайында ірі лауазымды қызмет атқарғандарды кінәлі тауып, біразын жазалапты. Кезек Тойқожаға да жеткен. Тайқожаның ауылын шауып, өзін өлтірген екен, баласы Тоқтамыс бас сауғалап қашып құтылыпты. Мұны естіген Құмкенттің игі жақсылары өздеріне төнер қатерлі сәтті күтті. Құтлықия баласы Едігені өзі іштей күткен жамандыққа дайындаған.

— Балам, заман аумалы-төкпелі ғой. Шындықтың жолы ауыр. Әділ іске әрқашан зұлымдықтың шоқпары дайын. Зұлымдықтан сескеніп, тізе бүккенің несі өмір, онда әлемді қасірет билер еді. Мына Ұрыс хан Тайқожаны өлтіріп, сол зұлым шоқпарды аямай сілтеп отыр. Күндердің күнінде, кім біледі, Құмкентке де келуі мүмкін, осы есінде болсын.

Едіге әке күткен жамандықты жақсы түсінді. Апта соңынан айлар келіп, жыл жылжып өтті. Келер жыл да таусылуға шақ қалған. Бар уайым артта қалған. Жұрт айналаға үрке қарауды қойып, берекелі тірлігіне алаңсыз кіріскен. Ұрыс ханнан да еш хабар естілмейді. Уақиға ашық күнде жай түскендей табан асты болды. Таң намазына шақыруға мешіттің минаретіне көтерілген шырақшы, қаланы қоршап тұрған қалың қолды көріп, «Алаһу әкбар» деп үш рет қайталаған соң, дабыл көтерді. Бірақ, әлдекімдер қаланың аласа дуалының қақпасын ашып қойыпты. Намаз үстінде отырған әкесінің қолына қару алуға да мұршасы келмеді. Көзі қанталаған біреулердің әкесін байлап әкетіп бара жатқанын көріп, көмекке ұмтылған Едігені сілейте соғып, есінен тандырып тастаған. Сол ессіз қалпында қала орталығындағы алаңға әкеліпті. Есін жиғанда естігені әкесі Құтлықия мен біраз адамды Ұрыс ханның жендеттері өлтіріп те тастапты. Ендігі қолға түскенді сұрыптап, көбін босатып, қалғанын жазалау күтіп тұр.

Алаңның бір шетіндегі биікше тұсқа Ұрыс хан малдас құрған. Соның әмірімен біреулерге шыңғыртып дүре соғып, кейбірін дарға қарай сүйретіп барады. Белуарына дейін жалаңаштанып алған хан жендеттері дарға сүйрегенді жеткенше сабап, дүреге жығылғандарды өші бардай-ақ суға салып қойған көк шыбықпен кезек-кезек ұрып, қан-жоса еткен. Едіге «мені не күтіп тұр» деп, жүрегі шым етті. Сонан соң әкесінің «Зұлымдықтан сескеніп, тізе бүккеннің несі өмір» дегені есіне түсіп, өзін өзі қайрады. Өзін жендеттің жетектей жөнелгенін біледі. Кенет:

-Хан ием,-деген дауысты құлағы шалды. Орынынан зорға тұрған қарт Есе би аппақ сақалы кеудесін жауып, асығып ақ келеді екен.

- Хан ием, Алла алдына баратын күнім ертең бе, әлде бүгін бе, белгісіз. Менің жасымды сыйлап сөзіме құлақ сал Мынау, Едіге әлі онбеске толмаған бала ғой, жазығы жоқ. Жазықты дегендерің жазасын алды. Бұл бала анау жатқан Шашты Әзиз бабадан қалған ұрпақ қой, әулие тұқымы ғой. Баланың көзінде нұр бар еді, баланы маған қи, - деп жете бере Едігені шапанының етегімен ораған.

Ұрыс хан мұндайды күтпеген, абдырады. Шу еткен халықта бір сәтте тына қалып, жаппай тізерлеп, хан алдында бастарын иіп тұр. «Босат» дегенді білдіріп Ұрыс хан орамалын сілтеді.

Хан жеңісін тойлап үш күн жатты. Азаматтарынан айырылған Құмкенттіктер туысқандарын жерлеп, үш күн аза шекті. Үшінші күні Ұрысханның қала сыртындағы шолғыншылары Балташықты ұстап әкелді.

Құтлықияның інісі Балташық сонау Ұлытау жақтағы қайыңжұртынан оралып келе жатқан, әрі Құмкенттегі уақиғалардан хабарсыз еді. Ат үсті амандасып тұрып, мойнына арқан тастап жіберіп, тарпа бас салғандарға қарсы қылыш суырып та үлгермеді. Балташықтың

жазасын Ордада береміз деп Ұрыс хан оны өзімен бірге ала кеткен-тін.

Ұрыс хан қолы далаға қонды. Басына көлеңкелік қана тіккізген Ұрыс хан Балташықты көзінен таса еткісі келмей сол маңға жатқызған. Айнала ұйқыға кетті. Қолын артына қайырып байлаған Балташық өкінулі. Қапыда қолға түсті. Енді не айла бар? Қолын шылбырмен мықтап-ақ таңып тастаған екен. Түн ортасы ауып барады. Білегінің ауырғанына қарамай қолын тартқылай берген. Байлау сәл босаған сияқты. Міне, таң да сыз беріп, айнала анық көріне бастады.

Айнала әлі жым-жырт ұйқыда. Түні бойы әндеткен күзетші де найзасына сүйеніп, мызғып отыр. Туһ, таң да атып кетті, енді не істейді? Қолын байлаудан зорға босатып алған Балташық кенет ысқырынған үнге жалт қарады. Кобра ғой, мынау. Басын қақшитып көтеріп алған жылан ұйқыдағы Ұрыс ханға төніп-ақ қалыпты. Жалт еткен қанжар жыланның басын қыркып түсті. Ышқынған жыланның құйрығы ханның мойнына сарт еткен.

Хан абдырап, ақыра түрегелген. Хан күзетіндегілер де шошына тұрысты. Қынаптан суырылған қылыштың ызыңы, найзалардың қақтығысқаны, абыржыған үндер таңғы тыныштықты дүр сілкіндірген. Хан өліп жатқан" ұзындығы кере құлаш жыланды енді ғана көрді. Кесілген бастың жанында қанжар жатыр.

- Мынау не? - деді әлі абыржыған Ұрыс хан.

Жылан, — Балташық отырған орнынан қозғалған жоқ.

- Иә, - деді хан, - Сонда мұны кім өлтірді, ә?

Хан айналасындағылардың жүзіне тесіле қарады. Мен едім деп тіс жарған және ешкім жоқ. Енді Балташыққа бетін бұрды. Тұтқынның екі қолы да бос, байлауы жоқ.

- Сен бе?

- Иә.

- Қанжар, - деп хан сұраулы жүзбен төмен қарай

еңкейді.

- Ол да менікі.

- Сен мені неге қорғадың, - деп хан таңданысын жасырмады.

- Хандардың бірін бірі қырғаны аз ба еді ? Енді оларды даланың жыланы мен тышқаны жеп кетуі керек пе еді. Бұл жерде адамдықтың намысы жатыр. Біз адамбыз, ол...

- Әй, сен менің өмірімді қорғап қалдың, Жауың болсам да қорғадың. Тілегінді айт, бердім.

- Бостандық бер.

- Бердім! Бірақ сен маған кеңесші боласың. Арың таза екен.

- Қисық ісіңе көнбеспін, дұрысына ақылымды аямаспын.

Балташық Едігені Есе бидің үйінен тапты. Жасы келген, әрі көрген сұмдықтың әсерін көтере алмаған Қарт би төсек тартып қалған екен, басын көтеруге шамасы зорға келіп, көз жасын төкті. «Дүниеден өтер шағымда көрейін дегенім осы ма еді» деп күңіренді би. Жылап-сықтап, көңіл айтқандарға да үй іші толып кетті. Балташықтың баурына тығылып өксіген Едігені шақырып.

- Шырағым, мәңгі ештеңе жоқ. Әке орнына әке болатын ағаң келді, оның аман қалғанына да шүкірлік айтайық, енді жаси берме, — деп тоқтау айтты.

Едіге ертеңіне Балташықпен бірге зиратқа барды. Қайран әкесі ылғалы кеуіп үлгермеген осы төмпешіктің астында. Балташық ағасы иығы селкілдеп біраз тұрды да, бір уыс топырақты майда етіп үгітіп, төмпешіктің үстіне қайта септі. Ере келгендердің бірі дұға оқып, ел енді тұра бергенде Едіге «Аятыл күрсінен» бастап, біраз сүрені қайта оқып кетті. Жұрт сілтідей тына қалған. Көз

алдына әкесінің намаз оқыған шақтарын елестетіп, бар ықыласымен беріле мінәжат етіп, бұхар мақамымен күңіреніп, дауысын созып, естігеннің құлағына шым-шым сіңіре оқыды. Қасіретті басынан кешірген жұртта қоса сыйынып, бастарын төмен салып, егіле отырып, құлшылық етті. Дұға аяқталып, жұрт еңсесін жиыды.

Едігенің өзі боп топтың алдында құран оқығаны осы. Ерекше күңіренген сарынмен Аллаға жалбарынып шын ниетімен жұртты риза етіп, «Қабыл болсын» дегізді. Балташық өзі әлі бала санап жүрген Едігеден мұны күтпеп еді, есейіп қалған екен деп іштей тәубә етіп, иманы кәмілдігіне, ислам жолын толық меңгергеніне риза, жұрт ауылға беттегенде:

— Мен кішкене тұра тұрайыншы,— деп Балташықтан рұқсат сұраған.

Жалғыз өзі әкесінің басына барып, ұзақ тұрды. Өзін аса жақсы көріп, біліммен сусындап өскеніне де, ат құлағында ойнап өнер көрсеткеніне де риза боп тұратын әкесі енді жоқ. Айрықша мейірімнен айырылғанын, қорғансыздыққа ұшырағанын жан-жүйесі сезеді. Анасы марқұм да дүниеден өтіп кеткеніне талай жылдың жүзі өткен. Әкесін бүкіл қала халқы ардақтап, арулап-ақ қойды дегенді естіді. Бірақ сол жұрттың ішінде жүріп, не істеп, не қойғанын білмейді, бәрі бір елес сияқты. Қолдан келме дәрменсіздікті ғана сезінген.

-Енді қайтпек керек, - дейді Едіге өзіне өзі. Мұндайда жол сілтеп жіберер көргені де, оқып біліп көңілге түйгені де көп Құтлықиядай әкенің орны бос тұр. Әке кегін қуып, осы елдің жазықсыз жазаланғандарының намысын іздеп шығып, Ұрыс хан иемденген дүлей күшпен айқасар бұл елдің шамасы жоқ. «Енді қайтпек керек?»

Ылғалы кеппеген төмпешіктен Едіге де бір уыс топырақ алып, дұғалап, үстіне септі де, ешқайда бұрылмастан шеттеу орналасқан Балташықтың үйіне

беттеді. Табалдырықтан аттай берген Едігені Балташық ағасының әйелі Кұнай шын пейілімен қуана қарсы алып, маңдайынан сүйді.

- Не айтайын, саған? Алла артын ондасын. Күні бойы қашан келер екен деп есікке қарағыштаудамын. Ендігі шешен менмін, бөтенсіме, - деп жатыр.

Кұнай аналық мейірімін көрсетіп, жылы сөйлеп, дастархан қамына кірісті, Кұнай Балташық ағасының екінші әйелі. Бәйбішесі бала көтермей дүниеден өткен, Кұнайдан да бала жоқ. Әкесі Құтлықияның айтуынша Балташық ағасының да бар уайымы осы бір шикі өкпені иіскеп, мейірін қандыру.

- Есейіп қапсың, құлыным. Ең болмаса сен аман қалса екен деп зар иледім-ау. Енді қайтейін, екі үйдің ортасындағы жалғыз телқозым-ау. Қайда жүрсең де ақ жолынды тілер енді кім қалды. Міне, сені көрдім де бар дүние түгелденгендей болды.

Дастархан басында да шай құйып отырып, қайта-қайта дәмнің дәмдісін ұсынып, іштегі мұңды ағынан жарыла баяндаған. Едігені өзіне тағдырдың сыйы деп қабылдап отырғанын да жасырмады. Едігеге қарап қойып, орамалының ұшымен білдірмегенсіп көзін сүртіп, дастархан үстіндегі тағамды аузына тосып әлек.

- Баланың келуін күтіп, көз қуанып, жаныңды жадыратқанға не жетсін, — деп іштегі мұңды да, ендігі қуанышын да жасыра алмаған.

Кұнай шешесінің дәмін аяқтай бере Аңдысын досы кіріп келген. Аңдысын бір жағынан Кұнайдың інісі, екеуінің әкесі бір, шешелері бөлек. Орнынан атып тұрған Едігені сағынғаны ма, әлде аяғаны ма, төсіне тарта құшақтаған Аңдысын:

- Аман-есенсің бе? — деп босаңсып, босатпай біраз тұрды.

- Отырсаңшы, дәм ауыз ти, — деген Кұнайдың дауысын естіп қана құшағын жазып, Едігеге тізе түйістіре жайғасқан.

Екеуінің әңгімесіне араласпай, сөздерін де бөлмеген Кұнай астарын демдеп қойып шығып кеткен.

Аңдысын Едігеге соңғы күндері естіп-білгенін де, көзбен көргенін де түгел жеткізді. Сабырмен ғана тындап отырған Едігеге таң қалып:

- Аз ғана күнде қалай есейгенсің, - деп қалды.

Бой жағынан ғана емес, Едігенің жан-дүниесіндегі өзгерісті байқаған болса керек. Едіге де Аңдысынның ойға түйгіш, көңілге тоқығанды аңғарғыш болып бара жатқанын көріп, риза еді.

- Өзің де баяғы аңқау Аңдысын еместігің көрініп тұр. Сені өзгерткен әлде Омар Хаямның өлеңдері ме, әлде елдің басынан кешкен зорлығы мен қорлығы ма, - деді Едіге де.

Әңгіме арасында -Едіге Аңдысыңға жеке бір кездескенде айтар едім-ау деп соңғы күндері ойына оралған, көңілінде жатталған сөзді орайын тауып жеткізді.

- Менің байқағаным күнделікті тірліктен басқадан хабары аз, сауаты да шамалы ел басшысы кеткен соң бағдарсыз қалғандай болады екен. Соларға жөн сілтеп, жол табуға жәрдем ететін ұл болар ма еді. Сені көргенше мен де осыны ойлап асықтым, — деп қалды.

- Япырай-ә? Солай ма? — Аңдысын қасын көтеріп, Едігені жаңа көргендей танданды.

Аңдысынның әлгі сөзді жаны жақтырғаны жүзінен байқалды. Ойланып отырып, демін ауырлау алып, әлсін-әлсін Едігеге барлай қарағаны да балалықтан кеткенін танытқан.

- Иә соңғы күндер сан нәрсені үйретті ғой.

- Сол күні дүреленген, дүрліккен де топтың алдында қарт Есе биден басқа ешкімнің шықпағаны, көзін қан

басқан ханға тоқтау айтпағаны жанымды жейді, - Едіге жүзін төмен салып, кесесін әрі сырды.

Тыстан жөткіріне кірген Балташыққа Аңдысын сәлем беріп, төрдегі орнына қайта отыра кетуге ыңғайсызданып, айналсоқтады. Едігенің құрдасы, әрі балдызына күлімсірей қарап

Төрлет! Төрге отыр, - деген Балташық шайды қайта демдеп әкелген Кұнайдың жанына орналасты. - Қала халқы гу-гу, көбі есеңгіреп қалыпты.

- Құдай бетін аулақ қылсын, жауыздық жасалды ғой-Кұнай Едігенің көңіліне ауыр тиіп қалды ма деп, оның бетіне жалтақтаған.

- Қайран аға-екем!

- Көргеніңнен түңілесің, естігеніңнен құлағың сарсиды. Қайтесің енді, - Балташық бірдемесін жоғалтқандай жан-жағына қарағыштады.

- Елге басу айтқан болдым. Кешегі Құтлықия ағайым, кәрілігі жетіп төсек тартқан Есе билер қилы заманның қырсығынан сақтандырған көне көздер еді. Солардың ақылымен, білгір-тапқырлығымен елге басқа түгілі Әмір Темір тиіспеген еді. Бәрін ойлап, қайткенде қалай боларын күні бұрын болжаған олар жастайынан жер көріп, ел танып, басқа жұрттың ау-жайын біліп, дүниені шарлап, көздері ашылған. Мына зауал басқадан, соқыр дүлей күштен келді ғой. Елдің шаңырағын шайқалтып, отына ойран салды. Шауып алып, олжаға кенелесің деп надандықпен желіккен жігіттерге жел беріп, атқа қондырды.

Күйеуінің таусыла отырып, ашына сөйлеген сөзіне жалтақтаған Кұнай:

- Шай іш, - деп бәсең үнмен кесесін алдына жылжитқан.

- Несін айтасың? - кесені қолына алып қайта орнына қойған Балташық айтарын соза түсті:

- Құдайдан қорықпаған, адамнан ұялмаған имансыздар барарға жері, кірерге тесігі табылмаған елді, көзіне түскенді зорлағанды олжа санады. Ол олжа ма? Түптің түбінде желікпе сөзге сеніп алданған, ақымақ болған өздері, қиянат көріп, сорлаған қара халық. Қара халық өздерінің әке-шешесі, бауыры, қарындасы. Осыны жаппай ел түсінер заман туар ма екен.

- Қойшы енді, өзінді өзің қажай бермей, - деп қалды Кұнай.

- Е, мен мына жас жеткіншектерге айтып отырмын. Қырсығын шашқан Ұрыс хан да кетер, басқасы келер. Мені кеңесшісі еткісі келді ғой, барайын, көрейін. Кімге септігім тиеді, оны да байқайын.

Құтлықия ағайым айтушы еді, батыста патшасын көрал дейді, түріктер сұлтан, орыстар кнэз атайды деп. Біз хан атаймыз ғой. Бір патша кетер, келесісі келер, Одан заман беті өзгере қояр ма. Халыктікі «оу, жаңа патша келді» деп үміт ету ғана. Үміт қайда, өмір қайда. Кешегі өткен зиялы да, тегеурінді де хандар жоқ. Ендігінің ханы билікке таласып, бірін-бірі жер құштырумен әлек. Жалғыз отырып, осыларды ойлаймын да, түбіне жете алмай дал боламын. Жауабын айтар жан болар ма. Шексіз сауал, содан туындаған күмән мен күдік.

Едіге Балташық ағасын жаңа танығандай. «Япырай, осыншама ой бір басына қалай сыйып жүр». Балташықтың әңгімесін Аңдысын да аузын ашып, сілейіп тыңдай қалыпты. Ел қамын, келер күнді ойлап осыншама камыққан адамды оның да көргені осы. Медреседегі ұстазы сабақ ұқтырғысы келетін де, басқа әңгімеге көп жуықтамайтын. Мына кісінің сөзі басқа. Сірә, бұл кісі бұларды енді есті санап, көргені бар деп, өзінің көзі жетіп, көңілге түйгендерін алдарына жайып салып, ой бөлісіп отыр. Аңдысынның байқағаны жездесі «қайткен күнде елдікті сақтаймыз, ертеңіміз не» деген

ойлар осылардың санасына сіңіп отыр ма деп, көз астымен сынай қарайды. Едігені қайдам, Аңдысынның ойына бұл мәселелер кіріп-шықпаған. Өлеңін оқып, думанда қызықты қуып, жүріп жатқан жайы бар-тын. Өлгі бір айтқан әңгімесімен Балташық оның көкірегін оятып, еріксіз баурады. Енді ара-арасында өздері де пікір жарыстырып қалған.

Хандар қырқысып жатыр екен, оны түсіндік. Ал, елге не болған ел жақсыларының жазығын біле алмай отырмыз? - деп қалды Аңдысын.

Кінәсі - жақсылығы.

Жақсы болу кінә бола ма?

Жақсының жазығы елді маңайына топтастырып, бастарын қосып, елдің берекесін келтіріп отырған. Олар Алланың сөзі Құранда айтылған шындықтың сөзін сөйлеушілер, сол ісімен адалдықтың, әділдіктің ұйытқысы. Тәкаппарлықпен, зұлым-зымияндықпен бұлар сыйыспайды. Біздің тұсымыздағы хандардың билігі әділдіктің көне жолын таптауда болып тұр.

Аңдысынның ұққаны көз тоймастық, дүниеге талас бар екен. Сол таластың негізі билікке талас екен.

Балташық жездесі көп оқығақ көпті де көрген, жетік адам ғой. Сөзін тыңдаса заман тынысына емін-еркін бойлатады. Балташықтың бір жағы Бұхар, екінші жағы Сарай, Қажытархан жағына барғанын біледі. Онан да басқа сан жұртты аралаған шығар. Неге барды, не тындырды, ол жағынан ешкіммен бөліскенін де білмейді екен. Бүгінгі сөзі заманның ендігі құбылысын аңғарсын деген ниетінен шығар. Бір сөзінде жастың келешегі ілім-білімде, дүние тануда деп қадалып та айтқан еді.

Құмкент Әмір Темір құрған алып мемлекеттің астанасы Самарқанға жақын болса, екінші жағы мыңғыраған мал айдаған Арқаға, шоқтығы биік, көркем Ұлытауға да хабар алысып тұруға ыңғайлы жер. Едігенің

де осы жақтан келгендердің қилы-қилы әңгімесіне құлағы түрік. Көк Ордаға Ұрыс хан келгелі дақырт жетерлік, заман да олқын-толқын. Ұрыс ханды жақтап мақтаған да, оның ісінен түңіліп даттағандар да аз емес. Едіге көбіне, асыра мақтағандарға да, жеріне жеткізе боқтағандарға да сене бермейді. Осының арасынан өзінше ой түйеді. Иә, Балташық ағасының айтқаны дұрыс, хан өлді, жаңасы билікке келді деп тымағын аспанға ататындай заман емес секілді. Дегенмен де болашақтан үмітсіз емес. Бірақ, әзірше не боларын күту керек сияқты. Осы оқығаны көп, өмірден тоқығаны да жетерлік адамдар не бітіріп жүр деп те қиналады. Неге бастарын қоспайды екен. Мүмкін дарақы хандар надандық істерінен солардан сескеніп тыйылар ма еді.

- Өлде, - деді бірде Аңдысынға, - жігері қайнап жүрген ерлер күш біріктірсе ізгіліктің жолы ашылар ма еді. Мына бетінде мынау ел қайда барып, күн көреді.

- Әй, қайдам? Сол жігерлі дегеніңнің өзі қайда?

- Енді сонда..., - деп тосылды Едіге.

Наурыз айының аяқ шені еді. Қаланың базарын аралап, әр нәрсені көргіштеп, ел сөзіне құлақ түре жүрген Едігеге Аңдысын еңтіге басып келген. Қалаға Сыпыра жырау келіпті, айтуына қарағанда жырау Балташық ағасының үйіне түскен. Едіге үйге асықты. Балташықтың үйіне ел сыймаған соң аулаға төсеніш салып, үлкендер жағы сонда жайғасқан да, орта буындар түргеп тұр. Сыпыра жырау қобызын аңыратып-аңыратып алды да, домбырасына қол созды. Ел басынан кешкен қиындықты жыр қылып төгіп отыр. Санасына қонған ойды, сұлу тілмен қолма-қол өлең етіп өріп, халыққа жеткізетін ақынды Едігенің алғаш көруі. Өткенді тап қазір көргендей етіп, сурет салады екен.

- Нағыз суырып салма ақын екен, — деді алдағы үлкеннің бірі.

- Жыршы емес пе?

- Уай, төге түс.

Тыңдаушы жұрттың биліктің қитұрқы саясатынан түсінігі шамалы болса да, жыршының халық мұңын жеткізуі көңіліне жаққан. Ел бірлігіне, береке тірлігіне өрт салғандардың ісіне қоса күйзелген Сыпыра жырау Ұрыс ханның да бұл елге келтірген зиянын іліп өтті. Әділдіктің жоқтығын, жәбірленген жұртқа қайғысын, өзара қырқыстың артының не боларын да төкпелеген жыршының сөзіне ел ұйыған.

- Жазып ал, - деп Едіге Аңдысынды түртті.

- Осыны айтқан мына кісі ханның қаһарынан қорықпай ма? - деп сұрады Аңдысын.

- Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ деген бар. Дала заңында ақын осы сөзін хан алдында да айта алады. Мұны ешкім бұза алмайды, - деді мойнын бұрған тыңдаушының бірі.

«Тілі бірдің, діні бір қандасыңды таяққа жығып, жеткен мұратың не, ей ханым. Момын елді жүндей берейін, осыдан не шығады дедің бе, сен. Қорқақты қуа берсең батыр шығады, түбінде басыңа тиер шоқпар соңікі» деп Сыпыра жырау ары қарай сілтеген.

Хандар өстіп сүзісіп жүргенде, Орданың жұрты сөгіліп, ормандағы орыс та бой бермеуге айналды.

Жағаласар жау алыста еді, дүйім соқыр болмасаңдар, көрмес пе едіңдер соларды дегенді Сыпыра жырау жеріне жеткізе айтты.

- Паһ, шіркін! Айтсаң осылай айт.

- Соқырға таяқ ұстатқандай етті-ау.

- Ту, көкірегім ашылып, санама сәуле енді түскендей болды-ау.

Жұрт шуласып, барып-барып басылды. Бір қызынып, бір суынған жырау жараған аттай тағатсыз күйге түсіп, әрі осы айтқаным ел көңіліне жетіп, ізгіліктің ізі қалды

ма дегендей айнала жұртқа толғана отырып көз тастаған. Едіге қабағын түсіріп, іштен тына тыңдады. Жырау мына жұртты қарсы алдына отырғызып қойып, өмір туралы сабақ жүргізгендей болды. Өзгерісті, жаңалықты сырттан күтпе дейді жырау. Сырттан жеткен көпірме сөзге елікпе, көбісі байыбы белгісіз лақап, дақпыртқа сенбе, ұлынды өнерге, ерлікке тәрбиеле деп түйіндейді жырау. Әлден уақытта өткір жанарымен жұртты сүзген ақын тоқтап:

- Әй, шырағым, бері келші. Мен білсем сен Құтлықияның баласысың ғой. Келші бері. Арты қырсықсыз болсын, өзің өмірлі бол, — деп Едігенің бетінен сүйген.

Ел де, Едігенің өзі де бұрын жүздеспеген жыраудың қалай танығанына аң-таң еді. Сыпыра жырау Едігені өнерімен байлап, ойына ой қосып, жетелеп барады. Бұрын ойына келсе де шешімін таппаған жайларды қозғап «ә, бәсе» дегізіп, ұқтыра түскендей. Жыраудан бұрын естімеген талай-талай елдің әңгімесін тыңдағысы келген. Осы үйге жата-жастана жатқан жыраудан Едіге де ұзай қоймады. Ұққаны көп, әр әңгімесінде ақыл қосып, кеңесіп отыратыны бір бөлек. Елінің жанашыры болып, арманы мен тілегі ерекше жырау ел тірлігіне сын көзбен қарайды екен. Ел өнерсіз емес. Едігенің көңілге түйген осындай абыз-жырауды берген халық осал емес. Жырау тек осы күнгі ырың-жырың халге күйзеледі, ел тірлігінің ертеңіне уайым шегеді. Едігеге жассың демей «оң-солыңды тани, табан жолыңның дұрыстығын түсін де, халқыңа пайдаңды тигіз» дегендей емеурін танытады. Әңгіме созылған сайын Сыпыра жырауды тани түскендей. Өмір азапты, көрешегің де көп, қиналсаң да, қажысаң да ізгі жолыңнан қайтпа дегені де көңіліне қонған. Едіге өзіне ақыл айтқан ел жақсылары Есе би, Балташықпен Сыпыра жырауды салғастырды. Есе би көзі көргені мен ішіне түйгеніне жүйрік, Балташықтың ел

туралы уайымы көп. Сыпыра осы екеуінің де жақсылығын бойына жинағандай екен.

Сыпыра жырау кетерінде қайта-қайта қоштасып, құшағынан босатпай, бөгеліп көп тұрды. Құбылған заманның ендігі жөнін, елінің келешек халін ойлап азап шегіп уайымнан арылмаған жырауды бозбала шаққа жеткен Едіге де қимады. Жыраудың жүзінен «Өсерсің, толарсың, еліне не пайдаң тиеді» дегенді оқығандай еді.

Үйге бойы сыймаған Едіге жақын маңдағы ауылдарды аралады, туыстарымен жиі қатынаса бастады. Әркімнің өзінің ісінен басқамен шаруасы жоқ, өзінше тырбанып, күнелтіп жатқанын көрді. Ағайын арасы балаша өкпелесе де үлкеннің қабағына қарап тез табысып жатады екен. Күншілдіктен сыпсындаған әйелдер болмаса, еркектер жағы іштегісін жасырып, бет жыртысуға жоқ. Бұл елге ханың кім, ханымың не бәрі бір, жау болып шаппаса, мал басы аман боп, бала-шағасының керегін тауып беріп, айранын ұрттап отыра берсе болғандай. Ол тірлік, түбі мәз тірлік бола ма дегенді де ойлап бас ауыртпайтындай. Осы көргенімен, ойымен Андысынмен бөліскен.

Ұлын үйлендіріп, қызын ұзатқан қуаныштан аспаған тірлік не болады?

Оны қатын алып, бала сүйгенде білеміз сен екеуіміз, деп Андысын сөзбен бұлттарды.

Сол тірлік кеш бола ма деп саған ой салайын деп едім, - деп қағытты Едіге.

Мына бетінде маған қатын алма дерсің.

Ал, ал! Қосақтап алсаң да мейлің.

Енді не қыл дейсің, - деп аңырды Андысын.

Көппен көрген ұлы той деп, өзін жұбатқанның бірі болма дегенім де.

Ол ел сөзі ғой.

Сенің сөзің ше?

- Мені, әйтеуір, белгісіз жаққа сүйреп бара жатқандай көрінесің. Бір жылдың төлі емеспіз бе, бәрін де бірге көрерміз, - деп құтылды Андысын.

Балташық ағасының тірлігі де ел қатарлы. Оқыс уақиғадан кейін шайқалған шаруасын түзегендей. Әр шаруаның қамы үшін үй-іші боп ақылдасқаны Балташықтың Едігені қарапайым тірлікке баулығаны. Едіге ағасының біраз шаруасына қол ұшын беруге де тырысқан. Дегенмен Едігенің не істеймін десе де, еркі өзінде, өзінің қалауында. Азды-көпті енесінің алдын көрген, үлгі алған Кұнай да ешкімнен кем емес, үй шаруасын келістіріп, барды ұқсатып бағады.

Кішкене қалашықты төңкеріп тастағандай болған уақиғалардан бері Едіге ендігі бетті таба алмай, кімге сеніп, кімнің соңынан еретінін білмегендей дел-сал күйде еді. Бозбала Едігенің қас-қабағындағы кірбің, белгісіз уайым Балташықтың назарынан тыс қалмапты.

- Шырағым, осы сен неге жүдеп жүрсің? Ой басады да жүреді өзінді, - деген.

- Жәй, әншейін ғой, - деп құтылды Едіге.

«Жәй әншейін» дегеніне Балташық та алданып қалмаған сияқты. Бір аптадай уақыт өткен. Ертемен тұрған Едіге сүйеулі тұрған қос найза, қылыш, қалқанды көрді. Қарулардың қос-қостан болу себебін ойлап таба алмаған. Астан кейін Кұнай шешесі бала жүгіртіп Андысынды шақыртты. Бұл жолғы Балташықтың сөзі әмірлі болды.

- Сендер өсіп қалдыңдар. Он бес-он алты деген жігіттікке, азаматтыққа қадам басқан шақ. Азаматтың міндеті елін қорғау. Бүгіннен бастап сайыс өнерін үйренесіңдер. Міне, екеуіңе қару-жарақ, - деп сүйеулі тұрған найза-қылышты, қалқанды үлестіріп берген.

Үш күн екеуін жеке шайқастырып, еркін жіберді. Қалайсыңдар деген де жоқ. Аттың құлағында ойнайтын

Едігеге өнердің мына түрі аса жат болмаса да игеріп кетуі оңай емес сияқты. Сүт пісірім уақыт қылыштасып, талған қолдарын жазып, сонан соң найзаласудың өздері естіген әдістерін орындауға көшеді. Сайыста Андысын:

Сен бар күшіңмен ұрмасаңшы, - деп қолынан ұшып кеткен қылышын жерден жиі көтереді.

Міне, былай етіп, жалтарып кет.

Онда менің ту сыртым ашық қалады ғой.

- Ә, онда оны қалқанмен қорғаған жөн екен.

Бірін-бірі үйреткен екі жастың қимылын Балташық ағасы осыдан кейін келіп көрді. Екеуін әбден қалжырағанша айқастырды. Сонан соң:

Жә! - деген. - Ал, Едіге енді дем ал да менімен сайысқа шық.

Бір-екі сілтеген соң-ақ Едігенің қолынан қылышы ұшып кетті. Жерден көтере салып қайта айқасқан, бұл жолы қаруынан тіпті тез айырылды. Ағасының жүзінде не ашу, не мысқыл жоқ, сол сыр шашпас байыпты қалпы. Қылышты қайта көтерген Едігені тоқтатты.

- Қарсыласыңды қарусыз қалдыруға тырыс. Ол үшін міне былай, қылышты сәл бұра ұрсаң ол қаруынан айырылады. Көрдің бе, иә, тап солай.

- Күш жұмсау қалай болады, - деп сұрады Андысын.

- Күштен гөрі айла дұрыс. Дұшпаның аса қарулы болса, онда күш пен айла бірдей жұмсалсын. Майдан сүт пісірім уақытта бітпейді, кейде ұзақты күн айқасуға тура келеді. Сол үшін күшті артқа сақтап, есеппен пайдалана біл

Балташық ағасы анда-санда келсе де, өнерді там-тұмдап біртіндеп үйретті. Қылыштасуды игерген соң қалқанмен қорғана білуді, онан соң найзаласудың тәсілдерін меңгерткен. Бірде:

- Едіге сенің қаруың басым. Сол себепті екі қылышпен ұрысуды үйрен, - деп екі қолына да қайқы

қылыш ұстатты. Сайыстың бұл әдісін де өзі көрсетіп, жалғыз қарумен шыққан қарсыласын табан асты жеңіп кетуінің кепілін түсіндірген. Ағасының айтуына қарағанда майданда жаудың әлденешеуі өзіне тап беруі мүмкін. Осындай қиын да қатерлі сәтте иығына жеңіл ғана қалқан іліп, қос қарумен айқасу ғана ажалдан құтқара алады екен.

Сайыстың бұл түрінің қыр-сырын меңгеру үшін айлар өтті. Ақырғы бір жекпе-жекте ағасы Балташық екеуі ұзақ айқасты. Сарт-сұрт соғылған қылыштың үні құлақ тұндырған. Едігенің қолынан қаруы түспеді. Ағасы қанша бұрай ұрса да Едіге қылышын қынаптан алғандай «ызың» еткізіп суырып алады. Кейде айқасқан қылыштардың жүзі күнмен шағылысып, алақандай жерде найзағай ойнағандай болатын.

- Ә, - деді Балташық ағасы, - бұл өнерді меңгеріпсің. Ал енді екеуің қалқан ұстап ұрысыңдар.

Садақ тартып үйреніңдер деп, жеңілдеу екі жақты қолдарына беріп, «Ұрыс хан кеңесіне шақырыпты» деп кеткен. Ағасының хан шақыруына баруынан, қайтуы тез болушы еді, бұл жолы ұзақ кешікті. Өздері таңдап, білсін дегендей қолдарына ұстатып кеткен түрлі-түрлі жебе ұштарының қай-қайсының неге арналғанын да түсіндірмеген. Бар айтқаны кішіректеу садақты жақ деп атайтыны ғана. Нысанаға ішіне сықап жүн салған қапты тігіп, ертелі-кеш екеуі садақ тартты. Әуелде маңайлата алмап еді, жаттыға келе оның да сырын ұға бастады. Ойда-жоқта келе қалған Балташық ағасы:

- Міне, үйреніп қалыпсыңдар. Тек садақ тартқанда жебенің ұшы мен қауырсынның бір деңгейде болуын байқандар, - деп көтермелеп қойды.

- Мына жебелердің ұштары неге бөлек-бөлек?

- Дұрыс айтасыңдар. Міне, мынаны сауыт бұзар дейді. Оны қорамсақты толтырып, маңдайға шығарда

ғана алады. Мына жалпақтау түрі аң атуға арнап жасалған. Мына айыр тілдісін көрдіңдер ме, бұл құсты атып, тірідей ұстау үшін керек. Ұясына адам бара алмайтын, тағы боп өскен бүркіт сынды құстарды кейде осымен атып, қауырсынын сындырып барып ұстайды.

Ертеңіне ағасы берген кіріс-кірісті үлкен садақты тарту машақаты басталған. Аңдысын оны тіпті табанына салып тартып ие алмады. Едігеге де бұл садақ оңайшылықпен көне қоймаған. Ең қиыны шауып келе жатып садақтартып, нысананы атып түсіру болды, бірер аптадан соң мұны да орындап Едіге ағасы Балташықтың көңілінен шықты.

Едігенің Балташықтың қарауындағы қаперсіз тірлігі ұзаққа созылмады. «Тапқыр баланы» тауып, қайткен күнде хан алдына әкелуге міндетті болған жасауылдар, әлдекімдердің айтуымен, осындағы жұрттың сілтеуімен Едігені ала жөнелген-тін. Балташық бір тұқымнан қалған жалғызды және жібере алмады. Қоса аттанды, іштей қауіп ойлаған. Хан алдына жеткізілген жасөспірімнен:

- Кімсің? - деп сұраған.

- Көріп тұрсың ғой, адаммын, - деді Едіге тайсалмай қарап.

Тақтың маңайындағылары «күбір-күбір» етісті. Талдырмаш бойлы өскіннің хан алдында жасқанбай, «сұрағың неге қисық сенің» дегенге келтіріп жауап беруі бәріне оғаш көрінген. Ханның қабағы түсіп кетті. Мына баланың әлден сөзден сүріндіруі мына көптің көзінше өзіне сын екенін түсінген.

- Атың кім?

- Едіге.

- Е, - деп хан ойланды. Естіген есімі сияқты. - Әкеңнің аты қалай?

- Әкем Құтлықия болады.

Құтлықияның есімін естіп Ұрыс ханның көзі ежірейіп кетті. Басындағы бөркін өз еркінен тыс маңдайына қарай

сырып, баланың жүзіне бажайлай, тінте қарады. Сөйтті де езуіне ащы мысқыл үйіріліп, бөркін қайта түзеп.

- Е, солай де...Құтлықия екен ғой, - деген.

Хан бұйрығымен Едіге сол күннен бастап осы орда маңында қалуға тиісті болды. Хан тұла бойынан еркіндік пен өнер білімнің оты маздап көрінген ұланды алысқа, ел арасына жіберіп, жұртқа танымал көсем еткенше, өз маңында ұстап, ауыздықтап, тізе бүгуге мәжбүрлеуді жөнге санаған. Сол күннен бастап Балташық ағасы да Едігенің қамы үшін ордаға көшіп келіп, біржолата қоныстанып қалды.

Хан ордасының маңында кім жоқ дейсің. Қику таз да осында. Қикудың тап осы арада не істеп жүргені белгісіз. Қикуды көріп Едігеге бұрынғы бір уақиға есіне түсті. Ай-тақырға бала біткен жиналып, асық ойнайтын, сонан соң көгалға барып шетінен күресетін еді. Сол жолы ойын ерекше өткен. Қол мергендігі бар Едіге бар баланың асығын ұтып алды. Үстеріне жасы үлкен болса да сораңдап осы Қику келген. Ертеде шыққан жарадан шашының әр жері ойдым-ойдым боп, құйқасы көрініп жүргендіктен оны көзінше болмаса да балалар Қику таз деп күлісетін. Енді міне, мұның да асықтан дәмесі боп келе қапты.

- Ал, ойнайық.

- Сен үлкенсің.

- Сені атқыш дейді ғой. Менің алдымда сен кімсің, - деп Қику танауын көтерді.

- Ә, ендеше... - Ерегісе кеткен Едіге де асығын тіге бастады.

Қикудың қалтасында алты асық бар екен, оны ұттырып, мүлт кеттім деп балалардан тағы сұрап алып, онысынан да айырылып, алақанын сипап қала берген. Бірақ жөнімен кететін Қику ма, тағы соңдарынан ерді. Көгалдағы күресте Едіге тағы бар баланы жығып,

күрестің шарты бойынша олардың киімдерін үйіп, так жасап.

- Міне, мен хан тағындамын, - деп ұрандап отырған.

- Жоқ, сен әлі такқа ие емессің, - деп Қику шыға келді.

- Иемін.

- Ие емессің. Менімен күрес.

Жасы үлкен Қикумен күресуге Едіге жасқанды. Бойы да ұзындау, күшті де болар деп сескенген. Жеңін түріп, сирағын жалаңаштаған Қику жақындап қапты. Амал қалмады.

- Кел, кел, - дейді Қику.

- Күрес, күрес, - деп шуылдайды балалар.

Едіге тұра ұмтылып, Қику оны қармап үлгергенше екі борбайының арасынан кіріп, бірақ көтерген. Тұмсығымен жер қапқан Қикудың жүзі әлем-тапырық. Бар бала шуылдап, саусақтарын шошайтып көрсетіп, оған неше түрлі ат тағып, мәз-мейрам.

- Жетімек, - деп зілденді ашулы Қику.

- Не дейсің?

- Әй, сен не дедің? - деп бар бала қолына тас ала бастағанда Қику қашып құтылған еді.

Енді міне, сол Қику да осы арадан табылыпты. Толысқан, өскен. Селдір мұрты бар екен. Ұстарамен тап-тақыр етіп қырғызып тастаған басына пұшпақты бөрік киіпті. Маңғаз адамның кейпі бар сияқты.

- Сені тапқыр дейді ғой, - деді. Ыңырана сөйлегісі келсе де қанымен біткен шошаңдаған мінез қойсын ба, сықылықтай күлген.

Иә, тапқыр, би бала атанып кетуі де тағдырдың ісі шығар. Балташық ағасы мен көрші-қолаңның малын кезекпен бағатын. Ағасы жоқта кезекке баратын өзі. Сонадайдан дауыс көтеріп екі адам келе жатқан-тын.

Сәлемдесті.

- Әй, - деді. Келгеннің біреуі екіншісіне қарап, - Қырықтың бірі Қыдыр деген, сен екеуіміз дауласып қазыға жығылғанша не уақыт. Онан да осы дауды осы балаға төрелетсек қайтеді.

- Е, болсын.

- Е, бала, дауымызды шешіп бересін бе?

- Алла аузыма әділдігін түсірсе айтайын.

- Мынау Көкжалды мерген, я мен Жанбаймын. Қос өзеннің арасындағы бар алқап маған тиесілі. Ондағы аң да құс та менікі. Ақкөлдiң сағасында жатқан әппақ ор қоянды көрдім де, мылтығымды алып келейін деп үйге барып оралсам, мына Көкжалды менің қоянымды атып алыпты. Қоян менікі болуға тиіс, ал мынау бермейді. Осының төрелігін айт.

- Сіз қанша жерден аттыңыз. - Едіге қашықтықты өлшеп алды да, - ал, бір төрелік айтсам көнесіздер ме? - деді.

- Ризамын.

Едіге жусап жатқан кәрі бұқаның үстіне өлген қоянды жатқызды да Жанбайға:

- Сіз атыңыз. Қоянның оқ тиген жерінен тигізіңіз. Оқ бұқаға тисе құнын төлейсіз, қоянға сол жерден тигізсеңіз қоян сіздікі, - деген.

Мұндай төрелікке Жанбай ашуланды. Ашуланса да көнді. Атқан оғы көздеген жерден дәл тиіп, мерейі үстем болған еді. Бұл төрелікке енді Көкжалды көнбей, ақыры дауласқан екеуі, хан алдына барып, хан баланың төрелігін мақұлдаған еді.

Бала би атанған Едігеге келушілер жиіледі. Бір топ өз туыстарымен дем алып отырған бұларға нокта ұстаған екеуі тиісе жеткен. Ұзын бойлысы аса наразы:

- Ей, сендер бізге неге сәлем бермейсіңдер? Жасымыз үлкен.

- Қайдан, ақсақал, біз үлкен шығармыз - деді жауап қатты Едіге.

- Қалай үлкенсіңдер? - деп кірісті аласалауы.

- Осынша баланың жасын қоссақ үлкен болмас па едік.

Едігенің тапқырлығына мойынұсынған екеу арасында дау барын, соған төрелік етуін етінген. Даудан басы қара атан екен. Онысын кезек айдап келген-тін.

- Ботасында жоғалған еді, атанында танып тұрмын, - дейді үлкені.

- Өз түйемнің ботасы, өз бурамның баласы, бұл жала, - деп дау айтты екіншісі.

- Енелерін айдап келіңдер, - деген Едіге.

Қос інген қара атанға аса назар салмай, күйісін қайырып, маңқиып тұрған. Едіге қара атанның санына қыл бұрау салды. Жаны көзіне көрінген атан ботадай боздап бақырған. Даукестің үлкенінің інгені бақырған қара атанның үстіне түсіп, арашаламақ болып, тұра ұмтылған.

- Қара атан осы кісінікі, - Едігенің төрелігіне көнбеген екіншісі ақыры ханға төрелікке барған. Бұрынғы төрелікті естіген хан «бұдан артық төрелікті ешкім айтпас» деп қара атанды иесіне бергізген.

Балташық Едігенің елге танымал бола бастағанына риза, қуанышында да шек жоқ-тын. «Ә, құдай, түпкі бабам ұлы пайғамбардың ізін басқан Әбу Бәкір Сыздық еді. Жебей көр. Осы баланы тіл мен көзден сақта, қауіп-қатерден қорғай көр» — деп әр намазының соңында ерекше тілейді. Күнай да Едігенің жағында, күнде өзін айтып отырады.

Күндердің күнінде төрелік іздеген төртеуді Балташықтың өзі ертіп келген. Бір-бірінен түрі айнымайтын төртеуді киімі болмаса, айырғысыз. Сөйлесе келе бір ата-ананың төлі болып шықты. Төртеуінің жетектегені ақсақ тайынша. Ақсақ тайынша төртеуінің ортасына берілген ортақ меншік мал екен.

Өзара бөлісе келе, сен үлкенсің ғой деп үлкен ағасына басын беріпті де, қалған үшеуі аяқтарды бөлісіп алып, риза көңілмен жүріп жатса керек.

Ауылдан ұзамайтын ақсақ тайынша әлде бір күні бай көршісінің бақшасы мен егініне түсіпті. Ақсақ мал қанша бүлдірді дейсің, байлығына тоймайтын бай осыны сылтау етіп, малдың төрт аяғына төрт жүз діллә төле деп зіркілдесе керек. Енді төртеуі өзара дауласқан. Кімнің қанша төлейтініне келісе алмай төрелік іздеп келген жағдайлары бар.

- Ақсақ аяқ бөлісте қайсыңа тиіп еді, - деп сұраған Едіге.

- Маған, - деді ең кішісі.

- Ендеше төлемнен сен боссың. Ал, басқа ие үлкендерің екі жүзін төлейді. Тайыншаны көзі көріп, басы жетелеп апарды. Қалған екеуің екі жүз тілләсін төлеңдер, - деген төрелік айтты.

Бұл төрелікке де тоқтамаған төртеуі хан алдына барғанда кішісі «бір төрелік болған еді» деп қалды. Төреліктің жайын естіген хан «бұдан артық төрелікті мен де бере алмаспын» деген.

Төрелік айтушы бала би атанған өспірім елдің аузында еді. Кім екенін көрмекке алдырған хан ақыры Едігені ордада ұстап қалды. Иә, Едіге өмір бойы әділ істің жақтаушысы, елдің қамқоршысы боларын сол кезде біліп пе.

Едігенің осы ордада алғаш көргеннен ұнатпаған адамы Мәнжүр. Басы қазандай, талпақ танауы үңірейіп онсыз да қап-қара өңіне ерекше сиықсыздық берген. Жаурыны да жап-жалпақ, шешінгенде бұлшық еттері бұлтылдап ойнап тұрады. Соны көргенде іші мұздайды. Мәнжүрдің де бұған ықылас беруі шамалы.

Қара албасты атанған Мәнжүрдің тамаққа тойғанын да ешкім көрмеген шығар. Асқа қатар отырғандар мелдек

атып шығып кеткенде ол аузы-басы майланып, жауырынының үстінен аққан тері дөңкиген қарынынан аса кіндіктен төмен құлап жатады. Осы күйімен Мәнжүр Ұрыс ханның ең ұнатқан адамы. Оның басынан құс ұшырмайды. Өткенде жасақшының бірі оны «Қара албасты» деп атағаны үшін жүз шыбық дүреге кесілген.

- Менен қорықпайтын адам жоқ, сен де қорқасың, - деді Мәнжүр түнеріп.

Едіге үндемеді. Несіне онымен ілігіседі? Тап қазір күш сынасуға ерте. Түбі бір шайқассыз іс бітпейтінін іші сезеді. Мәнжүр шиыршық ата орнынан тұрған, дәу қарыны әлдебір бөлек жатқан заттай жоғары төмен секіріп барып басылады. Әлі жетіліп болмаған Едігеге ол кереметтей алып болып көрінді. Қап-қара басы қазандай, қолдары ербиген өрттен қалған бөрененің бұтақтарындай, ал көздері май басқан қабақ пен беттің ар жағынан аш күзеннің жанарындай мейірімсіз жылт-жылт еткен.

- Сен, - деп Мәнжүр Едігеге менсінбей қарады, - Бойың сырықтай екен. Хо-хо.

- Ал, сен... - Едіге оны ессіз хайуанға теңегісі келді де, тоқтай қалды.

Мәнжүр жасөспірімге жақындаған. Екеуі арбасып қарасты. Кенет Мәнжүр басын бір жаққа бұрып, шекесін қисайта тесірейді. Әлденеден сақтанып, іле шабуылға шығатын төбелескіш әтештер осылай етуші еді. Жасөспірімді ықтырып, жасытып алғысы келді ме.

- Сені тапқыр деседі ғой. Бәрі былшыл. Нені езіп жүрсің? - деді қырылдақ үнмен.

- Онда сенің не шаруаң бар?

-Хе! Бейшара! Жетімек...

Мәнжүр сөзін бітіре алмай қалды. Едіге бар екпінімен жүгірген бетте басымен анау, бөлек ойнап тұрған қарыннан қойып жіберді. Қорс еткен дауыс шыққан.

Шалқалай құлаған Мәнжүр тұра алмай, өгіздей өкірді. Орнынан тұрмақ болып төрт аяқтай бергенде Едіге оны құлақ-шекеден соққан.

- Ығық, - деп түкірінді қара албасты. Қанталап кеткен көздерінде кешірім сұрау жоқ, қайта ызбарлана ызғар шашқан. Тағы да соққы жеуден сақтанып, етпеттеген қалпы тісін шақыр-шұқыр қайраған. Үсті-басын тер басып кетіпті. Әлдебір сасық иіс мұңкиді.

- Кет бұл жерден, шырағым, - деді мұрнын басқан бір ақсақал.

- Кет, - деді тағы біреу.

Күресіп жүріп, қатар өскен тұтастарын шегінен жығып, «балуан бала» атанып еді, құдай аузына сөз салып «бала би» деген атау және қосылған. Сондағы тағдырдың айдап әкелген жері арам ниетін жасырған, іші мұздай Ұрыс хан ордасы. Орданы маңайлағандардың ниеті қара күштің де, тасқындаған ойдың да иесін иіп, өз мүдделеріне жұмсау, көп болса атқосшы етіп, айтқандарына көндіріп, айдағандарына жүргізу.

Ақылы айран, ойы ойран болып келе жатқан Едігені Андасын қуып жетті. Ордаға келгеннен бері соңынан қалмай ілескен Андасынға Едіге сенеді. Бала жасынан бірге өскен досы:

- Әй, сен әлі жүрсің бе? Бұл арадан, мынау ордадан тез кет. Сенің Мәнжүрге жасағаның ханға да жетіпті. Естуімше «ұстап әкеліндер» деген бұйрығы бар деседі.

- Не жазыппын? Тиіскен өзі.

- Жалғыз жазығың сол болса ғой. Сормандай-ай. Күншілдік пен іштарлық жатыр тұтасып. Бұл жетімнің бойы бәрімізден неге биік, неге дәу болып өсіп келеді. Әке жоқ, шеше жоқ, неге сүмірейіп, жаутандап жүрмейді, кім көрінгеннің босағасында, айтқанды істеп, бергенді ішіп неге қорлық көрмейді бұл Құтлықия ұлы деп күндейді. Сен өлген әкең үшін де жауапты екенінді білмейсің бе?

Басына төнген қатердің мол екенін өзі де түсінген. Үйге де соқпады. Балташық ағасын хан әлдебір тапсырмамен алыстағы бір елге жұмсаған. Кұнай шешесін жылатып-сықтатып қайтеді, әрі ол үйге енді ат ізін салмағаны дұрыс. Кермедегі аттың біреуін таңдап, ордадан аттана жөнелмекке бекінген. Мынау киіз үйлі қаладан шығу да оңайға соқпады, бір-біріне жақын тігілген үйлер, сапырылысқан орда халқы жол да берер емес. Ордадан шығуға айналғанда жолын бір топ әумесер жігіт бөгеді. Алғашқы сөздерінен-ақ олардың өзін сырттай танитынын, кезі келсе қорлап та бағуға тырысатынын түсінді. Пиғылдары теріс, түстері суық. Атты шаужайдан алған.

-Түс!

- Атыңды бересің. Жаяу жүр, саған ат не керек?

Бір тәуірі ханның қарулы жасауалы емес, өздерінше құтырған осы елдің бұзақылары. Тізгінге жармасып, аттан аударып алмақ болғанды қамшымен тартып жіберді. Содырдың көйлегі қақ айырылып, арқасынан қан көрінді.

- Ойбай, өлтірді мынау.

- Соқ, итті! Соқ!

Айғайға үйден жүгіре шыққан мұртты қара мәселенің байыбына бармай, ай-шай жоқ қолына найза ұстап тұра ұмтылған. Астындағы қара керді қаттырақ тебініп қалып еді, тізгінге жармасқанды бауырымен қағып құлатты. Аспанға секірген ат енді ешкімді маңайлатар емес. Едіге сол қалпында сүйеулі тұрған құрықшаның біреуін іліп алған бетте найзамен шаншуға ұмтылған қараны дәл шынтақтан сілейте соқты. Қолынан ұшқан найзамен бірге ойбайын сала құлаған мұрттының үстінен секірте аттап, құла дүзге безді.

Қуғыншылардан қара үзіп кету үшін әдейі күнбатысты бетке алып ұзақ шапқан. Едіге бірте-бірте бағытын түзеп,

Құмкентті бетке алды. Жылап аққан бұлаққа кезігіп, қанжарымен шұқып көзін ашып, атын суарып, дем алдырды. Не қуғыншы адасып қалды, не шықпады деп шешті. Сүт пісірімнен аса уақыт оттатып, терін басып қайта атқа қонған. Күн батып, қараңғы түсе жеткен жеріне қона кетті. Ері жастық, тоқымы төсеніш. Тұсап тастаған аты маңайдағы көкті жұлып, анда-санда пысқырады. Қараңғы аспандағы сансыз жұлдыздар мөлдіреп үстіне төнген. Өне, біреуі сырғып ағып барады. Андысын болса өлең шығарар еді-ау. Иә, ақынға бәрі тамаша. Ал, мұның ендігі жолы не болмақ. Таң біліне ескен самал маужыратып ұйқыға кеткен.

Күн шекесін қыздыра орнынан тұрды. Түнімен жайылып, тыңайған аттың үстіне қонған. Сәскеге жақын жалғыз жүргінші көрінді. Қолында қамшыдан басқа қаруы жоқ Едіге сескенсе де салт аттыға қарай ат басын бұрды. Сәлемші жігіт ағасы:

- Атың тәуір екен, - деп көзін сатып қызықты.
- Иә, солай.
- Айырбастасак қайтеді?
- Әй, әуелі осы манда ауыл бар ма? Соған тоқтап, асу ішейік те.

Қылыш асынған жігіттің ханның көп жасауылдарының бірі екенін түсінген. Жасауылдың көп жортқан жерінің бірі болар, шағын төбелердің бірінен асып, бейтаныс ауылдың үстінен түсірді. Үш үйден тұратын шағын ауыл коралы қой, үйірлі жылқы жатыр.

- Жүргінші едік, жол алыс, - деген соң үй иесі құртмайы, кесек ет қойып, қымыз сапырған. Біраз тоятпаған жасауыл манағы әңгімесін қайта бастады.

- Саған тәуір аттың керегі не, маған бер. Мен хан жасауылымын, жүрісті ат маған лайық.

- Аға, біз де үмітсіз емеспіз ғой.
- Ой, бозбала, сөз түсінбейді екенсің ғой, жақсылықпен сұрап тұрмын, әйтпесе тартып та алам ғой.

Ағасы, оныңыз болмас. Менің атым Едіге.

- Едіге.., - жасауыл шашалып қала жаздады. Сені хан жаппай іздеттіріп, - деп қылыш тұтқасын ұстаған. Едіге шап беріп жасауылды білегінен қысып, сыға жөнелді.

Жасауылдың қылыш тұтқасын қысқан уысы жазылып, қолының басы көгеріп сала берді.

- Ағасы, қойыңыз. Ой, қолым.

- Ағасы, бұл қылыш енді менікі. Сіз мені көрген жоқсыз, мен де сізді танымаймын. Ақсақал осындай бір жүргінші келді деп сіз де айтпассыз.

- Болсын, қарағым.

- Жібер енді, - деген жасауыл Едігенің бетіне қарауға шыдамай сырт айналды.

Үшінші күні Құмкенттің де жобасы көрінді. Едігенің қалаға сокқысы келген жоқ. Кім біледі, онда өзін не тосып тұрғанын. Әрі өзі барған үйдің ханның қаһарына ұшырайтыны да бар. Бейбіт жұртты пәлеге қалдырып несі бар, өз жөнін тапқаны дұрыс. Иә, анау Баба түкті Шашты Әзиз бабасының басына барып, дұға қылғаны жөн. Енді жөнінің не боларын сол жерде ойланар. Қарақшыларға қосылмас, дегенмен де ендігі түзу жол қандай?

Иә, әке-шешесінің де мүрдесі осында. Өкесінің айтуына қарағанда сонау Арқа жерінің шоктығы тәрізді Ұлытау жағына ата-бабасы дін жолымен аса жиі барған екен. Естуінше бабалары Абдрахман қожа, Исламқия сол жакта дүниеден өтіп, мәңгілік орны да Ұлытау болып қалған екен.

Баба түкті Шашты Әзиз бабасының басына келіп ұзақ дұға қайырды. Сонан соң сарқырап ағып жатқан бұлақтың төменгі жағына барып, белуарына дейін шешініп, жуынып, әбден жеңілдеген. Көзі Қаратаудың еңселі жоталарын шолып кетті. Қаратау, Қаратаудың шатқалдары пана болар ма еді. Жан дүниесіне азаттықтан

басқа ештеңенің керегі жоқ. Қамау-қапаста отыра алмас. Біреуге бағыныштылыққа көнбес, басынуын да көтермес.

Үстіне келіп қалған салт аттыны да байқамапты.

—Оу, шырағым, Едігесің бе?

— Оу, – Едіге жалт бұрылды. Әппақ сақалы көкірегің жапқан Мәулімниязды дауысынан-ақ таныған, – Мәке...Аға.

—Шырағым-ай, дені-басың сау ма?

—Иә, аға.

— Бәрін де естіп жатырмыз. Ұрыс ханның жаналғыштары келіп, елді үркітіп, бүгін ғана кетті. Ә, шырағым, ендігі ойың не? - Мәулімнияз сақалын сипады.

—Ол жағы белгісіз.

— Иә. — Ақсақал ауыр дем алды, - Құтлықия ағай басына іс түскенде менің әкеме пана болып, біз өсіп-өнген едік. Сол парызды өтеу енді менің міндетім болып тұр, Едігежан. Мен осы уақиғаны естігеннен бері ойланудамын. Бұл маңның үлкенді-кішілі хандары, басқалары Ұрыс ханның аузына қарайды, саған пана болар ыңғайы жоқ.

—Соны өзім де сеземін.

—Қабыл алсаң бір ұсынысым бар, — Ақсақал Едігенің жүзіне барлай қарады, - әлемді тітіреткен Әмір Темірге ешкімнің тісі батпайды. Ол кезінде Құтлықия ағамен де сыйлас болған. Әзірше соған бара тұр, кейінгісін тағы көре жатармыз.

—Мені қабыл алса, - деп Едіге күдігін жасырмады.

— Мен сенімен бірге барамын. Бұрын жүздескен жандармыз ғой, бет көрсе жүз ұялады деген.

—Әке-шешесіне, осы маңдағы шейіт боп кеткендерге тағы бір дұға қылып, Мәулімнияздың үйіне барып алып келген киім-кешегі мен азын-аулақ азығын атқа өңгеріп, түстік жақты бетке алып екеуі атқа қонған. Талай-талай құм шағылдарды артқа тастады. Жол бойы кезікеннен

Мәулімнияз ағасы Әмір Темірдің жағдайын, жүріс-тұрысын сұрап, кейде алған беттерінен басқа жаққа қарай бұрыла жөнеледі.

Аға, неге бұрылдыңыз?

Әмір Темірдің жүріс бағытынан хабардар болып келемін.

Сонда ол кісі...

Иә, ол жиһангер адам, қалада отыра бермейді. Елді аралап, тұрмыс-тіршілікті танып, реті келсе иен даланың қызығын, аңшылықтың дәуренді тұстарын да байқаудан қашпайтын адам. Әлі көрерсің, туысы, жаратылысы басқа жан.

Әмір Темірмен бұлар кездейсоқта орманның шетіне шыға бере ұшырасты. Едігенің әуелі көзіне түскені топтың алдында жалы төгілген құла айғыр мінген адам. Сәлем беретіндей жерде тоқтаса қалған. Тек адамзатқа тән жақсы қасиеттер табылса ондай жанды жұрт келісті, келбетті деп жатады. Едіге қарсы алдындағы орта жастан асқан адамнан көзін ала алмады. Ірі денелі, ұзын бойлы адамның әлеуетті тұлғасы қайран қалдырғандай. Жалпақ жауырыны мен кең иықтарына үлкен басы да жарасымды. Көрікті, нұрлы жүзінде ерік пен жігер жымдасып, алысты болжайтын адамгершілік нысаны да жүзінде ойнап, еріксіз көз тартқан. Тіке қараған қой көзі де әрі өткір, әрі сабырлы.

Атын тебіне берген Мәулімнияздың астындағы тобылғы торы кенет оскырынып жалт берді. Күні бойы аңшысын аңдып, қапысын іздеп жатқан ба, сексеуілдің ішінен гүр етіліп атылған барс тіке шапшыған. Әмір Темір қарсы алдындағы жас жігіттің қолындағы қанжардың жалт еткенін ғана көзі шалған. Қолқадан қадалған қанжар сұғына кірген екен, жыртқыш соңғы рет топырақ шашып, үнсіз қалды.

- Сен кімсің, - Темірдің қатқыл дауысында мейірім де бар еді.

- Мен..., - деп тосылды Едіге.

- Бұл Құтлықияның ұлы. Есімі Едіге.

- Ә, енді жөндерің белгілі болды, Мәулімнияз. Ұрыс ханның бар ісінен хабарым бар. Жігіт жастау екен. Жастау болса да дұшпаннан ойсырата кек ала алатын оғланның өсіп келе жатқанын таныдым, -деп Әмір Темір өлі жыртқышты иегімен нұсқады.

Әмірдің нөкерлерінің бірі жыртқыштың қолқасынан қанжарды суырып, аң терісіне сұртті де, өткірлігін бармағымен байқап басын шайқады. Маған берші деуге Әмір Темірден сескенді ме, Едігенің өзіне қимастықпен ұсынды.

- Иә, Ұрыс хан елге жайсыз болып тұр, - деп үстеді Мәулімнияз, - Қасірет демеске шара жоқ.

- Қасірет де, - Әмір Темір үйрек бас ердің қасына тізгінді іліп, бас киімін кейін ысырды.

- Енді елдің де барар жері қалмағандай. Ұрыс ханның өктемдігіне төзе алмағанның бірі мына жасөспірім Едіге енді сіздің маңайыңызда болсын деген тілегім бар еді.

Әмір Темір Едігеден көз жазбаған. Жас жігіттің тұлғасы да ерекше. Оның аяқ алысының нық екенін көзі көрді. Кеудесі де асқақ екен, намысшыл болар. Осы жігіттің жан-жағына көз тастауында да, қимылында да асқан тектілік белгісі жатыр. Еліне жау тілемес, жауығып келгенді оңдырмас. Көзсіз істің адамы емес, әр нәрсені кеңінен болжап, пайымдар. Қарапайым халыққа кішік, сенгеніне бауыр етін бөліп берер өзі. Анау ұзын бойы мен кең кеудесі, сомдалып келе жатқан иығы қажымас қайраттың белгісі ғой. Ұялы көзі нұрлы да, от шашып та тұр.

Әмір Темірге жас жігіттің бар кейпі ұнады.

- Болсын. Әкесімен де дос-жаран едік, - деп Едігеге иек қақты да Әмір Темір атын тебініп қалып, ұзай берді.

Тоқтамыс әкесі Тайқожа ханның Ұрысханның қолынан қазаға ұшырауынан кейін елден бас сауғалап қашты. Қоштасар сәтте бет-аузын жас жуған шешесі ғана ұлын соңғы рет бетінен сүйіп, жылап, қалтасына өзі сақтап жүрген алтын-күмісінен салып беріп, сапарының оң болуын тілеп қала берген.

Ендігі беті Әмір Темір. Ұрыс ханның жендеттерінен жанын сол ғана сақтайтынын әке тағынан көптен бірі үміткер боп жүрген Тоқтамыс жақсы түсінген. Кешегі әкесі Тайқожа ханның алдында қоғадай жапырылған қалың елден ілескен тірі жан болмады. Жақын-жуықтың көбінен хабар жоқ, тек көзі жасаураған қарт нағашысы ғана ел көзіне түспей жасырынып келіп, жол бастады.

Иә, Тоқтамыс әкесі Тайқожа хан дәурен сүріп тұрғанда бұл маңнан өткен. Жанында сапырылысқан қалың нөкері, алдында шабарманы, соңында бақылаушысы бар тұста ол жүрген жолға аса зейін қоймапты. Енді міне, қарттың жолбасшылық көмегіне зәру. Қарт нағашысы тіке тартпай, жұрт жүретін жолдардан қиыстап, көп бұлталақ-бұлтарысқа салып, ақыры Әмір-Темірдің билігіндегі жердің шетіне іліктірген.

Ал, енді мен қайтайын.

Солай ма? - деп Тоқтамыс қимастық танытты.

Ендігінің жөнін өзің тап, менде не қауқар бар. Қолдан келгені осы.

Тоқтамыс белдігінің ішкі жағынан алып нағашысына алтын теңге ұсынды.

Ау, мұның не? Қой, шырағым.

Жоқ, нағашы, сіздің менен көрген бар сыйыңыз, көзіңіз тіріде, осы болар. Енді аман-сау көрісеміз бе, әлде қалай. Мені еске алып, дұғаңыздан тастамаңыз.

Сау бол, - Нағашысы қорс етіп танауын тартып, орамалымен бетін сұрткен болды да, сырт айналып жүре

берді. Ең болмаса артына бір айналып қарамады.

Қарттықтың өлшеулі күнінің қашан бітерін кім білген.

Естуінше Әмір Темірді маңайлап жүрген көп жақсылардың ішінде шешесінің тағы бір інісі Топан да болуға тиіс. Сұрай-сұрай оның да мекен-жайын тапты. Топанды ертеректе бір көргені болмаса, кейіннен араластары үзілген, тіпті түр жобасы да аса есінде жоқ. Есігін ашып, «ассалау...» деп кіріп бара беретін қазақ салтынан Топан нағашысы алыстау кеткен екен. Есікке жақындаған бейтаныс адамды «Әке, көке.., — деп қарсы алған селдір мұртты біреу, - сізге кім керек? Рұқсат, рұқсат... онсыз болмайды», — деп асты-үстіне түсіп қарсы ала жүріп, ішке еніп:

- Сізге бір далалық келіп тұр, есімі Тоқтамыс екен, - деп хабарлап.

- Ал, жүрің, - деп өзін тағы жетектеп, кіші нағашысының табалдырығын аттатқан.

- Иә, бәрін де естіп-біліп отырмын, - Нағашысы қолдан не келедіні білдіріп, алақанын жайды, - Тайқожа жездеміздің арты қырсықсыз болсын. Апай аман-сау болар? Иә, тірлік деген осы ғой.

Тоқтамыстың ендігі бет алысы осы маң екенін, Әмір Темірден пана сұрай келгенін естіген нағашысының аса қуанғаны Әмірге деген сыйлықтың бары. Атын естігені болмаса, жүзін көрмеген қаһарлы билеушіге ертіп апарған. Шешесі соңғы сәтте қалтасына салған азын аулақ алтын-күмістің таңдаулысы гауһар жүзік еді. Жайласып отыруға ыңғайлы жасалған тақтың үстінде малдасын құрған Әмір Темірдің алдында тізесін бүккен Тоқтамыс жүзікті ұсынды. Жүзікті айналдыра қараған Әмірдің не жүзінен, не үнінен ризалықтың не көңілі толмастықтың белгісін танымады Тоқтамыс.

«Ә, жарайды. Көрші елдің хабарын естіп отырмыз ғой.

Ол жақта ыңғайсыз, берекесіз тірлік көп болып жатыр

ғой. Осы сарай маңында бола бер», - дегеннен аспады Әмір Темір.

Күндер өтіп жатты. Сонау Үнді мен Қытайдан да, Парсы, Араб жұртынан да, Алтын Орданың сарайшығынан да келіп-кетіп жататын саудагері де, басқасы да көп, сапырылысқан тірлігі бар Самарқан қаласының бөлек өміріне бірте-бірте бойы үйренген. Тоқтамыс Әмірдің көп нөкерінің бірі. Анда-санда сыртынан көргені болмаса, тіке араласы жоқ. Сөйтсе де тақ маңының сыбыр-күбіріне құлағы тұрулі, осы қалай дегендердің қажеті болар-ау дегенін көңіліне түйіп, өзінше түйін түйеді.

Сарай маңындағылар Сауран қаласының билеушісінің жылма-жыл хан қазынасына бөлер салығының кем-кетгінің көп екенін айтып жүрген. Біреулері оны қала өмірінің икемсіздігінен десе, қалғандары

Жоқ, ол біраздан бері науқас қой. Соның салдары, - десіп, әркім өзінше пішетін. Осының ішінде ең маңыздысы:

Сол қала бастығына Әмір Темір риза емес, - деген сөзі. Бұл сөздің шыққанына да аса көп болған жоқ. Бұл Тоқтамыстың Самарқанды мекендегенінің екінші жылы. Сарай маңында жүрген Тоқтамыс тысқа беттеген Әмірмен ойда жоқта ұшырасып қалды. Иіліп сәлем берген.

Ім, - деп әлденеге ойланған Темір бір-екі рет Тоқтамыстың тұла бойын сүзе қарады.

Ертеңіне Әмір Темірдің бұйрығын жеткізуші оның алдына апарды. Билік иесі бұрында өзі көрген жайма тақтың үстінде, сол малдас құрған қалпында. Оқып отырған кітабын былай сырып қойды да Тоқтамысқа тағы тесіле қарады.

Еліңнен не хабар бар? Сағынып жүрген шығарсың? деген жаймашуақ үнінде бәрібір ызғар табы бар. Мына

қарасымен Әмір Тоқтамыстың бар болмыс-кейпін оқып отырғандай әсер етті.

- Хабарсызбын.

- Ел билеу қолыңнан келе ме?

Тоқтамыс селк етіп, Әмірдің жүзіне қарады. Расы ма? Расы болса қай жердің билігін мұның қолына ұстатпақшы. Әлде, Ұрыс ханда кеткен кегін алып бермекші ме? Әй, қайдам? Не қылса да бұл тегін емес. Әмірдің аузынан тегіннен тегін сөз шықпайтынын сарайды маңайлағандар тегіс біледі. Ендеше...

- Сенім артса..., - деп бөгелді Тоқтамыс.

- Сауран билігіндегі қалабасының қаза болғанын естіген шығарсың. Ертеңнен бастап сол қала сенің иелігінде. Қаланы көркейт, жұртының да тұрмысын түзе.

- Құп болады, тақсыр.

- Им, - деп Әмір Темір тағы ойланған кейіп танытты. Шыға бер деп ым қақпаған соң Тоқтамыс тағы бөгелген,

— Айтақшы, сенің әкеңе мұра ретінде берілген аймақ Ұрыс ханның қолында кетті ғой. Ол жерден де дәмең бар шығар.

Әмір Темір Тоқтамыстың қышыған жерінің дәл үстінен шығып отыр. Туып-өскен өлкесін кім кімге қиғандай. Мұны неге айтты? Әмір Темірдің аузынан бұл сөз де жайдан жай айтыла салды деуге сарай тәрбиесін көрген Тоқтамыс сенбейді. Сонда қалай?

- Ата-бабамның ұрығы да сонда ғой, — деп Тоқтамыс Әмірдің жүзіне қарады.

- Онда әлің жетсе сол өлкені Ұрыс ханнан тартып ал,

- Әмірдің үні бұл жолы қатқылдау, бұйрықтың нышаны бар, - бір қаланы иелігіңе беріп отырмын ғой.

Әмір Темір қосып берген жүздікті бастап Сауран қаласына енген Тоқтамыстың алғашқы ісі қаланың бар өмірімен танысып, артықшылығы қандай, кем-кетігі

неде екенін білу еді. Сонан соң бірден соңғы кезде қалабасының науқастығынан болған салық жүйесімен жете танысты да кінәлі болғандардың жазасын белгіледі.

Қала өмірінің берекесінің бір ұйытқысы сауда, базарда. Осыған көңіл бөліп, алыстан арып-аршып келетін саудагерлер үйі Керуен сарайды жөндетті. Бұл ісі өзіне де тиімді болды. Ризашылық еткен керуен басылар сәлем мен бірге сыйлықтан да құр алақан тастаған емес. Аз уақыт ішінде тыңайды да, қоңайды.

Әмір Темір өзіне ілестіріп жіберген жүздіктің ішінде бас билеушінің көзі де, құлағы да бар екенін іші сезеді. Сауранның саудасы қызып, ішіне өң кіргеніне Самарқан жақтан құптаған, не жазғырған сөз естіген жоқ еді, қаланың сыртқы бекінісінің ескіріп тозған жерлерін қайта жаңғыртып жатқанда Әмір Темірдің: - Бұл ісі өте дұрыс. Қаланы дұшпан алмаса қалғаны түгенделді, - деген сөзі жетті.

Тоқтамыс осы сәтте өзінің таза далалық тәрбиеде қалып қоймағанының өз басы, өз қамы үшін артықшылығын сезінді. Егер ол тек өзін астам санайтын өркөкірек, менмен хан тұқымы санаса осындай жерде, жаттау ел арасында жүріп адамдардың түрлі қадір-қасиетін де, қулығын да тани алар ма еді. Иә, алыс-алыстың жат жұртымен көп араласатын, оқу-білімі де бар қалалықтың ойлау жүйесі де басқа, ілгерілеу. Бірақ дала тәрбиесі мұны еркіндікке, бар жаңалықты қағып алып, бойына тез сіңіретін қабілеттілікке ие етті. Әрине, мұндай екі жағы да ұштасқан қасиетті күндердің күні туғанша жасырын ұстағаннан артығы жоқ. Бірақ, Әмір Темірдің көреген көзінен, болжағыш қабілетінен әлденені жасыру мүмкін емес шығар. Солай болса да ол өзіне біткен осы қасиеттердің қай-қайсысын да қажетті жерде өз қалауынша ұстай береді.

Тоқтамыс қолына түскен игілікті игере отырып, енді оны өз мақсатына бағыттауды біржола қолға алды. Әуелі жүздіктің санын екі есе көбейткен. Бұл ісінің де бас билеушіге жететінін біледі. Ол не дейді деп күпті боп жүрген.

— Бастамасы дұрыс, — депті бас билеуші.

Бұл ынтасына сөзбен болса да демеушілік алған соң жасақ санын көбейткен үстіне көбейтті. Кешегі жүздіктің ішіндегі қабілетті деген жігітгер онбасы, жүзбасы болып шыға келді. Жасағын шама-шарқы жеткенше қаруландырды. Жаяуы жоқ, әскерінің бәрі аттылы. Бар айласы да ойда жоқта қапыда, қаперсіз жатқап Ұрыс ханды басып қалу. Ұрыс хан Тоқтамыстың Әмір Темірге қашқанын естіген шығар, бірақ оның бір қаланың билеушісі болып жасақ жинап, кек алуды көздегенін біле қоймас деген ойда еді.

Жасағын жиі-жиі қаланың сыртына шығарып, ойнататын Тоқтамыс жаздың айсыздау бір түнінде ың-шыңсыз аттанып кетті. Саны мыңнан аса жығылған қол қатаң тәртіпте, дауыстап сөйлесуге, қару-жарақтың салдырлаған дыбысын шығаруға тыйым салынған. Күн шыға сексеуілді орманды паналап, әскерді тынықтырып, тағы аттанған. Осы жүріспен сырт көзге көрінбей, Ұрыс ханның ордасына да таянған еді.

Ұрыс күтпеген жерден, табан асты басталды. Қолды көріп қалған қойшы аттанып салып тұра қашты, оны қуып кеткен ондық кері оралмады. Жер жұтып кеткендей зым-зия. Сол қуғыншы ондықтың соңынан желдіртіп келе жатқан Тоқтамыстың жасағына құр өзектен шыға келген қол қарсы шапты.

- Қапта! Қапта!

—Үр!Үр!

Қым-қиғаш ұрыс басталып кетті. Ұрыс тәртібіне сай Тоқтамыс жасағын реттеп, майданға белгілі жүйе де

құрып үлгермеді. Ондық, жүздік дегенде ретсіз араласып, өзінен жоғарылардың бұйрығын тыңдаудан қалды.

- Соқ! Соқ!

- Қалпит! Қалпит итті!

Қылыш, найзаның шақыр-шұқыр еткен үніне зорыға күшенген ырсыл, әлдекімдердің ышқынысы, ауыр жараланғандардың ашынған үні, жарақаттанған аттардың үрке арқырағандары қосылып, дала тұншыққан да, ызалы айқайға да толып шыға келген.

- Ананы қара, - деді Тоқтамысқа жасауылының бірі.

- Кім бұлар?

Жауап естіп үлгермеді, аласа төбешіктен бері құйышдата құлаған әскер Тоқтамыс жасағының бүйірінен тиісе, жапырып барады. Бүйірден тиген дұшпан қолына ұрыстағылардың бұрылуға да шамасы жетпеген.

- Қап! - Тоқтамыс шарасыз өкінді.

- Енді қайттік?

- Шегінудің сырнайын тарт. Ұрыс сала шегінейік.

Сырнай үнін естіген Тоқтамыс қолы жалт беріп, бері салды. Қайта топтасудың мүмкіндігі жоқ екенін көрген Тоқтамыс айналасындағы адамдарымен ұрыс даласын тастап, құла дүзге безді. Қашқан қолды қуған Ұрыс ханның жасағы өлісінің іске жарарын олжалап, тірісін бұғаулап, жеңіс тойын тойлап жатты.

- Қап! - деген бір өкініш Тоқтамыстан кетпей қойды.

Қанша сақтық жасаса да Ұрыс ханның мұның ниетін күні бұрын танып, келер жолын да бағдарлап, қақпан құрып қойғанын енді түсінді. Енді істер амал жоқ, өткен іске өкінгеннен басқа не бар.

Тоқтамыс қуғыншылардың қолына түспей аман қалған айналасындағы азын аулақ адамдарымен құтылып кетсе де ендігі барар жерді ойлап, жүрген сайын аттың басын тежеп, жиі-жиі ат шалдырумен күн өткізді. Қайда барады? Сауранға ма? Сауран халқы енді мұны қалай қарсы алады?

Ақыр ат басын Самарқанның қақпасына әкеп тіреді. Күні бұрын оздырып жіберген жігітінен хабардар болып отырған қалабасы қақпаны ашты. Әмір Темірдің сарайының алдына жеткен Тоқтамысты:

- Бүгін деп алсын, ертең келсін, - деген қаһарлы қолбасының бұйрығы күткен.

Ертеңіне Әмір сарайына бара жатып қатты толқыды. Кім біледі Әмір Темірдің ойында не барын?

Қаншама жауынгердің ажалына себеп болды. Басын қағып тастаса қаңғып жүрген мұны кім іздемек. Кеше қабылдамағаны да жақсылықтың нышаны емес.

- Кәне, жүр, - деп қаталдау үн қатқан есіктегі күзетшінің үнін естігенде тізесі дір етті.

- Е, Алла, өзіңе сыйындым, - деп күбірледі.

Әмір Темір бұрынғы өзі көрген қалпында қабылдаған. Даяшысы демдеп әкеп берген шайды өзі кесе түбіне аздап қана құйып ішіп отыр. Жүзі бір қалыпты, наразылықтың нышаны да білінбейді. Тізерлеп отыра кеткен Тоқтамыстың дүрсіл қаққан жүрегі сәл орнына түсті.

- Уһ, - деп жібергенін өзі де байқамаған.

- Иә, күрсінетін жағдай, - Әмір Темірдің жүзінен бір көлеңке жүгіріп өтті, - Ал, баянда.

Әмір болған жағдайды тәтпіштеп жеткізген Тоқтамыстың сөзін бөлмеді. Қапыда кеттім дегеніне де құптағандық, не риза еместігін білдірмей кесенің түбіндегі шайды жәй ғана айналдыра шайқап үнсіз тыңдады. Сол қалпында тізесін қаққан. Жалаң қылышты жендеті жетіп келгенде Тоқтамыс үрке шегіншектеген.

- Тақсыр..., - деді дауысы дірілдеп.

- Сен боссың, - Әмір жендетке иек қақты.

- Мен... - Тоқтамыс не айтарын білмей сөзден тосылды.

- Сен Сауранға бармай дұрыс істегенсің. Жеңілген ханды халықтың қалай қарсы аларын кім білген.

Баласынан, туысынан айырылғандардың түтіп жіберуі де мүмкін. Жақсы. Енді осы сарай маңында бол. Жақынырақ жүр маған.

- Құп, - деп Тоқтамыс орнынан жеңіл тұрды. Ажалым жетті ме деп еді, жоқ, Алла қаққан екен. Әмір, тіпті, өзіне жақынырақ жүруін бұйырды ғой. Осы Әмір Темір Шыңғыс хан ұрпағын қатты сыйлайды деуші еді, тап солай шығар. Әйтпесе бар билік өзінің қолында тұрып Шыңғыс хан ұрпағы Хусеинді неге осы мемлекеттің басшысы ұлы хан деп жариялап отыр. Әмір төре ұрпағын сыйламаса Хусеин оның бір үрген демінен қалмас еді ғой. Мүмкін өзінің жазасыз кетуі сол бір белгісіз құпия сырдың нышанынан болар.

Әмір Тоқтамысты жақын адамдарының санатына қосты. Аса құпия мемлекеттік мәселелерден басқа айналасымен кеңесіп отырып шешетін кеңестерге де қатынастырды. Бұл жағдай Тоқтамысқа деген басқа жұрттың да көзқарасын өзгерткен. Басқаларға жекіріп сөйлеуге әдеттенгендер енді мұның алдында кішіпейіл. Жаз өтті. Әмір Темірдің алдына тағы шақырылды.

- Халің қалай? Жағдайыңа ризасың ба?

- Ризамын, тақсыр.

- Сарайдағы бір қалыпты тыныш өмірден жалығып кеткен жоқсың ба? — Әмірдің сынай қараған ойлы жанары Тоқтамыстың тұла бойын тінте жүгіріп өтті.

Тоқтамыс не деп жауап берерін білмей абыржыды. Бұл қалай? Әлде үстінен біреу өсек таратып, Әмірге жеткізді ме? Бір елі аузына қос елі қақпақ қойып-ақ жүрген сияқты еді. Не деп жауап берсе екен? Зеріктім, әлде зерікпедім?

- Жә, - деді Әмір Темір. - Мен саған тағы бір міндет артпақ ойым бар.

- Сеніміңізден шыға алсам.

- Хан ұрпағы билікке жаралған. Саған тағы да биліктің тізгінін ұстатпақпын, - Әмір Темір тағы да Тоқтамысқа тесіле қарады. - Тек сенің бойыңнан әділдік деген табылып жатса? - деп жүзін бұрып, алақанын соқты.

- Ләббай, - деп қағазын көтеріп хатшысы келді.

- Тоқтамысты Хорезмнің ханы деген бұйрығымды хатқа түсіріп әкел.

- Құп, тақсыр.

- Ал, сен осы істі басқара алады деген ойдамын.

- Рахмет, - ішіндегі қуанышы бетіне қызара бөрітіп шыға келген Тоқтамыс түрегеліп басын иіді.

- Хорезм бір кезде Жошы ұлысының иелегіндегі жер еді. Ол жақтағы хандардың берекесіз тірлігі, өзара қат-қабат шабысуы елді ығыр еткен. Кезінде жайқалған өлке алма-кезек шабыншылықтан қатты күйзелген еді, карамағыма алдым. Қазір тыныш, елдің тұрмысы да түзеліп қалды, тек салығын төлеп қана отыр.

- Қолымнан келгенше сеніміңізді ақтаймын.

- Хорезм бай аймақ қой. Дарияның суының өзі неге тұрады.

- Иә, - деп сөз қоса бастаған Тоқтамысты Әмір бөліп кетті.

- Аралдың балығының өзі жыл он екі ай қай халықты болса да асырайды, - Әмірдің ойлы жүзі алысқа қадалған екен, - Шіркін, бейбіт өмір сүріп жататын заман болса.

- Ләббай тақсыр, - деп хатшы қайта кірді. Қолында сиясауыт, қауырсын қаламды құлағына қыстырып алыпты. Тоқтамысқа қарап бас изеп, жымың етті.

- Қане, - Әмір Темір қағаздың бетіне көз жүгіртті де, алтын жүзігін қолына алды. Алтын жүзікте араб әрпімен қаһарлы қолбасшы, мемлекеттің бас иесі Әмір Темірдің аты жазылған еді. Жүзікті сиялы шүберекке сипап алды да, пәрмәні жазылған қағаздың төменгі жағына асықпай басты.

- Боссындар.

Тоқтамыс пен хатшы кезек бас иіп, есіктен асыға басып шыға жөнелген.

Хорезмнің билігі қолына тиген Тоқтамыстың бар ойы қайтсе де Ұрыс ханнан кек алу. Саурандай емес, мүмкіндігі мол Хорезмнен өзіне қажетті жасақ құру да аса қиындыққа түспеді. Жарым жылдың ішінде қандай ұрысқа да сақадай саймын деп есептеді. Әр қимылын сырттай бақылап отырған Әмір Темірден «бұл қай дайындығың» деген сөз естімеген соң, іштей құптағанын түсініп, Көк орданың ханы Ұрысты бетке алып, жасырынбай-ақ жолға шыққан. «Келе жатырмын» деген хабарды жіберуді де ұмытпады.

Майдан тәртібі жекпе жек. Белсеніп шыққан Тоқтамыстың жігітінің аты сүрініп, иесін басып қалған. Батырын құтқармақ болып ат қойған жүздікті кенет Ұрыс хан әскерінің арасы ашылды да, тізерлеп отыра қалған садақшылар жусатып салды. Жаппай ұрандатып, лап қойысты. Кескілескен ұрыс кешке дейін созылды. Қаша жүріп айқасқан Тоқтамыс қалың қамыстың ішіне бойлай енді. Жасырынуға кедергі болар деп атын қоя берген. Жаяу. Мана қалың айқастың кезінде балтырын әлдене сызып өткен сияқты еді, оған қарауға мұрша жоқ-тын. Қамыстың ішіне бойлай кірген сайын аяғы бастырмай, зорға сүйретілген. Ақыры айналасын су басқан ну қамыстың ішінен төмпешік тауып, аяғына үңілді. Найзаның ұшы саптама етіктің тобықтан жоғарғы тұсын жырып өтіпті. Етікті шешіп, жараланған аяғын белбеуінің шетінен жыртып алған шүберекпен таңды.

Тағы да жеңіліс. Іші өксіп, ыңыранған еді, оның соңы кімге налығаны белгісіз жылауға ұласты. Дауысын шығармай тұншыға егілген. Алысырақтан әлі де айқай-ұйқай естіледі. Иә, бұл әр тұсқа жасырынса да ақыры қолға түсіп жатқан өз жасағының соңғы жауынгерінің

соңғы қарсылығы болар. Жеңімен аузын басып, Тоқтамыс тағы да ықылық атты.

Айналаны қараңғылық басты. Осы түн түнегін пайдаланып қашып шығу да мүмкін емес. Ұрыс ханның олжа іздеген, тіміскілеп жүрген адамдарының бірінің қолына түсуі оп-оңай. Ендеше осы жерде неше күн өткізсе де шыдауға тура келеді. Шешіп алған етігін жастанып жатыр еді, мызғып кетіпті.

Әлдекімнің әлеуетті қолы жайлап кеп, басып қалды. Кім екені де болжаусыз, өзі үнсіз. Айнала тастай қараңғы. Әлгі дәу Тоқтамыстың аузын баса берді. О дүниеде жатырмын дейін десе аспандағы сансыз жұлдыздар жарқырап тұр. Әрі алыс-алыстан үрген иттердің, шаң-шұң еткен әйелдердің дауысы естіледі.

- Кімсің? - деуге зорға тілі келді.

Дәу әлі үнсіз. Үстіне тізеден келер шапан киген біреу түн қараңғылығымен тіпті алып адам болып көрінген. Алып болса, алып та шығар, Тоқтамысты тыпыр еткізбей басып отыр. Тоқтамыстың қараңғылыққа көзі үйрене бастады. Мына кісі кім де болса жау емес.

- Кімсің? - деп тағы сыбырлады.

- Үндеме естіп қалулары мүмкін, - деп әлгі кісі тағы аузын басты.

Жан-жақтарынан кейде ыңырсыған дыбыс шығады. Олар кімдер? Есін енді жиғандай болған Тоқтамыс тұрмақ болып ұмтылған, бейтаныс кісі қарулы қолымен тағы басып ұстады.

- Жаудың қайда екенін білейік те.

- Жау жаныңда, немене басыңды қағып алсын дейсің бе? - деп сәл жекіріп.

Сібірлеп таң біліне бастады. Кей-кейде қамыс арасынан сығалаған Тоқтамысқа көрінетіні біреулерді айдап бара жатқан аттылардың сұлбасы. Әне, әнебір ит тіміскілеп кеп, дәл үстеріне жете тоқтаған. Иесінің

«Кә! Кә!» лап шақырған үні қаттырақ шығып, құйрығын бұлаң еткізді де, жөнep берді.

Бейтаныс кісінің беті де бүркеулі екенін енді байқады. Өзі сырықтай ұзын. Мана бір тіл қатқандағы үні таныстау естілген. Япыр-ау, бұл кім екен? Кім де болса дос адам.

Кім де болсаң жөнiндi айтшы.

Бейтаныс кісі оған бетін таяп еңкейді де, жүзін жасырған шүберекті сырды.

Мені танысың ба? Мен Едігемін.

- Едіге.., - Тоқтамыс таңырқап, кейін шалқайды, - Едіге...

- Иә, мен Құтлықия ұлы Едігемін.

- Сен де осында ма едің? Бұл жерге қалай тап болдың?

- Бұл ұзақ әңгіме. Ал, мені Әмір Темір шайқас барысын көр деп аттандырған еді. Жалғызбын. Шайқасқа кештеу жеттім. Еш көмегім болмайтынын түсінген соң сонау бір қиядан немен аяқталарын күтуге тура келді.

- Солай де, - Тоқтамыстың дауысы өкпелі шықты.

- Сонан соң сені іздеп тауып алғым келді. Қараңғы түсе кіріскенмін. Көп өлікті аударып көріп, біраз тіріге көмек жасадым. Олардың тағдыры маған белгісіз, мүмкін тұтқынға да түскен шығар. Ал, сен ұйықтасаң да ыңырсып, өксіп отырған дыбысыңнан таптым.

Бұлардың жанынан сол бұрынғыша үздік-үздік шұбырған мал айдағандар өтумен болды. Қаракөк аспанға бозамық өң кіріп, жұлдыздар сиреді. Сонау дала жақтан ескен самал қамыстардың басын тербеген. Көп ұзамай таң да атты, ал бұлар бұл арадан жылжи алар емес. Сапырылысқан жұрттың аяғы да әлі бәсеңсімеген. Далалықтардың жолымен Едіге қалтасына сықпа салып жүруші еді. Сипалап бір-екеуін тауып алды. Едігенің қолындағы құртты көріп, Тоқтамыс көзімен ішіп-жеп, тамсанды да ұсынғанның біреуін алып, жалма-жан аузына тықты.

Ұзақ сарғайтып барып, күн де кешкі ұясына қонған. Тоқтамыстың жаралы аяғын қайта орап, саптама етігін зорлап қайта кигізіп:

- Ал, жүрейік, - деген Едіге.

Тоқтамыс екі аттады да қатты ыңырсып отыра кетті. Үгілеп аяғын сипай берген. Жүзінде торығу. Мынау мені тастап кетер ме екен деген уайымы жапақтаған көзінен көрінген.

- Бастырар емес, - Тоқтамыс Едігеге жалына қарағандай.

Едіге Тоқтамысты арқалап, су кешіп, қамыстың шетіне шықты. Сонан соң айналаға ұзақ үңіліп, көз тастады. Бейсауыт жүрген ешкім көрінбейтін сияқты. Қараңғылық та көзге түрткісіз. Жаралы Тоқтамысты жаяу арқалап қайда жеткізеді.

- Осылай отыра тұр. Дыбыс шығарма. Мен көлік іздеп тауып әкелмесем, жағдайымыз келісіп тұрған жоқ. Кім біледі әлі, жасырына отыр.

- Көлік..., - деп Тоқтамыс сенімсіздеу үн қатты.

- Тастап кетпеймін.

Едіге кешігіңкіреп оралды. Жаяу емес. Үркектеген аттың артына Тоқтамысты мінгестіріп, көкжиектен көрінген Қоян жұлдызын бетке алып, аса қатты жүріске салмай тартып келеді. Төніп келген қатерден құтылғанына Тоқтамыс енді сенді. Мына жігітке деген ризашылығында шек жоқ.

-Едіге, осы жақсылығыңды ғұмыр бойы ұмытпаспын. Қарыздармын.

Осы шыны ма дегендей Едіге Тоқтамыстың үнемі ойнақшып тұратын көзіне қарады. Тоқтамыстың жабырқаулы жүзіне үміттің оты еніпті. Сәтсіздіктің соңында туған қуанышы шығар.

- Оны өмір көрсетеді.

Едіге атын тебінді. Таң атып келе жатыр. Үрке қашқан түн жұлдыздары қарауытқан аспанмен бірге күн батысқа жөңкіліп барып, көзден таса. Құмдауыт шағылдың арасынан шыға келген салт атты бері салды. Өзі мұздай қарулы. Жүрісті атымен сыдыртып жетіп келді. Қаруы сай бейтаныстың Ұрыс ханның олжа іздегендерінің бірі екеніне еш шүбә жоқ. Беліне қыстырған қанжарынан басқа қару алмағанына Едіге іштей өкінді.

- Әй, кімсіңдер? - деп жеткен бейтаныс жігіт мінгескен Тоқтамыстың жүзіне үңілді.

- Жолаушымыз.

- Әй, мынау Тоқтамыс қой. Қане, аттан түсіңдер, - деп қылышына қол салды.

Бейтаныс жігіт қылыш суырып үлгермеді, жарқ еткен қанжар білегіне қадалып, ыңырсып, тісін шақыр-шұқыр қайрап, Едігені ала көзімен атты. Едігенің әлеуетті қолы аттан жұлып түсірген бейтаныс енді шөкесінен түсіп жалбарына қараған. Еңкейіп білектегі қанжарды суырып алған Едіге:

- Сенің қасық қаныңды төккім келмейді. Ханыңа сәлем айт, менің атым Едіге. Қан аңсаған қан жұтып өледі де, - деп бейтаныстың атына Тоқтамысты мінгізіп жүре берген.

Тоқтамыс Хорезмге қайтып бармады. Бұл жолы Әмір Темір Едігені ғана қабылдап, болған істің мән-жайына қанған. Біраз күннен кейін Әмір Темір Тоқтамыстың қарамағына бір жүздікті беріп, басшысы етіп тағайындаған. Жеңілістен соң жеңіліске ұшыраған Тоқтамысты жғрт та менсінбеуге айналды. Әмірдің ерекше ілтифатына ие болған кезде «ләббайлап» тұрғандар енді «сен кімсің» дегендей иек көтеретінді шығарды. Тоқтамыстың маңайлайтыны Едіге.

- Ұрыс ханда сенің де кегің кетті, - дейді оны сөзге тартып.

- Оның рас, - деп күрсінді Едіге. - Ол менің әкем Тайқожа ханды жазықсыз өлтірді.

- Оны да естігенмін.

- Менің қуып жүргенім соның қаны ғой.

- Бірақ.., - деп Едіге не айтса да тұрақтамай жүгіріп тұратын Тоқтамыстың көзіне қарады.

- Иә, иә, ылғи сәтсіздікке ұшырап жүрмін. Ұрыс ханды тас-талқан ететін жағдай туып еді, әлдекімдердің опасыздығы ма, қарғыс атқыр сол немеден есемді ала алмай өкінудемін.

- Алладан әр тілекті адалынан сұрау керек шығар, - деп Едіге екіұштылау жауап беріп, кете берген. Оның үстіне Әмір Темір Едігеге ерекше лауазым бермесе де алыс-алыс сапарларға жұмсауы көп.

Ұрыс ханның өлгені туралы хабар үшінші күні Әмір Темір ордасына жеткен. Тоқтамыстың қуанышында шек жоқ, өкініші де жетерлік. Ұрыс ханды азаптап, қара есекке теріс мінгізіп мазақтап, ит өлімін бермедім-ау дейді іштей.

Әмір Темір шақыртыпты. Сірә, осы жолы мықтап, қолдар, қалың әскер берер деп үміттенді. Сарайға асыға жеткен Тоқтамысты есікті күзетуші бөгеп.

- Хабарлап келейін, - деп ішке еніп,

- Ал, кірің, - деп екінші айналып, жол берген.

Әмір Темір сол баяғы өзі көрген қалпында қабылдады.

Тоқтамыс қанша рет осы Әмір алдында болды, бәрі еш өзгеріссіз. Табан астында жатқан парсы кілемде сол бұрынғы, терезеге тұтылған перделерге дейін өзі көрген қалпында, артық жылтыратып, жарқыратып қойған ештеңе жоқ. Жан-жақтан келіп жатқан асыл қазына, мол байлықтың мұнда көлеңкесі де түспегендей. Тіпті, Әмірдің үстіндегі әлемді тітіреткен патшаға лайық киімі де жарқыраған асыл тастармен көмкерілмеген.

- Иә, Ұрыс ханның ажал тапқанын естіп жатқан боларсың, - деді Әмір сәлемге басын иген Тоқтамысқа, - кегімді ала алмадым деген өкініш те бар шығар.

- Дәл айтасыз.

- Кімде кімнің бұл жалғанда жасаған күнәсінің жазасын о дүниеде Алла береді. Күнәсіз пенде жоқ шығар, тек соның өтеуі осы жалғанда болса, - деп Әмір діни пәлсапаны біраз сөз етті. Тоқтамыстың бас изеп қостағаннан басқа айтары жоқ. Бірақ, осы Әмір Темір мені не үшін шақырды деген ой мазасын алған. Діннен аздап сауаты бар Тоқтамысқа діни сабақ беру Әмірдің ісі емес. Сонда бұл ұзақ сонар әңгіме не үшін қажет болды екен.

- Айтпақшы, осы сенің қарамағыңда жүздік бар еді ғой, - деді Әмір Темір әлдене есіне түскендей, - жігіттерің қалай, әрі іске дайын ба?

-Хал-қадірінше...

- Анау, Алтын Орда іргелі де, алып мемлекет еді, - Әмір Темір күрсінді. Орнынан тұрып, сәл сылттып басып, терезеден сыртқа ұзақ қарап тұрды, - Алтын Орданың бас қаласы қазір Сарайшық емес пе?

- Сарайдан Сарайшыққа келіп қоныстанды ғой.

- Сарайшықтың маңында да тыныштық жоқ. Бақ таласып, сүзісіп, өлісіп жатқан хандарда не пәтуа бар.

Бұтағында отырып, бәйтеректің түбін балталаған қожанасырдың ісіндей шаруа. Ең болмаса соны ойламайды-ау. Арғы жағымызда өрбіп-өсіп кәпір келеді деген де миларына кіріп-шықпағанына таңсың. Сол Сарайшыққа да мықты ие керек-ау, - деп Тоқтамысқа қарады.

- Ондай күн туса, - Тоқтамыс Әмірдің емеуірінін түсінген.

- Мына Ұрыс ханның орнына баласы Темір Мәлік отырыпты деген сөз бар. Ол өзі берекесіздеу деп халқы

риза емес дейді, - деп Әмір Темір тағы бір ойды қыстырды да, қабылдауын аяқтады.

Естіген жаңалық оны тағы бір іске итермелеген. Ел бұрынғы ханын жоқтап, жаңасы әлі орныға алмай тұрғанда, абыр-сабыр тұста Көк Орданы басып қалуды ойлады. Ертеңіне жүздігіне олжа іздегендерді қосып, біраз қол жинап, Темір Мәліктен хандықты тартып алуға аттанды. Қанша қапылыс болса да хан ордасы Тоқтамыстың жорығынан хабардар екен. Темір Мәлік бастаған қол әуелде қатты қарсылық көрсетіп, ақырының күш келген соң Тоқтамыс қолы тағы жеңіліп, түн жамылып қашып құтылды.

Темір Мәлік хан тағына отырғанын да, Тоқтамысты қуып тастаған жеңісін де ұзақ тойлады. Әуелде хапның шашбауын көтеріп, онан үміт еткендер жаз бойы үзілмеген бұл тойдан мезі бола бастаған. Бұл елдің салтында жоқ, қымыздан арақ айдап, мол ішімдікке кіріскен жас ханның бас бұзарлары да елдің зықысын шығарды. Оның үстіне алты ай жазға созылған бұл ұшы-қиырсыз той-мол шығын. Шығын халықтың мойнына ілінді. Әуелде хан тойының шығынын бірге көтерісейік деген ел енді үсті-үстіне түскен салықтан босай алмай, жаңа ханнан суынды. Әділдік іздеп барған талай ақсақал сақалынан сүйретілсе, орта жастағылар жазасы дүре.

Орданың ісі жайына қалып, мастықтан есін жия алмаған Темір Мәліктің ауылы осы маңдағы ең жайқалған кең жайлауда отырған. Сары Арқа жақтан үнемі есіп тұратын қоңыр салқын самал, кеуденді ашса, кешінде гүл-жазира даланың шөбін қырау шалып, мазаны кетірер шыбын-шіркейді қуатыа Бұл манды мал аяғы баспайды, бар түлік қыр астындағы жеке жайлауда. Тек Темір Мәліктің ордасынан алыстау жерде желіде асау құлындар жатыр да, сол маңдағы кермеде атақты сәйгүліктер тұр.

Мастықтан есін зорға жиған Темір Мәлік айналаға сүзе қарап, мына жайлауды да, Ордасынан үрке қонған аз үйлерді де жаңа көргендей боп тұр. Орданы маңайлаған қалың жұрт қайда? Өзі осы жерге қашан келіп қонған екен? Басы дың-дың.

Көк Орданың берекесі кеткенін естіп Балташықтың да жеткені осы. Қанды қол Ұрыс ханнан қанша безініп жүрсе де, орданың іргесінің бекуіне азды-көпті еңбегі бар еді. Бір жазда соның бәрінің зая кеткеніне іші ашыған. Орданың ыдырап бара жатқанын көріп үйінде тып-тыныш отыра алмады. Ең болмаса есін жиюға септігін тиер деп келген беті.

- Елден айырылыпсың, Темір Мәлік хан. Байларың ауып кетіпті, кедейің қаңғып кетіпті. Енді сенің нең қалды? Тиыл, тый мына басбұзарларыңды. Хан елсіз болмайды, жер иесіз болмайды. Қайта жи еліңді, түзе ісінді.

- Қап! - деп өкінді жағдайға енді көзі жеткен Темір Мәлік хан.

Темір Мәліктің кеш өкінішін атын борбайлата сабап, ышқына айғайлаған кісінің дауысы бұзды. Айғайдың мәні алыстан жөнді естілмеген, алдағы құр өзекеден өткен соң ғана салт аттының үнін ажыратты.

-Жау!Жау!

- Қайдағы жау! - десе де Темір Мәліктің денесі мұздап сала берді. - Қайдағы?

«Жау, жау» деп қайталаудан жазбаған жігіт атынан құлап түсті де, тізерлеп отыра кетті. Ақ көбік боп теңселген аты оның тым алыстан келгенінің айғағы.

Жігіттің өзі де әбден қалжыраған, кебірсіген ерні жарылып, тілі орамға келер емес.

- Қайдағы? - деп Темір Мәлік оның үстіне түсті.

- Сонау жақтан. Көп, көп адам, ту ұстаған. Тоқтамыс қолы.

- Тоқтамыс дейсің бе? Тағы да үнсіз жеткен екен. Басым қатып...—деп Темір Мәлік өкіне шекесін сығымдай берді.

Көк Ордадағы соңғы жағдайларды естіп білген Әмір Темір Тоқтамысты тағы алдына келтірген. Бұл жолы да Алтын Орда жөнінде ұзақ әңгімеледі. Сонан соң кенеттен:

- Сенің көздегенің Көк Орда еді ғой, кезеңі туды. Хандығын аларсың, халқыңа тиіспе. Ел байлығың, жұрт жайлауың, - деген де Тоқтамысқа жетерліктей ғана жасақ берген.

Айғай-сүреңге басып шапқылап келе жатқан Тоқтамыс қолына қарсы шығар да ешкім болмады. Күтпеген жағдайдан қатты есеңгіреген ханды жасақшылар жағадан алып сүйреткен, арашашы болуға ұмтылған Балташықты біреу шауып жіберді. Ханың басын алып, Орданың ішіне үріккен қыз-келіншекпен ойын құрған Тоқтамыс біраз күн тойлады да, өзін Көк Орданың ханы деп жариялады.

Ай өткен соң Көк Ордаға келген Едіге барлық іске қанықты. Орда бүлінді, Орда тігілді. Балташық ағасының қосақ арасында ажал құшқанына іші удай ашыды. Тоқтамыстың танып тұрса да Балташыққа ара түспегеніне ызасы келіп, шауып тастауды да ойлады. Балташық жеке жерленген екен. Басына барып күңіреніп отырып күңіrentіп дұға оқыды. Енді бұл жалғанда тіпті де жалғыз. Алыста болса да арқа сүйер таудай аға еді, енді кімім қалды? Қош, аға. Жылжып келген тамшыны сілкіп тастап, орнынан тұрған.

- Кешір мені, қателестім.

Тоқтамыстың артына қашан келіп тұрғанын да байқамапты. «Кешір» дейді-ау. Ду еткен бір ыстық жалын бойын биледі де, қайта суынды. Тоқтамыстың жүзіне көзі түсіп еді, жүзі алабұртып, көзі сырғақтап, бір орнында тұрақтамай тұр екен.

II.

АЛАСАПЫРАН

Әмір Темірдің маңындағы жайлы тұрмысынан жан рахатын таппаған Едіге сайын даладағы Көк Ордаға ат басын біржолата тірегендей. Көк Орданың ендігі иесі Тоқтамыстың қанды ісі де жүрегіннің басында. Келер күндер не әкеле жатыр? Осы тірлігінің өзі мағыналы ма? Тереңге сүйреген ой кей-кейде көрер таңды көзімен атқызады. Қиялдың көк дөнені желдей жүйткітіп, талай-талай асулардан асырып тастайды.

Балташық ағасынан айырылған басы бұл жалғанда жалғыз қалғандай еді, ендігі бір сүйеніштің үміті жанында. Сол үміті Әл Омардың қызы Қағаз. Қағазбен екеуін сонау жас кезінде атастырып қойған екен. Үйленудің сәті де осы кейінде ғана болды. Мазасыз түн кешкен Едігенің жүзіне Қағаз жиі-жиі жалтақтайды.

- Ұйқыңыз қашып кетті-ау.

- Маған көңіл бөлме, өзің дем ала бер.

- Менен сізге не көмек?

Мұсылманша терең тәрбие алған жас келіншегі жас арасы алшақ болмаса да Едігені «сіз» деп сөйлеуден бір жазбайды. Келіншегінің шын жанашырлығын жүрегімен сезген Едіге өзін бұған ауыр ойдан сәл тыныстағандай. Дегенмен кіндік қаны тамған Құмкент маңы, анау балығы тулаған Қызылкөл жиі есіне түсіп, мазасызданады. Қанды қылыштар әрі де шауып өтетін, бері де қырып кететін жұртты ойлап, жаны жай таба алмайды. Ертеңгі күнді ойлаған сайын уақыт пердесі көмескілене бастаған қиянат көз ұшына қайта елес беріп, тұла бойы тітіркеніп, мұздай қариды.

Алыс-алыс тұстарға барып, жер көріп, ел таныған сайын Едігенің туған ел туралы таным-сенімі де кеңей

түскен. Ата мекені тек Қаратаудың маңы емес, ұшар басын қар басқан көк аспанмен таласқан таулар, селеуі желкілдеген сайын дала, бұйрат-бұйрат құба белді Арқа, шоқтығы биік әсем Ұлытау, асау Ертіс, жайқалған Еділ, сексеуіл басқан құлазыған шөл

Едігеге тағдыр дүрмекке толы жалғанды, бүліншілік, зорлық-зомбылықты ерте көріп-білуге жазыпты. Енді міне әкеден ерте айырылып, аумалы-төкпелі ғұмыр кешіп, ат жалын тартып мініп еді, әділдік таразысын танып болмайтын, таласқа толы дүниенің ісіне кіріп кетті. Бір түсінгені жұртының қамын ойлайды деген әкімі де, хандары да билікке таласып, арпалысып, шабысып, солардың арасында қалған қайран ел ат бауырының астында, бекер шаң жұтып, таяқ жеуден көз ашар емес. Сонда бұл жұрттың тып-тыныш, қой үстіне бозторғай жұмыртқалағандай бейбіт ғұмыр кешетін күні болар ма. Ол күн қашан туады? Жалғыз жортқан жеке атты Едігенің қолынан сондай бір бақытты шақты орнату келер ме еді. Келмесе ендігі тірлігі қандай болмақ? Іштей ұстанғаны әйтеуір Ұрыс хандай қан ішер, Тоқтамыстай баққұмар болмақ емес.

Тынышы кеткен Едіге өзі бастап барған жорықты есіне алды. Қай әділдікті іске асырып қайтты, кімнің көз жасына қалдым екен деп дөңбекшіді. Иә, бәрі де Тоқтамыстың шешімімен болған. Анау Төкеханның елі талай-талай жыл төлер салығын да, басқа берешегін де мойындамай кетіпті. Сол елдегі осы істі тындырып келуге Едігені жұмсаған. Иә, бұл жорық...

...Жаздай тамшы тамбаған даланы шаңға көміп, ұзақ жүрген шұбырған жұрт қарулы қолдан гөрі ауған елге ұқсас еді. Атқа мінген де, түйелі де осында. Еңсесі түсіңкі осы жұрттың алдында барлығына бас ие боп келе жатқан Едіге. Жеке-жеке шайқасты басынан өткізсе де қол бастап көрген емес. Әрі жас, әрі ұрыстарға сан

катынасып, шынықпаған, тәжірибесі де жоқ Едігені бұл қолдың менсінуді де шамалы. Осыншама қолды басқартып, көрмеген, білмеген елге жібере салғанына Едіге де іштей таңданулы.

Қару асынған осы жұрттың ішінде жақсы ат мініп, жақсы киінген бір топ бар. Өздері жұрттан бөліне кетіп мәз-мәйрам боп жатады. Мысықтай маймандай қалулары да, көз қысысып жымиюлары да ерекше. Көңілге қауіп ойлатқандай. Кейде Едігеге көмек еткенсіп, кейін қалғанды жетектегенсіп, далбандап шапқылайтындары және бар.

Басқа жұрттың кейпі бөлек. Неге келе жатқандарына сенімі аз, кескін-келбеттерін шаршап-шалдыққандық басқан, хан әмірін орындау үшін салпаң қаққандары бетіне шыққандар. Ат үстінде демесең бәрі де жүдеу. Әйтеуір барған жерде бәрін қырып-жойып, олжаға кенелесіндер дегенге сеніп, ат үстінде теңселіп, әзер-әзер қозғалатындар.

Осы жұрттың соңын ала қаракер атқа мінген Андысын досы да келеді. Андысын әйтеуір біреулердің артта қалып қоймасын байқайтын сияқты. Андысынның жанына «осы жол біледі» деп қосып берген жетпіске жетіп қалған ақсақал Андысын ақсақалды жиі сөзге тартады.

- Қалай, ақсақал, бетіміз дұрыс па?
- Арқа арт жақта қалды ғой.
- Алған бетіміз қай жақ?
- Төке ханның елі емес пе? - Ақсақал осы не айтып тұр дегендей Андысынның бетіне үңіле қарады. Андысынның жүзі өзгермеген, әжуа-күлкі де сезілмейді.
- Онда не бар? - дейді Андысын.
- Онда.., - Ақсақал бөгелді. - Осы жұрт олжаға кенелеміз деп келеді ғой.
- Мысыққа ойын, тышқанға өлім.

- Әй, шырағым, ойыңа келгеннің бәрін сыртқа шығара берме. Кейде бас, кейде тіл кесіледі. Шындықты айтқанның көбі ғұмыр бойы теперіш көріп, тепкінің астында жүреді. Өтірік айт демеймін, шындықтан аулақ кетпе. Шындық шыңға да шығарады, шыңырауға да түсіреді.

- Оны неге айтып келесіз?

- Анау қол бастап келе жатқан жас жігіт...

- Едіге.

- Иә, Едіге. Мен білсем құдай талант берген адам. Өзіне нық сенімді. Әлі, алда, ханға да сәлем бермес. Мұндай адамның жолы да ауыр ғой. Аяғынан шалар жымысқы, жылпостар да аз болмас. Басына сан қатер де төнер, Алла қолдасын де.

- Айтқаныңыз келсін.

- Енді ана біреулерді көрдің бе? Майлы ішекке кірген құрттай жылпос. Сөздерінің өзі екі қилы. Осы біз қайда барамыз деп жұртты ұйтқытады да, Едігенің алдына барып, оң сапар тілеп, тағы қошемет көрсетеді. Осы қалай, ә?

- Осы жұрт бейнет-сорға емес, бейішке кіріп, алтын-күміске малтығамыз деп келе жатыр ма десем, сіздің ой басқа жақта екен ғой. Осы топшылауыңызды Едігеге неге айтпайсыз?

- Е, шырағым, әзір ерте ме деймін Тоқтамыстың қойған көпшік мақтауынан, маңайындағылардың мадақтауынан көзін шел басып, құлағы бітеліп қалса қайтемін?

- Ім! - деп таң қалды Андысын. - Басқаларға айтпайсыз ба?

- Ә, олар ол ойды Едігеге жеткізе ме? Жеткізбесе желкем үзіледі. Шындық естуге ауыр. Талай адамға тек жалған сөйлеп, өтірік мақтасаң ғана жағасың. Өтірік уақытша ғой, ұзаққа бармас, соны күте тұру керек шығар.

Қолында еш дәлелі болмаған соң Андысын да артын баққан. Көңілдегі күдікті айту бет алған жолға, алған ойға көлеңке түсіру, кедергі келтіру. Тек ана бір топты бақылауын күшейткен. Сол бір әңгімеден кейін ақсақал да томаға-тұйық.

Көп кешікпеді. Шамасы барар жолдың жарымынан асқан. Табан асты сусыған құм. Шөл көліктерді де, иелерін де қысқан. Көздің ұшында көрінген сексеуілді орман елес сияқты, мана көздері шалған көл дегендері таяй келе сағым боп, сақтарын сындырды. Жүріс қиындаған сайын ана топтан сабыр қашып, маза кетті. Әркімге иіліп ақыл айтып, дызақтап, ат үстінде қопандап, жиі-жиі шапқылаған.

Ақыры жеткен жерлеріне бәрі тоқтады. Қым-қиғаш сөз осы жерде басталған. Барар жердің алыстығы, азық-түліктің жетіспейтінінен басталған сөзді әркімнің аузына салған ана топ тым-тырыс, езулеріне күлкі үйіріліп қарап тұр.

- Басымыз аманында қайтамыз.

- Бізге тірлік керек.

- Мына шөлде ұшып өлгісі келгендер бара берсін.

Едіге күні бүгінге дейін өзін маңайлап жанынан шықпайтын, жақсы киім, жүйрік ат мінгендерге қарады. Қарасында сендер не айтасындар деген сауал тұр еді.

- Қайту керек, босқа қырыламыз.

- Төке хан елін таба алмаймыз, - десіп олар шу-шу етті.

Жандайшаптардың жолбике екендігін Едіге де түсінді. Бірақ бұлар бұл жорыққа Едігемен бірге неге шықты. Мақсаттары қандай еді? Әлде осыларды осы жорыққа қосып жібергендердің басқадай ойы болды ма? Ол арасы енді белгісіз. Қазір бұларды жазалап тастағаннан да ештеңе өнбейді. Қан төгісетін шақ та бұл емес. Едіге Сандал көктің үстінде бойын түзеп, кеудесін көтере ұн қатты.

- Соңыма ерген азаматтар, ер көңілді жасақ. Бізді нұрлы күн, мәуелі жеміс, белшеден батқан олжа күтіп тұр деп өтірік айтып, сендіреміз жоқ. Ханның алдында сендер де, мен де осы істі тындырамыз деп уәде еттік. Уәде құдай аты. Уәдеден тайғанды қарғыс атады. Біреуді зарлатып, жылатып, барын тартып алайық деп келе жатқан жоқпыз. Іргесі бүтін елдің шетін жырып, бірлігімізді, тұтастығымызды бұзған Төке ханды тәубаға келтіруді ойладық, Мен осыған сендім. Жорықтан жұмақ іздемейді, олжа дегені көмекейден түйілмей өтпейді. Ел бірлігін ойлағанын менімен біргесіндер. Мен сендерді елге аман-сау, уәдені орындап қайтатындарыңды міндетіме аламын.

Мына жүрістен түңіліп, үміттен гөрі күдікке бой алдырғандар Едігенің сенімді де, нық сөзін естіп, құлақтарын түріп, елең еткен. Үміт ұшқыны жылт еткендер бір-біріне қарасты.

- Біз сенімен біргеміз.

Бірақ көңілдері алаң, жүректері күптілер де жеткілікті еді. Оларда сенімнен гөрі күдік басым, түңіліп те болған. Оларды түңілдіргендер де жақсы аттылар. Қайтамыз, басымызды амандаймыз дегендерге Едіге тосқауыл қоймады. Сол жерде жақсы аттылар да ат басын кері бұрған, оларға ілескендер қолдың көпшілігі еді. Едіге қайта осындай опасыздардан құтылғанына қуанды. Аз да болса жанында қалғандар тас-түйін боп бекігендер. Солардың арасында Аңдысын досы, жол бастаушылыққа алған жетпістегі ақсақал.

- Сенім білдіргендеріңе рахмет. Сенім түбі тәуекел, тәуекел түбі жел қайық, қиындықтан өтерсің деген. Біраз жұрт кетті екен деп ұнжырғыларың түспесін, еңселерің биік болсық - деген Едігенің сөзін қалған жасақ.

-Пәлі! Пәлі!

- Айтсаң осылай айт, - десіп қарсы алған.

Көз жеткісіз құмды даламен жүріп өту оңайға соқпаған. Екінші күні дауыл тұрды. Төңірек түнеріп, дауыл құм мен шанды аспанға көтерген. Көздерін шаң мен тозаң басқан халық жан-жақтарына қарауға да мұршалары келмей әрең-әрең жылжып келеді. Кейбіреулері аттарын жетектеп алған. Ат үстінде аман қалмасын сезген Едіге жаппай жаяулауға бұйырып, өзі де пана іздеген. Тапқан панасы маны алыстан көрінген топ-топ сексеуілдің бірі екен. Жан далбастап жүріп соңына ергендерді сонда жеткізіпті. Оған да шүкіршілік те. Маңайда айғайлап, бірін бірі іздеген дауыстар естіліп қалады. Дауыл құм-қиыршықты көтеріп, сабалап ұрып тұр. Түйе біткен теріс қарап жата кеткен, аттар артын дауылға бере ықтап, бүрісе-бүрісе қалыпты. Көзге түрткісіз түнек. Біреуді біреу біліп болар емес, әркім өз басымен қайғы, пана болған сексеуілдің түбін арши түсіп соған тығылып әуре-сарсаң еді.

Ұзаққа созылған дауыл да саябырсыды. Естерін енді жинаған жасақ та әр бұтаның түбінен бастарын көтерген. Көздеріне қиыршық тиіп ыңырсығандар да бар. Біреуге-біреу қарап болмайды, бет-ауыздарын шаң топырақ басқан, кір қожалақ, сұрықтарынан кісі шошығандай. Жатқан түйелерді жарым-жартылай құм басып қалыпты. Үстерін басқан құмды төге сүйретіле тұрғандар

- Шу! Шу! - леп, қамшы үйіріп түйелерді тұрғызған.

- Не деген керемет дауыл? - дейді жас жасақшының бірі.

- Құтты Арқаның ақпандағы ат құлағы көрсетпес боранындай, - дейді тағы бірі.

Жұртының ендігі әуселесін байқаған Едіге шеттеу шығып, айналаны ұзақ шалды. Иә, айнала жым-жылас. Ендігі беттері қайсы? Осыны сонау қарттан басқа ешкім айтып бере алмасы анық. Қарттың қайта-қайта қатты

жетелгенін көрген. Әйтеуір аман екен, оған да шүкіршілік.

- Біз міне, тағы бір сыннан өттік. Сұрапыл дауыл да асу бермес асу еді. Біздің беріктігімізді ұлы жаратушы өстіп те бір сынаған шығар. Осыған төзгеніміз алдағы қиындықты да жеңетінімізге еш күмән келтірмейді, - деді қайта оралған Едіге айнала тұра қалған жасақшыларына.

Шаршап-шалдықса да тас-түйіндей бекіген сенімді жігіттерімен Төке ханның еліне жеткен Едіге сол ханның сан мыңдаған жылқысын айдап қайтып, бір ұядан шеттемек болғанды тәубасына келтірген еді.

- Иә, ол да бір кезең де, - деп ұйқысы қашқан Едіге сырма шапанын жамылып сыртқа шықты. Алқа қотан ауыл ұйқыда сияқты. Үрген иттің де дауысы естілмейді. Тек, сонау бір тұста маздаған от көрінген. Айсыз түннің қараңғылығында жанған сол от Едігені еріксіз өзіне тартты. Отты көсеп қойып, әңгіме тыңдағандар қараңғылықтан суырылып шығып, күркеге сүйене отыра кеткен Едігені байқамады. Отқа түскен жас тобылғы қызған сайын тырс-тырс етіп сынып, хош иісін де шашып, отырғандарды әңгіме жүйесіне онан әрі баурағандай екен. Баршасын аузына қаратып отырған Андысын тақиясын төбесіне қарай түре киіп, кішірек домбырасын баяу ғана шертіп қойып, мол әңгімеге кіріскен. Тыңдаушының көбі балаң жігіттер.

- Иә, сосын, сосын..., - деп дегбірлері кетіп отыр.

Әңгімешіл Андысын ертеректегі батырлар қисасының бірін айтып, отыр ма деген Едіге. Жастарға ұнайтыны да сол ғой. Арпалысы көп мына заманда ерлік дастаны жасты намысқа баулиды. Иә, Андысын бекер түн қатып отырмаса керекті.

- Иә, сонымен бұл жорық басталды. Ордаға Төке хан қырық жыл берешегін бермепті. Соны төлетіп, Төкені

тізе бүктіріп, Ордаға бас идіру үшін Едігені Тоқтамыс жұмсады емес пе.

Андысынның болған уақиғаны қалай жеткізерін қызықтап, Едіге құлағын түре түсті. Халықтың санасына сіңген ертегі аралас батырлар жырының үлгісімен кетсе, шындықтан тым аулақтап кетпесе де, мына жастардың ұғымына жеңіл Қалай болар екен?

- Кім барады қол бастап Төке ханның еліне, - деп Тоқтамыс хан көп ойланыпты, - Батыр деп жүргендерінің көбі жыланды көрсе айдаһар деп безетін, қара күші болса ақылы жоқтар. Ал, Едігенің аты күннен күнге дабырайып шығып барады. Осыны күндейтіндер де бар. Солардың ойы Едігені осы жолы ретін тауып бір сүріндіріп өтсе, тіпті көзін құртса құба-құп.

- Едіге барсын, - деді біреуі.

- Иә, Едігеден лайығы жоқ, - деп қостай кетті басқасы.

Бұл ұсыныс Тоқтамыстың ойының дәл үстінен түсті. Едігенің ағасы Балташықты өлтіргеннен бері өзінен де маза кеткен. Едіге халық аузында, беделі де күн сайын өсіп барады. Тұлғасы да ертегінің батырларындай еңселі. Кім біледі деген күдіктен айырыла алмай жүрген. Тап осы қиын сапарға аттандырса не сағы сынар, не өзі сынар.

Едігежан көп ләшкерге бас болып,
Бара қалғын мына Төке жұртына.
Төке хан да өзі келмес айыбына,
Ләшкер алып барған ғана рауана.
Рүстемдей алып сақып-қыраным,
Салғын барып көк орданың ұранын.
Қадамыңа болсын саған Алла жар,
Көндіресің басбұзарды ырқыма, -

деп Тоқтамыс хан Едігені шақырып, көптің көзінше шешімін айтыпты.

Едіге хан шешімін құп алады. Бармаса мына отырғандардың өзін айыпты санайтынын да біледі. Бабасынан қалған қылышты беліне байлап, мініске ат таңдайды. Қаншасы жүйрік болғанымен ұзақ жолға, қақтығыс шайқасқа шыдайтын атты көп іздеп, ақыры Сандал көкке тоқтайды. Жанына көп ләшкер ертіп, жолға аттанады.

Осындайда алты аласысы, бес бересісі болмаса да табыла кететін мысық тілеулі біреу табыла кетеді емес пе?

- Иә, иә, - десті тыңдармандар.

- Сол мысықтілеу Кенжен еді. Кезінде Ұрысханның оң қолы еді, енді ебін тауып Тоқтамысты маңайлай бастапты. Сол Кенженнің екі езуі екі құлағында. Тоқтамыстың Едігені қайтпас сапарға аттандырғанына жан-тәнімен мәз. Кенжен Едігенің алдынан шығып:

- Алдыңнан түкті шошқа шығып, жеп қоймасын, - деп ырсыды.

- Алыс сапар, ұзақ жолға шығып барамын, әйтпесе тілінді кесер едім, — деп Едіге де жүре берген.

Жол ұзақ, әрі ауыр болды. Ұшы-қиырсыз, бетбақтың шөлі, бұлдыраған сағымы теңіз боп көрінген шетсіз-шексіз құмды дала. Секектеген қоян да, көкектеген көкек те, ат тұяғына ілінер көкпек те жоқ меңреу дүние. Жол ортасына келгенде Құлман деген тақпақтап сөз бастады.

Жаңа келдік жолдың жарым жеріне,
Бұл жолдарда өлер болдық, жарандар.
Баратырмыз ұлы жолдың өріне,
Бізден бұрын онда ешкім бармаса,
Ешкім барып онан зекет алмаса,
Барған адам онан қайтып келмесе,
Біз өлерміз онда барып, жарандар.

Қажып келе жатқандар аттан түсіп, құлақ түре тыңдасқан. Мына шөлде не боламыз деген көбінің ойында бар. Көбі Құлманның сөзіне бас изесті.

Өсімдіксіз құр-тақырлы шөл болса,
Кірсе шықпас адам батар көл болса.
Шөлде қалып біз өлерміз, жарандар,
Бұл жандардан қандай адам сау қайтар.
Бара-бара азықтарда таусылар,
Ассыз, сусыз шетімізден өлерміз,
Бұдан да ащы алдағы көреріміз, -

деп үстеді Құлман.

Бұл Құлман Тоқтамыстың осындай қиындықты пайдаланып, ләшкер арасында араздық тудыру үшін қосқан адамы еді. Құлман қиындыққа төзбеген ләшкерлер тіпті Едігенің өзін өлтіріп тынар деп ойлаған.

Істің теріс кетіп бара жатқанын көрген Едіге де аттан түсіп, шағыл құмның биіктеуіне шыққан. Ләшкер бұл не айтар екен дегендей тым-тырыс. Құлманның тақпағына біраз адамның баса изегенін де көрді. Ләшкер толқу үстінде.

-Уа, бектерім, ләшкер! Рахатсыз жол екенін шығарда айтқанмын. Кейде еңбек-сор болады, түбі бар болады. Өзін мүсәпір сезінген мәңгі бақи қарып-құл болды. Ол жұмақта жүрсе де өзін шөлдемін деп есептер. Пенденің адал ісіне Алла жар. Алланың ісінде өксік болмас.

Едіге ләшкерге барлай көз салған. Толқып тұрған жұрттың біразының беті бері қарағанын байқады.

- Дұрыс айтады. Біліп тұрып шықтық қой бұл жолға.

- Енді кімді кінәлаймыз? Ол болмас.

Оттың жарығы болған істі жырдай қылып жеткізіп отырған Андысынның жүзінде жүгіріп өтті. Тобылғының бүршігі лап етіп жанды да, от сәл басылып, тырс-тырс сынған бұтақтың үні естіледі.

- Е, бәсе, Құлман айтты деп ел көне қоя ма?
- Батырдың сөзіне тоқтайды ғой, бәрі, — десіп тыңдап отырған жастар дуылдаса қалған.

- Жоқ, - деп басын шайқады Андысын. - Ләшкердің арасында Кенженнің де қосып жіберген адамдары бар екен. Енді елді ірітуге солар кірісті. Ләшкердің арасында қилы-қилы қауесеттер таратты. Хан Едігені барса келмесе жіберген. Әйтпесе бұрын қол бастамаған жас жігітті осындай жорыққа жібере ме? Осыдан-ақ түсінсеңдерші. Біздің де осы жолдан қайтпай қалуымыз мүмкін. Не себепті ажалға бас тігеміз. Қайтайық жігіттер, - деп азғырды олар.

- Ойпырым-ай, нағыз өлімге айдаған екен-ау.
- Ажалға байлап беріпті ғой, Едігені, - десіп қопаң-қопаң етісті Андысынды тыңдағандар.

Ләшкердің тағы толқуға түскенін көрген Едіге сонда былай деген еді, деп Андысын домбырасын баяу шертіп өзі тақпақтап кетті.

Ләшкер болып шықтыңыздар, жігіттер,
Жарты жолда бұзылуға не себеп.
Ер киімін киген қатын ба едің әлде сен.
Жиналғанда өңкей батыр, ерміз дедіңіз,
Неше ұрыста болған едіңіз?
Уәдені енді неге жедіңіз.
Ең болмаса бір көрместен ұрысты,
Қылыш сілтеп, найза атқан тұрысты,
Жол ортада бұзылдыңыз не үшін,
Қорқақ пенен опасызға жол болсын.
Мәрт жігіттер етер ісін тойламас,
Мақсатына жетпей тағы қоймасты.

Іріткі түскен әскер қақ жарылды. Азғыруға ергендер көпшілік болып шықты да, аттың басын кері бұрды. Бұлардың хан бұйрығын орындамай, хан қаһарынан

қорықпай елге қайтуының өзі әуелде бұл жорықты сәтсіздікке ұшыратуды ойлағандардың іс-амалы екені тіпті анық еді. Сонда да Едігенің жанында оған сенген біраз адам бар еді. Ал мен:

Әй, жігіттер, ана Кенженге сәлем айтыңдар. Қуанышы қойнына сыймаған шығар, ырсиып түбі сойған түлкі сол болар, - дедім. Мұным Құлманға жақпады.

- Тіліңе шок түссін, - деп көзін алартып.

- Тілге түскен шок сөнер, өзің елдің қарғысын арқалап барасың ғой, түбің оңбас.

- Түбімде нең бар? - деп ашуланды Құлман.

- Тоқалыңның некесіз тапқан балалары болмаса, - деп тағы үстедім. Құлман бидің әйелі жігітшілік қылады дегенді естуші едім. Бізді келмесе кетті деді ғой, ең болмаса соны айтып жерлеп қалғым келді.

Аз ғана қолды бастаған Едіге ләшкерінен шақырымдай жерде алда отырып, қауіп-қатерді өзі болжайды екен. Кейде тәулік бойы көрінбей де кетеді екен. Сондай бір жүрісте Едігенің астындағы Сандал көк аяғын ілгері баспай қойыпты. Қамшы салдырмайтын атының мұнысына таң қалған Едіге былай депті деп Андысын тағы тақпақтап кетті.

Талай күндер жолдас болған пырағым,
Қол қанатым, қолға тұтар шырағым.
Жануарым білмей тұрмын жайынды,
Не себептен күндегідей жүрмейсің?
Тең келмейді ешбір атқа сияғың,
Шаршады ма көп талпынған аяғың,
Ауырды ма тасқа тиіп тұяғың,
Не себептен қол қанатым жүрмейсің?

Андысын досының болған уақиғаларды аңыз-ертекке қарай бұрып бара жатқанын түсінсе де Едіге тырс етіп

дыбыс шығармады. Андысында ақындық бар. Ақын арқалы болады деуші еді, мүмкін сол арқасы қозған болар.

Едіге алдында бір қатердің барын, аттың соны алдын ала біліп жүрісін саябырсытқанын білді, - деп созды әңгімесін Андысын.

- Иә, ол не пәле екен? - деп шыдамсыздың бірі.

- Төке ханның жолда сан тосқауылы бар. Соның бірі сары дәу дегенді ләшкер естіген. Біраз жүрген соң сары дәудің мекені де көрінді. Онысы қос екен. Қосқа жапқан түңілік әлде желден бе, әлде дәудің демінен бе желп-желп етеді. Сонда Едігенің есіне түсінде Баба түкті Шашты Әзиз бабасының «дәуді шашынан ұстап сүйре» дегені түскен екен Сары дәудің атын да, қаруын да Едіге алып қойды. Ұйқысынан есеңгіреп тұрған дәу:

- Қайсы елдің, қайсы ханның не ұлысың, не құлысың? - деп сұраған.

- Мен Орданың ұлымын. Танымасаң тани жатарсың Едіге деген атымды.

- Ә, - деп аңырды сары дәу. - Төке ханды шабуға шықты деп еді бір баланы. Сен екенсің ғой. Ер болсаң атыңды бер, қаруыңды сайла.

- Күш атасын танымас, қарусыз да айқаспас па нағыз ер, - деп Едіге аттан түсіп жолын тосты. Ес білгелі өзіне ешкім қарсы келмеген сары дәу өгізше өкіріп, Едігеге тап берді. Дәудің шашын орай ұстаған Едіге сол бетте жұлқи тартып, мойнын қолтығына қамти қысып, жанын алқымына тығады.

- Осы жерін, осы тұсын өлеңге қосыңызшы, тыңдауға әдемі, - деп қолқа салды Андысыңға айнала отырғандар.

Шаштан тұтса шығар дәудің жаны,
Төке ханым бұның бергін бажыны.
Алыстым, тұтыстым әсер қылмады,
Осы кезде менің жолым болмады.

Бұл ақ дәуің түсті ердің қолына,
Кездеспедім мұндай адам ұлына,
Керектерін тез шығарып жолына,
Төке ханым бергін мұның бажыны, -

деп зарлапты сары дәу деп Андысын ұсынылған кеседегі шайды баптап ішіп, аз-мұз дем алған.

- Керемет екен, - деп отырғандар мәз. Көлеңкеге қарай сырғи түскен Едігенің тап жандарында отырғандарын сезер емес.

Төке ханның жасырын қойған адамдарының бірі болған уақиғаны ханға жеткізіпті. Үлкен Орда жағынан қауіп ойлаған Төке хан әрдайым ләшкер ұстайды екен.

Соны Едігеге қарсы аттандырыпты. Едіге бұл тұста сары дәуден ханның мыңдаған жылқысының, қаладан тыс жерде жасырын сақтаған қазынасының қай жерде екенін біліп, жылқыны айдап, қазынаны алып та үлгерген екен.

Төке ханның қуғыншы ләшкері қуып жетіп, жолды бөгеді. Өзінен күші басым жау жаппай лап қойса өз адамдарының да қырғынға ұшырайтынын түсінген Едіге Сандал көкті ойнақтатып ортаға шығып:

Ат қоймаққа бәрің бірдей келдіңдер,
Жекпе-жекке шыққан ғана жеңдім дер.
Бар ма екен аранда ермін деген палуан,
Күші асқан, өнері асқан барлығынан алуан.
Ақ алмасты алып тұрмын қолыма,
Қарсы келер бар ма екен жолыма,
Қайраттысы келсін енді алдыма,
Қарамаймын мен де оңды-солыма,
Едіге дер, түспе менің ізіме,
Бәрің дағы құлақ қойғын сөзіме,
Қай батырың тең келмейді өзіме, -

деп Төке хан әскерін, батырларын қайрап, жекпе-жекке шақырған.

Едігенің Төке хан ләшкерін кеміте сөйлегені талай-талай атаққа ие олардың да батыр, палуандарының қанын қыздырды. Ортаға бітімі бөлек шұбар ат мінген, зор денелі біреуі шығып:

- Иманыңды үйіре бер, - деп ақыра ұмтылған.
- Ажалыңа тап келдің, - Едіге қарсы шауыпты.

Бір-бір қағысып өткен. Енді ауыздығымен арпалысқан сәйгүліктерді арқыратып, аспанға шапшытып, аяңбай қылыш сілтесті. Найзағайдай ойнап, жарқ-жүрқ еткен алмас қылыштар көз қарықтырып, сарт-сарт етіп соғысып, шақыр-шұқыр шайнасқаны денені түршіктіріп, құлақ тұндырған.

-А...ау...ып,-деп Төке ханның палуанының ышқына ұрғанына қосылып, хан әскерінің:

- Сок! Сок! - деп айқайлағанынан айнала дүрліккен.

Келесі бір сәтте Төке ханның батырының ақырған үні жаны ауырған ұлуға ұласты да аттан төңкеріліп құлай берді. Батырынан айырылған хан ләшкерінің рухы түсті. Тап берген Едігенің азғана қолына шыдасып біраз тұрғандай. Жалаң қылышын басынан асыра ойнатқан Едігеге қарсы келіп қалғандар жалт бере қашса, үлгере алмағаны ажал тапты. Сол бетінде Едіге Төке хан ләшкерін қақ жарып өткен. Екіге бөлінген хан ләшкері енді қарсылықты қойып, тозы-тозы шығып, бет-бетімен құла дүзге безді. Қашып үлгере алмаған лошкердің жарымына жуығы қолға түскен. Едіге бұлардан кек алуды мақсұт тұтпады. Құла дүзде қалмасын деп үш адамының арасына бір ат беріп, тастап кеткен екен.

Бар қазынасынан, сан мыңдаған жылқысынан айырылған Төке хан не қылса да Едігені құрту үшін тағы бір топ ләшкерін Қара дәу дегенге бастатып жіберіпті, - деп созды әңгімесін Аңдысын.

- Қара дәуді тіпті бір сұмдығы шығар? - деп сұрады жас жігіт.

Әңгіменің қызығымен сөнуге жақындап қалған отқа тобылғының түйін-түйін тамырын тастады. От енді лапылдап жанбаса да шоқтанып, лып етіп тұтанып, қайта саябырсып, бір қалыпта еді. Аңдысын қызған шоққа тесірейе қарап, қиял жетегіне іліне қапты.

- Иә, Қара дәу не істепті?

- Ә, Қара дәу ма? Ол өзі тұла бойын түк басқан, адамнан гөрі айуанға ұқсаған, серейген бір пәлекет екен. Оны көріп Едіге іштей:

Қадір Алла
Жәрдем бергін бүгін маған,
Жаман екен мынау малғұн
Тітіркенді жүрек-баурым,
Рахым еткін қадір жайхұн, -

деп сиыныпты.

Қуа келген Қара дәу жер-көкті басына көтеріп:
Хабарласпай...
Ай, жігіт қайдан келесің,
Ұрымысың, тұрымысың,
Тауларды кезген шерімісің,
Өзің әлде перімісің, -

деп барқырай жеткен.

Едігенің адам дауысын естіп, жүрегі орнықты. Алла берген қуаты бойына қайта құйылып

Білдірсем саған өзімді,
Есіткін тура сөзімді.
Мен Орданың ұлымын,
Ашылған бақтың гүлімін.
Жаратқан Тәңір құлымын.
Таста, анау найзанды,
Тартарсың менен сазанды, -

деп жауап беріпті.

Сонда Қара дәу ыңыранып, жан-жағына сүзіле қарап,
Едігені менсінбей:

Әй, бала құлақ салғын сөзіме,
Ұрыспакка келдім өзіңе.
Бір мың қазақ тең келмейді өзіме,
Бахадырбек дейді менің атымды,
Сенің енді ешкім естімес датыңда,
Сені жеген қарға бармас жұртына,
Кебініңді пішіп кеткін үстіңе, -

деп қоразданыпты.

Күркенің көлеңкесінде отырып, Андысынның ертегідей әңгімесін тыңдаған Едіге сол бір ұрысты көз алдына елестетті. Қара дәудің қара жерді айырғандай ақырғаны құлағынан кетпейді. Тіпті астындағы Сандал көк те дір-дір еткен. Қарсы шапқан бетте қылыш сілтескен. Сонша болмады қылышы әуеде айналып барып, жерге қадалды. Не күш, әлде не айла екенін түсіне алмаған Едіге қару іздеп жан-жағына кез салған. Соңынан тұра қуған Қара дәудің атқан жебесі иығынан аса зу кетті. Едіге де садағына жармасқан. Кейін бұрыла бере шірене тартты. Оқ өңменінен қадалса да Қара дәу құлар емес. Екінші жебесі өндірішті тесіп, желкесінен шыққан еді.

Едіге Андысынның ертекей әңгімесін ары қарай тыңдамай сырғып орнынан тұрды да өз үйіне беттеді. Аңыз осылай туындайды екен-ау деді іштей.

Ертеңіне Тоқтамыс ханнан өзін шақырған пәрмені жетті. Төке ханнан ала алмай жүрген сан жылғы қаржыны өндіріп, өзін тізе бүктіріп келсе де Тоқтамыстан аса ризалық көңіл таба алмады. Оны айтасың, өткенде бұларды орта жолда тастап кеткен Құлман би атанып, ханның оң тізесінен орын алыпты. «Сіңірген еңбегі қандай екен» деп сыбырласқандар

қанша риза болмаса да хан қаһарынан қорқып, күңкілдесуден аспаған.

Тоқтамыс ханның ордасының маңы ығы-жығы. Орданы сыртынан баққан күзетші, қызметші дегендерден басқа аса таяқ ұстаған, дүниеауи тірліктен безінген дәруіштер де жетерлік. Бірі кіріп, бірі шығып жыртылып айырылған жұртта есеп жоқ. Едігені танығандардың талайы жастығына қарамай иіліп сәлем берсе, кейбірі Едігенің мысы басқандай ығысып, сонда да қабақтарынан ызғар білдірген. Иә, мұнда әркімнің өз орны бар, әр лауазым иесінің өзіне ғана басыбайлы, соған ғана қызмет ететін адамдары бар. Бәрі де бір-бірінің ауыздарын аңдып, үйіріліскен. Бұлардың ішіндегі бір елгезегі, сөзі өтетіні Едігені тура хан ордасына ала жөнелген.

Тоқтамыстың қабағы түюлі. Берген сәлемге иек қаққан да қойған. Оның алдында далбалақтап бас иген Құлман, ие енді Құлман би

- Ұлы мәртебелім, менің ойымды айтып үлгермедім, - дей беріп еді, Тоқтамыс оны «жә» дегендей қолын сәл көтеріп тоқтатты.

- Біздің одан да маңызды шаруаларымыз бар, - деді түсін жылытпаған хан.

- Иә, иә. Дұрыс айтасыз, - деп костады айналасындағы ығай мен сығай.

- Анау алыс жатқан Тарқас ханның елі бізге жаулық ниетте дегенді сан естідіндер. Сол туралы не айтасындар?

Билер бір-біріне қарасты. Кілемнің бір шетіне отыра кеткен Едіге қабақ астымен бәрінің жүзін шолып шыққан. Анау Кенжен де осы арадан табылған екен. Жаңа ғана тоя ішкен астан бидің біреуі кекірік атып отыр. Ол сол отырысының өзін мәртебе санайтындай.

- Қане, не айтасындар? - деп хан тағы қайталады.

Жым-жырт тыныштық. Алақтасқан билердің назары би болмаса да осы кеңеске шақырылған Едігеге жиі-жиі ауа берген. Көбінің ойында «хан мұны неге шақырды екен, осы сауалының шешімі түбі осында болмасын». Хан мен Едіге қайта-қайта қарағыштаған Кенжен қақырынды.

- Хан ием.

- Иә, не айтарың бар?

- Сол дұшпан ниеттегі елге біреуді жіберіп...

- А, а? Дұрыс айтасың, - деп дәл өз ойларының үстінен түскендей қалғандары жапырыла қостады.

- Им! - деп ыңырана ойланғандай Тоқтамыс хан маңдайын сипады.

- Біреуді дейсің бе?

- Жоқ, ә, жалғыз емес, жанына үш-төрт адамды қосып.

- Топ қылып па? - хан бұл сөзін жақтырмағандық лебі білінген.

- Енді былай...

- Сонда бұл жолға кім лайық?

Хан сауалына жауап бере алмай билер тағы алақтасып, күшенісіп, ырсылдап, шашала қақалысқан. Осы жолы Құлман би озды.

- Хан ием, - деп күлмең қақты.

- Ал...

-Қиындықтан қиыстырып өте білген Едігеден артық ешкім табылмас.

Едіге мәселенің өзіне ауатының сезіп отырған. Қабақ бермеді. Тағы да үнсіз тыныштық. Едіге не дер екен дегендей енді би біткен соны аңдыған. Әйтеуір хан сауалына жауап табылды-ау. Бұл жолдың да қайтпас сапар екенін іштері сезеді. Құлман да тауып кеттім дегендей масайраған.

Несі бар? - деді Едіге, - Дұшпанның бетін білу үшін барсақ барармыз. Тек...

- Не, тек? - деп түйілді Тоқтамыс та терісі кеңіп.

- Тек осы жолы ақылшы ретінде Құлман биді қосып берсеңіз.

Өз атын естіген Құлман би ажал келіп жағасынан алғандай қопаң етіп шегінген қалпында керегеге арқасы жетпей шалқалай беріп құлады.

- Құлман би қостап отыр ғой деймін, - деп Едіге мырс еткен.

Би атаулының бет жүзінде күлкі сияқты сайқымазақ бір құбылыс жүгіріп өткен. Дегенмен де «біздің де атымыз аталып қалмасын» деп сақтық жасап, жасқаншақтап, төмен қарасты.

- Мен...Мен аурумын ғой, - деген Құлман үні талып шықты.

-Япыр-ай, сөзіңіз ірі еді, - Едіге де басқан азуын жазар емес.

- Ауырып...

- Ауру шығар, өзі жаман құлады ғой, - Кенжен би енді сөздің алдын алуға ұмтылған, - осы қайсымыз сау дейсіндер. Енді дұрысы өткен жолы Едігемен сапарлас болып келген шал бар еді ғой, аты кім еді.

- Әлгі көксау ма? - деп қалды аузы жеңіл біреуі.

- Ай, сен де..., - деп ренжіді Кенжен би.

- Көксау болса қалай барады. Құлман биде ондай ауру көрінбейді, - деп Едіге өз пікірін үстей түсті.

- Жоқ, ол шал көксау емес, жай өткенде шаң жұтқан ғой, аты...

- Оның аты Сейтәлі, - деп біреуі анықтап жатыр.

- Ширақ адам.

- Әлі тың, ақылынан да жаңылған жоқ.

- Иә, иә. Соның ақылы өткен жолы Едігеге дұрыс болды, - деп Құлман би бас көтерді.

- Ақылы мол, өзі тың болса Сейтәлі ақсақалды Құлманның орнына би етсе болады екен, - Едіге енді осыған не айтар екенсіңдер дегендей бойын тіктеді. Құйрығымен от басып алғандай қозғалақтап тыпыршыған Құлман болмаса басқалары тағы мелшиген меңіреу қалыпқа енген. Тоқтамысты ой басты. Едігенің бүйтіп шешіле сөйлегенін бұрын байқамаған. Қадалған жерінен қан алады екен. Мұны тұсап ұстаудың енді қандай айласы бар. Еркіне қоя берсе... Жо... жоқ, ол болмайды. Осы жолғы айтқанын да орындамас. Өйтіп еркінсітпе. Бұл амалды құрған өзі екен, ендеше шешуін де өзі айтады.

- Жә! - деп қолын көтерді Тоқтамыс хан, - Барасың ғой?

- Иә, барамын.

- Қасыңа кімді алатыныңды мен шешемін. Құлман би осы жерде маған керек. Ақылшыңа Сейтәліні аласың.

Тағы бір жолдас ертуіңе де рұқсат етемін. Оны тандау өз еркінде. Дайындығыңды жасай бер. Керегін қазынадан ал. Жүрісің бүрсігүні.

Белгісіз жол, беймәлім жұрт. Көпті көрген Сейтәлі ақсақалдың өзі бұл жақта болмаған екен. Қабағы кату жат жұртқа бұл жақтан хабары болмаса да Сейтәлі ақсақалды қосып жіберу хан мен оның айналасындағылардың ішкі есебі екенін Едігенің көңілі сезген. Әсіресе, Сейтәлі осы сапарға кетеді дегенді естігенде ауруы ұстап, жаны мұрнының ұшына келіп отырған Құлманның қопандап бас көтеріп, күлмең қағып, кәрі текенің сақалындай иегіндегі бес талы шошаңдай қалғаны есінде.

Ат арытып, өздері де ешкімнің көзіне түспеуге тырысып, жортқандарына талай күн. Батыстағы алашабыр бұлтқа күн де кірген. Ат соқты болған ақсақал күрсінді. Айнала кеш реңіне бөленіп, қарауытқан

жоталар. Аттан түсе қалған Аңдысын да шалдыққанын білдіріп, керіліп аяғын созды. Сандал көкті өздері тоқтатан шоктай ағаштың біріне байлап, Едіге батып бара жатқан күнмен бірге сан түске боялып, алаулаған бұлтқа қарап ұзақ тұрды. Күннің шығуы мен батуы кезіндегі аспан әлемінің құбылысына көз тоймайды. Бұл сәтті тамашалаудан Едіге де сонау бала кезінен бір жалыққан емес. Тек, сонау бір биіктің басындағы обадан қарақұстың қалбаң етіп, көзден таса болғанын ғана аңғарды. Айнала тыныш. Осы тыныштық жеңіп, азынаулақ астан дәм татты да, ерді жастанып жата кетті.

Таң мезгілі еді. Тырс еткен дыбыстан селк етіп оянды. Самсаған адамның қоршап алғанын көрді.

-Тұрындар! Жау!

- Ә, не дейсің? - деп атып тұрған Аңдысын мен ақсақал қылыштарын суырысты.

Шамасы елуден асатын адам көк найзаларын кезеп, келіп ақ қалды. Сандал көкте дұшпанның қолына түсіпті. Жаудың тосқанын қалай аңдамады екен. Кешегі кешкі тау басында қопан еткен шынымен дұшпанның бақылаушысы болғаны ма? Ең болмаса Сандал көк астында емес, онда араласып, шабысып көрер еді.

- Қарсыласпандар, - деп ақырды қарасұр атқан мінген біреуі.

Бұл сапарының ажалды жол екенін түсінгелі қашан. Ажалдың жетуі үйде ме, дүзде ме бәрібір. Жастығыңды құша кеткенге не жетсін. Бірақ, өз басы жалғыз болса ғой. Ажал құштыратындай мына ақсақалдың, ана өрімдей жас Аңдысынның не жазығы бар. Әлі де бұларды құтқару амалын ойлау керек. Алла көрсетер күнін тауыспасын.

Едіге қылышын қынабына салды. Едігеге қарап басын шайқаған Сейтәлі ақсақал да, Аңдысын да қарсыласпас ниет танытты. Өзегін өкініш өртеп, тұла бойы қайнаған кектен қаны басына шапса да, бұдан басқа жол жоқ еді.

- Жауласу ниетімізде жоқ, - деп сөз бастады Сейтәлі.

- Онда неғып жүрсіндер. Сендерді бүгін үшінші күн бақылап отырмыз, - деп күлді мұртты қара.

-Жауласуға қол бастап келеді. Біз жалғыз жарымбыз.

- Қолға түскен соң кім не деп сайрамайды.

- Кімге не жазады ол Алланың ісі ғой, - Едіге өздерін қоршағандарды сабырға шақырған.

- Қолға түсті деп кім болса да қорлай бересіндер ме? -деп ақсақал сөзге араласты.

- Қорлаймыз ба, күл етіп сатамыз ба, олде қазір ажалынды береміз бе, енді ол біздің іс, - деп қарасұр атқа мінген мұртты қара ширықты.

- Қорлағаннан, құл болғаннан ажал артық, ендеше өлтір, кане, - Ақсақал тайсалар емес.

- Асығып тұр екенсің, - деп кіжінді мұртты қара. Қылышын суырып, қайта қынына салды, - саған бола қылышымды қандарым жоқ, өзіңнің де кәрі қойдай жасың қалыпты.

- Сенің дегенің бүгін болып тұр ғой. Тағдырға не жазылғанын көре жатармыз. Алланың рахматы шексіз, - деп тағы да Едіге басу айтты.

- Алып жүріндер, бұларды?

- Қайда? - деп қалды Едіге әлі де болса ниеттерін танығысы келіп.

- Жүзбасыға апарамыз сені.

- Мына кісіл ерді...

- Өлмелі шалды тастап кетсе болар еді, әй қалдырмандар оларды да.

Жүзбасы сары сақал орта жастағы шикіл сары адам жол-жөнекейге арналған жеңіл үйде жалғыз отыр екен. Белуарына дейін шешінген денесін ұйысқан жирен жүн басыпты. Қолтығынан қолаңсаның иісі мұңкіген. Шыр бітпеген дененің сүйектеріне сап-сары терісі қурап қалғандай жабысыпты. Көзінің бірі көк, бірі қоңыр. Екі

і үрлі жанар екі жақтан сығалағанда атылатын жыландай осер қалдырады екен. Онысын да өзі білсе керек, і ібалдылықты аттағаннан Едігені ала-құла көзімен атып, шііи-жеген.

Кімсіңдер?

Жолаушымыз, мынау інім, - деп Андысынды көрсетті.

- Шал ше?

Ол кісі жолдан қосылды. Ағайын-туғаны жоқ, жалғыз басты адам екен. Өзі ауру.

- Сен не? Бар кем-кетікке пана ма едің? - деп мырс етті жүзбасы.

- Мұсылманбыз, дінде солай жазылған. Құранды аттап кетуге қақымыз жоқ.

- Діндар екенсің, онда шыныңды айт, қайдан келесің, қайда барасың?

- Арқаның адамымыз. Ел танып, жер көрсек деп шыққан едік.

- Ұсқының оған келмейді. Сен сияқты адам тек жауынгер болады.

Жүзбасының сенбегені көрініп тұр. Едігені тұқыртып алғысы келді ме, әлде қандай ойы бар, жоқты барды сылтаулатып, сауал үстіне сауал тастап, қазымырлана түсті. Ол тырнақ астынан пәле іздеген сайын алқымы бірде кеңіп, бірде кеуіп, екі түсті көзі екі жаққа ойнақшып, адам кейпінен кетіп қалып отырған.

Әлдебір шақта жүзбасы Едігені тексеруін тастай салып, Сейтәліге бұрылды. Ойнақшыған көзін тіктеп, ақсақалдың жүзіне қадады.

- Сен кімсің?

- Мен де жолаушымын.

- Сен кәрі теке, жөніңді айт, - деп ақырып қалды жүзбасы.

- Даланы кезген жолаушы аз ба? Т ағдырдың жазғанын көріп, даладан ырзығын тапқан көптің бірімін. Ешкімнің құлы да емеспін.

-Мен сені жүзіңнен танып отырмын. Осы кейпіңмен сан адамды алдаған, қақпассың. Біздің елге де сырынды бүгіп келіп, сыр тартпақ оймен келгенсің. Құл етемін мен сені, құл! — деген ашулы үні жүзбасының жүзін шикіл сары өңнен қызыл сары реңге ауыстырды.

— Көп тартса қалыбына деген, — Сейтәлі ақсақал сабырлы.

— Не дедің сен?

— Құл құлдың сөзін айтады.

— Кімді айтып тұрсың, қақпас.

— Сенің кім екеніңді сөзің айтып тұр. Көп сатылған құлдың бірі шығарсың.

-Доғар! Ит!

Бұл сөзді естіп жүзбасы екі көзі екі жаққа ойнақшып, құтырған қасқырдай боп кетті. Кәрі шалдың тілін тартпай, өзінің жер жебіріне жетіп кінәлауы, буындырып жібергендей ісініп-кебінді. Реңі әр түрлі түске еніп аузы-басы қисаңдап

— Қақпас, — деуге шамасы келді де, өзегіне қорғасын салған он сегіз өрім дойыр қамшымен ақсақалды басынан соққан. Дойыр, шоқпардан кем емес, оның соққысын жеген адамның тірі қалуының өзі екі талай. Қолы байлаулы Едіге ара тұра алмай, ашуына сыймай бұлқынды.

— Апарып қамандар. Шешімі ертең, — деп үкім етті жүзбасы.

Қамағандары жаппа. Үш керегенің басын қосып, үстіне кигіз тастай салған. Сүйретіп әкеп тастаған Сейтәлі ақсақалда дыбыс жоқ. Сірә, оны өлдіге санаса керек, қол-аяғы байлаусыз. Кіші бесін өте осы жаппада шалқасынан жатқан ақсақалдан Едіге де үміт үзгендей. Қолдары қайырылып байланған Андысын екеуін теріс қаратып тағы тіркестіріп қойған. Шаңдып байлаған қолдан жан кеткелі, аш өзектің талғанына қай уақыт.

Ең қиыны бір жұтым су. Ерін кеберсіп, тіл тандайға жабысқан.

Су, - деген Андысынның үні зорға шыққан.

Мүмкін сен су емес, с..... ішерсің, — деп мойнын зорға бұрды есіктегі күзетші.

Түннің бір уағы еді. Едіге қыбыр еткен дыбыс естіді. Ілесе ақсақалдың жеңіл ғана үһілегені жетті. Тірі екен. А, құдай бере көр. Біз осындамызды сездіріп Едіге жеңіл ғана қақырынды. Басын зорға көтерген ақсақал шекесін қос алақанымен сығымдап біраз отырды. Айнала тып-тыныш. Есікті күзеткен адамның еш қаперсіз бірқалыпты қорылы ғана естіледі. Ақсақал баяу сырғып, қосақтала байланған екеуінің жанына келді.

Қалайсындар? - деп Едігенің құлағына сыбыр етті.

Қол..

Шыдаңдар.

Сейтәлі ақсақал қарманып жүріп, шалбарының бір кыртысында қалған бәкісін шығарып, қыл арқанды асықпай кесті. Байлаудан ұйып, салдырап қалған Едігснің білегінен қаттырақ сипаған еді, қолдары отқа ұстағандай ду етіп, саусақ ұштары икемге келді. Ақсақал дәрмені кеткен Андысынның да есін жиғызды.

Күзетші тамсана түсіп, қорылды ұластырған. Керегенің бір шетіне басын сүйей ұйықтаған оны Едіге торкөздің бірінен қолын шығарып, еңбегінен сылқита соқты. Қор еткен дыбыс жеңіл шикылға ұласып барып тынған. Есікті ептеп ашқан үшеу әуелі күзетшінің ашымал сусынынан шөлдерін басты. Қылыш пен найза да табылды. Кермедегі үш аттың бірі жүзбасынікі, екіншісі осы күзетшінікі болар, әрірек байланғаны Сандал көк. Сандал көкті жүзбасы өзіне меншіктеген сияқты.

Ал, кеттік, - деді үн-түнсіз аттарды ертоқымдаған Едіге.

- Алла жар.

Жүзбасының жатағынан ұзаққырап шыққанша ат аяғының өзін еппен бастырып, шу шығармауға тырысқан. Ұзай бере жүрісті үдетті. Ақсақалдың астына тиген торы су төгілмес жорға, сыпыртып келеді. Жорғаның жүрісіне ілесе алмаған Едіге мен Аңдысын желе-шоқытқан. Біраздан соң арт жақтап шу шыққаны да естілді. Қатты айқай, иттердің шабалана үргеніне ат тұяғының тарсылы да қосылды.

- Қайда? Қайда?

- Алдын орандар, алдын, - деп қосылған қуғыншылардың қарасы да көрінді.

Жер жағдайын білмегендіктен, кездейсоқ ой-шұқырдан қауіп ойлап, ат басын еркін жіберіп, сілтей алмаған үшеуінің қарасын қуғыншылар анық көрді. Енді түлкі қуған аңшыдай қаптай ұмтылып, реті келсе қашқындардың бетін бұру. Едіге алда кезіккен жартасты айналып, іргесіндегі жылап аққан суы бар өзектен секіртіп өткен. Енді ат басын тартса қолға түсетіндері де анық.

- Жібер! - деді Аңдысынға бұрылып.

- Едіге, - деп Сейтәлі ақсақал шетсіз-шексіз жатқан құм даланы қамшысымен нұсқады. Онысы анау борпылдақ құм далаға салып, қуғыншылардың дымын құртып, адастырып кету.

Едіге ат басын ақсақал сілтеген жаққа бұрып, Сандал көктің үстіне шалқая жайғасып, ат тізгінін босатқан. Дегенмен қуғыншылар арасы аса алшақтай қоймады. Сүт пісірімге жуық уақыт өтті. Қуғыншылардың арасынан бөліне шыққан біреуі сондарынан қалмай құйындатып келеді. Сірә, аты тер шыққан соң еті қыза шабатын жүйрік болар деп топшылады Едіге.

- Құтыла алмайсың, - деген қуғыншының дауысы анық жетті.

Жүре беріндердеген белгіні көрсетіп, Едіге ат жүрісін баяулатты. Қыл жиренге мінген жас жігіт екен. Оның сілтеген найзасын қолынан жұлып алып, белдігінен көтере ат үстінен аудары беріп, беліндегі қылышын да суырып алды. Аттан төңкеріле түсіп тізерлеген бейшара көтерілген қылыштан көз ала алмай, алақанымен басын бүркеді.

Жаның олжа. Жас екенсің, - деп Едіге қылжиренді жетектеп жүре берген.

Тізерлеген қалпынан әлі тұра алмаған жігітке жеткен қуғыншылар сол жерге ошарылды. Найзаларын шошандатып, әлдене десіп дауласып тұрғаны анық.

- Енді қуа қоймас, - деді Аңдысын артына бұрыла қарап.

- Беттері қайтқан сияқты.

- Анау бір қалың шеңгелдерге жетсек, - деп Сейтәлі ақсақал алдыңғы жақты нұсқап, басын ұстай берді. Ақсақалдың басы-көзі ісіп кеткенін енді ғана байқады. Анау шеңгелдерге жетсек дегені, сірә, дем алып, жөнделмесек болмасқа жасаған ишарасы шығар.

Жаздың ортасында әбден жетіліп неше алуан гүлдерді өзара жымындасқандай топ-топ болып өскен қалың шеңгелге кіре шабысты баяулатып, орта тұсына шіккенде Едіге арт жақтағы қуғыншыларға көз салды. Біразы ат басын кері бұрыпты, қалғаны манағы ошарылған орындарында аттан түсіп, алқа қотан отырғандай көрінді. Сонда да сақтық ойлаған Едіге Аңдысынды ат үстінде бақылауға қалдырып, ақсақалды аттан көтеріп түсірді.

Уһ! Бас зілдей боп барады, Едігежан.

Қазір ақсақал, бір амал етерміз.

Зыр жүгіріп жүріп топ шеңгелдің арасынан бітеліп қалған ескі бұлақтың орнын тапты. Найзаның ұшы да, қылыш та күрек пен қайланың орнында. Тобықтан аса

қазған соң арғы жағы лайға ұласып, жеңілдей берді. Тізеден су білінді. Сейтәлі ақсақалды сол жерге көтеріп әкеліп, алақанымен ұрттатып су ішкізіп, көйлегін жыртып сулап, басын орап тастады. Ақсақалдың халін көтермей әрі қарай жүру мүмкін еместігін үшеуі де білген. Осы жерде ертеңге дейін аялдамақшы.

- Сен мынау екі атты ұзын жетекке алып, шеңгелден әрі ұзап шыға бер. Ана қуғыншылар да бізді байқауда ғой, тоқтамай кеткенімізге көздерін жеткізейік, - Едіге екі аттың үстіне найза шаншып, оған киімнен қарақшы іліп, атқа отырған адам бейнесін келтірген.

Төке хан еліне жасалған жорықтағы құмды боран, көзге түрткісіз түнекті шаңды дауыл Сейтәлі ақсақалдың денсаулығын төмендеткен. Шаң қапқан кәрі кеуде сонан бері сырылдап, өзін көксау атандырған. Енді міне басынан тигең соққы қосылып, сұлдері қалған кәрі сүйегін Едіге торжорғаға артып, елге зорға жеткізді. Едіге осы жылы өткендегідей мол олжамен оралмаса да Тоқтамыс оны жылы қабақ танытып қарсы алды. Тоқтамыстың бұл өзгерісіне айналасындағы билері таң. Бірақ, қарсы дау айтуға шамалары жоқ, қатын-өсек, күнкілден аспаған. Ауруы асқынған Сейтәліге Едіге жиі келіп, халін білген. Бір жолы ханның жеке тәуібін де әкеліп, қаратты. Қарттың тамырын ұстап ұзақ отырған тәуіп, шөптен дәрі жасап бергені болмаса, басын шайқап, ашылып ештеңе айтпай кеткен, соған қарап Едіге қарттың халі мүшкіл екенін ұқты. Ақсақалдың өзі де күнінің санаулы қалғанын білетін тәрізді. Күрк-күрк жөтеліп отырып, өмірде көргені мен ойына түйгенін Едігеге айтып қалғысы келген ниет танытқан.

- Мен сенің әкең Құтлықия ағадан кезінде сабақ алған едім. Жарықтық, білімдар адам еді. Құранды жаттатып қоймайтын, оның әр сүресіне тоқтап, ғылыми талдау жасаушы еді. Мына өзіміз өмір кешіп отырған ел, анау

алыс-алыс жатқан шүршіт, үнді-парсы, күнбатыстағы рум, фараң, орыстар туралы айтатынының өзі тарау-тарау тарих еді. Енді ондай ұстаз қайда? - деп күрсіне күрк-күрк жөтелген Сейтәлі ақсақал тершіген мандайын сүртті.

- Әкемнен мен де біраз оқыған едім, жалғастыра алмадым, - деп Едіге де ақсақал сөзін қостар ниетін білдірді, - Талай-талай кітаптарын әкем қайтыс болған соң Бұхардан келгендер алып кетті. Сен сақтай алмассың, жассың деді.

- Иә, сойқанды заман болды ғой.

- Үлгере алмағанымды әлі де біле түссем деймін.

- Оның жақсы ниет екен.

- Енді маған ұстаз қайда?

Басын көтерген Сейтәлі ақсақал тартып отырған тәшпиғын былай қойып, Едігенің жүзіне қайта-қайта қарағыштады. Айтары бар секілді. Сәл жөткірініп:

- Қарағым, - деді.

- Иә, ақсақал

- Осы сен Алтын Орда хандарының ірілігі мен кейінгілерінің қиым болып кеткенінен не хабарың бар? Талабың таудай екенін көріп жүрмін. Әуелі айналанды түсін, әйтпесе опық жейсің.

- Құлағым сізде, ақсақал. Білуге өзім де құштармын.

- Құштар болсаң тыңда.

- Алтын Орданың бастауы сонау Жошы хан, Батуханнан екенін білетін боларсың. Жошының астанасы Ұлытау. Ол сол жерді ерекше таңдап алған ғой. Әуелде ордасын Арқадағы Айыртау, Ортау маңына тіксе керек.

- Солай деп естігенмін. Ұлытауға қалай кетті екен.

- Оған Сүбітай баһадүр себепші. Жошының бар ниеті сонау күнбатыс жақты алу екенін Сүбітай ертерек таныса керек. Сонан Жошы ханға «ойың батыста ғой,

Орданы ендеше Ұлытауға апар. Сол тұстан болашақ жасар жорығыңа ұрымтал жер жоқ» депті.

- Ә, бәсе, - деп қалды сөз қостаған Едіге.

- Жошы Ұлытау өңірін көргенде «Барлық төрткүл әлемде мұндай жанға жайлы жер, мұндай таза ауа, мұндай тәтті су, шабындық пен жайлым болуы мүмкін емес» деген екен.

- Паһ! Неткен әсем теңеу.

- Иә, шырағым сендердің де біраз бабаларыңның мүрдесі сол Ұлытауда, сонда жерленген.

- Әкемнің айтқанынан естігенім бар.

-Әкесінің арманын орындаған Бату еді. Оны ел күні бүгінге дейін Сайын хан деп атайды. Ол анау алыста жатқан орыс түгілі, онан арғы Түніай өзені, Карбет тауларын мекендеген елді де бағындырып, Алтын Орда деген алып мемлекет құрды. Ол кезде оған қарсы келер әлемде ешбір ел жоқ-тын. Бүкіл батыс аяғына жығылуға әзір-тін. Керегі не, ақымақтықпен сол қуаттан айырылып қалдық қой, - Ақсақал ұзағынан күрк-күрк жөтелді. Тамағын жібітуге жылы су сұрап ішті.

- Иә, - деді әңгімені жалғастырғысы келген Едіге.

- Алтын Орданың әлсірей бастауы Тоқта ұлы Елбасардың кезінен басталды десе болады. Ол елбасар емес, нағыз боқбасар болып шықты. Мұншама күншіл, айналасын, тіпті туған-туысқандарының барлығын, олардың тірі екенін көре алмайтын адамның болғанына таңсың. Ол Бату әулетінің бар іске татырларын қырып салды ғой.

- Не үшін?

- Елбасар түбінде өзінің ғана ұрпағы өссін, жаманы да , жақсысы да таққа ие болсын, солар ғана билесін деген арам ниетте болған ғой. Сөйтіп Бату тұқымын қырып жіберген, ол түгілі туған інісі Тоғыршынды өлтіріп, әйелі сұлу Байалынды әменгерлік жолмен өзі

аигап. Ал, Тоқты хан қайғыдан екі бүктеліп, дертке ұшыраған. Тоқты хан өлер алдында Тоғыршыннан 14 жасар ұл барық оны Шеркестің таулы-орманды жерінде жасырып асырағанын айтқан. Сол ұл Өзбекті алып келуге тақтың тірегі Исатай мен Алатай кеткен екен. Сол екі ортада Тоқты хан өліп, Әмір Тоқбұға ұйғыр өзін хан деп жариялапты. Өзбекті алып оралған Исатай мен Алатай ебін тауып сарайға еніп, Тоқбұғаны өлтіріп, басын шауып, қадаға шаншып, «қараның хан болуы осымен тиылсын» деп, ел аралатып жіберген екен.

Тағы да су ішіп тамағын жібіткен Сейтәлі ақсақал әңгімесін созды. «Иә, қазақта хандық тек төре ұрпағынан. Ол елдің бірлігі, татулығы үшін. Анау Арғын Алшынмен, Адай Кереймен, Найман Үйсінмен тақ үшін таласып, тайпамен тайпа соғысып, ел тозғындап кетпеу үшін жасалған шара. Өте дұрыс. Тек билік басындағы төрелер Шыңғыс ханның сол заңын дұрыс алып жүре алмады. Ел бірлігі сақталса да, биліктің бірлігі кетті.

- Им, Өзбек хан осылай келген екен ғой.

- Өзбек елді қайта біріктірді. Тақтан дәмекендердің меселін басты. Өзбек хан боп жарияланған соң оған құтты болсын айта келгендер де, әр түрлі лауазымнан дәмелілер де көп еді. Әсіресе Жошының Батудан басқа балаларынан тарағандардың оғаш істеріне Өзбек қатты ренжулі болатын. Сонан жаңа ханнан жаңа лауазым күтіп, басыналарын айтқан оларға Өзбек хан:

- «Киелі тақты қарадан қорғай алмасаңдар, қараға құл болғандарың лайық» деп, оларды Исатай бекке қоңсылыққа берді. Бұл қатарға Бату мен Орда-Ежен ұрпағы кірмеді. Қоңсылыққа негізі тоқа-темірлер, шайбандар кетіпті.

Орда Ежен Батудың күнбатыс елдеріне жасаған жорығында оған аса тірек болған, кейін Қаракорымда өткен Шыңғыс хан ұрпақтарының жиынында Күйікті хан көтеру рәсіміне қатынасқан ірі тұлға.

Бату ханның батыс жұртына жасаған екінші жорығы тұсында Орда Еженнің шарықтауын көре алмағандар оған қарсы көтеріліс ұйымдастырып, оны қапылыста өлтірген. Мұны естіген Бату күнбатысқа жасаған жорығын еріксіз тоқтатты. Әйтпесе, Батудың әскері поляктар жерінде тоқтамай, онан арғы жұрттарды да бағындырып, қара жердің арғы шегі тұман басып жатқан теңізге біраз шығатын еді.

Жорықтан амалсыз қайтқан Бату хан Орда Еженнің өліміне байланыстыларды қатты жазалаған. Кім біледі. Орда Еженді өлтіру Батудың күнбатысқа жорығын тоқтату үшін керек болды ма екен, сол батыс жұртының алтын-күміс шашып ұйымдастырған ісі ме екен, ол арасына көз жетпейді. Бату хан бұдан кейін Орда Ежен ордасын таратып, өзіне қосты. Дегенмен де, шығыс Дешті қыпшағы-аталған ел «сол қанат» атын сақтап қалды да Сарыарқаны жайлап қала берді.

- Орда Еженнің бас қаласы қайсы? — деп Едіге демігін басқан ақсақалға сауал тастады.

- Мұны да білгенің дұрыс. Орда-Еженнің өзі де, ұрпақтары да Сығанақты астана етті. Бұл әулеттен шыққан белгілі адамдар да Сығанақта жерленген. Қорымдары осы қалада.

- Басқалар ше?

- Тоқа-Темірлердің ата-бабаларының қорымы Сарайшық, ал шайбандар Түркістанға өздерінен шыққан атақты адамдарды жерлеген, қорымдары сонда.

- Ұрыс ханның тегі қай тұстан қосылады, - деп жаңа сауал тастаған Едігеге Сейтәлі бұрыла қарап:

- Ә, оны да білгенің жөн. Құтлықия ағаның қаны соның мойынында ғой, - деді.

- Жалғыз менің әкемнің ажалы емес шығар.

- Ә, дұрыс, дұрыс. Тайқожа да соның қолынан қаза тапты. Ұрыс хан Жошының Тоқа темір ұрпағынан деген

сөз бар. Бұған қарсы пікір айтушылар ол Орда Еженнің ұрпағы еді, оны мұрагерлік таласта басымдылығынан айыру үшін қасақана Тоқа темір ұрпағы деп жаздырып жүр деседі. Қаншама уақыт өтті, оған куәні енді кім табар.

- Тым даулы мәселе екен.

- Ұрыс ханның қысастығы жетеді. Тоқта хан өлген соң Исатай, Алатай хан тағына ие боп қалған, өзін хан деп жариялаған әмірші Бажыр Токбұға ұйғырды өлтіріп, Тоқта ханның немересі Өзбекті хан сайлапты дедік. Сол Исатайдың ұлы Жыр-Құтлуды да қапысын тауып өлтірген осы Ұрыс хан ғой. Тақты келімсек біреу Токбұғадан тартып алып, Өзбекке беріп, хандықтың негізін сақтап қалған Исатайдың ұрпағына қастандық жасау ақылға сыймайтын қаныпезерлік еді. Мұны ел солай түсінген. Енді сол маңда қала алмасына көзі жеткен Ұрыс хан елден безді.

- Сонда ол қайда барды екен?

- Ол Дешті Қыпшақты тастап, Моғолстан иелігіне өткен, Моғолстан ханы оны бір уәлаяттың билеушісі етіп қойған Ал Исатай Өзбекті хан етіп, оның тағын жиырма жеті жыл бойы қорғап тұрған еді.

- Өзбек ұзақ хандық еткен екен.

- Оның иелігі Өзбек хан жұртты, өзбек елі атала жүріп, ақыры сол халық өзбектер аталып тынды. Олар Еділ-Жайықты тастап Сыр бойына кеткенде де көшпелі өзбектер атала берген-тін. Жәнібектен кейін хан болған Бердібек екі жылдан соң өлді. Оның орнына хан тағына отырған Теңіз Бұғы еді. Осы тұста Тоқа-Темірлер бас көтерді. Олар өзара жасырып сөз байласып қапылыста Теңіз Бұғыны өлтіріп жіберді. Бұл қанды уақиғаны ұйымдастырушы Бүкір Ахмет деген кісі.

- Ендігі хан кім болды?

- Өзара уағдаласқан Тоқа-Темірлер өз ағайыны Қара Ноғайды хан етіп қойды. Қара Ноғай үш жыл хандық

етіп, Хорезм билеушілерімен тату-тәтті қатынас орнатып, Қоңыраттарға да билік еткен екен. Онан соң оның орынына інісі Тұғылы таққа отырған. Бұлардың шежіресі, - деп Сейтәлі сәл ойланып қалды, - иә, олар Тоқа-Темірдің ұлы Байтемірден тарайды.

- Хандардың қырқысуы сол уақтан басталған екен ғой.

- Айтары жоқ.

- Қара Ноғай билігі тағы не ісімен белгілі болды екен.

- Ол жөнінен ауыз толтырып айтарлық ештеңе жоқ. Тек оның билігі Әмір Темірдің атқа қонған тұсына қарайлас уақыт. Әмір Темір өзбек жұртына әмір боп кетті. Осы өзбектер қос өзен аралығының байырғы тұрғындарынан бір мың қыз беруді талап етті деген жазбалар бар. Соған карағанда сол өзбектер кешегі Дешті Қыпшақтың әскер болып барған жігіттері. Солар да онан кейін барғандар да байырғы жұртпен араласып, сіңісіп кеткен. Олар сөйтіп өзбек атанып жатқанда ұлы даланың көшпелі жұртына «қазақылық» сөзі еніп, қазақ атана бастады.

- Бір ел екі жұртқа бөлінді десеңізші.

- Иә, шырағым, тақ таласы деген елдің іргесін сөкті ғой. Еділдегі Сарай қаласында онбес-жиырма жылдың ішінде он төрт хан ауысты. Кейбіреулер бір апта хандық етсе, ай жарым уақыт хан болғандар, хандығы барлығы үш күнге ғана жеткендер де аз емес. Несін айтасың солардың бақ құмарлығын ешкім тоқтата алмады ғой. Бұл Шыңғыс хан ұрпағын ішінен тоздырған жегікұртқа айналған іс болды, әлі жалғасып келеді.

- Ер Мамай қарсы шыққан жоқ па еді?

- Ер Мамай дейсің бе? Иә, ол біраз уақыт хандықты бекітуге арпалысты. Оның өз басы хан болуға ұмтылған жоқ, ол Шыңғыс ұрпағынан емес еді.

- Солай деңіз.

Иә, Едігежан, солай. Мамайдың туған жері туралы естігенің бар ма?

- Нақтылап айта алмаймын.

- Мамайдың әкесі осы Еділ бойында бір бекзаттың қанын жүктеп, елден сырғып кетуге мәжбүр болған екен. Тұрақтаған жері Арқадағы Ортау болыпты. Ортау да шатқал-шатқалы көп, ну жынысты әсем тау. Сол жерде Мамай туыпты. Біраз жылдан соң әкесі араздасқан адамдарымен қайта табысып, Еділ бойына қайта келген ғой. Мамай жеке ерлігімен көзге түскен адам. Оның өмірі Алтын Орда тағын бекітуге ғана арналған десе болады.

- Мамайдың жүзін көрдіңіз бе?

- Иә. Ондай сәтте болған еді.

Мамайдың жағаға келіп отырғанына да біраз уақыт. Еділ орта тұсында шымырлап ағып жатыр. Төмендегі қолтыққа жиналған судың аққаны бетінде қалықтаған тал жапырағының білінер-білінбес боп, баяу жылжығанынан ғана сезілген. Өзеннің тұп-тұнық осы бір тұсын алуан-алуан балық та мекендепті. Суға тастаған түйіршіктей тасқа жабыла ұмтылады да, тұмсығы тие кейін серпіледі. Өмір де осындай ғой деді іштей Мамай, тып-тыныш жатады да, бір кезде асау толқын шиырып ала жөнеледі. Әркімнің жетер мақсаты да, іздеген жемі де бөлек. Бекіренің басы тасқа тимей қайтпайды деген де осыдан шыққан болар.

Бекіренің басы...Мамай тағы бір түйіршікті суға тастады. Сонадайда тұрған бір топ жігіттерінің ішінен біреуі «керегіміз болар ма» дегенді білдіріп, бері таяп еді, Мамай қолын сілтеді. Өмір арпалыс. Ең болмаса осындайда жалғыз отырып, мынау жалғанның ғажабына кенеліп, өзің мен өзің ғана болғанға не жетсін. Тоярдай-ақ арпалысып келеді, бұл зұлымдықтың таусылар шегі болар ма.

Алтын Орданың қатардағы көп сарбазының бірі еді, сан жорыққа қатынасты, сан жекпе-жекті бастан өткерді. Әуелде күші ұнап, онбасы, жүзбасы жасады. Ақылына тәжірибе қосылды, енді осы қажет болған соң мың басылыққа көтерілді. Бірақ, осыншама биікке шығамын, Алтын Орда үшін өмірімді сарп етемін деген түсіне де кірмеген. Тек, өсе келе, жетіле бере туған халқының бүгіні мен ертеңі осы Ордаға байланысты екенін түсініп, соның қуатының кемімеуін тілеген.

Иә, өмір өз дегенін қылады. Алтын Орданың басынан да не қилы уақиғалар өтіп жатыр. Соның бірде-бірінің көңіл тұщытып, қуанарлығы шамалы. Қуанайын десе де артынан ащы өксік келеді. Өзбек хан дүниеден өткеннен соң-ақ талай-талай теріс іс өрістеп кетті. Іле Жәнібек хан, оның артынан Бердібек хан өліп, хан тағы үшін қырқыс басталды. Жарым-жарты күн хан болып, артынан ханға боялып, қолын қусырып келіп, қанжарын қадап жатқан сұмдық тірлік басталып кетті.

Ақыры Өзбек ханнан қалған қатыны Тайтана, ханнан қалған тірі ұрпақ жоқ деп шықты. Өзбектен қалған ер кіндікті бала бар-жоғын іздеп, бас қатырмады, хан тағының енді Шайбан ұрпағына тиетінін жария етті. Қатынның құтыруы ма, әлде өсек пе Тайтана ханым Шайбан тұқымы Хызыр дегенмен әуей, тіпті одан да жақын деген өсек бұрыннан шығып жүретін.

- Ойбай-ау, кешінде ханымның үйіне кіргенін көрдім.

- Сен де айтасың-ау, мен қыр астында кезіккенін көзім шалды.

- Е, ол жай сөз ғой.

- Бәлі, Тайтана ханымға өлген ханның бір жақыны «мұның қалай десе, ол қатын ұстап алсаң мойындаймын» депті.

- Салдақы екен ғой, - дескен сан әңгімені Мамайдың да құлағы шалған-тын.

Енді, міне Шайбан ұрпағы Хызырға тақты ашық ұсынған-тын. Тайтананың ел көңіліне жақпас тағы бір қылығы оның өзінен екі мүшел жас Хызырға байға тимек болғаны. Ол үшін Тайтана ақ шашын қынаға салып, қоңыр етіп, әжім ізін маймен сылап, опа далап, жас келіншектің қылығын танытып майысып шыға келген.

Қатыннан да тақты қымбат санаған Хызыр Тайтана ханымды «бас бәйбіше» етіп алуға келісті. Арада құда-құдандалдық жүріп, кәрі қатынның байға тию тойына дайындық жүріп жатты. Ел қайда? Жау қайда? деген тірі жан жоқ.

Хызыр күні бұрын-ақ тақтың иесі болған. Алтын тақ астында. Енді ол өзін нағыз мұрагер етіп жұртқа танытудың бас аяласын ойластырған-тын.

- Өзбек ханнан қалған алтын үй тігілсін, - деп бұйырды ол.

- Қа... қалай? - деуге көп жағымпаздың біреуінің ғана шамасы келген.

- Тайтана мен неке қиысу тойы сонда өтеді, - Хызырдың үкімі қатал шықты.

Өзбек ханның керегесі күмістелген, уық-шаңырағы алтындалған, үй ішіндегі бар жиһазы алтынмен көмкерілген ордасы тігілді. Өзбек ханның өзі ұстаған алтын сапты қамшы төрге ілінді. Өзбек хан киген алтын тәж төсек үстіне қойылды. Кіріп көріп, мерейі толған Хызыр бұл шаттық енді айнып кетпес деген. Осы уақта оның іште жатқан бір ойы бас көтерді.

- Болдың, енді бәрі сенікі, - деді сол ой.

- Болғаның рас. Сен хансың. Тақта отырсың. Не айтсаң да орындалады, - деді Хызырдың ертеден келе жатқан сенімді адамдары.

Иә, тура сөз. Тақты сенен енді ешкім тартып ала алмайды. Енді сен абыройыңды ойла.

Қайтіп?

- Кәрі қатынмен некелескенің естіген елге ұят. Ол кім? Ол кемпір. Көрші хандықтар бетіңе түкіреді. Ертеңнен бастап, хан тағына отырған соң, ешқандай той да, неке де болмайтынын жарияла. Ханда қасиет болу керек.

Сенер адамдарының сөзі өзінің де ішкі ойының үстінен тап түсті. Иә, кәрі қатынмен некелескені не маскара. Жететініне жетті, тақ иесі өзі. Осы тақты бұрын маңайлап жүргендер бірінен соң бірі келіп, жылы лебіздерін білдіріп, өздеріне қорған болуын сұрап кеткен. Енді жасқанатын не бар?

-Ешқандай той болмайды, -деп жариялады ертеңінде ертемен таққа отырып, айнала бас ие келген жұртқа Хызыр.

- Хан ием..., - деді түсінбеген біреу жасқаншақтап.

- Тайтанамен ешқандай некелесу болмайды.

- Ә, - деп аңырысты көпшілік.

- Хан сөзі бұйрық, - деп бұрынғы сенімділерінің бірі бас иді.

- Сонда...

- Кәрі қатынның қылығына жол бермейміз.

- Өзбек ханның үйі жығылсын.

Хан тағының айналасында болып жатқан жаңа әңгіме түске дейін төсектен бас көтермейтін Тайтана ханымға зорға жетті. Естігендер ханымның ұйқысы қанып тұруын күтіп, есікте сарсылды. Ханым өздерін не деп жазалайды деп зәрулері ұшты.

Ақыры Тайтана ханымды қызметшінің бірі төсегінен шошығандай етіп оятты. Басынан бағы тайып, өзінің күнге лайық боп қалғанын естіген Тайтана алғашқы абыржудан, көйлегін таба алмаған сасқалақтаған халден тез есін жиды. Ханнан кейінгі екінші адам беклербек Әлібекке кісі шаптырды. Жұрттың денінің жаңа хан Хызырға ауып кеткенін ескерген беклербек Әлібек те

бармағын тістеген. Не амал деп басы қатты. Амал тек сарбаздарды көтеру. Оларға да сеніп болмайды. Тек Мамай болмаса. Мыңбасы Мамай ешкімнің айтқанына көнбейтін, өз жолы бар адам көрінген.

Өз қолынан да билік кеткенін сезген Әлібек беклербек өз сөзін дәлме-дәл жеткізетін адам таба алмай, Мамайға өзі барды. Мамайдың қосыны Ордаға жақын жерде еді. Әлібек соңғы уақиғаларды жасырмай жеткізді. Көңілінде күдік алса Мамайдың көнбесін ол жақсы білетін.

- Қан төгіс қой, бұл деген. Хан ұрпағы аз өлтіріліп жатыр ма? Осыдан не ұттық? - деп Мамай қарсы сауал тастаған.

- Өзбек ханнан ұрпақ бер деді, оны ешкім іздемеді. Ханым Хызырдың жетегінде кетті, - деп қалды Әлібек.

- Ол қайда? Кім деген? - Мамайдың осындай әңгімені құлағы шалған, бірақ дерегі жоқ-тын. Мына қырсыққан жағдайдан, байсыраған қатынның ісінен құтылудың жолы екенін түсінді.

- Ол Құлпа...

- Болды! - Мамай дереу атқа мініп, аса сенімді он жігітті қасына ертіп, қайда барарын да ешкімге айтпай, тартып отырған.

Хызыр тақ иесі болған шаттығын тойлап жатқан. Үйінен қадам басып сыртқа шықпаған Тайтананы әбден жеңілдіге санаған. Бердібектен бері беклербек боп, бар биікті қолына ұстаған, Әлібек қана тойда бас көрсетіп, онда да төрге өрлей алмай, өзі әртүрлі дәреже берген кісілермен ғана дастарханның бір шетінде отыр. Тойдың үшінші күні. Қалың аттың шапқан дүрсілі естілді. Тақтағы Хызыр хан оны да елең қылмады. Сыртқа шығып келген Хызырдың қызметшісі тілі байланғандай, тысты көзімен атып, етбеттей құлаған.

Өзінің мыңдығымен Орданы қоршап алған Мамай Өзбек хан ұрпағы Құлпаны алға ұстап кіріп келгенде

тойда отырғандар абыр-сабырға ұшырап, абыржулық басты. Дастарханның бір шетіндегі беклербек Әлібек пен жанындағылары Құлпа мен Мамайдың соңына ерді. Мамаймен бірге кірген жүздік сиғанынша ішке еніп, қалғаны жабықтан сығалаған.

- Бұл не? - деуге Хызырдың шамасы зорға келді.

- Хан сен емессің! - Мамайдың жайшылықтағы қаһарлы үні тіпті қатты естілді.

- Хан Құлпа! - деп айқай салды Әлібек беклербек. - Бұл Өзбек ханның нағыз ұрпағы. Хызырдың хандығы жалған. Хандық өз ұрпағына көшті.

Қалың қолдың қоршауында қалғанын, дәрменсіздігін ұққан Хызыр қарсылық етпеді.

- Қан төгілмесін, Хызырды еркіне жіберіңдер! - Мамай айналасына бұйыра қарады.

- Болсын.

Әлгінде ғана Хызырды хан танып, мадақтап отырғандар алғашқыда не істерлерін білмей Ордадан шығып бара жатқан оған «осы шын ба» дегендей жалтақтасып еді, ау-жайды түсіне келе жаңа хан Құлпаға қарап жапырыла қалмаса да бас изесті.

Шымырлап аққан Еділдің орта тұсындағы жайқын қозғалысқа қарап Мамай «иә, өмір осындай асығыс-ау. Жұлқынғаннан пенденің тапқаны не, жеткені қайсы» деп өзіне сауал тастады да, қалтасынан құрттың сынығын алып қолтықта жайбарақат жылжыған суға тастады. Жемтікті қағып алған аққайранды салындының астынан шыға келген шортан жұтты. Иә, ол шортан, мынау кішкене аққайран. Табиғаттағы өмір кешуі осыған арналғақ ал, адам ше? Адамдар сонша неге жауығады? Әлемде әділдік болар ма екен.

Иә, Құлпа ханның да тақ иесі болуы ұзаққа созылмады. Құлпа хан жұма сайын топпен бірге мешітке барса да, оның екі ұлы бас көрсетпейтін.

Құлпаның екі ұлына сонау орыс елінен келген көпесі де. баскасы да үйір. Өздері де солардың маңынан шықпайтын. Екеуінің бұл ісіне әуелі танданса да, кейін күдік туғызды. Екеуінің жүріс-тұрысы да ерекше, басын жалбыраған шашпен жауып, мұртын аузына түсіріп, қауғадай сақал қоя берген.

Әй, мұртыңды бас, мұсылман адам мұртын аузына түсірмейді, - деп ескерткендерге:

Кет! Жоғал әрі! - деп алара қарағандары халықты түңілдіре бастады.

Бұлар мұсылман емес шығар.

Анау бір орыстың поп дегені де жағалап жүр, - деген сыбыр ұлғая түсті.

Ақыры Құлпа ханның екі ұлы шоқынып отырғанда Мамайдың жігіті Наурыз үстінен түсті. Естіген ел дүрлікті. «Құлпа сатқын екен, біздің ақ дінімізді сатып, өзі орыстың жасырған жансызына айналыпты. Мақсаты орысқа Алтын Орданы бағындырып беру екен» деген сөз гулеп кеткен. Халықтың наразылығы күшейіп, Құлпаның астындағы хан тағы шайқалды. Құлпаны жақтап шыққан беклербек Әлібек қана еді. Тақ иесі болмаса да біраз салмағы бар, әрі өткен істен қалған өкініш-кегі бар Тайтана ханым ойнап қалар кезінің келгенін түсінді. Әлібекті қонақ болып кетуге шақырған.

Иә, беклербек, Ордада тағы да қыжыл басталған ба? - деді Тайтана жаны ашығансып.

Е, өтірік-шынын кім білсін, ханның екі ұлы туралы өсек бар.

Қиын болған екен. Сактап қалу сенің қолында ғой, деп ханым сендіре сөйледі.

Тайтананың осыншама өзгергені оның ендігі өмірге әбден көнгені, мойынұсынғаны, тіпті өзінен жәрдем сұрағаны деп ұқты Әлібек беклербек.

- Иә, тыншысын деп Мамайды сонау Қырым жакка жіберттім.

- Оның да дұрыс, - дей отырып Тайтана Әлібектің ыдысына у салып жіберген.

Беклербек Әлібектің өлімінен кейін Құлпа ханның сүйенер тірегі қалмады. Ертеңіне Ордаға басып кірген ашынған жұрт ханның бетіне түкірген. Мұны көріп шоқынған екі ұлы Иван мен Михаил әкесіне көмекке ұмтылған еді. Наурыз батырдың жарқ еткен семсері екі басты да елдің алдына домалатып түсірді.

Қырымнан қайтқан Мамай Ордадағы тақ төңкерісін, шоқынған Иван, Михаилдардың өлтірілгенін естіген. Оның үстіне жаңа хабар да жетті. Тағы да сол берекесіз тақ тартысы. Осының ұшы-қиыры көріне ме. Құлпаның балаларын өлтіріп, өзін қуып жіберген тірлік. Бос қалған таққа ие жоқ, не қан-жоса болудан қорқып, ешкімнің отырғысы жоқ. Осындай өліара шақта Әлібектің ұлы Хасан Хорезм әкімі Ақ Хұсайынға жетіп, тақтың айналасындағы адам сенгісіз уақиғаларды жеткізген екен. Ақ Хұсайын мына бей-берекеттікті, Тайтана қатынның қырсықты ісін тыймаққа ләшкер шығарып, Сарай Батуды басып қалды. Тайтана да, Наурыз да өлтірілді. Хан тағына тағы да Хызыр отырды.

Тақ айналасындағы қым-қиғаш уақиғалардан аулақ болғысы келген Мамай Ордадан аулақ Еділ мен Донның арасын мекендеп, Ордасын тікті. Хызыр әуелгі тақтан кеткен шақта Мамайдың лауазымы өсіп оң қанатты тегіс басқаратын болған. Қатал болғанмен әділ, басқаның қателігі мен кінәсін кеше білетін рахымды да еді. Орда маңындағы жайсыз уақиғалардан сырғып кеткендер Мамайдың маңынан пана іздеген. Хызырдың хандығынан жылдан аса уақыт өткенде тағы суық хабар келді.

Хызырды баққұмар баласы Темірші шаншып өлтіріпті, - дейді айтушы.

Не сұмдық? - деп Мамай жеп отырған асын тастай салды. Баласы әкесін шаншып...деген сөз миына сияр емес. Бұл жағдай тиылмаса Алтын Орданың шаңырағын ортасына түсірер.

Мамай тез жиналды. Бұл іске көп жұртты қатынастырғысы да келмей, мыңдығын алып, жетінші күні Ордаға жеткен. Қару алып, қарсы шықпақ болғандар Мамайдың түрін көріп, жан сауғалап безді. Тақ емес, ошақтағы шокқа отырғандай кипақтап, Мамайды көргенде тақ үстінде изектеген Теміршіні, - Найсап, - деп жағадан ала лақтырып, сол жерде жанын жаһаннамаға жіберткен.

Мамай Ордада қалмады. Елді Шыңғыс тұқымынан шыққан хан билеуі керек дегенді ол берік ұстаным еткен. Орда маңында қалса кім хан болса да ел ісіне еріксіз араласатынын сезген де, іргесін аулақ салды. Ордаға Абдул хан болып көтерілді. Жеті күндік билік үшін әкесін өлтірген Теміршіні жазалауы Мамайдың әруағын тіпті аспандатқан. Ол Ордадан алыс кетсе де маңына күн сайын ағылып, топтасқан жұртта шек жоқ.

Абдулдың да хандығы ұзаққа бармады. Өзбек ханның нағыз ұрпағымын, Жәнібектің ұлымын деп Келдібек деген шықты да, сонан әділдік іздеген халық енді соны хан көтерді. Бірақ Келдібектің соңынан «жалған Қалдыбек» деген ере жүрді. Жаман атағы оны да ұзарттырмады. «Жалған» екен деген сөз үдей-үдей ақыры оны да тақтан айырды. Оның орнына Мұрат хан тағына отырса, кешікпей тақты Әзизге берді.

Соңғы он жылдың ішінде қанша адамның хан боғандығын халық санаудан қалды. Ұзағаны жылға жетіп, қайсыбірі бірер ай, жарым апта таққа отырған хандар мемлекеттің жүйелі ісінің берекесін қашырды.

Алтын Орда әлсіреді. Ордадағы ырың-жырыңды жақсы түсінген орыс ұлысы балықтай сусып, қолдан шығып бара жатты.

Осы кезеңде айлакер жас Дмитрий боярлардың қолдауына ие болып, мұрагерлік жолмен әкесінің княздығына ие болу үшін Ордаға жеткен. Орыстың Орданың әлсіреуін пайдаланып салықты төлемегеніне де талай жыл болған. Орданың қазынасы қаңырап тұр еді. Дмитрийдің асып-төгіп әкелген мол сыйлығы Сарай айналасындағылардың есін шығарған. Айлакер орыс князі билер мен басқа лауазым иелеріне арнайы жеке сыйлықты да әрқайсысына барып жүріп, тізелеп құлдық ұрып, өзінің Ордаға адал екенін жеткізе отырып тапсырған. Мұрат та, Әзиз де мәз.

- Мәскеудің Княздігін берейік, - деген еді билердің біразы.

Мұрат хан мен оны жақтағандарға Дмитрийге тек Мәскеуді беру аз көрінді. Мынадай сенімді, тіл алғыш орысты қайдан табамыз десті. Оның үстіне Дмитрийдің ханға қайта-қайта кіріп, қолына ұстатқан жақұт жүзік, алтын бұйымдары да бар. Ордада көп уақыт айналсоқтаған Дмитрий ақыры ұлы княздіктің пәрменін де беліне қыстырып қайтты.

Хандардың жетесіздігінен болған бұл іске Мамай қатты қынжылды. Хан тағына отырған Мұраттың да, онан кейінгі Әзиздің де көз алдында өтіп жатқан уақиғаларды көріп, онан қортынды шығармайтыны Алтын Орданы ендігі билегендердің көрсоқырлық қылығы-тын. Бұрын ұлы княз атағын алу үшін орыстар Ордаға келіп, бет жыртысып, қан төгісетін. Бірін-бірі хан алдында жамандап, ордан құлатысатын. Енді оның бірі жоқ. Басқа княздар Дмитриймен тақ таласпады. Дмитрий ұлы княздықты қолға түсірісімен Мәскеуді қорғауды қатты қолға алып, оның бөренелі қамалының орынына

тастан қорған салдырды. Сарайда сан болып, оның көркін көрген ол енді соған ұқсатып Мәскеуде Кремль салдыра бастады.

Мамайдың өресіз хандарды қуып тастағаннан басқа амалы жоқ-ты. Әзизді тақтан тайдырып, орнына Мамай-Сұлтанды хан тағына отырғызған Мамай өзінің «хан шынғыс ұрпағынан» деген ұстанымынан айнымады. Енді Мамай Еділдің ар жағында орнаған өзінің ордасы мен Сарай жұртын қайта біріктіріп, Алтын Орданың бар қуатын қалпына келтіруге ұмтылған.

Мамай бетімен кеткісі келген Орыс ұлысын естен шығармады. Орыстардың бұрынталаса кететін ұлы княз пауазымын тартысқа салып көрді. Тверь князінің ұрпағы Михаилге ұлы княздік пәрменін беріп еліне қайтарған. Дмитрий княз Михаилді жер-жерге өз адамдарын қойып, өз иелегіне де өткізбеді де, орыстың бар княздарын жинап, өзіне ант алып та үлгерді. Бұл деген шектен шыққандық еді. Дегенмен, тағы сынап көру үшін Сары би бастаған елшілігін жіберді. Сары би қолдағанымен орыстың бас қаласы Владимир «өз князіміз бар» деп Михаилді қабылдамады. Мәскеуге келген Сары биді Дмитрий құшақ жая қарсы алып, басына байлықты үйіп-төкті. Сары би ақыры Ордада Дмитрийдің сөзін сөйлейтін боп уәде еткен.

Дмитрийдің көңілі күпті еді. Алтын Орданы тез арада біріктіріп, тәртіп орнатқан Мамайдан жүрегі шайлыққан. Мамай алтынға бөлеп қойсаң да дегеніңе көне кететін адам емес. Үнсіз жатуға да болмайды, онда Мамай тас-талқаныңды шығарады. Басы қатып, орыстың бар боярларын ақылға жинаған. Барының айтатыны бір уайым, Мамай келгелі өрістерінің тарылғаны, оның ләшкері келіп қала ма деп зәре-құты қалмайтындары. Дмитрий алдарына бірақ сауал тастады, бар күшті қосып Мимаймен шайқасамыз ба, әлде бұрынғыша тізе бүгіп, алдарына жығылып күн кешеміз бе?

Мамаймен соғысамыз дегеннен боярлар шошып кетті.

- О, Исус, сактай гөр. Оған тілің қалай барды. Бәрімізді Мамай қырып салсын дейсің бе? Мамайға қарсы келер орыста қолбасы жоқ. Осы күніміздің өзіне жете алмай қаламыз. Соғыс деген сұмдықты айта көрме, княз, - деп шетінен шуылдасты.

Енді үнсіз жата беруге тіпті болмайтынына Дмитрийдің көзі жетті. Мына шошынған боярлардың бірі болмаса бірі Сарайға Дмитрийді жамандап жеткізсе, ертең Мамайдың қамшысы арқасында ойнар. Осы ойынан өзі дір еткен Дмитрий шынында да жаурынына қамшы тигендей кирелең-кирелең еткен.

Еңіреген қатын-баласымен өзінің де жүрегі езіле жүріп зорға қоштасқан Дмитрий ақыры Ордаға барып хан алдына жығылуға аттанған. Өзінде де, боярларда да зәре жоқ-тын. Талай ұлы княздардың ханға көріне барып, көрге кіргені бәрінің есінде. Үрей жайлаған орыстар Мамай қолының шеті көрінсе каша жөнелуге, не орман ішіне тығылып қалуға қам жасап, баласын алса да, қатынын, бірдемесін беріп құтылар деп үйіне тастауды ойлаған.

Мамайдың қаһарын растағандай жаздың екі айында күн көзін тұман басып, шөп шықпай, малдары қырылып, орыстар енді Исусқа қосып Мамайға да табына бастаған. Дмитрийдің де бар үміті Сары биде. Сары биді бір керуен жүкпен шығарып салған. Ханның өзіне дем беріп жіберген тарту-таралғысының өзі бір Мәскеу шаһарына тұрарлық болса, хан тұқымы, қаптаған би, беклербек, батыр дегендерге де жіберген сыйлығы бір елдің байлығы. Мамайға деген хан сыйлығынан артық, «әй, оны Мамай ала қойса» деп уайымдайды. Бұл жолда Дмитрий несін аясын, бәрі бір басының қамы. Басын шауып тастаса бұл байлықтың несі керек.

Сары би де жемқор жұрттың аузын алып қойған екен. Оның үстіне Дмитрийдің өзі де арба-арба асыл жүк тиеп жеткен-тін. Қазынадан алары болмай жүргенде Сары би әкелген сый-сияпатқа кенеліп, мәз болғандар енді Дмитрийдің мол жүкпен келгенін көріп, әркім өзіне не сый алатынын ойлап тамсанды. Княз олардың әрқайсысына жеке-жеке барып, иіліп, сәлемдесіп, сияпатын еңкейе ұсынуға арланбады.

Сәлем беруге Мамайға да жеткен. Есігін ашып кірерде тізесі дір-дір етіп, жүрегі аузына тығылды. Шоқынуға да қорқып, ішінен Исусқа да, орыстың пұтқа табынған заманындағы құдайларына да сыйынды. Төрде отырған маңдайы кере қарыс, отты көзі өңменінен өткен қаһарлы адамды көргенде алдына жете етбеттей құлаған. Басымды шауып тастар деп денесі түршікті. Басын зорға көтерген, тірі екен. Сонда да Мамайдың жүзіне қарауға шыдамады.

Есіктен топ-тобымен біраз кісі кірді. Мамайға сәлем бере жайғасқандарға Дмитрий ұрлана көз тастап еді, өңкей Орданың ығай мен сығайлары. Кіргендер ауыз жаласып қойғандай бірінен соң бірі Дмитрийді мақтай бастады.

- Бұл Митрий деген орда үшін нағыз қолбала болып тұр, - деп кірісті беклербек. - Өзі көп қазына әкеліпті. Бұрын өтелмеген салықты тегіс жинап берем деп отыр. Солай ма, Митрий.

Дәл айттыңыз, тақсыр, - десе де Дмитрий Мамайға жалтақтаған.

Бұдан сенімді орыс жоқ ол жоқта.

Біздің ол жақтағы басқақтарға да көмек етіп жүрген осы Митрий.

Иә, иә, басқақтар бұған риза.

Осы жолғы тарту-таралғысы..., - деп қалды көмекейі кең біреуі.

- Ол жақта Алтын Орданы Митрийдің төбесіне көтере мақтап жүргенін көзім көрді, - деп Сары би сөзін бөліп, «Қайдағыны айтасың» дегендей оған жақтырмай қарады.

- Князға осы Митрий ғана лайық.

- Хан ием де осы Митрийді княздігінде қалдырсақ деп отыр, - деп беклербек тағы сөз қосып Мамайдың жүзіне қарады.

- Иә, иә, - десіп бәрі қостай кеткен.

Мамайда үн жоқ. Мамай үндемеген соң басқалар да сілтідей тынған. Жағдайдың қалай бет алып кетерін біле алмаған Дмитрийдің мандайынан тер шықты. Мамай біраз ойланды. Қазір не айтса да орындалады. Алтын орданың басын қайта біріктіргені де жаңа ғана. Мына отырғандардың бәрі мәмлеге келуін сұрап отыр. Мына орыстың басын шауып тастаса, бәрі бір жолға тілімізді алмады деп, кейін серпіледі. Сөйтеді де жаңа ғана біріккен бастар қайта шашау-шашау шығып кетеді. Әйтпесе мына түлкідей бұлаңдаған орысты атасына амандасуға жібере салар еді. Иә, бәрінен де бірлік керек. Алтын Орданы нығайтып алса, бір орыс қайда кетер дейсің, жақпаса ертең-ақ барып, төңкеріп тастайды.

- Болсын, - деді Мамай.

- Дмитрий ұсынған алтынмен әдіптеген гауһарға да, басқа сый-сияпатқа да қолын созбақ түгілі, назарын да салған жоқ. Мамайдың танитын бір қызметкер оларды сыртқа ала жөнелген. Дмитрийдің жүрегі жаңа орнына түсті. Мамайдың қас-қабағын баққан бетінде артымен жылжи шегінген қалпы есіктен шықты. Кешікпей шыққан Сары би:

- Біз сені Мамай өлтіріп тастамасын деп, ара түсуге жиналып келдік, — деп лекіте күлді.

Орыс еліне жеткен Дмитрийдің бар ісін Мамай естен шығармай бақылаған. Оның анау батыс жұртымен әлепейлесіп, қару-жарақты молайтып, отты қаруды алып

жатқанын естіп отыр. Мәскеуді тас қоршау мен бекітіп, оңай алдырмас қорғанға айналдырыпты. Сонда бұл кіммен соғыспақшы деген ой еріксіз орала берген. Княздің қанша мықты екенін байқау керек. Келіп-кетіп жатқандардың жеткізген сөзінен гөрі оның жағдайын барлап көрген дұрыс. Мамай осы мақсатпен аз ғана жасақпен Сарайкені Нижнийге аттандырған. Олар орыстың ау жайын білу үшін қалаға келіп, Орда үшін жасалмай қалған іске ренжіп жанжал шығарып, князін жер-жебіріне жете сөкті. Мұндайда бұрын орыс үнсіз қалып, бас иіп, кешірім сұрап жатушы еді, бұл жолы тыққан қарулы жасағы бар князға басқалар көмекке келіп, қырғын соғыс болып, Сарайке жасағымен жер жастанды.

Істің беті қалай ауғанын, орыстың енді кіммен соғысқысы келгенін Мамай енді жақсы түсінді. Қу Дмитрийді аман-есен қайтарғанына іштей өкінген. Бірақ, амал нешік, ана кең көмейлермен ол кезде мәмлеге келу керек болды ғой. Енді Олар болып жатқан іске көңіл бөлер де емес, аз күнге тыныштық, өте шығар бақ-дәуреннің ортасында жүзгендеріне риза.

Мамай тағы бір рет ескі жолды сынап көруге бекінді. Осы кезде Мәскеудегі ең атақты қолбасы Валяминов Дмитрийге ренжіп, Тверьге кетіп қалған. Осы сәтті пайдалануға бекіп, Тверь князі Михаилді Ордаға шақыртқан. Михаилдің ұлы княздықтан бұрыннан дәмесі бар. Осыны ескерген Мамай Михаилді ұлы князь етіп тағайындағаны туралы пәрменді оның қолына ұстатты.

Кешікпей ұлы княздыққа орыс арасында тартыс басталған. Дмитрийдің астамшылығына шыдай алмаған Гверь князі Михаил Мәскеуге соғыс жариялады. Оның әскерінің қарулануы да, саны да Мәскеуліктен кем еді, тізе бүгуге мәжбүр болып, амалсыздан Дмитрийге бас иді.

Осы тұста Мамай да Тверь князіне көмек ете алмаған. Мамайдың ту сыртынан ойламаған жерден жау шыққан еді. Алтын Орданың алдында өзі іздеп тауып алған борышын өтей алмай, ойына өріс, еліне табыс тауып бере алмай жүргенде, қықымбақайлық болмаса ата жау болып алыспаған, Сырдың бойында жатқан Ұрыс хан деген ләшкер жинап тап берген. Михаилге көмекке беріп, соның қолымен Дмитрийді жазаламақ болған сарбаздарын кері қайтаруға мәжбүр болды. Мамай дұшпанды батыстан, Орыс ұлысынан іздеп, Еділден әрі өтіп кеткенде Ұрыс хан ұры иттей жасырынып келіп, Сарайды алып, түк қоймай тонап, қирата бастапты. Бітімгершілік, мәміле айтып еді, көнетін түрі жоқ.

- Алтын Орда шаңырағына қобыз ойнатпайық, ол бәріміздің ата-жұртымыз. Күш біріктіріп, дес бермеуге айналған батыстағы елді бағындырайық, - деп ұсыныс еткен Мамай.

- Орданы мен билеуім керек. Мені бәрің Ұлы хан деп танып, аяғыма жығылыңдар, - деп Ұрыс хан кердең қақты. - Ал, сенің қай дәрежеде болатыныңды мен шешемі

Түмендерді қайта топтастырған Мамай Сарайдан Ұрыс ханды қуып шықты. Соншама менменсіп, өз буына өзі піскен Ұрыс хан ең болмаса сайын далада бір рет қарсы тұрып айқасуға жарамай Сырдан әрі қашып, Моғолстан жеріне өтіп кетті. Ағайынның жаманы дұшпаннан әрі деген осы да, Дмитрийдің тізесі дірілдеп тұрғанда Алтын Ордаға жығып берудің орнына, жауға көмектесіп жағадан алып, балақтан қапты.

Дмитрий Мамай Ұрыс ханға қарай түмендерін бұрғанда Алтын Орданың бір тірегі Қазанды шабуға ұмтылды. Жолдағысының бәрін өртеп, қиратып Қазанға жете бере таяқпен басқа ұрған өгіздей кілт тоқтады. Мамай Ұрыс ханды қуып тастап, Сарайды қалпына

келтіріп жатыр деген хабар орыстың Митриінің батырлығын су сепкендей басып, есін кіргізген. Мамай Ұрыс ханмен Митрийдің бірдей қимылдауына таң. Сөз байласқаны даусыз, бірақ дәлелі жоқ. Алтын Орданы олай да, бұлай да басып өтетін көпес керуенінде шек жоқ, қайсымен тіл алысқанын болжап бола ма. Тек жаулықтың мына түрінен сескенді. Іргесін бекітіп бара жатқан орыс ұлысы Алтын Ордаға қарсы жауды Алтын Орданың екінші бөлігінен іздей бастағандай. Ол ағайын мынау батыстағы тілі-діні бөлек ел біздің бәріміздің жауымыз деп түсінбесе, сол көрсоқырлық Орданың шаңырағын ортасына түсіреді-ау деп Мамай уайым шекті.

Қазанды бұл жолы Мамайдың сесі қорғап қалды. Батыс бірігіп жатса, Орданың алыс-жақын тұс-тұсындағы ірілі ұсақты хандардың әрқайсысы өзін Шыңғыс хан санап, өрепкіген. Бас-басына патша болғысы келген өңкей қықымнан Мамай да әбден жеріді. Сонда да ел бірлігін сақтау үшін алып Алтын Орданың Ұлы ханы тек Шыңғыс ұрпағынан болу керек дегеннен шықпай келеді.

Ертеңгі мезгілде таңғы асын ішіп болған Мамайға қызметшісі келіп:

- Сізге бізге таныс емес бір жігіт келіп тұр, - деген.
- Жалғыз ба?
- Жанына ерген бір топ жігіттері бар. Бәрі қарулы.
- Қайдан екен? Есімі кім?
- Есімім Арабша деді. Жөнін айтпады.
- Кірсін, ендеше.

Есіктен еңкейе енген жас жігіт келісті азамат екен. Мамайды өмірде көрген сан қилы уақиғалар, уақыт тәжірибесі бір көргеннен адамның бойындағы қасиеттерді дәл тануға үйреткен. Алжасып, адасып көрген емес. Бойына біткен ақыл мен парасат мына

жігіттің жеке басының ерлігімен ұштасқанда кімнің де болса ілтипат сезімін оятар.

- Иә, - деді Мамай жөн сұрағанын танытып, - арабша, есімің бе?

- Шын есімім Едіге. Артық-ауыс сөз тарамасын деп лақап ат таққан едім. Әкем Құтлықия деген кісі еді. Ұрыс ханның қолынан қаза тапты.

- Жаныңа ергендерің туысқандарың ба?

- Біздің басымызды әділдік іздеу қосқан.

Ұрыс ханнан кек алуды іздесе бері аттамас еді. Көмек сұрай келмегені де анық. Жанына ергендер де азынаулық жұрт, ыңғай жас жігіттер. Ер көрейік, жөн білейік деген шығар. Ондай жастың барлығы да жақсы. Едіге бұлқынған өмірдің жолында бүркеніп қалатын, есіктен орын тисе төрден дәмепей құла төбел тірлікке мойынұсынып, көне салатындардың емесі анық.

- Иә, - деді Мамай, - жоқ десең барды тілемейтін, камшы көрсе жонын тоса қоятын, мимырт тірлікпен күн өлтіруге әбден үйренген, қалғып-шұлығындардан Алла сақтасын.

Едіге Мамайға көзсіз батыр көрінген. Оны сынап алар шақ та туды деп есептеді. Соңына екі мыңға жуық қол ертіп, Нижнийді жуасытып келуге жұмсады. Орда жаққа құлағын тігіп отырған Мәскеу де дереу мол жасақ аттандырған.

Едіге асықпады. Тіпті Нижниде жұмысы жоқтай басқа жаққа бет бұрып, жүргенінен тоқтап, әскерге аял бергені көбейген. Орданың қолы жылжудан тұрғаны көбейген сайын орыс әскері де бейқамдана берді.

- Біз Сарайкені қалай қырдық? Енді олардың бізге тісі батпайды.

- Жоқ, енді олар сол жерінен кері қайтады.

- Қап! Өздерін жусатып салып, мол олжаға кенелер едік, - десті орыс княздері.

Орыс әскері Пьяный өзенінің бойына тоқтап, күндіз түні думандатып жатқан. Арақ ішіп, барқыраған дауыстары айнала деревнялардағы мұжықтарды да жалықтырған. Едіге-Арабшаның күткені де осы сәт еді. Түнімен жортқан қол таң біліне орыс қосындарына жете тоқтап, бие сауым уақыт дем алды. Аттар отқа қойылып, ерсоқты болған жігіттер ас ішіп, күш жинаған. Барлау орыс әскерінің әлі де тойлап жатқанын жеткізді.

- Орыс әскерінің аттарын қуып кетіндер, - деп Едіге бір жүздікті бөлді.

Жүздік межелі жерге жетті-ау деген шамада Едіге де атқа қонған.

- Ал, жігіттер қапы қалмаңдар. Осы жолы Сарайкенің кегін мықтап алуымыз керек. Алла жол берсін. Ал, Әруақ! Әруақ!

Лап қойған Орданың жігіттеріне аңыра қарасқан орыстар қолдарындағы шөлмектерін де лақтырып үлгерген жоқ, аттың баурына түсіп, жан сауғалап қашқан. Орталарындағы жалғыз зеңбірекке біреу от қойған еді, оның добы жүк тиеген арбаға тиіп, өрт шықты. Қолды бастап келген екі княздің бірі есін жиған орыстың көбін топтастырып, қарсылық еткенсіді. Қызу айқас осы тұста ғана. Едіге тартқан жебе княздің оң иығынан қадалып, жауырынынан ұшы көрінген. Орда жігіттерінің бірі князді қақ айыра шапты. Княздің бірі суға түсе қашқан. Атты жігіттер айнала қоршап, қалжырап жағаға шықпақ болған оны сойылмен қайта итеріп тастап, ақыры суға тұншығып өлді.

Пьяный өзенінде орыстарды дүрелеп, сарайкенің кегін алғанымен олар да енді қайта-қайта кішігірім жорық жасап, Орданың мазасын кетірді. Кешегі дәуренді шақта Орда түгілі әр қаланың билігін бақылаған ханның өкілі басқақтардың бетіне қарай алмайтын князді де, мұжығы да есіре бастапты.

О, тоба! Бұл орыстың бояры да, мұжығы да басқақтың рұқсатынсыз қатын да ала алмайтын еді-ау. Аламын деген қыз-қырқынын әуелі басқаққа көрсетуге міндетті-тін. Ал, басқақ:

- Маған үш күнге тастап кет бұл қызды, - дей алатын.

Қыз ұнаса өзі үш күннен үш айға дейін бірге жатып, бірге тұратын. Көбіне ондай қалыңдықты жігіттеріне ұзақ мерзімге беретін еді. Мұжықтың байы да, басқасы да басқақтан қалған қатынды алғанын дәреже көріп:

- Басқақпен туыспыз. Мынау басқақтың баласы деп, тұңғышын көрсетіп, мынау менің балам, - деп мақтанатын.

Иә, Орыс ұлысының салық төлемегеніне де он жылдай уақыт өтіпті. Бұл бас тартудың ар жағында Орданы менсінбеу жатыр. Орданың өзі емес, тағы үшін таласып, қыркысқан хандардың ұлы мемлекетті жеткізген жері осы. Орда сүйретіліп зорға тұр. Тап күні кеше Орданың есігін ашқанына мәз боп, оның өзін бір-біріне жырдай етіп айтатын княздар енді карасын да көрсетпей кетті. Жоқ, бұл Орданы құлатудың бастамасы, оған жол беруге болмас деген Мамай.

Мамай «ә» дегенге, «мә» деп шап ете қалмай, құрықты мойнына алып асау аттай тулаған ұлысты мықтап бұғалықтап тастауды әбден ойланды. Алтын Орданың Еділ, Кавказ маңын мекендеген жұрттардан жасақ жинаған. Қырымдағы румдықтар, кавказдағы еврей, армяндардың да біразы жасаққа енген-тін.

Мамай ұрыға ұқсап табан астынан тап беруді қаламады. Дмитрийге елші жіберіп:

- Төленбеген қаржыны «Жәнібек салығы» бойынша өте, әйтпесе шаңынды қағамын, - деген.

Дмитрий «жеңілдетілген салық» берейін деген өтінішін айтып, іле Захари боярын жұмсап, «жеңілдетілген салықты» жеткізді. Салықтың келгенін

естіп, Алтын Орда бектері түгел жиналған. Бәрінің көкейін тескен Захари әкелген қазына-мүлік. Орданың маңы ығы-жығы халық. Хан ордасы Сарайда. Бұл Еділ бойына жасақ құрған Мамай ордасы. Мамайдың қаһарынан қорыққан бояр Захарий жапырақша қалтыраған.

- Иә, не әкелдің? - деген Мамайдың қатал үні Захаридің мысын тіпті басты.

- Ұлы Мамай хан ...мен әлгі Дмитрийдің бергенін..., - деп дауысы қалтыраған.

- Жәнібек салығы ма?

- Жо... әлгі..., - деп Захаридің үні өшті.

Мамай оң аяғына киген кебісті сілкіп шешті. Аяқтан ұшып түскен кебіс бояр Захариді кеудесінен ұрған. Оны бір дәреже санаған бояр кебісті ілтифатпен құшақтап көкірегіне қысты.

- Сендердің қасықпен жинаған абыройларыңды осы кебістей сілкіп тастаймын, - Мамайдың зілді дауысы Захариді өлімге кескендей естілді. Ызың етіп суырылған қылыш үні тыныштықты бұзған. Әлдекім Захаридің басын төменге итеріп жатыр.

- Хан ием, - жыламсыраған боярдың дауысы зорға шықты.

- Тоқтаңдар! Бұған өлім жоқ. Қожайынының айт дегенін айтып, жеткіз дегенін әкеліп беріп отыр. Елші өлімге қиылуға тиіс емес.

- Енді, - деп қалды дегбірсіздеу бір сарбаз.

Айт, ана Митриіңе. Өз еркімен келіп, алдыма тізе бүгіп, кешірім сұрасын. Әйтпесе, құлағын құнттытып, танауын шұнттытып, түйе бақтырып қоямын. Бұл жазаның ең жеңілі ғана.

Мамай Литва князі Ягайломен де уәделескен еді. Нитва қолының да келуін күткен Мамай жаз ортасында Доп өзенінің жоғарғы саласына қарай асықпай

жылжыды. Оны Ягайло бастаған Литва әскерінің тым сылбыр қимылы да алаңдатқан. Бұл қалай деп күдік ойласа да онысымен ешкіммен бөліспеді. Тас-түйін жұрттың жеңіске деген сенімі берік болсын деп түйіндеді.

Орыс әскерінің құрамында жүз елу мың атты, төрт жүз мың жаяу әскер бар еді. Осынша ауыр қол Дон өзеніне жетіп, өткелдер арқылы өтіп, Непрядва өзенінің ұзына бойына шеп құрып, ұрысқа зор дайындығын бастады. Княздардың көңілдері күпті. Алтын Орда қолымен соғыспақ түгілі тіресіп көрмеген. Ертеңіміз не болады деген уайым жегідей жеген. Княз Волынец жата қалып, құлағын жерге тосып тың-тыңдап, үрейлене басын шайқай береді. Мамай қолы әлі үш күндік жерде еді.

Ягайлоны -күте-күте шаршаған Мамай қолының алдыңғы тобы да жетті. Орыстар таңнан шеп құрып, сақадай сай тұрған. Қолдың тұтас жетуін күтпей-ақ майдан даласына жекпе-жекке шақырып пешене батыр ат ойнатты.

- Жекпе-жек! - деп пешене орыс қолының алдын үш рет айналды.

Пешененің батырлық даңқы Алтын Орданың құрамындағы орыс ұлысы түгілі, арыда жатқан Литва, неміс, Ұрым-Қырымға белгілі-тін. Орыстар жағы бірін-бірі итермелегенімен, көзсіз ажалға қарсы ешкімі шықпай біраз дағдарды.

-Жекпе-жек!

Ақыры княздар елінде бұқамен күресіп жеңді дейтін Пересвет дегенін үгіттеп, ортаға зорға шығарған. Айқас ұзаққа созылды. Екінші айналымда пешене орыс батырының найзасын қағып түсірген. Қапыда кеттім демесін деп оның семсерін суыруына мүмкіндік беріп, өзі де найзасын тастап қылышын қолға алған. Қорқақ

кана арқасына темір тұтады деген қағида бойынша пешене кеудесіне ғана шолақ торкөз киген еді. Орыс батырының бар денесін сауыт жасырыпты. Пешененің сілтеген қылышы орыстың темір сауытына тиіп шақ-шақ еткенімен турап кете алмай діңкесін құртты.

Қарулы қолдың қуатты серпініне шыдамаған Пешененің қылышы қақ бөлінді. Масайраған Пересветтің сілтеген семсерін қалқанмен білектен соғып ұшырып жіберген Пешене:

Аруақ! - деп ақырған.

Көзі атыздай болған орыс қыларға амал таппай қалтырады. Кенет Пешене қалқанды да, белдегі қанжарды да лақтырып тастап, ат үстінде құр қол айқасуға шақырған. Пересветте қанжарын тастады.

Алла жар бол!

Бог, бог, - деп орыс та міңгірлеген.

Орыс батырының басы Пешененің қолтығында. Қанша қысса да орыстың дулығасы сығымға көнер емес, бұрауға да келтірмеді. Пешененің жылжыған саусағы орыстың өңешіне жетті. Тұншықтыра сығымдай бастаған. Иә, сені енді ажалдан темір тоның да құтқара алмас деп іштей күлді Пешене батыр. Кенет сол жақ бүйірінен қадалған суық темірдің бойлап енгенін білді. Айнала карауытып, аттан аударыла құлаған. Орыстың да астында жатқаны соңғы рет жанарына ілікті. Жасырып қалған кездігін Пешенеге қадаған орыстың өңешінен бауыздаған қойдай қан атқып жатыр еді.

Екі жақта өлген батырлардың сүйегін алу үшін лап қойған. Ендігі айқас сол жерде басталып, өзеннің ұзына бойы қанды майданға ұласып жүре берді. Ақырған дауыс, ашынған үн, жараланған аттардың шыңғырғанына сатыр-сұтыр соғылған қылыш, айбалталардың құйқаны шымырлатқан дыбысы қосылып, майдан даласы әлем-тапырық болып кетті.

Алғашқы топпен жетіп, аласа төбенің басында отырып, айқасты көзімен көріп отырған Мамай арттан келіп жатқан жаңа қосындарды өз қолының әлсіздеу тұстарына жіберіп, ұрысты қыздыра түсті. Орыстың қолы кара құрым. Осыншама жасақ жинайды деп Мамай да ойлаған емес. Өзінің әскері де бұлардан кем емес, тек майдан даласына бәрі үлгере алмай жатыр. Әлгі доспын деген Ягайло қайда? Келетін уағы болып еді ғой.

Анау коқайып ортада жүрген Митрий шығар-ау. Мол қол соның айналасында. Өздері бет қаратпай бері жылжып келеді. Қап, мыналарды...деп Мамай жан-жағына қарады. Кенет арт жақтан құйғытып садақшылар жүздігі келе қалды.

- Аналарға тоқтам жасаңдар, - деп бұйырды Мамай.

Бері лықсыған жау тобына таяй бере тоқтай қалған садақшылар бірден оқ жаудырған. Орыс қолының алдыңғы тұсы жапырылып түсті. Садақшылар барлығы бірдей екінші, сонан соң үшінші лек оқты боратты. Иә, бұл Мамай жасағындағы ең кәнігі мергендер. Атқан жебесінің өгіздің кеудесін тесіп, ар жағына шығып кеткенін көзімен көрген. Әрі әр оқтың ысқырғышы бар. Ысқырып, төніп келе жатқан ажал оғына кім шыдас берсін, орыс қолының бұл тұсы шегіне бастады. Осы тұсқа Мамай жиені Төлебек басқарған тағы бір қолды, қосты. Қылышын оңды-солды сілтеген Төлебектің княз Митримен айқасып, қару сілтесіп қалғанын көзі шалды.

Кенет Мамайдың назары жау қолының ортасында жырылып қалып, жан алып-жан беріп айқасқан оншақты адамға түсті. Оншақты сарбазы жүздеген жаудың ортасында арпалысып, бой бермей жүр. Қайран батырлар-ай, қаншаға шыдарсың? Қазақ батырының күркірей ақырған үні жер жарғандай естілді. Майдан даласына жаңа жеткен қол ешкімнің сілтеуінсіз сол қантөгістің ішіне бойлай еніп, орыс әскерін баудай түсіріп өтті.

Әне, анабір тұста ат ойнатқан жас жігіт қарсыласының сілтеген найзасымен қоса өзін ат үстінен жұлып алып, жер жастандырды. Жан алысып, жан беріскен арпалыста қолындағы қылышы түнгі найзағайдай жарқырап, қарсы келгенді бұтадай турап барады. Сол бетінде соңына ергендермен бірге өздерінше ту ұстап, айрықша қимыл көрсетіп жүрген Мәскеу жасағымен қырғын айқасқа кіріп кеткен.

- Кім екен, анау жас батыр? - деп иек қақты Мамай.

- Бұрын көзге түспеген біреу.

- Есімін біліңдер.

Мамай әлгі орыстың Митриі қайда деп майдан даласын ұзақ шолды. Сол бір тұс өліктен де көрінбейді. Қираған арба, құлаған бөрене де сол тұста. Орыс қолбасының Орданың атты әскеріне қарсы жасаған тосқауылы болуы керек, бәрі быт-шыт боп шашылып жатыр. Ұрыс онан арғы тұсқа ауысыпты. Орыс қолының ортасы өстіп ойылса олардың жеңілмегеніне не қалды. Митриі де көрінбейді. Сол итті өлтірмей-ақ тірі ұстау керек еді. Осы қанды қырғынды ұйымдастырған сол ғой, ендеше оның жазасы да бөлек болуға тиіс.

- Әлгі Митриі қайда? Сонан көз жазбаңдар, - деп қалды Мамай.

- Ананы қараңыз, - деді Мамайдың қасындағы жас жігіт.

- Қайсы?

- Ана Мәскеу қолы....

Иә, Мәскеу қолы быт-шыт боп қашуға айналған екен. Тіккен кара тулары қолдан қолға өтіп, әзірше орда сарбаздарының қолына ілікпей тұр. Жапырылып құлаған орыстарын көріп, жан сауғалап орман ішіне қарай қашып жатқандары да жетерлік.

- Япырым, - деп қалды Мамай.

Орман тасасынан шыға келген бір полк әскер орда әскерлерінің бүйірінен тиді. Бұл күтілмеген жағдай. Бұл тұста Мамай қолының жартысынан астамы қанды майданға кірісіп үлгерген. Жағдайды түзеу үшін арт жақтағы мыңдықтың тез жетуін талап етіп, жігіттің бірін шаптырған.

Мындық жетіп, ұрыстың беті енді түзеле бастағанда орыстың жаңа бір полк тың күші майданға кірді. Қанды қырғын көз салып болмайтын жағдайда еді.

- Мыналар..., - деп жас жігіт түйілді.

-Жеңіс бізде болады. Артта келе жатқан екі лек әскер бар, - деп Мамай майдан даласына тағы да зер сала караған.

Сонау арт жақтан құйындатып біреу келеді. Анда-санда естілген дауысына, асығыс шабысына қарағанда өте жедел хабар әкеле жатқан адам екені даусыз. Сол атын қамшылаған бетте дәл Мамайдың жанына келіп, секіріп түскен. Жүзі әлем-тапырық.

-Тақсыр...

-Иә, айт.

-Жау.

- Қайдағы жау?

- Тоқтамыс сарайды алыпты. Қалың қолын Еділден бері өткізіпті. Айтыстары алдыңғы түмен қос-қостан ат мініп, шапқылап келе жатыр. Бүгін түсте, не кешке дейін осында жетіп, біздің ту сыртымыздан тимекші.

Мамай түнеріп кетті. Жетпегені осы сатқындық еді. Өнебір жылы Ұрыс хан орысқа болысып өстіп діңкесін құртып еді. Енді мынау Тоқтамыс...Бұлардың бәрінің орыспен астыртын байланысы барына енді не күмән. Алдындағы жаумен айқастың шешуші сәті дәл келгенде желкеден келіп ағайыны ұрмақ. Ягайло ше? Ол қайда? Ең болмаса ол да жетпеді. Мүмкін оның да өз есебі бар шығар. Орыс пен Орда қырылысын, сонан соң екеуін де басып қаламын дейтін болар. Енді не істемек керек?

Майдан даласында айқасып жатқандарға тағы бір жүздікті ғана көмекке қалдырып, Алтын Орданы енді Тоқтамыстың бүліншілігінен сақтау үшін Мамай еріксіз ұрыс алаңын тастап кейін шегінді.

- Қап! - деп өкінді Мамай, - Ягайлоны күтіп үш күнді бекер өткізгені-ай. Мына Күліктің даласында Алтын Орданың жеңіс туы желбірек еді-ау.

Тоқтамыс Едіге басқарған түменге қосар ат беріп, жедел жүріп, Мамайды құртуды тапсырған. Едіге керісінше асықпады, ат шалдырып, баяу жылжыды. Жігіттерінің біреуін Мамайға аттандырып, дос ниетін танытып, ұрысты алаңсыз жүргізе беруін қадап айтқан. Өттең, сол жігіттің орыс шолғыншыларының қолына түсіп, мерт болғанын Едіге де білмеді.

Мамай жеңілдіге саналды. Жеңгенге санаған орыстың бес жүз елу мың әскерінен қырық мыңы ғана тірі қалды. Князь Митриин өлімші боп жатқан жерінен кейін тауып алды.

Сатқындық Мамайды қазаға ұшыратты. Сан гасырдың куәсі боп Мамай қорғаны тұр. Қасиетін сағынған ел «өлдің Мамай - қор болдың» деген өкінішін әлі білдіріп келеді. Қолына қалам ұстаған азамат Мамайдың зираты болса ең болмаса басына тәуеп етер едім дейді.

Сандал көкті асықпай ерттеп, тартпасын әлдірек тартса да, айылын бастау қойып, кермеге байлаған Едіге хан ордасы жағына көз салды. Ордаға кіріп-шыққандар көп болушы еді, екі күннен бері саябыр. Есесіне шатырларын хан ордасына жақын тіккен әнебір саудагерлердің орданы төңіректеуі жиі. Көпес дегендер ханға беретінін берген соң, онан аулақ қашып, пайдаға

түскен тиынын жасырып әлек болушы еді, мыналардың ұстанымы бөлек. Өздерін сонау орыс ұлысынан келген көпес дейді. Күн күйдіріп түсі оңып кеткен күзді күнгі көдедей сап-сары шашын желкесіне жіберген, мұрыны қоқиған, ұзын тұра шикіл сарысы жұрт жүрген жакқа аттап баспайды. Су ағатын сүңгідей аузына қарай төнген мұрынының астына әдейі жапсырғандай мұртының шалғайының ұшын тістеп жүретін неме әлдеқалай ордалықтың біреуі өтсе қабаған ит жетектеген кісіні көргендей қыржияды. Сирек те болса орданың маңында жүргендерге көз салмай, жалғанда жалғыз өздері сияқты кекірейеді.

- Көпес пе, бұлар? - деп сұраған Едіге таңданып.
- Көпес деседі.
- Арба-арба жүгі, не түйелі керуені қайда?
- Сарайшықтан бері келе жатыр дейді.

Сол күні шатырларынан тысқа шыққан шикіл сары мен танауы таңқиған тапал екеуі ыржиысты. Көңілдері қош сияқты. Сірә, керуені келіп қалған болар.

-Пұлың қалай? - деді тапалы.

-Пұл өтті ғой.

Пұлы несі? Өткені қалай? Керуендері келіп те үлгерген жоқ еді ғой деп ойлады елеусіз жерде тұрып, екеуінің әңгімесін құлағы шалған Едіге. Сол күні көпес-орыстар зым-зия жоқ болды.

- Керуені Сарайшықтан шықпай қалыпты, соған қайта кетті, - десті біреулері.

Едігенің көңілінен «бұлар кім болды екен» деген күдік кетпеді. Саудагер деуге ұсқыны келмейді, елшіден жөні басқа. Сонау алыстағы орманды орыс деген елден сонда бұлар Тоқтамыс ханға неге келді. Хан өзінің Ордасының маңына сол күндері Құлман биден басқа ешкімді неге жолатпады. Бұрындары керуен келсе хан саудагерге қамқорлық жасап, келген жүкті елге жария етуші еді, бұл жолы бәрі басқа.

Апта өтті. Кенет Тоқтамыс хан өзіне қарасты үлкен-кіші әмірлерді тік көтеріп, самсаған сансыз қолмен күн батысқа қарай бетті бұрған. Қайда барады? Не үшін? дегенге белгілі жауап жоқ. Әркімнің өзінше болжамы тілдерінің ұшында.

- Қажы Тарханға барады екенбіз.

-Жоқ, бетіміз Қырым дейді.

- Қырымда не бар? Бер жағында Капказ жатқанда.

- Әйтеуір олжа ма іздегеніміз.

- Сонау күнгі орыстар қонаққа шақырмаса, - деп мұрты жаңа шығып келе жатқан бозбала бәрін күлдірді.

Сары желіспен қолдың қозғалғанына талай күн. Таң қараңғылығынан атқа қонады да күн шақшиып төбеге шығып, ыстықтан бас айнала бастағанда аттан түсіп, ыстық қайта ат ерттеледі. Күндегі тәртіп осы.

Сыналған, ерлігі танылған адам ретіне іліккен Едігенің соңына мыңдықты ертіп қойған. Мыңбасылар түгілі түменбасылар барар жолдың шет-шегінен хабарсыз.

Жетінші күннің соңына қарай Сарайшықты айналып өтіп бара жатқан қол, кілт тік бұрылып қалаға қарай ат басын қоя берген. Қамсыз отырған қаланың бас қақпасы да, басқасы да ашық қалыпты. Тіпті, қарсылық көрсетер қалада ләшкер де жоқ екен. Алтын Орданың бас қаласының қамқоры Мамай сонау орыс ұлысына жорыққа кеткеніне де талай болғанын осы жерде естіді. Ұрыс ханның кезінде бүлдіріп-қиратып, тонап кеткен қаласы Сарайшықты Мамайдың әбден қалпына келтіргені көзге ұрған.

Тоқтамыс хан қанды қырғынсыз қолына түскен Сарайшықтағы жеңісін тойлады. Әнеукүнгі Көпес боп келген шикіл сары мен таңқы танаудың да кім екені белгілі болған. Тоқтамыс өзін Алтын Орданың ұлы ханы деп жария етті. Бас уәзірі Кенжен, төбе би Құлман.

Бұрын ат ізін салып көрмеген Алтын Орданың астанасын көру көпке таңсық. Таңсықтың бірі Едіге. Едіге өзінің мыңдығымен Сарайшықтың шеткі жағына орналасқан-тын. Қала тұрғындарының біреуін жолбасшылыққа алып, қаланы бір шетінен аралауға шыққан. Ерте шыққан адамдары да жөн білетін кісі екен, сұрағандарына жауап беріп, өзі де көңілдегісін қоса айтып келе жатыр.

- Қанша мың тұрғыны бар қаланың? - деп сұрады Едіге.

- Ұрыс ханның тонауынан бұрын жүз мыңға жуық еді, қазір сексен мыңға таяу адам бар қалада. Жан-жақтан әлі де келіп жатыр гой, - Жолбасшы неге сұрады екен дегендей Едігенің жүзіне жалтақтады.

- Әлемдегі ірі қала Мысыр деуші еді, соған жақындап қалған ба? - деп таңданды Едігеге ерген Аңдысын.

- Алтын Орданың алтыннан асыл астанасы..., - деп Едіге арғы жағын айтпай тоқтады. Көңіліне әкесі Құтлықияның, Сыпыра жыраудың, кеше көз алдарында дүниеден өткен Сейтәлі ақсақалдың айтқандары оралды.

«Алтын Орда ұлы шаңырағымыз. Ел билегендерге береке болса игі. Таққа ұмтылған хан біткен қасиетті қаланы шауып ала берсе, арты не болады мұның».

Түске жақын шақ еді. Шөліккеп те, шаршаңқырап та қалған секілді. Алдыдан кезіккен үлкен мешіттің жанына кеп тоқтады. Мешітке жұма намазға мың адам сыйып кететіндей екен. Көгілдір күмбезі көк аспанмен ұнаса тілдесіп тұрған Мешіттің қос мұнарасы көк тіреп, аспанға өрлеп кетіпті. Шығыстың әсем ою өрнегімен көмкерілген мешіттің сыртына көз тоқтата алмай шалқая берген Аңдысынның тақиясы жерге түсті.

- Туһ. Бар екен., - деп еңкейді Аңдысын.

- Тура осындай Сарайшықта он үш мешіт бар, - деп қалды жолбасы.

- Қанша?

- Он үш үлкен мешіт, сыйымдылығы жүз ер адам, жүз әйел адамдық жүзден аса кіші мешіттер бар. Бәрі де осындай өрнектелген, - Жолбасшының үнінде мақтаныш жатыр.

Сол жеткен жерлеріне тоқтап, түскі астарын ішіп, бесін намазын оқыды. Намазға тұрған жұрттың «сен кімсің» деп сұрағаны жоқ. Намаз біткен соң Алла алдындағы тілегі қабыл болсын деп бірталайымен төс қағысып, қауышты.

- Енді аралар жеріміз қанша? - деп сұрасқан жолбасшыдан.

- Пәлі, біз қаланы бір шеңбермен айналғанда жартысына енді ғана жеттік. Әлі алда талай-талай көрерлеріңіз бар. Қала орталығына бүгін барып үлгермейміз.

Аяғының құрыс-тырысын жазып, бұрын қабынған өкпесінің сырылын басқан жолбасшы аралап жүріп кетуге асықпады. Басына шылауыш ораған әйелдің сапырған қымызы мен шұбатына қайта-қайта мойнын созып қараған.

- Шіркін Арқаның қымызына, Қаратаудың шұбатына не жетсін.

- Ол жақта болып па едің?

- Екі жұртты тел еміп өскен бейбағыңыз боламыз да.

- Е, солай деңіз.

Тел еміп өскен бейбақ енді нағашысын тауып алғандай шалқыды. Ат кісінескенше, адам тілдескенше деген осы да. Сарайшықты мақтан тұтатыны сөз арасында кесек-кесек түсіп жатыр. Айтысына қарағанда мұнда кім жоқ дейсің, қапқаздың шеркесі де, орманның орысы да, румның көпесі де, парсы-арабтың ғұламасы да, Қаракорымдық моңғол, жібегін арқалаған Қытай да жетерлік. Әр халық өзінің махалласында жеке-жеке.

Ортақ табыстыратын қан базар. Қан базарға ертерек ілікпесең жұрттың қалыңдығынан «эй» деп дауыстайтын жерге өте алмайтын кез жиі болады екен.

- Соншама жұрт қайдан келеді? - деп таңданды Аңдысын.

- Пәлі, - деп ернін шүйірді жолбасшы, - Сен өзін көрмеген соң сенбейсің ғой, бұл қалаға күніне елу түйеге артқан жүк келеді. Соның кешке бәрі бос қайтады ғой. Анау Қытайдан, алыстағы Арабстаннан, Румнан келетін керуен өз алдына. Ал, біздің саудагерлер сонау Сібірден арғы күн батса шықпайтын, шықса батпайтын жерлерге де барады ғой.

- Е, ол жаққа біздің дархан, динарлар жүре ме екен?

- Ол жұрттың саудасы да қызық. Апарған тауарыңды қоясың да кетесің. Ұрлайды-ау деген ойына да кірмейді. Ертеңіне барсаң тауарынның жанына құнды-құнды аң терілерін үйіп қояды. Бағасы да шамалас, көбіне сенің пайдаңа келердей. Соны алып, кері қайтасың. Сауда «мә саған, мә маған» дегендей тікелей айырбас.

- Базардағы жақсы аттың құны қанша? - деп сұрады Едіге.

- Отыз бен елу дирхем арасы ғой.

- Елу дирхем.., - Аңдысын таңдайын қақты.

- Жылқы деген даладағы аңнан көп қой, сонан соң да арзан. Күлкі үшін айтайын, алдыңғы жылы жаздай жауын болмай, жұрт қиналды. Сонда бір тәуіп әйел елге «қазыға әр үш адамнан екі дирхем жинап беріңдер. Мен жаңбыр жауғызамын. Жаңбыр жауса ақша менікі, жаумаса сендердікі» деген. Жауғызды ғой. Елу мың дирхем алды әлгі тәуіп, онысын өзін есептеп кер.

Қолөнершілер деген жатпай-тұрмай бір іске шүйліккен қауым да қозы көш жерді алып жатыр екен. Бәрінің басын қосып «қолөнерші» дегенмен әрқайсысының атауы басқа, отауы бөлек жұрт. Самарқанның шеткері тұстарында

олар да жеке махалла болып отыратын. Ондағы өзін «ұста» деп атайтындардың көбінің түсі бөлек, тілі шұбар-тын. Әмір Темірдің пәрменімен қолынан іс келеді, өнерлі дегеннің бәрін түбі түрік пе, қонысы Қытай ма, қаны үнді ме, әлде парсы ма, бәрін-бәрін шашау шығармай Самарқанның маңына, Бұхар, Үргенішке жинаған-тын. Көк тіреген мешіт-медреселер, күңгірлеген мазарлар, сәулетті сарайлар солардың қолынан шыққан-тын. Түрі-түсі бөлек жұрт бір өнерге бағындырылып, бір кесенің сыр-сипатын бір ғана халықтың тума-түсінігіне келтірген.

Сарайшықтан Едіге сол кейіпті таба алмады. Бәрі егіз туған қозыдан өрбігендей қоңырқай өңді дала жұртының келбетінде. Сірә Бату хан да, оның ойлы ізбасарлары да озық қолөнерді ерте ойлап, ерте қамданса керек. Қолөнершілердің бәрі де бір тілде, қыпшақша сайрап тұр. Түр-түсі бөлек бірен-саранының өзінің сәлемі қыпшақша.

Әнебір тұста кесек-кесек шойын темірді балшықша илеген ұсталар қауымы бір отау екен. Ауыр-ауыр дем алған көріктің алдынан шыққан шыжылдаған темірден біреулері шаруашылыққа қажетті үй құралдарынан шалғы, қайшы, балта, түрлі пышақтар жасап жатса, басқаларының қолынан қылыш, найза, сауыт-сайманның неше үлгісін көріп Едіге іштей риза.

- Бұлар Темірді қайдан алады? - деп сұраған.

- Орал бар емес пе. Сол таудағы кеннен ағызып алатын ортек пештері бар. Ондағы ұсталар да осы өзіміздің туысқандар. Бізде бәрі-бәрі ойластырылған - деп мақтанды жолбасшы.

- Осы жұмыстың бас иесі бар ма?

- О, не дегеніңіз? Ұстаның істегені өзінің меншігі. Бірақ бар жұмысты арнайы әмірі бақылап, реттеп отырады. Әйтпесе, әркім өзінше лағып кетпей ме.

Сонау бір шетте тері илеп, былғары шығарып жатқандар көрінген. Олардың маңында иірілген халық. Тапсырыс беріп жатқандар да, бұл істі алғаш көріп қызықтаушылар да жетерлік. Қаратаудың Құмкентінде сақылдаған сары аяз болмаса да шыдатпайтын ызғырығы бар. Анасы марқұм Едігеге балалық шағында иленген қой терісін қынаға салып бояп, сан қызыл тон тігіп берген. Тері илейтіндерде сол әдіс. Тек әр жұмысты әркім бөліскен. Алғашқысы теріні майдан тазартса, келесісі кептіріп, онан арғысы иге салып, біреулері көлеңкеге қойып, шебері тонды пішіп, тағы біреуісі тігіп машықтанған сияқты. Әркімнің күнде жасайтын ісі болған соң әбден жаттығып, кәнігі болып алған.

Саз илеп, көзе, құмыра жасаушылардың жанынан өтіп бара жатқанда біреудің:

- Мынау Едіге,—дегенін естіп қалды. Әсем құмыраны қолына ұстап тұрып қабақ астынан қанша көз тастаса да есімін атаған адамды тани алмады. Сірә, сыртынан білетін көптің бірі болар деген.

Күн де кешкіріп бара жатыр. Беттерін ортаңғы алаңға қарай бұрған. Мұнда сыңсыған сансыз сарай, әсем ғимараттар. Көріп көз тұнарлық салтанат осында. Қаланың бар ғимаратынан да биік бас мешітінің көлемі мен сәніне таңданбасқа лаж жоқ. Сол бір тұстағы сарайды:

- Бұл манат сарай, - деді жолбасшы.
- Қандай? - деп Андысын қайта сұрады.
- Ақшаны осы жерде жасайды. Кешегі Берке хан да, Өзбек хан да манаттарын осы жерде құйғызып, атын ататып жасаған. Ол ақшалар әлі қолданыста.
- Апыр-ай, ә.
- Міне, көруіңе болады, - деп жолбасшы түймедей алтын теңгені ұсынған.
- Тамаша екен.

- Өз ақшасы болу сол елдің басты белгісі.

Орталыққа жетпесе де көргендеріне риза Едіге мен Андысын қала шетіндегі қосындарына қарай аяндаған. Шаң көтерімесін деп көше табанына жалпақ тастарды қиуын келтіре төсеп тастаған. Өкшесінің нәлі бар етікпен тастақты көшеде жүріп өтудің өзі бір сән екен. Өкшелерін еріксіз тасқа қадап, қосын тұрған маңға іліккенде қою қараңғылық та түскен еді. Едігенің көргендері көңіліне мәңгіге түйілген-тін.

Сарайшықты алғандар ішкенге мәз, жегенге тоқ, ырду-дырдулы. Едіге бұл тоқтың да баяны боларына сенімсіз. Әуелде босағасынан төріне дейік қалса көріне дейін тайғанақ көрінген мына тірлікте бес тиындық олжа тапқанын қуаныш санап, ішіп-жеп, таңертең бастаған әләулайын кешке созғандарға қарап түңілген. Бұл тұрмысы да өтпелі екен. Хан шақырды. Бас уәзірі Кенжен де, төбе биі Құлман да тақ жанына шөмейіпті.

- Жаныңа бір түмен ләшкер беремін, - дегенді айтып, осыным қалай әсер етті дегендей Тоқтамыс сөзін үзіп, Едігенің қас-қабағын бақты. Сөздің артын тосып, Едіге де жүзін бермеді. Хан қақырынды, - тура бір түмен. Тап бүгін жүресің. Әр жасақтың қос-қостан ауысып мінетін аты болады.

- Иә, солай... солай, - деген Құлманның қосарласқанын Тоқтамыс хан жақтырмай, алақанын көтеріп, зілсіз сілтеді. Құлман жалтақтап, сөзін тыйған.

- Тездетіп Еділден өт. Онан әрі... - Хан Тоқтамыс тағы сөзін жұтты.

Еділден жедел өтеді екен, онан әрі...Иә, хан мұны қайда жұмсамақшы? Бейбіт іс болса мұншама әскер бермес еді. Еділдің ар жағында Мамай. Мамай орыстың басбұзар князын жуасытуға кетті деген. Сонда қалай, Едіге кімге көмекке бармақшы? Мамайға ма? Онда Тоқтамыс Сарайды неге басып алды. Жоқ, мынау басқа

шабыс. Мамайды талқандауға, орысқа көмекке жіберіп отыр. Көңіліне осы ой келген Едігенің қаны басына шапты.

- Әлгі Мамай деген қарақшы біздің рұқсатымсыз орысты шабуға кетіпті. Соны мықтап дүрелеп алу керек. Реті келіп тұр. Ол орысқа алаңдап жатқанда, тез жет те ту сыртынан таспа тіл

Не істеу керек? Едігенің миында сан ойлар жүгіріп өткен. Бұл бармаса басқаны жұмсайды. Әйтеуір Мамайға төнген қатер бар. Сол сатқындықты сейілтуге жарар амал не? Осыны өзі ғана табуға тиіс.

Ханның айтқанын құп алғандай болған Едіге Еділ жағасына тез жетті. Тоқтамыс хан тап жүрер алдында елді жинап, Едігенің бұдан былай түменбасы лауазымын алғанын, оны өзінің бас сардар танитынын жария еткен.

Еділден тез өтуге Едіге де асықты. Шалқыған сан дариядан өтіп үйренген Орда әскері бұл жолы да сол көне әдісті пайдаланған. Қару-жарағы мен киім-кешек түйіншегін қанжығаға байлап, аттың жал-құйрығына жармасқан әскердің қанша қиындау болса да өзеннен жүзіп өтуі аса ұзаққа созылмады. Тез өтуге мүдделі Едігенің өз есебі бар-тын. Тоқтамыс хан әскерін жұмсапты, олар Мамайды желкеден соғады екен деген сөз ұзын-құлақтан тез тарап, Мамайға жетуі әбден мүмкін. Мамай да қарап жататын жан емес, Тоқтамыстың Сарайшықты алғанын, ендігі оның беті қандай екенін Мамайдың да адамдары Едігеден де бұрын естіп, ұрыс даласына әсер етуі мүмкін. Ендеше, Едіге де Мамаймен күні бұрын тілдесуі қажет деп шешкен.

Өзі түменбасы дәрежесіне ие болған соң, біраздан бері өзіне серіктес болып жүрген Қажы Мұхаммедті онаша сөзге шақырды. Қалың қолдан бөлініп, екеуі жеке шыққан.

- Мамайды желкесінен соғуға барамыз, - деп Едіге сөз ұшығын тастады.

- Осының жөні қалай болар екен, - Қажы Мұхаммед желкесін қасыды. Үнінде торығу бар сияқты.

- Соны сенен сұрайын деп едім.

- Осы істің дұрыстығына күмәнім көп.

- Сонда.., - деп оның сөзін тағы тосты Едіге.

- Мамайдың мақсаты Алтын Орданы менсінбей бара жатқан орыс ұлысын тәубаға келтіру екен. Алтын Орда ата-бабамыздың көне жұрты. Мамайды ұрғыштап, орысқа көмектессек, Орданы қиратысқан болып шықпаймыз ба? - деп Қажы Мұхаммед көңілдегісін бірақ төкті.

- Дұрыс айтасың.

Қажы Мұхаммед өзіне әбден сенімді немере інісін ерте келген. Оңды-солды танитын жігіт ағасы болып қалған, қияқ мұртты кісі екен. Едіге барар жолдың себебін де, қиындығын да әбден түсіндірді.

- Мына хатты Мамайдың өз қолына тапсырасың, - деп тілдей қағаз ұсынды. - Қатер төнсе не жырт, не жұтып жібер. Мамайға Тоқтамыс бізді сені желкеден соғуға жұмсады. Олай ете қоймаспыз. Орыс князының әскерімен алаңсыз соғысқан. Оның жеңгені біздің жеңісіміз, көрісер күн жақсы болсын дегенді ауызша жеткіз.

- Құп болады.

- Сені жалғыз жіберіп тұрмыз. Бұл сырды үшеуімізден басқа ешкім білмеуге тиіс, - деп сөз қосты Қажы Мұхаммед, - Қосыннан, шығып кеткенінді де ешкім байқамасын.

Қажы Мұхаммед немере інісін бұл жалғанда соңғы рет көріп тұрғанын қайдан білсін Қосақ атын ауыстырып мініп, күні-түні жортқан інісінің Ягайлоның әскері көмекке жетсін деп ақырын жылжыған Мамай қосындарының соңғы бөліктеріне жақындай бере далалықтарша киініп алған орыс шолғыншыларының

қолына түскенін, кескілесіп айқасып жүріп тілдей қағазды жұтып жіберіп барып соңғы демін сарыққанын кім біліпті.

Еділден өткеннен кейін әрнәрсені сылтаурап, ат суытуды көбейткен Едігенің түмені ақырын ғана жылжыған. Аттары да тың, өздері де әлеуетті. Күн өткен сайын Едігенің жүрегі де күпті. Асығыс кеткен Қажы Мұхаммедтің інісінен хабар жоқ. Қос атты кезек ауыстырып, жолда аз-аздан шалдырып отырса да барып жететін шама болған еді. Оның үстіне аттар аса қалжырамас үшін кепкен етпен де азықтандыру ойластырылған.

- Не хабар? - дейді Едіге Қажы Мұхаммедке.

- Әзірше..., - деп ол алақанын жаяды.

Ақыры суыт хабар жетті. Суыт хабарды жеткізуші Күліктегі қан майданнан жанын сауғалап бері қашқан Мамай қолының жігіті.

- Орысты жеңіп, қиратып бара жатыр едік, Тоқтамыстың қалың қолы желкеден соғуға келіп қалды деген соң амал жоқ майданды тастай қаштық.

- Мамай қайда? - деп сұрады Едіге. Естіген хабардан Едігенің өн-бойы суып сала берген. Тісін қайрап жібергенін өзі де байқамады.

- Мамай да шегініп кеткен.

- Сатқынның ісін тындырдық-ау, әттеген-ай.

- Өз ұямызды өзіміз бұзып жатырмыз, - Қажы Мұхаммед бөркімен санын сабалады. - Інім қайда? Бекер жалғыз жіберген екенбіз. Жетпеді-ау біздің хабарымыз Мамайға. Жеңіп тұрып тұа қаштық деді-ау мына жігіт. Осыдан артық сор маңдайлық болар ма? Бұл өкініштің де қайтар уақыты келер ме? Қара аспанды жау алды деген осы екен ғой.

Ілгері жылжып барып, түменін тоқтатқан Едігенің алдынан кейде жеке-жарым, көбіне тоб-тобымен Мамай

әскерінің қалдықтары өтіп жатты. Едігенің қалың қолынан әуелде үріксе де, жау ниетте деп естіген бұлардың өздеріне тимегеніне таң қалып, тосылды. Әуелде босқынға айналған Мамай жасағына кезігіп, олжа іздеп, тиісіп қалғандар да көзге ілінді. Едіге оларды дүрелетіп тастап, мынау босқынның өз жұрты, өз бауыры екенін катал ескерткен. Соның салдары болар кейбір жүзбасы, мыңбасылар ризалықтарын білдіріп:

- Біз өзіңмен қашанда біргеміз, - дегендерін де естіді.

Естіді де іштей қуанды. Ең болмаса өз қол астындағыларға ел-жұрт барын, бәрінің ағайын екенін санасына құйса, өмір деген талапай олжа табудан тұрмайтынын көкіректеріне түйгізсе, ол да үлкен олжа.

Мына қырғын соғыстың арты не болады? Анау Мордваға дейінгі жер Дешті Қыпшақ атанған ата-бабаның көшіп қонып, жаз төлін төлдетіп, қыс қасқыр қуған даласы еді. Мамай жеңілді, елі қырылды. Қырылмағаны енді босқыншылыққа ұшырап, жеткені Қапқаз асып, Қырым ауып, қолға түскенін орысы да, полягі де құл етіп сатып, иен дала адыра қалады екен. Тоқтамыс ханның үркіншілігінің жеткен жері осы. Кім, не ұтты?

Қалың қолынан бөлініп шығып, жалғыз терекке арқасын сүйеп, ой таразысына салған Едігенің көңілі азынады. Мына дала Дешті қыпшақтың балаларының көз жасына толып, өзен боп аққандай, жылаған баланың, аңыраған ананың дауысы жеткендей тұла бойы езілді.

Анау Мордва, Шуаш кеше мұсылман дінін ұстаған ел еді, қара ниет княздар қыста бала-шағасымен өзенге айдап тығып, шоқынғанын шығарып, бас имегендердің тау-тау өлігін суға ағызып жіберді. Өткенде Пьяный өзенінде өткел көрсеткен сол Мордва мұсылмандары еді, олардың тәнін жалаңаштап мұз үстіне сүйретіп, итке талатып біразын қырып салды. Мынау елді енді не күтеді.

Иә, Алтын Орда орысты жаулады, бағындырды. Ай сайын бұл орыс итше таласып, бірін-бірі қырушы еді, Орда соны тоқтатты. Әй, әйтпесе бұлардан тұқым қалар ма еді, қалмас па еді. Орданың осы бір ғана жақсылығын ұмытқандарға не дауа.

Алтын Орда бұларды орманның ішінде жүріп аң болып кетпесін деп қалалар тұрғызды. Пруттағы Ақ керман, Тұнайдағы Килия, Днепрдегі Арғымақты сарай, Ақмешіт, Кубандағы Қопа, Мордвадағы Мохша, Сарытаудағы Белжаман, Еділдің жоғарғы бойындағы Бектас қалалары, ту қайсыбірін айта береді, Алтын Орданың екі жүзге жуық қаласына енді кім ие? Алтын Орда алып еді, бақ пен тақ таластығы, ішкен-кигенге мәз тойымсыздық түбіне жетіп барады.

- Енді қайтеміз? - деп сұрады жанына келген Андысын.

- Қажы Мұхаммед қайда? - деп Едіге қарсы сауал тастады.

- Ол да мүжіліп отыр.

- Шақыр ендеше.

- Не үшін?

- Шақырсайшы, ойластырар жағдай бар.

- Енді ойлайтындай да ештеңе қалмады-ау, - деді кетіп бара жатып Андысын. Андысын да осы күндерде шөгіп, жүдеп шыға келген екеп Жүрісі де сылбыр, баяу.

Қажы Мұхаммед, Андысын үшеуі түменбасыға делінетін Едігеге арнап тігілетін шағын кигіз үйде бас қосты. Өзі сенген екі серігінің жүзі де жылап көріскендей, өңдері солған.

- Ендігі бет.,—деп Едіге қарады. Екеуі де үнсіз төмен караған.

- Босыған елмен кетпесек., — деп Андысын қыжылын төкті.

Ендігі бет Сарайшық. Тоқтамыс бізді қуана қарсы алмас. Сөз таситындар да жетерлік қой. Хан әуелі мені шақырар. Сендер аулақтау болындар. Ат-тұрмандарың сай болсын. Жағдай қиындаса босыған елге кетерсіңдер, деп Едіге Андысынға іле жауап қатты.

Қолды Еділден қайта өткізген Едіге жанына оншақты ғана адам алып хан ордасына жедел жүріп кетті. Түменнің шаруасын Қажы Мұхаммед пен Андысынға тапсырған. Өзін алдыда не күтіп тұр, ол жағы беймәлім. Тоқтамыстың тапсырған ісін жеріне жеткізе орындамағаны үлкен түгілі балаға да анық. Ендеше, хан мұны қалай қарсы алмақ. Оның үстінде осындайда көрініп қалуға тырысатын Құлман би де бар.

Араға әлденеше қонып түнделетіп жеткен Едігені ханның «айтып» келіне жараған Қиқу таз ертемен-ақ «хан шақырады» деп табалдырық аттаған. Өзі көңілді. Мұрынынан сөйлеп

- Әп, бәлем, осы жолы., - деп мінгірледі. Сірә, Ордада біраз сөз бар сияқты.

Алтын Орданың алтын тағының үстіне малдасын құрған Тоқтамыс бүгін айбынды көрінді. Алтын Орда кімнің де болса жетпеген көңілін желпіндіріп, мысын аспандатады ғой. Мына Тоқтамыс кеше Ұрыс ханнан таяқ жеп, жылап отырған жерінен өзі құтқарған пенде емес, айы аспанда, көңілі күнде. Сәлемді де салқын салды.

- Иә, сөйле, - деді ызбарланып.

- Түмен Еділден бері өтті, - деді Едіге қасақана. Онысы білгің келгені осы ма дегендей естілді.

- Мамай қайда? Мамайды неге шаппадың?

- Тақсыр, бір түмен ләшкермен Мамайдың жүздеген мың қолына тиісу ақылды адамның ісі ме? Арыстан айға шауып мертігіпті деген осындайдан шыққан.

- Мынау бізге ақыл үйретпекші ме? - деп Құлман би талағы тарс айырылды.

- Дұрыс айтасыз, би-еке. Сіздей ақылшы сол жерде қажет болды. Соны ескермегеніне өкінемін. Өткенде, Тарқас елін шабуға барар жолда, сіз қатты науқастанып қалған едіңіз, енді ес жиыпсыз. Ендігіде сізді ұмытпаспыз.

- Өй, мынау... — Құлман би сөз таппай, алақан жайып алақтады.

- Хім! Хім! — деп Кенжен мырс етті. Өзіне бақталастай боп жүрген Құлманның сүрінгеніне қыбы қанған. Тағы да айта түс дегендей Едігеге жылы қабақ танытты.

- Ұрыс болып жатқанда Мамайды желкеден неге соқпадың? - деп түйілді Тоқтамыс хан.

- Орыстар онсыз да Мамайды жеңгенін естідіңіз ғой. Жау жұмысыңды тындырса, араласып нең бар? Бір адам болса да шығынсыз тұрғанымды жөн санадым.

- Қашып бара жатқан Мамайдың топ-топ адамына талай жолығыпсың, оларды неге шаппадың? Осың жөн бе? — деп Құлман тағы араласты. Осыма не дерсің деп қабағын түйген.

- Олар босқын еді. Қарулы ат ойнатқан жасақты көрмедім. Босып бара жатқандар осы Алтын орданың адамдары. Көбі қатын-бала. Соларды қырып-сал деп сіз ақыл айтар деген сөз есіме келмепті, Құлман би. Дешті Қыпшақтың даласын өлікке толтыр, енді сол даланы орыс иеленсін дегенді Сіз айтар деп ойламаппын.

Кенжен шиқылдаған күлкісін жасыра алмады. Бас уәзірінің мына қылығы, төбе биінің дауына Едігенің мазақ еткендей жауабы сайқымазақ ойынға айналып бара жатқанын Тоқтамыс енді түсінді. Иә, мына Едігені ұстай білген жөн. Мұны қазығын айналған арқандаулы аттай ету керек. Иә, солай деп шешкен Тоқтамыс хан.

Тоқтамыс хан бой жетіп отырған қызы Жәнікені Едігеге қосты. Мұнысын ертеден үзілмей келе жатқан

достығының белгісі, Едігенің ерлігінің өтеуі дегенге де келтірген. Қыз ұзату тойының аяғы Тоқтамыстың ұлы хан болуы, Мамайды құрту дегенге ұласып, созыла берді. Хан сарайының жүздеген адам сиятын үлкен бөлмесіне ығай мен сығай сықай жиналған. Зор мәртебелі адамдарды күтуші жігіттер қолтықтай әкетіп, әрқайсын орын-орындарына жайғастырған. Ұзынырақ көйлек киіп, ал жапқыш асынған күтуші келіншектердің саны тіпті көп.

Жұрт жиналған шамасында Тоқтамыс та табалдырық аттады. Гуілдеген қошеметке ие хан төрге жетіп, айналасына сүзе қараған. Ұзын көйлектерін желпілдете жеделдете жүгірген келіншектер тағамның неше алуанын хан алдына тосып, көз қиықтарын тастай бере кері жөнелген. Осындай келіншектердің қамауымен хан тоқалы Тұлымбике сұлу да өрлеп кеп, ханның жанынан орын тепті.

Тоқтамыс ханның оң тізесінде бас уәзір Кенжен. Уәзірліктің белгісіндей айрықша бөрік киген Кенжен шөккен орнында байыз таппай, Тоқтамыстың жүзін жиі барлайды. Бас уәзірге жанаса отырған Құлман би үнсіз. Ұзату тойы тарқаған, бұл енді басқаша қуаныш дегенді білдіргендей Едігеге орын бар ығай мен сығайдан кейіндеу тиіпті. Оны мына отырғандардың ішінде бас уәзір мен Төбе би жақсы түсініп отыр. Оның үстіне бұл деген ханның Едігеге деген айрықша ықыласы да жоқ дегеннің нышаны.

Басқа пәле тілден, әйтпесе қатыннан деп ұғатын Кенжен уәзір Толымбике сұлу және оның айналасындағыларды бір шолып өтті. Бұл күнде Тоқтамыс хан өзінің кіші әйелі жап-жас сұлу Толымбикеге біржолата ауған. Жас сұлу хан ықыласы өзіне ауған соң алаулай жасана түсіп, мұны өзінің тағдыр берген несібесіндей қабылдағандай. Барды місе тұтып

кана қоймай сыр ажарын барынша құлпыртып, әйелге әр берер жылтырауықтардың бәрін рет-ретімен пайдаланған. Әйтсе де сабадан аспайтын айлакер де сұлу Толымбике ойда жоқта басына қонған бақты үркітіп алмайтындай мықты шынжырың да болу керек деп ойлайтын. Дегенмен де әнебір жігіт ордада көрінген сайын жүрегінің бір тамыры үзіліп кететіндей болады да тұрады. Бұл тағдырды қойсайшы, енді сол жігіт Тоқтамыстың қызын алып өзінен тумаса да күйеу бала бола қалды.

Едігені көргенде жүрегі тулап түссе де, оны аз ғана әскермен Мамайға қарсы аттандырды дегенде қуанбаса ренжіген жоқ. Өзіне бұйырмаған екен, енді көңілін алаң қылмай, бір орыстың қолынан өлсе де мейлі. Тағы да ойдағысы болмай шықты. Уақыт әпселеңінде қолмен ұстап, қатып қалатындай ештеңе жоқ. Ендеше қолға тигені бүгінгі биліктің маңы, оны қос қолымен мықтап ұстамаса асау аттың қыр аркасынан ауғандай ұшып түсуі мүмкін. Жүрек қалауы деген әйелдің бір түнде алатын тоятының астында қала береді де. Тіпті реті келсе басқа жағдайын да көре жатар. Әзірге тоят алатыны жарты дүниенің тұтқасын ұстаған өз қосағы Тоқтамыс хан. Оның беделінде қазіргі шақта шек жоқ.

Қонақтар алдындағы дастархандарға арнаулы мүше-мүше салынған ұзын-ұзын астаулар мен ағаш табақтар жеткізіліп, жеміс-жидектің де неше алуаны қойылған. Сарайда көптен бері орын тепкен сары шаштарын әлденеше бұрым қылып өрген кілең ақсары кәнизактар желбірей жүгіріп, босаған ыдыстарға сусын толтырылып, безек қаққан. Өтіп бара жатқан кәнизактарға әлдекімдердің ұры қолы белінен төмен тисе қымсына күлімдеп, жанарын төңкере қарап жүре береді. Мұндағы кәнизактардың қимылдары әсем. Кімнің назары түссе де күлімсіреп, сынаптай сырғиды. Үсті-үстіне қызмет

жасай жүріп, өзінің әйелдік қасиетін де жарнамалап, көзге ілініп қалуды мақсат тұтудан да кенде емес.

Бесті қымызды тоя ішкен ығай-сығайлардың алды масая бастаған. Бұлардың талайы орыстың арағынан Митрийлер келгенде сан ауыз тиіп көргендер. Осындай отырыстарда су мен сусынға сол ащы сұйықты араластырып жіберуді де әдетке айналдырған. Енді міне, қызға келе артық ауыс сөзге де барысып қап жатыр.

Ұлы ханның мәртебесі аспандағы айға да барып қалды, - деді Қазаншы. Мұның шын атын осы маңай естісе де, көңілдеріне түймеген. Ханның бар қазынасының кілті осының қолында болған соң да Қазаншы атанып кеткен. Өзі де осы атауға кет әрі емес. Бас пайдасына келгенде уәзірінді де, төбе биінді де тақыр жерге отырғызып кетеді. Түр-келбеті де келісті, дауысы да аса орнықты, шегелеп айтқан сөзі кімді болса да ұйытады.

- Иә, ұлы мәртебеліммен күннің батысы да, шығысы да тіл қатысуды өздеріне бақ сынап тұр ғой, - деп салды. Қазаншының сөзін осы сәтте қостамай қалса абыройы төмендеп қаларды ойлаған бас уәзір Кенжен.

- Ий... бәрі дұрыс-ау. Арамызда көре алмайтындар болмаса... Құлман би бір нәрсенің басын бықсытты да «осы сенсің» дегендей, мойнын Едігеге қарай созды.

- Ол да рас-ау, - Қазаншы Құлман би меңзеген жақты көз қиығымен шолып, оның кімді нысанаға алғанын түсінген. Едігенің хан қызын алып, өрлей қалуынан өзіне келер зиянды күні бұрын есептеген еді Қазаншы.

- Рас деген бос сөз, - деп айқайлады масаң тартқан қолбасының бірі орнында шайқалақтап, - кеше Мамайдың қалған-құтқанын талқандап тастамай, олжасыз қайтқанға не айтасың.

- Әп, бәрекелді. Осы ғой менің де айтып жүргенім, Құлман би қозғалақтап, мәре-сәре.

- Айтары жоқ. Ең болмаса орысты шауып қайтпай ма, - деп Кенжен де қосылған.

- Он мыңдық түмен деген сұмдық ләшкер ғой.

- Жәй түмен емес, Тоқтамыс ханның ләшкері. Бұл дегенің жеңілуді білмеген ұлы Шыңғыс ханның ләшкерінен артық болмаса кем емес.

- Ойбай-ау, біздің түменнің төбесін көрсе орыс біткен орманға тығылып қалатын еді ғой. Тымақпен ұрып алатын жауды...

Едіге естімегендей үнсіз отыр еді. Бүгінгі отырыстың сиқы әуел бастан өзіне ұнамаған. Енді мас ығай мен сығай мұны ірегісі келген екен. Іреттіріп отырған Тоқтамыстың өзі. Кенет:

- Ұлы Шыңғыс хан да аз әскерін жүздеген мың жауға қарсы жұмсаған емес. Ұлы хан әр жауынгерінің қасықтай қаны бекер төгілмесін деген. Мұнысын ұлы хан өсиет қылып жазып кеткен. Сіздер қиял-ғажайыптың балаларға арналған ертегісін айтып, мәртебелі Тоқтамыс ханды көзсіз ерлік емес, пәлелі іске бастатқыларын келеді екен, - деген дауыс мығым шықты.

Жымдай болып, жалт қарасқан хан маңайындағылар Қажы Мұхаммедке аңырая қарасты. Қызметші қыздардың біразы жүрегін ұстап, біразы ауыздарын басып, енді не болады дегендей іркіле қалған.

Жасауы мол ат шаптырым бөлменің нақ төрінде конжиған Тоқтамыстың тізесін баса отырған Тұлымбикенің көздері отша жанған. Үріккен қозылақтай табалдырықта тыпырлаған қыздар да ханымға қарап дағдарысқан. Ашық күнде жай түскендей мінез көрсете салатын ханымның ішіне түйгенін қалай аңғаруға болатынын таба алмай тілдері байланды. Ойға келгенді лақ еткізіп айта салатын жер емес, тәртіп сақтамаса кім біледі. Иә, өйтпеске лаж жоқ.

Қыздардың бүгінгі той алдындағы байқаған бір ерекшелік Тұлымбике ханымның киім-кешекке деген тойымсыздығы. Бүгін үстіне жапсырмаған көйлегі жоқ. Бірін киіп, қайта шешіп, табан астынан ашу шақырып, біраз әлектенген. Енді той үстінде жұрттың ортасында отырған Едігеге шаншыла қарағаны да қу қыздардың назарынан тыс қалмады.

Тоқтамыс ханның тоқалының назары Едігеге жиі ауғанын Андысын да байқаған екен, шынтағынан түртіп, ханымды меңзеді. Ханымның назарының алдында құштарлық болғанын өзі де көрген, арты зілге ауысып та барады. Жаудың жаманы ойнасқа шақырған қатын деуші еді, түбі қайыр болғай. Әуелде хан тоқалының өзіне деген ілтипатын бір кезде ханға пана болғанына, жұмсаған ісін тындырып келгеніне ризалығы шығар деген. Кейін Тұлымбике сұумен оңаша кездесіп қалды. Алдына асын даярлап, қызметші қыздарды аулақтау жіберген Тұлымбике байқамағанын санымен соғып, неше қилы қылжақ айта отырып, ақыры мойнына оратылған.

- Кел, - деп жаюлы төсекке ашық шақырды.

- Уа, Тұлымбике, басы ыстық, аяғы қырсық іске көп әйелдің бірі шақырса не дауа. Тақта отырған ханның, кітап жазған ғалымның қатыны ойнасқа барса берісі бала-шағасына, әрісі ел басына пәле шақыру емес пе. Осыны ойлан, - деп Едіге жүре берген.

Басқалардан бітімі бөлек Едігеден Тұлымбике көз алмады. Жаңағы бір орайда мына жиналған ығай мен сығай масаң болса да күпті көңілдерін айтып, өздерінен асып бара жатқан Едігені шенеп міней бастағанда төсек боп жайылған денесін аттап жүре берген Едігеге деген ызасы асып-төгіліп, арты қуанышқа айналған-тын. Сол сәтте басына бір сойқан ой да келген. Тек оған кімді жұмсаса екен?

Қыздар Тұлымбике өздеріне қадалған сайын көздеріндегі от өлімсіреп жылтырап, қауқарлары кетіп, бүгіле түскен. Ханымның қадалуының арты жақсылық емес, арты сойқан. Ол сойқан өздеріне тисе талайының шашы жұлынды дей бер. Тұла бойларында қауқары жоқтай осылардан көмек сұрамақ болғаны өзінің де әлсіздігі деп ұқты ханым. Несі бар, сәті келген екен, тайынбау керек.

Тұлымбике жайлап орнынан тұрды. Аяғының ұшына дейін жапқан қызғылт түстес жібек көйлегін шұбалта сүйретіп, өзіне қадалған сан көзді менсінбеген рай танытып, сыртқа шыға берді. Ханымның қайта келуі де ұзаққа созылмаған. Соңына ерткен қыз кәрлен кесені түсіріп алмайын дегендей екі қолымен қамти ұстап, еппен жылжыған.

- Хан ием, - деді наздана Тұлымбике, - мына сусынды осы жерде біраз-сөз болған күйеу баламыз Едігеге ұсынсам деп едім.

Жұрт тым-тырыс. Мына кесенің ішінде жаныңды жай таптырар зәмзәм суындай сусын да, жаныңды жаһаннамға аттандырар атау кере де болуы мүмкін. Бәрі тіксініп бір-біріне қарады.

- Ішпе, - деді Аңдысын.

- Рұксат, - деді Тоқтамыс хан екі ойлылау болып.

Кәрлен кесе ұстаған қыз Едігенің алдына келіп тізе бүкті. «Уа, тәңірім, тағдыр маған не жазып тұр» деді іштей Едіге. Кесені қолына алып, сәл шайқады. Кәрлен кесе қанша әдемі болса да ернеуі сәл шетінеген екен. Сәл шайқалған айранның бетіне сарғыш су шықты. Жағымсыздау иіс те білінген.

- Сұлу да болса әркімнен қалған ыдыс екен. Адал асқа арам ниет жоламаса керек, - Едіге қанжарының ұшымен айранды араластырып, ерін тигізген болды да, - Ырыс иесі мәртебелі хан, онан қалғаны ғана біздікі, - деп

Тоқтамысқа ұсынды. Тоқтамысқа жеткен кәрлен кесені Тұлымбике тоқал байқамағанысып қағып жіберген. Ақтарылған айран екі бөлек ақты. Қоюы тұтаса ұйып, зәрдей сарғыш суы Құлманның етегін былғады. Оны бір ырыс көрген Құлман би су етегімен бетін сұртті де:

- Ей, мынау не? Сідік сасиды ғой, - деп қалды да, аузын алақанымен басты.

Хан «мынау не пәле»дегендей, Тұлымбике тоқалына қарады. Құлманның сөзін құлақтары шалып қалғандар өзара сыбырласқан. Ханым Тоқтамысқа қарай еңкейіп:

- Зәр ішкізіп сіздің алдыңызда мысын біржолата басайын деп едім, - деп сыбыр етті.

- Ә, солай де, - Хан тоқтам айтқан болса да қазыққа байлап ұстаймын ба деген Едіге енді біржола асаусып кетпесе игі едіні ойлап, іштей қам жеген. Болар іс болды, ендігісін көре жатар.

Хан тойына кешігіңкіреп келген Сыпыра жырау алдына қойған асты жегеннен гөрі айнала тірлікке көз салып, сөзге құлақ тұруі көбірек-тін. Хан айналасындағы ырың-жырынды айнытпай танып, көңіліне түйіп отыр. Хан тоқалының кәрлен кесемен сусын ұсынуының да тегін емесін біледі. Ханым ұсынған асты Едігенің ішпеске лажы жоғы да баршаға аян. Ішсе де өлді, ішпесе де айыпты ретінде жазаланады.

- Япыр-ай, мынау қалай болар екен, - деп әлденеше рет ұмтыла тұрып барып отырған. Едігенің осы қиындықтан қиуын тауып шығып кеткеніне дән риза. Ертеден үміт күтуші еді өзінен, дін аман болса осы елдің намысын қорғайтын ер осы болар. Иә, Алла, ғұмырын ұзақ ете гөр.

- Жыраудың үнін естімегенімізге де талай болды, - Тоқтамыс хан Сыпыраға бұрылған.

- Оу, жыр айтсын, жыр.

- Ләйлі-Мәжнүнді, - деп қалды біреу.

- Қоя тұршы ғашық-машығыңды. Бар емес пе батырлар жыры.

- Сайып қыран Бату ханды айтсын.

- Шыңғыснама...

- Сүбітай баһадүрдің жорығы.

Тыңдарман болған хан айналасы әркім өзінікін қолдап, у-шу. Көбі батырлар туралы естігісі келетіні анық болды. Әй, бәрінен де бұрын осы жұртқа ой салар жыр айтып, ел бірлігін көздеген ерді мадақ еткені жөн болар. Сыпыра жырау домбырасын қағып-қағып жіберді де, артынан әр шекті жеке сыңсыта ойнап, талай жырды тыңдаған мына жұртты өзіне ұйытты.

Е...е...ей!

Берке ханның тұсында,

Береке-қонған ел едік.

Қос жетімнің баласын,

Бай-батшаға теңедік.

Сол заманда, қараңдар,

Ноғай деген ер болған,

Құлағудың ләшкері,

Ел шетіне тигенде,

Берке айтып, ер Ноғай,

Елдің қамын жер болды.

Едіге бұл жырды бұрын да естіген. Сыпыра жырау бірде өрлеп, кей тұсында бәсенсіген дауысымен ел ынтасын өзіне біржола икемдеп алған. Бірі мүлгіп, біреулері жыраумен бірге теңселе түсіп отырған жұрттың қиялы алыс-алысқа, сонау өткен шақтардың бұлдыр елесімен бірге. Анда-санда:

- Паһ, шіркін, - деп қалады әлдекім.

Жырдың тарихи уақиғасын жастық шағында әкесі Құтлықиядан да естіген. Кітаптарын аударыстыра қараған әкесі Берке ханның тұсында Алтын Орданың

аса нығайғанын, бірақ парсыны билеген Хулагу ханның өзінің Бейбарыстан жеңілу себебін Алтын Ордадан көріп, соғысқа шыққанын айтқан еді. Көптің бірі ретіндегі Ноғай аз ғана әскерімен Теректен өтіп жатқан Хулагу қолына қарсы ұмтылған. Жұқа мұздың үстінде жан беріскен айқас. Мұз ойылып, арпалысқан көп қолдың талайы суга тұншықты. Табан аттап баса алмаған Хулагу кері қайтуға мәжбүр. Көзіне оқ тисе де ақырына дейін айқасқан Ноғай ақыры Берке ханнан қосымша мындық алып, Теректің бойын қорғап қала берген.

Болғар деген ел еді,

Ол да біздің жер еді, -

деп Сыпыра жыраудың жаңа екпінге көшкен дауысы кітаби жазба мен төкпе жырды салыстыра тыңдаған Едігінің құлағына жетті.

Сонау Болғар елі де Алтын Орданың шеттеу аймағы еді. Оның патшасы Теш деген көршілес Византияның үнемі шабуылына ұшырайтын. Патша Теш өзін қорғауды сұрады. Хан Берке бар жоғы жиырма мың қол беріп Ноғайды көмекке жіберген. Алыстан ат арытып келсе де Ноғай әскері Дунайды кешіп өтіп жатып, жағада күткен Византия әскеріне садақтан жебе жаудырып, сол сарнаған садақ оғымен бірге зулатқан бетте жауына тап берді. Мұндай сұмдық батырлықты көрмеген Византиялықтар естері шығып, дүркірей қашқан. Сол бетінде жорығын жалғастырған Ноғай Византияның фракиясын да ат тұяғының астында қалдырды. Византия патшасына енді ғана ақыл кірген. Алтын Ордамен ойнауға болмайтынын түсінген ол өзінің қызы Ефосияны тең асыл жібек артқан керуенмен Ноғайға сыйға тартты.

Ефосияны әрлі-берлі айналдырып көріп, өзіне қабылдаса да:

- Қой терісінен садақа, - деп жібекті шұлғау еткен Ноғай ісін Сыпыра жырау көтере мақтап күлімсірей бас шұлғып елге жеткізіп отыр.

Мұны көрген Византия елшісі қатты абыржып, Ноғайдың алдына құлап:

- О, патша, ендігі қалауың не? - деген.

- Сен түрік сұлтаны Кей Қауысты зынданға неге салдың неше жыл бойы. Кей-Қауысты босатып патшаға лайық түрде әкелмесең, менің аттарым патшаның тағын таптайды.

Түрік сұлтаны Кей Қауысты қамаудан босатып, дұшпанына бет қаратпаған Ноғайдың ерлігіне аса риза болған Берке хан оған қызын беріп, қара теңіздегі Соладжуды билігіне тапсырған.

Тағдыр уақыттың әрбір кезеңінде шиеленіскен уақиғаларды шешуді де, соның нар көтере алмас ауыр жүгін арқалауға да пенденің бірін душар етеді де. Хулагу ханның орнына таққа отырған Абаға қарақұрым әскерімен Берке ханның ұлысына тап берген. Берке:

- Тез жетсін, - деп сонау Болғарстанда жүрген Ноғайды шақыртты да аз ғана қолы бар оны күш жинап, мол қолмен қарсы шыққанша Абаға әскерін бөгей тұруға жұмсады. Күші әлденеше рет басым жаумен шайқасудан Ноғай қайтпады. Талай шайқастың басынан өткеріп, әбден шыныққан Ноғай әскері шегіне жүріп соғысып, Абағаның дымын құртқан. Ноғайға көмекке елу мың қолмен келген Сұнтай Абаға қолымен шайқасуға батпады. Жаңа күш келді деп сескенген Абаға да сескеніп, шегінген. Шегінген дұшпанды Ноғай өзінің аз әскерімен желкеден ұрғыштап, елден асыра қуды.

- Жеңіс! Жеңіс, - деп масайраған Ноғай қолының тірі қалғандары.

- Ноғайға аса риза болған Берке хан оған тағы да әлденеше мың әскерді басқаруға берді. Майданда үнемі

жеңіс туын көтерген Ноғай көршілес елдермен қарым-қатынаста да Алтын Орданың намысын жоғары ұстап, соның жыртысын жырта білді. Жат жұрт Болғардың патшасы Ивайлоны тақтан кетіріп, орнына арғы тегі қыпшақ Тертериді отырғызды. Тертери қызын Ноғайдың ұлы Жекеге беріп, өзі Алтын Орда қарамағына көшіп, Болғарстан соның бір аймағына айналды.

Сыпыра жырау Беркеден кейін бірін-бірі тақтан қуғандарды тізіп, ел үшін өмірін бағыштаған Ноғайға опасыздық еткен Тұлабұға ханды, Ноғайдың күшімен таққа қол жеткен Тохтаның оған жасаған залым ісін, ақыры қартайған Ноғай мен хан арасында билердің сөз жүгіртіп, ел арасын сөгуге апарған қасіретін ашына жырлап отыр.

Ши шығартып сөз айтып,
Ел арасын бүлдірген.
Шөмейген жаман билер ед,
Қара басын күйлер ед.

Сыпыра жыраудың сөзіне еліткен жұрт төрге қарай жайғасқан төбе би Құлман мен оның айналасына сойын созып қараған. Би атаулы мойнын ішіне тығып, бұға қалғандай екен. Қарқындап отырған Сыпыра жырау:

Арам ниет орыстан,
Қаза болған қапыда.
Шашы ағарған арыстан,
Ер Ноғай деген ер еді, -

деп жырын аяқтап, домбырасын сүйеп орамалымен маңдайын сұрткен.

Жырдың соңғы түйіндісі талайдың есін кіргізгендей.

Соның тербеген әлдіінен шыға алмаған талай бастар кеудеден көтерілмей, кейбірінің танауы қорс-қорс еткен.

-Әй, мынау орыс неткен жауыз еді? Ноғайдай ерді...

- Сол орыс ішімізге кірсе не болдық.

Тоқтамыс хан Ноғайдың ерлігін де, басынан өткерген, түбіне жеткен қиянатты да өз басының кешегі күнімен салыстырып, хан тағының иесі екенін де бір сәт ұмытқандай еді. Сонан соң серпіліп уәзірлері мен билеріне қарады, Осылардың тіліне еріп, Едігеге өзі қиянат жасап жүрген жоқ па? Тоқта хан Ноғайды өлтіру үшін орыстың сарбаздарына арқа сүйепті... Өзі... Мамай... Жоқ, енді болмас, өткен қайтып келмейді, Едігені ұстай алса талай қызмет етеді.

Орыс ұлысы бағынуды таза қойды. Әнебір жылтыраған көпестері де жоқ. Ол жақтан түсер алым-салық дегенді ауызға да ешкім алмайды. Хан тағына отырған бұған да осы үшін сырттай айтыла бастағанын күнкілді құлағы шалған.

Хан алдында Құлман би мен Едіге тағы шарпысып калды. Бәрі орыс мәселесі.

- Бір түмен аздау ғой, екі түмен қол беріп, ақылшыға Құлман биді қоссаңыз орыс ұлысын қайта тізе бүктірер едім. Құлман биді көрген орыс отанын тастай қашар, - деп Едіге оны сөзге ілген.

Едігені қостап күлгендер де баршылық. Сыпыра жыраудың айтқандары, оның ішінде ер Ноғайдың бекер өлімі көбінің есінде мәңгілік қалғандай. Едігенің Ноғайдан несі кем? Қол бастатып, орыс ұлысын шауып алса, оны жұмсаған өзінің де беделі артады екен. Қазаншы да қазынаның бос тұрғанын айтып, безектеуден танбай жүр.

Жауды жайратқаннан бұрын өзінің жағдайын ойлаған Тоқтамыстың жиып берген әскеріне бас болып, Донда қирата жеңдік деп мас боп жүрген орыс ұлысының есін жиғызу үшін Едіге атқа қонған-тын. Бозкүйездікке салынбайтын, шашау шығармайтын тәртіп орнатты. Жүрісті де жеделдетті. Бұлардың қайдан келе қалғанын

білмей аңырайып-аңырайып тұрған Еділдегі орыс көпестерінің қайық-баржаларын бас салып, тартып алды да олар « әке, көке» деп үлгергенше әскерін тиеп арғы жағаға өте бастады. Мұндай жойқын жүрісті Ордаға қараған ләшкер бұрын-соңды көрген емес.

Едіге бастап кеп қалды деген сөз орыс княздарына жай түскендей еді. Мәскеуде ұлы князь атанған Митрийдің бажасы Нижегород князі кіші Митрий сасқанынан сансыз сый-сияпатпен екі ұлын жіберіп, кешірім сұрады. Күлік даласында Мамайға көмекке келмей қалған Рязань князі Олег Едігені шекарада қол қусырып қарсы алды.

- Қайырымдылықпен рахым етіңіз, - деп Орда дәстүрінше мал сойып, табақ тартқан княздан.

- Осы жолы орыстардың қалың қолын көрмедім. Күлікте батыр атанғандар қайда? - деп сұраған Едіге.

- Күлікте князь Митрий жеңбейтін еді, Мамайдың сыртынан сіз келіп қалмағанда, - деп князь Олег китұркылана күлді, - Бұл жолы Ордаға қарсы шығуға басқа княздар да шынын айтқанда қорқып отыр.

-Ім! Себеп...

- Өткендегідей сіздің ту сыртыңыздан найзасын тіреп тұрған жау жоқ.

Мамайдың қолын екі жақты қыспаққа алу бұрын ойластырылып, мына орыстармен келісілген шаруа екеніне Едігенің көзі жетті. Қайран Мамай... Едіге қанша ерлік жасаса да, қиянаттың құрбаны болған есіл ерді іштей аяды.

Кешірім сұрап келген Нижегородтың Митриімен бірге рязанның Олег княздарынан Едіге Мәскеудегі жағдайға қанды. Күлік даласында Орда әскерін жеңдік деген асқақ рухтан орыстар жүрдай, қашып-пысуда екен.

Мәскеуде Митрийдің кеңесшілері кешке дейін кеңірдек жыртисуда. Соғысайық, қарсы шығайық

дегендердің өзі аз және оларды таяқтап тастаған, - Князь Олег «міне, көрдің бе, біздегі жағдай осындай» дегендей мұртынан күлген.

— Адам жоқ, кіммен соғысасың. Одан да қамалға тығылып беріспейік, - дейді көбі деп Нижгордтық Митрий жағдайды анықтай түскен.

— Ең тамашасы, хе, - деп күлді Олег, - Ұлы князь Митрий Мәскеуден қашыпты. Қашып бара жатқан оны ұстап алған екен ол «алыс жақтан әскер жинап әкелемін» деп алдап құтылыпты. Новгород оны қабылдамайды, сонда ол орманнан аюларды жинап әкелмесе.

— Орыс шіркеуінің басшысы Киприан Тверьге қашып кетіпті. Тверь Орданың жақтасы ғой, сонда барып жан сақтамақ екен. Ал қаладағы халық бірін-бірі жұлып жеуге жакын. Мәскеуден қашқысы келгендердің үстіне тас жаудырып, қақпаны жауыпты. Боярлар халықтан қорқып, үйді-үйлеріне тығылып отыр. Оны менің адамдарым көріп келді, — Нижегород князі Митрий осы жағдайға қалай іліктік дегендей күрсінді, — Мамайды жеңеміз, Орданы киратамыз деп гүлдесті ғой. Орданың кезінде тып-тыныш еді. Аздап алымын төлеп жүре берсең осыған жолықпас едік. Осының бәрі әлгі мақтаншақ Дмитрийдің ісі, ақыры өзі қашып кетті.

Едігенің әскері жолшыбай Серпуховтың камалын қиратып, қаланы басып алды. Жартылай өрт шалған қаланың сау қалған көшесімен келе жатқан Едіге айналаға жіті көз тастады. Сыртқы көшелерді құлаған үйлердің қоқыстары басып қалған. Өрт шалса да іргесі бүтін тұрған үй қабырғалары күйелеш-күйелеш. Әлде бір үйінділер мен жартыкеш жаппалардың астынан сығалап көрінгендердің жүзі айғыз-айғыз күлді көмеш бастарының әр тұсынан әредік сарғыш шаштары көрінеді. Қаланы алған соң қарсылық көрсетпегендерге, әсіресе бала-шағаға тимеу жөніндегі Едігенің бұйрығы

мұнда да қатал сақталған. Жыртқық дамбалынан әр жері көрінген баланың ештеңеден қорықпастан алдарын кесіп өтуі соның айғағы.

Серпуховтан әрі қарай шыққан Едіге орман арасына бойлай кірді. Онысы орысқа пана болған орман табиғатын, ішіне жиған құпиясын білсем дегендік еді. Тікенекті бұталар да көп екен. Қабат-қабат жапырақтардың арасынан күн сәулесі де әрең ғана жылтырайды. Бұта-бұтаның арасы сылдырап аққан су. Кенет шықылықтаған сауысқан дауыс көтеріп, ұша жөнелді. Үзеңгіге аяқ тіреп айнала қараған Едіге мен Қажы Мұхаммедтің көзіне ештеңе шалынбаған. Қорсеткен дауыстан ат үрікті. Шыңғырған шошканың үнімен қоса олардың дүркірей қашқаны естілді. Кімнен үрікті? Қабан жыртқыш аң, оның қорқа қоюы қиын. Қайтадан сілтідей тыныштық орнаған. Көзге ұрған бұталарды қолдарымен кейін серпіп тағы біраз жүрген. Кенет Едігенің аты оскырынып, құлақтары қайшылап, тебінсе де ілгері баспай қойды.

- Не болды бұған? Әй.., - деген Едігенің үні әуеде үзілді.

Қарсы алдынан, табан астынан шыға келген аю ақырып-өкіріп тұра ұмтылған. Жарқ еткен қанжар мен «су» еткен жебе қатар ұшты. Көзден қадалған жебенің ұшы басты тесіп өтіпті. Қыл тамақтан қадалған қанжар сабы сәл діріл қаққан.

- Мерген екенсің, - деді Едіге ризалығын жасыра алмай.

- Керемет, - деп Қажы Мұхаммед қанжарды иегімен нұсқады.

Мәскеудің іргесіне жеткен шолғыншы жасақ қорғанның айналасын көріп, қазылған ордың тереңдігін мөлшерлеп ұзақ жүрді. Қамалдың үстіне шығып өздерін балағаттаған орыстарға да оқ шығармады. Тіпті

жайбарақат қыдырып келіп, қора-қопсынды көре кетейін дейтін қонақтай.

- Митрилерің қалай? - деп сұраған біраздан соң.

- Ол қашып кетті. Сол ғой сендердің іздегендерің. Енді бізге тимеңдер, - дескен қалалықтар.

- Оны көре жатармыз, - деген азғантай жасақ түс ауа көзден жоғалған.

Мәскеуліктер «орда кетті»деп қуанысты. Біреулері құтқарушы деп Құдай деп есептеген суреттерді сүйіп, көбі арақтарын шығарып, бет-ауыздарын жаласып, мастар көшеде билеуде.

- Татарлар біздің Кремльді көріп шошып кетті. Бұл бөренемен қоршалған бұрынғы Мәскеу емес, ешкімнің тісі батпайтын тас қамал, - десіп ұлан-асыр тойға айналдырған.

Ертеңіне ұйқысырап, бастары ауырып тұрған мәскеуліктер қаланы айнала тігілген кигіз үйлер мен шатырлардан шыққан будақ-будақ түтінді көріп, естерінен танды. Сірескен қалың қол, аттардың пысқырғаны, қару-жарақтың соғылып салдырлағаны миларын шатастырды.

- Ой-бой, татарлар..., - деп қышқырды сасқандары.

- Қоршап алыпты, енді құрыдық.

- Әлгі князь Дмитрий бізді сатып кетті.

- Қарғыс атсын оны.

Қамал іргесіне таяп келген Орда әскері бір жүздіктен аспайтын еді. Оларға тапсырылған мәселе де біреу-ақ, мәскеуліктердің ау-жайын байқау.

- Оу, қала тұрғындары, сендердің Митрий княздарың ата-бабадан келе жатқан жолды бұзды. Орда үшін жиналатын алымды өз пайдасына жұмсап отыр, не жиналмай қалған. Сендер қала қақпасын ашыңдар бізге.

- Ә, тапқан екенсің, - деп орыстың бірі садақ атқан еді, қамалдың үстінде тұрғандар қолдарына түскенін лақтырды.

Қамал іргесінен сәл шегінген жүздік садақты бір келкі котеріп, бір лекпен оқ атқан. Қате кеткен жебе жоқ, соншама орыс жасағы теңселе түсіп, бірі әрі, бірі бері құлаған. Қамал басындағылар абыржып, не болғанын түсінгенше екінші лек оқ ысқырып барып, жүзге жуығына ажал қаптырды. Жүздік сол бетінде Мәскеу қамалын айналдыра шауып, өздеріне оқ атқандарды зулаған аттың үстінде отырып-ақ жебенің ұшына іліктірген.

Мәскеу бір мезгілде жүздеген адамынан айрылды. Қаланың іші жылау-сықтауға толды. Халқы дүрлікті. Іргеке келген жүз садақшысының жасағаны мынау, анау қалың қол қозғалып бергенде не болады.

Қашқын Митрий княздың орнын литвалық Остей деген басып, саскалақтаған орыстардың абыройын жапқансыды. Қамалдың халқын сөзіне ұйытып, қорғаныс ұйымдастырды.

- Қақпаны ашпайық, татарларда мұны бұзатын құрал жоқ. Тас қамалды да ала алмайды. Мен Литва жақтағы туыстарымнан кемек сұраттым. Өткенде Ягайло Мамайға болыспаған, енді маған көмек жібереді, - деп сендірді Остей.

Едіге бұл күні қаланы қоршауды бекемдеп, ешкімнің шығып кетпеуін қатты ойластырып, қадағалады. Қалың қолдың таяй түсіп орналасқанын көріп, мәскеуліктер тіпті абыржыды. Едігенің қаланы алмай тынбайтынына көбінің көзі жеткен. Ордалықтардың ұзын-ұзын бөренелерді рязандықтарға қиғызып, сатылар жасатып жатқаны қамал үстінен анық көрінетін. Күні бойы артық-ауыс қимыл болған жоқ. Түнде ағаш кесіп, сақылдаған балталардың да үні тынышталған. Қамал іргесінің айналасындағы көз көрім жер тамақ әзірлеген Едіге әскерінің оттары.

Қара көк аспанда ине шаншар жер жоқ, Жыпырлаған жұлдыздар күлмең қағады. Айбалтаның жүзіндей жарқыраған ай жұлдызды аспанды жай ғана тіліп өтіп бара жатқан сияқты. Едіге қара аспанға ұзағырақ көз тастады. Сонау алыста қалған Арқа жақта туатын жұлдыздардан мына орыс аспанынан айырмасы жоқ сияқты. Түннің осы бір мезгілінде, туған елінде, көңілді сергітетін самал есуші еді-ау. Бұл жақта ол жоқ екен. Айнала тұтасқан орман желді өзі жұтып, биіктегі бұтақтардың жапырақтары ғана аз-маз шуылдайды. Сонда да емін-еркін кең дүниеге шыққандай болып, жаны жай тапты да Едіге қосынды аралап кетті.

Мәскеудің іргесіне келгенінің үшінші күні еді. Едіге Қорған қақпасының алдына таяп келіп, ат тізгіні бос тастап, қамалдың айналасын ұзақ шолды. Қамалдың басында тұрған орыс ләшкерінің оғы жетпей түсті. Едігенің жанындағы Қажы Мұхаммедтің жебесі өңменінен өткен орыс бері қарай өкіре құлаған.

- Қорғанның осы жағындағы орды бітеп тастандар, - деп бұйырды Едіге.

Мындаған адам қауырт кіріскен. Тіреліп тұрған орман іші балтаның сақылдаған үні мен құлаған ағаштың гүрсіліне толды. Бұтағымен тасталған жуан-жуан ағаштар бір-бірімен айқаса құлап, орды бітей бастады.

- Енді Қорғаннан асыра ұшына от ілінген оқ жаудырыңдар, - деді де Едіге кейінірек жылжыды.

Ала жаздай аспаннан тамшы тамбай, енді өз-өзінен бықсуға айналып тұрған Мәскеудің жыртық-шатыр үйлерінің үстіне жалындап қонған жебеден есті тандырған өрт шықты. Мәскеудің үйлері кенезесі кеуіп арақ аңсаған мұжықтың дәл өзіндей өртті құшақтай қарсы алды. Жалмауыздай жалақтаған жалын бір шатырдан екіншісіне секіріп ойнақ салса, түтініне Мәскеудің жұрты қамалды. Қолына сыпырғыш ұстаған

шал да, қолқанат бала да жанған отты ұрған сайын желпуіш тигендей от өршелене түсті де қайраны қалмаған өрт сөндірушілер жер сабап отыра кетті. Мұжықтар қора-қопсының түтініне қамалғанда өрт әлі жете қоймаған орталық жақтағы боярлар қазынасын тығып, әлі де болса өзара уәделесіп әлек еді. Мұны көрген халық:

- Кровопийцы, - деп айғайласқан.

Мәскеу қамалының сыртындағы терең орға тасталған ағаштар өсе-өсе биіктеп, қайбір тұста қорғанның орта тұсына да барып қалған. Енді Едігенің әскері үшін Рязань мен Тверьдің, Серпуховтың орыстары ұзын-ұзын сатыларды әкеле жатты.

- Шабуылды тек осы жақтан ғана бастаймыз, - деді Едіге Аңдысынға.

- О неге? Барлық жағынан бастасақ орыстың күші азаяды ғой.

- Оның да дұрыс.

- Дұрыс болса, неге өйтпеске.

- Дұшпанды алжастырудың тағы бір есебі бар. Ұрыстың мақсаты қырып саламын деп өз қолыңды артық шығынға батырмау. Дұшпанның жүзіне мен бір адамымды бермес едім.

Түске жете қамалға өрмелеу басталып кетті. Ұзын-ұзын сатыларды қорғанның қабырғасына сүйеп өрмелегендердің ең алдындағылары жалпақ-жалпақ қалқан ұстап, лақтырған тас, ақтарылған ыстық судан қорғанып, қамалдың қыр арқасына жете бере дайындап келе жатқан қыл арқанды бұғалықтап тастап, мәскеу-ліктің талайын өзімен бірге етекке сүйрей түскен. Кей жерде жан алып, жан беріп қылыштасып та жатыр. Найза қадалып өкіре құлағандар да жетерлік.

Едігенің бар әскері осы тұста. Татарлар қақпаны алу үшін жанталастыға есептеген орыстың да бар қорғану

күші осы жаққа жинақталған. Едігенің әмірімен жуан-жуан емен бөренелермен рязандықтар қақпаны екі-үш рет соққылағаны болмаса, басқа әрекетке бармаған-тын. Бірақ тап онан да жуан емен діңін арбаға артып, салмақты жағын қамалға қаратып қоюларына қарап князь Остей «татарлар қақпаны қиратуды ойластырып жатыр» деп, қосымша күштерді де осы маңға жинады.

Едіге қорған іргесіне таудай боп үйілген ағаштарға от қоюға әмір етті. Іргені бойлай көтерілген қалың түтін, қоңырсыған иіске тұншыққан орыстардың әбден берекесі кетті. Түтінмен арпалысып, әрі сатымен көтеріліп келе жатқандармен шайқасқан талайы сақтықты ұмытып, сол үшін ғана тұрған садақшылардың жебесіне ілінді.

Едігенің қолы қамалды алуға әлі жаппай кіріскен де жоқ. Қаланың ішінен өрт шығарып, қамалды қорғағандарды түтінге қақалтып, орыстардың бей-берекетін шығарды. Күн де еңкейіп барып, ұясына қонған. Едіге мыңбасыларды жинап, кеңес өткізген.

- Кімнің қандай ұсыныс-пікірі бар, - деген сауал тастады.

Мыңбасылардың көңілі көтеріңкі. Бүгінгі істің де біраз пайдалы болғанын ауызға алып, ертең жаппай қимылдау керек дегенге бәрі тоқталды. Кеңестің соңында Едіге Қажы Мұхаммедті бөгеді.

- Ертең сен өз мыңдығыңмен қаланың екінші жағынан, әлі біздің әскер барып тиіспеген тұсынан қамалды алуға кірісесің. Біз күні бойы шабуылдаған болып, орыс қолының назарын осы жаққа бұрдық. Сонау, ту сыртта тек күзетшілері ғана болар. Қамалға өрмелеуге қажетті сатыларды да жасаттырып қойғанмын

- Құп болады, - деген Қажы Мұхаммед.

- Ың-шыңсыз осы түнде қаланың сол тұсына бар да, бар мыңдығыңмен жасырын. Ертең бұл жақта арпалыс басталғанда іске кірісерсің. Ал, Алла жол бергей.

Дабыл ертерек қағылды. Аттарды қосын-қосынмен бөліп, бақташы-күзетшілерге берген Едігенің әскерінің дені жаяу. Әр жүздік лек-легімен тұрып, таптап өтетіндей қамалға қарай жылжығанын көргенде орыстардың төбе шашы тік тұрды. Сансыз сатылар қойылып, қып-қызыл айқас басталып кеткен. Ұшқан бас, шабылған денеде есеп жоқ. Қанша қасарысса да мәскеуліктердің шамасы бітуге айналған-тын. Кенет қақпа ашылып, ақ ту көтеріп, бітім сұрағандардың тобы көрінді. Бастаушы князь Остей алдында.

Остейдің өз есебі бар еді. Осы Едігемен бітімшілік кездесу сәтінде қапысын тауып татар басшысын өлтіріп жіберсе, басшысыз қалған қол ыдырап жүре береді. Иә, ондайды ол көрген. Осы әдіс бұл жолы да алдай қоймас деген іштей. Едіге ат үстінде еді. Алдына келіп иілген елшіге сәл назар салды да, секіріп түскен беті, шылбырды жігітіне ұсына берген. Едігенің ту сырты. Остейдің күткені де осы. Жең ішіне жасырылған қанжар аспанда ойнап, ажал боп төнген сәтте Едігенің қолы да Остейдің білегінен ұстап, жанын шығара сығымдап, бұрап апарып суық темірдің ұшын иесінің кеудесіне қадады. Бітімшілікті бетке ұстап, арам ниетін жүзеге асырмақ болған боярлар тобы қылыштың астынан өтті.

Ашық қалған қақпаға Едігенің қолы лап беріп кірген. Қаланың сонау терістік жағынан да басып кірген қажы Мұхаммед мыңдығының жеңісті үні күркіреп, көше бойында қарсыласқандарымен жүгіре шайқасып келе жатқан.

Едіге ошағында ойран болған жауды көргісі келгендей Мәскеудің ішін аралады. Кешегі өрттен әлі күнге бықсып жатқан қоламса исі қолқаны қауып, денесін түршіктірді. Мұжық үйлерінің үнірейген қаңқасы, күл мен топырақтың арасынан мойнын созған пештің мұржасы, өліп жатқан ит-мысық. Алтын

Орданың қарамағында тып-тыныш жатқан елдің өзіне жау шақырып, ер болғансып, ақыры қирап жатқан, шашылып жатқан дүниесі. Осылардың бар жоқтауын міндетіне алғандай сабалақ-сабалақ барақ ит аспанға қарап ұлыды. Бауы үзілген әткеншектің ішінен бала ыңырысыды. Едіге иек қақты. Соңына ерген жігіті баланы қолына алып еді, бір қуыстан шыққан жас әйел қолын созып, мөлгілдеген.

- Бер өзіне - деді, Едіге.
- Ана әйел екеуін... - деп қалды жігіт.
- Енді олар мұсылмандықтан кеткен. Қайтесің арамға жеріп.

Шала жанған үйдің ығында қарайып бір шал отыр. Бір жағы жер кепе, екіншісі күйген үй осы шалдың қара орманы болар. Өзінің де кетеуі кетіпті, сабағынан үзілетіндей жін-жіңішке мойынға бет-аузын әжім басқан қалқиған бас қоныпты. Өзі де осы дүниедегі қырсықтының өзі болған шығар, башайларының арасына үймелген шыбындарды қуып тастамай серейген аяғын созып шалжиыпты. Едігенің отты жанарынан сескенді ме, жиналғандай рай танытты.

Тап желкеден әлдене күрс етті. Орыстың отты қаруы болушы еді деп артына қарады. Күрс еткен тозығы да жетіп, енді-енді кеттім деп тұрғанда сирағын от шалып, шірігі күйген қора екен. Аспанға көтерілген шаң мен тозаңның ортасынан біреудің:

- Әт... піш., - дегені жетті де, соған ілесіп Қикутаздың сәңірейген бойы көрінді.
- Сенсің бе?
- Мен... мен ғой.
- Неғып жүрсің?
- Жәй, әшейін...тініп.
- Мына күл-қоқысты ма?

- Ә...әт...піш, - Қикутаз танаудың бел ортасын сығымдап, жаны қалмай пысқырынды да, енді не айтасың дегендей Едігеге қарай қалды.

Едіге Қикутаздың қаңсыған жұрттың ішінен топырақ пен күлді аршып, олжа іздеп жүргенін түсінді де, ілгері қарай жүріп кетті.

- Ойпыр-ай, - деп таңданды соңындағы жігіт.
- О не?
- Жаңағыны айтам, Қикутазды. Неткен тойымсыз?
- Ондайларды көзіне құйылған көртопырақ қана тойдырады.
- Өзінен денем түршікті.

Едіге Қикутаздың ісінен бір есуас кесесіне түкіріп кеткендей жиіркенді. Құдай-ай, осындай да адамды дүниеге келтіре береді екен-ау деп ренжіді. Әлде көң мен күлдің, әлде шошқа асыраған мұжықтың исі ме, осы сасыған тұстан аулақ кеткісі келді. Қаланың тап ортасына, айналадағы күлді күретіп тастап шатыр тігіп үлгеріпті. Ондағы жігіттер қартаң тартқан орысты ермек еткен секілді.

- Бұларың кім?
- Ой, өзі бір ағып тұрған шал екен. Біздің ше де ысқыртады.

Сақал-мұртын келтелеу қойған шалдың алпысты алқымдағаны көрініп тұр. Едігенің аяғына жығылмаса да баскиімін алып, иіліп сәлем берді.

- Кім боласың?
- Семен дейді мені, осы қаланікімін.
- Енді не істеп жүрсің бұл жерде? -деген Едігенің үнінде таңданыс бар еді.

- О, мырза, қираған қаланы көріп еңіреп жүрмін де. Мен айттым оларға, әлгі княз дегендерге, «ата-бабаларымыз да татарларды жеңе алмаған, бағынғаннан зиян шеккен жоқ, бізден гөрі тыныш өмір сүрді» деп.

Тындай ма желөкпе Митрий, соның кесірі мынау, - деп Семен шал айналаны алақанын жайып нұсқады.

Едіге жұртының күлін искеп зарлаған шалды тастап жүре берді. Қамкөңіл мұжық осы аспаннан түскендей ауыртпалықты княздарынан көреді. Онысы дұрыс та шығар. Әлгі Митрий деген жылпос айласын асырам деп, әркімге сүйеніп шокпар жинамаса Орда да оған тиісе қоймас еді. Мейлі, жығылған жейді жұдырықты. Ең болмаса ер Мамайдың кегін осылай қайтарды. Өттең, орыстың Митриімен жекпе-жекке шығудың реті келмеді. Басын алу оңай, күшікше қынсылатар еді.

Едіге осыншама қолды өртенген қаланың күліне көміп отырғысы жоқ. Жаудан жөнді қарсылық та көрмеген қол тыныс алуды да тілеп тұрмаған. Митрий княздің қайдан қашып кеткенін де ешкім білмейді. Құдды жер жұтып кеткендей-, әлде қалың орманның ішіндегі аюдың апанында бас сауғалап жатыр ма, сол ерің.

- Енді не істейміз? - деп келді Аңдысын.
- Елге қайтқын келді ме?
- Оны..., - деп Аңдысын ойының ар жағын айтпай жұтып қойды.

Жандарына емен шокпарды тақымына қыстырған Қажы Мұхаммед келіп тоқтаған. Қиық мұрты жыбыр етті. Онысы әзілді аңсағаны.

- Біреудің басын жарып келгеннен саумысың, - деп Аңдысын шокпарды нұсқады.
- Аюға намаз үйреткен таяқ деген бар. Өнебір отты қару дегенді тауып алыпты бұлар, әйтпесе мұжықтың басына әңгіртаяқ орнатуға осы да жетер еді.
- Дұрыс, - деді Едіге әлденені ойлаған қалыпта, - Дұр...ыс! Ал, енді не тұрыс? Күл иіскетіп отырғанымыз жетер. Солай ма, мыңбасы?
- Соны айтқалы да келіп едім.

Міне, ойымыз бір жерден шықты. Ендеше ертеңнен бастап қолды мың-мыңнан бөліп, басқа қалаларға жұмсау керек. Орыс ұлысы, бас билеуші өздерінің Митриі емес, Алтын Орда екенін түсінуі қажет. Он жылдан асып кетті орыстардың еркінсіп, менменсіп кеткендеріне. Аса зорлық көрсетпесек те, кімнің кім екенін танығандары дұрыс.

Алтын Орда қолының бір мыңдығы ғана Мәскеу төңірегінде қалып, басқасы орыс ұлысының басқа қалаларына беттеген. Можай, Владимир, Дмитров, Звенигород, Юрьев қалалары қарсылықсыз берілді. Қаланың боярлары Орда әскерлерінің алдынан дәм-тұз алып шығып, өздерінің антқа берік екендіктерін, тек кейде басбұзар княздардың азғыруына ұшырап жүргендерін мойындап, кешірім сұраған. Боярлар соңғы он жыл төленбеген алым-салықты жинап беріп, «уһ» десті.

Переславль қаласының тұрғындары «татарлар келіп қалды» деп тым-тырақай қашып, орманға тығылып, көбі сал-баржа жасап, қайыққа мініп, көлдің ортасына, аралға кетіп пана тапқандай. Сонда «татарлар кеткенше» жан сақтамақ.

Апта өтті. Көл ортасын паналағандардың шыдамы таусылған. Көлден қармақ аумен ұстап, жеген шикі балық ас болып жарытпады. Жағалауға шығуға қорқынышты «онда татарлар» бар. Баласы ауырып сыңсыған, бел-бүйрегі ауырып ыңырсyғандар көбейген. Тәтті ас жеп, жылы төсекке жатып үйренген боярлар бірінен соң бірі құлады. Көл ортасы көрге айналды. Босқа қырылатын түрлері бар. «Татарлар» бәрін қырып тастамас, өздері әкірендегенмен кешірімшіл көрінуші еді.

- Неге келдік осы көлге?
- Бас сауғалап.

- Қай басымызды? Қырылып жатырмыз. Татарлар бізді бүйтіп қырған жоқ еді, тентекті ғана дүрелейтін. Әйда, кеттік жағаға.

- Кеттік! - дескен көлді пана көргендер сүмірейіп жағаға шығып, «татарлардың» аяғын құшқан.

Едіге Тоқтамыс ханның пәрменімен жиені Шахматты Суздаль князіне елшілікке тастап, енді орыс ісімен сол айналысатынын айтып, кері қайтты. Орыс княздары да есе қайтару, жорық жасаудың уақыты еместігін әбден түсінді. Тығылған жерінен шыққан Митрий княз Мәскеуге қайта оралып, хан елшісі Қараша мырзаны қабылдап, ханның өзіне қатты ашулы екенін, бірақ қылмыскер кінәлімін деп аяғына жығылса кешіре алатынын да естіді.

Митрийдің амалы қалмады. Боярларымен кеңесті. Хан алдына бармаса бүгін болмаса да арғы уақытта Едіге бастаған қол бері қозғалады. Едігеге қарсы шығу мүмкін емес екенін бәрі де көрді. Митрий князь хан алдына өзінің баруы керек екенін ойлағанда жүрегі қозғалып, өкпесі аузына тығылып тұншығады. Мәселе ханның аяғына кім жығылып барадыға тірелген.

- Кім барады?

Боярлар ұзақ дауласты. Хан алдына барудан Митрий безе қашты. Басыңды алады деді. Ақыры ұзақ даудың арты хан алдына баратын княздің ұлы Василий бастаған боярлар тобын құрумен аяқталды. Хан алдына арба-арба жүкпен барған Василий ханның балағынан кіріп, жеңінен шықты. Хан оны қатты ұнатып:

- Ә, Базілі, келдің бе? - деп жылы қабақ танытты.

Мұны көрген, әркашан Орданы жақтаған Тверь князі Михаил:

- Тух! Мына сұмырайдың жағымпаздығында шек болмас, кісінің к., - нен кіріп аузынан шыққанды да көрдік, -деп еліне қайтты. Алтын Орда хандары ауысып

жатты, бірақ Василий өзі өле өлгенінше орыс ұлысының алым-салығын уағында төлеп отырған.

Орыс ұлысына жасалған жорыққа да екі жылдан артық уақыт өтті. Едіге Сарайшықтан көрі аулақтау бұлағы сылдырлаған тау бөктеріндегі өз ордасында күн өткізуді тәуір көреді. Ханның күйеу баласы ретінде мәртебесі де жоғары. Бас уәзір Кенжен де, төбе би Құлман да өзімен еріксіз есептеседі. Ханның шақыруымен келген ол қатар-қатар тізілген күзетшілер арасынан өтті. Ханның шалқып өмір сүруді қалағаны көрініп тұр. Бөлменің іші жан-жақтан келген асыл сый сияпатқа толы. Күміспен қапталған мәрмәр үстелдің үстінде әлде шарап, әлде басқа сусын құйылған алтын кеселер.

Тоқтамыс күннің ыстығына шыдай алмай жалаң төсін көрсетіп, иығына желең шапан жамыла салыпты. Бұрынғыдай емес, толықыраған денесі де термен жылт-жылт етеді. Айнала алтын-күміске малынса да, жартылай жалаңаш көрінген Тоқтамыста адамның мысын басатындай бірдеңе бар еді. Мүмкін ол мына тақтың қуаты шығар. Ханнаң алдына малдас құрған Қазаншының көзі оттай жарқырап, оның да тоймастыққа, шексіз билікке ұмтылған адам екенін аңғартқандай.

Кейінгі кезде биліктің кілті бас уәзір мен Төбе биден ауысып Қазаншыға қарай кеткенің ел де айтып жүр. Қазаншы қазынаның қақпағына ғана емес, енді Тоқтамыстың кіммен дос, кіммен қас болуын да ыңғайына алған сияқты.

- Орыс ұлысынан не хабар бар? - деп сұрады Тоқтамыс.

- Олар достық ниеттен ауған жоқ. Алымы қазынаға ай сайын түсіп тұр.

- Солай де.

- Мамайды жеңдік деп есірген кездерінде ғой, алымды бермегені. Мамайды да, орысты да тәубасына келтірген

сіз ғой, хан ием, - деп Қазаншы Едігеге ұрлана көз тастады, - Енді сол орыс ұлысы байыса бізге салық та көп түсер еді.

- Е, оларды біз байытамыз ба? - деп Тоқтамыс таңқала сауалдады.

- Өйтуге де болады. Мысалы, анау Оралдағы кен орындары бізден алыс, орысқа жақын. Сол кеніштерді орыстарға берсек, оған да, бізге де пайдалы.

- Бұл қате, - деп қалды шыдай алмаған Едіге сөзге араласып.

- Неге қате болады? Пайдасы шаш етекпен, - деп өзеуреді Қазаншы. Бұрын-сонды мұның айтқанына бұл сарайда ешкім қарсы келмеген. Мынау қайдан шықты?

- Сол кеніштерде қаншама өзіміздің адамдар жүр. Олардың тағдыры ойыншық емес. Бала-шағасының да болашағын қосайық. Әрі-беріден соң олар алтын орданың тірекері.

- Оларды қасқыр жейді деп пе ең?

- Қасқыр жемесе басқа жейді. Орыс орысын төгеді ол жерге. Орыс мордваны зорлап христан етті. Біздің ондағы халқымыздың да көретін күні сол болады.

- Е, одан қорықса олар елге келсін, кім оларды ұстап отыр, - Қазаншы ежірейіп, өз сөзін қуаттаудан жалығар емес. - Ер туған жеріне, ит тойған жеріне деген бар.

- Сонда сен қалай ойлайсың, Қазаншы, жат жұртқа Алтын Орданың жерін осылайша бере бермекпісің. Онда жау ертең-ақ іргеңе келеді. Сонда сенің кім болғаның?

Сасқалақтаған Қазаншының көзі бағжаң етті. Едігенің атғып отырған кінәсі өте ауыр. Егер Тоқтамыс хан да солай түсінсе күні қараң дей бер. Мына сөздердің алдын алмаса болмас.

- Менің ойлағаным тек қана қазынаны толықтыра түсу. Сен айтқандай орыс ол жерге Тоқтамыс хан тұрғанда тұмсығын да тыға алмас, - деп жалт берді Қазаншы.

Оның үстіне неге біз темір шығатын жерді басқаға береміз. Қара бауда темір өндіріп жатырмыз. Жайық бойында мыс қортқан Теңдік кенті бар. Өз адамдарымыз бұл іске әбден төселген. Орыс ұлысы Литвадан отты қару сатып алып жүр. Темірге қолы жетсе, сол зеңбіректерді өздері жасайды. Бас көтерген орыспен сонда қалай тіресеміз, - деп Едіге ойындағысын тегіс ақтарды.

- Ә, ол сөз емес. Қазаншынікі дұрыс, қазына мол болса, сол отты қаруды өзіміз-ақ сатып ала береміз, - деп Тоқтамыс хан Қазаншыны жақтап шықты.

Тоқтамыс хан сөзін сөйлеген Қазаншы иығынан ауыр салмақты алып тастағандай серпіліп, «уһ» деп іштей дем алды. Мамайды құрту үшін Тоқтамыс пен орыс елшілерін жолықтырған да өзі еді. Сол байланысы үзілмесе ханнан кем өмір сүрмес, ханға да айтқанын жасата жатар. Тек, мына Едіге деген нағыз құтылатын адам екен.

- Самарқан жағынан не хабар? - деп Тоқтамыс сөзді ауыстырды.

- Бәрі бұрынғыша. Алтын Орда тағы астыңызда. Енді Әмір Темірдің айтқаны да бола бермес. Реті келгенде азуды көрсетіп қойған да жөн шығар. Түбі іргені онан аулақ салсақ па деп едім, - деп Қазаншы тағы бір мәселенің басын көтерді, - Сіз жассыз, Әмір Темір...

- Тұра тұр, Қазаншы. Екі ел арасын шиеленістіруге болмайды, - Едіге сөзге киікті.

- Шиеленіскен емес, түбі Әмір Темір қартайған соң, иә өледі ғой, сонда ол елді.., - деп Қазаншы сөзін жалғай түсті.

Бұл істің арты қырсыққа ұрындырады, - деп Едіге оның сөзін бөлді, - Алтын Орданың кешегі Батухан заманындағы дәурені жоқ. Шыңғыс хан деген елес. Анау үнді, парсы жұртын бағындырған Темірдің күш-қуаты мол. Оған қарсы тұру біз үшін тым ерте. Біз мына орыс

жұртының өзімен әлі шатысып жүргенде жаңадан жау тілегеніміз не сасқанымыз.

- Міне, - деп алақанын жайды Қазаншы, - сонда сен хан ием Тоқтамысты ақсақ Темірден кем көріп отырсың ба? Жошы мен Бату ханнан Тоқтамыстың несі кем? Алтын Орда тап бүгін дәуренінде. Әмір Темірдің бе, қырым-қытайың ба, бәрін астына баса алады.

Тарихи жазбаларды оқымаған екенсің, Қазаншы. Оқысаң да миыңа ештеңе қонбаған, — деп бастай берген Едігені Тоқтамыс тоқтатты.

- Едіге, сөз осымен тәмам. Бара бер, — Тоқтамыстың қабағы түсіп кеткен екен.

- Осы Едігенің ойы басқа. Қайдам? — деді есіктен шыққан Едігенің артынан Қазаншы.

- Ал, ойыңды жалғашы.

- Көп жағдайдың реті келіп тұр. Темір анау парсы-түрік жағында жүр. Оның артық күші де жоқ. Осындай тұсты пайдаланып, біраз жерін басып алсақ Алтын Орданың мерейі өседі. Сосын.., деп сөзден тосылды Қазаншы.

- Иә, сосын.

- Бірте-бірте орнын ығыстырып, Бұхар, Үргеніш, Самарқандыны да алуға болар еді. Сонда хан ием, сіз Алтын Орданы Бату ханнан да артық дәуірлетер едіңіз. Қаншама ел ашса алақанда, жұмса жұдырықта дегендей, - Осы пікірім қалай әсер еттіні ойлап Қазаншы Тоқтамыстың жүзіне ұрлана қарады. Ханның мана құрысқан қабағы жазылыпты.

- Иә, - деп кеудесін керді Тоқтамыс, - сол күндерге жетсек.

- Жазмыштың бұйрығы осылай болса керек.

Қазаншы ойына келген істі атқарып тастамай, қиялдап артын күтіп отыратын адамға жатпайтын. Едігеден сескенген екен, ендеше ыңғайын тапқаннан басқа не

қалды. Тоқтамыс ханмен өткендегі сөзінде оның көңілін әбден тапқан сияқты. Баққұмар ханды тіпті Алтын Орда түгілі Әмір Темірдің тағына мінгізіп үлгергеніне Тоқтамыс әбден сенгендей. Оған қарсы жалғыз Едіге. Едіге Тоқтамысты емес, Әмір Темірді жақтайды деп гүсінсе тіпті құдайдың бергені. Осы жағын ханның құлағына құя берген жөн.

Құлман би мен Едігенің арасындағы бас араздық па, басқа араздық па, ол да Қазаншының назарынан тыс қалмады. Едігеге қарсы қандай іс болса да төбе би тегіннен табылған ақыл деп көнетінін іштей біледі. Осы ниетінен бас уәзір Кенжен де құр қалмас, кім біледі, күндердің күнінде жылы орнына Едіге отыра қалар деп сескенетіндей. Қазаншының ойынша хан тоқалы Толымбике сұлу басты сенімді адам болуға тиіс. Әбүйрін өзі ашса да онысын аттап кеткен адамға деген қатынның жаулығы жанында қорқау қасқырың дым емес. Ол жағдайды да Қазаншының түрік құлағы кәнизактардың сыбырынан естіген.

Ендеше не тұрыс бар? Қызу үстінде басқаннан артық ештеңе жоқ. Жағалап жүріп ішкі ойын хан тоқалына сездірген. Қуанбаса ренжімеді. Толымбике сұлу түн төсегінің тәтті сәттерін Едігеден келешекте келер дұшпандыққа арнап, хан құлағына әлденеше күн сыбырлаған. Ағасы Балташықтың ажалы да хан қолынан келгенін айтуды ұмытпады.

Иә, солайы солай, - деген ақыры қатын сөзіне иілген Тоқтамыс денесі түршігіпкіреп.

- Анау жолы айранға, - деп меңзеді. Толымбике ханға қарай назданып. - Ондағы ойым сіздің алдыңызда мысын мәңгі басу еді. Оны ішпеді. Ішпек түгілі қанжарымен тілгілеп...

- Әй, онысы несі-ей, оның?

— Онысы орданды ойран етем, туырлығыңды осылайша тілемін дегені де.

— Мына Едіге асқынып кеткен екен. Өлгі Қазаншы да, Құлман би де содан қауіп барын сездіріп жүр. Бұған не істедік? - деп Тоқтамыс төсекте басын көтерді.

— Қуып жібергенге көнбейді ол, тек басын алып... — Толымбике қорыққанып көзін жұмды.

Ертеңгі түстікке Қазаншы да, бас уәзір де, төбе би де шақырылған. Толымбикенің жылы жүз танытып, сәл бас изегеннен-ақ олар да істерінің оңға басқанын сезген. Мәселені алыстан орағытып, сонау Мамаймен соғыстан, сондағы Едігенің Мамай қолын шабудан қалыс қалғанын сөз етіп Толымбике бастады.

— Жөн сөзге көнетін кісі емес, кесір, — деп түйді Құлман би.

— Әй, қорқамын, қорқамын. Түбі тақ менікі деп жүрмесе, - деп Кенжен сескенген рай танытты.

Қазаншы соңғы уақиғаларды баян етіп, «осы өзі Әмір Темірдің адамы шығар» дегенді қосты. Не істеу керекке тоқтағанда баршасы «ажалға бұйырған». Қайтіп? Ас беріп, мас етіп, тамағына есірткі қосып, қымызына арақ араластырыпқа келіскен.

Бәрі жасырын, тылсымдай құпия еді. Тек ас-су тасып жүрген қыз сыбыр-күбірден секем алып, тың-тыңдаған. Мыналардың бас шұғысуының мәні Едігеге тірелгенде, ел сыйлаған, өзі де құрмет тұтатын адам туралы сөзді толық естуге аңсары ауды. Естіді де тұла бойы түршікті. Қапысын тапқан қыз құпия сырдың шетін, өзі ести алғанын Аңдысынға жеткізген.

— Сұмдық екен, - Абыржыған Аңдысын маңдайына шып етіп шыққан терді алақанымен сипады, - енді ешкімге тісіңнен шығарма, енді өзіңе қауіп.

Қастандықтың мән-жайын Едігеге айтқан Аңдысын:

- Берген асын жеме, қымызын ішпе, - деген, - олар есірткі беріп желіктіріп, арақ қосып мас етіп, сені төбелестірмекші. Шыдамай қанжар суырарсың, сол сәтте сені қылышпен турап тастамақ қой.

- Олардан қорқып, асқа бармағаным өзіме сын. Істерінің шетін көрмей әлден қашып кетсем ел бетін қайтіп көрермін. Тәуекел, барамын асына.

- Онда секем алған ас пен сусынды тоғыта салатын ішіңнен кеудеңе жанторсық байла. Қауіпті сәтте сытылып кететіндей мен Тараланыңды әзірлеп қоярмын. Тек сөзіме құлақ түре жүр, - деген Аңдысын.

Тойдан кем емес асқа түменбасы, мыңбасыдан ешкім қалмапты. Тоқтамыс тоқалы Толымбике сұлумен төрдегі биіктеу жасалған орында жеке табақ. Бас уәзір, төбе би, Қазаншы, онан беріде, оларға да дара дастархан жасалған. Едіге түменбасы, мыңбасылармен бірге. Тартылған табақ, ішкен аста шек жоқ. Астаумен баршасының ортасына қойылған мүше-мүше еттен Едіге сескенбеді. Арнайы әкелген шара-шара қымыз әркімнің алдына қойылды. Ойнағансып отырып шаралардың орнын ауыстырған. Сүт пісірім уақытта түменбасының бірі есаланданып шыға келіп, қатарласымен жұлқысты. Едіге де теңселген боп отырған. Сонау хан үстелінен Едігеге арнап, табакшаға салған ет келді. Бір кесегін алып, құрметтегеніне рахметін білдіргенсіп, ханға қарай бас иген де, аузын қампандатып, кесекті кеудедегі жанторсыққа салып жіберді. Енді бір кескенін ханға ықыласты түменбасыға «хан сыбағасы ғой» деп ұсынған. Сүт пісірім сәтте ол серейіп түсіп, қорылға басты. Едіге теңселуді көбейтті. Қазаншыдан келген сыбағаны жытырудың ебін таппай қиналды. Қазаншы Едігеден көзін алар емес. Ақыры сол қолына да сондай ет алды да, оң қолдағы етті жеңіне сүңгітіп, адал аспен аузын толтырып, «міне көрдің бе» дегендей көрсетіп

тұрып шайнады. Қымызға өздері арақ қосып ішкен ығай мен сығайдың талайы мас болып жосықсыз әңгімеге көшкен. Тоқтамыстың аяғын құшып, ханға адалдығын көрсетіп жатқандар да жетерлік. Қыз жеткізген қастандық туралы сөздің шындығына Едігенің көзі жетті. Сытылып шығып кетудің амалын іздеген. Отырғандардың көбінің қару асына келгенін де көрді. Бұл да тегін емес. Тыстан:

Табаны жалпақ тарлан боз,
Түн қатуға көнсе игі.
Үстіндегі қамқа тон,
Тап өзіңе бұйырса игі.
Сөз аңғарын аңларсың,
Барлағайсың соңғысын, -

деп әндеткен Аңдысынның дауысы жеткен.

Едіге бұлғақтап, естімегенсіп біраз отырды. Сонан тұрып ханға қарай беттей берді де, есіктен адымдай шығып жөнелген.

- Әй, ананы..., - деген Қазаншының ащы дауысы шықты.

Тарлан боз дайын екен. Бар қаруы ердің қасына ілініпті. Соңынан жүгіре шығып, қуа келе жатқандарды көзі шалды. Атка міне сап кумақ болғанның талайы таралғысы кесілген үзеңгіге аяғын салып ұмтыла бере ат баурына түсіп құлаған. Ерге қарғып мініп батырсыған жігіт соңынан қалар болмады. Едіге ат үстінде кері бұрылып, садақ тартқан. Жебенің ұшы иықтан кіріп, жаурынынан шыққан жігіттің баж ете қалған дауысы шықты.

III.

БЕРЕКЕ КЕТСЕ...

Дулығасын баса киіп, бар қару-жарағын асынып, мұздай көк темір киген Тоқтамыс осы биіктің басындағы ту атам-заманнан бері тұрған тұтас тас обадан айырғысыз. Тек бұл ат үстінде. Мұндай тұрысқа үйренген шұбар ат та анда-санда аяғын ауыстырғаны болмаса, қимылсыз. Тоқтамыстың бұл тұрысы еңісте көз алдынан түмен-түмен әскер өтіп бара жатқан қолбасыға келетіндей. Қатулы қабағының астынан қадала қараған көзінде шыдамсыздықтың оты, жүзінде мазасыздықтың табы бар. Сондай сәтте оқыс бұрылғанда жебеге толы қорамсағы мен қынаптағы қылышы түйісіп қалып, тұншыға үн шығарады.

Обаға найзасын сүйей салып, сонау сағымды далаға көз тігіп мелшиген ол сол жазираны қайта-қайта шолып, селт етіп басқа жаққа мойын бұрмаған. Сол сағымнан өткенін көріп, келешегін елестеткендей. Мұндай сәтте жанына жан жуықтатқысы келмейтіні және бар.

Астындағы байшұбардың сұйықтау жал-құйрығы үп еткен желге сусылдап, жанарын жауып мүлгиді де, онан соң сәл құлағын қайшылап, танауы делдиіп кең дем алып, басын бұрмастан айналаға көз тастап барып басылады. Мінезді жануар іштей тықыршығанын сездірмейді. Тізгінді босатып, тебініп қалса мына далада құс боп ұшып, шанды шаңға қосар еді.

Тоқтамыстың жорық тізгінін Әмір Темір жеріне қарай бұрғанына екі жылдан асты. Шабысып келеді, жеткені шамалы. Ойлап отырса Қазаншының уәжінің бәрі дұрыс.

- Шыңғыс хан жаулап алған жерлерді тек соның ұрпағы билеуге тиіс. Басқаны басындырып қою ұлы қаһанның әруағын қорлау, - деген Қазаншы.

Иә, мына Мәуренахрға иелік етіп отырған, өзін Әмір деп жариялаған Темір Шыңғыс ұрпағы емес, барлас. Хан болуға лайық еместігін түсініп, Әмір деген атақ алыпты. Оның хан болмаса да қарадан шығып, елді билеп-төстеп отыруы Шыңғыс ұрпағының намысына тиер іс.

- Ол барласты жуасытып қою керек деген Қазаншының сөзі көңіліне майдай жаққан.

- Оның дұрыс екен, - деген Тоқтамыс.

- Сіз қаһарлы Алтын Орданың ұлы ханысыз. Орыс ұлысы табаныңыздың астында. Онан арғы батыс жұрты да сізден сескенулі. Осындай айбынды күш тұрғанда барласқа да тізе бүктіру керек. Сонда әркімнің ықпалына кетіп бара жатқан елді қайта ықтырып ұлы бабаңыз Шыңғыс ханның өсиеті де орындалады.

Мұны бас уәзір де, төбе би де қолдады. Сонан соң тоқалы Толымбикеге жақын болып жүрген Әзибаба да «ең дұрыс айтылған ақыл» деп шыға келген-тін. Сөйтіп Әмір Темір иелігіндегі жерлерге Тоқтамыс әскері лек-легімен басып кірді. Жүз мыңнан асатын ләшкері Дербент, Ширванды көктей өтіп, Тебризге жеткен. Дербент пен Ширван маңын тонап, олжаға кенелген Тоқтамыс қолы соғысқа емес тойға келе жатқандай сезінген. Әмір Темір болса алыста, сонау парсы жерінде қарсыластарымен қырғын соғыс жүргізіп жатыр, мойнын бұруға шамасы жоқ-тын. Кешегі өзі асырап өсірген, өз қолымен хан тағына ие еткен Тоқтамысы желкеден соғар деген ой басына кірмегендей әлі сол парсы соғысынан малтығып шыға алмай жатыр. Тіпті Тоқтамыстың Әзірбайжанға қалың қолымен кіргеніне сенбейтіндей.

Сонда да Әмір Темір біраз әскерін бұған қарсы жіберуге мәжбүр. Оның қарсы шығарған отыз-қырық мың қолы Тоқтамыстың жүз мыңнан асатын әскеріне төтеп беруі қиындау. Майданда қолдың көптігі емес,

сардардың ұтқыр ойы, әскердің көзсіз ерлігі мен ысылғандығы да ұрыстың сәтін шешіп кететіні белгілі. Әмір Темір қолы бұл жағынан ешкімді өзіне теңгермейді. Тоқтамыстың да осы жағынан күдігі көп.

- Тоқтамыс пен арамызда өзара келісім жетерлік, оны біз бекем ұстаймыз. Әзірбайжанға кірген оның әскері екенін білсеңдер ұрысқа кірісіп кетпеңдер, кері қайтыңдар, - деп Әмір Темір қолбасы Әли бахадурға қатты тапсырғанын Тоқтамыс та естіді.

Иә, мұны өзен жағасында ат суарып тұрғанда қолға түсірген жас жігіттен естіген.

- Әй, неғып тұрсың? - деп сұраған Тоқтамыстың жігіті.

- Көрмейсің бе? - деп қуана жауап қатты ат суарған жігіт қыпшақша сөзді естіп. - Кел бері, аға. Қайдан жүрсің?

- Осы жаққа тағдыр айдап, - деп күмілжіген Тоқтамыстың жігіті.

- Елді сағынып жүр едім. Осы жаққа беттеген Әли бахадурдың қолында мен жалғызбын. Өзімше тілді естіп, қуанып кеттім.

Қуанам деп қолға түскен жігіттен Әли бахадур мен оның қолы туралы бар өзіне керектіні сұрап, қаныққан. Әли бахадур Тоқтамыс әскері екеніне көзі жеткен соң Әмір Темірдің бұрынғы пәрменін орындап, соғыспастан шегініп кетті. Тоқтамыс Тебризді ұзақ қамады. Қамалды алуға саты қойып өрмелеген әскері қалалықтардың қатты қарсылығына ұшыраған. Алғашқы күнгі үстеріне тас құлап, ыстық суға күйіп, садақ оғынан қаза болғандарда шек жоқ. Әскердің беті қайтты да, қаладан ешкімді шығармай қоршауға алды. Ақыры тебриздіктер екі жүз елу туман алтын ақша төлемек болып, келісім жасасқан-тын.

Араға біраз уақыт салып қайта оралған Тоқтамыс Тебриздіктерді алдап қапаны аштырып, сегіз күн бойы қаланы тонап, тұрғындарын зорлық-зомбылыққа салды. Күйреген қаланы тастап шыққан Тоқтамыс ханның әскері Тебриздіктердің біразын тұтқын ретінде алдыға салып айдаған. Соларды алдыға қалқан етіп, келесі Миранда, Нахичеван қалаларын алуда жау оғына соларды бірінші салып, қорғандарды әбден діңкелетіп бұл қалаларды да басып алып, аяусыз тонауға ұшыратты. Қарсылық көрсеткендері үшін тірі қалғандары болашақта да үлкен салық төлеп тұруға міндеттенді.

Тоқтамыстың соңғы істерінен хабардар Әмір Темір баласы Мираншахты қолбасы етіп, Капказ жағына жаңадан әскер аттандырды. Түнгі аспанда жарқ еткен найзағайдың оғындай күтпеген жерден жетіп келген Мираншах бастаған қолмен Тоқтамыс әскері ойда жоқта ұшырасқандай жағдайда еді. Жүз мың қолдың жарымы ғана жанында, қалғаны тау-таудың қуыс-қуысындағы жұрттың мазасын алуда-тын.

- Не істеймізге? - ауды мәселе.

- Мираншах тас-түйін екен. Түн жамылып, жылжып кетейік.

- Қашсақ әскердің тоз-тозы шығады. Қазір екі жақтың күші бірдей. Біз де біраз майданды көріп, әскерді шынықтырдық. Соғысу керек, - десті әскер басылар.

Ұрыс ертеңіне күн көтеріле басталды. Екі жақтың аттылы да, жаяулысының да саны шамаласы көрініп тұр. Тау арасының буалдыр тұманы бірте-бірте сейіліп, майдан даласы әбден ашылды. Дәстүр бойынша жекпе-жекке шақырылған Тоқтамыс жағынан шыққан Мәнжүр:

- Жекпе-жек. Миран шах! Батыр болсаң өзің шық! - деп күркіреген.

Қарсы жақтан:

Миран шах дайын. Алаңға Тоқтамыс шықсын, - деген дауыстар жетті.

Тоқтамыс өзінің атын естіп, жүзі күреңітіп, іштен тынды. Көптің арасында ұрысқа қатынасқаны болмаса жекпе-жекке шыққан емес. Әмір Темір ұлы Мираншахтың ұрыстың қайсынан болса да қашпайтынын сан естіген. Тоқтамыс амал таппай қиналған еді.

- Хан тұқымы қарамен шықпайды, - деп Қазаншы жол тауып кетті.

Жекпе-жек өтпеген соң екі жақ та ат қойысты. Тау арасындағы алаң неше алуан темірдің сарт-сұрт соғысқан үніне толған. Айнала қоршаған тастар айқайға айқай қосып жаңғырығып, тау тағысы үрке қашып, құзғындар сонау көктен өлексе іздеп, жіті шарлаған.

Мираншахтың тегеурініне Тоқтамыс қолы шыдап бере алмады. Алғашқы сап жапырылғаннан кейін-ақ кейінгілер шегініс беріп, арты дүркірей қашуға ұласты. Кейін шапқан дүрмекке ілесіп ие бермеген байшұбар бұл жолы Тоқтамысты нағыз ажалдан алып шықты.

Мираншах қашқан қолды жеріне жеткізе қумады. Ол да жаратушының аяғаны шығар деген Тоқтамыс.

Әйтпесе дүркірей қашқан қолдан тірі қалғаны да шамалы болар еді, өңкиген таудың үңірейген қуыс-қуысы өлікке толар еді. Дегенмен шығынсыз емес. Бас уәзір Кенжен мен Әзибаба бастаған біраз адам жоқ. Көз көргендердің айтуына қарағанда олар шатыр ішінде асықпай ас ішіп отырғанда Мираншах әскері қоршап алыпты.

- Құлдық! Құлдық! - деп бас ұрып жатқанын көрдік деседі.

Қолға түскен Тоқтамыстың бір топ игі жақсыларын Мираншах алдына келтірген. Бұлар өлім күтті. Мираншах әрқайсысының кім екенін, лауазымын білген соң әкесі Әмір Темірдің алдына баратындарын ескертті.

Жүздіктің қоршауымен түнімен жортқан олар ертеңіне түс ауа ұлы Әмірдің жорық үйіне жетпей аттан түсірілді. Ендігі қалған жолға жаяу бармақ. Оның өзі қозы көштен жақын жер. Ендігі күніміз не боладыны ойлаған Кенжен уәзірде зәре жоқ. Осы жорыққа ынталы болған Қазаншыны қолдағанына да, Қазаншыға да іштей лағнет айтуда. Шіркін, осы жолы Қазаншы қолға түскенде бәрін айтып, сол сұмды тура қазанға қуыртатын еді. Лағнет атқыр қолға түспей кетті.

Әмір Темірдің қабағы қатулы екен. Оның жүзіне тіктеп қарауға Кенженнің беті шыдамады. Сәлемнің белгісін жасап, жерге басы жеткенше иіліп, жүгініп отыра кетті.

- Жолдан қаталап келген шығар, сусын беріңдер, - деген дауысты естіді. Етегі желбіреген қыз қолына ұстатқан сусынның лебі келіп, тамсанды. Ішсем бе екен? Әлде у қосып беріп отыр ма? Ішсем де өлдім, ішпесем де көрерім сол. Дәмін татты да, сарка ішті.

Сусын ішкен жалғыз өзі емес екен, жанындағылар да кепкен таңдайларын жібітіп, еріндерін жаласқан.

Енді ғана естерін жинап, Әмірдің айналасына қарасты. Әмір Темірдің оң жақ тізесіне жақын аппақ сәлдесінің бір ұшы иығына түскен, түп-тұнық жанарына ой ұялаған орта бойлыдан жоғарылау ақсақал отыр. Шоқша сақалы мен әдемі мұрты күмістей жылтырайды. Иманжүзді ақсақалдың есімі ислам әлеміне белгілі. Әмір Темір ол кісінің пікірімен санасады екен деген әңгіме Алтын Орда жұртына да сан мәрте жеткен. Кенжен уәзір ғұлама ақсақал Сейд Берекенің арғы бабалары ұлы пайғамбар Мұхаммед с.ғ.у. баратыны туралы да хабардар. Ғұлама Сейд Берекенің мұнда отырғанын да жақсылыққа санады. Иншалла, жолдары болады екен, бұл кісінің көзінше Әмір де бұларды өлімге бұйырмас.

Осы жөнсіз соғысты бастап жүрген кім? - деп сұрады Әмір Темір.

«Сол ғой» деп айтуға тілі бармаған Кенженнің басы төмен салбырап, иегі төсін тіреді. Айтса, тірі қалса, ертең мынаның бірі Токтамысқа жеткізеді. Не істеу керек?

- Біздің хан ғой, - деді ақырын арт жақтан біреу.

- Дұрыс айтасың, Токтамыс. Неге бір ақымақтың айтағына ілесіп, осыншама жұрт қан жоса болуы керек. Осыны ойламайсыңдар ма?

- Біз бағыныштымыз ғой, - деп қалды Әзибаба.

- Токтамыс пен менің арам әкелі-балалының қатынасындай. Оны таққа көтерген де мен. Мұны ұмытпауға тиіс. Сендер де мұны естіп-білгенсіңдер.

- Иә, - деді ақыры Кенжен.

- Мұны білсеңдер онымен арамыздағы ынтымақ бұзылуға тиіс емес. Араздық отын тұтатуға жол жоқ. Әке мен бала әке-бала болып қала береді.

- Әрине, әрине, - деп елпең қақты Әзибаба.

-Ендеше араға от жағатындар, көкейімізге жағымсыз ой салатындар екі жақтан да жазалануы керек. Жаза ауыр болса басқаларға сабақ. Алтын Орда мен біздің бауырлас елдігімізге сына қағылуға жол жоқ.

- Әбден мақұл, - деп Кенжен тағы иілді.

- Қазаншы қайда? - деп сұрады Әмір Темір сәлден соң. Қазаншының бар ісі мен сөзінен Темірдің әбден құлағдар екеніне Кенженнің күмәні қалмады.

- Ол...ол кетті ғой, - деп Әзибаба қолын сілтеді.

- Жарар! Біз болмасақ Алладан алар жазасың, - деп Әмір Темір бәрінің жайласып отыруына мүмкіндік берді.

- Алланың ісіне шәк келтіруге бола ма. Қателік пендеден, - деп бастады биязы үнмен Сейд Береке, - Соғысу, қан төгу мақсат емес. Мақсат адам баласының көңіліне шынайы ілім, тура әділдік орнатып, әркімнің көңіліне ізгілік ниетін қондыру. Сіздер анау орыс елін

шабасыздар да олжа алғанға мәз болып қайтасыздар. Діні басқа сол ел доңызымен бірге ұйықтап, шошқасын жеп, арағына уланып аңша жүріп жатыр. Ізгілік ниеті орнамаған ол ел қанша шауып алсаңдар да сіздерге жау. Осыны ұқпай, біреудің азғыруымен бізге шаптыңыздар. Қане, сонда мұсылман баласының жеткені.

- Тура сөз-ау, - деген арт жақтағы біреуге Кенжен бұрылып қарамады.

- Әмір Темір парсының жұртымен соғысып жүрген жоқ, Хулагу бастаған моңғолдардың исламға келтірген зиянын өшіріп, мұсылманның ісін түгендеуде. Осыны ұққан жөн.

Әлбетте, әлбетте, - деген тағы Әзибаба.

- Қылыштың жүзін сынау керек болса шығыста аузына түскеннің бәрін адал деп ұққан қалың шүршіт жүр. Сол жаққа неге бетті бұрмадыңдар. Әлгі елді ұйытқытушы-бас ақылшы соны неге сіздерге айтпаған? Міне, осы жерде де бір құпия сыр бар, - деп түйген Сейд Береке ақсақал.

- Шын сөз-ау, осы. Тегіміз бір халық қан төгісіп жүрміз, - деп Әзибаба жайылып түсті.

Бір күн дем алдырған Әмір Темір ертеңіне бәрін сый дегізіп, сәйгүлік мінгізіп, өз иелегіндегі жерден де, қақтығыс болып жатқан түстан да өткіздіртіп салған. Әмір Темірмен болған әңгіменің желісін Тоқтамыс әрқайсынан жеке-жеке естіді. Әркім өзіне бұрып әңгімелесе де, бәрінің сөзін түгендеп болған жағдайға көзі жетті. Әмірдің қатал үкімге бармауын:

- Ол әбден күшейген Алтын Ордадан, оның тағында отырған сіздей қаһарманнан сескенгендігінен, - деп түсіндірді Қазаншы. - Әйтпесе ол жаналғыш емес пе.

Дегенмен де Мираншахтан зорға құтылғаннан бері өзінде маза жоқ. Жеңілу себебін іздеді. Сірә, әскерін басқарған қолбасылардың да осалдығынан болар.

Қолдың басында Едіге тұрса қайтер еді. Қиыннан қисынын тауып шығып кететін оның орны бөлек еді-ау. Түн баласы ұйқысы қашқан Тоқтамыс бір қостың ішінде әжептәуір дауласып отырғандардың сөзіне еріксіз құлақ түрді.

- Осы соңғы кезде ханның мінезінің сонша өзгергеніне таңмын - деді күжілдеген біреу сөзін бөліп-бөліп, - соңғы пәленбай жылда соның қосындамын, бір табактан тамақ ішпесем де, соның қосынындамын. Мен Тоқтамысты қолы ашық, жайдары жан деп түсінгем. Жолда кезіккен олжаға да аса қызықпайтын, қалай болса да қолға түскенді батырлар арасына әділ бөліп беретін. Тіпті сары ауыз балапан әскердің өзі олжадан құр қалмайтын еді. Ханды бет алды сөкпейін, ол басқаның үлесін алып Қалғысы келмейтін еді. Ал, енді не болып бара жатқанын түсінбеймін. Ересейіп, көзінің алдына байлықтың шалығы елестеп, айналасын көруден қалды ма.

- Ә, - деді жөткірінген екіншісі. Жасы келіп қалған адам болса керек, дауысы жарықшақ екен, -ханның осы жерде еш кінәсі жоқ. Бәріне оны қоршаған ығай-сығай кінәлі. Оларға байлық пен олжадан басқа ештеме керек емес. Сендер олардың ұрысқа қатынасып, дұшпанға оқ атқанын көрдіңдер ме? Ә, солай. Ал, енді ұрыс бітіп, олжа бөлісуге келгенде оларың аш қасқырдай жұлмалайды. Әрине, хан оларды тежемеген соң солай болады да. Табын-табын түскен малды да, көздің жауын алатын алтын-күміске де ие Қазаншы, уәзір, төбе билер емес пе. Оның несін айтасың.

Ойбай-ау, сонда елге қорған болған батырлардың үрім-бұтағы азып-тозып, көр-жерге қызыққан біреулерге айналғаны ма?- деп шар ете қалды бір жас дауыс, - Неге? Олай деуге болмайды, тегімен, қанымен берілетін ұлы қасиеттер біржола өшіп кетпес. Біздің сөз етіп отырғанымыз ханның айналасындағы жемқорлар ғой.

Ханды мақтап қойып, бізді сүлікше соратындарын айтамыз да. Бұл ашкөздік, тойымсыздық бір пәлеге әкеп тіремесе дегендік, - деп күмілжіді алғашқы адам. - Жас өсер, жетілер, үміт соларда да.

- Ешкінің құйрығы көкке жетер, — деп күлді жас дауыс иесі.

- Әй, сен мені келекелеме, — деп қалды алғашқы.

-Қоя тұрындар, қалжыңды. Меніңше, олжа бөлісудегі осы қылықтың болуы ханның бар іске немқұрайдылығынан. Ал, енді хан айналасындағы ығай-сығайдың тойымсыздығы олардың ешкімнен сескенбегендігінен. Арамызда кешегі Едігедей батыр жүрсе бұлай болмас еді. Оның жоқтығын әр жерде сезініп те жүрміз. Сондай өзі батыр, өзі әділ адам арамыздан шықса мына талапайдың бәрі тиылар еді. Ашкөздер сескенер еді. Ханның өзі де ойланар еді. Енді не, бәріне елді ойламайтын біреулер ие. Ал, жастардың сөзін хан тыңдай ма, тәйірі, - деген уәжді айтушы жарықшақ дауысты кісі.

- Сонда, қалай, әскердің үлкен болсын, кіші болсын аққан тері мен төгілген қаны ескерілмегені ме? - деп дауласа кетті күжілдек. - Кешегі Мираншахпен ұрыстың өзінде қанша адам қырылды. Солардың өлімі бекер ме? Олардың елде қалған жетім-жесірлері туралы ойлаған адам болса ғой. Кейде босқа қазаға да ұшырап жататынымызды қайтесің. Сонда түскен олжаны да әділ бөлу үшін жас салғастырып, сақал жарыстырсақ, қолына жаңа ғана найза ұстаған жас қапылыста өліп кетсе, артындағы кәрі әке-шешесіне кім қамқорлық етеді. Қисынсыз іс көбейді бізде. Бұлай бола берсе мұның арты жақсылықпен бітпейді.

- Қой, ей! Осынынды бізден басқа естімесін.

- Қоймағанда қайтем. Ішіме сыймаған соң айтқаным да.

Тоқтамыс естігенін ішіне түйіп жүре берді. Ләшкерінің мына айтқандары да, хан басына таққан кінәлары да бар екенін өзі де біледі. Бұлардың айтқаны көптің көңілінде жүр деген сөз. Едіге енді бұған жоқ. Амалдап ұстай алмады. Екеуінің жолы да әр кезеңде екі айырыла берді. Ендігі сүйенері төбе би, уәзір, Қазаншысы. Мүмкін жұрттың өкпе-назын басу үшін уәзір мен Қазаншының қызметін ауыстырса қайтер еді. Енді дұрыс болды деп жұртта біраз алданар. Сонан соңғысын тағы көре жатар.

Тоқтамыс Әмір Темірдің «біздің арамыз әке мен баланың қатынасындай» деген сөзінің мәнісін жақсы түсінген. Әмірдің келіссөзге, ынтымаққа шақырғандай етіп, қолға түскен бас уәзір бастаған топты сыйсияпатпен қайтаруына орай, дұшпан ниеті болмаса, өзі де оған елші жіберуге тиіс еді. Өзін дәуірлеп тұрмын, қарсы келер күш жоқ деп сенген, әрі осы бастаған ісінен тайса бар беделінен айырылатындай көрінген ол Әмір Темір ұсынысына жауап та қайырмады.

Әмір Темір бетімен кеткен баласын жөнге салып қоюды ойласа керек, Мираншах бастаған қол тағы ілгері жылжыды. Тоқтамыстың қол күші әлі мығым еді. Мираншахпен теке-тірескен қанды айқасқа бармай-ақ, ойда жоқта соққы беріп, жалт етіп жоғалып, бүйірден тиіп берекеcін алып, айналып кеп желкеден соғып, Әмір әскерін қалжыратып, ақыры коршауға түскен қасқырдай тірсектен алып, жан-жақтан соққылап құртпақ болды. Әуелде бұл айланы іске асқандай еді. Мираншахта есін тез жиып, тас-түйіндей бекіп, Капказдың тауларына бойлап кіруін тоқтатпады. Әрі тиіп-қашпа ұрыста Тоқтамыс қолының шығыны да арта түскен. Ақыры Әмір Темір әскері Тоқтамысты Дербенттен асыра түре қуып шықты.

Қараша айының соңына қарай Әмір Темірден келген қосымша күш Грузин жеріне тегіс иелік етті. Тоқтамыстың тау аралап, толассыз олжа іздеген ләшкерінен гөрі темірдей тәртіпке бағынған Әмір Темірдің қол астына қарауды таулықтар да жөн санаса керек, аса қарсылық етпеген. Әмір Темір бұзақы баласы Тоқтамыс енді қайтып Әзірбайжан жеріне өтпес үшін Дариял қақпасына мықты күзет қойғызды. Енді, міне Дербент те, Дариял қақпасы да біржола Әмірдің қолында.

Капказ бағытындағы жорықтары аса баянды болмаса да Тоқтамыс Әмір Темірге деген дұшпандық ниетін тастамады. Қазынаға мол қаржы түсіп жатқанын күлімсірей баян ететін Қазаншы да мұның келешек істерінің табысты болатынына сендірген. Естуінше орыс ұлысы да, онан арғы литов, поляк дегендер де Тоқтамыстың осы ісін құп көріп, көмек етуден тайынбайтын сияқты.

- Иә, өткен істің өкініші болса да мұның қайтпас табандылығы, діні, тілі жат, түсі де бөлек, бірақ отты қаруы бар біраз жұртқа ұнағандай. Олар осы қасиеті үшін өзімен еріксіз санасады, - деп қалды ат үстінде тұрған Тоқтамыс хан.

Бір кезде, атам заманда, әлдекімдер әлдеқандай себеппен тұрғызып кеткен, биіктігі аттылы адамға жақын тас обаға сүйеген найзасын қолына ұстаған Тоқтамыс өткен күндерді өстіп еріксіз еске алды. Тас обамен бірге мелшиген оның көзі алыс-алыс жақты сүзген. Күтетіні де бар еді. Осы жолы қапы жібермес. Өткенде Әмір Темірмен шайқасуда жеке қалып еді, енді мықты одақтас тапқандай. Онысы Әмірді ата жауы деп есептейтін Моғұлстан ханы Камарадин. Сөзге берік Комарадинның ләшкерін жасақтауға көмек ретінде Тоқтамыс мол қазына да жіберген. Жансыздарының

айтуына қарағанда Моғұлстан ханы бұған аса қуанған екен де, қаржыны шашау шығармай қару-жарақ алып, ләшкерінің санын көбейтуге жұмсапты. Әуелде осылай басталған істің түбі де берекелі болатынына енді Тоқтамыс хан күмәнданбады.

Кенет алдыңғы жақтан қылт етіп көрінген салт атты бері салды. Жүрісі де тым ширақ. Тайпалған жорғасының тұяғынан шыққан шаңды көсіп лақтырғандай артқа тастап, зулап келеді. Осы жүрісінен бір танбай Тоқтамыстың жанына жете тізгін тартты. Тас мүсіндей мелшиген хан оған бұрылып та қарамады, тек астындағы құла жорғасына қиыстап көз тастады.

- Ие, не хабар бар?

- Әзірше ештеңе жоқ. Кеше жібергендер әлі оралмады.

Тоқтамыс іштегі ренішін де білдірмей әлі де сағымданып, бұлдырап жатқан жазықтан көз алмады. Құла жирен мазасыздау мал ма, жігіттің астында тықыршып, тұрған жерін тұяғымен ойып тастаған. Үнсіздік біразға созылды. Ханның қасынан кетіп қалудың есебін таппаған жігіт жөткірінді.

- Хан ием, анау жақтан бір жолаушы көрінді. Өзінің жүрісі тым қатты сияқты.

-Түменбасылардың адамы болмаса.

- Жоқ, хан ием, олардың адамы мана келіп кеткен. Мынаның жүрісі бөлек.

Бұл жағын Тоқтамыстың өзі де болжаған. Түйенің қомында туып, аттың жалында өскен далалықтар шалғайдан көзі шалған жүргіншінің кім екенін атының жүрісінен бағдарлайды. Иә, мына суыт жүрісті адам тегін емес.

- Сен тез ұмтыл да, мына жүргіншінің кім екенін, не тілі барын біліп, маған хабарлауын түменбасыға тапсыр.

Мелшиген биік тұтас тас обаның жанында тұрған Тоқтамыс ханның осы күндері алдан күтер қияметі де

аз емес. Анау аса суыт жүріспен жеткен жүргінші кім, айтар хабары қандай деп іштей елегізуінде де мән жатыр. Мүмкін өзінің Моғұлстанға жіберген адамдарының бірі ме? Әлде, мұнан хабар ала-алмаған Камарадиннің сөзін ұстап келген біреу шығар. Күн өткен сайын жалғыздікті адамның жол жүруі де қиындап барады. Адасып кетуден қауіп жоқ, бұл жолға ысылған, жол мен жонді білетіндер жіберіледі ғой. Айналасын бекем бағдарлайтын Әмір Темір Моғұлстанмен Тоқтамыстың арасында сөз байласып, уағдаласудан бұрын-ақ жылт еткен жүргіншіні бағдарлайтын тәртіп орнатып тастаған сияқты. Бір ауылға тоқтап, ат ауыстырып мініп кету деген қияметтің қайымы. Араға тіл мен хат тасыған адамдар ауыл түгілі ши мен бұтаны пана етіп, жанын шүберекке түйсе де көздеген жерге бәрі бірдей жете бермейді.

Сонан соң да, соңғы кезде Камарадинмен арадағы байланыс тіпті нашарлады. Арадағы әрлі-берлі қатынасушылардың із-түссіз жоғалуы көбейді. Талайының өліктерін қарға-құзғын үймелеп жатқанда ғана тапқан. Тоқтамыс та, Моғұлстан ханы да біреуі өлсе, басқасын жұмсады. Дамыл көрмеді. Міне тау басында сарсылып, көкжиекке көз тігіп тұруының бір мәнісі осы.

Мана кеткен құла жорғалы жігіт бері тайпалтып келеді екен. Ат үстінде ыржың-ыржың еткенінен-ақ Тоқтамыс бір хабардың барын болжады.

- Иә, айта бер.
- Жаксы хабар, хан ием.
- Кімнен екен.
- Моғұлстан ханы жіберіпті.

Тоқтамыс Камарадиннен келген елшінің айтарын естігенше байыз таппады. Бар арманы Әмір Темірге қарсы күшті құрсаулап, жыртығын бітеп, сол Темір құрсауды қанды қақпанға айналдырып, Мәуринахр

әміршісінің қылтасын қию. Сол үшін де сонау Алтын Орданың башқұрт, татар, орысы аралас әскерінің қомақты бөлігін Аққозыға бастатып Моғұлстанға жіберген. Аққозы бастаған жүз мыңнан аса ләшкер Моғұлстан ханы Камарадиннің бұдан екі есе көп әскерімен қосылып, Шу өзенінің Алатауға жақын тұсынан бастап су аяғы құрдымға кеткенге дейінгі аралықты алып, шеп құрып жатыр.

Тек әскер ғана емес, сол маңдағы бодандыққа мойынұсынған қауымдардың атқа мінуге жарайтын-дарына қару асындырып, жайлауларын осыншама әскердің қажеттілігі үшін уақытша бөліске салып, елге салмақ түсірген. Бір тәуірі биылғы жауынды-шашынды көктем бар алқапты ерте гүлдетіп, көз жетер жердің ажары кілемдей құлпырған. Малдың тоқтығы елдің де баршылығына ауысып, арық-тұрықтың өзі ойнақтап шыға келген соң көп қолдың салмағын да жеңілдеткендей рай танытты.

Осы хабарды естісе де Тоқтамыстың күпті көңілі токмейілсімей, біраз уақыт болса да, тыныштық көрмеді. Көбіне ат үстінде. Ақыл сұрай келгенге де, көмек сұрай барғанға да мәселені ат үстінде шешеді. Жайлаудың төріне тігілген ақ-шаңқан ордасына да кіріп те байыз тауып отыра алмайтын мазасыздық билеген. Бес жасынан ат жалын тартып мінуге үйреніп еді, енді осы шамасында, тап осы бір Әмір Темірмен теке-тірес кезінде, тіпті шабандоз болып кеткендей. Қасына ерген аз ғана жасақ пен орданың біліктілері Тоқтамыстың бұл жүрісіне шыдай алмай сүріне жығылып, реті келсе бой тасалап қалатынды шығарды.

Бұлар өстіп сабылып жатқанда Әмір Темір бар әскерімен әлі де сол парсы жағында қилы-қилы ұрыстар жүргізіп жатқанынан Тоқтамыс хабардар. Тоқтамыстың бір жағы Шу бойын алып, Мәуринахрға шығыстан қатер төндіріп, екінші жағы терістік тұстан, Хорезм бағытынан

мол әскер дайындап, Үргеніш, Бұхараны бетке алатындай болып, құрсаулай түсуін Әмір Темір білмей қалды деуге Тоқтамыс сенбейді. Біліп отырса әккі Әмір Темір бұған қарсы не айла жасап жатқаны ғана белгісіз. Белгісіздік қапыда қалдырады. Әмір Темірмен санаспау Тоқтамыстың Капказдағы қолын біржолата байлады. Ол енді Дербент пен Дариял арқылы ешқашан өте алмасын түсінген. Бар үміт осы жолғы жорығының сәттілігіне байланысты. Әмір әскері парсы жағында малтығып жүргенде бұлар Камарадинмен қосылып Мәуринахрдағы Әмір Темір билігіндегі бар қалаларды басып алып күш қосса, оның құрған мемлекетінің тас-талқаны шығады. Ол үшін... Иә, ол үшін Әмір Темірдің бұларға қарсы қолданар әдіс-айласын білу керек.

Соңғы кезде әр түрлі мазасыз ой қажаған Тоқтамыстың жүзі біршама суалыңқы тартты. Ханның қаһарлы көздері де сұсынан айырылып, қағажу көргендей жасқаншақтап, ішіндегі қазандай қайнаған ойдың лебін сыртқа тепкен. Өзі шеше алмаған жұмбақтың бір шеті Едігеге барып тірелетін. Капказ жорығы тұсында да егер Едіге қол бастаса сонау Мәскеуге жорық кезіндегідей, атылған жолбарыстай жауын қапылыста соғып, Мираншахты тыпыр еткізбес еді-ау деп өкінген. Енді міне, Әмір иелігіндегі мемлекетті терісінен де, шығысынан да жер қайысқан қолмен қоршап жатыр. Сонда да әскери бір айла-әдістің жетпей жатқанын іші сезеді. Едігенің Әмірмен бірге сонау парсы елінде жүргенін де естіген. Иә, Тоқтамыс оны өлтірмек болуы. Едіге оны ата-дұшпаны, бітіспес жауы санайды. Ендеше ол Әмірге осы жолы қандай ақыл қосты екен? Ақылды қолбасының айласы бір түмен әскерден артық.

Тоқтамыс өзіне одақты Моғұлстан ханы Камарадиннің ісіне аса риза емес. Ханның ойынша Камарадин де шалыс басудан аса алмай жүр. Кейде оның мінезі мен ісі

өзіне жұмбақ болып та көрінеді. Осындайдан көңіліне күдік алған Тоқтамыс бір айдың ішінде оған үш рет хабаршы жөнелтті. Бірінен жауап ала алмай, қаны қарайған-тын. Тіпті жіберген адамдарын өзіне ұстап қалды ма деген де ой келген-тін. Әйтеуір Камарадиннен мына хабаршы келіп, сәл көңілі жайласты. Камарадинге көмекке аттандырған Аққозы бастаған қол да діттеген жерінен орын теуіпті.

Осының алдында Моғұлстан ханына әскері артына қарап жалтақтай бермеуі үшін өзіне қарасты елді ауыл-ауылымен Шудан бері өткізіп, жайлауы мол кеңістікке қарай көшіп қонғаны лайықты болар еді деген ұсыныс айтып еді. Әрине мұнысы өзін өзімен тең санайтын ханға жасаған өтініші ғана. Өтініші жауапсыз қалды. Кейін Тоқтамыстың жансыздары Камарадиннің бұл істі керісінше жасағанын жеткізген. Өзіне қарасты малды-жанды ең тәуір ауылдарды Моғұлстан ханы Шудан әрі қарай, бір шеті Хантаудан асыра, Іленің төменгі құйылысына қарай жылжытып қондырыпты. Мұнысы несі? Әлде осы жорықтың сәттілігіне өз басының сенбегені ме? Хан сенбесе қараға не жоқ. Қолдың дені қара. Қарадан тұратын әскер ауылдарының шегініп қалғанын естісе оны қалай түсінеді.

Жансыздарының Тоқтамысқа жеткізулеріне қарағанда Әмір Темір иелігіндегі қаладан тыс өмір сүретін, өздері сияқты көшпелі тұрмыс кешіп, мал баққан, не диханшылықпен айналысқан дала мен қыстаулардың жұрты Тоқтамыс пен Моғұлстан ханының әскерінің талауынан қорқып, қалалардан пана іздеп, Сауран, Бұхар, Үргеніш, Самарқан сияқты ірі шәһәрларға қарай жосылуда екен. Мұның арты сол қалалардың беки түсуіне, қорғаныс қолының артуына әкелетіні белгілі.

Иә, оның үстіне ләшкерінің көбінің мақсаты олжа түсіру. Олжаның көбі қорғансыз отырған мал баққан

елде, не болмаса арығын ағытып, егісін суарып, тер төккен диқан жұртта. Олардың күні бұрын қоныс-жұртын тастап кетуі олжадан да үмітті үздіреді, әскердің ұрыстағы ынта-жігерін де мұқалтады.

—Кәне, дайындал, - деді Тоқтамыс хатшысына.

—Ләббай, тақсыр.

— Айтқанымды мүлт жібермей жаз.

Хатшысы қоржынын ақтарып, сия сауытын алдына қойып, қауырсын қаламын ыңғайлап, алдындағы ақ қағазға үңілді. Тоқтамыс Камарадинге өзі тез шешуді қажет деген ойларын айтып, осы хатты алысымен дереу Әмір Темір шекарасына шығыстан қалың қолмен өтуі керегін өтінді. Келесі осындай хат өз қолының басшысы Аққозыға жөнелтілді.

Хорезм маңына жиналған өзінің негізі күшін Әмір Темір иелігіне қарай қозғамастан үш күн бұрын Тоқтамыс Мәнжүр бастаған шағын топты барлауға жіберген. Табан астынан Мираншахтың пайда болғанындай Әмір Темірдің жасырын бір күші бүйірден соғып, қапы қалмайық дегенді ойлап, Мәнжүр мен оның қасындағыларға нені байқау керектігін мықтап тапсырған.

Аяғының желі бар аттар да Мәнжүр тобына берілді. Түн қата жүріп, түстері қашып, ертемен атқа қонып жолай кезіккен жыра-жыраны, бұта-бұтаны пана тұтып, Әмір иелігіне бойлай кірген бұлар көзге ұратындай әскер тобын да көрмеді. Кезіге қалған жолаушылардан сыр тартып көрген еді, тағы да маңызды ештеме естімеді. Құлаққа ілінген сөз Әмір Темір әскерінің сонау алыстағы Парсы елінде соғысып жатқаны ғана. Қайтуға да бет алған.

- Менің басыма бір ой келіп тұр, - деді Мәнжүр жанындағы оншақты адамның әрқайсының бетіне қарап, - Соны сендерге айтсам...

Айтып көр, - деді біреуі, - Бірақ айтарым, қайтқан жөн. Осы үш күн бойы күндіз-түні бірдей шапқылап әбден діңкеледік, әрі аттар да болдырды. Тағы бір жаққа барайық деме.

- Айтсам...Осы құр қол қалай айтамыз. Ең болмаса аздап олжа таппасақ елден ұятты. Кім көрінген көзге шұқиды ғой. Қасқыр қуған қойдай үрпиісіп қайтып-сыңдар демей ме. Бір іс тындырсақ деп едім.

- Сонда не айтпақсың? - деді Мәнжүрға Қиу таз басындағы бөркін сипалап.

- Е, - деп күлді біреу, - Диханның қауын-қарбызын ала қашамыз ба? Олжа деп...

- Әй, сен де..., - деп ренжіді Мәнжүр, - Бейқамдау отырған ауылдарды да сыртынан сан байқадық қой. Өрісте малы бар дегендей. Бір-екі үйір жылқысын қуа кетсек те олжа емес пе.

- Міне, бұл дұрыс. Сол ауылдардың өзі де бетін Әмір иелігінің ішкі жағына қарай бұрыпты. Онысы Тоқтамыс қолы келіп қалар деп сескенгені шығар. Бәрібір үркіп отыр екен, ендеше біздің де тиіп алғанымыздың еш сөкеті жоқ, - деп Қиу таз бұл өмірінде алғаш рет жөн айтқан.

- Олжадан кім қашады дейсің, тек өзіміз қақпанға түсіп қалмасак.

- Ненің қақпаны? Бәрі бос жатыр.

- Дегенмен сақтық керек.

Шуылдасып барып басылғандардың олжа алудан қашпасы белгілі болды. Әйтеуір бос қайтпайтындарына көздері жетіп, көңілі тоғайғандар шаршағандықтарын да ұмытып, жадырап сала берген. Айыл-құйысқандарын да түзетісіп жатыр.

- Қам жемендер, мен бәрін де ойластырып қойдым. Бұл менің басыма осы қазір ғана келе қалған ой емес, осы жолдың ұзын-бойында айналаға жігі көз салып, ұра-

жыраны байқап, қандай мал қай жерде жатқанын көңілге түйген соң шешкен байлауым.

- Ә, бәсе.

- Міні, жігіт, - десіп басқалары тағы қосыла кеткен.

-Ер азығы мен бөрі азығы жолда деп тегін айтылмаған ғой. Бір үйір жылқыны қуып кету сыңсыған жаумен айқасудан жеңіл ғой, бас та аман, олжа да жетерлік, - деп Қику таз тіпті үстей түсті.

Арадағы әңгіме қалай тез көтерілсе, солай тез басылды. Әркім өзіне тиіп қалар олжа малдың түр-түгін түстегендей қабақ асты ұрлана қарасқан. Ең болмаса бір аттан тисе де жаксы, әйтеуір құр қол емес, қысқа қарай семіртіп соғым етіп, табан шыққан, қазыны кертіп жеп отырғанға не жетсін.

Ақшам намазына таяған шақта жеке отырған ауылдың сыртынан келіп, ат басын тартқан. Жасырынған жерлері аласа-аласа, бұйрат-бұйрат төбелер. Ешкімнің көзіне түспей, шоқылардың басына жер бауырлап шығып, айналаны ұзақ бақыласқан. Айнала тып-тыныш, келген де, кеткен де көрінбейді. Тек сонау тыныш ауылдан әлде біреудің шырқай салған әні естіледі. Мүмкін қыз-бозбала кешке алтыбақан құруға дайындалып та жатқан шығар.

Мәнжүрдің тінте қарағаны ауылдың жанындағы тұсаулы жүрген аттар мен желідегі биелер емес, онан молырақ үйір-үйір жылқы. Оның да ізін көрсеткен кешкі сауымнан кейін босатылған биелер. Құлындарын ертіп, шаңдата шапқылап жөнелген биелер келесі қыраттың астына барып, көзден таса.

- Е, мал сол жерде екен, - деді Мәнжүр қасындағыларға.

- Иә, сәт.

Кеш түсе шыр айналып барып, сол тұсқа тағы көздерін қадады. Бұлақ басына жылқышының қосы

тігіліпті. Әріде бір табын жылқы жатыр. Бәрін қуып, әкету қолдан келе қоймас, бір-екі үйірін бөліп әкетсе де болар еді.

- Көрдіндер ме?

- Иә, көрдік.

- Қашан тиіп аламыз? - деп сұрады біреуі.

- Тұра тұр. Ақылдасайық.

- Мұндайға қатынасқаным бар еді. Ең дұрысы таңсәрі мезгіл. Түнімен мал күзеткен жылқышылар да дамылдайды, жылқы жарықтық та жусайды. Бәрі тып-тыныш. Сол уақтан артығы жоқ, - деп қалды Қикутаз.

- Ту, таңсәріге дейін күзетеміз бе? Ұзақ түнге...

- Қазір тиіп алсақ та болар еді, - деген дау көтерілген.

- Тұра тұрыңдар, дауласпай, - деп тиды оларды Мәнжүр. - Таңсәрі біз үшін тым алыс. Өйткені біздің қайтар жолымыз да алыс. Ең дұрысы інірт мезгіл. Жылқыны інірттеген малшылар кешкі ас ішу үшін қосқа жиналады. Ас асықпай ішіледі. Сол уақытты пайдаланып қалғанымыз жөн шығар.

- Дұрыс ақыл, - деп қостай кетті Қикутаз.

- Енді тағы бір айтарым бар. Соны тыңдаңдар. Соңымыздан қуғыншы шығуы мүмкін.

- Ол даусыз ғой.

- Онда не істейміз?

- Сол себепті төртеуің анау-анау шоқылардың басына шығып, қуғын шыққан кезде лаулатып от жағасыңдар. Қуғыншы содан ғана сескенер, - деп бірінен бірі алшақ жатқан төбелерді көрсетті.

- Ол да жөн екен, - десті барымтаға көңілі кеткендер бар іс осымен тынғандай-ақ марқайысып.

- Жылқы ішінде бір-екі күзетшінің қалып қоюы да мүмкін. Оларды аттан түсіріп, жаяу тастап кетіндер. Жаяулап қосқа жеткенше біз де талай қырдан асармыз.

Іңір түсе, жылқышылардың кешкі асқа кетуін бақылай отырып, барымташылар сай-саймен табынға қарай ақырын жылжыған. Күнұзын үйездеп тұрған жылқылар кешкі салқынмен бойларын жазып, бұта-бұтаның арасындағы шүйгін шөпті бырт-бырт үзіп, сүйсіне шайнаған. Әредікте енесінен көз жазып қалған құлынның шіңгірлей кісінегені естіледі. Әккі айғырдың шайнап тастауынан қашқан құнан алдарынан үрке жалт берді.

- Байқандар, сойыл-шоқпарды еппен жұмсандар, - деді Мәнжүр каталдау үнмен.

- Е, сонда оларды белбеумен ұрамыз ба? - деген қырсыққан үн естілді.

- Бұл соғыс емес, барымта. Барымтада кісі өлімі болуға тиіс емес.

- Көре жатармыз, - деді тағы сол үн.

- Тобықтан, тізеден соқсандар да жетеді. Аттан түсірсек болды ғой,-

Топталмай да, араларын тым алшаққа да салмай табынның ішіне кірген бұлардан жылқы да үрікпей теріс айналып, жол беріп жатыр. Істің сәті осылай болса өздеріне керегін ептеп жылжытып, шетке шығарып әкетуге болатынына Мәнжүр әбден сенген. Кенет оскырына жер тарпып бас көтерген ақжал айғырдың әр жағынан:

- Бұл қайсың? - деген естілді.

- Өзіміз, - деді Мәнжүр жеңімен аузын баса үн қатып.

- Өзің кім? - деп анау құрығын ыңғайлады.

- Мен.

- Сен...

- Иә, мен тап өзімін, - Абыржыған күзетшіні Мәнжүр тобықтан қағып, аттан құлатты.

- Ой-й..., - деп қалды ауырсынған ол.

- Әй, не болды? - деп сонадайдан едірендеп келе жатқан екінші күзетшіні жігіттердің бірі «ә» дегізбей аттан жұлып түсірді.

Мыналарды қайтеміз?

Жатсын солай. Екеу-ақ сияқты өздері. Тезірек қимылдайық.

Көп жылқының арасында бой тасалап, бәрін көріп тұрған жас баланың сол бетінде сынаптай сырғып жылыстап бара жатқанын ешкім аңғармады. Екі үйірден аса жылқыны алдыға салып, дүркірете айдап жөнелген.

- Иә, сәт. Тіпті ешкім әлі сезген жоқ, - деп даурықты Қику таз.

- Олжа! Олжа болғанда қандай.

- Жолымыз болды.

- Әлі ерте даурығуға. Ұзап алайық, - деп Мәнжүр тоқтам айтқанысыды.

Сонау қос жақтан айқай шықты. Жылқышылардың қанша адам екенін кім білсін, артқы жақтан естілген аттың дүбірі бір бәйгіге қосылған сәйгүліктердің санынан кем емес сияқты. Бүйірде қалған ауылдың да иттері жаппай абалап. Ол жақтан да аттандаған дауыс жеткен. Арт жақтағы қуғыншылардың айқайы мен ат тұяғының тарсылы жақындаған сайын барымташылардың алдындағы малдың да бытырай қашуы көбейді. Манағы ақжал айғыр оскыра ойнақтап, өзіне құрық сілтегенге сес көрсетіп, ақыры сойылдағанға көнбей жырыла қашты.

- Қартаң шірігір, - деді ызаланған Қикутаз.

Қуғыншылар жақындап қалды. Мына бетінде өздерін жапырып өтетін түрлері бар. Япыр-ау, манағы төбе-төбеге тастап кеткен жігіттері қайда? Олар неге от жақпайды. Мына қуғынды көріп, өздері жан сауғалап қашып кетпесе игі деп ойлады Мәнжүр. Онда құрыдық дей бер. Қанша жүйрік болса да үш күн бойы күндіз оттатып, түнде дем алдырмаған астындағы аттары енді ұзақ шабысқа шыдай алмайды. Енді не амал?

Жігіттерін қалдырған төбелердің етегіне де ілігіп қалды. Арттағы қуғыншының атының ауыр дем алып, ырсылдаған үні көк желкеден естіледі.

- Түс аттан, түс! Өлтіремін сен итті, - деп ақырды қуғыншы. Сілтеген сойылы аттың сауырына тиді, - Ұры! Кәззәп! Қазір енді...

Төбе-төбенің басынан от лаулап, жанған жалынның алдынан әлдекімдердің жүгіргені көрінді де «Тоқтамыс», «Тоқтамыс» деген айқай естілген. Бұл айқайға алдындағы аз жылқыдан айырыла қоймаған барымташылар да айқай қосып, айнала аттанға толып шыға келді.

- Ойбай, жау!

- Тоқтамыс ләшкері, - десіп қуғыншылар ат басын тартып, ұзай шапқаны жалт бұрылып кейін қарай шауып, кейінгілері олардан үркіп серпіліп, ақыры бәрі кейін қашты. Кейін қашқан қуғыншылардың соңынан

- Соқ! Соқ!

- Ұр! Ұр!, - деп бұрылып тұра қалған Мәнжүр тобы да дүркірей айқайлап, сауыт-саймандарын сартылдатып, тоқымдарын сабалап, үрейге үрей жалғаған.

Жырылып қашудан аман қалғаны жарым үйір жылқы екен. Шетінен мама биелер мен тізесі шор боп біткен қартаң айғыр. Қартаң айғыр ежелгі өрісіне қарайлағанмен қашуға шамасы жоқ екен. Үйір айдағанға көніп, алдыға түсіп жүре берді. Темірқазықты бағдарға алған Мәнжүр тобы ит бүлкілге салып, түнімен жортты. Түн жарымында туған ай жыпырлаған жұлдыздар арасын түнімен жыртып, таң ата барып батыс тұсқа еңкейді. Кәрі айғыр да тұра қалып бұтын сарқып, сонау артта қалған жұртына мойнын бұрып, арқырады-ай келіп. Сонан соң енді айналып келмес күндерімен қоштасты ма, қабағын шытып, күрсінді де ілгеріге қарай озды.

Арттан келер қауіпті жоққа санады ма, Қикутаз ердің қасын құшақтап, ұйқысырап, шайқалып келеді екен. Жастау жігіттің бірі қатарласа беріп:

Жау! Жау! - деп баж ете қалған.

Шошынған Қикутаз атынан ауып түсті. Әйтеуір шылбыры қолында екен. Үркектеген атын «кұр-кұрлап» ерінің үстіне артылған.

Қику жау түсірді.

- Олжасынан бөліспес пе екен.

Шіркіннің жүректісі-ай, — десіп топ біраз күлісіп, бой жазған болды.

Барлаушыларының қайта оралып келе жатқанын Тоқтамыс ханға манағы тайпалған жорға мінген жігіт жеткізген. Хан оларды ат үстінде қарсы алды. Алдарындағы аз ғана жылқыға да қиыстап көз тастаған. Астындағы шұбар ат үйірілген жылқыға үйірсектегісі келіп, жер тарпыған.

- Ал, - деді Тоқтамыс ат үстінде шірене түсіп, - Темір жақтан не хабар?

- Біз бармаған сай-сала, жортып өтпеген құба жон жоқ, хан ием, бірақ Әмір әскеріне ұқсайтындай ештеңеге кезікпедік.

Ім! Жарар! Оларыңды дұрыс дедік, тіл тартып көрдіңдер ме?

- Әлбетте. Жоқ іздеген болып, қой баққан шопанға, жол сұрағансып көшкен елге жолығып бақтық. Бәрінің айтатыны Әмір Темір ләшкерінің үнді ме, парсы ма, әйтеуір алыс жатқаны.

Тоқтамыстың бұл хабарға іші жылыды. Сұрланған жүзіне қан жүгіріп, бет пішіні де өзгерген. Жолда көрген қиындықтары мен аман-саулықтарын сұрағанда да дауысы жұмсара шықты. Сонан соң:

- Мыналардың жақсылап дем алуын қамтамасыз ет, - деп жүзбасылардың біріне тапсырды.

- Құп! - хан ием, - деген жүзбасы.

Барлаушы тап ханның ризалығына ие болғандарына қуанып, бірін бірі камшымен түрткілеп, сыбыр-сыбыр әзіл-қалжың айтып бұрыла берген.

- Әй, - деген Тоқтамыстың даусы санқ етті.
- Ләббай.
- Әй, мынау не жылқы? - хан иірілген малды қамшысымен нұсқады.
- Олжа! Жолшыбай бір ауылдан қуып кеттік, - деп Қиқутаз өрепки тіл қатты.
- Ақымақ! — Хан қамшымен жон арқадан тартып жіберді.
- Хан ием! — Арқасын қамшы тілген Қиқу таз кіржің етіп иіліп, ердің үстіне құлаған.
- Ақымақ! Жолдағы елді үркітіп.

Тоқтамыстың жаңа ғана бойын билеген қуаныш су сепкендей басылды. Мыналар жылқы қуып келген жоқ, пәле қуып келді. Қарашы енді. Тоқтамыс әскері Хорезмде жинақталып жатыр екен, беті Бұхар, Самарқан болуы керек дегенді естіп, жолдағы мал баққан ел онсыз да дүрлігуде еді, мыналар сол отқа май құйып келіпті. Үйірлі жылқы емес, табынымен шауып алыпты деген жел-өсекке енді тыйым бар ма. Сескенген елді біржола үркітті деген осы. Бүгін-ақ ат аяғы жетер елге Тоқтамыстың қалың қолы бері жылжып, жолдағысын жапырып келеді, бас амандандар деген сөздің жетеріне еш күмән жоқ. Сонда мынау қалың қол енді не ішіп, не жейді? Жылжыған қолдың ас-суының көбі осы жолда кездескен ауылдардан емес пе еді. Әйтпесе, мына нөпір жұртқа не шақ келеді.

- Ақымақ, - деп қалды тағы да.
 - Ләббай, - деп құлағын тосты жігіті.
 - Жаңағы барлаушы топты кім басқарған еді?
 - Мәнжүр батыр.
 - Ана Қиқуға не жоқ онда, өзеуреп.
 - Арқасы қышыған ғой, - деп жігіт жымың етті.
- Мал мен басын амандап, үрке қашқан елдің ізімен жылжыған Тоқтамыс қолы хан қанша асықтырса да

жүрістері баяу. Қолдың қажетті заттарын артқан жүк арбалары қайта-қайта сынып, ақыры күпшегіне жағатын кара май табылмай шетінен жолға тастаған да, бар жүкті түйелердің беліне салды. Жедел жүрісті қамтамасыз ете алмаған қолбасылар Бекарыс пен Садық бахадүр ханның қаһарына іліксе де бастары аман еді, кей жүзбасы дүре жеген.

Кешінде меңзеген жерге келіп жеткен. Осынша қолдың қамалғаны жалғыз құдық. Қаталап келе жатқан ханға жалғыз шелектен жалғыз шөмішпен Мәнжүр су ұсынған.

- Мұның не? - деді тартынған хан.
- Су, хан ием.
- Осының тазалығына көзің жете ме? У тастап кетсе қайтесің? Әуелі ана құлға бер.

Хан әмірін орындамасқа амалы жоқ құл аузын толтыра ұрттап тамсанды да, болары болды, құдықтағы су кімге жете береді, оның ішінде маған бәрібір тимейді дегенді ойлап, шелекті басына бірақ көтеріп, қалғанын басына құйды.

Мына бетінде талай істен ұтылатынын түсінген хан әскердің бір бөлігіне жедел жүріп Сауранды қоршап, реті келсе қаланы басып қалуды тапсырған. Бұл қолға басшылыққа қанша қаһарланса да өзіне аса сенімді Садық бахадүр бекітілді. Бір-екі күндік азын-аулақ азықты әркімнің қанжығасына ілген әскер ауыздықтарын шайнаған аттармен алысып, құйындата шауып көзден ғайып болған.

Негізгі қолмен жылжыған Тоқтамыстың да шыдамы кетіп, бір түмен әскер ертіп ертеңіне ол да жеделдете жүріп кетті. Сол асығыс жүріспен аттарды шалдықтыра отырып, ақыры екінші күні кешке Сауран түбіне жетіп, тізгін тартты. Аса биік қорғанмен қоршалған қала жұртшылығы келіп жатқан қолды тамашалағандай

қамалдың үстіне шығып, көз тіккен. Кейбір елгезектеу жасөспірімдер ысқырып қалып, әлде не десіп ыржың қағады.

Ертеңіне Тоқтамыс хан шатырынан күн найза бойы көтерілгенде сыртқа бас көрсеткен. Көптен бері қаңсып тұрған аспанға бұлт оралыпты. Жыртық үйдің үзигіндей шұрық-тесік бұлтта шақшия қалған күннің аптабына далдалдыққа жарамай қапты. Жаңа ғана бүркіп өткен өткінші топырақтың қаңсық иісін қайта көтеріп, қолқаны ащы иіс қапқан. Оның үстіне айнала тамақ пісіргендердің түтіні жамалып, елді есеңгіреткендей екен.

- Ал, не айтасындар? Қаланы қалай аламыз.
- Қамалдың іргесіндегі ор аса терең екен. Сондағы суды ағызсақ бір жаққа, - деді Бекарыс.
- Жоқ, онан да оны бітеп тастау керек топырақпен, - деп Елмеш әмір дау айтты.
- Топырақпен ай бойы бітейміз. Ол топырақ сумен араласып ордың іші құрық бойламас батпаққа айналады екен. Сонда оны келер жылға дейін кептіріп отырамыз ба? — Садық баһадүр осыным қалай дегендей ханға қараған.

Бекарыс мырс етті де, теріс айналды. Хан қабағын түйді. Мыналар қамал алғаннан көрі ертек айтуға мықты екен деген ащы ой көкірегін тырнаған. Сонда не істемек керек? Ақылға мығым қолбасының керегі осындайда-ау. Бар еді-ау ол, айырылып қалды.

- Ордың үстінен бір басын қамалдың іргесіне тіреп ағаш көпір салайық. Соған саты қойып, қорғанға өрмелесек ісіміз сәтті болар, хан ием, -Тоқтамыс осыны айтқан Садық баһадүрге ойлана қарап, ұзақ тұрды да, басын изеді.

Байшұбардың майда желісіне салып терістік тұстағы аласа төбенің басына көтерілді. Айнала жым-жырт. Шақылдаған жалғыз саршұнақ безіп ініне кіріп еді, сол

тесігінен басын қылтындатты. Ертеңгілікте аспанды торлаған шұрық-тесік бұлттың шөкімдейі де қалмапты. Даланы аптап күйдіріп барады. Көз жетер жер сағым ойнаған дала, көлбең қаққан бұлдыр елес. Осыны көріп, Темір әскерінің жоқтығына, жуық арада келмейтініне көңілі біржола сенгендей болған Тоқтамыс хан артта келе жатқан қалың қолды басқа қалаларға бөлгенді дұрыс санады. Бір Сауранды алуға осында жеткен елу мың ләшкер де жетер. Бар күшті біріктіретіндей қан майданда қарсы тұрған Әмір Темірдің әскері жоқ. Бір қаланың маңына бәрін ұйлықтырып не қажет.

Тоқтамыс сол сыдыртқан жүріспен Сауранның камалын сырттай айналып, өз көзімен шолып шыққысы келді. Басқаның назарына ілікпеген осал тұсы бар шығар деген ой да көңіліне ұялаған. Қамалды айнала қазылған ор да терең әрі жалпақ екен. Толтырылған су кей тұста орталау көрінгенмен, негізі ордың жиегіне жақын. Ордың ішінен әлде не шолп етті де, баж еткен баланы қорғанның жиегінде тұрған біреу арқанмен жылдамдата тартып, көтеріп алды. Ордың жиегіне жақындаған Тоқтамыстың алдына ысқырып кеп қадалған жебе, ажал деген осы дегендей дірілдеп біраз тұрды.

Қолдың біразы ордың үстіне тастар көпір дайындап, қалғаны ағаш саты жасауға жегілген. Көбісі белуардан жалаңаш, талайы шаштарын жалтырата қырғызып тастаған. Жалтырбастардың ішінде әнебіреуісі ерекше көзге түсті. Домаланған қауын бастың құйқасы су сойып кеткен таз төбедей жықпыл-жықпыл. Сол құйқауа жапсыра салған жырым-жырым жарты елі тері құлақтың орынын басыпты. Желке тұсы мойынтұрық қажап тастаған өгіздің мойнындай қатпар-қатпар. Қатпар-қатпар мойынның арасынан жылт-жылт еткен тер тура омырауына құйылған. Соны мазақ ете ме, айналасы қыран-топан.

Тоқтамыс мырс етті. Хан басымен біреуге күлгені әбес болды ма деп, шапанының жеңімен бетін сипады. Әрі өтіп кеткен. Саты жасағандардың ар жағында бетіне шүберек жауып, күнге қарынын қақтап біреу жатыр екен. Дүңкиген қарынның астынан көрінген екі аяқ бақаның сирағындай шолтаңдады. Мойын, кеуде дегендер қарынмен бірігіп кетіпті. Мынаның шалжиюын, айнала арпалысып жатқанда деп ыза болды. Жатқан бір жағына аунай бергенде саны осы-ау деп қамшыны сілтеп қалды.

- Хан ием, — деп орнынан шошына тырбандаған семіз қара тұра беріп, қайта жығылды.

- Не жатыс, саған?

- Түнімен күзет... күзетте болған ем, - деп діріл қақты семіз қара.

- Онда саған анау көлеңке бұйырмады ма? - деп Тоқтамыс аңырғандарға қиыстап көз тастап жүре берді.

Қырық жыл өзі өмір сүріп, қырық жыл әке-шешесін бұл жалғаннан аттандырған қара орман, қара шаңырағын жауға беру оңай ма, қала тұрғындарының да қорғаныс дайындығы көзге түсіп қалған. Қаланың ішкі жағынан дәу-дәу тастарды қорғанның басына шығарып, жуан-жуан томарларды да үйіп жатыр. Қарамай құйған ыдыстар да көзге шалынған.

- Әй, әуре боп қайтесіңдер, онан да қақпаны ашыңдар, - деп айқайлады біреу.

- Атаңның басы...

Ысқырған жебенің ұшы жалт беруге үлгіртпеді, ләшкердің санына кеп қадалды.

- Қап! - деп өкіне кейін қашты жебені суырып тастауға шамасы келмеген ләшкер.

- Кел! Кел бері, - дейді қорғандағы қалалық.

Тоқтамыстың Сауранда қалдырған елу мыңы екі күн көпір әзірледі, екі күн сатымен өрмеледі. Бәрі бос әуре.

Қамалдың іргесіне, бір ұшын тал көпірдің ернеуіне қадаған саты адам өрмелесе өзі тайып құлап, береке таптырмады. Сонан соң Тоқтамыстың әмірімен қамалдың іргесінен сатының сирағы берік тұратындай таяныш қазуға кіріскен. Ордың арғы жағалауына ілігіп, қайла-шот ұрғандардың төбесінен құлаған тас талайын жапырып, ажал қаптырды. Төбеден жауған тас пен жебеден қорғану үшін амалсыздан паналағандары тал иіп терімен жапқан күрке.

Апта өтті. Қалаға жаппай шабуыл басталған. Қамалдың іргесі жан шошырлық айқай. Талай сатыны өрмелеген адамдарымен бірге қорғанның басында тұрғандар бір жағына қисайта құлатып, сатыны-сатыға соғып қиратып, тас талқан еткен. Төбеден лақтырған тас талайдың миын шашып, көкірегіне сүңгі сүңгіген ләшкерлердің денесі ордың ішіндегі су бетінде қалқыған.

Алдыңғы қатар қырылғаны қырылып, жаралысы сүйретіліп шығып жатқанда Тоқтамыс кейінгілерді үсті-үстіне қамалға айдады. Ләшкердің ең батыл, жолы болғыш ержүрек жігіттері ғана қорған үстіне шыққан сді. Тар жердегі қызу шайқастан соң олардың елі-тірі денелері төмен қарай лақтырылып, ордың өзі де, айналасы өлікке толған.

Қан сасыған Қорғанның айналасына иіс-қоңыстан үріккен ат аяғын басар емес. Қосынның күркелеріне қарай сүйретілген жаралыларда да шек жоқ. Басы-көзін таңып алған біреуді сынған қолын белбеуіне ілген ләшкер сүйемелдеп барады. Орнынан тұрып-жығылған жігіт:

- Хан ием, - деп қолын көтерген бетте сұлық құлады.

- Жан тапсырыпты, - деді жанындағы жігіті аттан түсіп, еңкейіп қарап.

Ұзақты күн айналаны бакырға түскен бидайдай қуырған күн де еңкейіп, батыстағы ұсақ төбешіктердің

арғы жағына еніп бара жатыр. Күн шоқтанып, қызарып батты. Мына қанды қырғанға ызалы ма екен. Әлде, адамзаттың осындай түршігерлік ісінен шошығаны ма, әйтеуір қып-қызыл шапақ күнбатыста алаулап тұрып алған.

Түнімен камал іргесіндегі, онан соң ордағы суда қалқып жүрген өліктер жиналды. Біреуінің бауыры, не ағасы-інісі, тым болмаса ауылдасы мына жалғанмен қоштасқандар. Көбі ханның әмірімен осында келді, талайы олжа іздеген. Жеткен жерлері осы бопты. Түн тынышсыз өтті. Әр қосыннан естілген жаралылардың ыңырсуы, сарнаған дауыстары кім-кімнің де болсын жүйкесін жұқартты. Таң алдында көзі ілінген еді - «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар» деп тегіс таң намазына шақырған дауыстан оянды.

Қосын-қосындағы ләшкерлер тегіс хан намазына жығылған. Мұсылман баласының құр жібермейтін күндегі парызы осы. Әркім ұлы жаратушының алдында күндегі ісіне жауап бергендей, қателігіне кешірім сұрап, Алладан медет сұраған. Сонан соң қосын қайта жатып, тынығатын.

Бүгін күн басқаша. Таң намазынан кейін түнімен жиналған мүрделерге қабір қазу басталған. Қаза болған мыңдаған адамды мәңгілікке жіберу рәсімі ұзаққа созылды. Түс ауды.

- Бүгін қосындар тынықсын, - деді Садық баһадүр, -

- Қаза болған туған-туыскандарына дұға оқысын. Кешегі қиямет ұрыстың алапаты көз алдарынан сөнгені дұрыс, - деп қостады Бекарық әмір.

Тағы да бір кеш түсті. Тырқиып жатқаны бар, тырапай асатыны да бар қолдың ортасын шаңдатып, астындағы кара көгін ақ көбікке малып, жаушы деген белгісі бар хан шатырының алдына домалап түсті де:

- Хан ием, - деп тізе бүкті.

Кімсің?

Аққозы қолбасыдан келген хабаршымын.

Моғұлстан ханы Камарадин мен Аққозы бастаған қол Самарқанда қалдырған Әмір Темірдің адамы Омар мырзаның әскерімен шайқасып жеңіске жете алмапты.

Екі жақ біраз бет жыртысыпты да Омар мырза Самарқанға шегініп, Камарадин Ташкен маңын тонауда екен. Термез де, Самарқан да алдырмас камалға айналғандай. Бұхарға жүз мың қолмен аттанған Елміш бектен хабар жоқ. Әйтеуір сол маңның қаладан пана таба алмай қалған халқын бір шыбықпен айдап жүр деп естиді. Тоқтамыстың жүрегі сыздады. Сауранның түбінде тұрғанына оншақты күн. Қаланың қақпасы ашылудан үміт жоқ. Елмеш бек Бұхарды алудың орнына оны төңіректеп қана жүр. Самарқан, Термез Темірдің адамы Омар мырзаның қолында. Камарадин... Қой, Камарадинмен жеке кездеспесе болмас.

Іздеген Камарадині Ташкен маңынан таптырмады. Ойран салған ізі жатыр. Сол із Қаршы қаласына әкелген. Қорғансыз кішкене қаладағы Әмір Темірдің өзіне арнап салған сарайы Зинжер от құшағына ораныпты. Сонау үнді мен парсының небір шеберлері тастан гүл өріп, ағаштан аңыздың ізін салған әйгілі сұлу сарай өртке оранып, жанған отқа қызыққан баладай мәз болған ләшкер қолына түскенін жұлып әкетіп жатыр. Камарадин шарап ішіп, тойлап отыр екен.

Ертеңіне Әмір Темірдің Самарқанды қорғау үшін отыз мың әскерді шұғыл аттандырғаны туралы хабар жетті. Камарадин есін жиып алды. Түменбасы, мыңбасыларын алдына иіріп, ләшкерді қатал тәртіпке келтіруін, тонау мен өртеуді тоқтатуын талап еткен.

- Кеш қалған жоқсың ба? - деп Тоқтамыс басын шайқаған, - Темірдің жіберген отыз мыңымен шайқасуға ләшкеріңнің шамасы жете ме?

Қиратып тастаймын деп айта алмаймын. Бірақ ұзақ сілкілес болады.

- Онда жарадың.

- Әмір Темір біз күткеннен әлдеқайда мықты екен. Тамыры терең кеткен еменді көп болып қана түбірімен қопарар, - деп Камарадин жаңа бір ойдың ұшқынын көрсетті.

- Қайтіп?

- Әмірден сұлтан Баязит те, Египет патшасы да сескенеді. Енді одақты солармен де құрып, жан-жақтап тартқыласақ, өз иелігіне жаңа кірген елдерден көтеріліс жасатсақ.

- Арыстанды көп жолбарысқа жұлмалатсақ дейсің ғой. Ондай қадамды жасап та жатырмын. Қапысызы сол болар, - деп Тоқтамыс Моғұлстан ханының сөзін бөлді.

Тоқтамыс Бұхар маңына жеткенде Әмір Темірдің түмен-түмен әскерді өзі басқарып, Мәуринахрға келе жатқаны да естілген. Осы тұста Алтын Орданың талабымен орыс, Мордва, шуаш, олжа іздеген Литвалықтарды қосып Тоқтамысқа көмекке орыстың князі Константиннің Бәрісі де келген. Әмір Темір әскерінің бір түменін басқарған Едіге мен орыс князінің қолы Арыс өзенінің маңы Зернукта кезікті. Ертемен басталған ұрыс түс ауа аяқталған. Сан жұрттың құрама өкілінен жасақталған Бәрістің әскері тас-талқан болып, князь Бәріс әскерін тастай қашып, құтылып кетті.

Мәуринахрға кірген Әмір Темір әскері қаша ұрыс салған Тоқтамыс қолын зор шығынға ұшырата отырып, Хорезмді бір жолата алды. Тоқтамыс бұл кезде күшін жинақтап Яссы маңына ие болған-тын. Тоқтамыстың аса басым қолымен ұрыс салуды Әмірдің қолбасшылары тиімді деп есептемей, қосымша күштердің келуін күттірген. Баяу жылжыған қосымша әскердің келуіне шыдамаған Әмір Темір күтпеген жерден Сырдариядан

өте шығып, Тоқтамыс қолының желкесінен соғып, Орда әскерінің көпшілігін талқан етті. Ұрыс кезінде Тоқтамыс қолын басқарған Айберді бек қолға түсті.

Осыншама күшпен жүріп сәтсіздікке ұшырай берген Тоқтамыс іштей қатты күйінді. Әмір Темір мұның қай күшінің қай жерде тұрғанын, қандай амал ойлағанын күні бұрын біліп отырғандай көрінді. Әлде Әмір Темірді көреген, ғайыптың сырын біледі деуші еді, сол рас болғаны ма? Сонда да...Иә, сонда да оның жансызы бар ау деген түйткіл ой жегідей жеді. Әлде ол Ұрыс ханның туысы боп келетін Темір Мәліктің ұлы Темір Құтлық па? Оның бөлектеу жүрісі көзге түспеген. Сонда кім? Кенжен уәзір мен бірге Темірдің қолына түскен Әзибаба шығар. Иә, ол сол жолы Әмірге сонша иіліп жағымпазданды дегенді естіген.

Күдіктінің басы есептелген Әзибабаның басы алынды. Өзіне де қауіп төнгенін Темір Құтлық та түсінген. Темір Мәлік Едігенің туған жездесі. Едігенің жиені болғандықтан күндердің бір күнінде өзінің де тағдыры осылай бітетіне еш күмән жоқ. Тоқтамыстың тағы бір сапарда жүрген тұсында Құлман бимен айтысып, арты үлкен шатаққа айналды да Темір Құтлық баянсыз соғыстан, неген қырғыннан жалығып ығыр болған бір топ адам мен Қажы Мұхаммед бастаған жүздікті ертіп, Едіге басқарған түменді іздеп, түн жарымда атқа қонған.

Ордадағы шатақты естіп, күйініп отырған Тоқтамысқа қытай жібегіне малынып, сәнді камзол киген Толымбике тиісе келді.

- Мәртебелім, қайдағы бір күндерге көзің түсіп, өз төсегінді ұмыттың. Өзіне арналған ас суды анада Әзибаба ішіп еді, кеше Темір Құтлық.., — дей берген тоқалын ақыра тоқтатты.

- Қысқарт, - Осы екен ғой сұр жылан. Едігеден айырған да осы еді. Әзибаба.., Темір Құтлық... Тіліне оралуын қарашы зәлімнің. Төсектен шыққан жыланнан қауіпті не бар дейсің.

— Әй, алып кетіндер мынаны, — деп жасауылға Толымбикені иегімен нұсқады.

Қаһарлы хан ордада жалғыз еді. Осы сәтте сыпыра жыраудың айтқаны есіне оралды.

Мен толғайын, толғайын,
Аз ғана толғап қоймайын.
Құдай берген Едігеден
Айырылып қалып, мисыз хан,
Сорлапты ғой маңдайың.
Қолдан ұшып кеткен соң,
Айтып ақыл неғылайын.
Симай кетті-ау маңдайға,
Періден туған алтын-ай,
Өзің одан айырылдың,
Ақылсыз хан, аңдамай.

IV.

ЕЛ БАСЫНА КҮН ТУСА

Батыс көкжиектің қарауытуы солғын реңге еніп, шығыс жақ ұйқысыраған баланың көзіндей жіпсік тартып, созылып ақшыл сызат біліне бастаған. Қанша кеш жатса да таңның алакеуім сәтін тысқа шығып қарсы алуы Едігенің бойына сіңген әдеті. Кеше де кештетіп келіп, тізгін тартқан. Сонау Керменеден жеткен. Әмір Темір Тоқтамысқа кектеніп келген Едігеге сонау парсы жақтағы Керменені билеуге берген-тін. Соншама алыс жақтан қоныс беруі, кім білсін аралары жақын болса

озара қастандық жасасар, жауласпас үшін алысырақ қоныстандырайын дегені шығар.

Суыт жетуі Әмірдің соңына біраз қол ертсін деген пәрменіне де байланысты еді. Бой сергіткенше күн де көтерілген, айнала қыбыр-жыбырға толы. Әкесі үйреткен қалыппен түн асқан асты аузына салмайтын. Қызметші әкелген шәйдан бірер кесе ішіп, жеміс-жидектен ғана ауыз тиіп, беліне қаруын іліп, тысқа шықты. Әмір Темірдің қалың қосынының тоқтаған жері Сырдарияның жағасындағы Яссы қаласы.

Қалың қолдың бет алысын да естіген. Әмірден Кавказда таяқ жеп, бұл төңіректен өткен жылдарда түріле қуылып шықса да Тоқтамыс ұры қасқырдай Темір патшаның иелігінің әр тұсына шабуылдап, тонап кетуін тыймады. Кешегі асыранды баласының бұл ісіне қапа болған Әмір Темір оны жақсылап жуасытып алуды қолға алған. Қаһарына мінген Әмірдің бет қаратпас күшінен қаймыққан Тоқтамыстың елшілері де келіп жеткен. Сый-сияпатқа Арқаның Айыртауының ақ иық бүркіті мен тоғыз тұлпар жіберіпті. Әмірдің алдына бас иіп, жүгінген елші Тоқтамыстың хатын оқыды. «Маған Темір әкемнің орынын басады, оның билігін өлшеусіз де есепсіз. Менің кейбіреулердің сөзіне еріп жасаған істерім мен жаулығымды бақытсыз тағдырына санап, қателігімді кешірсін. Осыдан кейін бір ізден шықпай, билігінде, бағыныштылықта, әдептілік пен сөзін тыңдап, келісімді орындап еш қандай ұсақ-түйек қателіктерді жібермеймін».

Әмір Темір тұтанып барып, басылды. Елшіде не жазық бар, елші топ қасқырға иесі қосқан жалғыз тазы тәрізді. Ебін тауып біреуін алып қала ала ма, әлде өзі жазым бола ма, ол тағдырдың ісі. Мұндайда тағдыр билігі патшада.

- Бірде бір келісімді орындай алмаған, қайырымды білмес Тоқтамыстың сөзіне енді сене алмаспыз, - деп

Әмір Темір қысқа қайырды. Сонан соң сәл аялдап, - дегенмен де менімен кездесуге Әлібекті жіберсін. Біз өзара ақылдасып, тиімді шешімін айтармыз.

Тоқтамыс Әлібекті жібермеді. Қажетті уақыт күткен Әмір Темір Тоқтамысқа қарсы жорықты бастау үшін бар күшін Яссы маңына жинақтаған.

Едіге Әмірді Яссыдағы Қожа Ахмет Яссауидің мазарының үйінді-қалдығының маңынан тапты. Әмір Темір асықпайтындай ниет көрсетіп, құлап қалған мазардың жанындағы төбешіктің басында малдас құрып отыр екен. Осының алдында Едіге Әмір түс көрген екен, ақ киімді ақсақал оған әулие қожа Ахметтің басын түзеуге кеңес беріпті деген әңгімені естіген. Сол әңгіменің енді шындығы алдындағы көрініс. Мазардың құлаған кірпіштерін жеке үйіп, топырағын тасыған адамның саны мыңға жуық. Бір сағат дамылсыз жұмыс істеген соң, олардың орнына тың күш, тағы осыншама адам келеді. Әмір Темірдің пәрменімен Самарқан, Бұхардан айтулы шеберлер жеткізіліп, кірпіштер де құйылып, аса қатал сынақтан өткізіліп, күйдіріліп те жатыр.

Тап осы жерде Әмір Темір билікке жақындарды жинап тағы бір кеңес өткізген сияқты. Тізе бүккен Едіге соның жалғасын ғана естіді.

- Енді Тоқтамыспен соғыспасқа амал жоқ. Ажал түртті ме, әлде қалай, бізге маза беруден қалды ол балаңыз, - деп Мираншах әкесіне қараған.

-Е, ол пәтшағар бар ойымды бұзды, - деп өкінді Әмір Темір-парсы жұртын икемге көндіріп ек, енді талай туысқанымызға тізесі батқан анау Қытайға жорыққа аттану керек еді. Біз Қытайға аттансақ Тоқтамыс осы елді шабады. Тақымдап қалар емес. Өзін соққылап тастағаннан басқа амалы қалмады.

Әмір Темір қолы Сарысу өзенінің төменгі ағысына жетіп, ат шалдырды. Биыл Арқада қар қалың түсті деп естіген. Сарысудың бастаулары Тағылы, Бұғылы таулары, сонау Ұлытауда ат аяқтамайтын қар кеш еріп, Сарысу арнасынан таси ағып, Сырға мол су әкелген. Сарысудың төменгі жағының өзі көкорай шалғын, неше алуан аң мен құсқа да толы екен, қол еркін дем алып, бір жасап қалды.

Едіге түбі найман Түнболат деген жігітті өзіне тартып жүруші еді. Бүгінде өзен бойын аралаймыз деген сылтаумен жеке алып шықты. Әуелеп ұшқан қоңыр қаздың біріне садақ тартқан Түнболаттың жебесі бұл жолы да құр кетпеді, топшысы үзілген қаз алдарына құлаған.

- Атуында қапы жоқ, - деп Едіге ризалық білдірді.

- Бұйрық шығар.

- Атылған оқ ессіз, кейде дұшпанды мұқатса, кейде елінді де ойсыратады.

- Ол рас, - деп Түнболат сұраулы жүзін Едігеге бұрды.

- Мына ауыр қол да сол жебе сияқты. Беті қайда екенін сезесің бе?

- Ұлытау жақ па деп қалам.

- Дәл солай. Ауыр қолға ас та керек, ермек те қажетін білерсің.

- Сонда...

- Иә, сонда жолдағы елге ауыр салмақ түседі. Ұлытау маған бөтен жер емес, бабаларының сүйегі сонда жатыр. Ұлытауда қалың Найман, Арғын бар. Солардың жағдайы қалай болар екен деп уайым жеймін де.

- Оған істер не шара бар, аға? - деп қалды Түнболат жебесін қорамсаққа қайта салып жатыр.

- Соны сенімен ойлағам деп едім.

- Айтыңыз.

- Сен жаныңа бір сенімді досынды ертіп, таяу күннің бірінде ешкімге сездірмей жоғалып кетсеңдер деп едім. Қолға түсіп қалмауды ойлау керек.

- Ол қолдан келеді, аға.

- Онда Сарысуды бойлап, Ұлытауға тартасындар. Жолда кезіккен елдің бәріне жорықтың жолынан алыс-алыс жаққа қоныс аударуларын айтындар.

-Құп болады.

—Көліктерің сай болсын. Қос-қос ат мініңдер.

—Оны да жасай аламыз.

—Найманның Шәуешек биіне менен сәлем айтарсындар. Басқа жұртқа мен жіберді деген сөз тістеріңнен шықпасын. Жолдарың болсын.

Қалың қолдың ішінен екі жігіттің кеткенін ешкім біле де қоймады. Көңілі күпті тек Едіге. Жол бойы жортуылшысы көп, Әмірдің алдын ала жіберген шолғыншылары да бар. Аман-есен жетсе екен. Тоқтамыстың аш қасқырдай қайта-қайта Әмір иелігіне тап берген қылығынан Арқаның арғын-найман қазағының зиян шегуіне не жосық. Тоқтамыстың Әмір Темірдей арыстанға қайта-қайта тиісуінің себебін Едіге түсіне алмай-ақ қойды. Бақталас деуге келмейді, Тоқтамысқа Алтын Орда тағын алып берген Әмір Темір. Арамдыққа құрық бойламас деген осы шығар.

Ел құлағы елу деген бар. Түнболат пен жолдасының алып келген хабары тез тарады. Бұл сөздің қайдан шыққанын Қаракеңгір өзенінің бас жағында жайлауда отырған Шәуешек би ғана білген.

- Иә, әруақ! - деп қойды би. - Әруақтың орны құр болмас деген. Құтлықияны білуші едім. Онан қалған бір өжет ұл бар деп естуші едім. Уа, жасаған, ұзағынан сүйіндір. Елге пана болам деген ұлыңа пана бол.

Ерлікті аңсап, жеңіске жерік болғысы келіп жүрген жастар сап тыйылды. Самсаған сансыз әскер келе

жатқанда ол не әумесерлік. Үлкендер жағы көңілдеріне құйып, желік атаулыны басқан. Қалай дегенмен де жаз «алып кетті, ойбай-аттансыз» тыныш. Ел де, ішінде Едіге бар, қалың қолдың жылжу бағытына апталық жерден қарауыл қойып, алысырақ-алысырақ жылжып қонып жатыр.

Ұры-қарының ісі де саябыр тапқан. Қашанда араларында ескі кектің салқыны жүретін бұлар да сүйреткен сойылын тастап, отбасының тыныштығын тілеп қалғандай. Тап осындай алмағайып заман туындамаса туыстық қарызын, құда-жекжаттығын ұмытып, сүмендеп түн қатып, күзетшіден айлсын асырып, айдап келгенін ерлікке санап, семізін сойып, жырғап-жырлап отырар еді.

Осындай алмағайып кезеңде Түнболатты Арқаның төріне үлкен жауапкершілікті мойнына артып аттандыруы Едігеге де үлкен сын. Өзі адал жан өзгенің де әділ де, тұрмысты болуын қалайды. Едіге адам бойындағы ізгілік пен жақсы ниетке сенгісі келеді де тұрады. Бірақ өмір басқа. Сенген адамның тұмсық бұзар оспадар, тіпті қара ниет болып шығатыны қалай? Ондайды осы өмірінде сан көрді. Тәрбиеден бе деді? Оқу-білімнің жоқтығынан ба деді? Мүмкін не шешесінің, не әкесінің бір жаман ісі қанмен балаға ауысқан шығар? Оны енді анықтау үшін қолыңа қылыш алып түн қатып, түс қашпай, қалам ұстап, өткеннің жазғаны мен айтқанын біліп, көз көргенді көңілге тоқып, батыр емес, ғалым болу керек шығар.

Әмір Темірдің қосын-қосын қалың әскері Сарысуды бойлай жылжып, Арқаның төріне шығуға айналды.

Тоқтамыстың бұл маңда болғаны, қол жинағанының растығын шолғыншылар сан жеткізген. Тоқтамыстың аты бар да, заты жоқ. Бір алып елдің ханы дегеннің бой көрсететін уақыты болып баққан. Өз иелігіне еш

қарсылықсыз өстіп бойлатып кіргізіп жіберу деген ақылға сыймайтын іс. Сонда оны не деп түсінуге болады. Қақпан құрар айласы бар ма деп те ойлаған.

—Тосқауылы бар шығар? — дегенді Әмір сан сұрады.

—Шолғыншылар ондайды көрмедік дейді.

—Өрірек, тереңірек жіберіп, іздетіндер.

Қолдың жолында Сарысуды жаз бойы жайлап отыратын қалың ел де кездеспеді. Шолғыншылар қалың қазақтың алыс-алыс жаққа ауып қонғанын, олардың әлдебіреуден Әмір қолының жүріс жолын естігенін де жеткізген. Мұны естіп, иә сәт, деді іштей Едіге, екі жігіті аман-есен жеткен екен ғой.

Қолға ие түменбасылар әскерге күштерін бығыратпай, сақадай сай болып жүрулерін мықтап тапсырған. Әскердің талайы шыға олжа іздеген. Оларға да жауап дайын-еді.. «Арқа бай. Мыңғыраған малдан көшіп жүре алмай жатыр. Сәл сабыр етсеңдер ол жақта сендерді олжа да, байлық та күтіп тұр». Әзір ондай шашылған байлыққа әскер кездескен жоқ. Олжа болмаған соң азықтан да тарлық көруге тиіс еді. Бірақ, азықтың негізі ет шаш-етектен, сен же-мен же.

Сарысуды ен жайлаған ел ауа көшкен соң ен жайлау мен мол суға табын-табын құланның үйірлері мен бір қарағанда көз жетер жерді алып жатқан киіктің сан мыңдап саналатын отарлары ие. Дәл түс кезінде өзенге беттеген бір отарында ондаған мыңнан асатын киік жер жүзін қызыл реңге бояп, сол қызыл рең қызғылт гүл шоқтарындай теңселіп көрінетін. Осынша байлықты Әмір Темір қолының әскері туғалы естіп-көрмеген. Құлағын тігіп, сайын далада жөңкілген құландар, көз жетер жерді алып жатқан санына жетпес киік, есе соққан самал жел Әмір Темірді де толқытқан.

- Неткен керемет байлық? - деп таңдайын қақты ұлы Әмір.

- Бұл қисапсыз жан-жануарларға түркі жұртының таза қазақ өлкесі ие, - деп қалды Едіге.

- Сен бұл жақта бұрын болып па едің?

- Шет жағалап қана. Ұлытау маңын көрген емен. Тек әкемнің айтуымен көне жазбалардан оқығаным бар. Шындық екеніне, міне, дала куә.

- Жері де кең, ауасы да таза, тап бір саумал ішкендейсің.

Байқауымша адамдары - батыр, сарбаздары - мерген, шетінен қызыл тілге шебер сияқты.

- Барынша келтірдің сымбатын, - деп Әмір Едігеге таңдана қарады.

- Бәрі де көңілге тоқығаннан ғой.

-Жігіттердің бәрі осындай зерек болса..,-Әмір Темір ойланып, шыбығымен жер шұқыды.

- Ұлықбегіңіз аса зерек қой, - деп Едіге Әмір сөзін жалғастырды.

- Иә, - Әмір Темірдің жүзіне нұр сәулесі жүгірді, - Иә, ол сондай... Менің байқауымша осы дала жұрты іпексіз әділ екен. Бітімдері де ерекше сымбатты.

- Меніңше сұлулығы жағынан оларға тең келер ешкім жоқ.

- Солай де, - Әмір Едігеге ойлана қарады, - солай де.

- Әйелдері күндей, еркектері айдай айбынды. Өсек-өтірік, алдау-арбау оларға жат.

- Мұндай елде оларға орын да жоқ қой. Араларынан алыстатып жіберетін болар.

Әмір Темір қамшының сабымен маңдайын тіреп, ойға кетті. Ол қалың ойға түскенде ғана жүзінен шаршау, шалдығу нышаны байқалады екен. Алдынан бірдемені көргендей қарыстай қара жерге тесіле қарап ұзақ отырды.

- Қара жерге сыймаймыз, — деп күбір етті.

- Ұлы Әмір, - деді жай ғана Едіге.

- Қара жердің бетіне сыймаған, сыйыспаған адам баласы қара жердің астына сыйып жатыр. Бұл қалай? Адамзат арпалысып, бірін-бірі өлтіріп күн көретін аң емес қой. Адамды аңнан артық етіп ұлы жаратушы бір Алла ақыл-сана берді. Сол ақылды қайда жұмсап жатырмыз. Неткен бітіспес өшпенділік бұл? Осының тоқталар шегі бар ма? Болмаса ақыры немен бітеді.

Едіге Әмірге көзінің астымен таңдана қарады. Ұлы Әмір... Жаулап алмаған жері жоқ. Мұның қылышынан қорықпайтын ел жоқ. Айналасы қатыгездігінен шошиды, қанішер деп өсек таратады. Ал, мынау...Мынау отырған Темір басқа жан. Өз басы емес, адамзат деп жүрегі езіліп, қайғы жұтып отыр. Бір сәтте Әмірдің жүзін сансыз әжім басып, сақал шашы бұрынғысынан да ағарып шыға келгендей көрінді. Иә, мына тастың үстінде әлемді тітіркендірген қатыгез тұлға емес, күрсінген, шарасыздықтан қартайған абыз отыр.

- Алланың пендесі, - деп Едіге күбір етті.

Ұлытауды батысынан да шығысынан да айналып өткен Әмір Темірдің қалың әскері Алтын шоқының маңына келіп тоқтаған. Кеңгірді бойлай жүрген Әмірдің өзі Ұлытауға жақын Ешкіөлместің қырқасына шығып, жердің бетіне шуда-шуда боп шығып жатқан тас кендірді көріп таң қалды.

- Мынаны иіріп шапан тіктіруге болар, - деген.

- Тастың арасынан шыққан жіп қой, жылуы жоқ, - деп жауап берді көпті көрген ақсақалдың бірі.

Ешкіөлместен Ұлытау әсем көрінетін. Таудың сымбатынан көз ала алмаған Әмір аттың басын тура Ұлытаудың күншығыс бетіне бұрып, тайпалған жорғаның жүрісімен бие сауымдай уақытта таудың сол шығыс бетінен аққан бұлаққа жетіп, аттан түсті. Көзін табиғаттың сұлулығынан ала алмаған. Кесемен берген кәусар суды ұрттап жіберді де:

- Құдай-ау, неткен керемет. Суығы таңдайымнан өте шықты, - деді де, сарқа ішті.

Қолдың негізгі бөлігін өте сақтықпен Жыланшыққа қарай жылжуын тапсырған Әмір Темір Алтын шоқының жанында апта бойы еру жасады. Алтын шоқының басына өртек пеш салдырып, даланың жам отыны тобылғы, қараған жақтырып, астынан үретін көмей салдырып, тас қорыттырған. Сол өртек пештің жанына өзінің Ұлытауға келгенін айта отырып, «тарихтың жеті жүз тоқсан екінші қой жылы, жаздың ара айы. Тұранның сұлтаны Темірбек жүз мың әскермен Тоқтамыс ханға соғыспаққа жүрді. Бұл жерден өтіп бара жатып белгі болсын деп осы жазуды қалдырды. Иншалла, «тәңірі бұл кісіге рахым қылып, барша адам есіне алып жүрсін» деп жаздырды.

Жыланшық, Аманқарағай, Тобылға дейін жорықпен барған Әмір әскеріне Тоқтамыстың батысы орыс, литва, Орданың басқа жағынан жинаған қалың-нөпір ләшкері кезікпеді. Қолға түскен Тоқтамыстың барлаушылары оның Темір әскерінен екі есе көп қол жинап, қырғын ұрыс жасаймын дегенін де жеткізген. Тоқтамыс қанша қаһарланса да қарасын көрсетпей қаша-сырғи берді. Осы тұста Сыпыра жыраудың

Алаш, Алаш болғанда,

Алаша хан болғанда.

Аязды күндей айырылдың,

Арасат оты жанғанда.

Хан қашып, қара қуғанда,

Хан Тоқтамыс қорланып,

Байтағым деп зарланып,

Айтып жылай жөнелді, -

дегені ел арасына тарап, Едіге де кеше Түркі жұртының екінші бөлігі Әмір иелігіне маза бермеген Тоқтамыс ханның ендігі қылығына, тұруға беті шыдамаған ісінен жиреніп, түңілген.

Тоқтамыс із тастап қашуын қоймады, Әмір оның сүрлеуінен жаңылмады. Аманқарағайдан өтіп, Тобылға жеткен. Тоқтамыстың қонып кеткен жұртына апта соңында ғана жететін Әмірдің із қуушылары енді оның кілт батысқа бұрыла жөнелгенін жеткізген.

Қаша сырғыған Тоқтамыстың ендігі тұрағын анықтауға Едіге Қажы Мұхаммедті жанына оншақты адам қосып аттандырғанына да үш күннен асқан. Күн жаңбырлы. Шолғыншылардың оралуын күткен мыңбасы, жүзбасылар ертемен күнде осында жиналады. Жорық жағдайына лайықтап тігілген кішкене қостың ішінде ондайда ине шаншар жер де болмайды.

Қостың есігін аштырып тастаған Едіге толассыз жауған жаңбырдан жабырқап, өткен күндердегі Ұлытау маңын есіне алды. Осы жорықта көңіл сергітер сәттің сол Ұлытау төңірегінде, артта қалғанына өкінген. Арқаның әсем тауының өзі көзбен көріп, көңілмен түсінер сурет қой. Шілденің, тымырсық соңғы күндері көз алдына келді. Тымырсық шақта күн де еңкейіп, күнгей-күнгей жоталардағы арқар мен сансыз киік қызарып қыналы тастың гүліндей шашылған. Сол мезгілде Арқаның самалы да тіріліп, сансыз жұпар иісті қолқаға тықпалап, сарайынды ашып, тұла бойың сергіп сала беретін.

Едігенің алғаш көрсе де аса сүйсінген Ұлытау туралы тербелген ойын - Аспанның түбі тесілген бе, - дей кірген Аңдысынның дауысы бөлді. Кіріп шығып жатқандардың айтар мәнді хабары жоқ. Тоқтамысты іздеп, қашаған қуғандай боп сарсылған бәрінің жүзінде жабырқаулық бар. Әмірдің бұйрығымен күніне ат жеткен жерге дейін жетіп қос тігеді. Не ұрыс жоқ, не ұрысты күтіп тұрыс жоқ жағдай мезі ете бастағандай.

Түс ауа жаңбыр толастап, айнала тұманытып тұрды да, серпіле ашылды. Сырттан аттының дүбірі жеткен.

«Кім екен» десіп үлгермеді, кигіз есікті айқара ашқан үсті басы малмандай су, аюдай қорбандаған денелі жігіттің түр-түсін қапелімде ешкім айыра алмады.

- Ассалаумағалейкүм, - деп Едігеге қол ұсынғанда:
- Уа, Қажы Мұхаммедпісің, - десті басқалары.

Үсті басы су-су Қажы Мұхаммедті ортадағы жерошаққа қарай отырғызған Едіге не айтарың бардай оған ықыластана қарады. Жігіт отқа қолын қақтап сәл жылынған.

- Талай жерге барып қайттық. Менің ұққаным, осы Тоқтамыс осыдан екі-үш жыл бұрын біз көрген ханға жүріс-тұрысы ұқсамайды. Жау қайда деп жалаңдап жүретін сияқты еді, ендігісі байынан қашқан қатыннан бетер. Соңына жүз мыңдаған ләшкерін ертіп, енді сонау Жайыққа да жетіпті.

- Е, сонда не ойы бар екен? - деп қалды Аңдысын.
- Онысын маған айта ма, - деп күлді Қажы Мұхаммед.
- Ұлы даланың жартысын кезіп келеміз. Әзірше Жайыққа тоқтапты Тоқтамыс деп отырсың. Онан әрі Еділ, Тоң жатыр. Сонда бұл хан осылай қаша бере ме, әлде.., - деп Едіге естірте ойға кетті.
- Осынысы қызық екен, қашып...
- Онда соншама ләшкерін несіне ертіп жүр.

Қос іші гу-гу әңгімеге толып шыға келді. Әркімнің болжамы әр түрлі. Тыңдап еді, бәрінің сөзінде шындықтың ұшқыны жатыр.

- Сонда бұл қалай? Бұл енді таза тұрыспай кете берем дегені ме, - дейді Аңдысын.

- Тап солай демесе де, соған келіңкірейтін пиғыл ғой.

- Тоқтамыс барлаушыларының бірін қолға түсірдік, оның сөзі басқа, - деді Қажы Мұхаммед.

Қолға түскен Тоқтамыс жігітін Едіге Әмір алдына жеткізді. Әмір Темір екі-үш түменбасымен отыр екен.

Барлаушы жігіттің өн-бойын тінте қараған Әмірдің жүзі суық, ызғарлы, еш аяушылықты білдірмейтін жан сияқты.

- Ал, сөйле, жігітім. Тоқтамыс қайда?
- Тоқтамыс хан..., - деп бастай берген жігіт бүлдіріп алдым ба дегендей жалтақтады. - Ол қазір Қырық көлде, Жайықтың оң жағалауында.
- Онда не бітіріп жатыр? Тағы қаша бермек пе?
- Ол әрі қарай Дон, Днепрге қарай кетпекші еді, батырлар, мен билер тоқтатты. Енді әрі қарай сырғысаң бөлініп кетеміз деп.
- Иә, сонан соң...
- Сонсоң бүліншіліктен қорқып, жалғыз қалудан сескеніп, Қырық көлге тұрақтады. Әрі...
- Иә, әрі..., - деп жігіттің сөзін жалғауын талап етті Әмір Темір.
- Біз сіздің қосындарда тамақ жетіспейді деп естігенбіз. Сонан "бұл-әскер әлсіреді деген де жеткен. Тоқтамыс тағы да әрі қарай сүйреп, әбден әлсіретіп, өздері бөлініп-бөлініп кетеді деген ойды жүзеге асырмақ еді.
- Мына хабарды естіген түменбасылардың жүзі жадырады. Ақыры Тоқтамыс тоқтаған екен. Сүйретілген белгісіз жорықтың да бітер күні бар екен. Әскердің де енді рухы көтерілер.
- Жарар, жігітім, - деді Әмір.
- Ұлы Әмір, - деп жалтақтады өмір қаупін ойлаған жігіт.
- Мынаны алып кетіндер, - Әмір қолын сілтеді. Жасауылдар жігітке жармасқан.
- Ұлы Әмір...
- Тимеңдер бұған. Барлаушыда жазық жоқ. Ол соғыстың міндетін ғана атқарды. Тек қашып кетпесін.
- Рахмет... рахмет, - дейді барлаушы жігіт қайта-қайта бас иіп, есікке беттеп.

Әмір Темір ошақтағы шоққа үңілген қалпы үнсіз. Үй ішінде тырс еткен дыбыс жоқ. Ешкімнің Әмірдің ойын бұзуға батылы бармайды. Ұлы Әміршінің босқа қиялдамайтыны осы отырғандардың бәріне аян. Ол тіл қатпай сөйлегеннің жаза тартуы әбден ықтимал. Сүт пісірім уақыт өтті. Әмір басын көтерді.

- Ал, сенің не ойың бар? — деп Едігеге бұрылды.
- Қырық көл Жайықтың арғы жағында. Соның қай жеріне ләшкерін шоғырландырды екен, өзеннің өткел тұстарындағы жағдай қалай, осыны анықтап алып барып, шешім шығарған дұрыс па деймін.
- Міне, бұл баянды пікір.
- Екінші бір ойым да бар еді.
- Оны да тыңдайық.
- Әскерде азық-түліктің азайып бара жатқаны рас. Соны толықтыру үшін сонау Жайыққа дейін шоғырланып жүрудің қажеті жоқ. Қосын-қосынның арасын алшақтатып, азықпен қамту үшін жекелеген жүздіктерді құру керек сияқты. Айнала жұртты тонап, оларды бізге өшіктірмесін, айырбас жолымен алған дұрыс. Және қазақ даласы арқар-киік, құлан-маралға бай екенін көрдік. Азықтың көзін солардан қамдаған жөн дер едім.
- Тоқтамыс Жайықтың қалың әскер өте алатын өткелінің тұсына бар күшін шоғырландырып, Әмірдің әскері жартылай арғы жағаға іліккенде, ес жидырмай күйрете соққы бермек еді. Шолғыншылардың хабарынан дұшпанының ниетін таныған Әмірдің қосындары Жайықтың жоғарғы жағынан өте шығып, хан ләшкеріне бүйірден тиюдің қаупін төндірді. Абыржыған Тоқтамыс өзіне қосылуға Қырымнан келе жатқан күшті тоспай бұрынғы Бұлғары жеріне қарай асығыс шегінген. Ханға тың күшпен келе жатқан Қырым, Кавказдық жауынгерлердің дені Әмірдің қолына түсіп, жарымы арба-арба жүктерін тастап, қашып кетті.

Әмір Темір жауынгерлерінің қалжырағанын түсінген. Сонау Тұранның жазығынан Сарысуды өрлеп Тоқтамыстың ізіне түсіп, қуа шыққанына алты ай болыпты. Жаңа туған бала уілдеп, жорғалауға талпынғандай уақыт. Әскерінің елді, отбасын сағынғандығында да күмән жоқ. Бітпейтіндей ұзақ жол да титықтатты. Киім-кешек те, азық та таусылуға шақ қалған. Не істеу керек?

- Не істеу керек? - деп түменбасы, мыңбасыларды кеңеске шақырды.

Әскердің әбден қиналғанын бәрі де көлденең тартқан. Қайтайық дегенді айтпаса да, көңілдерінде сайрап тұрғанын да түсінді. Осы жолы Тоқтамысты жазалай алмаса, жеңілген есепті болады. Тұран өлкесіндегі елде онан кейін тыныш өмір сүру деген болмасы анық. Тоқтамыс аш қасқыр еді, енді ашулы жолбарысқа айналмақ.

- Ышқына отырып, енді бір секіріп, Тоқтамысқа жету керек, - деп түйді Әмір Темір.

- Ол онан әрі де қаша берсе ше?

- Онан әріге қашар жер жоқ. Арғы жағы қалың иесіз орман, сірескен суық өлке. Тоқтамыстың ләшкері ол жаққа өлсе де аяқ баспайды.

- Тоқтамыс тоқтай қойса, - деп мыңбасының бірі шүбә келтірген.

- Сен өз ойыңды айтпадың ғой, - деп Әмір Едігеге бетін бұрды.

- Мәңгілік соғысты болдырмау керек қой.

- Міне, дұрыс, - деп қостады Әмір.

Едіге мәңгілік соғысты болдырмау дегенде ұлы даланы, сол даланың иесі көшпелі жұртты бірі қуып, бір қашқан қанды-қасап соғыстан ада етсем екен деген тілек жатқан. Ол үшін мына қырқыс бір жақты болып тоқтаса. Тоқтамыстың кім екенін бірге өткізген жылдарда жақсы

түсінген. Оның мансапқор, баққұмарлығында шек жоқ. Ендеше ол бұл қырғыннан жүрегі айнып, тоқтайтын жан емес. Өзінің Әмір Темір қолына ілесіп жүргенінің де бір ұшығында Тоқтамыстан кек алу емес, осы жұрттың тыныштығына септігім тие ме деген үміт жатқан.

- Осы айтқандарым көңілдеріне қонды ма? - деген Әмір Темір Тоқтамысқа байланысты ойын жүйелей жеткізіп, - бізге басқа жол қалған жоқ.

- Иә, Әмір, әбден түсіндік.

- Тоқтамысты жерлемей болмас.

- Ләшкер мұны түсінсе, - деп біреу күдігін айтты.

- Түсіндіріңдер. Біз енді шегінсек Тоқтамыс желкеден соғады да отырады. Мұның арты жаппай қырғын деген сөз, - деп Әмір тағы бір пысықтады.

Алты ай бойы мұны іздеп арып-ашыған, азық-түліктің жетіспеуінің зардабын шеккен Әмірдің қосындарына Күндірші өзенінің бойында Тоқтамыс қирата сокқы беруге дайындалды. Күйіп тұрған шілденің ыстығын артқа тастап Күндіршінің бойына Әмір Темір де жетті. Шолғыншылардан Тоқтамыс қолының күшейгенің, орыс полктарының да оған көмекке келгенін естіді.

Едіге Тоқтамыс ләшкерлерінің орналасуын өз көзімен көруге шыққан. Етектегі тұман биікке қарай бу болып өрлеп, сейіліп бара жатыр екен. Өзеннің бойындағы биік шоқ талдан сығалаған күн де күнбағардың ернеуіндей жырым-жырым боп, кірпігінен аққан сәуле айналаны тегіс тінтіп, кімнің қайда екенін тап басып тұр. Шығысқа қарай беттеп аққан Күндірші осы тұста Сұқ өзенімен қосылады да Еділге құяды екен. Сөйтіп табиғаттың өзі үш бұрыш жасапты. Тоқтамыс ләшкері шегіне қалса Еділ арқасынан тіреп, айналып кетіп, бүйірден қайта соғуға мүмкіндік бермесі анық. Осы ойын Әмірге жеткізген.

- Ойың дұрыс. Тоқтамыс өзі үшін ыңғайлы жер таңдай алмапты. Жә, біз шегіне қалсақ ше? - деп Әмір ойды жалғай түсті.

- Онда мына Сұқ өзені бізге қорғануға ыңғайлы, - деді Едіге ойын дәлелдей түсіп.

Әмір Темір бар күшті жеті қосынға бөліп, оң және сол қанатқа бір-бір қосыннан қойды да, қалған әскерін орталық тұсқа шоғырландырған. Ертеңгілікте Тоқтамыстың Әмір әскерінен екі есеге жуық ләшкері санының басым екенін көрсетіп, қарсыласының жүрегін шайлықтыру үшін кара-құрым боп сапқа тұрды. Әмір сегіз мың атты жасағына бүкіл өз әскерінің алдына от жағып, қазан көтеруге бұйырған. Ық жақтағы Тоқтамыс ләшкері тамсанды. Піскен тамақтың иісі таңғы ауамен бірге тарап, Әмірдің мұнысы несі дегендей таң қалдырған. Шалдыға жеткен Әмір әскері мұны жеңіс тойының бастауы деп қабылдап, рухы көтерілді.

Саны басым Тоқтамыс қолы дүниені дүрліктіре айқаймен лап қойды. Жан аяспас қырғын ұрыс басталып кеткен. Жеңіске жететіндеріне кәміл сенген Әмір әскері табан тіреп айқасты. Түске жақын бар күшін екі қанат жаққа салған Тоқтамыс қолының басымдылық танытып, Әмір әскерін қоршай бастағаны да естілді. Ақсұр атпен жанына келген Сейд Береке имамға Әмір Темір:

- Қасиетті имам, әскерім күйреуге жақын, - деген қапаланып.

- Үрейленбе! - Сейд Береке үні қатал естілді. Жерден бір уыс топырақ алып, дұға оқып:

- Жау қашты! Жау қашты!- деп ұрандатып, сәлдесінің бір ұшы желкілдеп ту боп көтеріліп, ұрыс даласына еніп кетті.

Сейд Берекенің соңынан шапқан Әмір Темірдің де күркіреген үні әскерге жеткен. Рухтанған Әмір қолы:

«Жау қашты! Жау қашты! Жау қашты!» деп ұрандата жаппай ұмтылған. Ортаңғы қосындардың бірін

басқарған Едіге жеңіне таққан жасыл тушаны бұлғап, шашырай бастаған әскерді қайта жұмылдырып, айқасқа кіріп кеткен. Жаңа ғана тоқыраған әскер дауыл соққандай күшпен қарсыласының алдын жапыра жөнелді. Дүрліккен айқай мен соққылаған темір үнінен аспан айналып жерге түсіп, ат тұяғынан кара жер жылжып кеткендей. Өзеннің бойы, сай-сала, шоқ-шоқ талдар арасы аттылардың айқайы мен ысқырған жебе үніне толған. Жаңа күшке ие болған әскер тасқын судай алдына кезіккеннің бәрін төңкеріп, жапырып келе жатқан.

- Ұр! Ұр!

- Соқ! Соқ!

Тасқын жапырып барады. Жаудың бір бөлегін қаусатып тастап, ендігі көрінгеніне жеткенше асыққан. Астындағы ат қанша бой сала шапса да сол екі ортаның өзі жеткізбейтіндей еді. Айналаны басқан қалың шаңның арасынан қылышын сермеп, ұрандатып бара жатқан салт аттылар елестей боп көрінеді. Ат жалын құша шапқан Едіге тек Тоқтамыстың тағы бір айласына қапыда түсіп қалмасақ игі еді деп ойлаған.

Кенет алдан көрінген Тоқтамыс мыңдығы арасын ашты. Төрт зеңбіректің үңірейген аузы бері қарап тұр екен. Орыстың бірі ортадағы үлкендеу зеңбірекке от қойған. Ажал! Ажал! Қапы қалды-ау. Гүрс еткен зеңбірек орнында жарылып, жанында тұрғандардың серендеген денесі көкке ұшты. Шеткері тұрған зеңбіректен атылған доп, ысқырып барып, артқы жаққа құлаған.

- Қажы.., - деп айқайлады Едіге қатарласа шапқан Қажы Мұхаммедке, - бүйірден соқ аналарды, осы қарқыннан енді тайма. Зеңбіректегілерді...

Отты қарудың алғашқы күркіреген үнінен сескеніп қалған Едігенің қолы тез ес жиып, ұранға-ұран қосып, лықси жөнелген жаудың соңына түскен. Тоқтамыс қолының беті қайтқаны шамасы кіші бесін. Лықсыған

тасқынның тегеурініне шыдай алмаған орысы, Литвасы, ордалығы бар қырық құрақ елден жиналған Тоқтамыс ләшкері қаша бастады. Осы сәттегі бір айкаста Едігенің көзіне Қазаншы ілігіп қалған-тын. Мыңдықтың ортасындағы Қазаншыға Едіге атына қамшы баса тұра ұмтылды. Қарсы кезікеннің бәрін бет қаратпай, қарсыласқандарды қынадай қырып, айқасқан Едігенің сол бір сәттегі бейнесін көргендер жанынан түңілген. Кенет сарт еткен соққы дулығасына тиді. Екінші соққыны қалқанымен қағып үлгерген де қарсыласын найзамен аямай түйреген. Қазаншыдан көз жазып қалғанына өкінді.

- Қап, - деді Едіге ат басын тартып.

- Неге өкіндің? - деген Қажы Мұхаммедтің үнінде шаршағандық бар еді.

- Қазаншы құтылып кетті.

- Ол сұмырай да осында ма еді? Кезігіп құтылғаны әлі су ішері бар екен.

Қашқан Тоқтамыстың ләшкерінің алды Еділге тірелді. Үлгергені үстеріндегі қару-жаракты сыпырып тастап, ат жалына жармасып, жүзіп өтуге тырысқан. Тұтқын болғандар есепсіз. Күндіршіден әрі қарайғы он-он бес шақырым жер қашып құтыла алмағандардың өлігіне толы. Қайдан жеткені белгісіз, аспанды өлексе іздеген кара құстар жапқан. Қашып құтылған Тоқтамыс қана. Иә, сол сәтте сол ұрысты көзімен көрген араб тарихшыларының «Тоқтамыстың жүз мың ләшкері опат болды» деп жазарын кім біліпті.

Қолға түскен байлықта шек жоқ еді. Өзінің әскерімен бірге айдап жүрген сан мыңдаған жылқы, санап болмас қой-ешкі, табын-табын түйелерден басқа, асыл тас, алтын-күміс, арба-арба жібек, асыл бұйымдар деген тегіс тізіліп, Әмірдің қатаң бақылауымен өлісі мен тірісінің арасына тең бөлініп, үлестірілген.

Әмір Темір әскерінен де шығын мол еді.

- Қайтеміз? - десті мыңбасылар.

- Жинап көміндер, аққа орап, намазы шығарылсын.

- Мыңбасы, түменбасыларды...

- Олар жеке-жеке жерленіп, үстіне қорым үйілсін.

Күндіршіннің бойына атақты қолбасылардың он жеті қорымы осылай көтерілген-тін. Кейінгі тарихшылардың оларды «патша қорғандары» дерін ол кезде кім біліпті.

Еділ өзеніндегі Үр төбе аралында Әмір Темір алты айлық жолдан шаршап, Күндіршідегі қырғыннан қалжыраған әскеріне жиырма алты күн бойы тынықтырып, тәртіпке декелтірді. Әр уақиғаны көңіліне қондырып, өзінше саралайтын Аңдысын.

- Аузы аққа жетпей жүргендер бір жырғалып қалды. Кей қолбасылар алдына түскен малды айдаудан жалығып, отарлы қойды, үйірлі жылқыны да тастап кетіп жатыр. Берекесіз тірлік-ай, кімді қай ұшпаққа жеткізген, - деп күрсінді.

- Қайдан естіп жүрсін, - деп Едіге таңданысын жасырмады. - Сенбейтін сияқтысың. Бір Тоқтамыстың өзінен елу мың жылқы қолға түсіпті. Оның айналысындағы онбес-жиырма біліктілерді қосшы. Жұрт айтып жүрген бес жүз мыңға сенбеске лаж жоқ.

Әмір Темірдің байлыққа батқан қолы Алтын Орда астанасы Сарай жолда тұрса да, оны сырттай айналып өтіп кетті. Тоқтамысқа қаһарланған ашулы Әмір сарайды талқан етіп кете ме деп қауіптенген Едіге осы тұста арқа-басы кеңіп, жадырап дем алған. Сарайдан әрі өте Едіге өзіне сенімді Түнболатты тағы да алыс-жақын ағайындарына, көңіл жетерлеріне жұмсап Әмірдің жолынан алыс-алыс жаққа, Арқаның төріне қарай ауысып қонулары керек екенін, қазақы тұрмыс кешкендердің арасына өзінің де баратынын құпия түрде жеткізуін тапсырған.

Тоқтамыстың соңына ереміз деп басып кеткен елінің жағдайы Темір Құтлықты да қапа еткен. Ақыры ол қаһарлы Әмірдің алдына барды.

- Рұқсат етсеңіз, өтінішім бар еді. Тоқтамыс хан менің ел-жұртымды зорлықпен қосып алып еді. Олардың бәрі қазір әр жерде азып-тозып жүр. Солардың басын қосып, сіздің қызметіңізге әкелсем бе деп едім.

Темір Құтлықтан соң Едіге де «елімді жиып, басын қосайынды» сылтаурап, Дешті Қыпшақта қалып қойды. Соның алдында Әмір қолбасыларына Тоқтамыстың жан-жаққа босып кеткен адамдарын жинаттырып, оларды Темір-Құтлық, Едіге, Күнше-оғланға бөліп берген еді. Өз жұртының біразын жиып, Темірге келе жатқан Темір-Құтлық Едігеге жолыққан.

- Иә, ісің сәтті болсын.

- Елімді енді Темірге апара жатырмын. Соның қармағында болар.

- Не деп тұрсың? - деп Едіге жиені Темір-Құтлыққа ызғарлана қарады.

- Уәдеміз солай.

- Бұл халықты Әмірге апарғаннан не пайда бар? Бұларды әркімге әр жерге таратып жібереді де, өзінді ұлдарының біріне нөкер етеді. Күткенің сол ма?

- Енді не амал? - деген сасқалақтаған Темір-Құтлық.

- Алтын Орда, қасиетті Сарай иесіз қалды. Басшысыз ел серкесіз табын сияқты, ауа жайылып аш қасқырдай аранын ашқан тағы біреуге жем болады. Ие бол сол алтын таққа. Ендігі тақ иесі хан ұрпағы сенсің. Менің көмегім маған Әмір қосып берген Тоқтамыс жұртының, адамдары. Сарайды ал да, өзінді хан деп жария ет. Қандай көмек сұрасаң да мен дайын.

Әмір Темір өзінің қателігін кеш түсінді. Әсіресе ақыл-айласы мол, ерлігі де жетерлік Едігені қолдан шығарып алғанына өкініп, соңынан жаушы жіберген.

Ұлы Әмір сіздің қайтуыңызды тапсырды. Кездейсоқта пайда болған жағдайға байланысты кеңес өткізбек. Соған сіздің ақыл-кеңесіңіз керек, - деді соңынан жеткен Әмір жігіті.

Едіге ойланған сыңай танытты. Әмірдің осы күндерді басты жауы Тоқтамыстың қайда кетіп, қай жұртты паналап жүргені де белгісіз. Парсы жұрты тыныш. Қытайға қарай қозғалуға мына соғыстан кейін әзірше мүмкін емес. Сонда бұл Әмірдің өзіне құрған қақпаны емес пе. Енді барса, мына жұртқа, өзі ие болсам екен, тыныш өмірге бағыттасам екен деген елге, қазақы тірлікке қайтып оралу жоқ.

- Әмірге айта бар. Уәдеміздің жетіп таусылған жері осы. Ол өз ісін өзі шешсін. Алланың әркімге бұйырған өз жолы бар. Әмір айтты деп өз жолымнан қайта алмаспын.

Өзіне сенген жұрттың Арқаның төріне қарай ығысып қоныстанып отырғаны Едігеге аян. Тұрақты мекен, өз ордасының қазығын қағар құтты қонысқа Арқаның қай тұсы лайық деген ой Едігені көптен бері қатты мазалаған. Ұзын аққан Сары судың бойы қанша жайлы болса да Әмір иелігіне жақын тұс. Даланың желдей ескен жүйріктерімен қос-қос ат мінген жау қолы күнбе-күн жетіп, ойрандап кетуі оңай. Жайық бойына қарай жақын қоныстанудың да реті шамалы. Әмір Темір мен Тоқтамыстың шарпысуы осы Күндіршідегі соғыспен бітті деп сену қиын. Оның үстіне бірімен бірі Тақ үшін қырқысқан хандар елге маза бермейді. Сонау Қарқаралы, Тағылы-Бұғылы, Ортау... Оның ар жағында қалмақ бар. Және ел мен елдің байланысынан, сауда-саттығынан түбі қандай болар екен деп өндірісін өсіріп бара жатқан орыстың арғы жағындағы жұрттың тамырын басып, бетін танып отыруға алыстау жатыр.

Ойы сан-саққа жүгірген Едіге ақыры Ұлытауға тоқтаған. Мәйелі өлке. Жер кіндігі тәрізді. Сонау заманда Жошының да мұнда ордасын тігуі тегін емес шығар. Әмір Темірдің жаушысын қайтарып, ендігі тірлікке бет түзеген Едіге Сарысудың бойына қоныстанып, өзін күткен тілектес ағайынды ауыл-ауылымен ертіп, Ұлытауға келген. Мұндағы найман елі, Шәуешек би бастаған ел жақсылары құшағын жая қарсы алды. Тоқтамыстың тепкісінен мезі болған, әркімнің шабуынан босқынға айналған жұрт ағылып келіп жатты.

- Кел! Келе бер, қазағым, — деп қарсы алған Едіге оларды.

Ағылып келгендердің ішінде көбі сонау Еділдің арғы жағындағы кеше күні өткен Ноғай елінің адамдары еді. Ноғай атанғаны болмаса осы ел, осы елдің қыпшағы, найманы, керейі, арғыны, қала бердісі алшын, адайы. Едігенің соңына ергеннің біразы маңғыт еді. Әуелде Едіге ұлысы маңғыт делініп, жүре-бара Ноғай ордасы аталып кете берді. Жаңадан құрылған өз ұлысын Едіге Алтын Ордадан бөлектеген емес, сол қасиетті алып мемлекеттің бір аймағы деп санаған. Жырақтау жерден ұлыс құрғанын тыным-тірлігі бір елдің басын қосып, анау іргесі шайқалған Алтын Ордаға сүйеу болсам дегендік еді. Алтын Орда тағына таласу тоқтап, алдын болжай білетін біреу ел тізгініне ие болса, Алтын Орда Қайта түлеп, іргесі берік ел болса деп тілейді. Осы тілегі үшін бар қайрат-ақылын аямас еді. Бұл ел, Едіге өзін жаңа ұлыстың билеушісі деп жарияламаса да, Орданың иесі екенін үнсіз мойындаған. Осы елдің шын жанашыры екенін, Әмір Темірдің Тоқтамысты қуалап Сары суды бойлап, Ұлытауға келер жолында-ақ танытқан. Ел Едігенің ерлігін де, парасаттылығын да ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, ұмытпайтындай еді.

Едіге Ұлытаудың терістік жағына, таудан тай шамтырымға жетер-жетпес тұсқа тігілген Ордасының есігін айқара аштырып, мәңгіліктің нышанындай сонау шаншылған шыңға ұзағынан сүйсіне қарап қалған. Басына ұшқан құс қана қонақтар шың аспанды тіреп тұрма екен, әлде қара көк аспан еңкейіп шыңның ұшар басын аймалаған ба, әйтеуір керемет көрініс. Алланың жасаған сұлу әлемінің тынышын ешкім бұзбаса ғой, адамзат тек көркем сұлулықты сыйлап ғұмыр кешсе жер бетіне бейіш орнағандай болар еді дейді жүйрік көңіл.

Ордаға сәлем бере кіргендердің алды Андысын. Төс қағыстыра аман-саулық сұрасқан шіркін сонау жастық шақ қайда, соны сағынғандай көздері сүзіле, телміре қарады. Онан кейін Шәуешек би бір топ адаммен төрге озған. Андысынның ақ жүрек көңілін таныған Едіге енді әлі қырау шала қоймаған Шәуешектің сұлу сакалына, имандылық нышаны ұйысқан жүзіне назарын салды. Бидің жалпақ жүзі, алпамсадай денесі қай мәселеде болмасын арқа сүйенуіне болатындығын танытқан тапжылмас тұлға екенін аян еткендей. Осы топ күніне бір мезгіл Ордаға жиналып, жаңалықтарымен бөлісіп, кеңесіп, баз біреулері Едігеден тапсырыс алып тарасатын.

Әлі де алаң көңілді секемшіл жұрт тыстан естілген «ау, ау» дескен үнге құлақ түрісіп, Орданың ашық есігінен сыртқа мойын созысқан. Сонау бір қара қырқалардан жүйткітіп келе жатқан салт аттының қарамы көзге шалынды. Топырағын қалың көде мен желкілдеген селеу басқан майлы даладан ат тұяғынан ұшқан шаң көрінбейді. Алыста атын ызғыта айдаған жолаушы ауылға жақындаған сайын ат тізгінін тарта түскен.

- Кім болды екен?

-Жүрісі ширақ.

Ауылға жете атын аяңдатып кеп, қарсы алған бозбалаға шылбырын ұстатқан Қажы Мұхаммедті танып, Едігенің жүзі жылыды. Көптен көрінбеген Қайда болды екен?

- Ассалаумағалейкүм, жәмиғат, - дей келе әуелі Едігенің қолын ұстаған.

Сәлем алған жұрттың жастаулары орындарына қайта жайғасты. Бәрінің де сұраулы жүзі Қажы Мұхаммедте. Сәлемнің соңынан әрқайсына жеке-жеке назар салған ол да асығар емес.

- Осы жолы ұзақ сапардан оралдым, - деді жай ғана Қажы Мұхаммед.

- Онынды үсті-басың айтып тұр, - деп қалды Шәуешек би Қажы Мұхаммедтің жыртылған жеңін нұсқап. - Сапарың оң болса игі де.

- Қойын құрттап, айранын ұрттап отырған қайын жұртынды іздегендей сабылып жүргеніңнен хабардармыз. Жапалақ ұшпас жапан дүзде ердің ері ғана жүреді. Не ол олжа іздейді, не жоқтан хабар алады. Осының қайсы екен жүрісің? Осы ауылдың үлкені түгілі, бала-шағасына дейін өзіңмен сағынып көрісердей болды, - деп сөзінің артын күлкіге айналдырды Түнболат.

Қажы Мұхаммед Түнболаттың сөзін жақтырмай қалды. Басқа біреу өстіп қыстырылса сазайын берер еді. Түнболаттың жөні бөлек. Оның Едігенің аса жауапты тапсырысын орындар сенімді адамы екенін біледі. Мырс етіп, жымиды.

- Бір жағдайдан күдіктеніп, астыңнан су шыққандай болып отырсың ғой. Сен әлдекімді іздеген ауылдан айналып өттім. Ол жағынан қам жеме.

Арты әзілге айналып бара жатқан әңгімеге отырғандар төмен қарап жымиысып, күбірлесіп қалды. Едіге жөткірінді.

Қайдан білейін, әйтеуір жүрісің ұзақ. Өзіңді ойлап, түн ұйқымыз қашып, - деп Түнболат та жауап қатып үлгерген.

Иә, сапарыңның жөнін айтсаң? - деп Андысын әңгіменің бет алысын басқа арнаға бұрды.

- Иә, - десті басқалары.

- Тыныш жатып, ұйқы қандырап мезгіл әлі болмай тұр ғой, - Қажы Мұхаммед осы сендер не ойлап жүрсіндер дегендей кеудесін керіп, отырғандарға тағы назар салды.

Иә, ол рас, - Шәуешек би басын изеп, ауыр дем алды, - Жау қайда деме, жар астында деген бар.

- Өткенде ұзын аққан Сары суды шолып едім. Қаз-үйрек, құлан-киіктен басқаны көрмедім. Бұл жолы..., — Қажы Мұхаммед басын шайқады.

- Бұл жолғы сапарың қай жақ еді? - деп мазасыздық танытты Андысын.

- Сонау мұз басқан терістіктен Жайыққа дейін созылып жатқан оратылған тау Оралдың бергі ұшығына дейін барып қайттым.

- Тым ұзақ сапар ғой, жалғыз жүрдің бе? - деп қозғалақтады Шәуешек би.

- Жалғызбын. Көппен жүрсең көзге түсесің. Көзге түссең мақсатына жетпейсің.

- Жалғыз-жарым... Қатерлі ғой... Жау көп, - деп Андысын сөзін бөлді.

Едіге үнсіз, әлі сөз қосқан жоқ, Қажы Мұхаммедтің әр қимылын назардан таса етпей, қасын да қақпай ден қойып тыңдап отыр. Қажы Мұхаммедтің сан жүрісінен хабардар. Оның да ойлайтыны осы елдің тыныштығы екенін, әр сапарының мақсаты да соған байланыстылығын біледі. Бірақ, осы жолы сонау Орал тауын шолғанынан хабарсыз-тын.

- Оралдан бастау алатын бір өзеннің бойынан көп адамды көрдім. Қалың жынысты паналап, бой жасырып, сырттай аңдығам. Олар да байқап қалыпты, әзер құтылдым да, қайта айналып, анди бердім.

- Мынау таза қатерлі ғой, байқамайсың ба? - деп Шәуешек би мазасызданды.

- Бұл не қылған адамдар елден жырақ жүрген. Біреудің ләшкеріне де ұқсамайды. Жақын манда ауыл да жоқ, солардың кісілері дейтін. Кейбіреулері жартылай жалаңаштанып алған. Қолдарындағысы, сүймен, қайла.

- Е, көр қазып жүр ме сонда, - деп таңданды біреу.

- Не қазып жүргені маған да таңсық. Ынтам тіпті біржола ауды. Сығалай-сығалай тағы жақындадым да өз көзіме өзім сенбедім. Мына топ башқұрт ағайындар екен, іштерінде қазақтар да бар. Ең сұмдығы...

- Япыр-ай, - деп біреу сескенді.

- Иә, ең ғажабы іштерінде сары шашты, көк көздер жүр екен.

- Түсі сары, көзі көк деген де, - деп Шәуешек би мәтелдеді.

- Ол пәлелер қайдан жүр тентіреп, - Андысын жақтырмай қабағын түйді. - Ит тойған жеріне дегендей солардың Оралдың бойын кезіп, сүмендеуі көбейді. Қайбір жақсылық дейсің.

- Иә, сонымен, — деп Түнболат Қажы Мұхаммедке еңкейе бұрылған.

- Тентіреген дедің бе? Иә, тап солай. Тіл алғым келді. Ақыры шеттеу шыққан өзіміздің бір туысқанды бас салып, алқымынан алдым. Шыныңды айт, бұл жерде неғып жүрген адамсыңдар, ана көк көздерің кім? Әйтпесе, ажалың осы жерде дедім. Түсімнен шошыды ма, әлде өзі қорқақ па, зарлап қоя берді. Әке-көке өлтіре көрме, жалданып жүрген жанбыз дейді. Ауылдары алыс екен. Тоқтамыстан қалған босқындар. Анау сары

шаштылар - орыс дейді. Орал тауынан алтын-күміс, темір кенін іздеп жүргендер екен. Сондай кенді тапса Орданың хандарына уыс-уыс алтын беріп, өздері иеленіп кетпек екен. Олар тегін сүмендеп жүрмегеніне көзім жетті.

Қажы Мұхаммед хабарын естіген жұрт сілтідей тынды. Шәуешек би арқасын керегеге сүйеп, ойланған қалпы шаңырақты көзбен сүзген. Андысын мен Түнболат жүгінген қалыптарын бұзып, жамбастай құлаған. Қажы Мұхаммед арпалыста жыртылған жеңін түзеп, басындағы бөркін шешіп, маңдайын сүртті. Әншейінде құрыштай берік көрінетін ол бүгін тұқырайып қалыпты. Бетсүйегі шодырайып, жағы ішке кіріп, сұлу мұртының қияғы едірейіп, бет аузын басқан түк те ұйпаланыпты. Бойшаң ірі денесі екі бүктеліп, ұсынған сусынды екі қолымен алып, құмарлана жұтты.

Едіге естігендерінен балықтай есеңгіреген көпке бажайлай қарап, ойын ортаға салды. Ойы салмақты, тұжырымды. Дауысында да өз сөзіне сенімді ырақ бар.

- Мына Қажы Мұхаммед айтқан жағдай осы отырған бәрімізді қатты алаңдатады. Анау сарыбастардың өз жерін тастай беріп, ісі түркі жұртын тіміскілеуінің ақыры жақсылыққа апармайды. Бірақ, соған жол берген де өзімізден шыққан алаңсыздар. Тақ таласында орыс ұлысына сүйенбек болған Тоқтамыс көк көз елдің адамына осындай кен орындарын берді. Енді оларға сол алғаны аз, тағының жегеніне араны тола ма. Ашылған аран не жұтып тынады, не оны бітеудің жолын табу керек. Міне, біздің маңдайымызға жазылған іс осы. Осы үшін де Тоқтамыс пен арамыз суысқан еді. Тақ үшін дүйім елдің баласының ертеңгі күнгі өрісін, күн көрісін сатқанға не дауа.

Ендеп кіріп, есеңді алады десейші. Не шара? Не дауа? - Шәуешек би алақанын жайды.

- Қара Ертісте қалмақ шаңырақ көтерсе, Оралыңды орыс алса, екі жақтан қыспақта қалған бұл елдің баласы қалай күн көреді. - Аңдысын қайта бас көтеріп, малдас құрды.

- Күндіршіндегі ұрыстан кейін Әмір Темір осы орысты әрмен қарай асырып неге қуып тастамады екен, - деп Түнболат өткенге өкінді.

- Ту, бола ма ол. Жарым жыл бойы Тоқтамыстың ізіне түсіп, түлкі қуғандай болдық. Өзіне әбден қалжырап жеткенбіз. Жеңіс те оңайға түскен жоқ. Тоқтамысты жеңсек оның арғы жағында орыс, орыстан әрі Литвасы, немісі қаптап тұрды ғой, — Қажы Мұхаммед осыны қалай естен шығардың дегендей Түнболатқа жазғыра қарады.

- Сіресіп жатқан дұшпан екен ғой.

- Осындайда еске келеді-ау, Сыпыра жырау:

Өзенде өзен,өзен су,
Өзектеп Орда қонған жұрт,
Өзектеп соққан сом темір,
Есікке шынжыр болған жұрт.
Балығы жылқы жусатпас,
Бақасы кісі ұйықтатпас
Еділ менен Жайығым,
Сені жауға алдырғым, -

демеп пе еді. Соның керін киіп жүрмесек. Сол орысыңның тіміскілеуінен жүрек шошиды. Көбіміз бейғамбыз, хандарымыз тақшыл. Есеміз кетеді-ау, дегеннен гөрі сөз жарыстырып әлекпіз. Қызыл тіл жақсы, бірақ оны еміп тоймайсың. Қыр астында жау болса да дырдуынды қоймайсың. Аңқау әуелі астындағы атын алдырады, сонан соң қойнындағы қатыны да басқаның олжасы. Заман өзгеріп барады, біз өзгермесек ұл не болады, қыз қай ұяға қонады, — деп Шәуешек би ішіндегі бар наласын төгіп барып тоқтады.

Өткеннің өкінішін де, келешектің қаперін де опырып еске алған Шәуешектің сөзінен кейін Аңдысын ойға батып, сұлық отырған. Салт бас жүріп тек қарын тоқтығын ойлар заман келмеске кеткен. Ол кезде жалғыздықтың өзін қасірет санап, зар кешкен күндері бүгінгімен салғастырғанда санасыздың сандырағы екен. Аштан өлген қазақтың моласы жоқ деген мәтел бары рас. Аштан өлмесе де мына жұрт мына бетінде көштен қалатын түрі бар. Орманның мұжығы қала салып жатыр, қаласын тас қамалмен қоршап жатыр. Онан арғы ел отты қарудың неше атасын жасап алыпты. Енді мына сары бастар да темірге ие болғысы кепті. Көкейін қайдағы бір мұңлы саз тырналап, іргедегі домбыраға қол созып, дың-дың шерткен.

Өзімен әзілі жарасқан Қажы Мұхаммед жаңағы өзі әкелген жаңалықтан туған ауыр ойларды арбадағы жүктей аударып тастап, серпіліп, отырысты жаңа арнаға бұрды.

- Осы тесік құлақтар ас ішерде естімей қалып, аш қалмай ма екен, - деп сонау бір қақтыста сұр жебе тесіп өткен Аңдысының құлақ жарғағындағы саусақ сияр тесікті нұсқап, жымыды.

- Оу, - деді Аңдысын, - дейсің-ау. Бұл жалғанда құлағымен ас ішкен адамды Адам атадан бері қарай ешкім көрген жоқ. Мұнда танауы тәнкііп кеткендер есесінен құр қала ма деп өкінем.

Аңдысын осы сапарында тіл алам деп жағаласып жүріп жеңін жырттырып, мұрын жағын қызартып келген Қажы Мұхаммедті іліп түскен.

- Бар көркімнің өзі сол болып тұрған жоқ па. Өстіп те бір өзгеріп келмесең ер екен деп саған кім қарайды, - деп Қажы Мұхаммед құтылып кетті.

Жоқтан күлкі іздеп жабырқай қалған жұртты ешкімнің жанына батыра тимей, өзін де аямай, майға

шылап өткізгендей әзілмен жадыратты. Әзілі жоқтың қолында қол шокпары бар дегенді мықтап есте ұстайтын мына отырғандардың қай-қайсының жатып атары мықты. Жерошақ басындағы әйелдерді манайлап кетіп жүрген жігіт-желеңнің жүріс-тұрысы да әзілге жарап қалған еді.

Түнболат қапшығын ақтарып әлде бір қағазды суырды.

-Жаңадан келіп қосылған босқындарға жәрдем керек деп едіңіз, - деп Едігеге бұрылды. — Осындайда соларды да бір түгендеп тастасак.

—Дұрыс екен оның. Әзірше малдан, не пұлдан көмек еткендер бар ма?

—Болады ғой. Шәкең би сияқты жаңа жұрттың көрші-қолаңы жомарттық жасаса аса ризамыз. Ел ерге қарайды да.

— Пәлі, мына Андасын мың қой беремін деп құлшынды.

Тыстан құманын ұстап табалдырық аттаған Аңдысын Қажы Мұхаммедтің сөзін естіп төбеден ұрғандай қалшиды да қалды. Әбүйір болғанда қолындағы құманы құлап түспеді. Қара құманды суымен шалп еткізіп босағаға қоя салды да, Қажы Мұхаммедке алара қарады. Мың қой түгілі жүз ешкінің басын қоса алмай жүргенін мынаның ебін тауып бетіне басқанына не айтарсың. Күні бойғы қалжыңның түбі ақыры өстіп бітпесе болар ма. Құрдасты Құдайдан сұрап алғандайсың ғой.

— Ал ендеше, бұл ел естімеген мырзалық, - деп Түнболат үстеп бара жатыр еді.

— Жә! Жә! Осы да жетер, — деп Едіге қызарақтаған Аңдысынды құтқарып әкеткен.

Әлгінде ғана сөз жарыстырып, қызыл тілдің ұшқырлығына сүйсініп, ит жығысқа түскендеріне сәл-пәл күлісіп отырған тиын бөрік, пұшпақ бөрікті осы

орданың игі жақсылары енді бір-бірінен ұялғандай, мынау дүние аударылып-төңкеріліп бара жатқанда еркінсіп қалғандарын орынсыз санағандай үнсіз қалған. Ұлытаудың бергі иығынан салт атты көрінді де жоқ болды.

Бұл кім? - десіп тағы елегізіген.

Сүлік қара ат мінген құйындатып келеді екен. Құйындатқан бетінде ордаға жете ат басын бірақ тартты. Шұғыл жүріс не қуаныш, не жау жеттінің белгісі.

Шылбырды алған бозбаланың жүзі жадырап, алақанын шарт еткізді. А, құдай, бере көр, қуаныш екен.

Сыпыра жырау келе жатыр деген хабарды естіп Едіге өз ордасының жанынан жырауға арнап үй тіккізеді. Аршылған жұмыртқадай сегіз қанат үйдің сыртын да, ішін де көздің жауын алатындай бар әшекейге малындырған. Туырлықтың сыртынан тұтқан шымшидің өзі кілемдей құлпырған. Үзік пен түңілік неше алуан ою, неше алуан бояулы. Тұрулі киіз есік қазақы өнердің озық үлгісімен көмкерілген.

Жеңіл, майда жортағы бар аттан түскен жырауды Едіге бастағандар қауыша қарсы алды. Жырау әуелі мұнда кірген жөннің белгісін жасап, он екі қанат ақ орданы иегімен нұсқады. Төрге озбады. Төрді Едігеге нұсқап, сонан кейінгі орынға жайғасқан. Сонау Құмкентте көргенде бойы тіктеу көрінген жырау бүгінде еңкіш тартып, кеудесіне түскен сақалы мен сұлу мұрты күмістей жалтырайды. Көзі әлі отты. Ғасырға жуық жасаса да ел сөзінен, тыныс-тірлігінен қалмағаны күріс-тұрысынан, сөз саптауынан көрінген. Едігенің жүзіне байыппен шола қараған жырау баяу ғана басын изеп:

Мен алғашқы көргенде
Қиықтай ғана ұл едің,
Аңсарың сенің дала еді.

- Әп, бәрекелді! Ордаң баянды болсын, баяның аяңды болсын. Айнала толы дұшпан бар, жауыңа сес, еліңе ес бол, - деп, жасаулы дастарханнан бір үзім нан ауыз тиіп, түрегелген. Сол бетінде өзіне арналған қонақ үйдің есігін ашты. Бір шара сусын ішті де, есіктен басын көрсеткен малға бата жасап, сәл дем алып алудың керектігіне ым етіп, жамбасына қисайған.

- Ас пісті, - деді қазанның маңында жүргендер.

- Жырау қалай?

-Жақсы дем алды. Біраз мызғыған сияқты.

- Ә, онда.., — деп Едіге қонақ үйдің табалдырығын аттаған.

- Мына даланың ауасы қандай таза, шіркін, — деп бас көтерді жырау. - Суы тіпті тамаша. Бал қымыз ішкендей маужырап, түшіркене ұйықтаптын.

-Ұлытау - ұлы тау ғой, ақсақал

-Дұрыс айтасың. Сонау жастық шағымнан бері мұндай жайлы жатқан күнім болған жоқ десем сенер ме едің. Қазақы даланың мен баспағын пұшпағы жоқ шығар. Арқа-арқа ғой. Арқа қазақтың арқасын тірер сүйеніші емес пе. Шіркін ата-бабаң Арқа деп сұлу да, сырлы да атты тауып қойғаның айтсайшы.

Леген мен шәугімін ұстап, орамалды мойнына іліп даяршы жігіт кірді. Осыны күткендей Орданың игі жақсылары, ауылдың сәлем беруге құмартқан жігіт-желеңі келген. Ұлы жыраудың қолын ұстағандарын шарапат санап, беттерің сипап жатқандар қаншама. Әкесіне тырмысқан екі жасар ұлдың жырау қолын сүйіп, өзі де жарылқанып, батасын берген.

Ас ұзақ ішілді. Сегіз қанат үйге сыймағандарға іргедегі көгалға дастархан жасалған. Сырттағылардың «не айтар» екен деген құлағы ішке түрулі. Жыраудың бетін баққан дастархандастар іліп кетпе әңгімеге бармай,

бой сақтаған. Едіге ғана ара-арада жыраудың жүрген керін, бет алыс бағытын сұраған. Осы Ордаға арнайы келгенін естіп, іштегі-сырттағылар гу етісті.

Әдейі ат басын тірепті.

Арнайы келіпті.

Ұлы адам ғой. Ұлытауды аңсаған шығар.

Ас ішіліп, табақ босады. Малта езілген сорпа да, сапарылған қымыз да төрге озды. Жырау сорпаны ішкен болып, шайқап отырған. Қалған жұрт әуелі сорпаны ішіп, онысы басылды-ау дегенде шара-шара қымызды қотарып болған соң ғана аяқтағы сорпасын жартылай ішіп қайтарды.

- Сарқыт қой.

- Әй, маған бер, ырым болсым.

- Маған берші ұлыма ұрттатайын, - дескендерде шек жоқ-тын.

Ас-су жиылып, сыпыра жыраудың алдына ғана дастархан қайта жасалып, неше алуан сусын қойылған. Сыртта сыймай тұрған жұрттың жарымы лыксып үйге енді. Жырау мына жұрттың ендігі күтері өзінің сөзі екенін, мынау тапқанынан жоғалғаны көп жалғанда үзілгенге үміт керегін, жарым көңіл жұбаныш іздерін, жетсем дейтін жасқа ерліктің үні қажетін түсінген. Орда жас. Жасқа жетекші керек. Жетекшілікке татыр ұл болса оны неге жырламасқа.

Керегеге қол созып, қабынан домбырасын суырды. Халықтың құлақ құрышын қандыра біраз дауылпаз күйлерді төгіп-төгіп басылып, баяу шертіп, жүректің қылын үзгендей етіп шертпе күйлерге ауысқан. Дүниені мұң басқандай, қалың қайғының ішінен үміт оты жылт етіп шақырды-ау арманға. Арман қайта мұңға ауысып, араласып, арпалысып кетеді де, қайта бір үн естіледі. Тіршілік үні, өміршендікке сарнай шақырған дауыс әлемді кернейді.

Орда іші сілтідей тынған. Мазасыз шыбынның өзі жоғарыдан салбыраған уық баудың шашағына ілініп, қапысыз тұр. Жылауық бала күймен бірге тербетілген әкесінің алдында танауы пысылдап ұйықтап кетіпті. Есік алдындағы қазан-ошақтың шақыр-шұқыры да тынған. Бөрікін баса кигендердің көбі шайқалақтап басын изейді. Кімде арман жоқ дейсің, кім көксегеніне жете берген. Шірікін жалған кеңсің ғой. Сен қиялға да толысын, сен Ұлытаудай биіксің. Өмір-ай, неге өтпелі болдың екен. Уақыт қайта айналып келер болса өкінер жағдайды өкінбестей етіп өткізер еді-ау. Неге қысқа екен мына өмір. Қабат-қабат кір көңілді аршып тастап, саф тазасын ғана басқаға көрсетер ме еді. Бойыңа, өзіңе ғана жасырған күнә мен кінәні айтып мойындап тазарғанға не жетсін. Күнә арқалап о дүниеге кеткеннен не жаман дейсің.

Кенет домбыра басқа сарынға ауысты.

- А...и ...ей, - деген қаһарлы дауыс естілді.

Сілтідей тұнған жұрт селк етті. Жүрек біткен дір етті. Иін тіресіп отырған жүзге жуық адам серпілді. Уықбаудағы шыбын дыз етіп ұша жөнелген. Тыстағылардың «аһ» деген үні жеткен.

Қиықтай ғана құба ұл,
Мекенің бопты құба жон.
Ұлытауға қоныстап,
Көтеріп қазақ ордасын,
Маңайың елге толыпты.
Жауырыны жақталы,
Түйме бауы тартпалы,
Игісіне ноғайдың,
Қазақы тон киіпсің.
Көк ала жорға ат мініп,
Көн дабылпаз байланып,
Көк теңізді айланып,

Тұтам бауы сом алтын
Ақсұңқар құс алыпсың.
Құлағын біздей қадаған,
Кекілін қыздай тараған,
Жүргенде ізін санаған,
Бауырынан жараған,
Қысыр жылан өзекті,
Қолтыраудай танаулы,
Саптыаяқтай ерінді,
Сарымсақтай азулы,
От орнындай тұяқты
Қиған қамыс құлақты,
Таулы атты мініпсің.

- Паһ, теңеуі неткен керемет, - деп Аңдысын тізегін қағып қалды.
- Жырау деп міне осыны айт.
- Ақтарылған не керемет сөз, - десіп қозғалақтаған халық керегені сықырлатқан.

Тексіз екен Тоқтамыс
Еңкейіп оған бармадың,
Көкте оғым жетсін деп,
Кегінді барып айтпадың.
Патшалықты берсе де,
Салтанатқа ілсе де
Табындап жылқы үйіріп,
«Кел, Едіге» - десе де,
Өз жолыңнан қайтпадың.
Сонда осы қарт жырауың,
Тоқтамысқа айтқан-ды.
Керегенді кертер, құбаша ұл,
Туырлығыңды тілер ол
Тіліп тоқым қылар ол,
Тоқсан басты ақ орда,
Тонамай ие болар-ды.
Торылы жылқы тобышақ,
Топтап жиып аларды,

Қанікейдей көріктіні,
Тінекейдей тектіні,
Ат көтіне міндіріп,
Ал иіндігін солдырып,
Тегін олжа қылар, құбаша ұл

- Уа, шіркін - деп тебіренді Шәуешек би. - Айтып баққан екен Тоқтамысқа. Есті есін жияр сөз ғой бұл Баба түкті Шашты Әзиздің ұрпағы Едігемен ерегiскен Тоқтамысты түрткен киімді шайтан ба екен, әлде киімсізі ме.

- Естіп, біліп отырып өз ордасын ойрандатқан екен-ау, - деп таңданды Түнболат.

Жырдың екпініне қызынған жұрттың ендігі бейнесіне көз жүгірткен қарт жырау сакалын тарамдап, алдындағы қымыздан аздап ұрттады. Домбырасын қайта шерткен.

Сонда Едіге серт бердің.
Алла,-Қыдыр жол берсе,
Тілегімді мол берсе
Қырқада біткен қырық адыр,
Қырық басып жүрмесем,
Қырық күншілік шөліне,
Айдынды бұлақ салмасам,
Кең сауырлы күреңше ат,
Бұтқа тартып мінбесем,
Алақаншық күндей боп,
Алды-артыңнан шықпасам,
Ноғайлыдай ауыр жұрт,
Баяу жатқан қайран жұрт,
Шаңырағыңды көтеріп,
Есілдің бойы қызыл жар,
Аспадан суат салармын.
Ертістің басы қара дөң,
Оны да барып алармын.
Тоқтамыстың Ордасын,
Күмістен соққан есігін,
Түсі суық болаттын

Ұшыменен ашармын.
Төрге төсек салмасам,
Төс аршынды сұлуды,
Төс астыма алмасам,
Керегенді кертпесем,
Кертіп отын қылмасам,
Дегеніме жетпесем,
Айтқанымды қылмасам
Едіге атым құрысын.

—Айтқан-ақ екен. Серті неткен керемет.

-Бәрі орынды және орындалған ғой, - десіп кетті тындаған халайық.

Әуелде ащы айқаймен басталған жыраудың дауысы жағымды баяу қоңыр үнге ауысып, тыңдаушының санасына сырғыған сынаптай сіңіп, өн-бойын билеп алған. Мына әуенді үн жыраудың көмейінен шығып жатыр ма, әлде баяу шерткен домбыраның ұлы даланың бар сазын бойына сіңірген сарнауы ма, ол арасы айырғысыз.

Оу , Едіге-құбаша ұл
Дұшпанның отын сөндірің,
Өзім демес нәмартқа
Шаңқан бозды міндірмей,
Тоқсан жебе салдырмай
Асылын сұрамай ас бермедің.
Атасын сұрамай нөкер ертпедің.
Өзім деген нәмарттың
Еңсесін биік көтеріп,
Иманына серт бердің.
Тауға біткен сұңқарсың,
Тау бөктерлей шүйілген.
Торлаусыз өскен құлынсың.
Мезгілсіз жусап өретін.
Буырылшыдан асау ұлансың,
Бұғалық салса Тоқтамыс.

Өзін деген жақсыны,
Өлгенінше боқтамас.
Шалғынды көл төгерек,
Жекенді көл төгерек,
Алдамшы сөз не керек.
Қарағайдың қарсы біткен бұтағы,
Балталасаң айырылмас.
Еменнің айыр біткен бұтағы,
Атанмен тартсаң қайырылмас.
Жағасы алтын кіреуке,
Жағаласып сен жырттың,
Тоқсан баулы ақ көбе,
Тоғысқан жерде сен кидің.
Садақ толы сай жебе,
Ала өгіздей мөңіретіп,
Қыр асырып сен идің.
Ғаламдағы періште,
Баба түкті Шашты Әзиз,
Омар менен Оспанға,
Әбубәкір Сыздыққа,
Әзірет Әлі бабаңа,
Арқа беріп жүргенсің, -

деп барып тоқтаған Сыпыра жырау халықтың:

-Пәлі! Пәлі!

-Оу айтсаң осылай айт, - деген көтерме сөзін естіп, кәрі тәні демалыс сұрап, шара толы қымызды тамсана отырып, шайқап ішіп, жастығына қисайған. Ақсақалға кешкі асын беріп тараған жұрттың аузында тек қана Сыпыра жыраудың аты.

Түн тынышсыз өтті. Маужырап тұрған жып-жылы түнде мазасы кеткен Едігенің өзі. Жып-жылы төсегінде сан аунап, ақыры тысқа шықты. Ай астында қарауытқан Ұлытаудың алып сұлбасы ұлы даланың қарауылшысындай елестеді. Ұлытаудың сонау бір жеке биігіне ақшаңқан бұлт қонақтапты. Күнде осы биікке қарауылшы жібереді. Олардың жан салып өрмелегенін

сан көрген. Биікке шығуға жас кезінде өзі де құмар-тын. Қаратаудың қиясында сан ұлтаны тозып, сан жалаң аяқ қайтқан. Қазір соның бәрі сағыныш, қайта айналып келмес ермекті, ереуілді шақ.

Ұлытаудың сары ала етек орманын оймен шолды. Сары ала етек орманның сары күзде төккен жапырағының исі мұрынын жарғандай түшіркенді. Мана бір Сыпыра жырау кірлетіп алған көңілін аршып тазалап, бұлақтың көзі аршылғандай, қоқыс-қоқыстан шығып, даңғылға түскендей, сонау ай сол өз жолы-сұрлеуіне сәулесін шашқандай болған.

Тып-тыныш түнде Арқаның аспаны жамыраған шам сияқты. Аспандағы әнеу бір жұлдыз айдан артық. Сол айдан артық жұлдыз сонау бозбала шағында өзімен бірге түнді кезетін. Сонан кейін көрінбей кеткен. Енді қаракөк аспанның төріне қайта шығыпты. Әкесі марқұм мұндай жұлдыздар әр кез, әр жылда орын ауыстыра береді. Олар жер тәрізді кезбе жұлдыздар дейтін. Сол жұлдыз мазасыз уақыт пен өткен күндердің ізі, көңіл жайлауының сағынышы да. Оның бүкіл санасын сол күндерге байлап тастаған сиқыр қияли арманның жетегі екенін бүгін бар болмысымен сезеді.

Құдайға шүкір, өзі көрген хандардың астамшылық, өр көкірек надандығынан, онан кейінгі уәзір-мәзір, би-сымақтардың алдағы бар ғұмырына өлшеп-пішіп қоятын арамдығынан, пасықтығынан, көз тоймас жемқорлығы мен кір-лас пиғылы, соған байланған зеректігінен өзі құлан таза. Аңқау шығар-арам емес. Дұшпанға қаттылығы қаскөйлікке апарып соқпаған. Дұшпанын да кешіреді. Кешіргені есіре берсе не істемек. Оны қатігездікке баласа, онда төреші бір Алла. Күнәсіз емес шығар, бір Алла кешірсін.

Әкесі марқұм есіне түсті. Осындай сәулелі түндерде жамыраған жұлдыздарға телміріп отыратын. Кей-кейде

мұның да түн ұйқысын бұзып, аспанға үңілдіретін. Сонан соң анау қаракөк аспан туралы неше алуан сыр шертетін. Ғалым болса деді ме екен? Егер сонда Құмкентте қанқұйлы уақиғалар болмаса, әкесінің тікелей тәрбиесімен кетсе кім білсін, қалам ұстар ма еді, әлде қылыш ұстау маңдайына жазылды ма екен.

— Буыны қатпаған баланы түнімен әурелейсің, — деп шешесінің ренжігені де бар.

Иә, анасының екі білегі толған күміс білезік болатын. Ертеңгі астың дастарханын ертерек жасап, сары шәугімді отқа быжылдатып қойып отыратын. Сонан соң әкесі, оған еріп ұл-қыздары дастарханға шүйіледі. Онан...Иә, онан көрші — қолаңның балалары да осы үйден тамақ ішу міндетіндей жапыр-жұпыр жұмыла кететін. Бәріне ренжу жоқ. Анасы тегіне тартқан намысшыл, қанына тартқан жомарт еді. Ар-абыройына сұқ көз де, жел де тигізбей өткен адам. Жаулығынан шашын, етегінен тобығын көрсеткен жан емес еді.

Едіге сағына күрсінді. Шығыс жақтан таң сібірлеп қалған. Ұлытаудан бері асқан самал жаңа леп әкелді. Кеудесін керіп біраз тұрып, ордасының есігін ашты.

Күн де бүгін қадала шыққан екен. Сәскеге дейін жердің шығы мен сай-сайдың селдір тұманы тыныс береді. Ертеден ысыған бүгінгі күн соның өзін қуып тастағандай. Ұлытаудың қолат-қолатындағы нұжыныстан көтерілген бу шыңның қия тасына жармасып, көкжиекті көгілдір реңге бояған.

Соныға қонған ауыл тізеден келер шалғыны, бәйшешегімен салтанатты. Сәнменен қатар түзей тігілген үйлер, әр жердің жерошағынан көтерілген түтін тіп-тік. Бүгін басқаша сияқты, жырауға тігілген сегіз қанат үйдің көлеңке жақ туырлығы кісі бойы түріліп, онан арғы көгалға алаша, кілем төселген. Оюлаған көрпенің үстіндегі теңкиген жібек тысты құс жастықтар әркімнің шынтағында.

Көпті көрген, көп шежірені санасына түйген жыраудан Едігенің әлі де болсам-білсем, сұрасам дейтіні көп еді. Оның бер жағында оқу-тоқуды, даланың тарихын ауыздан естіп, құлаққа құйған мына ел де көп жағдайға көзі жетсін деген ниет жатқан.

Сегіз қанат үйдің іші сықай толды. Түңілік кеңірек ашылып, түрілген іргеден самал ескен. Жырау ақсақал да кешегідей емес, тыңайып қапты.

- Мынау Алтын Орданың бір аласапыран кезіне дәл келіп қалып тұрмыз ғой. Тақ таласы мен бақ таласы көз аштырмай, көрінгенге күлкі болған жағдай бар. Осының арасын жіктеп айтып берсеңіз, - деп Едіге қарт жырауға өтініш тастады.

Жырау ойланды. Сақалын тарамдап, алыс-алысқа жанарын тікті. Өткеннің жақсылығын айту ғанибет, жамандығын еске алудың өзі өкініш. Өкінішті білмеген жұрттың ертеңі бұлдыр. Айтпасқа болмайды. Тізесіне қойған домбыраның шегін сыңсытып жеке-жеке шертті де әңгімесін бастады.

- Оу, дүние шіркін, өтпелі ғой. Бак-дәурен кімнің басында баянды тұрған. Кешегі жарты әлемді бағындырған Бату хан, Берке хан, онан қалды Өзбек ханның тұсында Алтын Орда қандай еді. Сыңсыған ел еді, салтанатты қалалары болатұғын. Сол елді аралап, қала-қала, ауыл-ауылды түгендеп керуен өтетін. Ел мыңғырған малын айдап көше алмайтын. Елдің барлығын, бақытын көрген құс қамағандай басқа жаққа ұшып кете алмайтын. Әкеден ұл оза туса жақсы, кенжегесі-кетіп, жетесі жетпей, безе туса қайтерсің.

- Уау, не деп кетті, қарт жырау, - деп Түнболат жастығында аунады.

- Сарнап отыр ғой, сарнайтын заман болған соң, — деп Шәуешек би тоқтам айтқан.

- Әкеден оза ұл тумады, — деп күңіренді Сыпыра жырау, - Кеше кешелігін жасады. Елді ұйтқан, берекені

бекіткен, дұшпанды дірілдете алған Өзбек хан да дүниеден өтті. Оның соңы тулаған қатынның сұрқия ісі мен, әкеден бірге туса да жат болып өскен, бауыры тас шөмен боп қатқан қатыгездің сойқанына айналды.

- Астағапір Алла, — деп шошынған дауыс естілді.

- Е, бұл тақ таласы кімді оңдырған.

- Тоқтамыстан-ақ көресіні көрдік қой.

- Қатыгездіктің ұйытқысы Өзбек ханның қатыны Тайтана еді. Өзбек хан көзінің тірісінде тақ мұрагері етіп үлкен ұлы Тыныбекті тағайындаған. Жастайынан үкімет ісіне жегілген Тыныбек мемлекет басқару ісіне төселіп, ханның әскерін де кей жорықтарда басқарып, өзін таныта бастаған жігіт еді. Ауыздықсыз жүруді аңсаған сарай маңындағылар Тыныбектен қауіптенетін де іштей оны жек көрген. Олар реті келсе Тыныбектен құтылудың амалын күні бұрын ойластырған-тын. Өзбек хан дүние салды. Тыныбек алыста, жорықта жүрген. Өзбек ханның қатыны Тайтананың да елді басқаруға үміті бар-тын. Сарай маңындағылар оны да білетін. Олар әуелі осыны пайдаланды.

- Тайтана ханым, балалар әлі жастау ғой, оларды әлі де талайды тануға баулу керек шығар. Олар әбден кемеліне келгенше елге ие болсаңыз, - деп көлгірсіді олар.

Тайтана қатын басына бақ түгілі, астына тақ қонды деп есептеп, келісе кетті. Сөйтіп Тайтана уақытша делініп, таққа мінді. Мұндай масқараға Тыныбектің көнбесі анық еді. Енді сарайдағылар Жәнібекті азғыруға кірісті. Жиырманың мол ортасындағы Өзбек ханның ортаншы ұлына оған құдай бермеген қасиеттерді «бар» деп үйіп-төгіп сендірді. Нағыз тақ иесі сол екеніне көзін жеткізіп бақты. Жәнібек ел ісіне араласып көрмеген адам еді, оның сол дәрменсіздігін өздерінің мақсаттарын орындатуға жұмсамақшы-тын. Әрі өздері таққа қойған Жәнібек ғұмыр бойы оларға қарыздар болар деп сенген.

Ордадағлар енді елге бетін бұрған Тыныбекті қарсы алуға шыққан. Тыныбекті хан деп танып, алдына жығылды. Шетінен келіп кезек-кезек оның қолын сүйген-тін. Сол рәсімнің тұсында Тыныбектің ту сыртына шыққаның бірі қақ жүректен қанжарын да салған. Ат шапқылатып ордаға жетіп, «қайғылы қаза» десіп, Тайтананы тақтан аударып тастап, Жәнібекті отырғызып тынды. Ниеті қара Жәнібек үлкен ағасының өлімін өзінен көрер деген қауыппен кіші інісі Қыдырбекке де ажал қаптырды.

Алтын Орданың беделі төмен түсуі Жәнібек ханның тұсынан басталды. Бұрында Орданың қабағын бағатын көршілес елдер менменситінді шығарды. Кафада генуялықтар бас көтеріп, басуға келген хан қолының камал бұзар машиналарын қиратып, бес мың ләшкерді қырып салды. Кейіннен жасалған шартпен тенуиялықтар салықтың алуан түрінен босатылып шыға келді. Поляктың Казимири Алтын Орда иелігіндегі Галицияға шабуылдап ақыры Брест, Белз, Волынды өзіне қосып алып, сол жердегі татар атанған біздің жұртты қуып шығу үшін Рим папасы VI-Клименттен көмек сұрап, ол Алтын Ордаға қарсы жаны крест жорығын жариялады.

Сырттағы жағдай осылай ушықса, Орданың өзі іші де аласапыранға ілікті. Алтын Орданың шығыс ұлысын басқарған Мүбәрәк енді Бату хан ұрпағына бағынбай-тынын алға тартты. Жер-жердегі кішірек хандарда ауа жайылып, бұлғақ өріс алып, жайылып бара жатты. Бұл аздай Қытайдан он үш миллион адамды жалмаған оба ауруы керуеншілермен Орда жеріне де жетті. Дала халқының қаншасының опат болғанында есеп жоқ, Орданың талай қаласы халықсыз бос қаңыраған. Бір ғана Қырымнан обаның алғаны сексен бес мың адам.

Қанды жолмен таққа ие болған Жәнібектің өз отбасы да қырғи қабақ еді. Үлкен ұлы БердібекТабризде сұлтан

деп жарияланған. Оған әкесі Жәнібек науқас деген хабар жеткен-тін. Ордадағы білікті әмірлердің бірі Төлебай арнайы түрде құпия кісі аттандырып, Бердібекті әке тағына отырғызуда уәде еткен. Жанына өзіне берілген он жігіт ерткен Бердібек күні-түні жол қатып, түн жамыла Төлебайдың үйіне жеткен-тін. Науқасынан тәуір болған хан сенімді адамдарының бірінен Бердібектің келгенін естиді. Жәнібек абыржып, ақылдасуда Төлебайды шақыртты. Хан алдына барып, осы жаңалықты сонан естігендей болған Төлебай қатты састы. Анығын біліп келуге шыққан болып, уәде байласқан адамдарын ерте кіріп, Жәнібек ханды өлтіріп жіберді де таққа мінген Бердібек әкесін есі ауысқан деп жариялады. Әкесін өлтіріп таққа отырған Бердібек бар туысқандарынан қауіп ойлайтын. Кешікпей өзімен аталас он екі баурын да бұл жалғаннан көзін жоғалтты.

- Оу, - деп күрсінді қарт жырау, - осы Бердібектен басталды ғой бітпей қойған төңкеріс. Жиырма жылда жиырма бес хан ауысқанды кім естіп, кім көрген бұрында. Қай ханды қайсының ауыстырып жатқанын да шежіре түгендеп бере алмайды. Хан тағына екі ақ күн ие болғандарды қай тарих, қандай ісімен ұрпаққа жеткізе алған.

Түскі асты ішіп тынығуда бет алған жырауды оңаша тастаған Едіге өзінің де бір мезгіл жеке қалғысы келіп, ауылдан жаяу ұзай берген. Күн тып-тыныш. Жырау ақсақалдың заманның аласапыран кезеңін, соншама қатыгездікті айтқан әңгімелерінен кейін тыныш күнде біртүрлі таңсық көрінді. Ауылдан сыртқарылау жердегі желідегі құлындар қарынын күнге сүйдіріп, шалғынға тұмсығын тығып ұйықтап жатыр. Желі басындағы биелер анда-санда құйрығын еріне сілтеп, қалғыған. Уайымсыз бейғам тірлік. Ақсақалдың демалысын бағып үйді-үйге тараған ауыл адамдары да тыста көрінбейді.

Абалаған ит те, жүгірген бала да, тырс еткен дыбыс та жоқ.

Күйбеңсіз, қамсыз осындай тоқтықтың ертеңі қандай. Япыр-ау, осы тыныштықтың өзі рас па дегендей Едіге айналаға айналсоқтады. Бәрі солай. Сонау Ұлытаудың шыңының тасы ғана жалтырайды. Сол ғана бәрін күзетіп тұрғандай. Жүгіріп өткен құйын көкорай шалғыннан іліп әкетер ештеңе таппай күдерін үзіп бел асты.

- Ұстаңдар ананы, - деп кенет баж ете қалған дауыстан сескеніп қалды.

Желі жанындағы топ қарағанды паналап кеп, көптен ұстатпай жүрген боз құнанға жылқышы бұғалық тастап үлгерген екен. Тумысында мойнына жіп ілініп көрмеген асау құнан көзі шатынап, алдында не тұрса да кие-соға безіп келеді екен. Алдында адам тұр дейтін емес, Едіге аттап кейін шегінді де, қыл арқанды білегіне орай тартып қалды. Аспанға секірген боз құлан аппақ баурын жарқыратып, шалқалай құлады.

- Әп, бәрекелді. Ұсталдың, ұсталдың, - деп жылқышы мәз, - өзінің мойны үзіліп кеткен жоқ па, ей, ә? Тым қатты құлады ғой.

Тірлік басталды. Жүгіре шыққан балалар бері қарай андыздап келеді. Бәрі жалаңаяқ. Табаныма шөгір кіреді деген біреуінің есіне кірмейді. Жаздай осы. Шешесінің ұрысқанын тыңдаған болады да, аяғына көнтерілі башпағын киген болып, үй айнала бере лақтырып тастап, зытып береді. Сонау балалық шақта өзінің де басынан өткен балаң тірлік.

- Боз құнанды кім мінеді? - десіп таласып жатыр.

Жыраудың күтушісі қол бұлғады. Ақсақал кішкене ғана кесенің өзіне орталап құйған шайды бабымен ішіп, жіпсіп отыр екен. Шаққышымен қыстың аязына қатқан көк мұздай көк қанттан шағып, таңдайына салды. Едіге де бір шыны шайдан ауыз тиіп, кесесін төңкерді.

Алтын Орданың өкінішке толы кезеңін айтып, өкіндіріп тастадым ба, өзі. Енді оның дәуірлеген кезінде бүгінгі дұшпанның арғы аталарының аяққа жығылғаны да бар.

- Е, е! Жырау аға соны айтыңызшы, - деп Қажы Мұхаммед көтеріліп қайта отырды.

- Орыстың ақсүйегін княз, бояр дейді ғой, - деп бастады жырау әңгімесін. - Соларың кешегі Бату, Берке, онан кейінгі Өзбек хан тұсында бар дау-шарын хан ордасына келіп шешкен. Қайсының бас княз боларына хан пәрмен берген.

- Солай деп, е, естиміз, әйтеуір, — деген Түнболаттың үні сенімсіздеу шықты.

- Е, солай, - Ақсақал сипалақтап домбырасын іздеді. Не айтса да шекті бір шертіп қалуы өзіне қуат беретін тәрізді. — Орыстың Андрей деген князі өліп әулетінің үлкені Михаил бас княз болмақ екен, оған жасы кіші Георгий деген таласыпты. Михаил Твердікі, Георгий Мәскеулік. Михаил княз Новгородқа барса оның халқы «сен әуелі Алтын Ордаханының сені бекіткен бұйрығын әкел, әйтпесе кіргізбейміз» депті.

- Пәлі, Алтын Орда бәрін өзі төстеп шешкен екен ғой, - деді тағы Түнболат.

- Сонан Михаил ханның пәрменін алып қана орыс ұлысына танылған. Ал Георгий болса өз жұрты Мәскеуді тонап арба-арба қазына алып, Ордаға жеткен де, үш жыл бойы Михаилді жамандаған ғой. Ақыры хан Михаилді Ордаға шақырыпты. Хан алдында, Орда жұртшылығының алдында екеуі беттескен. Михаил хан өкілі Қапатайды өлімнен құтқарып қалғанын алға тартып, ханның қолын сүйген. Георгий оны салықты адал төлемейсің, өзің жырмалайсың деп қаралаған. Екеуінің дау-шары көпке созылып, ақыры Георгийдің Романец деген адамы Михаилге жұрттың көзінше пышақ

салып өлтірген. Сонда Қапатай Георгийге «ағаң емес пе, ең болмаса бетін жапсайшы» депті.

- Ойпыр-ой, оларда да тақ үшін осындай болған екен-ау. Енді княз кім болды екен?

- Княздікті Георгийге берсе де хан Михаилдің баласы Дмитрийді өлтіртпепті. Дмитрий де тірлігі үшін Георгийді бас княз деп мойындауға ант беріпті. Уақыт өте Дмитрий Ордаға келіп, ханның аяғына жығылып, Тверді бас қала, өзін бас княз деген пәрмен алған. Мұны естіп біраз қашып жүрген Георгий ақыры ол да ханның алдына жығылған. Келер жылы Дмитрий де Ордаға келген. Георгийге кездескен жерінде Дмитрий оған бойлата қылышын салып, табан астында өлтіріпті.

- Ол да қанішер екен ғой, - деді тағы Түнболат.

- Ондай бассыздықты ол кезде Орда ханы Өзбек кешпеген. Көп кешікпей хан Дмитрийді сот алдына шақырып, рұқсатсыз қан төккені үшін оны да өлім жазасына кескен.

- Ол да бір өткен дәурен де, - деп Шәуешек би басын изеп, тізесін сипады.

- Болды ғой, сондай күндер де, - деп қарт жырау домбырасын сүйеді.

Едіге айтары бардай жөткірінді. Тына қалған жұрттың көңілі ауған. Қарт жырау басын көтерді. Шәуешек би аңыра қарады. Қажы Мұхаммед қозғалақтаған.

Ол дәуренді көзбен көргеніміз жоқ. Көне қазбалардан оқығаным бар еді, - деп бастады Едіге. - Сол замандағы орыс ұлысының мықтысы, өздері күні бүгінге мақтан тұтатын Невалық Александр да Орданың қызметшісі болған. Ол тіпті Бату ханның асыранды баласы атанған. Батудың ұлы Сартақпен анда болып серттесіп, мәңгілік доспын деген ғой. Өз жасағына Орданың берген әскерін қосып сол Александр Ордаға бағынғысы келмеген орыстарды қырып, Андрей, Данил

деген княздармен шайқасып, бірін-бірі аямай қырған ғой. Ақыры Андрей католик дінін қабылдап, басқа елге қашып кеткен екен. Ал, батыстың неміс, поляктары орысты осы дінге кіргізу үшін қайта-қайта басып кіре берген ғой. Орда болмаса қырқысқан княздар солардың жемі болып, құл боп кетер еді.

- Осы сол Александрды Нева батыры деп неге дәріптейді, - деп қояды Қажы Мұхаммед.

- Орыс жұрты Алтын Ордаға бағынғанға дейін батыстың поляк, неміс, литвасы олардың өзара қырқысқан тұсын пайдаланып, орысты бөліп-бөліп әкету үшін шабуылдай бастаған. Орыс Алтын Орданың қолтығынан пана тапты. Сонда да осы жұртты бағындырып көрмекке батыстың басынан аяғына дейін темір сауыт киіп, мінген атының өзін құрсаулап тастаған әскері тағы атанған. Орыс ұлысы бізге қараған, шекара біздікі. Хан Бату Александрға әбден ұрыста шыныққан атты әскер берді де, өз қолын коса алып, ұрысуға жіберді. Майданда біздің атты әскерге сүйенген Александр немістің Тевтон ордені дегенінің әскерін талқан ете алды. Міне, бары осы.

- Е, ол жыртқыштарға да зауал таптырған Орда әскері екен ғой, - деп Түнболат масаттана жан-жағына қарады.

- Мен бір ғажайып батыр екен десем.

- Оның өзі де Батудың асыранды баласы болса, - Қажы Мұхаммед күлді.

- Батудың Сартағының туған інісімін деп мойындаса, - деп тағы ілді Түнболат.

Сапырылып ортаға қымыз келді. Бабына келтірілген қымыздың иісі мұрын жарады. Біраз жұрт еріксіз тамсанды. Ағаш шаралар қолдан қолға өтті. Кешегі әңгімелерді естіп өкініп, кішірейіп опынған жұрттың бүгін ата-бабасының ірілігін тыңдап көңілі көтерілген. Серпіліс сынайы бар. Әзіл-қалжыңында да іріліктің ізі байқалады.

Әй, анау не? - деген тыстағылардың дауысы жетті.

- Қане?

- Әне, анау қырдан бері асқан.

Жүйткітіп келеді ғой.

- Жәй хабар болса игі еді.

Жүйткіген жүйрік мінген жігіт ауылға кірерде ғана ат жүрісін аяңға ауыстырды. Сырттағылармен бас иіп қана сәлемдескен жігіт, табалдырық аттап,

- Ассалаумағалейкүм, жамағат, - деп бас иді.

- Сәлемші болсаң төрлет.

Едігеге жақындау келіп, ысырылған жұрт арасына тізе бүккен жігітке шарамен сусын ұсынылды. Дем алмай шараны басына көтерген жігіттің мандайынан шып-шып тер шыққан.

- Уһ, - деді од

- Асығыс екенсің.

- Асықпағанда қайтем. Темір Құтлық...

- Оған не болды? - деді шыдамсызданған біреу.

- Тоқтамыс жат жұрттан лек-лек әскер жинап әкеліп, Сарайды басып қалды. Темір Құтлық хан зорға қашып шықты. Ел тағы бүлінді.

- Темір Құтлық қайда енді? - деп сұрады Едіге.

- Темір Құтлық хан осында келе жатыр. Мені хабаршы қылып жіберген. Талай күннен бері күні-түні ат үстіндемін, деген жігіт буын-буыны босап, қалғи бастаған.

Ұлытаудың сонау бір шыңына қонған ақша бұлт ақ сәлде болып оралыпты. Далада құйын жүгіріп өтті. Кең дүние тарылып бара жатқандай көрінді. Тыныс та тарылып, жан-жағыннан қамаған әлде бір пәле бүйірден сыққандай. Едіге тағы да өгейсіген жалғанға өкіне қарады. Манағы жылқышы шал боз құнанның басын нөкталап, арқанның бір ұшын беліне байлапты. Шалдың тірлігі, маңындағы балалардың ойыны, күнде көзге түсетін жадағай пысықтық, ол да өмірдің ермегі шығар.

Күндіршінде кирай жеңілген Тоқтамыс ізін таптырмастың бар амалын жасаған. Орыстың орманына сіңіп, аюша өмір сүріп, біраз күнелтті. Мұнымен тірлік ете алмасын түсініп Кавказ асып, ақыры Витовтты паналаған. Көңіл қорқынышы басылып, ақыл-есін жиды. Тоқтамыстың қайтадан бой көрсетуіне Витовт қуанбаса ренжімеді. Оны орысқа да, Ордаға да, енді Тұраннан шыққан Әмір Темірге де қарсы тоқпақ ретінде пайдалану ішкі ниеті еді. Батыс жұрты, король-патшалары Әмір Темірді шығыстан шыққан екінші Бату хан деп түсініп, оны өрістетпей, күні бұрын құртқанды жөн санаған. Әмірдің Күндіршінде соншама әскерді қирата жеңгені олардың көпке дейін есінен кетпей, жүректерін күпті еткен еді.

Тоқтамыста қарап қалмады. Әмір Темірге қарсы одақ іздеп Ягайлоға-хат жазды. Алтын Орда тағына тағы ие болғанын, енді Литваға қарап қалған бұрынғы Орданың жеріндегі «елден салық жинап бер, бауырым, Ягайло» деп өтініп, саған тиіскен жауға қарсы аттануға дайынмын дегенді де жеткізді.

Тоқтамыстың елшілері Египет сұлтаны Әл-Малик аз-Захирге де жеткен. Алтын Орда атынан барған елшілер сұлтанға жеті қаршыға, жеті қанар торқа, бірнеше құл сыйлады. Елшілік Тоқтамыстың атынан Әмір Темірге қарсы әскери одақ құрып, таяу арада әрекет ету керектігін Египет сұлтанына тілдері жеткенше айтып бақты. Әмір Темірден сескенген сұлтан Тоқтамыс елшілігіне өз адамдарын қоса жіберіп, айла-тәсілді пысықтауды тапсырды.

Египетпен тату-тәтті тұрудың қажеттігін Әмір де түсінген еді. Тоқтамыстың бар ісінен хабардар ол Тұран елінің елшілігін Египетке жөнелтті. Египетте жүрген Тоқтамыстың адамдары сұлтан аз-Захирге Әмір Темірдің

елшілері оның жансыз-тыңшылары. Барлау үшін жіберілген жандар деп, ақыры Әмір елшілері тегіс дарға асылды.

Сонау Египет сұлтанын сөзіне ұйыта алған Тоқтамыс Түрік сұлтаны Баязитпен де жасырын келісімге келген. Сұлтан аз-Захри Тоқтамысқа әскерін қосып көмек етпесе де одақтасы Баязидтің қосындарының ішінде мыңдаған Египет сарбаздары жүрді.

Тоқтамыстың Грузин княздарымен жасырын байланысқа көшкенін естіген Әмір Темір Грузин жеріне әскерін кіргізді. Әмір Темірдің Грузиядағы ұрыстарда қолы байланғанын пайдаланған Тоқтамыс Дербент арқылы өтіп, Әмір әскерінің желкесіне шықты да Али оғлан бастаған қосындар Ширванға аяқ басты. Әмір Темір әскері Ширванға басып кірген Тоқтамыс қосындарын кейінге қуып тастаса да, соғыс әрекетін әрі қарай созбай аса білімдар, сөзге шешен Шамсиддин бастаған елшілікті Тоқтамысқа жөнелтті. Шамсиддиннің жетесіне құя айтқан сөзіне ұйыған Тоқтамыс әуелде келісімге дайын екенін, кешірім сұрап арадағы жаулық ниеттің жоғалуын тілейтінін де айтып, иіле жауап берген. Соның артынан Тоқтамыстың өз әмірлері мен жеке кеңесі өтті.

-Темір жан-жағынан қоршауда қалды, - деп бастады сөзін Қазаншы, - сонау Египет, Түрік сұлтаны, шығыста Қытай да онымен алақоз. Барар жері, басар тауы қалмаған соң бітім сұрап отыр ол Әмір-сымақ.

- Дұрыс сөз. Мәскеу кнәзіне Нижгородты, Муром, Тарусты, Мешера ауданын бергеніңіз өте жақсы болды, деп Тоқтамысты қолпаштап, жарамсақтана тіл қатты Илияс. - Орыстар сонан бері қаржы да беріп жатыр, әскерін де төгуге даяр.

- Е, осы айланы ұсынған Қазаншы Әмір ғой, - деп оның сөзін Жақтыбек түзеді. - Орыстардан арғы

жұрттардың иелері Витовт та, Ягайло да Әмірге қарсы. Сонда оны кім жақтайды, өзі.

- Хан ием, - деді тіс арасынан ысқыра сөйлеген Қазаншы, - осыншама күш тұрып, шығыстың да, батыстың да жұрты бізді қолдап тұрғанда Әмір Темір сасқанынан өзі иіліп келгенде, оның бітіміне көну ұлы ханның ісі емес. Оны қиратып, құртудың сәті түсті. Темірге басқаша жауап жазған абзал.

- Тоқтамыстың әдептен алыс жатқан жауабын оқып, Әмір Темір қатты ашуланып, әскеріне жорыққа шығуға бұйрық берді. Қалың қол Кавказдың тауларын сүзе асықпай жылжыған. Әр қосынның атқаратын міндеттері тәтпіштелген-тін.

Тоқтамыс екі күндей қатты ойланды. Күндіршіндегі соғыс оның көз алдында еді. Одақтасы Египет алыста жатыр. Әскерін Босфор маңында ұстаған Баязид келіп жеткенше Әмір-Темір қосындары мұны талқан етуі мүмкін. Орыстар әзіріне қаржы беріп қана отыр. Витовт, Ягайло сүйретіліп жеткенше не заман. Жоқ, қателескені анық. Әмірге берген жауабы қателік. Ертеңіне бітім сұраған Тоқтамыстың елшісі Әмірге аттанған.

Тоқтамыс елшісі Ортақ Дербентке жетіп, Әмір Темір әскерінің жақындап қалғанын естіп, қорқыныш ұялап, ханының тапсырысын орындамай, кері қайтты да, Әмір қосындарының іргеге келгенін жеткізді. Тоқтамыстың Қазаншының басшылығымен қарсы жіберген әскері Құй өзенінде Әмір қолымен кездесіп, алғашқы шайқастан соң-ақ кері қашты.

Терек өзенінің бойына әскерін түзеген Тоқтамыс, өткенде Әмір өзін Еділге қуып тығып қиратқанын есепке алып, бар қосындарын өзеннің екінші жағалауына шығарып, қорғана ұрысудың жаңа тәсіліне көшті. Теректегі ең қолайлы өткелдің арғы бетіне атты әскер шауып өте алмайтындай қадалар қадалған қорған салынып, іргесінен терең ор қазылған.

Терек өзенінің бұрқырап кезіккеннің бәрін іліп әкетіп, асау тасып жатқан мезгілі еді. Өткелге келген Әмір Темір асау толқындарды да арғы беттегі Тоқтамыстың әрекетін де көріп, амал іздеген. Өзеннен тікелей өтпек болған қосын арғы бетте қатты қарсылыққа ұрынып, тірі қалғаны жағаға шықты.

Ертеңіне Әмір қосындарға өзенді бойлап жоғары жүріп, жаңа өткел іздеуге бұйырған. Өткел іздеп жоғары жылжығандардың басында өзі де бар еді. Арғы жақтан талай мысқыл, талай күлкіні де естіді. Шыдады. Әмірді көріп, соңына әскерін ертіп арғы бетте жағалап Тоқтамыс та келе жатты. Андысты. Біреуі өткел іздесе, екінші сол жерден өткізбеуге бекінген. Бір-бірінен көз жазбай, андыса жылжу үш күнге созылған. Түнде Әмір Темір сол маңайдағы ауыл-ауылдардан қатын-қалаш, бала-шағаны жинатып, бәрін әскерше киіндіріп, өзі бас болып, бәрін соңына ертіп, тағы өткел іздемек боп, асау Теректі жағалаған-тын. Қолдан киіндірген қуыршақ әскер өзенді жағалап кеткенде, тау-тау арасына жасырынған негізгі қол артта қалған қолайлы өткелге жетіп, өзеннен өтіп те болған еді.

Тоқтамыс алданғанын кеш түсінді. Сонда да Әмір әскерімен айқасқа шығуға бел шешкен. Алтын Орда әскерінің сонау Шыңғыс хан заманынан бері келе жатқан көне тәсіліне Тоқтамыс берік еді. Ашынған Тоқтамыс әскерінің бір бөлігі өзеннен өтіп, бергі бетте аз ғана қолмен қалған Әмір Темірді қыспаққа алды. Әскерімен бірге шайқасқа кірген, егделеп қалған Әмірдің әуелі қорамсақтағы оғы таусылды. Әмір екенін танып, оған жабылғандармен шайқаста найзасы сынып, жалаң қылышпен айқасқан оның өміріне қауіп төнген. Кенет әкесінің жағдайын ойлап жеткен Мираншах жағдайды өзгертіп сала берді. Мираншах «әке» леп жеткенде әбден қалжыраған Әмір қылышына сүйеніп тұр еді.

Ертеңіне Теректің арғы бетінде екі жақта аңдысып, әскерлерін тиімді орындарға орналастырып, күн өткізді. Түн ортасындағы Тоқтамыстың бір қанаттан берген соққысы қайтарылып тасталды. Таң ата қайтадан сап түзескен. Тоқтамыстың Күнше-Оғлан, Бек Жарлық, Ақтау бастаған қосындары Әмірдің сол қанатына шабуылдап, Исабек бастаған қолы оң қанатын қысымға алды. Әмір тасада тұрған қуатты қолын қосқан соң ғана Исабек қаша шегінуге мәжбүр болған-тын.

Екі күнгі соғыста Тоқтамыстың сол қанаттағы қосындары тоз-тозы шығуға айналған. Хан сол қанатқа Жақты бектің қосындарын апарған. Ұрыста Жақты бек қаза тауып, тәртіпке үйренбеген Тоқтамыс қолының әмірлері өзара ұрсысып шыға келді. Ұрыс нағыз қызған кезде оң қанаттағы Ақтау бастаған қосын тәртіпсіз шегіне бастады да майдан даласына Әмір әскері үстемдік етіп шыға келген. Сәтсіздікті көрген Тоқтамыс жанкүйер жақындарын ертіп, әскерінің тағдырын ойламай, күні бұрын ұрыс даласынан кетіп те қалған-тын. Сол кезеңді жазған араб тарихшылары Тоқтамыс орыстардан пана тапты дегенді айтады.

Бұлғары жеріне енген Әмір әскерлері Жуқаты, Керменші, Бұлғар қалаларын қиратты деген сөз жоқ. Келер жылы бұл қалаларды орыстар басып алып, жермен жексен етті.

Алтын Орданың астанасы Сарайдың іргесіне келіп тоқтаған Әмір Темір қашқан Тоқтамыс қайтып келіп тағы хан тағына отырмас үшін Ұрыс ханның ұлы Құйыршықты Алтын Орда тағына отырғызып, алтындаған шапан жауып, алтын белбеу байлатып, Жошы ұлысының ұлы ханы деп жариялады.

Бірақ Әмір Дон, Днепр бойына кетіп, орыс жерін бағындырып жүргенде Тоқтамысты жактаушылар Сарайда Таш Темірді хан тағына отырғызды.

Тоқтамысқа әбден кектенген Әмір Темір Алтын Орда жұртына қайта оралып, Сарайды басып алды.

Әмір Темірдің жазалауынан түрік сұлтаны Баязид те аман қалмады. Миледи жыл санауының 1402 жылы қырғын соғыста Баязид қолға түсті. Тұтқынға түскен түрік сұлтанының әскерінің арасында оның одақтасы Египет сұлтанының мыңдаған сарбаздары да бар еді.

v.

ҰЛЫ БИ

Едіге безектеген бозторғайдың шырылынан оянып еді, боз даланың боз бұлбұлы көгілдір көктің көз ұшындағы биігіне ілініп-ап, жазираның әсем әнін шырқап тұр екен. Бозторғайдың құбылған үні сүйек-сүйегіне сіңіп, өн бойына ып-ыстық қан боп жүгіргенін сезді. Көкірегі ашылып, санасы айқындала түскен. Ширығып, сыртқа тепкен тағы бір қуат-күшті сезінді.

Еңістегі өзен бойындағы тұман бірте-бірте бу боп көтеріліп жатыр екен. Ұлытаудың шыңын сүйген күн елжіреп қойнау-қойнаудағы көлеңкені ысырып, құшағын жая түсіпті. Иә, анау ортадағы жеке шыңға кеше де өрмелеп шығып, күні бойы сағым қуған даланың келбетіне күні бойы телмірген. Қолы қауырт істерден сәл босаса сол шыңға шығып, өткеннің тарихын көңілден өткізіп, келешектің мұнарлы бейнесін елестетіп отырғанды жаны сүйеді.

Қаздай тізілген аппақ үйлер тігілген мынау еңісті Майлы жұрт дейді. Бар ғажайып келбетін бір ауыз сұлу сөзге сыйдырған қандай адам екен, шіркін. Япырым-ай, туған өлкесіне соншама сымбатты, жүректі елжірететін ат қоятын қазақтан өзге жұрт бар ма екен. Осы тірлігінде

ұлы даланың түкпір-түкпірінде Едігенің бармаған жері шамалы шығар. Осы жақында ғана Нұра бойына жақын Татағай қамалына ат ізін салған. Қарқаралыны көрді, Тағылы-Бұғылы, Ортауды аралады. Бәрі де әсем. Әнеу-бір Қарағанды деп аталатын жалпақ өңірдің түстік жағындағы, тура шыңын қамал сияқты тас шоқы басқан биікке, ат ойнатып шығып, біраз айналаны шолып отырғаны бар. Сонда сонау батысқа аттанған Шыңғыстың, Жошының, атақты Батудың да дүбірлі қолдары сол шоқының маңынан өтіп бара жатқандай әсер алған. Әсем-ау, ұлы дала, салтанатты ғой бұл жазира.

Бірақ мына Майлы жұрт баршасынан ерекше, жүрегіне жылы құт мекен. Аңыздағы жер ұйықтай осы маңнан, бүгін Ноғай атанса да, исі қазақтың аңсаулы ордасы, құт-береке дарыған мекені, жауға алдырмас іргелі елі, бірлікті ғана ту еткен намысты ұлдары өсіп шықса екен деп Алладан тілейді.

Биыл жайлаудың сәні тіпті ерекше. Қаз-үйректің жұмыртқа жарар шағынан кейін тез көтерілген көк қара саннан келер шалғынға ұласып, иен даланы басқан көде мен әкселеу теңіздей толқып, Ұлытаудың биік-биік тас шындарының етегіне жармасқан. Күннің бір мезгілінде бірауық ескен самал жай ғана ұйқыдан оятқысы келгендей үрлеп, көгілдір перде ысырылғандай толқып, сан түске боялған қызғалдақ гүлдер самалдың ырғағымен тізе бүккендей иіліп билеп, құбыла жөнеледі. Осыны күткендей сан түске боялған сансыз көбелек гүлден гүлге ұшып-қонып, жайлаудың реңін құбылтып әкеткен.

Майлы жұрттың ауасы да саумалды, көгілдір көгі де түпсіз. Баяу ескен қоңыр салқын леп пен таза ауа адамға да, малға да жайлы. Биік өскен шөптің арасынан бастары ғана қылтыңдап көрінген қозы-лақ шілденің ыстығында

аласа жар мен жыраны сағалаған. Мұндайда маза кормейтін балалар ғана тайлы-таяғы қалмай еңістегі Қаратал өзеніне қарай жүгірген.

- Әй, кеттік.

- Кеттік, кеттік, - десіп шуылдасып барады.

Өзеннен сәл жоғарылау тұста Едіге салдырған кішкене ғана қамалдың іргесі бар. Сыртына ор қазылған бекіністің ішіне кейде ордасын тігіп, іргелі болашақтың аңсаулы үлгісін көрсеткендей еді. Иә, бұл маң қаласыз емес. Тіпті берісі Жошы мен Орда Еженнен қалған Орда базар да осы Ұлытаудан бастау алатын Қара Кеңгірдің бойында. Жау шауып, бүлінген қаланы Едігенің қайта көтергісі келмеді. Ұлытаудың етегіне жақын кішкене ғана бекініс салуының өзі көшпелі елдің көшпелі астанасының нұсқасындай еді. Қандай жорыққа аттанса да отбасын қоса сүйретіп жүрмейтін Едіге кейде осы кішірек қамалға өз ордасы мен өзімен ниеті бірлердің үйлерін қалдырып, сақтықты да ойлайтын.

Майлы жұрт бағланды жеп, лақ сүмбіле туа қымызбен қосып лақ етіне тоятын мұңсыз-қамсыз тірліктің ғана орны емес, мұнда тірліктің де бар шаруасы тындырылып жататын. Тақ таласы мен бақ таласының шабысынан әбден ығыр болған арғын, үйсіннің, керей, уақтың, алшын-адайдың, тіпті татар-башқұрдың сан баласы осы ордадан басына тыныштық іздеп сабылған. Келген жұртты орналастыру, алдына мал салып, берекелі тұрмысқа енгізу шаруалары да бір тынған емес. Оның үстіне мал баққан елдің күнделікті тірлігі еркек төлдің артығын піштіру, қырку, кигіз басып, арқан есу деген тоқтамайтын кәсіп те бір үзілген емес. Ал, анау бекіністің ішіндегі ұстаханада шаруашылыққа қажетті құрал-саймандардан басқа ер азаматтың бес қаруы найза, қылыш, жебенің не қилы ұштары да жасалып, шыңдалатын.

Едіге бүгін күндегі әдетінен кештеу тұрғандай. Кеше кештен басталған өнерпаздардың өнерін тамашалау таң біліне зорға бітіп барып, тарасқан. Ордадан сәл әрірек жерге айнала бірнеше жерошақ қазылып, соның жарығы жиналған жұртты тегіс шарпып, құбылып тұрған. Өнердің басы әрине акындар. Соның ортасында егделеп қалса да Аңдысын бар. Сөз өнеріне енді ден қойған жас жігіттер кейде бірер шумақпен қағысып қалса да, қай-қайсының да аузынан ұлы далаға деген жүрек үні, туған жерге, мына ордаға деген, орданың бас иесі Едігеге деген шын ықыластары жыр боп төгілген. Жұрт селт етпей тыңдады. Сонау каракөк аспандағы жұлдыздар да орданың берекелі тұрмысына, бір жолғы қуанышына ортақтасқысы келгендей жамырай төнген, қыз-бозбаланың жалт еткен жанарымен бірге жымындап, көз қысысқан.

Сан мәртебе бүгінде арада жоқ Сыпыра жыраудың есімі аталды. Сыпыра жырау осылай деген еді десіп, оның жырлары жастардың аузынан көңілге жетер өлең болып, қайта төгілді. Сонан соң кезек Аңдысынға да жетті. Аңдысын ерлікті жырлады. Ерліктің ұлы үлгісі деп исі қазақ бағалаған «Зарқұм» дастанын шебер орындаған. Сонау ғасырлардың сан қатпарының астында қалған мұсылман жұртының батыры Хазірет Әлінің көпірлермен соғыстағы шексіз ерлігі де, күнделікті өмірдегі қарапайымдылығы мен мәрттігі де естір қауымның алдына үлгі ретінде тартылды. Жастардың бірі кеше Сыпыра жырау айтып кеткен Алтын Орданың дәуренді шағын, өз халқы түгілі орыс ұлысына да қамқор болғанын әлі жеткенше жырлаған.

- Әй, балам, сол орысыңның хан алдында қалай кішірейгенін, жер бауырлағанын айт, - деп қалды ақсақалдардың бірі.

- Иә, сөйт. Мына жұрт естісін.

- Иә, әлгі кнәздардың хан алдында бірін-бірі сабағандары да бар емес пе...

- Мамайды да еске алсайшы, шырағым.

Қобыздың күңіренген үніне домбыраның қоңыр дауысы ілесті. Қос әуен даланың шексіз мұңын сарнап-сарнап барып, аққудың салған үніне ауысты да, бозторғай болып шырылдап, әлдененің ысқырған ысылы боп түршіктіріп, сонан соң жайлаудың мамыражай тірлігі, сылқ-сылқ күлген бұлақтың сылдырына, сыбырласқан сыбырға ұласқан. Жерошақтағы жалын да теңселген. Теңселген сәулемен бірге жүгірген көлеңке ертегінің бейнесіндей. Сылқ-сылқ күлген сол бейне болар, сыбырласқан үннің иесі кім? Әркімнің жүрегі әлденені іздейді, әлде бір арман киялдың құшағында. Күрсінеді, күрсіне отырып жаралы жанына дәру табады. Мынау күй жастардың жанын жаныған. Алда өмірдің биік асуы тұр. Халқыңның барлығына, тірлігіне жармасқан бөтен ниет, бөтен жұрт бар. Сенің...Тап сенің ел үшін атқарар міндетің қандай? Осыны сараладың ба деп ғайыптан жеткен дауыс жүрегін қозғаған.

Ұлытау қарауытып қарап тұрды. Қараңғы түн ер көңілді жұрттың өнерінен, төгілген ән мен жырдан, қобыз бен домбыраның мұндасқан-сырласқан ғажайып әуенінен ығыскандай, сансыз жұлдыздардың қуанышынан жасқанғандай шегіне берді. Қосақ жұлдызы күнбатысқа еңкейіп, Арыстан шырқау биікке шығыпты. Таң сызат берген.

Алтын Орданың Ұлы биі атанған Едіге жаз бойы, аса бір аптапты аңызак болмаса, келімді-кетімді кісілерді биік тігілген ордасының көлеңкесінде, кілемдей құбылған шалғынның үстіне әсем оюланған қазақы сырмақ төсетіп, қабылдайтын. Ұлы биді тыста күткен жұрт жапырлай сәлем берісті. Едігенің назары өзінің сарай

маңына жіберген жігітіне бірден түскен. Алғашқы қабылдауды сонан бастаған.

- Жағдай қалай?

- Бәрі орнына келді, Ұлы би.

Орнына келтіру қайбір жеңілдікке түсті дейсің. Тоқтамыстың адамы Таш Темірді ауыстырып, орнына хан болған Темір Құтлықты берісі орыс, әрісі литвадан полк-полк әскер жинап әкелген Тоқтамыс қуып шыққан. Темір Құтлық Ұлытауға жетіп, Едігені паналады. Дешті Қыпшақ жеріне тағы да ланды күндер туды. Қырғыннан мынау елді енді қалай сақтамақ. Сарайға ие Тоқтамыс күшігін алдырған ызалы қасқырдай алыс-жақын маңдағы малын бағып, тыныш жатқан елге тап беріп, өктемдігін, билігін көрсетіп қалатыны анық. Бөтен елдің әскерінің іздегені де олжа. Екі жақтың да тілегі осындайда қабысады.

Едігенің ордасы да шаңырағын жаңа көтерген, әлі бекімеген ұлыс. Бұл ұлыстан шығатын аз ғана қолмен Тоқтамыстың мұздай қаруланған әскерімен соғысу оңай нәтиже де бере қоймас. Оның үстіне анау орыс пен аранын енді ашқан литва-поляктарға ұлы даланы көрсетіп, асар асуларды, құба жондағы көне сүрлеулермен таныстыру болашақ ұрпақтың басына пәле шақыру емес пе.

Едіге амалын іздеп, көп ойланды. Әмір Темірмен байланысып көрсе деген ой туған. Тоқтамысқа жаны қас Әмір оның тағы да Алтын Орда тағына жалп етіп отыра қалғанын естісе, қалың қолын Дешті Қыпшаққа қарай қозғайды. Тағы да талай жұрт қан қақсайды, тоналады, ел бүлінеді.

- Сен Әмірден көмек сұра, - деді Едіге Темір Құтлыққа.

- Қайтіп?

- Тоқтамыстың зорлығын баян ет. Әмірдің өзінің асыранды баласы Тоқтамысқа деген ашуы әлі басылған

жоқ. Әскери көмек сұра, сол қолды өзін басқаратынының да айт. Тоқтамыстың тағы бір лаңынан құтылу үшін Әмір Темір бұл өтінішінді қабыл алады.

- Әмірге сый-сияпат та қажет шығар.

- Ол жағынан қам жеме. Жаныңа нөкер де қосып беремін, - деп нақтылаған Едіге.

- Арғы жағдайы қалай болады?

- Сен алып шыққан Әмір қосынын мен өзімнің сарбаздарыммен жолдан тосамын, - Әрі қарайғы жолымыз да бірге. Тоқтамысқа қандай амал жасаймыз, жолшыбай шешілер.

Едіге бастаған Әмір Темірдің қалың қолы Сарайға келе жатыр деген хабар күні бұрын таратылды. Бұлар арнайы жіберген жігіттер ауыл-ауыл кішірек қалаларды аралап, Тоқтамысты қолдаған бөтен елдің жау ниетті қолынан сескеніп отырған қалың елді құлағдар етті. Дала жұрты дүрлікті. Ұзын құлақтан естілген сөз қанша жасырса да орыс пен литвалықтарға да жеткен. Едіге бастаған қалың қол дегенді естігенде дала жұртынан сан таяқ жеген, Күндіршіндегі қырғынды көрген орыстардың жүрегі тулаған. Әр нәрсені сылтаулап шыға жөнелген орыс әскері қайтып оралмады, Еділден әрі өтіп кетіпті деген хабар ғана жеткен.

Азшылықта қалған литвалықтар да ізін суытпады. Қаланы тастап, қолына түскенін арбасына артып тайып отырған. Тоқтамыс өз бетінше қарсылық ұйымдастыруға қарманды. Сан соғысып, есепсіз жеңіліп, үнемі қашып құтылып жүрген оның ел арасында беделі де жоқ еді. Ақыры аз ғана жақтастарын ертіп, Сарайға соңғы рет қарады да, сытылып шығып, тағы да белгісіз жаққа бетін бұрған.

Жансыздары арқылы Тоқтамыстың қашып кеткенін естіген Темір Құтлық пен Едіге Сарайға жетпей қолды тоқтатты. Әмір Темір қосынының түменбасы мен

мыңбасылары қажетті сыбаға, сыйларын алып, бірер күн аялдап кері қайтты. Едігенің қолынан біраз жасақ пен нөкер ерткен Темір Құтлық Алтын Орда тағына қайта отырды. Едіге Сарайға кірмей қалған жасағымен Ұлытауға оралған.

- Бәрі жақсы, — дейді Сарайдан оралған жігіт.
- Ел қалай қарсы алып жатыр?
- Тоқтамыстың тепкісінен құтылғандарына риза.
- Темір Құтлық.., - деп Едіге сұраулы жүзін бұрды.
- Темір Құтлық хан ел сөзін ұстар билерін реттеп, Сарайды қорғар күзетті нығайтуды қолға алып жатыр. Өзі дін аман, айналасындағылар да сенімді адамдар.
- Тоқтамыстан не хабар?
- Қайда кеткені белгісіз. Әлде орыс, әлде онан әрі кеткен шығар.

- Ол зымыян ғой, зымыян, — деп Ұлы би ойға кеткен.

Сонау Күндіршіндегі соғыстан қайтқан жолда бөлініп қалуға өтінген Темір Құтлыққа Әмір Темір сұлтан атағын беріп, Едігені би деп таныған еді. Алтын Орда тағына Темір Құтлық біржола ие болған соң ол ұлы хан аталған да, Едіге алып мемлекеттің аса күрделі мәселелерін шешетін Ұлы би атауын иеленген-тін. Иә, Ұлы би Сарайда емес, оның мекені Дешті Қыпшақ даласының кіндігі Ұлытау. Ұлы би ұсақ дау-шар, барымта-қарымтамен араласпайды. Араласпайды десе де соларға байланысты билер үкімінің әділдігін де назарынан тыс қалдырған емес. Оның алды әділдік іздегендерден арылмаған. Келгендердің талайы оның жүзін көріп, үнін естуге құмартқан жандар да болып шығатыны бар. Оның да айыбы жоқ. Дала жұрты өзінен шыққан көсемге зәру. Әсіресе, Алтын Орданың шаңырағы шайқалғаннан бері оның пұшпағына жармасқан дұшпан жұрттан, балтырынан алған іштен жыққан баққұмар-таққұмарлардан құтқарар ер-тұлғаны аңсаған.

- Енді тыныштық орнаса екен, - деп қалды Едіге.

- Иә, енді тыныштық орнаса, анау шеттеп шығып бара жатқан орыс ұлысын да жөнге келтіріп, литва, поляктың иелігінде кетіп бара жатқан Алтын Орда жерін қайтарып, кім көрінген ие болуға айналған Қырымдағы іргені бекітіп, алып мемлекетті дәуірлетер ме еді. Ұлы би күрсінді. Ұлы бидің қабағын аңдыған жігіт « бұл кісінің енді не арманы бар» дегендей таңданған жүзін бұрып, таңдайын қақты. Отыра берудің тағы ыңғайын таппай, аяғын ауыстырды.

- Ұлы би...

- Тағы не айтасың?

- Рұқсат етсеңіз.

- Иә, енді бара беруіңе болады.

Ауылдан бір топ бала жүгіре шықты. Бұты бір қарыс, қарны шартыған қара бала қабағын түйіп, шыбық мініп, шапқылап жүр.

- Құр! Құр! - дейді онысына.

- Әй, тайға мінейік.

- Жарыстырайық, - десіп қалғаны шуылдасқан.

Көлеңкеден басын көрсеткен бала тал садағын мойнынан алып, ши оғын торғайға кезеген.

- Қап! - деп санын шапақтады.

Осылар ғой... Осылар жетілсе. Ес білгелі өз ғұмыры арпалыспен өтіп келеді. Алтын Орданың әлсірегені жалғыз қылышының мұқалғаны емес, кемел ойдың да тозғандығынан болар. Тұнған тарихты жұрт білмей, санасын оятпай көрген күн осы болар. Қайтіп қана мынау елі жол табар.

Ұлы бидің қабылдауын күткен жұрт бір қауым. Сақал-шашы қылаң тартқан шал-шауқан, қияқ мұрт қойған жігіт ағалары сәлемнен соң орнына жайғасқан.

Едігеден көздерін алар емес, әр қимылын қалт жібермей баққан. Ұлы би күзен бөркін шешіп, жеңіл

тақиясын киді де өзіне жақындау жайғасқан Андысын мен Шәуешек биге мойнын бұрып

- Мынау елдің шаруасын шешпедіңдер ме? - деп сұраған.

- Алыстау отырғандарына билік айтылған, ал мына кісілер бүгіндері келгендер, - деп топты көзімен шолған Шәуешек би асықпай жауап беріп, салалы сақалын сипады.

Бұлардың сөзіне алыстан құлақ түріп, қадалып көз майын тауысқандар Майлы жұртты да қимай, Ұлы бидің сөзін естіп, әлі де болса жүзін көре тұрайықты ойлап, кешеден бері ошарылғандар. Мына келгендердің ішінде алыс-алыстан жол еңсеріп жеткен, енді осында қалып кәсібін тыныш жалғастырсам екен деген ұсталар да, Майлы жұрттан әділдік іздеген даугерлер де ауылы аралас, қойы қоралас ағайынның дау-шары да бар. Бәрінің әділдік іздегені Ұлы бидің айналасы, тілейтіні қауым елдің тыныштығы.

Алғашқы жүгініске отырған Алшын мен Қоңырат жігіттері екен. Мәселемізді Ұлы бидің өзі шешеді десті ме екілене сөйлеп, сөз ретін тоспай бірін-бірі бастырмалатып, ақыры мұның не дау екенін де ұқпастай етті.

- Мына кісілердің дау-шарын шешіп бер, - деп Ұлы би Шәуешекке мойын бұрды.

- Болсын.

Билікті Шәуешектен күткен даугерлер қайта сарнады. Істі Шәуешекке тапсырса да Едігенің құлағы сол жаққа түрік. Екі елдің арасындағы ұсақ ұрлық, өткеннен қалған соғым жағдайы, ескі жұртта қалдырған қазан-ошаққа дейін тізіліп жатыр. Ағайынның өкпе-назы не дегізбейді, нені тіздірмейді. Оның ар жағында мен ғана жеңсем екен деген пендешілік бар. Ара-арасында сөз-тасыған жүргіншілерден естіген қауесет де араласып кеткен.

Онан соң әрісі Еділ асып, берісі Арқаны аралап кеткен екі жақтың сан адамдарының аты аталып, есімдері жүндей түтілді.

Өмірі бітпес, соңы «мен жақсыға» ғана саятын қазақы дау. Осымды біреу пайдаланып кетер де ішке еніп, зұлым жұмысын жүргізер деген қаперге кірмеген ед Ұлы би Қаратау жақтан келген бейтаныс адамның сөзін тыңдай отырып:

- Өмір әскері қай тұста? - деп сұраған.

- Алыста болса керек.

- Ел тыныш па?

- Тынышпыз. Өмір біздің жаққа аттанғанын ғұмыры естімедім.

Едіге мына кісілерге билік айт деп жұмсаған Шәуешек биді аяды. Би сөзіне тоқтар ау, би үкімін мойындамаған қазақ жоқ. Бірақ мынадай боқташақты теріп, жүз жыртысып, айтысып отырғандарға не дауа. Осынша арамтер болған дауды естудің өзі қандай ауыр, неткен жаза. Осының бәрін санаңнан өткізіп, жүрегінді қозғау би үшін азап емес пе. Би елім болсын дейді, даугер мені ғана дегеніме жетсем деп тілейді.

Ақыры шымырлап қайнаған дау да жетеріне жетіп тынды. Маңдайының терін сүрткен Шәуешек би еңсесін енді ғана көтерген. Өңі бір жасқа кеміп кеткендей солғын тартқан. Шаршаңқы жүзінде шарасыздықтың да табы бар. Жеңілгендей болған жағы:

Билігіңізге құлдық, - деп мойын ұсынса да аттарына мініп, алды-артына қарамай жөнелді. Екінші жақ асығар емес, орындарынан тұрып, алысырақ жайғасып, ендігі жұрттың не айтарын тыңдағысы келген ниет танытқан.

Тізе бүккен тоқпақтай шал жөткірініп, пұшпақ бөркін қолына алып, айнадай етіп қырғызған басын сұртты де, айналасына қаранды.

- Менің айтарым басқа, - деді.

- Иә, сөйлеңіз.

- Еділ мен Жемін, Алтайың мен Арқаң, Бетбақты далаң бәріне құлақ түре өмір кешіп жатқан жанбыз. Ұзынқұлақ деген хабаршы бар, онан қалса даланаң құйыны, жас-жастың ойыны қай өсекті де жеткізеді. Осы даланы лаңдатқан талай уақиғаның тірі куәсіміз.

Сумаңдаған сөз боранда түскен іздей тез жоғалып, өшіп жатады. Кей ұзынқұлақтың шыны қайсы, өтірігі не соған жете алмай дал боламыз. Әйтеуір тыныштық болса екен, - деп тілейміз деп барып тоқтады.

- Тілегіңіз дұрыс жан екенсіз, - деп қалды Аңдысын Ұлы биге жалт қарап.

- Айтқаның келсін. Сонда да, - деп бөгелді ақсақая

- Айтыңыз.

- Лаңның басы берекесіз хандар боп тұр. Тоқтамыстан жиреніп қалдық десек те, енді сол Тоқтамыс тағы не әрекетке көшті деп жүрегіміз күпті. Бұрындары, ел тыныш, қой үстіне бозторғай ұя салған шақта ел мен елдің арасында ханның хабаршысы жүруші еді. Оған желаяқ деп күлуші едік. Бүгінде сонан да айырылып қалдық.

Маған сөз берші дегенді білдіріп, Аңдысын қозғалақтап, тізесін соқты.

- Оу, ақсақал, тілегіңіздің қатесі жоқ. Өткенді қозғаныңыз өрісті кеңітемін дегеніңіз. Ел құлағы елу болсын да түсіндік. Құлақтан кіріп, миға қонған сөз сананы ашады. Санасы жабық-дүлей. Дүлей тиісерін танымайды, өлерін білмейді. Өсек пен шындықтың арасын білсем дегеніңіз елдің қамы шығар. Алла сіз сияқты ақсақалды елден айырмасын.

- Рахмет, өзінді де Алла қолдасын.

- Тоқтамыстың хабарына осы ел қанық. Мына отырған Шәуешек би, бұл кісіге сәл ынта білдірсеңіз көңілдегі олқылықтың орны толар.

Пұшпақ бөркін желпіп барып, қайта киген ақсақал

«ие, сен бе едің» дегендей жылы жүз танытып.

- Әп, бәрекелді, осы сен боларсыңды жорамалдаған едім. Әрі өтіп, бері өтіп жүргенде осы бимен бір дидарласудың реті келмеген еді. Жүйрік жеткізеді, көңіл апарады деген осы.

- Сізді мен де бағдарлап отырмын. Аз сөйлесеңіз де ерен айттыңыз. Көненің үлгісі жатыр сөзіңізде, жастардың үміті бар ойыңызда. Тілегеніміз сол емес пе. Көне жырда:

Халық ұстаған ханы кім,
Алтыннан тағын орнатқан.
Ту ұстаған ерің кім,
Ұрандап жауды қорқытқан.
Әділетті биің кім,
Қамырдан үзбей қыл тартқан.
Уағыз айтқан пірің кім,
Зікірімен жөн айтқан.
Төрт түлікке сайын кім,
Бай атанып, мал баққан.
Рахымсыз дұшпан кім,
Қамалаған жан жақтан
Болсын елдің ажары,
Түспесін төмен назары
Дәуренді күнде, ағайын,
Болған елдің базары, -

деген ғой. Сіздің бүгінгі айтқаныңыз да көңіліме ұялады.

Көкірегі биік Шәуешек бидің осы жырды еске алуы алыстан ат арытып келген ақсақалмен біржола табыстырғандай. Онан арғы қысқа-қысқа қайырысқан шумақтарға Ұлы би назар салмады. Тағы бір іштей түйгені жиналған қауымның пейілі айтыс-тартысты тыңдау емес, Осы Майлы жұртты мекен етіп, Ұлытауға

Орда тіккен төрдегі өздерін көріп, көз құмарын қандырып, көңілдеріне тоят іздеу екен.

Едігенің назары келген жұрттан шеттеу отырған Қажы Мұхаммедке түсті. Қамшының сабына сүйеніп, малдас құрған қалпынан тапжылмаған батырдың денесі үйелмендей. Мойнын анда-санда ғана бұрып, келгенге де, кеткенге де тесіліп, сынай қараған жүзі ойлы. Тап қазір оспадар біреу желкеден нұқып қалса да осы қалпын бұзбайтындай мығым. Қажы Мұхаммедке көңілі толған Ұлы би даланың осындай көкжалының барлығына да іштей тәуба етті де жанарын тағы Шәуешек биге аударған. Оның жүзінде де көңіл аударарлық нышан мол ұйысқан екен. Жер ортасына әлі жетпеген бидің молырақ қойған сақалы, келісті бет пішіні, мол пішілген денесі қай мәселеде болмасын иық тіреуге, сүйеу боларын анық танытқандай. Едіге өз айналасына көңілі толды. Қай істі тапсырса да жеріне жеткізетіндеріне сенімді. Өне, анау жерде Түнболат аттан түсіп жатыр. Мынау отырған Андысын өмірдің талай кезеңін бастан бірге өткізген. Қажы Мұхаммед қажымас қара нардай. Шәуешек бидің сөзіне ел ұйыған. Иә, жаратушы жалғыз хақ, қазақпыз деп келіп жатқан ұлы даланың түкпір-түкпірінен ел үшін туған осындай жандарды молырақ кездестіргейсің.

Кең жайлауда жайыла отырған ауылдың арғы шетінде бір әбигерлік көзге ілінді. Сонау бір төбеден тайын қамшылап жеткен бала бір көргенін айтып жатса керек. Қолдарын алысқа қарай сілтеп, шошаң-шошаң еткізген әйелдер әлденені сұрастырғандай. Бұл елді барымталау біреудің ісі түгіл түсіне де кірмейді. Сонда не? Дегенменде жұрттың секемшілдігі әлі басылмаған уақыт. Кенет сол бала шапқылай түскен төбеге жалғыз салт атты шықты. Аттылы айналасына күн салып қарады да, тіке бері қарай салды. Аты екпінді мал екен, тайпалған

жорғасынан бір таймай, ауыл шетіне ұшыртып жетіп-ақ қалған.

- Ұлы бидің баласы болмаса, - деп қалды көп ішінен біреу.

- Қайсы?

- Шырамытып тұрмын.

- Әй, мынау Нұралы ғой.

- Иә, Нұралы.

«Нұралы, Нұралы» дескен жұрт сөзі Едігенің көңілін қобалжытты. Бой көрсетпегелі талай уақыт еді. Аман жүр ме екен? Бұл жүрісі қай жүріс? Әкелік мейірімі оянса да, баласының алдынан шығудың ретін көрмеді. Тезірек жетсе екен, қолынан ұстасам екен деп іштей тілеп отыр.

Нұралы алдынан жүгіре шыққандарға шылбырды тастай салып, құрысқан белін де жазбастан адымдай басып төрге қарай озып келеді. Нұралының тұр-сипатына Шәуешек би тандана, таңырқай қарады. Бидің мұны көрмегеніне де біраз уақыт еді. Сол уақтың ішінде Нұралы да өзгеріп, өсіп сала беріпті. Бойы сұңғақтана түсіп, кеуделеніп, бурасанданғандай екен. Жігіттің жып-жылы жүзіндегі көздері шоқтай, қарағанды қарып өтетіндей. Шынтағына дейін түрілген оң білегіне шоқпар орнына жұмсауға жарар дойыр-қамшы ілген. Беліндегі қылыш саптама етігінің қонышын соғып, сай-сай пұшпақ бөркін маңдайынан ысыра киіпті.

- Ассалаумағалейкүм, - деп әуелі Ұлы бидің қолын ұстаған. Айқасқан алақандар бөгеліп, кідіріс тапқандай. Әкелі-балалы екеуінің үнсіз сағынышы үңіле қарасқан көздерінен, «сен қалайсың» дегенді іштей айтқан жүздерінен танылған.

- Уағалейкумассалам, - деп көп те үн қатты.

Түн қатып, түс қашқан жүрісін бар сияқты. Сапарың оң болғай, - деп алғаш тіл қатқан Түнболат жұрттың көңіліндегі сұраулы сөзін көлденең тартты.

- Иә, - дескен гуіл жүгіріп өткен.

Аңдысын мен Қажы Мұхаммед те Түнболаттың сөзі көкейлерінен шыққандай иек қағысты. Қазіргі сәтте Ұлы бидің Нұралыға деген ықыласы бөлек. Көңіл мазасыздығын баса алмай отыр. Едігеден өрбіген ұрпақ аз емес. Нұралысы, Ғазиз, Мансұр, Жақсыбайлары жеткілікті. Әрқайсы біртөбе, әрқайсы сүйеніші. Солардың ішінде Нұралының жөні бөлек. Оралды орағытып, Жайықты сүзіп өтіп, Ұзын аққан Сарысу мен Нұраны аралап, жоқты іздеп, барды баянды етіп, дұшпанды танып та жүрген осы Нұралы. Құралайды көзінен атқан мерген, желге ұшқан жібекті наркескенімен турап тастай алатын да осы баласы. Анау отырған Қажы Мұхаммед екеуі бәс тігіскен де жағдай болған. Жуандығы жуан елі сым-темірді шауып түсірмек-тін.

- Ал, - деп Нұралы Қажы Мұхаммедке жол берген.

Айбалта жарқ етті. Жаңғырыққа салған сым-темірдің екі басы екі жаққа ұшқан.

- Ал, сенің кезеңің, - деп Қажы Мұхаммед бала жігіт Нұралыға қараған.

- Әруақ! - Айбалтаның жүзі жаңғырыққа кіріп кетіпті.

Қылыш суырысты. Желге ұшқан жеңіл жібекті кім турап тастаса, соның өнері аспақ. Желге желбіреген үлбіреген орамал ерен күш жұмсар темір емес, бу да бір, ол да бір. Қажы Мұхаммед қылышын сілтеп қалды. Шеті ғана шетінеген жібек қылыш жүзіне оралған. Кезек Нұралыда. Тағы сондай жібек орамал ауада қалықтаған. Нұралының қылышы көз ілеспес жылдамдықпен жарқ етті де жібекті бауырды тілгендей сызып өтті. Жібек орамал жерге екі бөлініп түскен.

Сол Нұралысы міне алдында. Қара Ертіс, Алтайға дейін барып жүретін Нұралының аса көп аралайтын аймағы Нұра өзені бойы. Жазмыштың қалай боларын ол кезде кім білген. Нұралының осы өзеннің Талды еспе

тармағында дүниеден өтіп, Талды еспенің бастау жағы «әлгі Нұралы жатқан жер» делініп, кейін ол саланың да Нұра атанып кетерін кім болжапты.

Бастарын күннен көлегейлеп бөрік киген, тізерлеген Қажы Мұхаммед пен Түнболат та, сабыр сақтаса да бар ынтасы Нұралыға ауған Шәуешек биде «не айтарың бар» дегендей жігітке қадала қарап қалған. Айнала қауым да осыны баққан.

Еділден өтіп келдім, - деді Нұралы.

Иә ол жақ тыныш па? - Ұлы би «айта түс, мына жұрт бәрін білуге тиіс» деген ниет танытты.

Қайдан тыныш болсын. Жер жұтқандай болған Тоқтамыс жер бетіне қайта шығыпты.

— Ол сұмның тағы не ойлағаны бар екен? - деп Шәуешек би қадала сұрады.

Ойлағаны тағы да тақ шығар, - Аңдысын мырс еткен.

Осыншама тойымсыз адам болады екен, - Шәуешек би басын шайқады.

Тақ үшін қаншама адам қырғынға ұшырады. Қанға тоятындай болған еді ғой, - Аңдысын күрсінді.

Ендігі ісіне не жосық? - деп Түнболат сөзге араласты.

Тойымсыз көзді топырақ қана толтырады деуші еді-ау, Шәуешек би жоғалтқанын іздегендей айналасын қолымен сүзді де, мәсісінің қонышын тартқылады.

Қажы Мұхаммед қамшысын тастап, жөткірінді. Жұрттың беті соған қарай ауған.

Сонда Тоқтамыстың көксегені не екен? Жұрт не ойлайды? Осыны аңладың ба?

Қажы-аға, сауалың орынды. Тоқтамыс әзірге жұртты арбауда екен. Жаңа орда тігемін, барынды сонда көшіріп әкетемін, қой үстіне бозторғай жұмыртқалататын дәурен орнатамын дегендей сөзбен аралап өтіпті. Жұрт дел-сал. Дегенмен көпшіліктің көңілі

Тоқтамыстан қалған. Тек кейбіреулер Тоқтамыстың ар жақта мықты сүйенері бар дегенді алға тосады.

«Тоқтамыстың мықты сүйенері бар» деген сөз Ұлы бидің көңілінде қалды. Атын Орданың дұшпаны жетерлік. Соның қайсы болсын оны сүйейді, ал Тоқтамыс сол дұшпанның шаңырақты ойрандатар қол шоқпары. Көңіліне келген ойды сыртқа шығармады, әлі де болса айтылар сөздің ретін тосты.

Жұрт сілтідей тынған. Қара нардай боп көрінетін Қажы Мұхаммед қамшысының сабын жерге қадай түсіп, тұнжырап төмен қараған. Басындағы бөркін маңдайына түсіре киіп, қолымен жер сипайды. Шәуешек би сөз таппағандай қозғалақтап, иығын қамдап, ол да тынышталды. Желкесін қасыған Түнболат Ұлытаудың шыңына телміре қарап қалыпты.

Мына дел-сал жағдайдан құтылғысы келді ме, Ұлы бидің жүзіне жалт-жалт қарап алған Андысын үнсіздікті мырс еткен күлкісімен бұзып: - Жығылған күреске тоймас деген екен. Бір шалуым кем қалды деп жағаласа беретін ессіз бала сияқты мына Тоқтамыс. Хан болды, не бітірді? - деп сөзін әжуамен бастаса да, арғы жағында дауысы қаталдана шықты, - Дүлей баладан ел сескенбеуші ме еді, бүлдіреді-ау бірдемені, жаласына қаламыз ау біреудің деп. Ондай есуастан ауыл іргесін аулақтататын. Әмір Темірдің Дешті Қыпшақ даласына қалың қолмен қайта-қайта жүріп өтуіне де Тоқтамыстың тоқтамсыздығы, бақ құмарлығы себеп болды. Еділден әрі өтіп, бері өтіп енді не қыл деп тіміскіленіп жүр десейші. Бар сырын ашып болған едік қой. Әуелде азамат па деп едім, бекершілік екен. Түңілдіріп болды.

-Тоқтамыс үлкендерді түңілдірсе, енді өскен өркенге не жақсылық әкелер дейсің,—деп Нұралы жаңа бір қырлы ой қозғады. - Көзіммен көргенім ішіме сияр емес. Анау бір кенді орындарға орыс шағын бекініс салып жатыр екен.

Ей, ол орысың қала салып жатыр десейші, - деп қалды Түнболат.

Тап іргемізге де, - бетін Ұлы биге бұрған Қажы Мұхаммедтің «не істеу керек» деген сөз ойнап шыға келген. Басынып барады мыналар деген шыдамсыздық та бар.

Иә, іргені жау алып жатыр. Ұлы би іштей күрсінді. Тоқтамыс хан болып дүрілдеп тұрған шағында Оралдың алтынға балайтын талай жерін орыс ұлысына сатты, тегін де берді. Қазынаны толтырар бір күндік пайда үшін, мемлекеттің іргесін түрді. Соның бәрінің сылтауы Әмір Темірмен соғысу үшін орыстан қол алмақ, қаржы таппақты. Сөйтті де ағайынды араз етіп, арандады. Көк желкесіндегі дұшпан ниетті бөтен жұрттың араны ашылып, құлқыны құрып келе жатқанына көз жұмды. Сол үшін Едіге хан Тоқтамыспен айтысты. Ақыры арасы ашылып тынды, бірі өлмей тынбайтын халге жетті. Хан Тоқтамыс тақтан кетті, сан күйрей жеңілді, қуылғанында есеп жоқ. Жеті басты жыландай зәрлі болар ма. Өз халқына уын шашуын бір тоқтатпады-ау.

Иә, айтарың бар екен, балам, - Едіге Нұралының жүзіне ойлана қарады.

Жерімізге еніп кіріп бара жатыр ғой, мыналар, - Түнболат қапаланып, жейдесін жұла шешті.

Өрісіміз тарылды деген осы, - деп қалды көптің бірі.

Көзіміздің тірісінде осыны көрсек, бала-шағаның күні не болады-ау, - деген манағы ақсақал

Оу, ағалар, - деді тағы Нұралы, - бүгін малдың өрісіне, қоныс-қонысқа таласып жүз жыртысып жүрсіздер. Әркімнің өз отбасының қамын ойлаудан арылар мезгіл келген сияқты. Тар өлшем, бақ-таласпен жүрсек бәрінен де айырылар қиын кезең туа ма деп өкінемін. Мысықтабандап жылжып жерінді алған бөтен жұрттың ертең осында келмесіне кепіл қәне.

- Ә, балам, осы сөзің дұрыс, - деп қалды келген ақсақал

- Сіздер кеше Күндіршінде Тоқтамысты күйреттік, дейсіздер, меніңше соның қылшығы қисайған жоқ. Қылшығын қисайтпайтындар бөтен жұрттан табылып жатқан сияқты. Жыланның үш кессе де шегірткелік қауқары бар деген. Тоқтамыстың қауқары тағы сол Алтын Ордаға дұшпан жұрт. Малың бағудан аспаған момын ел жалтақтаған шегіртке. Жылан шакса не болары белгісіз.

Нұралының айтқанына Шәуешек би қатты толқыған. Енді көзі оттай жанып, әуелдегі нұрлы жүзі бірте-бірте сұрланып, дауысы мығым шыққан жігітті көзінің астымен баққан Шәуешек би қолын сәл көтеріп, үн қатты.

- Айтқан ойың көзбен көріп, көңілге тоқығаның. Салмақты жатыр сөзің, тиген жерін ойып түсірер мірдің оғындай. Көргенінді бсынша саралағаның бір басыңа жетерліктей. Әке көрген оқ жонар деген бар, ата-бабаңнан үзілмей келе жатқан ізгілік қасиет боп басыңа қонған екен, шырағым. Құдай өзінді тіл-көзден сақтасын.

- Әмин, - деп қалды ақсақал

Тас төбеден төңкерілген көк аспан жаңа біразда шытынап жарылып, бастарына құлайтындай көрініп еді, Шәуешек би баталы сөзімен жұртты серпілтіп, келер қиындықты асырып, алыстатып тастағандай. Осы жұрт Шәуешек бидің бүйтіп сыр алдыра, қақ жарыла, ағынан төгілгенін бұрында көрген емес еді.

Ұлы би баласы Нұралының бірде қуарып, қайта тұтанып нарттай жанған жүзінен көзін алмады. Бәсе, көптен бері ат ізін салмай хабарсыз кетіп еді, тындырғаны бар екен. Баласының жаңағы айтқаны өзі үшін жұмбақ емес. Бірақ мына көпшілік үшін бұл жалаң уағыз да емес, беті ашылған енді құпиясы жоқ жалаң

шындық. Шындықты есту қалай да ауыр. Қуаныштан да кісі өледі. Келер уақыттың бет-болжамын есту кім-кімге де оңай тимесі шындық. Нұралысы өскен екен, ой-арманы алыста екен. Ұлы би соған тәуба етті.

Мені мазалайтын жоқ жерде жау тапқанымыз ғой, деп дауыс көтерді Қажы Мұхаммед, - Анау күн батыс жақтан жау онсыз да өсіп, бой көрсетіп келе жатқан. Ол аздай енді күн шығыстан жау іздегеніміз қабырғама батады. Бірде қату болсақ та түбі тату ағайын едік, Тоқтамыс Сыр мен Әмудария арасын мекен еткен түбі бір елдің арасына араздықтың отын тұтатып кетті. Достан жау тапқанға жаным күйзеледі де.

Сыпыра жыраудың біз естіген талай-талай сөзі бар еді-ау. Сақтандырып бақты ғой абыз қария. Оны ендігі «мен жеттім» деген ұл есіне алса болар еді, - деп Аңдысын қамықты.

Осы енді нені күтеміз бе? Хандар біледі деумен Алтын Орданы күйретуге айналдық. Ентелеген мына жау іргені түріп қойып шапқанға дейін отырамыз ба? - деп жер қозғалса қозғалмас Қажы Мұхаммед ызалы иікірін ортаға тастады.

Қаж-еке, рас айтасыз.

Өзіміз шабайық сол жауға.

Иә, анау Күндіршіннің ізі суымай тұрғанда...

Сол дұшпан өздері қырық пышақ еді, бастарын қосып өзімізге пәле тіледік-ау.

Ұлы би өз жұртының оянғанына риза. Жау жоқ деме, жар астынданы білген ел қамсыз болмас. Әттең, әлі қол қысқа. Ұлыған қасқырша табысып жатқан көп дұшпанға аз ғана қолмен аттану ажал тұзағына халқын апарып беру ғой.

Ойсыз, келісіп пішілмеген іс жарға жығады. Пісуі жетпеген ішкі қылық өзінді шерменде етеді. Дұшпанды танитындай, алдымызды ашатындай жағдайды да естідік,

ер-азамат ашынған ойын да ортаға салды. Қамсыз емеспіз, ел жұртым. Мәселені тіл мен жақ шешпейді, төккен тер, көрген азапқа төзген шешеді. Жоқтан жау тапқанымыз да рас. Ол Тоқтамыстың жұмысы деп карап отырмаспыз. Қос өзеннің бойындағы ағайын жұртпен табысар жол табармыз. Бүгінгі күннің олжасы Алтын Орданың дені бүтін, ниет таза, арманы биік бір ұлысын мына қасиетті Ұлытауда құра алғанымыз. Арғы-арғы ата-бабаларымыз да, кешегі өткен ер Мамай да осыны армандаған. Дүние алма-кезек, түбі бір Алла мен әруақ жар боларына сенейік, - Ұлы бидің уәжін жұрт үнсіз тыңдап, басын изескен.

- Тағы бір сөзім бар, - деп қалды Нұралы.

- Қалдырма ендеше, оны да естіік.

- Тоқтамыс сонау батыс жұртының патшасы Витовтпен табысыпты. Соның Ордасында жүргенін көрген орыстың князінің мақтанған сөзі құлағыма жетті.

- Ол да рас сөз. Менің Мәскеудегі адамым да осы сөзді жеткізді, — деп Қажы Мұхаммед қостаған.

Витовттың ордасына орыс елшілігінің келіп жатқанына екі күн өткен. Мемлекет мәселелерімен қолы тимей жатыр деген сылтаумен Витовт патша оларды әзір қабылдамады. Орыс елшілігін бастап келген өзінің күйеу баласы Василий. Күлік соғысында Мамайды жеңдім деп арзан абыройға ие болған Мәскеу князі Дмитрий қоярда қоймай жүріп Витовттың қызын айттырып, ұлы Василийге алып берген. Құда-құдалықтың ар жағында бақай есеп жатыр. Түбінде осы бейбастығым үшін Алтын Орда жазалайды-ау, сонда мына Витовт сүйеу-тіреу болар дегенге жалғасқан бұл құдалық.

Витовттың ойы басқа. Мейлі қызын бере жатар. Қайда кетпеген қыз деген. Осы қызы арқылы Мәскеудің ішін үңгімек. Татардан қорыққан боярлар енді Витовттан пана табуға тырысар. Оның қайсының қандай пиғылы барын осы қызы арқылы біліп отырмақ. Дмитрий княз де мәңгілік емес, күндердің күнінде күйеу баласы Василийге орыс жұртының билігі тисе, тағы да сыналап сөзін өткізе бермей ме. Иә, мұнда Тоқтамыс та жүр. Оның да осында болғаны жақсы. Бұл ханның қазір Алтын Ордаға ханы қас. Қолына билік тисе жұртын жүндей сабар еді. Василий мен Тоқтамысты кездестіріп қоюдың да зияны жоқ. Әрбірден соң Алтын Орда кираса өзді өзі соғысып жүрген орыс жұртын нокталап алу қиын емес. Анау жылдары Тевтон ордені тізелеп, басып-ақ кіріп еді бұл орысқа. Әлгі Александр княз Алтын Орданың ажалға пысқырып та қарамайтын атты әскерін әкеліп салды ғой ұрысқа. Япыр-ай, бұл татар деген көзсіз батыр халық, бас-аяғына дейін темір киген орденнің рыцарьлары түк істей алмады. Бір қолын шауып тастаса екінші қолымен рыцарьдың дулығасын шешіп алады да, басын кеседі. Мұндай алапатты кім көрген. Сол Александр княз да арзан атаққа ие боп кетті.

Оның бәрі өткен тарих. Қазбалай берсең уақиға жетеді. Тарих өкінішсіз емес, бірақ оны ешкім қайтарып ала алмайды ғой. Яғайлоның ісі де өкінішті. Өзі де өкініп өтті. Күлік даласында мына орыстар мен татарлар қырылысты емес пе. Яғайло Мамаймен уәде байласқан. Мамай көмекке Яғайло келеді деп күтті де, уақытын өткізіп алды. Яғайло орыс пен татар қырылыссын, сонан соң екеуін де басып қалам деп дәмеленді. Тағдыр дәмеге көнбейді. Тарих дер кезінде жасалады. Қарашы қателікті деп ойлады Витовт. Мамай жеңіп тұрып желкесінен Тоқтамыс шығып, жеңілуге мәжбүр болды. Иә, айтпақшы орыстар осыны ұмытпауы керек. Осыны

Василийдің де есіне салған дұрыс. Василийге нағыз одақ осы Тоқтамыс боп шығады.

Иә, Ягайло өкініп жүрді. Сонда ол Мамайға опасыздық етпей Дмитрийді желкеден соққанда орыста қырық мың қол да қалмас еді. Мамай қашып, Дмитрий соншама қолмен Ягайлоға қарсы шықты да, Ягайло еріксіз шегінді. Япыр-ай, қателік-ай, сол қырық мың болмаса Ягайло Мәскеуді ұрыссыз алар еді. Мәскеу мен оның айналасының мұжығын да, боярын да католик дініне кіргізіп, орыс жұртын екі, не үш бөлікке бөліп тастар еді-ау.

Анау алыстағы Рум елінен рұм папасы да қысып жатыр. Орман мен шалшықтың арасында діннен безіп адасып жүрген орысты католик етпей татарлардың қол астына қаратып қойдың деп үсті-үстіне пәрмен жазады. Тап бір Витовт ерігіп жүргендей. Өздері татар деген халықтың түрін көрді ме десейші. Оны бір даланың аңы деп түсінеді ғой. Бір ғана қобызы мен домбырасын тыңдаса сай-сүйектер сырқырап еді. Құшақ-құшақ кітаптарын арқалап жүрген моллаларын тыңдаса өздері мұсылман дінін уағыздай жөнелмесіне өз басы, Витовт кепілдік бере алмайды. Аттың құлағында ойнап, садақ тартқан татар сарбаздарының жанында рыцарь деген кім? Рыцарь өлімнен қорқады, татар сарбазы «Аллаһу әкбар» деп құдайына сиынып ұрысқа кіріскенде ажал деген оған ойыншық. Ал, солармен арпалысып көр. Басындағы мантияңның қайда қалғанын білмессің, менің атым кім деп сұрарсың.

Осы Алтын Орда болмаса, Дешті Қыпшақ даласын қайдам, онан жоғарыда жатқан ормандағы орыс католик болып шығар еді. Панасы Алтын Орда. Бірақ мұны Василийге айтуға болмайды. Қолдан келгенше орыс жұртын татарларға қарсы қайрап салу керек.

Витовт түстік асын ұзақ ішті. Асықпады. Даяршылар әкелген тағамның әрқайсынан аздап қана ауыз тиіп, дәмнің татымды-татымсыздығын да байқатпай, ас әзірлеушілердің дымын құртты. Тағамы патшаға жақпай қалса не жаза аларын білмеген аспазшылар бақайының ұшымен жүр. Біраз шарап ішті.

- Мәртебелім..., - деп стақанына тағы шарап құймақ болған даяршыны.

-Мемлекет... мемлекет... Бәрінен бұрын мемлекет ісі, - деп тоқтаты.

- Дәм... дәм алыңыз, мәртебелім.

- Дәмдерің тәтті екен.

- Уһ, - деді даяршы, - жақпай қалды ма деп...

Витовт олардың бетіне бұрылып та қарамады.

Мәскеуден, Мәскеудегі қызының жанынан келген адамды шақыртты. Оның да елеусіз келуін, асығыстық жасамауын тапсырған. Жарым сағаттан соң есік қағылды. Рұқсат сұраған Мәскеудегі, иә қызының жанындағы жансызы екен.

-Ұлы мәртебелім...

-Иә, Яков, бері кел Жағдайың қалай?

-Жақсы, сіздің қамқорлығыңызбен.

-Оныңды білемін, - Витовт қабағын түкситті, - Мен орыс жұртының жағдайын сұрап тұрмын.

- Кешір, мәртебелім. Орыс елі де бір, ормандағы аю да бір. Жаз астығын жинап, қыс арағын ішіп, ұйықтайды дегендей. Шошалада қозы-лақ, шошқасымен бірге тұрып жатады.

- Онда олар татарлармен неге соғыспақ болып жүр,

- деп Витовт мырс етті. Не мынау бар шындықты айтып тұр, не бұл жансызы дүниеде түк сезбес нағыз милау. Осының қайсысы екен?

- Татарлармен араз боп жүрген княздары ғой.

- Неге?

- Ордаға өткізетін салықты ауырсынады. Соны өзіміз пайдалансақ деседі.

- Алтын Ордамен араздасып болды ма сонда?

- Ханның алдында күні бүгінге бас иіп жалпақтайды.

Бірақ, ішіне қанжарын тыққан ұры тәрізді, қып етсе теріс айналып шыға келмек. Көбі осы пікірде деп ойлаймын.

- Қызымнан не хабар бар? - деп сұрады Витовт.

- Мәртебелім, мінекиіңіз..., - деп Яков қалтасының бір түкпірінен хат алып ұсынды.

- Әуелі осыдан бастамайсың ба?

- Жазықтымын.

- Бара бер.

- Құп, мәртебелім.

- Кейін тағы бір келіп жолығарсың. Сақ бол Ешкім байқамасын.

-Құп.

- Әй, - деп дауыстады Витовт.

- Есіктен тағы біреуі басын көрсеткен. Табалдырықтан бері аттады да, қалшиып тұра қалды.

- Мына Яков алыста жүр ғой. Қысылмай, қымтырылмай жүрсін. Соны беріндер.

-Мәртебелім...

- Не айтасың?

- Ол аларын алып қойған.

- Тағы да бер. Ол менің көз-құлағым. Кімнің тас-керең болғысы келеді дейсің.

- Тағы сонша ма?

- Иә, онан қазына ортаймас.

-Жақсы айттыңыз, мәртебелім.

Яковтың орыс жұрты туралы хабарына Витовттың көңілі толмады. Қызының хатын алып оқып еді, сөз басқа. Әйел заты тегі жансыздыққа жаралған-ау. Күйеуінің ішіп-жегені, жүріс-тұрысы түгілі, Мәскеу боярларының жай-күйін, онан арғы Тверь, Рязань

княздарының қас-қабағы туралы да жазыпты. Бұл орыс дегенің әлі қырғи қабақ екен. Рязань мен Тверь Алтын Орданы жақтайтын сияқты. Витовт қоңырау қақты. Есіктен манағы ұзынтұра бой көрсетті.

- Біздің Тверь жақтағы адамдардан не хабар?

- Әлі үнсіз жатыр, мәртебелім, - деп кипақтады ол.

- Алтын Орда...

-Кінәліміз...

Витовт табан асты тіл тасушылардың жаңа тобын жасақтатты. Топ-топқа бөлінген жансыздарын көз алдынан өткізген. Әсіресе, Алтын Орда жағына баратындар қатаң сұрыпталды. Шүкір, қалай таңдаймын десе де адам жеткілікті. Тоқтамыспен ере келгендер мұндайға құлшына кіріседі. Ең бастысы осылар бірін-бірі білмегені. Жазатайым біреуі қолға түссе, басқасы аман. Иә, тілсіз болмайды. Іргедегі орыстар Яков айтқандай, жаз семіріп, қыс арағын ішіп, аюға ұқсап ұйықтап жатпаған болар. Оның да тамырын баса білу керек. Орыстың атам заманнан бергі сүйеніші Алтын Ордада не жаңалық болып жатыр. Хандар бірін-бірі өлтіріп, Орда иесіз қалғандай болып еді, Едіге деген шығып, орданың іргесін қайта бекітіп жатқандай. Е, сол Едіге Мәскеуді алып, княз Дмитрий қашып құтылып еді ғой. Сонан соң Едіге Күндіршіндегі қырғында тағы көрінген. Алтын Орда соның ашса алақанында, жұмса жөдырығында деп естиді. Сонда да хан тағына отырмайды екен. Әй, сол елдің жұртының да мықтылығы ғой, бір әулеттен басқасы таққа ұмтылмайды. Әйтпесе, өздері тайпа-тайпа көрінеді, быт-шыт боп, бір-бірімен соғысып кетер еді. Елінің ақсақалдары соны жақсы бағдарлаған. Ә, мейлі ол солардың ісі. Дегенмен де Едігені назардан тыс қалдыруға болмас. Ол өзі Сарайда емес, соның ар жағындағы, қияндағы бір Ұлытау деген жерді мекендейді екен. Сол жақта жатып, хан ордасын,

Сарайды басқару деген не деген асқан бедел десейші. Қияндағы Едігеден орыс та үркіп отыр.

- Ім! - деді Витовт ойлана түсіп, Едігемен соғысуға орыс батпайды. Оның атын естісе зәресі ұшады. Мүмкін ғасырлар өтіп барып, онан өшін алар. Жамандар, ағаш атқа мінгізер. Ал, тап қазір оның бақайын жалауға әзір. Сонда да оларды Алтын Ордаға қарсы айдап салуды ойластыра берген жөн. Бірде болмаса бірде ұсынысы іске асар. Едігенің билігін әлсіретсе, Орда сөгіле берер. Орда әлсіресе орыс жұрты панасыз қалар. Панасыз елді басып алу оңай. Едігені қалай етпек керек. Ең жөні Токтамыс болар. Токтамыстың барар жер, басар тауы жоқ. Едігемен өлердей қас. Өзі өлермен. Қарсыласынан жеңілген қасқыр да мекенін біржолата тастап, басқа жаққа, көз көрмес алысқа ауып кетуші еді. Токтамыс бір іннен кейін басқа апанға тығылып, шабалана түседі. Тегі, мұны түсініп болмас. Әмір Темірге тиіспегенде хан тағында отыра берер еді-ау. Сірә, біреудің азғырғанына көніп, адасқан да. Бір адасқанның қайта түзеліп, жол табуы некен саяқ. Тарих оны кешірмейді. Мейлі, адасқаны бізге пайда. Алтын Ордасын әлсіретті. Осы екі ортада орыс бас көтеріп кетпесе де. Витовт патша тағы қоңырау соқты.

- Мәртебелім.
- Аттанды ма аналар? - деп жансыздарын сұраған.
- Тап солай.
- Бәрін бірдей жібермеген шығарсың?
- Алдыңғылары ғана кеткен.
- Келесісі қашан аттанады?
- Аптаның аяғын күтеміз.
- Оның да тым ерте.
- Онда келесі айға қалдырайық.
- Орыс елшілері не істеп жатыр?
- Сіздің қабылдауыңызды күтуде, мәртебелім.

Витовт орыс елшілігін түстен кейін ғана қабылдады. Тағында отыр еді, жанына ерткендері бар күйеу баласы Василий сәл иіліп сәлем берген соң, тұрып, қабылдау бөлмесінің орта шеніне дейін адымдап келіп, қолын ұсынды. Василий атасы Витовттың жүзіне қарап күлімсіреді. Витовт қонақты қабылдаушы ретінде сөзді бірінші бастаған.

- Маған құдам Дмитрийдің жолдауын ала келген боларсың. Біздер орыс жұртын, тату көрші ретінде ғана көргіміз келеді. Одан басқа мүддеміз де, тілегіміз де жоқ.

Василий күлімсіреп басын иіп, ере келген боярларға көз тастады. Боярлар Алтын Орда үлгісімен сақалдарын беліне дейін жіберіскендер. Орда халқы мұртын басушы еді, бұлар мұрттың шашағын аузына түсіріп, сорып жүруді әдет еткен.

- Жақсы ниет бар да, сол ниетті жүзеге асыру бар ғой. Ал, ол қиын шаруа. Кейде жақсы ниет жаман іске қарай да ауысып кетіп, өзіңнің дел-салыңды шығаратынын Сіз де білерсіз.

- Әрине. Сол жақсы ниет үшін орыс княздарымен қыз алысып, қыз берісіп жатқан жоқпыз ба.

- Оныңызға бас иеміз. Біз де осы ниеттеміз.

- Жақсы ниетіміздің белгісі, біз ешкімге аса соқтықпай, өз шекарамызды ғана нығайтып жатқанымызды орыс княздары да байқаған шығар. Біз ұлы халықтың ғана ісін тындырудамыз.

- Оларыңыз ұлылық па, әлде әлсіздік пе? - деп қалды Василий. Атасы мен күйеу баласы ашық сөйлесті. Көзбе көз пікір алысқан соң майда есепке де, арам пиғылға да жол болмай қалған. Витовт күйеу баласының тым жасқана қоймайтынын байқап, оның пікіріне өз уәжін қарсы қойды. Бірақ дауысы сәл қаталдау естілген.

- Әділдікті әлсіздік деу ыңғайсыз болар. Бейбіт өрістеу деген қанды қырғыннан әлдеқайда арзанға түсетінін, елі

үшін пайдалылығын білгендіктен ұстанған жолымыз. Біз осыны пайымдаймыз.

- Солайы солай-ау. Бірақ жеңгендер жеңілгендерді табанына салмаса, басқа уәжді тыңдамайды ғой.

Оған да келісейік. Алтын Орда ханынан көрген теперішінді еске алғандай екенсің.

- Ол да бар шығар, - деп сөзден жалтарды Василий.

- Дүние алма кезек. Жеңіске жете берушілердің жібі босайды. Есесіне жеңіліп, таяқ жегендердің қайрат-жігері қайралады емес пе. Өшпенділігі өсіп, қуаты еселене түседі. Оның ақыры қайда апарып тірерін тарих сан дәлелдеген. Тарихтың дөңгелегін кері айналдыру қолдан келер іс емес қой.

Витовт сәл тыныштаған. Витовттың нені меңзеп отырғанын Василий де түсінді. Алтын Ордаға қашанғы құл болып жүре бересіңдер дейді ғой. Әй, қайдам? Бас көтеруге жүрегі дауаламайды. Ордамен соғыспай ақ, тип-тыныш жүре берсе қайтеді осы.

Василий бұлдыр-бұлдыр ойға кетті. Кең бөлменің алыстау бұрышына қарап қалған. Нені көріп, нені естіп отыр? Қиялдың тұманына еніп, болашақтың үнін естігендей жайы бар ма қалай? Тағы да жер қайыстырған Едігенің қисапсыз әскерінің жеңімпаз үні ме? Тағы қандай ақиқат көңілін сүйреді екен. Кенет Василий селк етіп, бойын түзеді. Өңсіз жүзінен жүгіріп өткен қияли ойдың ізі де қалмаған. Қиыннан жол тауып, ормандағы орысының тағдырын шешердей мелшиіп қалған еді, қайта тірілді. Боярдың бірі қақырынды:

- Василий, - деді од
- Не айтасыз?
- Анау..., - деп бояр Витовт патшаны иегімен нұсқады.
- Ойға батып кеттің ғой, — Витовт күлді.
- Шаршағаным шығар.
- Қызым қалай? - деп басқа сөзге бұрды Витовт.

- Өте жақсы. Аса сыйлы адамдармен бірге.
- Сәлем айтпады ма? - Витовт күлімсіреді.
- Иә, иә. Сәлем-сауқаты да бар еді.
- Онысы дұрыс болған екен. Інілері өзін сағынып

жүр.

- Рұқсат етсеңіз, соңыра апарып беріп, сәлемдесіп шығайын.

- Күйеу баланың әрқашан жолы ашық емес пе.

Өмір толған саясат-ау деп ойлады Витовт. Саясатта шындық шамалы, күйеуінің көзіне шөп салғыш қатындардай «ұстап алсаң мойындаймын» дегенді ғана ұстанады. Бірақ, бір ғана шындық бар. Әйтеуір адамзат қоғамының ұмтылатын екі биігі анық. Бірі биік рухани асқақ мұраттар болса, екіншісі дүниеауи қажеттілік, байлық. Осы екеуінің бірінсіз бірінің күні жоқ, екеуі мәңгі тайталаста, ымырасыз күресте. Бірі жеңсе, екіншісі онан асып түсуге жанталасады. Осы тартыс адамзатты ілгері сүйрейтін сияқты.

Елшілікпен кездесудің осы уағына Тоқтамыстың да келуі белгіленген. Орыстармен осы жерде кездесуді Тоқтамыс күтпеген сияқты, босағадан бері екі аттап тұрып қалды. Көзімен Василийді ішіп-жеген. Оның құбылған жүзінен ренішін, не қуанышын аңлап болмайтын еді.

- Танысып қой, Василий, бұл Тоқтамыс хан, — деді Витовт.

- Орыс пен татар бұрыннан таныс болса керек, қол алысып, Витовтқа жат тілде әңгімелесе жөнелген. Витовттың өзі ыңғайсыз жағдайда қалды. Екі қонақ үй иесінің алдында сыр алысып жатыр, бұны ескеріп те жатпағандай.

- Василий, сен Орда тілін білуші ме едің? - деп қалды абыржыған Витовт.

- Әрине.

- Қашан үйренгенсің, құдайым-ау.

- Қыпшақ тілі Алтын Орда мемлекетінің тілі. Орыс ұлысы Орданың бір бөлігі ғана ғой. Князь болғың келсе қыпшақ тілін білуге өзің ұмтыласың. Княздар, боярлар түгілі орман ішіндегі қыстақтардағы мұжықтар да қыпшақ тілін түсінеді. Олар бірақ тап бізше сөйлей қоймас.

- Татардың ән-күйін де тыңдайсыңдар ма?

- Ол да рас. Бізде, орыс арасында, қос шекті тамбура деген аспап бар-тын. Соңғы кезде шіркеу соған тыйым салып жатыр. Татарларға еліктеп кетесіңдер дейтін сияқты, - деп Василий ағынан жарылды.

Мына орыстар таза татар болып кетуге айналған екен деп ойлады Витовт. Татарша сайрап тұр, тіпті татар әндері де өздерін баурап алса, сонда бұлардың өзіндік несі қалды? Әлгі басқақтар «әйелдің алғашқы түні» дегенді иемденді деп естуші еді, сонда бұл орыстың қаншасы татар, қаншасы...

- Василий, жаңа не сөйлестіңдер? - деп сұрады Витовт.

- Оған рахметімді айттым.

- Оу, оны көргенің осы ғой, бұл қай рахмет.

- Кезінде ол бізге темір, мыс шығатын кен орындарын берді ғой. Соған ризалығымда шек жоқ.

- Естімеген едім.

Мына хан татар елінің көрін өзі қазып жүр екен ғой деді іштей Витовт. Темір мен мыс...Ол деген қару ғой. Оны мына орыстар игеріп те жатқан шығар. Бәсе, соңғы кезде Мәскеу княздары неше қилы темір ұсталарын өздеріне шақыруда еді. Не үшін екені енді аян болды. Орыстар зеңбірек жасап алса хан жасағы енді онымен соғысып береке таппас. Ал... Мына жағдай өздеріне де тиімсіз-ау. Орыстар бұрын Витовттан отты қару сұраушы еді. Енді, тіпті, өздеріне қатер төндіруі де

мүмкін екен. Болар іс болды, енді оны қайтара алмайсың. Витовт ыңырана тістенді.

- Хан Тоқтамыс, біз саған арамыздағы келісім-шартты ұсынамыз, - деп Витовт мәселені жаңа бағытқа аударды, - Өзіміздің шекара маңы мен сенің өзің бұрыннан ие аймақтан жаңа орда құруыңа көмек етеміз. Бұл аймақта хан өзінің қалауынша жаңа тайпалардың басын құрап, өзіне адал адамдардан жасақ құра алады. Хан жасағының қарулануына біз көмек етеміз. Осыған риза шығарсыз?

- Әлбетте, - деп Тоқтамыс қысқа қайырды.

- Біздің де сізге қояр бір талабымыз бар.

Тоқтамыс та, Мәскеулік Василий де «қандай талап» екенін іштей екшеп, тына қалған. Витовтта асығар емес. Сөзім қалай әсер етті дегендей, қағазына бір уақ үңіле қалған.

- Иә, оны да естийік.

- Біз сізді біздің жауларымызды күйретіп, шекарамыздың қауіпсіздігін бекем ұстайды деп сенеміз.

Витовттың мақсаты түсінікті еді. Ол татардың бұл ханын осы қиыншылық жағдайын пайдаланып, қауіпті жаудан сенімді одақтас ету-тін. Хан төңірегіне жаңа тайпалар жинау дегені, сол тайпа көсемдерін да сатып алып, татар елінің арасына жік салу. Тіпті түменбасы, мыңбасыларға жалақы төлеу де ойында бар шығар. Тегін ақшаға, босқа келер абырой мен атаққа кім қызықпайды, тек ебін тап та бөліп ал да билей бер.

Витовттың мақсатын Тоқтамыс та, Василий де түсінген. Тек, Тоқтамыс жалғыз, ақылдасар адам жоқ. Боярлар өзара ұзақ сыбырласты. Василийдің күлімсірегені құптағаны ма, әлде қалай.

- Керемет ұсыныс, - десіп боярлар гүлдесіп кетті.

- Бұл дүниеде татардың әскери қуатына қарсы тұратын күш қайда, - деп шуылдасты.

- Василий, ханды құттықтап қой.

Күйеу баласы Василийден Витовт енді тағы бір жағдайды ашық сұрады.

- Сендер Алтын Орданың шекарасын бұзып, тиіп-кашып, тонап жүр деген рас па?

- Тонау..., - деп Василий түйіліп қалды.

- Жорық жасап дегенім ғой.

- Иә ол рас. Біздің адамдар да пенде ғой, олжа іздейтіндер көбейіп келеді.

- Сонда беттері қалай?

- Інім Юрийді өткенде Қазан қаласына аттандырғанбыз. Сәтсіздеу болды, сонда да жолдағы татар, шуаштардан мол олжамен оралды.

Күйеу баласымен соңыра отбасы-ошақ қасында кездесуді реттеп алған Витовт ресми кездесуді осымен аяқтаған. Оның белгі беруімен үстелдер жасалып, үсті ас пен арақ-шарапқа толтырылды. Шарап толы стакандарды төңкерісіп, қарбытып-қарбытып тастаған соң, аспаптарын арқалап, музыканттар кірген. Орыс жұрты естімеген әуен тербеген. Сол әуенге ілесе бір топ жап-жас қыздар шыға келіп, бастарын иді. Бәрі жап-жалаңаш десе болады. Кеудесі мен екі бұттың арасын жауып тұрған жіп-жіңішке мата ғана. Боярлардың таң қалғаны соншалық ықылық атып, жасаураған көздері шарасынан шығып кете жаздады. Хан ордасына барғанда не тамашаны көрсе де, мынадай жағдай көзге түспеген. Онда да музыка ойнайтын, ақындар айтысатын, күй тартылып, неше алуан ән шырқалушы еді. Ой, неткен тамаша еді. Ордаға боярлар өздерінің қыз, қатындарын ерте де баратын. Кейде сол бикештерге ие бола алмай қалатындары да болған. Ыңғай еркектің алдына жалаңаш шығып, таңын көтеріп, секектегенді кім көрген. Боярлар ішіп отырған шараптарын да ұмытты.

Билеп жүріп сықылықтап, шыр көбелек айналып, жанарларынан шақыра от шашқан қыздарға арбалған да қалған. Билей жүріп көз қысады, естерін шала танған сақалды боярларға сүю ишаратын жасап, таза мәңгіртіп жіберді. Көбелек боп ұшып келген бикештер жел үрген құйындай табан асты жоғалған.

Тек сол шақта ғана шала есті боярлар тамсанып, аузына түскен мұрттарын сорды.

- Не керемет, мынау.

- Жап-жалаңаш, - деп біреуі исінгендей еміренді.

- Ой, құрысын зорға шыдадым. Бізге бір түнге берсе ғой.

- Құрысын! - деп томсарған Тоқтамыс қана еді.

Витовт боярлардың сөзіне құлақ түріп отырған.

Олардың бұрын көрмеген осы тамашасынан алған әсері мен өзара күңкілінен орыс елі туралы тағы бір ой түйді. Томсарған Тоқтамыс та назарынан тыс қалмаған. Өз елінен қаншама безіп, бөтен жұртта жүрсе де оның ұстанымы бөлек. Ақыры Витовт осы көріністен қандай әсер алғанын сұрауды жөн көрді.

- Әйелдің жалаңаш тәні-шайтанның азғыруының мысалы. Еркек азса, ел тозады, адамзат хаюанға айналады. Мұның несі қуаныш? - деп Тоқтамыс бір-ақ қайырды.

- Солай ма? - деп абыржыды мұндайды күтпеген Витовт.

- Біз солай деп түсінеміз.

- Әлгі, қалай еді...Сендердің әулие кітаптарың...

- Құран делінеді.

- Сонда осылай жазылған ба?

- Әлбетте, солай.

Ұлы биге жайсыз хабар осы Майлы жұртта жетті. Батыстың полягі мен литовын паналаған Тоқтамыс Витовт патша соңына ертіп берген мол әскермен Алтын Орданың сонау батыс бөлігін ойранға салыпты. Қырымдағы Шырын әулетіне сүйенген ол сол әскерімен Қырымды иемденіп, хандығын жариялаған. Шырын әулетінің өкілі Рухтемір Тоқтамыстың қарындасы Жансұлуды алған-тын. Онан туған Тегінбай да ер жетіп қалған. Тоқтамыс Қырымның ханы болғаннан бері Рухтемірдің де мәртебесі өскен. Ол хандықтағы бас беклербек, бірінші сөз де сонікі, мәселені шешетін де сол

Кері аттанған Витовт әскері Азу маңында көшіп жүрген алаш ауылдарын шауып, мыңдаған үйді мал-жанымен көшіріп әкетіп, Витовттың бас қаласы Вильно мен сол маңдағы жүздеген деревняларға бөліп-бөліп, қоныстандырып тастаған. Сөйтіп Азудан жоғарғы Дешті Қыпшақтың даласы тағы иесіз қалды. Иесіз қалған жұртқа Витовттың ойынша католик дінін ұстағандар ғана иелік етуге тиіс. Едіге Азу маңындағы өзіне көмек етіп келген алаш жұртынан айырылып, қолы мен жолы кесілгендей.

Ұлы би Темір Құтлықпен келіскен Сарай маңындағы уәделі жеріне уақытында жетті. Бір қауым жұрт жиналып та қалған екен. Тігілген қостар, оның маңындағы қазылған жерошақтар, асылған тамақ елдің бір шама әзірлігін аңғартқан. Едігенің сонау жылдары сан тоқтаған жері. Тап осы жерге арба-арба жүгін, сый-сияпатын артып, орыс княздары да сан келген. Осы тұстан сансыз сарбаздарын ертіп, дүниенің төрт тарапына да аттанып баққан. Енді, міне, осы жерде, қаладан тыс маңда Темір Құтлық хан Ұлы биді қарсы алды. Екеуі Ордада оңаша жүздесті.

- Не ойың бар? - деп сұрады Темір Құтлық хан.

- Кәрі арыстанды көп Қорқау жан-жағынан жұлмалағысы келген екен. Оны күзетшісіз қалды деп ойласа керек. Бар сияқты едік қой, әзір қолдан қару түскен жоқ.

- Витовт қой ұйытқытып отырған Тоқтамысты.

- Біреу ит қосқандай болғанға есті адам анасының абыройын ашып, атасының сақалын жұла ма? Оның бұл ісін ақтауға шама жоқ. Бүгін Қырымды Витовт, Тоқтамысқа берсек, ертең Еділді орыс алады. Келер күні мына алаштың баласы не болады? - деп Ұлы би өкіне тіл қатты.

- Есік көзінде жылмандап жүрген княздардың да ойы осы. Олардың беті ғана күледі, жүр осында талайы. Бұрын Қыпшақша ғана сөйлеуші еді, енді өзара күңкілдейтін болыпты, - деп Темір Құтлық шарасыздығын көлденең тартқан.

- Ә, - Ұлы би ойланды да, - соның бір біліктісімен кездестірші, - деді.

- Аса қиын емес, осы Орданың маңында-ақ жүрген шығар.

Саудамен жүргенсіген көпес «сатып алатын затымыз бар» деген сылтаумен алдарына келтірілді. Саудасының нарқын сұрап, біраз әурелеп, сөзден жаңылдырған Ұлы би өздеріне орыс ұстасы жасаған қару керек екенін де айтып қалды. Әккі саудагер:

- Ол жағы бізде әлі аз ғой, - деп жалтарғансыды.

- Оларың жарамайды. Витовт Мәскеуді алуды ойластырып жатыр ғой. Василий княздан көптен бері хабар жоқ. Сен оның сенімді адамы екенің бізге де мәлім. Мәскеуді Витовттың алуы бізге де тиімсіз. Тез арада Василий қарсы шабуылға шыққаны жөн. Мен оны өз әскеріммен бүйірден соғамын. Осыны князға тез жеткіз,

деп Мәскеудің көпес-барлаушысын тікeden жағадан алған.

- Айтайын, айтайын, - деді сасқалақтаған көпес.
— Осылай Василиймен шарттасып, уәделесейік. Хабарын тез берсін. — Ұлы би жүзін суытты.

— Айтқаныңызды орындауға уәде етемін.

Мәскеудің көпесі сол кеткеннен көрінбеген. Ұлы би ертеңіне Темір Құтлықпен тағы кеңескен.

— Витовттың да, Мәскеу князінің де көздеген түпкі мақсаты Алтын Орданы күйрету. Витовт орыстар күні бүгінге дейін Орданы паналап келді, Орда құрыса орыс жерін таякпен ұрып, табаныма салам деп есептейді. Оның ар жағында өз тірегі, сүйеніші бар. Ол румның папасы мен немістің рыцарь атанған мұздай қаруланған әскері. Әрі беріден соң Витовт солардың да әмірін орындаушы. Осы қатерді бұрында болжаған едім. Витовтқа арнаулы елші жібергеніме де жарым жылдан асты. Оған да Мәскеу князіне жорық жаса, көмектесем дегенмін.

— Әй, сол Витовтың көне қойса. Оның ақылшылары өзің айтқандай тым әріде жатыр ғой. Қасқыр ұлып табысады дегендей, сол румның да, немісіннің де патшаларының көздегені өзінің дінін жер бетіне жаю ғой. Менің көзім жеткен бір жағдай, дін соғысынан қиын соғыс жоқ. Бұл бітпейтін, құрдымға дейін жалғаса беретін қан төгіс екен. Витовт соның құлы емес пе, - деп Темір Құтлық өз пайымын айтқан.

- Турасы осылай. Дұрыс пайымдағансың. Бірақ қолдан келсе Витовтпен княздарды өзара соғыстырып қойғаннан басқа бізде шара жоқ. Ол екеуі ұзағырақ жағаласып жатса, біз уақыттан ұта алсақ, Алтын Орданың еңсесін қайта көтере аламыз. Тақ үшін таласып, елді бүліншілікке салған жараны жазар едік. Әйтпесе.

- Әйтпесе..., - деп Темір Құтлық қайыра сұрады.

- Бір қиын кезеңнің таяп келе жатқанын сеземін, - Ұлы бидің көзі уықтарды бойлап барып, шаңырақтың

күлдіреуішіне тоқтаған. Темір Құтлыққа Едігенің көзі жасқа толғандай болып көрінді де онан жүзін бұрып әкетті. Ханның да іші алай-дүлей болған.

- Біз не істей аламыз? - деп өкіне сұрады хан.

- Бәрін де жасар едік. Бәрінен де ішіңнен шыққан жау жаман. Қасқырдан қабаған ит қатерлі. Бөрі адамнан сескенеді, адаммен бірге өскен ит адамның қапысын табады. Бір жолы болмаса екінші жолы қапысын табамын деп аңиды. Ол оған ерінбейді. Итаяқтан жуындыны ішіп жүре береді. Сол ғой бізді діңкелетіп тұрған. Витовтты да, орыс князында да кезек паналаған Тоқтамыс сол жыртқыш. Күні үшін бергенін жеп, өз иесі - отаны Алтын Орданы қалай қапсам екен деп, жанталасуда.

- Енді, міне Қырымды алды.

- Жұртты қан қақсатты. Азу маңындағы алаш халқымызды айдап әкетіп, поляк пен литваның байларына қыстақ-қыстақтарына екі-үш үйден басыбайлы құл етіп таратып берді. Сөйтіп олардың өз отанынан, дінінен, дәстүрінен үмітін үздірді. Осыдан артық өз халқына не жамандық тілейді, бұл Тоқтамыс. Жекеге шығып, не ол, не мен өлмедім. Ақырғы демім шығып бара жатып, онын да жанын суырып ала кетіп, халқымды бұл сойқаннан құтқарар едім. Оның да ретін келтіре алмай қиналудамын, - деп Ұлы би жүзі күреңітіп, бетін сұртті.

- Кешегі кеткен мәскеудің саудагер-жансызынан жақсы хабар ала алсақ, - деп үміттенді Темір Құтлық.

- Мен оған сенбеймін.

- Онда ол орысқа сонша неге өтіндің?

- Ол да саясат.

- Сонда қалай? - Темір Құтлық түсінбегенін жасырмады.

- Біз айтты екен деп Мәскеу княздары өздерінің тісі батпас Витовтқа шаппайды. Өлерін біледі ғой олар да.

- Сонда біздікі бос дәме болғаны ғой.

- Дәмесіз де емеспіз.

Түсінбедім дегенді көрсетіп Темір Құтлық хан алақанын жайды. Басындағы құндыз бөркін шалқайта киген.

- Дәмеміз... - Ұлы би саусағымен алысты нұсқаған, - Василий бастаған княздардың көңіліне қобалжу салу. Олар Витовттан сескенсін. Батыстағы жауынан қорықса баяғыдай біздің қолтығымызға тығылады. Бізге жаудың екеуімен айқасқаннан гөрі, дұшпанның жеке қалғаны жақсы. Онда Орданың алмас қылышын қолдан түсірмеспіз. Алаштың аты майданда ойнап, ұлы ерлігін көрсетер еді.

- Ту, тынысым жаңа кеңіді ғой, - деп хан Темір Құтлық серпілді.

- Тек уақыттан ұта алсақ екен, - Ұлы би терең дем алып, күрсінді.

- Тоқтамысты Қырымда Шырын әулеті қолдап отырған көрінеді, - деп Темір Құтлық жаңа әңгіме бастады.

- Өйпесе оған Қырым жоқ қой. Бізде айласына айла етелік. Ісіміз сәтті болсын.

- Ойлағаның не?

- Алтын Орданың ханы сенсің, - деп күлді Ұлы би жиеніне, - Хан атынан жаңа пәрмен жарияла.

- Шырын әулетін заңнан тыс деп жарияланғанға ол қарақшылар көне ме?

-Олай етпе.

-Енді...

- Сен Қырымдағы ең іргелі тұлға Қажы Байрам Ұлы Мұхаммедті Тархан деп жарияла. Оның да, ұлдарының да жері, ауыл-қыстақтары, жеміс-жидекті бау-

бақшалары, монша, диірмендері мәңгі меншігі, әрі оған кімде кім қол сұқса жазаланады деп пәрменде көрсет. Мұны көрген Қырымның басқа жұрты да саған қарай ауады.

Темір Құтлық ханның пәрменін алып атқа қонған жігіт те жедел аттанған. Ол жігіт те Тоқтамыс пен бөтен елдің әскерінен жапа шеккен Қырым еліндегі алаштың баласы еді.

Тоқтамыстың зорлығын естіген, әрі Витовттың әскерінің Қырымды ұзағырақ жайлап қалуын қош көрмеген Ұлы би сауын айтып, қол жинап жатуға да үлгермеді. Тез аттанды. Дұшпанмен сан соғысты бастан кешіп, көзсіз батыр атағы алты алаш қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, Қырым еліне тегіс жайылған Едіге батырдың осы жолғы жорығына естіп үлгерген башқұрт, татар, ноғайдың да біраз жасағы ғана қосыла алды. Бұл жолы бар жағдайды сарапқа салатын хан кеңесі өтпеді, қай алаш қанша сарбаз әкелді деген болжам жасауға да уақыт жетпеді.

- Осы аттанысыңыз тым тығыз, - деп қалды Түнболат Қажы Мұхаммедке.

- Ұлы би жайлап-жастанып жатуды қош көрмеді ғой.

- Ол жақта Тоқтамысты қолдаған бөтен жұрттың әскері де бар деседі.

- Е, ол дұшпан қойың құрттап, айранын ұрттап жүрген сол маңдағы алаштың сансыз отбасын айдап әкетіпті, құл етіпті. Соның кегі ғой, осы жорығымыз. Елдің иесі барын, жоқтаушылары бар екенін көрсету ғой оларға. Алты алаштың жері алаш баласынікі, менің де ойым осында ғана.

- Ұлы би бастады ғой, бұл жолы жеңерміз. Дұшпан батыстан шығып тұр, соңы қалай? - деп Түнболат тағы уайым төкті.

- Алтын Орданың алмас қылышы аман болса, оны ұстар алаштың баласы қай жауға да шыдас береді. Әуел бастан ит пен құсты басқа шығармау қажет. Сол үшін жан пидә етсек арман не, - деп түйді Қажы Мұхаммед.

- Е, Алла, осы тілегімді қабыл ала гөр, - Түнболат алақанымен жүзін сипады.

Аса жар салып үлгермеген жорыққа аттанып кетісті. Қолдың жүрісі ширақ, тиген жерін ойып түсердей кезеулі найза. Ұлы бидің өзімен ере шыққан жігіттердің бастарында дулыға, белдерінде қылыш, қорамсақта жебе мен садақ. Жолдан асығыс қосылғандардың қаруы ала құла. Найза мен шоқпар ұстап, қылыш, селебе байланғандар. Едігенің атын естіп, атқа қонғандардың талайы бұрын ұрыс көрмесе де, аттың құлағында ойнаған даланың ұлдары.

Ұлы бидің қосындары Тоң өзенінің өтіп барып аялдаған. Осы жерден жан-жақты бағдарлап, шолғыншылар аттандырудың қажеттілігі туындаған. Осы маңды ел тонаушылар өздеріне ыңғайлы санайды деген сөзді де естіген. Осындай өліара шақты пайдаланып қалғысы келетіндер ұрлана жетіп, қамсыз елден қолына түскенін айдап кетеді. Оңай олжа іздегендер үйірлеп алған малды да місе тұтпай, қарсыласқан жігіттерді қан құстырып, қыз-келіншектерді де ала кететінді үйренген сияқты. Алтын Орданың дәуірлі шағында алаштың батырларының қорғауына әбден үйреніп, соған сенген ел, енді мына дәрменсіз шақта, өзін өзі қорғай білуге де мойынұсына алмапты. Дегенмен Ұлы би бастаған қолдың дабыры жетті ме, қарақшылыққа бет алған орыс ұлысының топ-топ боп жүрген бас бұзарлары осы маңнан аулақ қашқан сияқты. Апта бұрын жүріп өткен ат тұяғының ізі болмаса, өздерінің қарасы көзге шалынбаған. Сол ізге түсіп, талай-талай жерге барып қайтқандар да құр қол.

Ұлы би мен Темір Құтлық хан кеңесіп тағы да жеделдете түн қата жүріп Азу маңына жақын барып тоқтауды жөн деп шешкен. Бұл ұрымтал тұс. Тоқтамыстың әзірше ту тіккен жері Қырым да алыс емес. Әзірше алыс-алыс көшіп, Тоқтамыстың қолына түспей жүрген ауылдарды іздестірген оның қарақшы жасағы да осы маңды басып өтіп, олжа іздейтіндері анықталды. Қолдарындағы бірен-саран отты қарудың күркірімен қорқытып, ауылдарды басып қалса, кездескен сауда керуенін де аман жібермейді екен. Білетіндердің айтуынша елге зорлық көрсетуші осы Тоқтамыс жортуылшыларының осы маңда жүргендері екі мыңдай ләшкер. Бір мыңдығы Қуаң өзеніне қарай аттанса, екіншісі қарсы жақтағы кең даланы сүзетін көрінеді.

Екі мыңдықтың да түйісетін жерлері Қырымның үлкен жермен жалғасқан тұсы. Әр мыңдық жүз-жүзге бөлініп, үйірлі қасқырдай даланы жортып, тапқан малын да, қолға түскен ауылды да осы жерге айдап жеткізеді. Малың сата ма, соя ма ол сол маңның қожасы боп тұрған бөтен жұрттың еркінде. Ал, айдалып келген ауылдардың тағдыры мәңгі құлдық. Бала-шағасымен полякпен Литва жеріне жөнелтілуде.

Жеделдете жетіп, қос тіккен алаш қолынан жортуылшы-қарақшылар хабарсыз сияқты. Бұл елдің бас көтеріп, қарсылық таныта алмағанына әбден еттері өліп, қағанағы-қарық, сағанағы-сарық. Осы жақын маңдағы бір жерде мың-мыңдаған малды шулатып қамап, қолға түскен ауылдардың бала-шағасын ызылдатып жылатып, өздерінің ауыздарынан ақ май ағып жатса керек.

- Тіпті, бейқам, - десіп келді шолғыншылар.

- Өрістегі малды кім күзетеді екен?

- Сол қарақшылар кезегімен келеді екен.

- Олардың саны қанша? - деп сұрады Қажы Мұхаммед.

- Жүздей адам.

Барлық жаңалық Ұлы биге жеткізілген. Осы тұсқа аттанған Токтамыстың мыңдығы екі бөлініп қос тігіпті. Аралары да онша алыс емес, қозы көштен аз-ақ асатын жер.

- Қапылыста, түн жамыла басып қалу керек, - деді Ұлы би.

Қашқан жауды шашау шығармау үшін қақ жарылып қонған екі қос та сырттай қоршауға алынған. Әуелі түн жарым маңында күзетшілерді ауыстырған болып барған Қажы Мұхаммедтің жігіттері оларды үн шығартпай басып қалды да, артынша күзетке жаңадан келгендерді де табан асты ұрып жықты. Аттандап тұра қашқан жалғыз аттының соңынан жаппай ұмтылған қалың қол ұйқыдан есін жия алмаған қарақшыларды ат тұяғымен таптаған. Қарсыласқаны ажал_құшты, сауғаға жанын сұрағаны тірі. Келесі қос дүбірден шошыса керек, мылтық атып, қарсыласқандай еді, тұтасқан қол үстерінен бір шауып өткеннен қалғаны жер бауырлап, аттың тізесін құшқан.

Қарақшылардың қолына түскен ауылдар өздерінің құтылғандарына сенер емес. Тағы кімнің құлдығына түстік деп, көңілдері күпті еді. Таң атып, күн көтеріле екі бірдей құла жорға мінген Ұлы би мен Темір Құтлық ханды көріп, жүректері орнына түсті. Сол жұрттың ішінде бір кезде Едіге батырдың жасағында болып едім дегендер де табылған. Токсанды жобалаған ақсақалды біреу сүйемелдеп әкелген.

- Естуім бар еді, өзінді. Жүзіңді көргеніме Аллаға ризамын, Едіге батыр, - деп төгілді қарт.

- Бұл кісі қазір Алтын Орданың Ұлы биі, жанында Темір Құтлық хан бар, - деп түсіндірді Андысын.

- Е, солай ма еді? Ханның хандығы жарассын. Мәртебесі өссін. Ұлы би, қайдасың? - деп қарт күн сала қарады.

- Алдыңызда тұр.

- Рахмет саған. Баба түкті Шашты Әзиз әулиенің ұрпағы екенінді білемін. Естуім мол. Еліңе қорған, жұртыңа жоқшы бола бер, Ұлы би. Біз өтерміз жалғаннан, келер ұрпақ атыңа қанық болсын. Заманда заман келер, не қиындық болса да сол ұрпақ өзіңнен үлгі алып өссін. Әумин.

Дала кезіп, олжа іздеген Токтамыстың екінші мыңдығының жарымы бір шайқаста жер жастанып, жарымы быт-шыт болып, қашып, құла дүзге сіңіп кеткен. Токтамысты сүйемелдеген, әрі олжаға қанған Витовттың әскері де Ұлы бидің қадамынан хабардар болса керек, тез жиналып, әріге, өз жеріне қарай жедел жылжып кетті.

Токтамыстың Азу, Қуаң өзенінің бойындағы алаш ауылдарына жасаған зорлық-зомбылығы Қырым халқының да ашу-ызасын туғызған. Ақыры Темір Құтлық ханнан тархан атағына ие болған Қажы Байрам ұрпақтары бас көтеріп, қырым ұлысын соңына ертіп, Токтамысты қуып шықты. Отанынан пана таппаған ол тағы да литва патшасы Витовтқа жеткен. Витовт сыбайластық қатынасын үзгісі келмеді.

- Токтамыстың татарларының өмір сүруі үшін шекараға жақын Канев ауданы бөлінсін, - деген жарлыққа қол қойды ол.

- Токтамыстың өз мен отбасы үшін ше? - деп сұраған елшісі.

- Ол үшін Лида қаласы берілсін.

Витовттың бұл ісіне литва боярлары аса риза емес еді. Қайдағы бір қашқын татарға осыншама жер берді деп күңкілесті. Бұлардың ойынша осыншама байлықты бергеннен гөрі, өздерін құл еткен ыңғайлы сияқты.

- Токтамыс біз үшін аса қажетті адам, - деген уәж айтты алысты болжағыш Витовт.

- Оның қолынан не келеді?
- Келмес ісін біз келтіреміз.
- Сонда ұтарымыз не?

- Тоқтамысты жақтаушылар әлі бар. Жоқ болса бар етеміз. Алтынға қызықпайтын адам жоқ, солар оны жақтап шығады. Анау орыс та Тоқтамыстан күдер үзген жоқ. Бәрін пайдалансақ Орданың тағы біздің қолға түседі. Хан тағына енді ие болған Тоқтамыс біздің қолдағы қуыршақ деп біліңдер. Оның сүйеніші тек қана біз. Сонда біздің патшалыққа сонау Шыңғыс ханның жері кіреді дегенге сену керек.

- Орыстар ше?

- Мәскеу, Новгород, Тверь, Нижгород дегенді осы Орда қолымен өзімізге біржола бағындырамыз.

Алтын Орда жеріне тыныштық болмады. Бір жағынан Витовтқа сүйенген Тоқтамыстың жортуылшылары түре тиісіп, кейде Тоң өзеніне дейін жетіп, тонап жүрсе, сол Тоқтамыстың азғыруымен олжа іздеген орыстың баскесерлері топ-топ қол жасақтап, Қазан төңірегіне жетіп, Башқұрт ауылдарын шауып кету жиіледі. Қотанда жатқан қойға шауып тұра қашқан қасқырдай кезек-кезек шабуылдаған олардың ізіне түсіп, қуғындауға да мүмкін болмайтындай жағдай туды. Тоқтамыстың көзі құрымай бұл қатерлі жағдайдан құтылу мүмкін еместігіне барша жұрттың көзі жеткен.

Темір Құтлық хан Витовтқа хат жолдады. Ханның аузынан шыққан сөзді хатшы айнытпай хатқа түсіріп, енді қосарыңыз бар ма дегендей тосылып, сиясын кептірді. Хан оның жазғанын қайта оқытып, тыңдады. «Витовт патша. Бізге қашқын Тоқтамыс ханды ұстап бер. Оның жер бетінде, сенің қарамағында тірі жүргенін көргім келмейді. Онiкi не өмір, күндіз патша, таңертең қашқын, бүгін бай, ертең қайыршы, күндіз дос, ертемен дұшпан, ол басқа түгілі өз адамдарына қауіпті. Хан

Тоқтамыс зұлым жау, сол себепті бізге ұстап бер, әйтпесе өзің де қатер».

Темір Құтлық хан тағы бір оқытты да, хат соңына мөрін басып, жаушы белгісін таққан жігітін Витовтқа аттандырған. Күні бүгінге дейін еш пайдасын көрмеген Тоқтамысты Витовт ұстап берер деп үміттенді. Алтын Орда әлі де іргелі мемлекет. Онымен жауласа беруді жөн санамас, келісер деген.

Витовттың Польша мен Литваны біріктірген қызулы шағы еді. Арғы жағында арқасын тірер неміс, рум, фаран, сияқты отты қарулы қалың католик елі жатыр. Неден қаймығады? Далада мемлекет құрған Алтын Орда деген жасқанатын күш емес. Қайта соның бір ханын екіншісіне айдап салып, қуырдақ піскенше алақанына оттың қызуына тосып отырғанға не жетсін. Бүгін нағыз кезі. Өзі пісіп, ауызға түсіп тұр. Ендеше деп немістің тевтон орденінің рыцарьларын шақыртты. Орыс ұлысының Ордамен қаны қас Мәскеу, Новгород, Нижгород княздерінің полктары да келіп жатты. Киевке жиналған жер қайысқан қол Витовтты тіпті рухтандырды. Неміс те, поляк та, литва, орыс та осында. Мұндай күш бұрын-соңды Алтын Ордаға қарсы жиналып көрмеген. Витовт Темір Құтлыққа «Мен де сені көруге құштармын» деген жауап хат жолдаған. Витовт басқарған, көк темірмен қаруланып, отты қару асынған нөпір әскер Алтын Орда жеріне қарай ұрандата аттанды. Сондарынан ілескен арба-арба жүк тиеген көліктердің өзі көш жерді қамтыған-тын.

Қапылыста қалған Темір Құтлық хан алты алаш жұртынан қол жиып үлгермеді де татар, башқұрт, ноғайға кісі шаптырды. Сондай бір хабаршы Ұлы биге де аттандырылған. Қажы Тархан мен Сарай, Жайық бойынан жинап үлгерген әскерімен қарсы аттанған Темір Құтлық Борсықты өзенінің бойында Витовттың

калық қолының алғашқы полктарымен ұшырасты. Хан Витовтқа өзінің онымен еш араздығы жоқ екенін, бітімнің қай нұсқасына болса да көнетінін айтып хат жолдады. Онысы сонау Қыпшақ даласының төрінде жатқан Едіге бастаған қол жетіп үлгерсін деген айла еді.

Тіпті, салық төлеуге де ризамын деген ханның хаты Витовттың қабағын жібітті. Шайқассыз-ақ Алтын Орда тағына ие болатындай көрінген Витовт патша өзінің шартын қойған хат жіберді.

Темір Құтлық хан сыр бермей, сыздана отырып Витовт хатын тыңдады. «Сен мені әке деп таны, салығыңды төлеп, ақшаңа менің атымды жаз, туыңа тамғамды басып көтер де, бағынғаныңды білдір» депті Витовт. Темір Құтлық соңына дейін зорға шыдап тыңдады. Қапылыста, соғыс жарияламай тап берген, мына Витовттың құтырынуын-ай деген іштей. Тап қазір жауабын бермесе, кеш қалады. Өзінен бес есе күші басым мына жаудың отты қаруының өзі жайпап түсіреді. Витовт елшісін бірер сағатқа бөгеле тұруын өтініп, кеңес құрды.

- Не деп жауап берген дұрыс? - деп сауал тастады.
- Мыналар сұмдық көп қой, қырып салар.
- Қырып тастайды деп бала-шағаны көзіміз тіріде осыларға береміз бе.
- Шайқасып өлейік.
- Жоқ, басқа жол іздейік.

Дауласып барып тынған жұрт Темір Құтлықтың Витовттан үш күн мұрсат сұрайық дегеніне көнген. Татарлар уысыма түсті, енді нокталап айдаймын деп менменсіген Витовтта хан ұсынысын қабыл алды. Темір Құтлық хан бар жағдайды айтып, жүрісті ширатуының қажеттілігін тапсырып Ұлы биге тағы кісі шаптырды.

Арқаның сары белдерінен сызатып таң білінген шақта қозғалған қол үдере тартып келе жатқан. Қол қанша

жинақы байсалды көрінгенімен асығыс екені де назардан тыс емес. Найзалары жарқылдап күнмен шағылысқан қол қай жағынан қарасаң да тас-түйін. Өкше ізі сонау Ұлытау жағынан басталған қолдың бет алысы күн батыс. Мына жаугершілік өршіп тұрған заманда аса сақтықты да ұмытпай, шолғыншыларды ілгері оздырып, суыт тартып келеді. Жайыққа жете алдан Темір Құтлық ханның жаңа хабаршысы жетіп, бар жағдайды баян етті.

- Уақыт тым тығыз екен, - деп Қажы Мұхаммед тіксінді.

- Қайтсек те сол Борсықтың айтулы шақта жетуіміз керек, - деп Аңдысын жүзін суытты.

- Барша жұртқа бар жағдайды баян етіндер. Енді ұзағырақ тынығуға уақыт та жоқ. Ат үсті мызғып, күндіз-түні бірдей жортамыз, - деген Ұлы бидің тұжырымын бар қол қабыл алды.

Құба жондары сай-сала, сансыз өзеке толы жолда арбаның қолайсыздығы анық білініп, қажетті жүкті тең-тең етіп түйеге артып, жүріс тіпті жылдамдатылды. Қолдың азығы ретінде бірге айдалып келе жатқан жылқы табыны алға оздырылып, бір тоқтаған жерде қойлардың біразы сойылып, әр сарбазға үш күнге жетерлік азық иіскен ет, қуырдақ түрінде қоржынына салынған. Ерулі аттарына ауысып мініп күндіз-түні жортса да бұлар өте сақ еді. Күн батыс жақтың бар елі соғатын борандай түнеріп келе жатқанда тиіп-қашар жау дегенің жар астынан шыға келуі бұлар үшін таң емес. Бұрын орыс ұлысы атанып, Алтын Орданың бір елі есептеліп келген княздардың ендігі өзгеруі талай жағдайды ұқтырғандай. Олар бұрын-соңды болмаған оғаш мінез көрсетіп жатыр. Шет жайылған алаш ауылдарына маза беруді қойды. Мынау менікі деп татар, башқұрт мекендеген алаштың қоныстарын тартып ала бастады.

Бір қараған адамға Ұлы би кең далаға, сағым ойнаған жазираға құмары қанбаған адам сияқты, ауық-ауық үзеңгіге аяғын тіреп, мойнын созып, көк майса жасыл өлкеге үзіле қарап, шалғының дәру исін қомағайлана жұтады. Көз ұшында кетіп бара жатқан топ киіктің үйірінен көз алмай, көл жағалап ұшқан сары ала қаздың қаңқылына құлақ түріп келеді. Жаны далалық адамның санасын жаулаған осы көрініс жүрегінен орын тепкен.

- Түске таянған шақта алдыңғы жақтан тұманданған шаң көрінді. Шаңның арасынан әлсіздеу дауыстар да жеткен Келесі бір сәтте шаң көтерген қалың аттылардың да нобайы көзге шалынды. Жақындап қалған көп аттылардың ішінен екі-үш салт атты бері қарай жосылта салды.

- Ұлы би, мен білсем мыналар татар, башқұрт бауырларымыз, - деп дауыстады Қажы Мұхаммед. Сол жосылтқан күйі шағын өзектен өткен ірі денелі, жалпақ бет мыңбасы Ұлы бидің алдына жетіп, ат тізгінін тартып, ат үсті сәлемге бас иді.

- Ұлы Едіге би, — деген дауысы саңқ етті. - Мынау келген татар, башқұрт туыскандардың қосыны. Бізге Темір Құтлық ханның хабары кеше ғана жетті. Табан асты жиналып, жеткеніміз осы. Соңынан тағы келе жатар деген үміттеміз. Қабыл алыңыз.

Ұлы би жақындап келген мыңбасы Рахимді ат үстінен құшақтап, жауырынынан аса ризашылықпен қақты.

- Рахмет, бауырым. Отан біздікі, оған салған өртті өшіретін де біз. Алла қолдасын.

- Тіріде туымыз бірге, Ұлы би.

Қолдың алдында келе жатқан Ұлы би іштен тына күрсінді. Ағайын мынау, бір тудың астында бірге боламыз деп жатқан. Ағайынға, отанына жау іздеген Тоқтамыс анау. Жаудың бетін қайтарар, түбі не болады.

Өзінің осындай жорыққа мінетін құла жорғасының үстінде егделеп қалған Ұлы би қаққан қазықтай тіп-тік отыр. Ірі денесі мен келбеті жүзіне сәл бурыл тартқан мұрты жарасымды көрік берген. Ұлы бидің соңында андысын досы, Қажы Мұхаммед, Түнболаттар. Мына қолдың ішінде өзімен бірге сан жорықта болған сарбаздар да бар. Көпшілігі бұл өңірге бірінші рет ат ізін салушылар, көңілдері алаң сияқты, айналаға таңырқай қарасады.

Осынша қолдың Еділден өте шығуы да уайым еді. Өткел іздеуге де, сал жасап жатуға да уақыт жоқ. Өздеріне аса сенімді жүздіктің жігіттері қару-жарағы мен киімін қанжығаға байлап, дарияның суына қойып кеткен. Олардың ізімен айдаулы жылқыны да өзенге салды. Қолдың біраз сарбаздарының күні бұрын қамданғандары да бар екен, бітеу сойған қой терілерін үріп, соны төстеріне байлап, ат жалына жабысып өтті.

Алдыңғы топпен өткен Ұлы би киімін сілкіп киіп, үнемі әр іске дайын жүретін қағілездеу Түнболатқа:

- Әзір аманбыз. Арқаны кеңге салуға болмас Жаудың қай тұстан соғарынан да хабарсызбыз. Жаныңа біраз адамды алып, ілгері жақты шолы, - деген.

Іле су сорғалаған киімдерін сығып киген оншақты жігіт желе-жортып, ілгеріге қарай озып бара жатты.

Түнболатқа бұл өңірдің жері таныс емес. Шоқ-шоқ орманы бар мына даланың қай тұсынан қапылыста жау шыға келуі мүмкін деп жалтақтаулары да тегін емес.

Судан өткен қолдың алдын Ұлы би тоқтатпады. Қосақ аттарын ауысып мінуге ғана мұрша беріп, жүздік, мыңдықтардың қатарын бұзбай ілгері аттандырды. Аттары аса жүйрік бес адамды таңдап, Темір Құтлық ханға хабаршыға аттандырды.

- Шыдасын деңдер. Жаудың жағдайын жансыздарын жіберіп біле берсін. Ал, аттаныңдар.

- Әрқайсысы жетегіне тағы да екі-екіден ауысар ат алған хабаршылар шоқыта шауып, ілезде көзден ғайып болды.

Жылқыдан қос-қос ат ұстап мінген қол үшінші күні Борсықты өзенінің бойындағы Темір Құтлық ханның қосындарына күн-түн қата жүріп, зорға жетті. Жай келген жоқ жолшыбай тағы да татар, башқұрттың, ноғайдың соңынан қуып жеткен мыңдықтарын ала келген. Соңғы үш күнде ат үсті ғана мызғып, дем алғансыған қол, шара-шара қымыз ішіп, басқа асқа қарамай, тоқымдарын төсек етіп, жантайған. Темір Құтлық ханның жорық үйінде хан Ұлы би мен оған ере келгендерді қарсы алып, әуелі сусын ұсынған. Бесті қымыз буынына түсіп кетті ме, Андысын серпілді.

- Бітер істің басына, жақсы келер қасына деген, - деп отырғандардың әрқайсысын сынай шолды, - шөп ескі, қымыз бесті бопты. Енді ет келгенше жағдайды біле отырайық.

Үш күн бойы ат үстінде лоқылдаған Түнболат ішек-қарнын жия алмағандай мықшиып жатыр еді, басын көтерді. Жол бойы құрдастығын айырған Рахымға тиісті.

- Жемсауына құнан қойдың еті сиятын мынау бірдене дер, - деп күлді.

- Е, толғатқан келіншектей боп жатқаның соның қайғысы екен ғой, - деп қағытты оны Рахым.

Екі құрдастың қалжыңы көңілге жадыраңқы шуақ енгізген. Созыла түсер ме еді, Ұлы би тыйды.

-Жә! Ал, енді Ұлы хан, жағдайды баянда.

- Мынау Борсықты өзені, - деп Темір Құтлық тәшпиғын ұзынынан ирелендете тастаған, - бергі жағалауда біз тұрмыз. Арғы бетте олар. Олар жер қайысқан қол

- Шолғыншыларың не дейді? Қарулары қандай екен?

- Ол жағына қанықпыз. Күркіреген зеңбіректерінің өзі он шақты. Онан соң әркімнің қолында жеке атар

мылтықтар да бар көрінеді. Онысы ана поляк пен литва әскерінің қолында.

- Немістер қанша адам?

- Оларды рыцарь деп атайды. Бір полк. Бақайынан басына дейін кигені темір сауыт. Бір тесігі жоқ. Мінген аттарының өзіне, садақ оғы тиер, не найза шаншылар деген тұсына кіреуке кигізіп қойған.

- Ойпырым-ай, не керемет, - деп Түнболат таң қалды.

- Жылжымалы тірі қамал десейші, - деп Андысын басын шайқады.

- Арадағы сөз қандай? — Ұлы би Темір Құтлыққа қадала қарады. Хан Витовттың хатын оның қолына ұстатқан. Оқыған сайын Ұлы бидің жүзі күреңітіп сала берді.

- Мұны орындағаннан өлгеніміз артық. Алтын Орда қолдан жығып беретін қайыршының қосы емес, ол бәріміздің ұлы мекеніміз, ұлдарына ақ жол тілеген ата-анамыз.

- Өзіңді тосып жатқанымыз да сол үшін ғой, - деп Темір Құтлық қабағын түйді.

- Әйтпесе осы жерде мына дұшпанмен өлісе беретін едік.

- Витовтқа жаңа жауап жазайық, шақыр хатшыңды.

Есіктен еңкейе кірген хатшы жүгініп отырған қалпы қағазын жазып, қаламын ұстады.

- Жаз! - деп бұйырды Ұлы би. «Ержүрек княз Витовт. Жасыңыздың үлкендігіне орай біздің патшамыздың сені әке деуінде әбестік жоқ. Міне, енді мен келдім. Енді сенің жасың менен кіші болғандықтан сен мені әке деп танып, басыңды и де, ақшаң мен туыңа менің мөрімді бас».

Хатшыға жазылған мәтінді қайта оқытты да Ұлы би айналасына қарап:

- Қосарларың бар ма? - деген.

- Дұрысы осы ғой.

- Мұнан артық не дейміз.

- Осынша күн Алтын Орда тағынан дәмеленіп жатқан Витовт мұны оқығанда жарылып кетпесе не қылсын. Бейшараға жаным ашып отыр, - деп мысқылдады Аңдысын.

- Онда қазасына бата оқыр жасай берейік, - деп Қажы Мұхаммед езу тартты.

Ас дайын болғанша ғана көз шырымын алған Ұлы би түменбасыларды шақырып, кеңес өткізген. Бәрінің пікірі Борсықтыдан шегінбей, табан тіреп соғысуға сайған. Үнсіз тыңдады.

- Шегінеміз, - деп шегелей сөйледі Ұлы би.

- Неге? - десіп шу еткен.

- Біздің мақсат-шайқасты тепе-тең аяқтап, жауды кері қайтару емес, осы жерде күйрету. Ол үшін біздің қосындар тұрған жер қолайсыз. Дұшпан өзеннен бері өтсін. Сонда ғана бізге айнала соққылауға ыңғайлы жағдай туады.

- Бұл дұрыс шешім, - деп қостады татар-башқұрт қолын басқарған Рахым.

- Зеңбіректеріне не айла жасаған дұрыс? - Қажы Мұхаммед тістене күбір етті.

- Темір-Құтлық ханның әскері ұрысқа қатынаспайды, - деген Ұлы бидің жүзіне бәрі аңтарыла қарады, - ол қолды сен басқарасың, Қажы Мұхаммед. Түннің бір уағында сыбдырсыз жылжып кетесің де, мынау орманның арғы жағына жасырынасың.

- Иә, - деді Қажы Мұхаммед өзеннің бейнесі ретінде ирелеңдей салынған ташпиғқа үңіліп, - мына тұс па?

Ол Ұлы би орман ретінде қойған ұсақ тастарға үңілді. Орман өзеннен тым әрірек жатқан сияқты.

- Орман әріректеу. Бірақ ол Витовттың шолғыншыларының көзіне түспеуге жақсы. Ұрыс қыза келе бері жылжисың. Ол кезде дұшпанның саған назар салуға шамасы келмей жатады. Назары ауған шақта олар зеңбіректерін бұрып үлгермейді.

Сол күннің кешінде Алаш жұртының қолы жаппай шегіне бастады. Мұны көрген Витовт «татарлар қорқып қашудың айласын ойлап жатыр» деп, Борсықты өзенінен әскерін жаппай өткізгенде ордалықтардың қозы-көш жерге қайта бекінгенін байқап, қолды қайта жасақтады.

Тамыздың он екісі күнгі таң тып-тыныш. Үп еткен жел жоқ. Шырқау биікке шыққан бозторғай әлемнің әсемдігіне таң қалып, ән шырқап тұр. Көктегі шөкімдей бұлт жай ғана ығысып бара жатқан. Таңғы асын ішкен қол сап түзегенше күн арқан бойы көтерілген. Ұлы би қарсы жақтағы жау қолын ұзақ шолды. Ортадағы жарқ-жүрқ еткен көк темірлі рыцарь полкі екеніне дау жоқ. Зеңбіректері сол тұста болар. Витовт бар күшті ортаға шоғырландырыпты.

- Ғазиз балам, — деді Ұлы би ұлына, — мен сені тіке ажалға айдап тұрмын. Анау рыцарьлар. Соларға қарай мыңдығыңмен шабасың. Сен жақындағанда зеңбіректен оқ жаудырап. Мындық жақындаған сайын тобын ажыратып, шашырай шабындар. Зеңбірек күркірі естіле, садақ оғын жаудырып, кері қашындар.

- Құп, әке. Еш қам жеменіз. Ажал Алладан.

- Рахым, - деп бұрылды Ұлы би, - сенің түменің оқ бойы кері отырады. Сендер де қашқан болыңдар. Тек ат басын кері бұрылуға әзірленген дұрыс. Витовт ұрысты өзі бастағысы келгендей. Көк темірдің сақыр-сұқыр еткен дыбысы миды шағып, рыцарь полкі аяңымен бері жылжыған. Тәрізі анау үшкір тұмсығымен Орда әскерін қақ жарып өтетіндей. Дабыл қағылды.

- Ұр! Ұр!

- Соқ! Соқ!

- Аллаһу әқбар-лап шапқан Ғазиздің мыңдығының қайқы қылыштары күн нұрымен ойнап, ашық күндегі найзағайдай жарқылдаған. Ғазиздің мыңдығының соңынан айғай-сүрең көтеріп аттанған түмен әскердің шаңы көкке көтерілді. Кенет рыцарьлар бір жағына

ойысқан. Тасада тұрған зеңбіректер үңірейген аузынан кезекпен-кезек түтін құсты. Бытырай жөнелген Ғазиздің мыңдығы әлі ілгері шауып бара жатыр. Ортаға түскен ажал доптарынан атымен қоса төңкеріліп түскендерді көріп, Ұлы бидің жүрегі қан жылады. «Әй, Ғазиз балам-ай, сенің де ажалың осында шығар» деді әке үні. Жалт бұрылып үлгерген мыңдық садақтан оқ жаудырып, кері қарай қашты. Рахымның түмені де ат басын іркіп, қашқан сыңай танытып, желе-жортқан. Ат тұяғымен зеңбірек добынан көтерілген шаң ұрыс алаңында көзге түрткісіз еткен.

Кері жөңкілген орда әскерін көрген рыцарьлар енді болмаса олжадан құр қалатындай әсерге енді. Әрі әр рыцарь өзінің батырлығын көрсетіп қалуға мұнан ыңғайлы жағдай жоқтай. Пәлен рыцарьдың керемет ерлігі деген атақ барлық Еуропаға жайылмай ма. Асқан құрметке де иелік ететіні даусыз. Рыцарьлар бірін-бірі итермелей алға ұмтылысты. Жылжымалы темір қорғандай қаһарлы сап бұзылды. Қашқан Орда сарбаздарын қуып жетпекке ұмтылып, аттарын сабалап, бытырай шауып шыға келді.

Ұлы бидің күткені де осы шақ еді. Өзі мыңдығын бастап, алмас қылышын найзағайдай ойнатып, рыцарьлар полкінің бүйірінен тиген. Ауыр темір құрсанып, ебедейсіз қимылдап, аттарының басын бұрып та үлгермеген рыцарьларды шокпармен соққылап, ат омырауымен қағып, ат-матымен төңкеріп тастаған сарбаздар сүт пісірімге жеткізбей ұйпап жіберді. Тағы да зеңбірек күркіреп, ажал добын құсып-құсып жіберді де оның соңынан Витовттың жер қайысқан қолы шабуылға шықты.

Рыцарьлар тобын жайпап тастаған соң бір жүздікті ғана соңына ерткен Ұлы би биіктеу жерге шығып, шайқас алаңын жіті шолған. Зеңбірегі тоқтағанымен гүрс-гүрс мылтық атып, ажал оғын сепкен Витовт қолы

еңсертер емес. Кей тұста тіпті үстемдік алып бара жатқандай. Ұлы бидің көңілі алаң. Дұшпан қолының ту сыртынан жіберген Қажы Мұхаммед қайда? Неге үнсіз жатыр? Майдан даласы шешуші шаққа жетті емес пе. Түс ауып кетті, әлі онан белгі де жоқ. Кенет дұшпан қолының ту сыртынан өрт шықты.

Шайқастың әбден қызған кезінде дұшпанның ту сыртынан тап берген Қажы Мұхаммед қолы зеңбірекшілерді тапап өтіп, отты қарудың өзін төңкеріп-төңкеріп тастаған да, жүк тиеген арбаларға ұшына от байланған оқ жаудырған. Көліктерді қорғап тұрған полк өрт сөндіріп әлек. Ақыры сөндіре алмастарына көздері жетіп, атқа қонып, оқ жаудырған жүздікке ұмтылған. Жүздік тұра қашты. Қашқандарды қуып жетіп, қырып салмақ еді, кенет орман арасынан шыға келген қалың сарбаздар тобы қайта жолдарын да киып тастап, қоршауға алды. Ұрыс ұзаққа созылмады. Полк сүт пісірімдей уақытта тегіске жуық жер жастанған. Қажы Мұхаммед сарбаздары сол бетінде Витовт әскерлерінің көк желкесінен тиіп, қанды қырғынға араласып кеткен.

Кескілескен ұрыстың айқай-ұраны төбеде тұрғандарға да жетіп, қандарын қыздырғанын Ұлы би де сезініп тұр. Аттары тықыршиды, өздерінің қарулары да жиі соғыса берген. Кенжесі Жаксыбайдың да қаны басына шауып, қолы қылышының сабына жиі барып қалады. Шайқастың бір сәттегі қимылдары бірте-бірте Ұлы би тұрған төбешікке қарай ойысты. Бір жүздікке ие болып, алаш сарбаздарының шабуылына қарсы тұрып жүрген еңгезердей көк көз сарының қимылы еріксіз өзіне назар аудартқан. Мына қимылдарымен қоршаудан шығып кететін түрі бар еді, бірақ олар қасарысып Ұлы би тұрған биікке қарай жол ашуға тырысып бақты. Ұлы биге төнген қауіпті байқап қалған Түнболат өз жүздігімен еңгезердей сарының жолын кес-кестеген. Жанталасқан арпалыс көз алдарында өтіп жатыр.

Дұшпан жүздігі бой берер емес, Түнболат жүздігінің арасынан жол ашып, төбеге жақындап-ақ қалды. Жақсыбайдың қылышына жармасқан қолын Ұлы би ұстай алды.

- Асыкпа, - деді де артында тұрған жүзбасыға бұрылып, дұшпан жақты нұсқап, иек қақты.

- Мен де барайыншы, - Жақсыбайдың үні еркелей шықты.

- Жөнел ендеше.

Қамшы тиген аты аспанға секіріп, оқша зулай жөнелді. Қым-қиғаш айкастың ішіне енген Жақсыбайдан Ұлы би көз жазып қалды. Оның назарына толық қоршауда қалса да қарсылығы басылмаған дұшпанның соңғы айкасына ауған. Енді оларға тірі қалуға үміт жоқ. Бірен-сараны болмаса мылтығынан оқ атып жарытып жатқаны да шамалы.

Өзеннің арғы бетіне шыққан бір топ адамның құла дүзге қарай қашқаны көрінді. Қуып бара жатқан да ешкім көрінбейді, сонда да аттарын сабалап, безіп барады.

- Анау Витовт кой, - деп қалды сол топтан көз айырмаған Андысын, - әскерін тастап, бас сауғалап барады.

- Қап! - Ұлы би екінді. - Қолға түсіру керек еді.

Тоқтамысты соңына ерткен Витовт аз ғана адаммен қашып құтылса да, қоршаудағы қолы толық опат болған. Ұлы би өзінен әлдеқайда басым, әрі отты қаруы бар жаумен айкаста өз әскерінің де шығыны мол екенін көрді. Өрімдей жастар да, сакалына ақ кірген сарбаздар да ұлы шаңырақ Алтын Орда үшін жанын пиде етіпті. Бәрін ақ жуып, арулатып, намазын шығарып, жер қойнына тапсырған. Қолға түскен мол олжа тіріге де, өліге де бірдей бөлінді. Қол тарады. Өз басы осы олжадан бір суыртпақ жіп алмады. Көңілі әлі күпті. Арқаға жетіп, Ордасында дем алғандай еді.

Енді тыныштық орнар деген сенімнен гөрі күдік басым. Ажал қанша төнсе де уысынан сусып шығып кете берген Тоқтамыс шыр айналып, Сібір өтіп кеткенін естіді. Енді сол жақтың жұртың дүрліктіріп жүрген тәрізді. Балалары Жәлеледин мен Керімберді Мәскеуді барып паналапты. Борсықтыдағы соғыста орыс ұлысы өзінің кімді жақтайтыны анық болған. Тоқтамыстың екі баласының сол жақта болуы тағы да жаулықтың өртін тұтату емес пе. Борсықтыдағы қырғын шайқастан кейін енді орыс жұртына аттанып, сазасын берер күш те жоқ. Енді бір оншақты жыл тосып, алаштың он жасар ұлының найза ұстар шағын күтуге тұра келеді. Алтын Орданың іргесі енді шайқалмастай бекітсем деп еді, уақыт енді мүрсат берсе игі.

- Ордадан хабаршы келіп тұр, - деді есіктегі жігіт.

- Кірсін.

-Ұлы би.., - деп хабаршы алдына құлай кетті. - Хан ием... Хан ием дүниеден өтіп кетті.

Ұлы би қанша қайратты жан болса да осы жерде бір осалдық ұстаған. Иығы селк етті. Суық хабардан көңілі бұзылып, көзінің алды қызарды. Сонан соң әлсіздікке бой алдырғысы келмегендей басын шайқап, маңдайын сүйеп, әлденені шеше алмағандай ойлана теңселді. Шешім қабылдау керегі анық. Ендігі шешімінде жаңсақтыққа орын жоқ. Алтын Орданың тағдыры тағы да қылыштың жүзіне түскендей.

Кермедегі құла жорғаға мініп, Ұлытауды бетке алып, сыдырта жөнелді. Шаңқай түсте мұнартып тұрған таудың ат жетер жердегі биігіне дейін шығып, шылбырды соңынан қуа келген жігітке тастап, әрі қарай жаяу өрмеледі. Тіп-тік шыңның басына демігіп шықса да, Ұлытаудың жотасын бойлай ескен самал жел денесін аймалап, бар шаршағанын суыртпақтай суырып әкете берді. Осы шыңнан шығысқа қарай тау жотасы біркелкі созылып жатыр. Арқаның осы тауының алыптығын да,

анаңдай аймалаған шуақты жылылығын да Ұлы би осы шыңға көтерілген де үнемі сезетін. Шыңның басы жалтыр тас. Жалтыр тасқа малдасын құрып, сонау кіші тау, Алтын шоқыға, Ешкі өлмес, бұйрат-бұйрат адырларға, арманға толы мынау дүниеге үзіле қарады. Ендігі бір сәтте бәрі де көз алдынан ғайып болып, ендігі кезекте туындалар уақиғалар шаңдатып, бұрқыратып тізбектеліп келе берді.

Темір Құтлық ханды өлімге қияр емес. Сонау алыс-алыс шақтардан бері талай уақиғаларды бірге өткізген сенімді дос еді. Ұлы би жиенім өлді деп өкінген жоқ, бұл жалғаннан кім өтпейді. Жоқ, ол Алтын Орданың іргесін бекітуге өзімен бірге күресе білгең хан тағына енді бекем отырған адамның, енді ғана қол жетер мүмкіндік туғанда арадан кетіп қалғанына іші удай ашыды. Мемлекетті емес, елді емес, тек хан тағы үшін арын да, бәрін де сатқандардың алдын енді қалай аламын деп қам жеген. Темір Құтлықтай сөзге түсіне алатын, пайымды хан енді табыла қояр ма?

Ұлы би тағы да екінші рет қайталанбас сын сағатының, үлкен өзгерістер туар шақтың алдын тосқанын түсінді. Осы өзгеріс сәтті кім қалай пайдаланбақ. Кімнің қандай айла-тәсіл ойлап жатқанын, нені өлшеп-пішкенін бір ұлы жаратушыдан басқа кім біледі. Жазмыштан озмыш жоқ шығар, дегенмен де қай істің алдын алу жөн де. Асығып аптықпас, жайбасарлыққа да жол жоқ. Осы жасында, осы дәрежесіне небір шытырман уақиғалардан өтіп, талай шайқастарды басынан өткізіп жетті. Сондағы жетекшісі сол шақта бұлдырап көрінген арманы еді. Сол бір ұлы үмітті қалыптастырған білімдар әкесі өмір жолында кездестірген данагөй ақсақалдар. Арманының ақшыл бұлты Алтын Орданың киелі шаңырағы, талай ұлыстар мен бөтен жұрттар сыйып кеткен кең керегесінің бүтіндігі еді. Енді де одан көз жазып қалмақ емес.

- Тақ таласына жол беруге болмайды, - деді Ордасына қайта оралған Ұлы би.

- Уа, құдайым, тағы сондайлар шығып па еді? - деп Шәуешек би уайым төкті.

- Бүгін шықпаса, ертең бой көрсетеді.

- Тақ үшін қан төгіскен заманға дәл келгеніміз-ай, - Қажы Мұхаммед өкінді.

- Өкінішпен іс бітпес. Соңымыздан еруге бір-екі жүздікті дайында, - деп Ұлы би Қажы Мұхаммедке тапсырыс берді. - Ертең ертемен аттанамыз. Бәрі де қосалқы ат мінсін.

Суыт жүріп, Алтын Орданың бас қаласына жеткен. Темір Құтлық хан жерленіп те қойылыпты. Ел абыр-сабыр. Кімнің хан тағына отыарын болжамдап, дауласқан жұрт. Токтамыстың өзі болмаса да балаларының бірі болу керек дескендер де бар екен. Сірә, таққұмар ханның баққұмар балаларының да жансыздары таратып жүрген қауесет шығар. Хан тағына біреуді отырғыза қою да мұндайда оңай емес. Кешегі бір өткен шақта Темір Құтлықты хан тағына отырғызуға Ұлы би өзі басшы болса да, бір жағы Әмір Темірге сүйенген. Ол саясатынан қателік көрмеді. Темір Құтлықты өз адамы есептеген ұлы Әмір Дешті Қыпшақ даласына көз алартпады. Енді қайтпек керек?

- Енді қайтпек керекті? - ере келген көңілі біргелермен бөлісті.

- Сол жағына қиналып отырмын, - Шәуешек би сақалын салалады. - Аса таныстығым да жоқ.

- Тап Темір Құтлықтай пайымды жанды көрмей отырмын, - деп Аңдысын сырт айналды.

- Алып елдің тізгінін ұстар ендігі пенде әрі ақылды, әрі батыр болар ма еді, - деп Қажы Мұхаммед арманын ортаға салды. - Жауды жеңсек те, дұшпан күйреген жоқ.

Ұлы би көп ойланды. Тақ маңында жүргендерді тегіс сарапқа салды. Енді кім ие болып қала алады мынау елге деген уайым жанын жегідей жеді. Сіркесі су көтермей, жоққа шамырқанатын, нілдей бұзылатындай еді. Тақ маңында жүріп, өсек тасудан аспаған дұңкиген біреу қайта-қайта кіріп шығып жүрген. Соның май басқан құж-құж желкесі мен тебінгідей құлағы, бақаның көзіндей мәнсіз адырайған жанарына қарап, «ия пірім, осылардың да бас биліктен үміті бар-ау» деп түршікті. Темір Құтлықтың соңы тозған ауылдың жұртының артында қалған күл-қоқыстай екен.

Осынша жылдардың ішінде ұйып отырған елдің іргесі бұзылып, басы мен аяғы көрінбейтін берекесіз тірлікке ауысып кете ме деген ой маза берер емес. Елдің басында ел сөзіне ұйитын, ісіне риза болатындай адам отырмаса әй дейтін әжесіз, қой дейтін қожасыз бет-бетімен өріп, отырған орнында ұйықтап, жеткен жеріне жамбастай салып жүргенде енді қай дұшпан басына нөкта кигізіп әкетеді деген уайым төсегінде дөңбекшітті.

- Шәдібекті хан тағына отырғызамын, - деді ертеңіне Ұлы би.

- Шәдібекті..., - деп таң қалды Қажы Мұхаммед.

Қажы Мұхаммед қате естіген жоқпын ба дегендей Ұлы бидің жүзіне қарады. Шәдібек... Би жоқта... деген бір мәтел аузына түсіп кетсе де, оны кері жұтты. Өзі ісіне өзеурегені болмаса, кісі ісіне Шәдібектің қайырылып қарағанын көрген емес. Түбі қайырлы болсаигі еді. Ұлы бидің бір есебі бар шығар.

- Ендігі тақ билігін мұрагерлік жолмен бермесек, қырғын тоқтамас. Шәдібек Темір Құтлық ханның үлкен ұлы. Сол отырсын таққа.

- Ә, солай ма? - деді Шәуешек би дұдамал үнмен.

- Таққа ие болар. Қатесін түзер біз бармыз ғой бұл елде.

- Ә, солай де, - деп Шәуешек тағы басын шайқады.

- Ел тыныштығын ойласақ Әмір Темірді де ескеру керек. Темір Құтлық ханды Әмір де қолдаған. Оны Тоқтамысқа қарсы күш деп таныған. Тоқтамыс әлі тірі. Сол тірі дұшпанға қарсы шығар енді Шәдібек болмақ. Тап ертең Әмір Темірдің күдігін сейілту үшін мол сыйлықпен елші аттандырамын.

Ұлы би Шәдібекті хан тағына отырғызу рәсімін өткізіп, жаңа ханды ел ішіндегі жағдай мен сырттың пейілі, қарым-қатынасымен таныстырып, апталап жатып барып, ордасына оралған. Жаз өтті. Бірде тұман, бірде қарашаның қар мен жаңбыры аралас қара күз де бігіп, аспанда Қамбар жұлдызы туа суықтан бүрсектеген балаларына тон кигізген ел, жаздай соныға жайылып, майдан жүре алмайтындай болған малын қысқа сақтаған қорықтың шетіне таяп, өздері қыстау-қыстауға жайғасқан. Арқаның қысы қатты. Ауыл-ауылдың арасына салт аттыдан басқа қатынас жоқ. Аппақ қар жамылған дала ұйқысырап жатқандай. Жазғы у-шудан қалған белгі көктегі бүркіт, жердегі түлкі, қасқыр. Ат аяқтамайтын қарда олар да басынып, ауыл-үйдің іргесіне келіп сариды. Сөйте-сөйте қыс та өтті.

Өз қолымен хан тағына отырғызып кеткен. Шәдібектен хабар жоқ. Жылына екі-үш рет хан кеңесі өтуші еді. Онан да сәлем естілмейді. Қыс өте Ұлы биді «Япыр-ай, мына ханды біреу аударып тастаған жоқ па екен» деген күдік биледі.

- Біліп келші, - деп тағы Түнболатты жұмсады.

Жарым ай жүріп келген Түнболаттың хабары оң.

Шәдібек тағында екен. Шат-шадыман өмір сүріп жатыр дейді. Айналасы тап өзінен аумаған ығай мен сығай дейді. Кешегі Темір Құтлық ханның тұсында елге жөн сөзін айтқан азулы билер үйді-үй өлең төсегінде екен. Шәдібек таққа отырғаннан соң көп кешікпей оларды да шеттетіпті.

Хан ұлымын деп жарылардай тырсып, үлкенге ілтипат, кішіге сәлем бермейтін Шәдібектің бар болмыс-кейпін Ұлы би енді түсінгендей. Құдай парасат бермегенді таққа мінгізіп ақылды етем деді-ау. Әлгі Қажы Мұхаммедтің ендігі хан әрі ақылды, әрі батыр болса екен-ау деген тілегі мұның ісінен көш ілгері болғаны да. Жокты қайдан табады. Бар болса аяңдым ба. Деп өзін жұбатты Ұлы би. Ақымақ ел билесе де ақымақ. Екі долы қатынның бірінен батыр туады дейді ел. Батырдың да батыры бар, талайы есуас ұрда жық, әредігі ғана күшіне ақылы сай.

Мына Шәдібек шаңырақты ортасына түсірмесе игі еді деп күйінді. Күйінгенде не істейді? Өз қолымен таққа отырғызып еді, енді өз қолымен тақтан жұлып тастай ма? Тақ таласын енді ғана тыйдым ба дегенде тағы да тақ үшін жанталас-қанталасты бастата ма? Ей, Алла, ендігінің жөні не?

Ұлы бидің аса мазасызданғаны бәйбішесі Қағаздың назарынан тыс қалмады. Бұл өмірінде ерінің соқпағына таласып, мынауың жөн екен, әнебір ісің қате деп көрмеген, қайда жүрсе де, қашан келсе де жылы жүзін аямаған, асын алдына тоса білген бәйбішесі кимешегін түзеп

- Қамкөңіл боп кеттің-ау, отағасы, - деген.

- Әнебір жетесіздерді жеткіземін, ел етеміннен басқа менде не қайғы, не мұң бар дейсің. Жас желпінсе — іске, кәрі желпінсе - асқа деуші еді. Жас болып желпініп, жетесіне жетер іс тындырмады, кәрінің көңілге құйғанын білейін демеді. Өскен екен дегенім кеше екен. Енді не істеймін деп соған өкінемін. Ел тізгіні түгілі өзінің отбасына бас болған ұл ендігімнің жөні қалай деп, иығын басқан енжарлықты сілкіп тастаушы еді. Көсем бола ма деп едім, көсеу болуға жарамайтын түрі бар. Өзім сүйреткен, мойныма қамытын киген арба еді мынау елдің жүгі, енді мына жетесіз ұл алдына ор қазғысы келетін сыңайлы.

- Беу, отағасы, - деді Қағаз бәйбіше, - Қортықты қаблан етем деген де өзің, тырақыны тұлпар қылам деген де өзің. Жокты бар ету оңай емес. Бардан құдай айырмасын. Несіне қамығасың? Сүйреген жүгіңе Алла көмек етсін. Бәрі де өз ісің. Елдің бас бұрып қарар ері өзіңсің. Күш-қуатың кемімесін.

Ұлы би бәйбішесінің қайрауына қуаттанып, айтқан сөзінің нарқына тоқтады. Кеше ағалап, алдын кеспеген жұрттың сынайы бұзылмапты. Тар күндерде табысқан ағайын қыр аспай жатып, жат пиғыл танытып жатқан ханның ісін қош көрмеген екен. Түнболаттың жаңалығынан кейін Ұлы бидің маңына тіпті топтаса түсті.

Сібір жаққа өтіп кеткен Тоқтамыс енді сол жақтың момын жұртын еліктіріп, Орданың шығыстағы жұртына тиіп-қашып, олжа табудың жолына түскен хабары да күнде жетіп жатыр. Оның үстіне Тоқтамыс ғұмыр бойы жауы Әмір Темірмен сөз байласып жүрген деген де сыбыс жетті. Тоқтамыстың Әмірге барған елшісі Кенжен екен дегенді де ел естіді. Ұлы Әмірдің бас арманы Қытай елін тізе бүктіру екенін Ұлы би сонау Тұран жұртында, Әмірдің қарамағында болған тұстан білетін. Парсы-үндіні бағындырса да ұры қасқырдай тірсектен ала берген Тоқтамыс Әмірдің бұл мақсатына жол бермеген. Енді, міне, бәрі тынышталған тұста Әмір соңғы екі жыл бойы Қытай еліне барлауын күшейтіп, әскер қуатын да сол мақсатқа дайындап жатқан.

- Әмір Темірге Тоқтамыс хат жолдапты, - деп Андысын хат мазмұнын жатқа жеткізді. - «Ұлы Әмір, маған істеген игі істеріңізге жамандықпен жауап беруім - мені осындай мүшкіл халге жеткізді. Ендігі жалғыз үмітім - сіз кешіре ме деген дәме. Егер ол рахымға қол жеткізсем, сіздің дегеніңізден шықпауға уәде етемін».

- Иә, бұл жолы да Тоқтамыс тұлкіше құбылып баққан екен, — деп күлді Ұлы би. — Әмірдің жауабы қалай екен.

- Мына Қытайға жорықты сәтті оралғаннан кейін Жошы ұлысымен шұғылданамын, - депті.

Ұлы би Әмір Темірдің жалаң уәдесіне сенбеді. Тоқтамыстан әбден запы болған Әмір енді өзі Қытайда жүргенде зымыян Тоқтамыс тағы бір зұлымдық іс жасап, жолымды бөгемесін, не желкемнен соқпасын деген айласы деп түсінді. Дегенмен де қапысыз болмайық деп Әмір Темірге мол сый-сияпат жіберіп, әскери көмек беруге де дайын екенін білдірген. Әмір ризалықпен қарсы алыпты, бірақ...

Бірақ Әмір Темір Ұлы бидің елшісі қайтатын күні Қатты азаптанып, дүниеден өтіпті. Сірә, Әмірді Қытайға аттандырмас үшін сол бөтен жұрттың бір зымыяны у беріп өлтірсе керек деген қауесет те тараған. Қауесет-қауесет. Дегенмен де тап сол күнге дейін денсаулығына қылау түспей жүрген Әмірдің тап атқа қонатын күні мұрттай ұшуы, табан асты сеспей қатуы көңілдегі күдікті көбейтпесе, азайтпайды. Бұл жалғаннан кімдер өтпеген. Небір асыл тұлға, небір ғаламат ғұлама уақыты бітті, дүниеден көшті. Әмір Темірдің ажалы да талай орындалмаған арманның бірі еді.

Тірлікте болам десең, тірліксіз отыруға жол жоқ. Бұл күндердің тірлігінің сипаты жоқ жерден шыға келген жаумен жағаласу боп кетті. Қаншама тыныш отырамын Десең де әйтеуір біреу түртіп, біреу араға ши жүгіртіп, мазанды алады. Дұшпанмен арпалысты, жеңді, күйретті. Сонда да ертеректегі жеті басты жыландай тағы біреуі шыға келетіні несі? Әбден болдым, дегеніме жеттім дегенде тағы бір уайымның қамауында қалады. Өзі қойған текешігі өзін сүзетін сияқты.

Табалдырықты аттаған Қажы Мұхаммедтің жүзі өрт сөндіргендей әлем-тапырық. Ашуы бетінде тұр.

- Иә, айт, не болды?

- Мына Шәдібек ханда ес жоқ.

- Кімде қанша ес барын бір Алла біледі де, - деп сөзін жуасытты Ұлы би.

- Дұшпанын танымаған адамды есті деуге аузым бармаған соң сізге кеп тұрмын да.

- Е, - деп күрсінді Ұлы би, - досым болсын дегенің дұшпаның боп жатқан заманға не айтарсың. Жөніңді айтшы.

- Енді не дейін? Шәдібек хан кеше бізді аяқтан шалған мәскеу князіне көмекке екі полк әскер беріпті, Витовтты жеңсін деп. Сонда біздің ұтарымыз не?

- Әуелі ұтылғанымызды есептесейші.

- Бұл күнде бір шаруаның шеті шықса шырғалаң.

- Сол шырғалаңнан сен де сескендің. Дұрыс атқа теріс отырғанды жөн көргендер табылып жатса амал не? Ақылсыз текешік табан асты пайда болған мүйізді көтере алмай жүр де.

- Мұның арты не сен, не менге апарар.

Есіктен қамшысын бүктей ұстап Андысын кіріп келді. Көзімен көк тіреп, әуелі шаңырақты сүзіп, сонан соң төрдегі Ұлы би мен Қажы Мұхаммедке үңілді.

- Мына қырсық дүние тағы бүлінді ғой. Хан қарасың тыңдамаса, қара ханды қайтеді. Қара ханды тыңдамаса хан қарасын қайтеді.

- Бүлінгеннен бүлдіргі алма, — деп Қажы Мұхаммед сөз қосты.

- Бүлдіргісі де, ілдіргесі де өзіне. Мен де естіп келдім ғой.

- Иә, сонда түйгенің...

- Түйгені несі? Жаудан жаман ба деп қалдым Шәдібектің ісін.

- Ой, тәйірі, Батудың туын көтеретіндей ештеңе жоқ. Бір ақымақтық ісіне бола, - деп Қажы Мұхаммед Андысынның ашулы көңілін жуасытты, - Ел аман болсын.

Андысын сәл босаңсып Ұлы бидің оң жағына әлі де кекірейе келіп отырды. Тайпа елдің дауын қуғандай діңкесі құрыған, бөркін тізесіне ұра кигізіп, өңірін ағытты.

- Өз қолымыз өз аузымызға енді жете ме десек, - деп іштегі өкінішін және ағытты.

Ұлы би Түнболатты Шәдібек ханға тағы аттандырды. Жанына қауіп ойлап оншақты жігітті де қосып берген. «Айт, ана ханға. Жаудың алысынан жақыны жаман. Алыстың да, жақынның да түпкі мақсаты Алтын Орданың шаңырағын шайқалту. Жақын жауға көмектесіп, алыстағыны әлсіретем деу бос әурешілік. Іргедегі жау күшейсе іргенді ырғайды. Соны неге ескермеген. Қайта алыстағы жау мен жақыннан шыққан дұшпан кезек алысып, бірін-бірі әлсіретсін. Сонда ғана біз тынышпыз. Сонда ғана Алтын Орда қайта нығаяды. Орысқа көмекке берген екі лек әскерді қайтарып алсын. Орыс үшін төгетін алаш баласының қаны жоқ. Орыс ұлысы кешегі Борсықтыдағы майданда өзінің кім екенін танытқан. Осы айтқанымды тыңдасын де. Болмаса...»

Суыт жүріп кеткен Түнболат апта жүріп қайта оралды. Өңі сынық екен. Сәлемнен соң төрге озбай, бұйырған жері осы шығар дегендей отыра кетті. Ұлы би Түнболатты үн қатпай тыңдады. Арзанға бола ештеңеге Қол сұқпайтын, елі үшін басын бір іске тіксе, өзін де, өзгені де аямайтын мінезіне қанық айнала отырғандар Ұлы биді қабақ астынан аңдыды. Зілмауыр тыныштық орнаған. Шәдібек хан тіпті Түнболатты тыңдағысы келмепті. Ұшып-қонып, мойнын зорға бұрыпты.

- Осы айтқанымды тыңдасын. Болмаса..., — дегенді естігенде буга піскен бүйендей жарылып кете жаздапты. Тағынан жүгіре түсіп:

- Ой, әк., — деп қамшы ала ұмтылыпты.
- Оу, Шәдібек хан, мен Ұлы бидің сөзін жеткізушімін, - деген соң тиылыпты. Сонда да
 - Қарашы, ақылгөйсүін, -депті.
 - Не жауап айтасыз? - деп Түнболат қайталаса
 - Айта бар, Жатқан жері жайлы болсын.
 - Қалай дейсіз?

- Ақылына мұқтаж емеспін. Өз ісімді өзім шешемін.

- Ел ісі болған соң ақылдың артығы болмас.

- Шық, қане көзіме көрінбей, - деп Шәдібек хан ордасынан Түнболатты қуып шығыпты.

- Мына Шәдібекті енді өрістетпеу керек шығар, - Андысын қозғалақтады.

- Көн құрысса қалыбына деген. Кешегі тақ таласының жаман үлгісі Шәдібектің көз алдында ғой. Айғайға айтақ қоспайық. Тағы да тақ таласының ұшқынын біз тұтатпайық. Өзінің реті келер, - деп Ұлы би шешімін жеткізді, - Шәдібектен де басқа арам ниет жетіп жатыр ғой.

- Сонда да, - деп Андысын сөзін бастай бере тоқтады.

- Токтамыс Сібір жұртында. Орданың шығыс өңіріне маза берер емес. Ана балалары Керімберді мен Жәлеладині Мәскеуді паналап жүр. Сондағы ойлары не? Орыс ұлысын Ордаға қарсы дүрліктіріп жүрген де солар. Ең болмаса мына Шәдібек соны да түсінбеді ғой. Екі жақты болмай, әуелі іргеміз Сібірдегі Токтамысты бір жайлы еткеніміз дұрыс шығар.

Бес жүздей сарбаз ілестіріп, ұлы би баласы Нұралыны Токтамысқа қарсы аттандырды. Ұлы бидің әр қадамынан сырттағы дұшпан да хабардар болса керек, оның беті Сібірге, Токтамысқа қарай бұрылғанын естіп, енді осы шақты пайдаланып қалуға тырысқан Токтамыстың Жәлеладині біраз қолмен ентіге жетіп, Шәдібекті қуып шығып, Алтын Орда тағына отырыпты. Аптаға жетпей бұл хабарды Ұлы би де естіді.

- Е, - деп күрсінді Ұлы би, - бұл Шәдібектің сұрап алған ауруы ғой.

Ұлы бидің нұсқауымен Токтамысты іздей шыққан Нұралы бастаған қол екі күн жүріп, ат тынықтырған. Алдыңғы жаққа шолғыншылар кетті. Токтамыс салған ойран іздері болмаса, әзірге оның қарасы көрінер емес. Токтамысқа бағынған ауылдар Арқаның төріндегі кең

жайлауларға қонып, жұрт ауыстырып жатқанын ғана хабарлаған. Тоқтамыс өзіне әуел баста ере келгендерді олжа іздеген сол маңның жыңды сүрейлеу жігіттерімен толықтырып, әжептәуір қол жинағаны да белгілі болды. Солармен Арқаның өзіне бағынбаған ауылдарының малын айдап әкетіп, осы тұстан өтіп жатқан керуендерді де тонап, мазаны әбден алған. Өздерінің де өлермендік істерінің жауабы болар деп күтсе керек, қауіпсіздікті де ойластырыпты. Дегенмен де Ұлы би хан кеңесіне салмай, көршілес тайпалардан сауын айтып қол жинамай келіп қалады деп күте қоймаған.

Нұралы қолы үшін де бұл да қолайлы сәт. Үрке қашқандардың жолын бөгемеді, малын тастай безгендердің жылқысы мен қойына иелік етті. Көшпелі жұрттың тонаудан запы болып, даланың киігіндей үрке қашқанын көру де қиын. Нұралы мұндайда оларды жаппай қумай, сондарынан кісі жіберіп, Арқаның бұл өңіріне қол бастап келу себептерін түсіндіріп, мал-жанын қайтарудан жазбаған.

Есіл өзенінің бойындағы қара өткелдің маңында шымқай әппақ үй тіккен Тоқтамыс ауылы отырған. Ауыл маңында мал да жоқ. Ауылдан сәл әрірек сән ретінде желі байланып, шымқай боз биелердің боз құлындары жемге байланған. Әр үйдің сыртындағы кермеде ішінде бірде бір бараны жоқ, кілең қылаң аттар ауыздығын сүзеді. Осы жерде, осындай салтанат құрған Тоқтамыс өзінің шексіз билігіне сүйсінген. Өзіне қарсы шыққандардың жазасы дайын. Әнеубір керегелердің басын қосып, үстіне киіз тастай салғаны қолдан жасаған қапауы. Соның ішіндегі қолы матаулы, аяғы шаңдулы жатқандар жазықтылар, ханның пәрменін күткендер.

—Әкел, ана сақалдыны, — деген Тоқтамыс.

—Қайсын?

—Әй, сақалды нешеу еді? Әлгі бұзатормын.

Қолы байлаулы шалды дедектетіп сүйрете жеткізді орындаушы жігіт.

- Сен неге бізді мойындамайсың?

- Алтын Орда анау жақта, - деп шал иегімен алыс жақты нұсқады. — Хан сонда. Сені танымаймын.

- Ендеше танысың. Әй, қайдасың, мынаған жүз шыбық дүре.

Қараөткелдің маңындағы жайлаудағы Тоқтамыстың осы сән салтанатын оқыс хабар бұзды. Едіге ұлы Нұралы келіп қапты деген хабар жанын шошытты. Едігенің өзі емес, Нұралы екенін қайта сұрап білген соң есін жинағандай. Түбі шайқассыз бұл ісінің бітпейтінін білетін де, дайындығы да жетерлік еді. Әскерін тез жинады.

Қараөткелдің маңындағы ұрыста Нұралы Тоқтамысты жеңе алмады. Екі жақ күнұзын айқасып, ақыры шегінісіп, аңдысқан. Тоқтамыс өз ауылдарын әрі, ішке қарай көшіріп жіберіп, енді Нұралымен ақырына дейін шайқасуға бекінген. Қапысын тауып, кезек шабысқан ірілі-ұсақты шайқас талайға созылды. Тағы бір шайқаста ретін тапқан Тоқтамыс Нұралы қолын қырып салуға да шақ қалған. Нұралы әскерін қайта реттеп, тынықтыру үшін Тобыл өзенінің бойына шегінген. Екі күннен соң Тоқтамыс та қуа жетті. Күндізгі ұрыста тең түсіп, екі жақ та қалжырап, жерошақтарға от жағып, ас ішіп тыныстаған.

Талай шайқасты басынан өткізген, жекпе-жекке сан мәрте шығып, шыныққан Нұралы тап осы жолы не ол, не бұл болып мәселенің шешілетінін жақсы түсінген. Өз қолының күші азайды, бірақ шолғыншылар жеткізгендей Тоқтамысқа да тың әскер келіп жеткен жоқ. Оның да енді барар жері, басар тауы шамалы, майданды тастап бас сауғалауға енді намысы жібермей жүрген шығар. Ал, өзінің шегініп кетуіне ешуақта кеш емес.

Жеті қараңғы түннің бір уағында Нұралы бір ғана жүздікті ертіп, дұшпанның сырт жағынан айналып

келген. Ол жақта да күзет бар екен. Сірә, өздеріне қосымша келген тың әскер деп ойласа керек тым жақын жіберіп, жөн сұрады.

- Кімсіңдер?
- Өзің кімсің.

- Мен Етім баһадүрмін, - деп Тоқтамыс қолының бір батыры қылышын суырды.

- Ажалың жетті, Етім. Мен Нұралымын.

Айқас ұзаққа бармады. Етім баһадүр құлап, сырылдап соңғы демін алып жатқан. Оның жанындағы күзеттегі жиырма шақты жігіт қарсыласпады, қаруын тастады. Олардан алда тағы бір күзет барын естіген. Ол күзеттің адамдарымен тілдесуді де қолға түскендер мойнына алды.

- Әй, кімсіңдер? - деп Туал батырдың адамдары сонадайдан сес көрсетті.

- Өзіміз.
- Өзің кім?
- Етім баһадүрдің адамдарымыз.

Дегенмен де бұл күзеттегілер сақ екен. Ағарып атқан таңмен қарамы да көрінді, жобасы елуден асатындай әскер. Ат қоюға тура келді. Сүт пісірімдей уақта бәрі де тынды. Тек ұрыс басталған бетте «аттан! аттан!» дап кеткен жалғыз аттыдан басқасы жер жастанды.

Тоқтамыстың арғы жағындағы әскерлері де Нұралы қолының негізгі күштерінің шабуылына ұшыраған-тын. Ол жақтан естілген айқай-сүреңнен құлағың тұнғандай. Жанына өзінің қарауылына қалдырған жүздігін ерткен Тоқтамыс атына мініп, бар қаруын асынып үлгеріпті.

- Уа, Тоқтамыс! - деп жар сала дауыстады Нұралы, - Бір басыңды ажалдан алып қашуың жетер. Керегесі ағаш Алаш жұртына жасаған қиянатың да сол басыңнан асады. Біз сені орныңнан тұрғызбай бас сала алатын едік, киінуіңе мұрсат жасадық. Ал, енді батыр болсаң жекеге шық.

- Сен кім едің, зэнталақ, мені майданға шақыратын? Қане, әзір жаның шығып кетпей тұрғанда менен кешірім сұра, есуас. Әйтпесе, көзіңе көк шыбын үймелетемін.

- Өз обалың өзіңе, Тоқтамыс. Ажалың жетті.
- О, бейшара, ал қорған ендеше.

Қамшы тиген аттар аспанға секірген. Шарт-шұрт соғылған найза, қалқандардың дыбысы шақыр-шұқыр егіп, жүйкені тітіреткен. Тағы да арпалыс. Шыр айналған аттардың оскырылған үндері. Кеудесіне найза кірген Тоқтамыс төңкеріліп бара жатты. Нұралы қара санына кірген найза ұшын жұлып, лақтырды.

Тоқтамыс ажал құшты. Тоқтамыстың Сібір жақтағы дүрбелеңі де басылды. Санындағы найза жарасының орнын тәуіпке емдеткен Нұралы аман қалған жасағымен кері қайтқан. Орта жолда әкесі Ұлы бимен ұшырасты. Нұралының әр соғыстағы жағдайынан үнемі хабардар болып отырған Ұлы би көмекке өзі аттанған беті екен. Көңілдері тыншыды.

- Рахмет, балам, бір істі тындырдың.
- Ту сыртымыз енді біржола тыншыған шығар.
- Тыныштық болса игі еді, - деп Ұлы би дауысын соза үн қатты.
- О не дегеніңіз?
- Е, сен хабарсыз екенсің ғой. Алтын Ордаға тағы Жәлеледин ие бола қапты.

- Шәдібек...
- Шәдібек халықты менсіне ме? Жеткен жері осы да.

Ұлы би өзіне ерген шамалы ғана әскерімен Ұлытаудағы Ордасына соқпай, тіке Алтын Орда астанасына қарай ат басын бұрған. Ендігі кезек Тоқтамыс ұлы Жәлелединдікі еді. Діттеген жеріне жетпей Ұлы би тағы соңғы хабар алды.

Жәлеледин Орда тағын тастай қашыпты. Оған Едіге батыр әскерімен келіп қалды дегенді біреу жеткізсе керек. Әзірше мекені Еділ-Жайық арасы екен.

Ұлы би қолы Жәлелединнің ізіне түсті. Тұрақтар түрі көрінбейді. Аңшыдан қашып, із тастаған түлкідей Еділ мен Жайықтың арасын оңды-солды кезіп, ақыры башқұрт жеріне өтіп кетті. Ұлы би башқұрт ағайындарының ауылдарының үстінен әскерімен өтуді жөн көрмеген. Ол елдің ел сөзін ұстаған ақсақалдары да Тоқтамыс ұлына пана берместерін ашық аңартты.

- Қап, бұл да бір зымыян еді, жер түбіне дейін кумадық-ау, - деп қалды Қажы Мұхаммед.

- Әскер де шамалы ғой. Жәлеледин орыс жұртынан пана тапқан. Ол жаққа аз қолмен барып, кері шегіну дұшпанды құтырту екенін ескермейсің бе, - деп Ұлы би Қажы Мұхаммедті сабасына түсірді.

- Ендігі бет?

- Ендігі жол Алтын Орда. Не болып жатқанын өз көзімізбен көрейік.

Орта жолда тағы бір жаңалық естілген.

- Жәлеледин тақты тастай қашқанда Шәдібек қайта ие болыпты таққа.

- Әп, бәрекелді, - деп мырс етті Ұлы би.

- Осылардың кісі өлгенде жыртысқа таласқан қатындардай таққа таласынан мезі болдым, - деп күлді Қажы Мұхаммед. - Не қылған бітпейтін жыр десейші. Қазаннан қақпақ кетуін күтіп тұрғандай бір іс.

Ұлы би жауап қатпады. Жүзінде уайым бар. Осы сапырылыстың осымен тынатынына сенімі жоқтай.

- Ұлы бидің Ордаға келе жатқанын естіп, Шәдібек қашып кетіпті.

- Мәссаған.

- Қайда кетіпті?

- Қырым асыпты деген сөз бар.

Ұлы би Алтын Орда астанасының іргесіне келіп, көшпелі Ордасын тіккізді. Ертеңіне өзімен сырлас, пейілдес ел жақсыларын жинады. Соңғы кездегі уақиғалардан запы болған жұрт Ұлы бимен жылап-

көріскендей. Енді ғана тыныштық орнарына сенгендей.

- Уа, халайық, хан тағын таласқа салғанымыз елді жауға бергеніміз. Анталаған дұшпаннан пана іздеп, жау қолын жетелеп келгендер кім де болса сатқын. Сатқыннан ел боп қорғансақ қана көсегеміз көгереді. Шәдібек өлді дегенді де естіп отырмыш Таққа отырудың мұрагерлік рәсімі дұрыс. Хан тағына Болат ыңғайлы. Осыған баталарыңды беріндер.

Уайымсыз, жайбарақат тірлік Ұлы биге дүние жалғанның қызығын сан сапырып салқындатып тастағандай көрінетін. Жасы өлшеулі кезеңге шыққан шақта көңіліне жылы сезім ұялататын алдағы үміт те бұлдыр. Ел басына орнатар бақ үшін емес, жамбасы азды-кемді уақытқа ғана тиер тақ үшін жанталас мынау. Литвасы да, орысы да соларды пайдаланып, мысықтабандап мақсаттарына жақындап келе жатыр. Осының да алдын алмаса болмас.

Ұлы би миледише мың төрт жүз сегізінші жылдың күзінде қалың әскермен жорыққа аттанды. Жорық дайындығын да аса құпия ұстаған. Толып жүрген орыс пен литваның жансыздары да түк сезбей қалды. Мәскеу князіне Болат ханның атынан хат жіберді. Орыс еліне Литваның жасаған зұлым істері үшін оларды жазалауға аттанып барамын. Бізге ризалығыңды білдіруге асық дегенді білдірді. Мәскеудің ұлы князі қатты абыржыды. Кім біледіні ойлап, әскер жинап, Юрий есімді боярын Болат патшаға аттандырып, Едігенің түпкі ойын анықтауды тапсырған. Юрий сол кеткеннен хабарсыз. Жол ортасына жеткенде Едіге Мәскеу князіне екінші хат жолдады. «Сен туралы естігеніміз әбден анықталды. Бізге дұшпан Тоқтамыс балаларын паналатып отырсың, соның үшін қалың қолмен саған келе жатырмыз».

Шыбын жаны көзіне көрінген Василий княз қаланы қорғауды аға-інілері Андрей, Петрлерге тапсырып,

отбасын алып, Кострома жаққа қашты. Ол қала жұртшылығын Мәскеудің тас қабырғалы қорғанының мықтылығына, зеңбіректердің көптігіне сендірді. Ал оның қаланы қорғауға қалдырған бауырлары қорғанның іргесіне жақын тұрған жүздеген ағаш үйлерді «жаудан қорғануды қиындатады» деп өртетіп, бүкіл Мәскеуді өрт шалды. Баспанасыз, қорғанның сыртында қалған сан мың орыстар бала-шағасын көтеріп қорғанға кірмек еді, іштегі адам көбейсе тамақ жетпейдіні сылтаулап, оларды қақпадан аттатпады. Барын тастап сан мыңдаған орыс орманға қашты, басқа қалалардан баспана іздеді.

Ұлы биге бұл өңір, осы жол жақсы таныс. Түстік жағы атам заманнан Дешті Қыпшақ жері, онан арғысы орыс орманы. Сонау өткен шақтарда орыс әскерімен сан шайқасып, Алтын Орданың қылышының қаһарын сан танытқан жерлері. Сол ұрыстарға қатынасқан, бүгінде егде тартқан сарбаздар осы қолдың ішінде әлі бар. Андысын, Қажы Мұхаммедтер әлі жанында. Ұзын аққан ақ Еділдің бойын жағалап, өткелдерінен сан мәртебе де өткен.

Көп жағдайды аңғаратын Андысынның айтуынша Дешті Қыпшақтың кең даласына, Еділдің сай саласына сыймай отыратын қалың ел қазір сиреген. Сан қоныс, сан өріс бос жатыр. Литваға орыстар қосылып, маза бермеген шапқыншылықтан бұл өңірдің жұртының біразы қырғынға ұшырап, көбі басқа жаққа босып кеткен. Сонау Орал тауы жаққа, Жайық, Дон, Куяң өзендеріне қарай ауған елде есеп жоқ. Ата-мекен жерінен айырылған жұрттың көз жасы көл дария.

Мәскеуліктердің соңғы жылдары бас көтеруі тіпті тез. Әлдекімдерге сүйенген желік те бар сияқты. Отты қаруды да үсті-үстіне көбейтіп алған. Шолғыншылар бұлардың ондай қаруды сонау батыс жұртынан, әсіресе литва, поляк елінен сатып алатынын жеткізген. Сол елдерден Алтын Орда да нешеме рет отты қаруды

сатуын сұраған, алтын-күміс апарған елшісі де, саудагері де бос қайтты. Алтын ақша орыстікі ме, хандікі ме, бәрі бір емес пе еді? Жоқ, бұл қару «татарларға» сатылмайды боп шығады. Тіпті соңғы кезде Тоқтамыстың көмейін жібітіп, темір кен орындарын қолға түсіріп алған орыстар сол шойынды да Орда жақтан барған керуендерге сатпай қойды ғой. Бұл деген қыспаққа алу ғой. Көздеген мақсаттары тіпті онан да әрман жатыр.

Ұлы би осы жолы татар елінің белгілі адамдарына жолығуды да мұрат тұтқан. Борсықтыдағы шайқаста көзге түскен Рахым да жорықтан хабардар алып, қосылудың жағдайын қарастырып отыр екен. Көріспегелі де оншақты жыл болып қалыпты, Рахым егделене түсіпті. Еңсегей бойы еңкеймесе де сақал-шашына қылау жүгіріп, қабағын жауып тұратын қалың қара қасына боз қырау біліне бастапты. Ел іші де аса тыныш емес. Іргедегі мәскеуліктердің басбұзарларының жиі-жиі жортуылы, қапысын аңдып кеп бас салып тонап кетуінен жұртта запы болған. Көбіне елді қорғап қалуға да мұрша болмай қалатыны бар. Үнемі әскер ұстап отыруға тағы мүмкіндік шамалы. Әбден мазасы кеткен жұрт Мәскеу жақтағы беттен бері ығысып, Қазан қаласының төңірегіне қарай орналасқан екен.

- Біз де ұрыс-жанжалдан, қоныс аудару беруден әбден жалықтық, - деп Рахым ішкі сырын ақтарды, - Ендігі көздеріміз тыныш өмір. Әй, сол бола қойса. Ендігі мақсат мына бауырлас елдермен туыскандықты бекіте берсек, ағайын елдердің арасына ши жүгірткізбесек.

- Осы ойың өте дұрыс, - деп құптады Ұлы би.

- Араздықтың кіруі оңай, татулықтың отын өшірмеу қиын, - деп мақалдады Рахым.

- Соның қиындығы ғой көріп жүргеніміз. Аға мен іні таққа таласып, жатқа жем қылды.

- Ойпыр-ай, десейші, бұл не қылған бітпейтін араздық, не қылған баққұмарлық.

- Осы араздық пен таққұмарлық болмаса мәскеуліктер де Еділ бойындағы алаш жұрты сендердің іргелеріңді аттап баспас еді ғой. Бұл ауруды араға кіргізіп алып, енді емін таба алмай жүргендейміз, - деп Ұлы би де іштегі қапасын, сары уайымын сене төкті.

- Жақсыдан жаман тумай ма, бір аяқ асқа алғысыз, — дейді ғой біздің ел деп Рахым қостады.

- Жаманнан жақсы тумай ма, адам айтса нанғысыз деген де бар, - Ұлы би Рахым мәтелін жалғады, - Сонда қазақтың «жігіт жақсысы нағашыдан» дегені де рас болар.

- Иә солай деседі.

- Ұлы Шыңғыс ханның ұрпағының осыншама майда-шүйделеніп, азып-тозып кетуін қанының азуынан басқа немен түсіндірерсің. Хан болған соң төсегін жылытар сұлуды алған шығар, оның тегіне қарамай. Тексіз сұлудан текті күң артық деген де бар. Ақыры Шыңғыстың текті қанын тексізге құйып, текті хан ұрпағы емес, текешіктер дүниеге келген де.

- Ұлы би, осы сөзіңіз өлшеусіз шындық, - Рахым басын изей отырып, сөзін жалғады, — біздің елдегі бір батыр асқан сұлуға үйленген екен, тойына ел ақсақалы бармай қалыпты. Кейін орайы келгенде батыр сол ақсақалға өкпесін айтса, ақылгөй қария «мен несіне қуанамын, асылды жасыққа суарып жатырсың. Сен сияқты ұлды ол енді табар ма» деген екен.

- Сөз-ақ қой, бұдан артық не деуге болады.

- Қайдам? Ендігінің жөні қайсы соған көзім жетпейді, - деп Рахым тағы уайым айтқан.

- Ендігінің жөні іргені суытпай бірігуде.

- Жөн сөз.

- Осы мақсатты алаштың бар азаматының көкейіне қондыра алсақ, — Ұлы бидің үнінде өкініш те жатқан.

- Сол үшін де ғой, мына көршілес башқұрт ағайындармен біз жаппай құда түсіп жатқанымыз.

- Бұл да дұрыс қадам шығар.

- Әбден араласып, ара-жігіміз білінбей кетсе деген тілек қой біздікі.

- Бір шаңырақтың астына өстіп те топтаса беруге болар еді.

- Өз басым да құр алақан емеспін.

- Оның құтты болсын, — деп жадырады Ұлы би.

- Ұлым он жетіге толған. Жақында башқұрт құдама, қайын жұртына барып қайтпақ.

Қайта атқа қонған Ұлы бидің алдына бір үйір жылқы салған Рахым:

- Менің осы қолдың қажетіне қосқан көмегім болсын, - деген. Өзі де Қазан маңындағы алаш жұртынан жиған жасағымен бірге аттанды. Ұлы би осы қазір алаштың бір қасиетті шаңырағынан дәм татқанын, біраз қолымен ере шыққан Рахымның да текті азаматтың бірі екенін әбден түсінген. Қолды ілгері оздырып жіберген Ұлы би Рахымнан:

- Қазан қаласын көре кетейік, - деген өтініш білдірді.

Ұлы өзеннің бойына салдырған Қазан аса әдемі қала екен. Тастан өрілген қамалдың өзі көңіл қуантарлық, аса айбынды. Айбынды қамал өршіл, намысты халықтың мекені екенін бар көрінісімен айғақтағандай. «Сенің текті халқың аман болса, сені ешбір жау алмас» деп іштей тәуба етті Ұлы би. Қаланы аралап, қақ ортасындағы аса биік, сонау Бағдат пен Бұхараның мұнарасындай құран сөзімен өрнектелген ғажайып мұнараның жанына келіп, көркінен көз ала алмай тұрған. Алла жаратқан сұлу әлемнің жердегі сұлу көрінісіне іштей тебіренді. Ат басын зорға бұрған Иә, уақыт өтеді, әлгі арам жау зұлымдықпен қаланы алады, мынау ғажайып мұнараның басына шыққан Қазан халқының ару келіншегі Сүйінбике сұлу «денеме кәпірдің қолын тигізбеймін» деп сол құс ұшар биіктен құлап өлерін кім біліпті.

Ұлы би ендігі жүрісіне асықпады. Князь Василийдің қашып кеткенін де естіген. Бүркіттен қорыққан даланың аңындай, жүректеріне үрей кірген, әбден шошынған орыс ұлысының жұртының шамасы келгенінің басы ауған жаққа безгенін де біледі. Мәселе оларды қырып тастауда емес. Иә, қырып тастағысы келсе Алтын Орданың дәуірлеп тұрған шағында ешкім кедергі болмас еді ғой, мәселе оларға Алтын Орданың қаһарын көрсетіп, тізе бүктіріп, тәкаппар көңілін басу.

Осы жолында ол кешегі өткен шақта Пьянный өзенінің бойындағы шайқаста өзімен қарулас болған осы жақтың батырларын да іздегеа Майданда ажалды өздері іздейтін батырлардың көбі бұл жалғанда жоқ екен. Қылыштасып, найза түйрескенде алмаған ажал белін бүктіріп, кара жерге еңкейтіп, үйді-үйіне ретін келтіріпті. Талайының басына барып, дұға оқыды.

Мәскеудің ніеті де көрінді. Тас қамалды биік қорған. Үйткен тауықтай қамал айналасын өрт шалыпты. Шала күйіп, серейген бағаналар үйтілген тауықтың тырбиған сирақтары тәрізді.

- Мына орыстар сасқалақтап жүріп энебір жерлерін Де үйтіп тастамаса, — деп мырс етті Андысын.

- Көбі орыс атанып кеткен өзіміздің баскақтардың балалары ғой, аясайшы, -деп Түнболат жымың-жымың.

- Әп, бәрекелді, реті әбден келген екен, - Қажы Мұхаммед иегімен қала жақты нұсқаған.

- Өздері үйтіліп бітіпті ғой. Бәтір-ақ екен, - деп Рахым атын тебініп жүріп кетті.

Сәл биіктеу жердегі қамалдан айнала-төңіректегі біраз жер көрінетіндей. Қамалдың бұрыш-бұрыш болып келген тұстары отты қаруды пайдаланатындай етіп жасалыпты. Бұрыш-бұрыштың ұштарына жақын зеңбіректердің үңірейген аузы көрінеді.

- Бұларды дандайсытып жүрген осы ғой, - Қажы Мұхаммед қамшы сабымен отты қаруды көрсетті.

- Оның да ебі табылар, - деп Рахым үміт дүниесіне көңіл артқан.

Мәскеудің тап іргесіне келіп, қаланы қоршаудың қыспағына алған Ұлы бидің ойы тіке шабуыл емес еді. Талай ұрысты басынан өткерген ол мұндайда шабуылды әуелі бастамай, қайта дұшпанды осылайша қоршап, жүйкесін тоздырып діңкелетіп, алыстан қыр көрсетіп, күнін-күн, түнін-түн еткізбей ауру адамның халіне жеткізгенді жөн санаған. Мына қаланы қорғамақ болған Василийдің бауырлары ер болса осыған шыдап көрсін. Олар шыдағанмен қаланың халқы мұндай өмір-өлім арасындағы азапты халге төзе алар ма. Төзбесе бетін көрсетеді. Қала халқын аштық жайлай бастағанда анау зеңбіректердің қажеті бола қояр ма екен.

Ұлы би Тверь князі Михаилдің Ивана Мәскеуді алу үшін көмекке зеңбіректерімен келуі қажет екенін тапсырып, пәрмен жіберді. Тверь князінің өзі отты қаруды сүйреткен жасақтарын бастап, бері шыққаны туралы да хабар жеткен. Тверьлік Иванның «осы мәскеуліктер-ақ тыныш жатқан орыс еліне жау шақыруынан ел зардап шекті» дегені де естілді. Алтын Орда қолының атын естіп, тағын да, бағын да тастай қашқан Василийді ұстап әкелу үшін Едіге ұлы Жақсыбай бір түмен әскермен орыс ормандарын да, алыс-алыс қалашықтарын да бетке алып аттанған.

Мәскеу қорғанысындағы әскердің саны да, отты қарулардың жобасы да шолғыншылардың айтуынан белгілі-тін. Қаланы қорғау амалдары мықты, бірақ оны алу да аса қиын емес. Бірақ Ұлы биден артық қан төккісі жоқ, әр сарбазының өмірін аса бағалаған. Жеңіс қанша ғажайып, қуаныш қанша мол болса да, ол өтпелі. Өтпелі қуаныш өлген сарбаздардың жақындарының көз жасының өтеуі бола алмайды.

Орыс жұртының басқа қалалары іргесіне келген алаш жұртының қолдарының қаһарынан қаймығып,

нан-тұздарын алып бас иіп, қақпаларын ашып қарсы алды. Талай жылдар өткен соң осы уақиғаларды термелеген Қара мырза баласының «Бас көтеріп қарсыласу деген атымен болмады. Ресейліктердің қасқыр талаған қойдан айырмасы шамалы еді. Олар түздіктердің аяғына бас ұрып, тағдырына кесім күтті» деп жазарын кім білген.

Араға төрт-бес күн салып қашқын Василийді қуа кеткен Жақсыбай қайтып оралды.

- Жер жұтып кеткендей.

- Ә, ол Новгородтан да әрі өтіп кеткен ғой.

Қала халқының дегбірсіздігі басталғаны да байқалып қалды. Бар азықты қылдай бөліп беруге шамалары жетпеген боярлардың елдің ашу-ызасын туғызғаны да шолғыншылар назарынан тыс қалмады. Аштықтан ызылдаған балалардың көз жасы қала халқының қолына боярларға қарсы қару ұстатуға дайын еді. Шошынған боярлар Ұлы биге кісі салды. Осында келгені үшін үш жүз мыңдық алтын төлейтіндерін алға тартып, өздерінің Алтын Орданы мәңгі мойындайтындарын қоса жеткізген.

- Бұл аз. Сендер қаланың қақпасын ашыңдар, - деген Ұлы би талабын орындауға үш күн мұрсат сұраған. Өзара кеңеспек екен.

- Жөн, - десті Алаштың сөз иелері.

Сол күні сонау Алтын Орда тағындағы Болат ханнан асығыс хабаршы жетті. Хан күн-түн демей жедел жүріп қайтуын талап етіпті. Ордада бүлік шыққан. Ұлы бидің орыс еліне жорыққа аттанғанын естіп, ойда жоқта батыстың әскерін ерткен Жәлеладин Ордаға жетіпті. Сол жақта қырғын болып жатса керек. Ұлы би қатты өкінді.

- Жеңіп тұрып, бар отты қарауын да, басқасын да алып тұрып. ...Қап! - деп тістеніп, отыра кетті.

- Бұдан артық өз жұртына жаулық болар дейсің бе? - деп Қажы Мұхаммед қамшысымен жер сабады.

- Япыр-ай. - Аңдысын теңселді, - япыр-ай, сонау Мамай орысты жеңіп тұрғанда желкеден ұрған Тоқтамыс еді. Сонан бері осы Мәскеуге қарай қай жорыққа аттансақ та Тоқтамыс, не оның ұлдары бір пәлені ұйымдастырып жатады. Енді міне, тағы да солардың шатағына кезігіп тұрмыз. Бұл сатқындықтың да бітер күні болар ма екен.

Ертеңіне Мәскеуліктердің ұсынысына көнген Ұлы би айыппұл үшін төлеген үш жүз мың алтынды және «бағындық» деген уәделерін қоса алып, асығыс түрде кері аттанды. Жолшыбай бір барлаушысы Витовттың Ливон орденіне жазған хатының мазмұнын да жеткізеді. Ол Тоқтамыс балаларының бірі сұлтан Жәлеладинді өз еліне барып, патша болуына көмектестік деп жазған екен.

Ойда жоқта бастарының аман қалғанына Мәскеуліктер сенер-сенбес есеңгіреген жағдайда еді.

- Едіге қайта оралып, жазамызды береді, - десті көпшілігі.

Ақыры Алтын Орда әскерінің шынында да қайтып бара жатқанына көз жеткізу үшін боярлар өзара кеңесіп, Иоанның Илиясы бастаған төрт-бесеу Ұлы биді біраз жерге шығарып салуға ерді. Олардың Ұлы биге деген сый-сияпаттары, тарту-таралғылары да өзгеше еді. Жолға үш күн ілесіп, енді қайтуға рәқсат сұраған. Ұлы би хатшыны шақырып, боярлардың көзінше Василий князға хат жазды. «Василийге, дума мен княздарға Едігеден сәлем. Тоқтамыс ұлдары сенің жеріңнен пана тауып, бас бағып жүргеніне көзі жеткен ұлы хан мені ләшкерімен саған жұмсады. Мәскеу княздығы жерінде не болып жатқанынан құлағдармыз. Біздің көпестерге қысым көрсетіп, біз жіберген елшілерді келеке қыласыздар. Бұрын осылай болып па еді? Кәрі көз, көне құлақтардан сұраңыздар: орыс жері біздің адал ұлысымыз болатын, қорқып салық төлейтін, Ордан келген

елшілер мен қонақтарды қол жаиып күтіп алатын. Сен өзің не істеп жүргеніңді білемісің? Темір Құтлық хан таққа отырғанда жүз көрісуге жарамадың, княздарың мен боярларыңның бірде-бірін жібермедің. Темір Құтлық ханның дәурені өтті. Елді Шәдібек хан биледі, оның да көзіне көрінген жоқсың. Болат ханның да таққа отырғанына үшінші жылға айналды, сен, орыс елінің бас князі, Ордаға бас көрсеткен емессің. Сенің істерің оң емес. Федор Кошка бояр кезінде ниеттерің де, істерің де дұрыс еді, ол ханның мейірім-шапағатын сенің есіңе салып тұратын. Ал, қазір сол жақсының жаман ұлы Иоан қазынашы сенген досыңа айналыпты, ол не десе, соны жөн деп білесің де көнекөз ақылман қарттардың сөзіне құлақ түруден қалдың. Ал, соныңнан не таптың? Ұлысың талан-таражға түсті. Бейбіт өмір сүргілерің келе ме? Ендеше, кеңесіңе көпті көрген байрығы боярлар: Иоанның Ильясық Константиннің Петрін, Никитаның Иоанын және осылармен пікірлес боярларды шақыр, сүйт те, әлгілердің бірін Жәнібек хан кезінде төлеген мөлшерде төлеген салықтарды бізге жеткізіп беруге жөнелт. Сөйтсең ғана ұлысың аман, билігің мызғымайды. Сенің «орыс елі кедей» деп ханға жылап жазған хаттарыңның бәрі жалған. Біз өз көзімізбен көріп, білдік және сенің әр екі соқадан бір рубль жинайтыныңды естідік. Сонда ол күміс қайда кетіп жатыр? Хан салығын орнымен төлеп тұрсаң, орыс жері тұтас та тыныш болар еді, Ал, сен болсаң құл сияқты бұқпалап қашып жүрсің. Ойлан да, ақылға кел».

Ұлы би хатшыға қайта оқытып, сөзінің соңына мөрін басты. Тап сол сәтте талай ғасырдан соң осы хаттың мұрағаттан табыларын кім біліпті. Хатты Илья боярдың қолына берді.

- Не жазылғанын естідіңдер ғой?
- Естідік, естідік.

- Менің айтқанымның қатесі бар ма?
- Атамаңыз, айнадай шындық.
- Шындық болса ана мәжнүн Василийге неге айтпайсыңдар?
- Ол бізді тыңдамай кетті ғой.
- Тыңдамағанның, менменсігеннің соңы не боларын көрдіңдер ғой. Бұл аз оған.
- Айта көрмеңіз, қаланы өз қолдарымен өртеді ғой.
- Келер айда бар салық, бар қарызымен Ордаға келмесе, Орданың осы әскері орыс ұлысын Нижегородтан Новгородқа дейін таптап өтеді. Мен құл сатуға қарсы едім, естерінді жиыру үшін сан мыңдаған адамның, ішінде боярлар да бар, құл болуы ғажап емес.
- Мұны естіген боярлардың көздері тас төбесінен шықты. Ұлы бидің алдына құлаған.
- Кешір бізді. Әлгі Василийді сайтан түртіп, адастырды.
- Айтып едік, көнбеді.
- Енді ақылы кірген шығар. Құл сияқты қашыппысып жүр ғой.
- Иә, одан кейін Василийді княз өле-өлгенше Ордаға еш кінәратсыз салық төлеп тұрғанын кәрі тарих тағы да айғақтаған.
- Ұлы би жеңілген жаудың аяғына жығылып, бас ұруын күтпестен асығыс кері аттанды. Өйтпеске шара да жоқ-тын. Тоқтамыс пен оның ұлдарының алаш жұртына салған ойраны, Ордадағы жосықсыз уақиғалар өзі бармай тынбасы белгілі. Мына Жәлеладиннің жолын енді қалай кесу керек. Ұлы би жанындағылар мен кеңесті.
- Тоқтамыстың ең ержүрек, ширақ ұлы да осы Жәлеладині, - деді Аңдысын.
- Мақтауын жеткіздің, енді не шара дегенге тоқтал.
- Оны қолға түсірудің аяласын көп болып шешпесек..., - деп Аңдысын басқаларға қарады.

- Оны жұмсаған да Витовт, қашса барар жері Литва, - деп сөз тастады Ұлы би.

- Ендеше, - деді Түнболат сөзге араласты, - Еділ бойындағы бүкіл елді, найза ұстауға жарамды жігіт-желеңді атқа қондырып, қайтар жолын кесіп тастау керек.

- Әй, сол Витовтыңның да, оның қолшоқпары Жәлелединнің де мақсаты Орда тағы. Орда тағын қазір ол алып отыр. Ендеше, оның тұра қашатынына сенім бар ма? - деп Андысын күдігін алға тосты.

Біреуді біреудің іздеп таба қоятынын, есіктен жылмаңдаған ұры иттей сол сұмның барған жерінен қайтар мезгілін, басып өтер соқпағын кім тап басып таба қояр. Тепкілеп ашар қақпасы сықырлап өзі ашыла бастағанда жалт бергені мынау. Тағдыр-ай десейші. Бұл тағдырдың сұм мен сатқынға қосақтап қойғанына не айтарсың. Бұл жалғаннан опасыздыққа тоймағанның біреуі аттанып жатса, сумаң етіп екіншісі бас көрсетіп жатыр. Осылармен арпалыстың бітер күні бар ма? Әлде... Ұлы би күрсінді.

- Етек-жеңді онан бұрынырақ жиып алмасақ, ол қолға түспейді, - деп отыр екен Түнболат.

- Шайқасқа әскер шығару жағынан ол бізбен шендесе алмас, - дейді Қажы Мұхаммед.

- Әй, Осы Болат ханнан жалғыз-ақ хабар алдық. Ол өзі орнында ма екен? — Андысын Ұлы биге жүзін аударды, - Кеш қалып жүрмесек.

- Иә, біраз уақыт болды, өзі. Такта жәрбиіп ана сұм отырмаса.

- Түнболаттың қолы тап шауып тастауға ұмтылғандай қылыш тұтқасына жармасты.

- Қилы-қилы жамандық көз алдыңнан көлбеңдеп кетпей қойған уақытқа дәл келіппіз. Пешенеге жазғанын көреміз де, - деп Қажы Мұхаммед ширықты. -

Жамандық ат пен түйені жетектеп келмейді, сыналап, еленбей енеді деуші еді. Мыналардың жамандығы қан төге келетін болды-ау.

- Әуелдегі ниеті жаман ғой, ниеті. Ниеті бұзықта шарапат болмайды, - деп Андысын оның сөзіне түзету енгізгендей болды, - жаратылысы жаман ғой, әуелден.

Ұлы би Жәлелединнің қайтар жолын бөгеуге әскер жіберген дұрыс деп шешкен. Ұзын аққан Еділді тормен жауып болмас, бірақ өткелдерге ие болуды қатты тапсырды. Сол мындықты бастап Қажы Мұхаммед жедел аттанды.

- Әке, мені қоса жіберші, - деп Жақсыбай, - тым құрыса шерім тарқар.

Ұлы бидің жауабы қысқа болды.

- Тым асықпа. Бар жағдайға да қанықпын. Адамның шері ұрыспен тарқар дейсің бе. Адал іс, ақ ниетіңе жете алмай шерменде болып өткеннен сақтасын.

- Жақсы әке, - десе де Жақсыбай Ұлы бидің сөзіне ойланып, жүзіне таңырқай қарады.

Ұлы би Ордаға кеш оралыпты. Тақ таласы Болат ханның да басын жұтқан екен. Өзі түгілі әкесі Тоқтамыстың шамасы келмеген Едігеге қарсы тұруға жүрегі дауаламаған Жәлеледин кеше отырған тағын бүгін тастай қашыпты. Еділді жоғары өрлеп барып, өткел тауып, тағы да Витовтты паналағаны естілді. Алтын Орда тағы да қаңырап, бос тұр. Жалп етіп төре ұрпағының біреуі отыра қояр еді. Қай қайсы Ұлы биден сескенеді.

Киелі таққа кім ие болады? Мұрагерлік жолды қайтіп сақтағаны дұрыс? Болат ханның да балалары бар. Пісуі жетпеген біреуін қоя салудың арты не боларына көзі жетпеген Ұлы би ұзақ ойланды. Темір ше? Темір Болат ханның туған ағасы. Сонау-сонау жастық шағында жездесі Темір Мәлік жас Едігеден не үміт күтті екен? Ау, сонда осы немересі Темірді ертіп жүріп, «осыған көз

қырыңды саларсың» деп еді-ау Едіге. Жас Едіге жездесіне уәде еткен. Ол кезде ойында да ештеңе жоқтың. Енді міне, кезегі де, реті де келіп тұрғандай. Иә, Темір Болаттай емес, өркөкірек, өзімшілдеу. Бірақ, басқаның ретін таба алмаған Ұлы би Темірді таққа отырғызып, ел жақсыларына мойындатып, Арқадағы өз ордасына қайтқан.

Хан тағына мұрагерлікпен тағы бір төрені отырғызды, тақтың иесі бар демесе, оның ел мұңын жоқтап, ел ісін өрістетіп әкететініне сенімі шамалы. Қайда қараса да бір қысылтаянды, қайда көзі түссе де алқымын тіреген таршылықты сезеді. Дәурені өткен алаш жұртының жүдегені де қабырғасын қайыстырды. Уақыттан ұтсам екен, Орданы қайта көтерсем екен деген ниеті әлі алыс үміт қана. Бір адамның өміріне жүк боларлық мақсатын арқалап, аттан түспей, сақал-шашқа ақ кіргізіпті. Жеткеннен жетпегені жетерлік. Анау өрісін мысықтабандап орыс алып, босыған елдің ендігі күні не болады. Айнала жұрттың аңдығаны тақ. Сол ниетімен сол киелі тақты тұңғыққа батырып бара жатқандарында көбінің шаруасы жоқ. Осыларға әзірше өктемдігі өтер, бірақ өкпең қайсына өтер. Тақ таласының кесірінен керуен сарайлар қаңырап бос қалды. Неге бұлай деп бас ауыртар адам шамалы. Алтын Орданың сан қаласында қолөнер темірші-ұсталықтың алуан түрінің, жиһаз бен киім үлгісінің нешеме түрі болушы еді, ол тоқырады. Мынау іргедегі орыс осының бәрін бізден үйреніп, енді өздері ие боп, өрістетіп жатыр. Жалғыз көшпенді малшылықпен қайда бара алады мынау ел. Таққа мінгеннің біреуі ең болмаса көкейінді түсінсе ғой.

Мына Темір хан да көп кереннің бірі сияқты. Дүңк-дүңк хабар келіп жатыр. Бәрі хан тағының айналасындағы дырдуды жеткізеді. Әйтеуір тақ айналасына жем тапқан құмырсқадай үймелеуге құмар, төре ұрпағы

жиналып жатқаны туралы әңгіме мол. Бос мақтан, асыра мақтау, қойған көпшік. Көпшіктің астына қайсы найзасын тіреп қойып жатқанында Темір ханның жұмысы жоқтай.

- Темір хан хан кеңесінің мүшелерінің кім екенін жариялапты.

- Е, олары кімдер екен.
- Өзі ғана білетін, ел танымайтындар.
- Піспегендер де.
- Солай шығар.

Соның ішінде өзінің болмай шыққанын Ұлы би кейін естіді. «Мейлі, деді ол. Білгені сол шығар». Өкінбеді. Өкінгені, сол кеңестің ішінде азуы алты қарыс, алаш жұрты үшін бар өмірін сарп еткен бір адамның болмағаны ғана. Дұшпаны:

- Ұлы би бұған көнбес, тулап түсер, - деп ойлаған.

Ұлы би елдің жайын көріп отырып көңгісі де келмеген. Сонан соң ойланды, осы іске араласпай қоя тұрайын, мүмкін төтеннен бір жол тауып, елді соңынан ертіп, қиыннан қисынын келтіріп, шығып кетер. Мүмкіндік берейін. Ел үшін жол іздегеннің жолын кесіп не бар. Таза адасып бара жатса тағы да көре жатар.

- Әке! - деп ұлдары жетті.

-Мынасы несі? - деп ренжіп Қажы Мұхаммед келді.

Бәрін тыйды. Не нәрсенің артын күткен жөн деді. Бірақ уақыт өзінше жөндеп шыға келген. Темір ханның Ұлы би мен араздығын пайдаланған Жәлеледин бір-ақ түнде Орда тағына ие боп шыға келді. Ұлы би бұл жолы да асықпады. Таққа осыншама жұлқынып жүріп ие болған Жәлеледин мүмкін бір дұрыстыққа бастар ма деген де үміт тұрды. Бірақ оның ар жағында орыс та, Витовт та жүр. Жауға жерді беріп, елді босытып, құл етпесе игі еді деген күдік те басым.

Ұлы би есіктен көрінген Ұлытаудың сонау жеке шыңына қонған ақша бұлтқа телміре қарады. Бұл

жалғандағы өмірін өзінің бас қамы емес, мына елдің ісінен бастапты. Содан тапқан азабын арқалап бар ғұмыры өтіп барады. Елмен бірге күн көріп, халықпен бірге тыныстап, не күн кешсе де жұртынан аулақ кетпепті. Сонда да мына жалғанда жалғыздығын сезінетін. Тағдыр шіркін құрсаудай сығып, тынысын да тарылтып баққан. Енді бақса бар арманнан бұйырғаны өзі құрып, өзі ие болған осы қазақы ұлысы. Тағдыр осының ғана қамын ойла, осының ғана уайымын шек деп, шекарасын сызып қойғандай. Бұл болса осы ұлысқа орната алған жақсылығына бүкіл алаш жұрты ие болса екен деп тілейді. Тағдыр тұлпарға қосақтап қойған тырақыдай мұны жетесіз хандардың тіркеуіне салыпты. Тағдырға өкпе жүре ме? Жок! Ер Мамай да осындай күн кешіп, арманына қолы жетіп тұрып, опасыздың ісіне өкініп, жылай-жылай жалғанмен қоштасқан жоқ па.

Есіктен Аңдысын басын сұқты. Айтары жоқ па, бірер рет жалтақтады да, бір жамбастап қисая кетті.

- Жайшылық па?
- Жайшылық.

Тағдырдың осы досымен кездестіргеніне де рахмет. Ешкімнен ақыл да сұрамайды, кеңесіне ақы да сұрамайды, артыққа аузы бармайды, дауласып бекер шаршамайды да. Алыста, артта қалған шақтарда табысып, қол ұшын беріп еді, сонан айнамаған, асау тағдырдың бас білмес тұлпарының тізгінін бұл ұстап, артына бұл мінгесіп келе жатыр. Бірақ, мұның да денсаулығы сыр бере бастапты. Әнебір жөтелі үзілмейді, өңі де тозғандай. «Ең болмаса жанымда сен жүрші» деген бір уайым Ұлы бидің көңіліне оралды.

- Не жөтел, мұның?
- Көкжөтел дейтін бала емеспін, көксау деген кәрілік жеңген жоқ, бір сандалған жөтел де, - деп Аңдысын ауруын да әрі қарай ысырып тастады. - Сол да уайым ба, тәйірі.

- Тәуіпке көрінсейші.

- Денсаулық тәуіп тесіп берер сырға емес, кесіп берері тағы жоқ, әйтеуір ермек демесең. Қымыз ішем да. Сонан тәуірін көрмедім.

- Ендеше неге аянып жүрсің?

Аңдысын «мен аянып жүрмін бе» дегендей бағжаң етіп қарады да үндемей қалды. Артық айтып қалдым ба деп Ұлы би дегбірсізденді. Досының бетіне ұрлана қарады, қызара бөрітіп тұратын жүзі солғын екен. Кісіге кісі бола білген, кішімен кіші бола білген қимасы осы. Мына Ұлытауға алғаш ат басын тірегенде жанында болған осы Аңдысын. Екеуі сан босыған, өресіз хандардан тепкі көрген жұртты «қазағым» деп жинап, осы ұлыстың шаңырағының астына сыйғызған.

- Шәуешек би қайда? Көзге түспей жүр, - деп Ұлы би сөзді ауыстырды.

- Е, ол да қайбір жетісіп жүр дейсің.

- Сонда да...

- Бұл қазақта басқа болмаса да жесір дауы қалған ба.

- Атаң ұл, анаң қыз болған соң ол қалмас.

- Осы би соларды бітістірумен шаршаған шығар.

- Елге бай құт емес, би құт. Сол шаршауының берекесін берсін де.

Ұлытаудан бері қарай атының бар жүрісіне салған жігіт сүлік қара сәйгүлікті аппақ ақ көбікке бөлеп, ат тізгінін бірақ тартқан.

- Мынаның жүрісі қатты екен.

Орданың табалдырығын аттап, сәлем беріп, бір тізерледі. Сол қалпында ұсынған сусынды дем алмай жұтып барып, аузын сүртті де:

- Алтын Ордада тағы да бүлік шықты, - деді.

- Айта бер.

- Жәлеладин ханды інісі Керімберді өлтірді. Хан тағына енді сол ие. Оны қуаттаушы Әмірлер де бір топ. Бұрынғы ханның адамдары Литваға қашты.

Тағы да басталды бұл қырғын. Ұлы бидің еңсесі түсіп, іштей өкінді. Жәлеладин хан тағына бір жыл үш ай ие болған екен. Керімбердіні де біледі. Орыс елінің қолтығында өскен Тоқтамыстың бір баласы. Ендеше, бұл орыстың сойылын соғады. Азулы Витовтқа бұл жағдай ұнай қояр ма екен. Мұның соңы тағы да соғыс десейші. Ешкімнің ештеңесі кетпес, қисаяры Орданың босағасы болар.

Кешікпеді. Витовт Керімбердіні тағынан қуып тастау үшін Бақтыбекті Вильнода хан көтеріп, басына тәж, алтынмен әдіптелген шапан кигізгені анықталды. Витовттан әскер алған Бақтыбек Орда жеріне кіргені де естілді. Баққұмарлардың біразы Бақтыбекті, қалғаны Керімбердіні жақтап, қақ айырылған. Таққа таласқан екеуінің арасындағы шайқас әр жерде өтіп, ақыры Бақтыбектің ажалымен бітті. Оның інісі Ерімберді өзіне ерген мырзалармен тағы да Литваға, Витовтқа барып, пана тапты.

Ауруы мендеген Андысын бұл жалғанмен қоштасты. Үзілер алдында қиналып жатып Ұлы биге:

- ...қалып... барасың-ау, - деген бір өкінішін зорға айтты. Ұлы бидің де бір жақ қабырғасы сөгіліп түскендей. Мына жалғанда соңынан қапысыз ерген досынан айырылу көрген азабының ең ауырындай сезілді. Қараталдың жанындағы шағын бекінісінің маңындағы көне бейіттердің жанына қабірін дайындатып қимас досын мәңгілік орнына тапсырған. Жетісін, қырқын өткізді. Сол рәсіммен жүргенде бес ай өтіпті. Тағы Алтын Орда жақтан шабарман жетті.

- Керімберді хан дүниеден өтті.
- Оу, не дейсің?
- Хан тағына бауыры Кепек ие.
- Керімберді неден өлді? - деп Қажы Мұхаммед ежіктей сұрады.

- Хан ажалы кісі қолынан.
- Өлтіруші кім?
- Кепек.

Мына тартыстың түп-нұсқасы көрінбейді. Енді «соңын күте тұрайық» деп жата берудің жөні жоғы айқындалған. Алтын Орданың ішкі ісіне сыртқы дұшпан емін-еркін араласқан екен. Хан тағына өзінің жақтасын қою дегеннен артық сұмдықты кім естіген. Витовтты Жәлеладин жақтап, соның дегенін жасаса, ендігі Керімберді Мәскеудің қолшоқпар қуыршағы. Сонда алаш жұртының жоқтаушысы кім? Витовттың да сүйенгені алтын-күміске арын сатқан білікті топ, Мәскеудің де мұндастары солар. Елді жақ-жақ етіп бөліп алған.

Осындай лаңның кезінде билікке келген Өзбек ханның әрекеті әбден дұрыс екен деп шешті Ұлы би. Хан тағына Шыңғыс ұрпағы ғана отыруы керек еді, қайдағы бір ата-тегі белгісіз қарадан шыққан ие бола қалыпты. Таққа отырған Өзбек Шыңғыс ұрпақтарын жинап:

- Қарадан қасиетті тақты қорғай алмағандарға ендігі тиер үлес осы, - деп шетінен қой бақтырған деген сөз бар. Сондай бір ірі іс керекті. Енді оны кім атқарар?

Баяғыда біреу жетесіз баласына назаланып:

Өзіңнен туған қолаба,
Айтқан сөзге бола ма?
Сояйын десем еті арам,
Сатайын десең өз балаң, -

деп зарлаған екен.

Тап сондай күн ғой мынау. Қуып тастаса көзі жоғалар қасқыр емес, қуса барып паналар орысы, литвасы тұр. Шетінен тізіп, құл етіп сатуға, өз басы құлдық атаулыға жан-тәнімен қарсы. Жоқ, болмас бір шара жасау керек шығар.

Ұлы бидің ойына Шыңғыс оралды. Тоқтамыстың басқа балаларынан гөрі мұның өскен ортасы, көрген тәрбиесі басқа. Анау орыс бұған жат. Әмір Темір балаларының маңында өскен Шыңғыс үшін Витовт діні басқа кәпір. Кәпірден жолдасың болса, жаныңда айбалтаң болсын дейтіннің нағыз өзі. Әрі бір-екі рет Ұлы биге көрініп те кеткен жағдайы бар-тын. Сөз саптауы ақыл-ой өрісінің дұрыстығын аңғартқан. Қай дұшпанға іштей сатылып жүргені белгісіз. Алтын Орда тағын төңіректеген ұрпақтарынан гөрі Шыңғыстың жөні бөлек.

Ұлы би орыс пен литваның арасына кезек жүгірген Кепекті қуып тастады да хан тағына өзінің шақыруымен келген Шыңғысты отырғызды. Көңілі жайланған. Шыңғыс батыстағы қатермен алысып бағады. Әрі кетсе ағайын боп табысатын, халқы Өзбек атанғанмен осы даланың алшын, арғын, найман, дулаттарынан тұратын Туран өлкесіндегі жұрттан қауіп жоқ. Алакөз болуы бар шығар, өлісуге бармайды.

Алтын Орданың тағына ойы басқа, тәбиесі бөтен, әрі жігерлі Шыңғыстың келуінен бар жоспарының кері кететінін түсінген Витовт та амалсыз қалмады. Ол Қырымдағы Шырың әулетімен жалғасып, Ерімбердіні ұлы хан деп жариялап, Тоқтамыс ұстаған деген қылышты тапсырып, ханның бар рәсімін өткізді. Мұндайға әбден дайындалған литва патшасы сақадай сай әскерін көк мылтықпен қаруландырып, қолбасылыққа өзінің Радзивилін тағайындап, табан астынан жорыққа аттандырған. Алтын Орда хабарсыз еді. Еділден өтіп, жетіп келген жауға Шыңғыс хан қолда бар жасағымен қарсы шықты. Жан аяспады. Күші басым дұшпанмен, күркіреген мылтықтымен табан тіреп шайқасты. Үнемі қолдың алдыңғы қатарында жаумен арпалысқан Шыңғыс ақыры қаза тапты.

Дұшпанның арам ниетімен хан тағына отыра қалған Ерімберді сүйеушісі Витовтқа аса ырза еді. Елді тонап,

олжа деп тапқанының бәрін қолбасы Родзивиламен бірге Витовтқа жөнелгіп, аз күн дәурен сүрген. Шыңғыстың қапыда кеткен жағдайын естіп, Ұлы би де табан асты атқа қонды. Ұлы бидің қаһарынан қорыққан Ерімберді бас сауғалап, қолға түскенін олжалап, Еділден әрі өтіп кетті.

Хан тағына миледише жыл санаудың 1417 жылы Дербіс сұлтанды ие еткен жасы алпыстан асқан Ұлы би орта жолда тоқтап қала алмады. Ерімберді сұмды жеріне жеткізе жазалауды жөн санаған. Ерімбердінің қайда барса да ізінен қалмады. Витовттың ертеден бері одақтастары Венеция, генуялықтарды паналаған Ерімбердіні іздеп, Тана қаласын алып, венециандықтарды жазалады.

Қашқын Ерімберді Кофаны барып паналады. Кофалықтар Едіге келсе де оған ұстап бермеуге уәде еткенін. Ұлы бидің әскері қала іргесіне таянғанда кофалықтардың жүрегі айнығанын білген Ерімберді Кофадан да қашып шықты. Кофа Дербесті хан деп мойындап, бар рәсімін жасады.

Жер-көктен пана таппаған Ерімберді соңғы жатағы Литваға аттанған. Өркөкірек, болмашыдан жанжал іздеген ол сапарластарын да мезі етсе керек, жол үстінде оны серіктері өлтіріп тынды.

Тағы бір жылдай тыныштықпен өтті. Осы тыныштықтың ұзақ боларына Ұлы бидің сенімі аз. Тоқтамыс ұрпағын Алаш жерінен қуып тастады. Сонда да көңілі күпті. Олардың тірісі Литваны паналаған, белгісізі орыста да жүрген шығар. Тақ үшін қанға тоймайтын бұлар бүгін таяқ жесе, ертеңіне аш қасқырдай ұлысады. Сыртқы дұшпанға керегі де сол. Енді не амал? Витовт... Иә, онымен жағаласқанына да жиырма жылдай уақыт өтті. Борсықтыдағы соғыста ол зорға қашып құтылып, ізіне біраз түскен Ұлы би Киевті қоршаған. Киев жұрты жаздық-жаңылдық деп алдына жығылып, кінәсі үшін

арба-арба алтын-күміс беріп, Орданың билігін мойындап құтылған. Иә, сол жолы Витовтты індетіп, оның Вильнюсына бара алмады. Борсықтыдағы қанды қырғында қатары қатты селдіреп, әрі шаршаған әскерінің әрі жылжуға мүмкіндігі жоқ еді. Талай уақыт өтті. Витовт қайта күшейді. Отты қару әр әскерінде бар. Оны нығайтып жатқан арғы жағындағы неміс, фаран, рум сияқты қалың жұрт. Бәрінің сескенетіні Алтын Орда. Витовтты көзі көрген жоқ, бірақ ол есіне түскенде арақ пен май сасыған үстіне әтірді мұңкіткен теке көз дудар бас сары елес береді. Сол сарының айналасы толған шикіл сарылар қаптаған көк мылтықты құрып қойып, алаш баласын қырып жатқандай көрініп, жаны шошиды.

Алпыс үш жасқа қараған шағында Ұлы би Витовтқа хат жолдады... Даңқты князь! Ар-намыс үшін бел жазбай еңбек етіп, талмай ерлік істеген бізге көңілсіз кәрілік келіп жетті. Қалған ғұмырымызды бейбіт-тыныштыққа бағыштағанымыз дұрыс болар. Екеу ара төгіскен қанымызды жер жұтты, бет жыртысқан сөздеріміз желге ұшты, жалаңдаған соғыс өрті жүрегіміздегі ашу-ызаны жалмап, өрт жалынын су сөндірді».

Арада тыныштық орнап, келісімге қол қойылды. Келер жылы Қырымда бой көрсеткен Тоқтамыс ұлы Кәдірбердіні Шырын әулеті сүйеп, Витовт оны тағы хан деп жариялады. Иә, кезінде бұл он үш жастағы Кәдірбердіні Едігеге қатын болған Тоқтамыс қызы Жәніке батырдан жанын сауғалап сұрап алып жасырып-тығып, кейін алыс жаққа аттандырып жіберген-тін. Кәдірбердінің Қырымда хан тағына отырғанын Ұлы би дер кезінде естіді.

— Алтын Ордадан бөлінген алақандай Қырымның келешегі жоқ, - деді Ұлы би Қажы Мұхаммедке. - Мынау соны неге түсінбейді. Сонау алыстағы Венеция мен Генуя қызыққан Қырымға Поляк пен Литваның да, анау қара бұлт боп төніп келе жатқан орыстың да көз

алартатынын неге ойламайды. Бірер жыл хан болар, дәурен сүрер, сонан соң Алтын Ордадан шеттеп қалған алақандай хандық жат жұрттың жемі, халқы босып, не құл боларына көзі жетпей ме, шіркіннің.

Кәдірбердінің ойы басқада екен. Хан тағына отыра салысымен өзінің нақ сүйенері Витовттан мұздай қаруланған әскер алып, оған қырым жұртынан жасақ-талғандарды қосып, еш хабарсыз Еділден өте шыққан. Жасы алпыс үштен асқан Ұлы би бұл жолғы қолды басқаруды Қажы Мұхаммедке тапсырды. Көк мылтық асынған жойқын жау күшімен алаш әскері Елек өзенінің Үш бөрте аталатын сағасында кездесті. Екі жақ та араға тас лақтырардай жерге келіп, қарама-қарсы тоқтағаа Сәл ілгері шыққан Ұлы би:

- Ей, қырымдық бауырлар, қан төгісу қашпас, әуелі ата-баба әруағын еске алып, ұлы халқымыздың болашағына көз жүгіртейік. Араларындағы сөз түсінетін, ел ұстағандарың бері шығындар, - деген.

Оның сөзіне жауап болмады. Қол тас мүсіндей қатып қалған. Атын ілгері аттатқан Кәдірберді:

- Сөзіңді шығын қылма, оған тойып болғанбыз. Қолға қашан түседі деп жүр едік, сені. Осы жерден тірі кетпейсің сен, - деп артына бұрылып, сірескен көк мылтықтыны нұсқады.

Ашу-ызадан жүзі бір жағына ауған Кәдірбердінің еңі қан ұрттағандай сұп-сұр. Ол мына тұрған алаштықтарды да, Ұлы биді де ата жауы есептеген. Бақытсыздығына да, қаңғып жүргеніне де осылар кінәлі деген миына әбден қонған-тын. Бар жоғалтқанына есеп айырап осы сәтті қаншама күтті десейші. Мына қолындағы мылтықты да, көк түтінді қаруға сірескен әскерді де әкесінің досы Витовттан осы үшін алған. Міне көктен сұрағаны жерден табылып, сақал-шашын ақ басқан Едіге бүгін кезігіп тұр. Өзіне ерген колмен де, Литва әскерімен де ешкімді аямауға келіскен, қолға түскен

олжаның бәрі солардікі. Тонасын, шапсын мына жұртты, қан сасытсын даланы.

-Бауырларым,-деді тағы Ұлы би. - Қан сасытпайық ұлы даланы. Әлі кім жеңері белгісіз. Борсықтыдағы ұрыста да зеңбірегі мен көк мылтығы бар Витовт қырғынға ұшыраған. Бір Алла, сөзіме куә, қанымыз бір, дініміз бір халықпыз. Өзді-өзіміз соғысып, жат жұртқа жем болмайық.

Кәдірбердінің артында тұрған Қырымдықтар арасында бұл сөзді қостаған гуіл естілген. Енді болмаса жеңілетінін ұққан Кәдірберді:

-Қапта! Қапта! Соқ! Соқ! - деп айқайға басып, тұра ұмтылған.

Тықыршып, ауыздығымен алысып тұрған аттар айқай шыққан бетте аспанға секіріп, алға қарай шапты.

Еріксіз қылыш суырылды. Енді еш аяспас хал бәрінің басына төнген. Күрс-күрс атылған көк мылтық алдыңғы қатарды жапырып тастаса да, алаш қолы найза мен жебені қардай боратып, шоқпармен соғып, қылышпен турап, қан майданның ортасына кіріп кетті. Ақбоз атты жайраған жаудың үстінен секірткен Ұлы би қатардағы сарбаздармен бірге сол қырғынның ішіне еніп, жолбарыстай жұлқынды. Әлдебір жаудың қолынан жұлып алған қылышты сол қолына алып, екі жақты бірдей тураған оған қарсы келу мүмкін еместей еді.

- Бұлар бізді аямауға бекінген екен. Соғындар! Оңдырмай соғындар, әсіресе ана мылтықтыларды, - деп ұрандады Ұлы би бір мүмкіндік туған сәтте, - Алла жар! Алла жар!

Ұлы би, баяғы жастық дәуреніндей, қайнаған өртті майданның нағыз ортасына ұмтылды. Оның ұмтылған жері мен екі жаққа ұрған қылышынан, артынан кең жол қалып жатты. Оны жау қаншама ортаға алғысы келсе де ақылды ақбозы сілтенген шоқпар-қылыштан жалт беріп, ешкімді де таятпай қойған.

Арпалысып жүргенде ойына Нұралысы орала берді. Дүниеден ерте өтті-ау. Ол болса мына дұшпанмен айқас қалай өрістер еді. Ұрысқа тап өзіндей кіретін ұлын сағынып, жүрегі шым етті. Тағдыр ғой, ол да осы ел үшін мерт болды.

- Әке! Әке! - деп бір жағынан Жаксыбайы келіп қапты.

Жоқ, бұл Нұралыдай емес, мұның қайраты мен әдісі қалың шайқастың өрттей тұтанған жеріне кіруге жарамайды. Жоқ, бұл аман қалсын. Жаксыбайды қақпақайлап, сыртқа қарай шығарып жіберіп:

- Қажы Мұхаммедке айт, енді бұларды бүйірден соқсын, - деп тапсырыс берді.

- Әке, тап ортаға кірмесейші.

- Жазмыштан озмыш жоқ, балам, мұндайдың санын көргенбіз.

- Сонда да...

- Бар! - деп түсін суытты Ұлы би.

Иә, тағдырды бүгін мына қылыш шешеді деп ойлады Ұлы би. Алтын Орданың алды аспаны жау бетін тойтара алса, ұрпақ аман. Әйтпесе...Әйтпесе, мына жанды несіне аяйды. Бұрын да өзін аяп көрмеген, енді кәрі қойдың жасындай мерзім қалғанда елі үшін бәріне дайын.

- Азар болса шейіт болармын, - деп қалды.

Майдан ортада әлі тұтанып тұр екен. Тұла бойын бір ыза билеген Ұлы би ақбозды тебініп қалды. Шиыршық атқан тұлпары тап ортаға алып кірген. Әнебір сары сақалды Түнболатты мылтық нысанасына алып тұр екен. Ойпырмай, мынау ит жазым етпесе игі. Қанжарын суырып алып, көздей лақтырған. Жаудың тап қыл тамағынан қадалды. Күрс еткен мылтықтың аузы аспанға қарап, көк түтіні көкті бояды. Түнболат аман екен. Е, Алла, бұған да шүкіршілік.

Қажы Мұхаммедтің ең соңғы сәтке іріккен барлы-жоғы екі жүздей сарбазы жауға бүйірден тиіп берді.

Қатары сиреген дұшпан әр тұста топ-топ боп шайқасқан. Майданның орта тұсындағы ащы дауыс та, мылтық үні де сарт-сұрт соғысқан қылыш-қалқанның шақыр-шұқырымен ұласып, иесін сүйреткен аттар үркіп шығып жатыр. Ұлы би сол тұстағы айқасқа кіріп кетті. Ендігі бір сәтте Кәдірбердіні көзі шалды. Ол да батырды таныса керек, бетпе-бет келуден жасқанып, қашқақтап барады. Ұлы би жолын бөгегендермен ақтық айқасқа еніп, Кәдірбердіге тап берген. Ол жанында тұрған екі мылтықтыға әлденені бұйырғандай. Екі мылтық бірдей кезелді. Соңына жетіп қалған Қажы Мұхаммед:

- Ат баурына түсіп кетіңіз, - дегенше, екі мылтықтың түтіні бүрк етті.

Кеудесіне оттай қарыған әлдененің сұққылай кіргенін, іші-баурының жалын шарпығандай боп езіліп бара жатқанын сезді. Тағы бір қанішер шоқпармен соқпақ еді,-ақбоз ат жалт беріп иесін қырғынның ортасынан сыртқа алып шықты.

Жетіп үлгерген Қажы Мұхаммед мылтықтарын қайта оқтатып үлгертпеді. Құлаштай ұрған қылышпен бірге біреуінің басы сонадай жерге ұшып түскен. Бассыз дененің тулағанынан шошынған екіншісі мылтықтың құндағымен бүркене берген-тін, қылыш өңменін тесіп өтті. Жан сауғалап қашқан Кәдірбердіге садағын айнытпай кезеген. Ысқырған жебе жаурын ортасынан кіріп, тамағының астынан шыққанын көзі көріп, Ұлы биді іздеп аттың басын кері салған. Аттан құлаған Кәдірбердінің басын Алтын баһадүр айбалтамен шапқан.

Көзі қарауытып, айналасы бұлдыраған Ұлы би ақбоз аттың жалына жатып қалғанын ғана біледі. Онан басқасының бәрі елес. Әлде бір сәтте есін жиды. Атты жетектеген Түнболат тоқтап, Қажы Мұхаммедпен тағы біреулер көтеріп алып жатыр екен. Ауруы жанына қатты батса да тістеніп, тісін қайрап жіберді.

- ...жау, - деуге тілі зорға келді.
- Жау қашты. Көбі тұтқынға түсті, - деді Қажы Мұхаммед.

- ...біздің адамдар?

- Қам жеменіз, бізден шығын аз.

-Түнболат-ай...

- Ұлы би... аға... ағатай, - Түнболат келіп қалған өксікті зорға басты, - Еш қам жеменізші, өзіңіз аман болыңызшы, бәрі түгелденеді.

- Әке! Әке! - деп аттан боздап құлаған Жақсыбайды Қажы Мұхаммед тоқтатты.

-Тірі! Ұлы би тірі. Қатты мазалама.

- Әке, неге кірдің жаудың ішіне?

- Жә! - деп қолын көтерді Ұлы би.

- Енді не істедік? - деп күбір етті Қажы Мұхаммед.

-Тәуіп... Тәуіпті шақырыңдар.

Ұлы бидің үстіндегі қан сіңген бар киімін тәуіп кесіп кесіп алып тастап, жігіттердің сүйемелдеуімен денесін тазартты. Оқ тескен кеудесі мен ішіне әлдене дәрісін жағып, танып тастаған. Тәуіптің де өңі сынық, жүзін бұрып әкете береді.

- Қалай? - деді оңашалап Қажы Мұхаммед.

- Кеудесін тесіп өткен оқтан аман қалар-ау.

- Ал, сонда...

- Ішінен қадалған оқ бауыр-бүйректі талқандап кеткен.

- Енді не амал?

- Бәрі Алланың қолында ғой, қайдам? - деп тәуіп басын шайқай берді.

Халінің ауырлай түскенін Ұлы би де біліп жатыр. Жауды жеңді, мүмкін соңғы рет шығар. Армандай бұлдыр сағым ойнаған гүл-жазиралы ұлы далада алашының, қазағының баласы өмір қызығын көрсе арман не. Заман озар, тағы бір уақыткелер, мына жауды кері серпілтер намысты ұлдар алшаң басып жүрер, алаш туын мақтан етер күндер де туар. Соған жетсін де...

-Қажы...

-Әу,

- Мені Ұлытауға жеткіз. Өнеубір шыңның басында болсам деймін. - деп кинала тіл қатты.

- Әлі сан көтеріліп, әңгіме құрамыз, Ұлы би.

Жүрісі жайлы жорғаларды таңдап, қос-қостан парлап, үстеріне тең артып, Ұлы биді соның үстіне жатқызып, жедел жүріп кеткен. Жиі тоқтап, Ұлы бидің аузына сусын тосып, ошарыла үңілісіп, халін біледі. Жол ортасынан асты. Ұлы би әлі сол қалпында, әлі тың көрінген. Ертеңгі самал есіп, көкте бозторғай шырылдаған шақ еді.

- Қажы..., - деген үнін естіді, - Жақсыбай...

- Осындамыз.

Екеуінің қолын қысып Түнболатқа жанарын қадаған қалпында Ұлы би үзіліп жүре берді. Алаш-қазақтың ендігі ордасына, бәйбішесін Қағазға, Шәуешек биге, қос-қос ат мінген хабаршылар кетті.

Ұлы бидің денесі Қаратал өзенінің бойындағы шағын бекіністің ішіне тігілген Ордасына бір түнеп, ертеңіне Ұлытаудың шыңына қарай аттандырылған. Қайран ақбозы иесінің денесін биіктің біраз жеріне дейін апарды. Сонан соң таудың етегінен шыңның ұшар басына дейін төрт қатар болып тізілген исі қазақтың баласы қолдан-қолға беріп, көкті емген биіктің күн сүйген жартасына шығарды. Сол жерде тас сәл қашалған екен. Ұлы бидің денесін жасыруға қимаған мың сан жұрт егіліп, еңіреп ұзақ қоштасты. Осы шыңды мекен еткен ақ бас бүркіт шүйіліп кеп саңқ етіп, қайта көтеріліп кетті. Ұлының денесінің айналасы таспен өріліп қаланып, қыр ұшы сүйірленген, төр қырлы биік тас ғимарат қаланды.

Кенет ашық аспан шұтыр-шұтыр күркіреп, көкті тілгілеп найзағай ойнады да, шөкімдей ақ бұлт көз жасын төгіп-төгіп жіберді де ғайып болды. Кіршіксіз көк аспан мөлдірей елжіреп, тас моланы құшағына алды.

Сол уақыттың тарихшысы Ибн Арабшах «Ол қоңырқай жүзді, нығыз денелі, айбатымен қарадай жаныңды шошытатын, көзсіз ержүрек, шексіз кемеңгер, жұмсақ күлкілі, жомарт, айтпай түсінетін елгезек, табанды шешім табатын сергек, ғалымдар мен жақсы адамдарға үйір, жымия күліп, әзілдесе сөйлесетін, ораза тұтып, намазын қаза жібермей, шариғатты мықтап ұстаған жан еді» деп суреттеген Ұлы би дүниеден өтті.

*Ақсу -Аюлы шәһәрі.
һижраның 1432-33 жыл
Қараша - наурыз.*



ҰЛЫ ЕДІГЕ - ҰЛЫТАУДА!

Ұлытау - исі қазақтың жүрегін ұлылыққа үндейтін
ата мекен.

Ұлытау десе көкейге «хан ордасы», Домбауыл, Жошы, Әмір Темір, Едіге, Токтамыс, кешегі Кейкі, Амангелділер оралады. Ал Едігенің ерлігі туралы қаншама жырлар сақталған. Едігені халық батыр деп қана қоймайды, оны әділ би, кереметгі әулие деп те жүрегінен орын берген. Осы сапарымда да ол туралы талай әңгімеестідім.

1950 жылдың шамасы болар, бесінші кластың оқушысымын. Сонау Ұлытау жақтан әкеммен досжар екі адам келген. Әңгіме ауқымы Едігеге ауысты. Атжақты, самайы қасқалау үлкендеуі «Едігені бұлдірді ғой» деп күрсінді. Сонан соң әкемнің сауалына, «сонау Мәскеуден үш орыс келгенін, олардың мақсаты Едігені табу екенін айтты. Алғашқыда батырдың зиратын ешкім көрсете қоймапты. Келер жылы бәйге жарияласа да көрсетуші табылмапты. Үшінші жылы екі шал «мынау» деп көрсетіпті. Моланы ашқанда батырдың мүрдесі сол қалпында жатыр екен дейді. (Тау басының ерекше климатынан мүрде сақталғаны туралы дерек көп. К.Ж.)

Бұл әңгімені мектепте оқып жүрген кезімде толтырған алты қалың дәптердің бірінде жазған едім. Айтушылардың, екі шалдың аты да бар еді. Қазір менің қолымда тек алтыншы дәптер ғана бар. Бес дәптер саяси көзқарасым үшін түрмеге түскен мезгілде жойылып кетті.

Едігенің мүрдесін орыстар неге ашты? Мақсат не? Әлде қорлау үшін бе? Едіге 1410 жылы Мәскеуді тағы алып, тізе бүктірген ұлт батыры емес пе еді. Атақты батыр, қолбасылардың дұшпаны да көп. Өзі өлген соң сол дұшпан мүрдесін қорламасын деп Шыңғыс хан қабірінің үстінен мыңдаған жылқы айдатқан. Ұлы А.Македонскийдің де моласы белгісіз. Қабанбай батыр «мүрдемді алыс Арқаға жерлендер» деп кетті деген сөз бар. Ал, Едіге балаларына «мені Ұлытаудың сонау шыңына жерлендер» деп тапсырыпты. Бұл туралы ғалым Шоқан Уәлиханов та жазған екен. Ұлытаудың шыңы қорған болар деді-ау ел арысы Едіге батырға.

Сөйтіп Едігенің басын орыстар ашып, шала-пұла жаба салған. Сол Едіге тауының басына Токтамыс та жерленген дейді халық. Едіге тауының басы жалтыр тас. Аса ірі тас зират ішін қуыстаған ерекше пирамидаға ұқсайды. Бұл да тас қалаудағы халық қол өнерінің ерекше үлгісі.

Иә, ол жағдай өтті ғой. Қазақтың «мынау менің бабам еді», «анам» еді деуге шамасы келмеген, аузын ашса тілін жұлған кер заман ғой ол. Сөйтсе де екінші рет қисынсыздыққа жол берілгеніне ішің ашиды. Мына еркіндік, тәуелсіздік қолға тиген тұста біреу барып, Едігенің моласын қопарыпты дегенге ешкімді сендіре алмай қор болдық. Оны айтамыз-ау, тіпті Едіге батырдың басын ала қашыпты дегенге сендіре алмадық. Ақыры мұрағаттан Ғазиз ақын Ештаңайұлы Жезқазған облысының «Сары Арқа» газетінің 1990 жылғы екінші карашадағы нөмерін тауып берді. «Қорлаушы бар, қорғаушы қайда» деп зар еңіреді журналист Батырбек Мырзабеков. Газеттен үзінді келтірейік «Өлкетанушы С.Бүкіров (Сүтемген Бүкіров К.Ж.) басқарған экспедицияның Ұлытауға Едігеге барғаны да рас...тау басындағы қатар-қатар жатқан үш тас үйіндіге қарап тарихты бір сәт сол қалпында тамашалап тұрды. Сәлден

соң Алматыдан келген ғалым Н. Көшекбаев экспедиция жетекшісінен:

- Едіге осының қайсысында жатыр? - деп сұрады. Бұдан бұрын да осында үш рет келіп кеткен С. Бүкіров үш сұпының ортасындағысын:

- Естуімізше, мынау бабамыздың бейіті, - деп көрсетеді... Әркім өзімен өзі болғандай біреуіне біреуі Едіге батыр туралы естігенін, білгенін шертіп тұрған сәтте астанадан келген ғалым кісі ере шыққан екі-үш жас жігітке:

- Кәне, мына үйінді тастарды аударып тастандар, - деп бұйрық райда сөз тастайды.

Газет онан әрі қарай жалаңдаған жігіттердің үйінді тастарды аударып тастағанын, ар жағынан діні бұзылмаған, еш жеріне ақау түспеген бас сүйектің де, дене сүйегінің де көзге түскенін жазады. Ал, ғалым кісі бас сүйекті шапанының шалғайына орап, баурына қыса орнынан түрегелгенін, «Міне осылай бес ғасыр бойы орнынан қозғалмай, дене дене сүйегінен бөлінбей жатқан Едіге батырдың басы тұңғыш рет таудан төмен шапанның шалғайына оралып түсті» деп тәптіштеп жазған.

Газет Ұлытау аудандық Кеңес төрағасының орынбасары, осы экспедициямен бірге болған Төкен Ахановтың «Басты алатынын білмедік» деген пікірін де жазған екен.

Бұл жағдайды естіп Ұлытаудың халқы көтеріледі. Ақыры халықтың тегеуріне шыдамаған ғалымы мен басқасы Едігенің басын орнына қояды. Бірақ үйінді мола қалпына келтірілмейді. Осыған қатысқан Ұлытау аудандық газетінің редакторы Мағзұмбек Машайықұлы Едіге батырдікі делінген бас сүйегі де, дене сүйегі де бір-ақ қабат тастың астында жатқанын бізге жеткізген еді. Кеш естідік.

Қазақ ұлтының намысын қорғаған хас батырдың сүйегі шала жабылып жатыр дегеннен жанымыз

түршікті. Бесінші жылдың сары күзінде Ұлытауға жетіп Едігенің шыңына өрледік. Терістік жақ беті еді. Ең қиын тұсы да осы екен. Бесеуміз. Төртеуі Ұлытау азаматтары. Біраз көтеріліп барып екеуі жолда қалды. Жолбасшымыз орта тұсқа жетіп жығылды. Жиырмаға жетпеген шофер бала екеуміз төрт сағат дегенде шың басына зорға жеттік. Қолымыздан дұға оқу ғана келді. Мынау деп көрсетер Мағзұмбек шыңға шығуға жарамады. Көргенімізді айтып келер жылдар қыңқылдап көріп едік, естір құлақ таппадық. Бәрі де күйбең тірліктің әуресінде.

Мәдениет жағы келген дәкейге концерт береді, шығарып салады.

Сегізінші жылы министрлікке жазғанымызға бір қызметкері жыл соңындағы 10.02/ж-335 деген жауабында «Едіге батыр басында шашылып жатқан сүйектер жоқ» деп жауап берді.

Тоғызыншы жылы жазғанымызға тағы да «Едіге батыр басында шашылып жатқан сүйектер жоқ» екендігін айтқан жауап алдық.

Сонан біз «шашылып жатқан сүйектер емес, Едіге батырдың қорлауға ұшырап жатқан сүйектері туралы жазып отырмыз» деп қайта жазуға мәжбүр болдық. Бір азаматтар өзімнің барып, өз көзімен көріп, дәлелдеп қайтуының да дұрыс екенін еске салды.

Едігенің шыңына көтерілудің қиынын көргенбіз. Жетпістен асқанда енді қалай болар екен деген күдік пен секем де бойды билеген. Айға жуық әжептәуір дайындалдық. Саршаның 29-күні Ұлытауға кештете жеттік. Ертемен бізге биыл 36 жыл бойы редакторлық етіп келе жатқан Мағзұмбек Машайықұлы, музей бастығының орынбасары Сейтжан Өмірбаев, Музей қызметкері Ерлан Омаров, ҚарМУді биыл бітірген інім Жансерік ерген.

Едіге шыңының терістік тұсынан баруға қарсылық еттім. Өздері де түстік жағы қолайлылау десті. Екі

сағаттың жобасында Едіге тауының басына да көтерілдік. Шыңның басы жып-жылтыр гранит тас. Ұлытаудың бар биігі алақанға салғандай алдымызда созылып жатыр. Көз жетер жер айнала далаға сағым ойнап, шоқылары бас иіп табан астымызда қалған. Тау басында бір тас зират қана қираудан аман. С. Бүркіров көрсеткен үш үйінді тастан қалғаны осы. Қалған екеуінің бірін ғалым Н.Көшекбаев қиратты. Үшіншісі қайда? Оны қиратқан кім? Бұған жауап жоқ. Бұзылмаған зираттың бір тұсынан әлдекімдер тізеден етіп ұзыншалап тастан қоршап қалап қойыпты.

- Едіге қайда жатыр? - деп сұрадық Мағзұмбектен.

- Міне, мұнда жатыр. Мына тастың астында, - деп жаңағы қоршауды көрсеткен.

- Мына қоршауды біз жасадық. Батырдың бетінде осы таспен біз жаптық.

- Ұзындығы елу, ені отыз сантиметрдей тастың бетінде ештеңе жоқ. Дұға қайырдық. Алладан медет, әруақтан кешірім сұрап бет тасты көтеріп қойдық. Арғы жағында он сантиметрдей жерде бас сүйек жатыр. Көргеніміздің бәрін видикке түсіріп те жатырмыз. Ақылымен жұртқа үлгі айтқан, қаруымен ісі қазақтың дұшпанын талқан еткен Едіге батырдың мәңгілік тұрағының жайы осы. Көңіл құлазиды, көкірекке өксік тірелген, ытып шыққан жасты сілкіп тастадық. Кенесары хандар алдында тұрып бүкіл қазақ даласын айтып коштасып, бар қазақ ұлын атап жоқтау айтқан екен. Біз де жоқтау айтудың аз-ақ алдында тұрмыз.

Тағы да дұға қайырып батырдың басын да, жанында жатқан сүйектерді де қолға алдық. Жаңбыр өтіп, тастың қуыс-қуысынан андыздаған жел кеулеген бас сүйек семіп, үгілудің аз-ақ алдында тұр. Жақ сүйек бар, бет сүйегі көрінбейді.

Бас сүйекті арнайы алып келген ақ матаға орап қайта орнына жайғастырып, бұрынғы қалпындай етіп бетін таспен жаптық. Әзірше қолдан келгені осы.

Бірақ бір нәрсе көңілімде қалды. Едіге осы ма, әлде қалай дейді іштегі бір түйткіл қолыммен ұстап, көзім көрген бас сүйекке қарап.

Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл Мұаммедтің ықпалымен Едіге мәселесін анықтау үшін арнайы комиссия құралған, тағы да Едіге шыңына көтерілу керек. Едіге туралы кім не жазды, кім не деді дегенді саралап оқып, көңілдегі күдіктен арылуға тырыстым. Академик А.И. Шренкпен бірге болған сапарында Шоқан Уәлиханов «Ұлытау шыңдарының бірінен маңғыт ордасының негізін салушы Едігенің моласын таптық. Оның моласы тас үйіндісі. Оның құзыры өзі орналасқан тау қиясының биіктігімен сәтті ұштасып тұр» деп жазады. (тандамалы, 105-бет Алматы, 1985 ж.). Ол заманда Ұлы би (хан емес) атанған Едігенің зиратын анық көрсетуші шежіре-қарттар барған. Олар қателеспейді. Міне, Шоқанның жазғаны-негізгі дәлел.

Қазақтың түгел сөзін түп-төркініне жеткізе зерттеп терген Мәшһүр Жүсіп те Едіге батырдың Ұлытауда шың босына қойылғанын жазады.

Тас зираттардың үшеу болғанын, соның ортаңғысын С.Бүкіров «Едігенікі» деп көрсеткенін журналист Б.Мырзабеков жазады. Сол үш зираттың бәрінің биіктігі бірдей болды ма екен деген ой мазалайды.

Аудан әкімі Жаңбырбай «Егемен Қазақстан» газетіне ашылып жатқан сүйекті ұстап отырып шыққан суреттің теріс болғанын айтып, әлдебіреудің «бұл менің әкем-Тоқтамыс» деп жүргенін жеткізді. Әлгі пендеден сұрасақ ол сол шыңға соңғы пәленбай жылда шығып көрмепті. Бадам дейтін Тоқтамысты 1771 жылы туып, 1834жылы өлген дейді. Оны қайдан білесің дегенде «солай деп жүреміз ғой» дегеннен аспады. Хан Тоқтамыс 1406 жылы өлген еді. Ал, енді кімді женесің?!

Іштегі түйтіктің бетін ашуға Қаракеңгір ауылының тұрғыны Молдабек ақсақалдың көмегі тиді. Молдекең

кешегі жігіт-желең шағында 1956 жылы Едіге шыңына көтеріліп, сол тас зираттарды көрген екен. Шыңмен ұштасып тұрған тас зират аса биік еді дейді Молдекең. Онан басқа тағы екі тас зират болды, оларды биіктігі кісінің қара санына жете қоймайды деп түсіндіреді ақсақал.

Иә, сонда Молдекең көрген (күні бүгін сақталып тұрған) биік тас-зират ұлы Шоқан жазып-қалдырып кеткен «тау қиясының биігімен сәтті ұштасып тұрған» «Едігенің моласы» екеніне күмән қалмады. Ал ашық-шашық жатқан ана екі тас мола өте аласа, тіпті сол екеуіне қанша тас үйсе де Шоқан жазғандай шыңмен «сәтті ұштасы» кете алмайды.

Әрі Токтамысты да ел құрметтеп, соншама биік тас мазар салмас еді. Ол 1395 жылы Теректідегі соғыста жеңіліп, Литва королі Витовтқа қашып кеткен. Оның үстіне 1399 жылы Алтын орданы күйрету үшін Поляк, Литва, Орыс және Тевтон орденінің әскерін алып келген. Ворскла өзеніндегі ұрыста бұл төрттіктің әскерін Едіге қиратып салған. Мұнан кейін Токтамыс Әмір Темірді паналаған. Өз еліне жаудың жасағын алып келген қашқын ханға елдің тау шыңына аса биік тас мазар сала қоюы екі талай. Егер осы соғыста Едіге жеңілсе Алтын Орда біржола құрып, қазақ жерінің Ұлытауға дейінгі бөлігі жат иелігіне кетер еді де, қазақтың бүгінгі жер тұтастығы да болмас еді.

Сонау 50-жылдардың бас кезінде Едіге батырдың моласын іздеп келген орыстарға Ұлытаудың екі ақсақалды да батырдың мүрдесін қорлатпау үшін Мәскеуліктерді қасақана жаңылыстырып, ортадағы моланы көрсеткен-ау деген ой келеді. Қазақтың иманы бұзылмаған қайран ақсақалдары деп іштей қуанасың. Анау өлкетанушы С.Бүкіровта сол ақсақалдардың ізімен кетсе керек. Оған да шүкіршілік.

Комиссияның бір мүшесі Ә.Марғұлан атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу институтының бөлім

меңгерушісі Жұман Смайлов бұл шыңға алғаш рет 1983 жылы шыққанын, сонда да сүйектердің көрініп жатқанын айтып өтті. Иә, бұл Мәскеулік орыстардың моланы жаңылысып ашып, шала жауып кеткенінің куәсі.

Тау шыңымен үйлесімді ұштасып биік тас-мазар-пирамида тұр. Бұл ұлттың намысын қорғаған, Ұлы би атанған Баба Түкті Шашты Әзиздің ұрпағы Құтылқия ұлы Едіге батырдың мәңгілік орны. Осы биіктен өзі сүйген, өзі қорғаған ұлты мен ұлы даласын бақылап жатқан сияқты.

Ғасырдан ғасырға ұлы тұлғаны мақтан тұтып, қастерлеп, қорғап келген Ұлытау жұрты Едіге батырдың сау тұрған тас пирамидасының іргесіне «Құтылқия ұлы Ер Едіге» деп қара мрамордан тамаша ескерткіш орнатылғанын көріп, көңіл қуанды.

Ал, ана шала ашылып жатқан екі мүрде кімдікі, қашан жерленген? Оны антропологтар зерттеп, Едігеге қатысын анықтауы қажетті жеке әңгіме.

Анау бір қонысты ел күні бүгін «Едігенің майлы жұрты» деп атайды, деп редактор М.Машайықұлы мен музей қызметкері С.Өмірбаев жарыса үн қосып алыстау жатқан маңды көрсеткен.

Арғы заманда жатқан Едіге, беріректегі Қабанбай батыр кім еді деген сауал туындап жатады. Қаракерей Қабанбай. Атының өзі айтып тұр, Бұл Қаракерей, яғни найман деседі. Қабанбай батырдың тікелей ұрпағы жазушы, ғалым Зейнолла Сәнік «Хан батыр Қабанбай» кітабында (Алматы 2005). «Сейітқожа Шайбанилар Мұхаммед Пайғамбар әулеті. Яғни Мұхаммедтің қызы Фатимадан туған Шәмші Ахмедтің баласы Шайбанидің ұрпақтары. Шайбани Иран жерінде әмірші болған. Шайбани хан Мауераннахр мен Қорасынды билеумен бірге Үнді жерін өзіне қаратқан» дей келіп, Қабанбайдың арғы бабасы Токтар қожа осы әулеттен екенін, «Найман елі Арқа жеріне қоныс аударғанда Шайбани ханның

ұрпағынан Тоқтар қожаны қожалыққа әкеледі» деп жазады. Осы Тоқтар қожадан Байжігіт, оның Мәмбетінен Қожақұл, одан Ерасыл (Қабанбай) туғанын дәлелдеп келтірген. Сонымен, Қабанбай батыр Қаракерей руының қожасының ұрпағы, сол елде туып өскен соң Қаракерей аталуы да түсінікті.

Едіге батырдың арғы тегі туралы да ойдан шығарылған, дәлелсіз, тиянақсыз әңгімелер бар. Әсіресе бұған құдайдан қорықпайтын кешегі комунистер әуес. Алланың алдына барамыз, әр қылығымыз үшін, әр сөзіміз үшін жауап береміз деген ой олардың санасына кірмейтіні анық. Қорқыныш пен ұяттан ада адам не демейді.

Едіге батырдың шежіресін Қадырғали Жалайыри 1602 жылы жазған «Шежірелер жинағы» атты еңбегінде шегелеп көрсетіп кеткен. Кітапта «әуелгі бабасы Әмір әл Момын Әбу Бәкір әл Садық Разидың төрт ұлы бар еді деп басталады. Мұнда көрсетіліп отырған Әбу Бәкір әл Садық ұлы пайғамбар Мұхаммедтің төрт халифінің бірі және пайғамбардың ізін басқан алғашқы мұрагері. Әбу Бәкір Әл Садықтан Мұхаммед, одан Сұлтан Қайып, одан Сұлтан Хамит, одан Сұлтан Халит, одан Сұлтан Қайдар, одан Сұлтан Мәулит, одан Әбу-Л-Фана, одан сұлтан Сәлім, одан Сұлтан Садық, одан Сұлтан Әбу-л-хақ, онан Сұлтан Осман, одан Жалалладин, одан Баба Түкті шашты Әзиз (Туклас), одан Тырма, одан Қарачи, одан Ислам Қия, одан Құтлу Қия, оның ұлы Едіге екені тәптіштеп жазылған.

Бір атаны ұлықтап көрсету үшін шындыққа қиянат жасау келеңсіздің ісі. Ол елдің арасына от салу, жік-жікке бөлу екені кімге болса да түсінікті, әрі ешкімді риза ететін іс емес.

Қазақ халқы үшін дұшпанымен арпалысып өткен, өзі тақты иеленуге ешқашан ұмтылмаған, Ұлы би атанған, Едіге батырдың да шежіресі осы.

Шоқан Уалихантегінің «маңғыт ордасының негізін салушы Едігенің моласы» деуі де оның тегі маңғыт болғандықтан емес, сол елді көтеруші, билеушісі Едіге болғандықтан айтылған сөз екенін зерделі азаматтың түсінері анық.

Ел Едігедей ерін құрметтейді, қасиет тұтады. Жұрттың ақпейіл ықыласы, елдің сүйіспеншілігі — ұлттың намысы. Ұлытау сонымен асқақтап, биіктеп көрінетін шығар.

Кәмел қажы Жүністегі,
жазушы,
Қазақстан Республикасының
Мәдениет қайраткері.

Апақтың құласы

Ескі аңыздың сарыны

Апақ саптамасының қонышынан шақшасын суырып, бір атымын алақанына төкті де, рақаттана езгілеп ұзақ отырды. Қою насыбайының иісі танауын қытықтап, тотыққан қоңыр жүзіне қан жүгірді. Шақшасын соңғы үш күнде қолына ұстағаны осы еді. Құла ат ауырғаннан бері қобалжыған, беймаза көңілі қаншама насыбайшы болса да қолын шақшаға создырмаған. Басы ауырып, мең-зең. «Енді қайттім?!» — деген бір ой санасынан шықпай-ақ қойғаны. Құла аттан гөрі өзінің ауырғаны жақсы еді, құла аттың жолында жиырма шақты қараны ойланбай-ақ атап жіберер еді. Амал не? Құла ат от пен судан қалып тұр. Қайран тұлпар көз алдына сөніп бара жатыр. Ысқырған желді сағына ма, тұяғынан ұша алмай қалған топырақ пен құс аңды көксей ме, жануар кей-кейде арқырап, кісінеп-кісінеп жібереді. Сол сәтте дүр сілкініп баяғы қалпына келгендей болады, сол сәтте Апақ та жас балаша қуанады, артынан құланың жүні жығылып, көзіне қайтадан жас үйіріледі.

Апақтың атын күзеткеніне үшінші күн. Бұл үш күнде жарытып не ас ішкен жоқ, не бел шешіп төсек көрген жоқ. Насыбайға созыла берген қолы сасқалақтап орта жолдан қайтып тұр.

Үшінші күні. Денесі құрысып, жын бұғандай қабағы жазылар емес, манаурап, мең-зең боп, насыбайдан бір

мытып алып танауына тоса бергені сол еді, шіміркеніп кетті. Құлағы шың етіп, құрсаулап отырған басы да босаңсып, маңдайынан тер бұрқ ете түсті. Бұл шіркінді әкеліп бергенде әлгі жиені.

Көшпелі сарттан алдым, деген.

Сол күні екен ғой. Әдетінше алақанын толтыра тарғыл насыбайды ерніне салып жіберген, тілін үйіре жөнелді. Басы айнала бастаған соң, ыршытып тастады. «Мынаның күші қалай-ей?» - деді өзіне-өзі.

Сәскеде жиналатын қыдырымпаз жегжат-құрдастары да келіп қалды. Төрдегі текеметтің үстінде жатқан шақшаны көріп құрдасы Аман жерден жеті қоян тапқандай қуанып бет-аузы жыбырлап, ыржыңдай ұмтылған. Апақ та оның қолын қақпады. Емін-еркін тиген соң ойсыратып бір кетейін дегендей құрдасы шақшаны қайта-қайта сілкілеп, алақанына төпелеп үйді дейсің. Апақ көрмегенсіді. Аман айналасына жалтақтап, қулана көз қысып қояды. Насыбайды ерніне тырсыта кептеп алып, үлкен бір істі тындырғандай жөткірініп қояды. Жайшылықта шақшасының маңынан жүргізбейтін Апаққа жұрт аң-таң. Тіпті дым білмегенсіп отыр. Шекпен шешкендей уақыт өткен жоқ, Аман тілі салақтап қисая кетті.

- Мына байғұс шалықтап жатыр ма? - десті үрпиген жұрт.

- Төтен ажал болмаса игі еді?!

- Тәйт әрі! Ана насыбайды алып таста аузынан, - деп ақырып қалды Апақ.

«Ойбайға» Аманның да сары тоқалы да жеткен.

- Ей, сары, тірілтіп ал мына бөк жеген итіңді, - деп Апақ күліп жіберді.

Жұрт Аманның аузы-басын шайып жатыр.

Өткеннің осы бір сәтін есіне алған Апақ сәл жадырап еді. Артынша қайта түнерді.

Құла. Шыныменен ауырып өлгені ме? Апақтың құласы атанған, мыңнан шыққан тұлпар. Әкесі марқұм айтатын:

- Тұлпар қазақ жылқысында, - деуші еді. - Ұлы жүз Қасқарау мен Кіші жүз Алданазар паңның жылқысында. Әріректе Орта жүзде де болған, - дейтұғын.

Құдай айдап кез келтірген. Құлынынан мәпелеп еді. Бауыр еті баласынан да жақын болып кеткен.

...Жуан торысының белінен түспей, күз болса қасқыр, қыс болса түлкі, көктемде бөлтірік аулап үйде отырмайтын кезі еді. Тап сол күні Шайкөздің теріскей бетінен бөрінің апанына кездескен. Алыстан інін торуылдап жүрген қаншықта да көзі шалып қалды. Атын тұсап, інге құрығын салып жатыр еді, артынан бірдеме келіп қалғандай болды. Жалт бұрылған. Ту сыртында тісін ақситып арлан бөрі отыр екен. Құлақ шекеден тиген құрықтан бір аунап түсіп қаша жөнелді. Апақ апаннан бес күшік алып үйіне олжалы қайтқан. Көз ұшында әлдебір нәрсе көлбеңдеп тұрғандай болған соң, ат басын бұрып еді. «Киік пе?.. Жоқ, киік әлі келе қойған жоқ». Танауы желбіреген құла құлын екен. Жаңа туған сияқты. Арық көк байтал әлі орнынан тұра алмай үйелеп жатыр. Құла құлын енесінің ол жағынан бір, бұл жағынан бір шығып ойнақшып жүр. Үсті де әлі кебе қоймаған. Құлынның қылығын тамашалаған Апақ аттан түсті де, әуелі енесінің алдына шөп жұлып салды. Жануар оқыранып, там-тұмдап жеп жатыр. Әбден титығына жетіп арыған. Мына мешіннің жұты қойсын ба, қары да қалың, мұзы да түскен.

Апақ құла құлынға қол созды. Құлын әуелде сескенді де, артынша аузын ашып, тамсанып, мойнын созып тұра қалды. Апақ оның құлағының түбінен қасып біраз мәпеледі. Құлынның да бойы үйренген сияқты, қолын иіскей бастады.

Таң қалды. Жылқы баласын көре жүре мұндай мүсінді кездестірген емес. Анау желбіреген танау, сыртқы айнала біткен шынашақ, құс төс, қоянның жонындай күдісте белі болашақтың жүйрігімін деп тұрғандай. «Кімнің жылқысы екен?...»

Енесі де манағыдай емес, ес жинап, отығып, әлденіп қалды. Апақ жас төлді, көтерем көк байталды тастап кете алмай, біреу іздеп келер деген үмітпен кешке дейін отырды.

«Япырмай, осы Алданазар паңның жылқысы болмаса игі еді. Үш-төрт күн бұрын осы малын айдап өткен. Мына байтал жұттан жүдеп. Жылқыға да ере алмай қалған-ау сыңайы».

...Апақ көк биені сауғызбады, сүтінің қызығын тек құла құлын көрді. Тайында құнан жарысына қосып қызықтады. Құнанда тісеуі деп көп жүгіртпеді. Дөненінде Тағылы-Бұғылы, Бесшоқыда мұнан озған ат болған жоқ. Бестісінде бүкіл Арқаға Апақтың құласы, құла тұлпар атанды. Тіл-көзді болар, дұшпанға қолды боп кетер деп, жат көзге көрсетпейтін де бір мезгіл ғана жайып кеп, көлеңкеге, қораға қамайтын.

...Қыстаудан жылыстап шықпаған көктемнің шуақты кезі. Сәскеде келген қонақ жөнін айта қоймай, қайта-қайта далаға шығып, жылқының тезегіне үңіліп, ұстап, үгітіп, тандай қағып, басын шайқай береді. Кейде әр нені сылтауратып жаяулап түзге шығып, тақырға түскен ат ізіне үңіледі.

Өзінің кер атын мана кермеге байлай салған, бір кезде оқыранып, кісінеп-кісінеп салды. Сол-ақ екен ат қорадан құланың күмбірлеген үні шықты. Кермедегі кер ат тықыршып тұрар емес.

- Енді не айтасыз, отағасы? - деді қонақ.

Апақ қонақтың мән-жайын жаңа түсінді. «Енді не айтасыз?» - деген сауалынан-ақ сескеніп еді. Күреңітіп кетті.

- Е, мал мен мал кісінеспеуші ме еді. Оның несін айтып отырсың, тегі?!

- Ақсақал, мен жоқ іздеп жүрген жанмын. Сізде бір құла бар дегенді естіп, әдейі келдім. Мына менің шыққыр көзім бір нәрсе таныса, сол құланың ізін көрдім, тезегін үктім. Ол құла мына мен мініп келген кердің кіші інісі, атасы бір тұқым. Құлағым керең болмаса, сол жоғымды дауысынан танып отырмын. Мен түгілі мал екеш мал да, мына менің керім де танып тұрған жоқ па?

- Әй, сенде бір жоқты оттайды екенсің? Қашан мен сенен мал ұрлап алып едім? Құлынынан қолымда өскен ақмалымды!.. О несі-ей?

-Жоқ, отағасы! Мешін жылы осы маңда жылқыға ере алмай бір көк байтал қалып еді. Мынау сонан туған құлын, мына аттың даусы соның үні. Мен өз жылқымды танымын.

- Сен мені ұры деуге бардың ба, енді. Көтерем бір көк байталды бағып-қағып үйірге қосқаным рас. Осы жылқыда жүр. Мал сенікі болса, бар да жетектеп кет. Енді басымды қатырма.

Ас ішіп болған соң қонақ көк байталды ноқталап, жетекке алып жүріп кеткен.

Апақ құланы бермей қалды. Айтып-айтпай не керек, мынау өткінші дүниеде Апақ құланың қызығын көріп баққан. Күздің қатқағында көз ұшынан қашқан бөріні бауырын жаздырмай-ақ талай соққан. Даланың аруы, желден жүйрік бөкеннің ең жүйрігін сан рет тобынан бөліп қуып, құрық салып тірідей ауылға әкеліп балашағаны тамаша қызыққа бөлеген.

Ертемен шапса кешке дейін құладан көбік шығып көрген емес, шаршау-болдыруды білмеген. Үстіне жай ер тұрмайды екен. Шеберге әдейілеп ер соқтырып, қос құйысқан, қос тартпа, айылмен ұстаттыратын. Қар жауа құламенен қасқыр қуып, арқар соғу оның кәсібі болып

алды. Қасынан өзі сияқты аң құмар үш-төрт жігіт қалмайды. Бұғылының қиыны, Құсмұрын менен Тағылының Қызыл биігінен арқарды атпен соғуға қиналып көрген емес.

Апақ бүгін өкініп отыр. Неге берді екен құла тұлпарды. Насыбайдың күші қайтқан. Маңдайынан шыққан шыппып тер басылған сайын өкініші көбейіп барады.

«Әй, ит-ай, айласын асырып кетт-ау..!» Қаншама күн насыбай көрмей кәрі жыны буып, ыңыранып жатқанда жиені келіп:

- Нағашы насыбай атасың ба? - деп бір құтыны тастай салған.

Апақ білген жоқ. Біраз күн бұрын жиені Апақтың әйеліне келіп:

- Нағашым құла атын берсін. Балқаш түстігіндегі Хан тауын мекен еткен әкемнің ағасы бар еді. Соған барып қайтсам, - деген тілек білдірген.

- Ойбой, ол бермейді атын. Тек бір айласы, нағашың насыбайдан қаңсып отыр. Сонысын тауып әкеп, сұрап көр, - деген Апақтың әйелі жиенге.

Насыбай Апақтың қолына тигенде, көзінің оты шырағандай жанып, денесі бусанып қоя берген. Жадырап сала берді. Жиені үйден шықпай берген сусынды шайқап ішіп, асықпай отыр. Нағашысына әлсін-әлсән көз тастайды. Көмейінде бірдеме бар сияқты.

- Нағашы.

-Әу?

- Бірдеме сұрасам бересің бе?

- Е, сұра.

- Жоқ, берсең ғана айтам.

- Әй, сенің бүгін ісің өтіп тұр, берейін! - Апақ жиеніне ризалығын жасыра алмай ағынан жарылды.

- Бересің ғой?

- Тантық неме-ау, берем дедім ғой.

- Берсең... құла атты бер... Үш-төрт күнге ғана. әкемнің ағасына барып қайтайын деп едім.

Апақ санын бір-ақ ұрды. «Берем» деп қалған соң, енді лаж жоқ. Құла атты сұрағаннан кара орманын отырғызып кетті-ау!

- Ал енді. Байқа, құлап қалып жүрме, шабысы қатты. Ұрлатып алма. Жолға қонып әуре болма, жер түбі болса да бүгін жетесің!

Өсиетін айтып-айтып Апақ құланы өзі ерттеп берген. Ат үстіне шыдамас деп, кара санынан бастап бүкіл денесін сегіз құлаш матамен орап тастаған. «Әйтпесе ұзақ жолға бел шыдамайды», - дескен үлкендер. Жиені құланың үстінде қаққан қазықтай болып таң ата жүріп кетіп еді...

...Жануар жер танабын қуырып келеді. Кезек-кезек сілтеген артқы екі аяқтан ұшқан топырақ күрелген қардай шашылып, ұшқан кесектер зуылдап қалып жатыр. Жиеннің құлаға мінуі бірінші рет еді, алапат жүрісіне шыдай алмай ердің қасына жармасты. Жортқанда жер танабы үстел үстіндегі мысық тартқан дастархандай жиырылып келіп, ат тұяғының астына тығылып жатқандай болды.

Сол жортыспен Тезекбайдан бірақ шығып, денесі әлі Қыза қоймаған аттың басын іркіп, айналаға көз тастап, шу деп шаба жөнелді. Жоқ, шабыс емес еді. Құлаққа ысқырған жел мен төрт тұяқтың бір сәтте жерге түскен дыбысы ғана жетеді. Әлде бір алып адам алып домбыраны шертіп-шертіп жібергендей күңгірлеген дыбыс. Тұлпарды өз еркімен жібермей, тартыңқырап, тізгінді бір түйіп ер қасына іліп қойды.

Шауып келе жатқан аттың қарасын көріп, көлдегі үйрек-каз ду етіп көтерілгенше, бұл оның жанынан зу етіп өте шығады. Денесі жаңа қыза бастаған тұлпардың басын ол Ойранға келгенде тартып тоқтатты. Көзінің

жасын жуып, су ішіп тағы да сары аяңға көшті. Сары аяңмен сыдыртып Айыртау асып, онан әрі жортысқа салып Ақтастан өте ат басына сәл еркіндік беріп тағы да құйындата жөнелді.

Киіктінің баурындағы зор жазықта құйындата шандатып келе жатқан аттыдан үріккен бір табын бөкен жөңкіле жөнелді. Алдындағы ор теке желге мініп ұшып кеткісі келгендей секіріп-секіріп алып зулады дейсің құс болып. Қызығып кетті жиен де. «Шу» деп қалды құланы. Қос құлағын қайшылап ытқып кетті тұлпары. Жиенге жаңағыдай емес, қашқан бөкендер жүгіре алмайтын мешел баладай көрінді. Көздері аларып, сасқан бөкендер екі айырылып, сүрініп-қабынып барады. Алдындағы ор теке зорға дегенде жалт беріп, жанынан садақ оғындай зу еткен құла тұлпарға аңырып қарап қала берді. Жиен енді құланың басын тарта алмай әлек. Сол шабыспен Тайатқан-Шұнақтан асып, Бетпақтың даласын дүбірлете сағымға сіңіп кетті...

Апақтың жиені іздеп келе жатқан Қазыбай ауылы Хан тауынан қозы көш жерде қонып отырған. Жылма жыл орын тебетін жайлауы, иісі бүркыраған теңізі, құсы кетпейтін кәусар бұлақтар да осы манда. Қазыбайдың орта ғана шаруасы бар, асып кеткен байлығы жоқ өзі сияқты жиырма шақты үй бас қосқан. Қазыбай қиқар шал, бірақ әділ Қиқарлығы ұстаса, тірі пендеге көнбейді: келген қонаққа тоқтының тәуірін соймадың деп, жалғызының басын да жарып қойған. Қиқар да болса осы ауылдың басалқасы; бірі үлкенім деп, бірі ақылым деп сыйлайды. Ешкім сөзін жерге тастаған емес, бетіне келген емес.

Күн сәскеде Қазыбай ақсақалдың құлағына бір дүбір естілгендей болды да, сыртқа жұмсаған баласы ештеме кере алмаған соң, жантайып жата берген. Тап. Осы дала-ай!.. У-шу жоқ, тұп-тұнық ауасы, қаймақ бетіндей дір етпейтін кер жазығы домбыраның қатты тартылған

ішегіндей. Күншіліктен бір дыбыс болса жер шетіне жетіп жатқаны. «Әлгі бір дүбір топ бөкеннің желісі ме екен?» Жігіт кезінде ел торыған жау мал ала қашса да бағдарын, алыс-жақынын жерге құлағын тосып аңдаушы еді. Жаңылысып көрмеген.

Басындағы жастығын алып тастап, сырмақтың бір шетін көтерді де, құлағын тосып тың тыңдады. Еміс-еміс дүбір бар сияқты, құмығып естіле ме қалай?

«Тыңдап көрші» дегендей баласына ым қақты. Баласы ештеме естілмейді дегендей бас шайқады. Үй-іші көрші-қолаңмен сусын ішіп ұзақ отырған Қазыбай шал намазын оқып болған соң таспа тіліп, қамшысының бүлдіргесін жөндеуге кірісті.

Түс ауып кеткен. Шалды жағалап, киіз үстінде ойнап жатқан немересі бір кезде:

- Ата, - деп саусағымен жерді нұсқады.

Шал қамшысын тастай беріп, тың тыңдады да:

- Біреу келе жатыр. Дәуде болса алыстан келеді, - деді.

- Алыстан біреу келе жатыр. Дәу де болса алыстан келеді, - деді.

- Алыстан біреу келе жатыр, атам айтты, атам! - деп немересі далаға жүгіре жөнелген.

Ұзамай-ақ ауылдың ақсақал-қарасақалдары жиылып қалды. Бәрінің аузында бір-ақ сөз:

- Біз де бір дүбірді осы қазір естіген сияқтымыз.

- Япырау, бұл кім болды екен?

- Қазекем ертеден бері естіп отырыпты ғой.

- Күншіліктен дүбір салатын мұндай шабысты ат бар ма еді?

- Я, бұл маңайда жоқ сияқты еді.

- Осы Апақтың құласы болып жүрмесін, - деді Қазыбай.

- Болса болар.

- Көзімізбен көретін болдық-ау жануарды.

- Уа, жұртым! - деді Қазыбай. - Апақтың құласы болса, қызған тұлпарды дәл қазір тоқтату қиын. Осы мандағы бар ауылдың жылқысын жолға қарай қаптатындар! Тұлпар бір тоқтаса, мал ішіне токтар. Басқа амал жоқ. Әйтпесе не өзі, не иесі опат болады.

Жан-жаққа шауып кеткен жігіттер үйірлі жылқыларды топ-тобымен айдап, ауылдан өтер жолға салып шашау шығармай қайырып жүр. Күн ұясына таяқ бойы қалғанда құйындата шаң көтеріп жүйріктің өзі де көрінді. Ағып келе жатқан жүйрік ел қарасын көре арқырап кісінеп-кісінеп жіберді де, ауыл үстінен өте беріп, бұғалықпен тартқандай бәсеңдеп барып, жылқы ішіне кіре тоқтады.

Жігіттер құланы жетелеп ауылға келгенде, үстіндегі жігітте өң-түс жоқ, қолы тізгінде қарысып қалған еді. Құланың жұқа шабы, құлақ түбі, алқымы ғана терлеген, әлі де тықыршып тұр. Жігітті көтеріп түсіріп алған жұрт үйге әкетті. Қызуы басылсын деп, Қазыбай тұлпарды бір үлкен адамды басшы етіп топ жігітке жаяу жетелетіп жіберді де «күнді батырмай қайтпаңдар» деп тапсырды.

- Қарағым-ау, мынау Есбол ғой, - деді Қазыбай үйге кірген соң. - Сусын әкеліндер тез, сусын!

Сусын ішіп, әл жинаған жігіт әр-берден соң шынтақтап жатып ағасына ел амандығын, өз бұйымтайын, құланың жайын әңгіме етті.

- Паһ, шіркін, мал болсаң осындай бол, - десті тыңдаушылар.

Қазыбай құла атқа жеке үй тіктіріп, сонда байлатты. «Ол үйге ешкім бас сұқпасын, атқа назар салмасын, егер біреу бұйрығымды бұзса, туған балам болса да аямаймын», - деп жар салды.

Былыраған марқаның еті тез пісті. Ас ішіп болған соң әбден ат соқты боп қалжыраған Есбол ұйықтап кетті.

Ел тарады, ат туралы бұйрығын айтқан соң Қазыбай да қаперсіз ұйықтаған.

...Бұдан кейінгі оқиға Апаққа ел аузымен ертегі боп жеткен...

Таң сәріде тысқа шыққан Қазыбайдың келіні кеше ғана тігілген онаша үйге көзі түскенде, “мал көрмеген қазақ па едік, атам осы атты несіне жасырып қойды” деп жабықтан сығаласа керек. Қазыбай інірде құланың екі жағына екі астау су қойған екен. Тұлпардың екі қабырғасынан алақандай қос қанат суды малшылай сабалап тұрыпты-мыс. Көрді ме, көрмеді ме, оған келіннен басқа куә болған ешкім жоқ. Әйтеуір, ертеңгісін Қазыбай шал құланың шылбырын шешкенде тұлпар сенделіп, ауырып тұр екен. Қазыбай сақалын жұлыпты. Аяқ астынан Есболды жолға әзірлеп.

- Ал, Есбол, енді Апақтың құласы мал болмайды. Үш жүйрік беремін. Құла атты жел жағына ұстап еліңе қайт, - депті. - Үш жүйріктің үшеуі де құланың қасында бірақ күншілік. Біріншісін әуелі қонған жеріңе тастап кет. Екіншісін екінші қонған жеріңе қалдыр. Әйтпесе, қол байлайды. Үшінші атпен ауылыңа да жетіп қаларсың. Көзі тірісінде тұлпарын Апаққа табыс ет, - десе керек.

Міне, Апақтың Құланы баққанына, Апақтың құласы, Құла тұлпар атанған жануардың бүгінгі сұлдерін баққанына неше күн. “Үмітсіз шайтан, мүмкін, жазылып кетер”, - деген ішінен.

Осыдан екі күн өткен соң құла тұлпардың арқырай кісінеген, соңғы демін сарқарын ол біліп пе? Содан осыдан бір жыл өткен соң дарақы тойдың төбелесін басам деп өзінің оққа ұшып өлерін біліп пе?.. Кейін ер жеткен бес баласының қан жүктеген елдің бір азаматы Нұрбайды ұстап әкеліп, әкесінің құнын қанмен жумақ болғанда, Бес Бошан елі ара түсіп, бітім жасарын біліп пе?

...Апақ бүгін Құланың үздік-үздік кісенесіне елендеп, бәріне кесір болған тарғыл насыбайды құшырлана атып отыр.

Жыртқыш

У-шуы көп ресторанға кіре орын іздеген Қадыр мен Төлеш түртінектеп жүріп зорға жайғасты. Біреулер әлдекімдерге бос орнын сақтап отыр, біреулер бергісі келмейді, әнебір отырған қыз бен кәрі әйел бұларға тіпті тұжырынып қалды. «Бұйырған осы да» - деп алты кісінің құлашы жетпейтін діңгектің жанына келіп жайғасты.

Тағамдарын жеп, орталап қалған екеу мүсіркей орын ұсынған. Өздері тояттап қалғанға ұқсайды, шанышқыны анда-санда ауыздарына апарғандары болмаса, қаузап отырғандары шамалы.

Жаңа жайғасқан бұл екеуі айнала үстелдерге жалтақтай көз жүгіртіп «извините, простите» - деп жүріп, меню де тауып алды.

- Не бұйырасыз!

Ізетпен келген даяшыға бұлар тәбеті шапқан асқа заказ беріп, аздап жеңіл шарап алдыртты. Енді ерінбей-жалықпай күтуге тура келеді. Қадыр ас мәзірін сырып тастап, өздерін қонсы қондырған екеуге барлай қарап отыр.

Сөздеріне қарағанда, бұлар қалаға іс сапарға келген жандар. Ана қара костюм киіп, қара шұбар галстук таққаны екіншісіне қарағанда ілкімділеу, еркін көсіле сөйлейді. Екіншісі... екіншісі... анда-санда бір сөз қосқаны болмаса, көбіне үнсіз тыңдап, бас шұлғиды. Сірә біріншісінің дәрежесі үлкендеу болу керек. Алтын тістерін жарқ еткізіп, тамсанып, тіс көбесін сорып қояды. Майлы қара шашын сол жақ қолымен жиі сипай береді. Оң жақ қолының саусақтары бір түрлі бүрісіңкіреп, буынына қарай иіліп біткен. Жүзінде жалғанды жалпағынан басқан адамның нышаны бар. Анау-мынау ұсақ-түйекпен есептеспейтін де, ескере қоймайтын да нышан. Қызыл шырайлы жүзіне қарасы мол әдемі

көздері ерекше түр беріп тұр. Сол көздерінен әлдебір от жылтырап өтетіндей. Жоқ, қатал адамның жанарындағы суық от емес, жыртқыштың көзіндегі ызалы зәрін шашқан отқа да ұқсамайды. Ол от мұның көзінен ылғи да көрініп те тұрған жоқ, әсіресе бір әңгіменің желікпе тұсында жылусыз салқын маздайды. Ол от - «мынау дүниені жалпағынан басайын, өз үлесімді молынан қамтып өтейін», - деген нәпсінің оты. Қадыр оның сөзіне еріксіз құлақ түкті.

- Шіркін, ет деп тағы аңның етін айтсаңшы. Дәмді ғой. Таңдап жүріп шөптің ең тәуірін, сіңімдісін жейді де, судың тұнығын ішеді. Киіктің етіне не жетсін. Гастрит-мастит дегендердің өзі лықа тойып алса ештеңе етпейді. — бір күні төрт-бес жігіт машинаға міндік те киікке тартып кеттік. Алдында естігенбіз: жайық маңына үйір-үйірімен келіпті. Иә, сәт, деп келеміз. Межелі жерден өте бере-ақ келесі қырақадан шаң бұрқ ете қалды. Бізді көріп-ақ қалған екен, жаңағы ә деп дүр ете қалған да көтерілген шаң. Машинаның барына салып бастық. Аңыратып жетіп келдік. Отыз шақты екен, быт-шыт болып қашты. Жете бере мылтықтар тарсылдап қоя бергеқ бір жаралысы сүйретіліп барады. «Сен осыны ұстап бауыздай бер» - деп оған бір жігітті түсіріп кеттік те, еңіске қарай қосарлана қашқан қос киіктің соңынан өкшелегенбіз. Екеуі де бір жаққа безді. Әй, Айтудың атқышы-ай! Қолында мелькашка, киікке алпыс-жетпіс метрдей қалғанда жалғыз оғының ыс еткен дыбысымен киікті бірге түсірді. Омыртқасын үзіп кетіпті. Өзіміз сияқтылар жазда да жата ма? Дала толған мәшине, мотоцикл іздері. Боз шоқының иығынан мотоцикл мінген бір-екеу қылтияды. Сірә, біз қуып кеткен топты аңдып келген болса керек, енді кім білсін, охото-инспекция болып жүрмесін деп бой тасалағандай. Неміз бар, даланың аңы жетпей ме, өте шықтық. Олар болса мотоциклдерінің о жер, бү жерін шұқылаған боп қорбандасып жүр.

Әңгімеші майлы шашын қолымен тағы бір сипап қойып «Сарыағаштан» асықпай екі-үш рет жұтты. Кең мейрамханадан орын таппай келіп сынадай қыстырылған Төлеш пен Қадырға селқостау ғана көз қиығын жүгірткен. Мүсіркеудің де нышаны бар. Жанындағы жігіттің әңгіме тыңдағаннан гөрі бас шұлғып, «Бәке, Бәкелеп» бәйек болуы көп. Қадырдың андағаны: бірінші жігіт- Бәкен, не Бәкір, болмаса Бәзіл. Бәкең қайта бөссін...

- Онан кейін бірінші тастап кеткен жігітіміз Тәтиге қарайлауға мұрша болмай қалды. Әлгі жалғызды қуамыз деп әжептәуір шығандаппыз. Тәти осы бетте қалған болар деп, бет түзеп бір-біріне ұксас тағы бір төбеге шықсақ, бір топ киік безіп келеді. Алдындағы ор теке жерге танауын тірей жүйткіді, анда-санда ұшып кеткісі келгендей орғи-орғи секірді.

Қадырдың көз алдына қара жерден медеу сұрағандай емінген дала сұлуы, ақырғы рет төсінді иіскеп мауқымды басып өтейінші дегендей еңірей безген жануарлар келе берген. Бәкең немқұрайды соғып отыр. Көзінде түсініксіз от бар.

- Топ киіктің соңында манағы мотоцикл гүрсілдетіп-ақ келеді. Бүйірден тап бердік, аналарға да аянбандар дегенді ыммен түсіндіргенбіз. Қолда қосаусыз. Тартып-тартып жібергенде, бергі шеткі лақтың алдыңғы екі аяғы шапанның жеңіндей салбырап қала берді. Тегі, өздерінің көздері тамаша-ау, күнәсіз сұлу қыздың жанарындай мөлдірейді. «Ал, бауызда», - деп тағы бір жігітті қалдырып, тобынан бөліне кес-кестей қашқан ор текенің өзін қуа жөнелдік. Осы күнгінің аңы да әккі. Тура қияға, қиынға салады.

- Оныңыз рас, Бәке. Ана жолы түнде сізбен бірге қоянға шыққанда, қитарыңыз прожектордың жарығын иіскелеп, шоқиып отырмаушы ма еді, қазір солар да жарықты көрсе зытатын болыпты.

Бәкең жолдасының сөзін бір құлағымен ғана тыңдап, мейрамхана ішіне тіміскілей көз тастаған.

- Я, сонымен тура сай-сайға түсе зытып берсін. Бет алдымыз биік тау. Мәшине сексен бес, тоқсанды көрсетіп ышқынып-ақ келеді. Арамыз тіпті таяр емес. Мұндай жүйрікті кім көрген, жан беру де оңай емес қой. Оһ, орғиды-ау, орғиды. Атомный век жанын қойсын ба, олжаладық-ау, әйтеуір. Сілікпеміз шықты. Сонан екінші жігітке қайтып оралдық

- Майлансын! - дейді ол да ыржалақтап.

- Айтсын, айтсын! - деп жатырмыз. Шөлмектің түбінде қалған бірдемені шофер апарып беріп жатыр. Шөліркеп қалған ба, қағып жіберіп:

- Сендер кеткен соң қызық болды ғой. Мотоцикл мінген екеу жаныма жетіп келгені. Мына киікті тартып әкетеді екен деп зәрем жоқ. Мұндайда айла керек, дөненді өздерін білесіңдер. Қалтамнан бүктелген қызыл ала қағаз шығарып көрсете қойып ем, екеуінің сасқаны-ай, мені, сірә, охотинспектор деп қалды ғой деймін, шаңын бір-ақ көрсетті, - деп тапқырлығына мәз.

Тәтидің қайда қалғанын тәңір білсін, айнала бір-біріне ұксас меңіреу төбешіктер. Дегенмен шоферіміз жершіл екен, жобалай тартқан. Шығынға шығып кетіппіз. Тәти ақсақ киікті жайғап тастап, қорылдап жатқан шығар дейміз. өзінің аздап ішкені бар еді, тынығып қалған болар. Дегенмен қызықтан құр қалды-ау. Көз ұшынан бір жаяу көрінді. Тәти болмауға тиіс. Оны біз күнгей бетке тастағанбыз, мынау теріскей етекте жүр. Өзі жүгіріп-жүгіріп алады да отыра қалады, қайта жүгіреді. Шешініп тастаған. Біреулер Тәти ғой десе, басқалар: «Е, оған не көрініпті бүйтіп, ол емес», - деп бой бермейді. Таяп келсек, Тәтидің тап өзі. Жаралы киік ұстатпай, сырғып қаша беріпті де, бұл болса айырылып қалмайын деп жығылып-тұрып жүгіре берген. Қап-қара боп түтіккен, ақ көбік боп ащы терін бір алыпты. Бізді көріп

қолындағы көйлегін киікке сілтеп лақтырды да шаңды бұрқ еткізіп отыра кетті. «Маладес, маладес», - деп-ақ келеміз. Киік қараған арасына жасырынған болды. Қақ маңдайдан көздеп едім, жанары жаутаңдап қарай берді. Тартып жіберіп, кузовқа лақтыра салдық.

Ресторан іші джаз музыкасының әуенімен қоса желпінгендей гу етіп түрегелген халыққа толып кетті. Музыка үзілер емес, бірі бітсе, бірі іліп әкетіп, желіктіре түскендей. Танысы жоқтар қабақпенен танысып, тез шүйіркелесе кеткен. Өне бір сұлу мүсінді келіншек қандай әдемі билейді. Көп шабақтың ішіндегі сазандай бұлтылдайды. Айналасы тәуеп ете үйілген жігіт-желең. Қадыр оның сымбатына іштей сүйсініп қана ризашылықтан ләззат алып отыр.

- Бәке, қараңызшы, тура аққайрандай емес пе өне бір келіншек. Шіркін... хи, хи!., - деп күледі екіншісі.

- Ой, Сәлмен-ай! Әйел сыйлап өскен халықпыз ғой, байқап сөйле. - Бәкең жан-жағына салқын көз тастап, білінер-білінбес жымиып қойды. - Я, тегі жаман емес сияқты.

- Бәкесі-ау, сіз енді бұл мәселе жағынан... енді... алдыңызға жан салмайсыз ғой, профессор десе де болады.

Бәкең қошеметті үнсіз қабылдап отыр, мақтау жанына жағатын сияқты. Алтын тістерін тағы да бір рет жарқ еткізіп қойды. Көзінде құмарлықтың аяусыз оты жарқ етіп жанып, әлдекімнің сирағынан төмендеп, туфлиіне ілінгенде көздері кірпіктерінің тасасына тығылып қалды. Қадырға мынау салқын сыпайы, ажарлы да өз орнын білетін бейтаныс кісі бағдарлап байқаған сайын жағымсыз әсер туғыза берді. Я, бұл кісіні қолынан демеп-көтеріп жіберу сияқты жақсылық та молынан келеді. Бірер звонокпен көп істі тыңдырып та берер-ау. Бағы өскен жігіттің бірі болар. Ай, бірақ анау қызыл шырайлы жүзінің астында аяусыздық жатпаса игі еді. Ел айтпай ма: «Бақ қонбайтын жігіт болмас, басып отырар зіл болса», - деп. Солардың бірі сияқты ма, қалай! Анау

Сәлмен дегені жандайшабы сияқты. Терезесін тең ұстай алмай отыр. Киген киімдерінің қымбат-арзандығы бірдей сияқты, тіпті галстуктері де бірдей. Дос та болар-ау екеуі, сонда бір-біріне тең деп қарай алмағаны ма?

Музыка тоқтаған. Әр жерде тәрелкені тықылдатқан шанышқы үні. Бәкең мен Сәлмен де сырадан бір-бір ұрттап қойып, балық құйрығын бірі баппен, бірі сілекейі шұбыра қаужасады.

- Сіздің үйден сол күнгі жеген қуырдақтың дәмі таңдайымнан кетпейді, - деп бастады Сәлмен.

- Е, ол қашан, өткен күздегіні айтасың ба? Ол бір мол қуырдақ еді ғой, несін айтасың, бүкіл дос-жарандарды жаздай бір қарық қылдық.

— ?

- Қуырдақ мол болды. Кейде киіктің мол табынына кездесіп, күн әбден шыжып, енді қаша алмайтындай болғанда жан-жағынан қоршап алып, таңдап отырып текелерін баудай түсіреміз. Бірен-саран оқ тиген ешкі-лакқа қарауға мұрша жоқ.

Бәкең бір жақсы келелі істі ойнап отырып істей салғандай қолын немқұрайды сілтеді. Дауысы мен келбетінде де нығыз пандық бар.

Қадірдің қолынан шанышқысы түсіп кетті. Өзінің әбес қимылына ұялыңқырап қалып, шынышқыны көтеріп қағазбен сүртіп: «Осы мінезім-ай, нем бар менің». Атса аң атып жүр, шаруам не? Сонда да манадан естігені шым-шымдап ісініп, енді көз алдынан жазықсыз жануарлар кететін емес. Жан-жағынан торауылға түскен бейкүнә еркелер. Оқ тиіп ыңыранған үндері құлаққа келетін сияқты. Өне, үйірін ала қашпақ болған кәрі теке ытқи секірді. Сонша болмады, мұрттай ұшып, тұяғын серпіп, жан тәсілім еткендей. Мыңдаған табын теңіздей толқиды, аянышты ыңыранады, күрсінеді.

— Я, Қадыр осыдан біраз бұрын тап осындай текені көргені бар. Құралайдың алды еді. Досы Зекен екеуі

мотоциклмен мал іздеп жүріп әлі лақтамаған жиырма шақты киікке тосыннан кезігіп қалды да, қызық көріп біраз соңдарынан ілескені бар. Төрт-бес шақырымнан соң көз алдарында бір топ буаз киіктер биік қараған ішіне сүңгіп-сүңгіп кетті, текесі екі жаққа кезек маңырап еді, әкесінің шақырғанына елпіндей жүгірген баладай еендеген екі бойдағы жанына жетіп келді. Теке пысқырып жіберді. Қадырдың көзі оның ақылды да, айбынды тұңғыық жанарына кездесті. «Тиссендер бізге тиіндер, тимендер апа топқа ұрпақтар үшін», - дегендей үшеуі қатерге бас тігіп өздеріне қарсы салды. Өне, жиырма метр жанай өтіп барады. Асығар емес, бұрылып қарайлайтындай, ана мен сәби үшін ажалға басын тіккендей. Қадыр мен Зекен ол үшеуінің мәрттігіне де, әсемдігіне де риза болып, сілейіп тұра берген. Аң екеш аңның да бауырмалдығына таң қалды. Сондағы текенің мойны мен сирағындағы түйенің шудасындай қызғылт шудасы қызықтыра, құбыла желкілдеген. Ондай текелер қазір кездеспейді. Неге? Неге олар жоқ болып барады? Қадыр оның жауабын мына мейрамханадан тауып отыр.

Бәкір әңгімесін ары қарай жалғастырған, әр сөзін баппен созып тамсандыра түседі.

— Бәрінен де тамашасы киік аулауға түнде шыққан ғой. Екі-үш мәшинаға қос-қостан прожектор орнатып алсаң жан-жақтан ұрған жарыққа шағылысып, естерінен танады да ызылдап тұра береді. Біржолы майдан жасадық-ау!.. Әр мәшинаға үш-төрттен бөлінгенбіз. Түн іші. Сарысудың орта тұсында бір тобын қоршап алдық. Осы күні шығып жүр ғой, әне бір алты оқты тізбектей жіберетін он екі калибрлі мылтық. Қолымызда солар. Бұрқыратып бердік. Айнала гүрсілдеп, ақыр заман болып, тау құлап келе жатқандай. Жарқ-жұрқ еткен прожекторлар табынның жолын кес-кестеп бірінен соң бірі көз ұялта жер мен көкті оскылай сабалап кеткен. Он-он бес минутта табын тегіс сұлап қалды. Түсе-түсе

қалдық та текелер мен семіз ешкінің ғана сандарын шауып алдық. Лақ дегендер қаптап жатыр. Оларға көңіл де бөлген жоқпыз. Теке мен семіз ешкінің сан еттерінің өзі жарты машина. Онан кейін тағы бір тобы кезігіп...

Онан әрі мына сұмдықты тыңдай беруге шыдамады.

- Сіз неткен жауыз адам едіңіз?! - Қадыр өксіген баладай ерні дірілдеп, әлгіні теңеуге сөз таба алмады, - бүлк етпей, шегіртке қырғандай әңгімелеп отырғаныңыз жауыздық қой!..

- Сен мына Бәкір Нақыповичті білмейді екенсің ғой. Сендей сан сумұрынның көзін... көзін жылтыратады. Қара-ей мұны! Не оттап тұрсың өзің?! - деп шаңқ ете қалды Сәлмен.

- Сіздер адам емессіздер!

- Ой, айранын жөндеп іше алмайтын ынжық ит. Сенде бізге ақылшысың ба ей? Көзіңе көк шыбын үймелетейін бе, осы?

Айқай-шу көтеріліп, мойын бұрып қарасқандар көбейіп кетті. Емпеңдей жеткен Бәкірдің таныстары да Қадырды бас бұзар, үлкенді жағадан алғыш, бөтелкеде басы кеткен, ұр да жық көре бастаған. Көп деген осы да, шырылдай келген даяшыға Қадыр саспай есебін берді. Байқағаны, Бәкір сұрланып алған, көзіндегі манағы бір от қатал ызғармен ауысып, есепшіл ақыл мен ғана сұп-суық сәуле шашады. Сәлмен иесіне жағымпаздана құсқа үрген қандендей шәуілдеп жүр, аузы-аузына жұқпайды, оның не деп жатқанын естімеді. Мазасыз шыбынды жасқанғандай қолын сілтей салған.

- Мен де аңшылыққа әуес едім, құралайды көзден атпасам да нысанам құр кетіп көрген жоқ, бірақ сендей жауыз даланың төсінде кездессе...

Қадырдың не айтпағын Бәкең де түсінді.

МАЗМҰНЫ

Кәмелдің жаңа романы хақында. Қалихан Ысқақ..... 3

ЕДІГЕ

I. Зобалаң шақ.....	5
II. Аласапыран.....	73
III. Береке кетсе.....	185
IV. Ел басына күн туса.....	220
V. Ұлыби.....	275

Ұлы Едіге — Ұлытауда! *Кәмел қажыЖүністегі.....378*

ХИКАЯТТАР

Апақтың құласы.....	388
Жыртқыш.....	399

Әдеби-көркем басылым
“Жаңа заман әдебиеті: проза”
сериясы

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ
ЕДІГЕ

Тарихи роман

(қазақ тілінде)

Баспа директоры
Қ.Назырбаев

Редакторы *Қ.Таңбин*
Суретшісі *Н.Нұрмұхамедов*
Техникалық редакторы *С.Бейсенова*
Беттеген *С.Назырбаева*
Корректоры *Қ.Ауғанбаева*



ИБ № 34.

Басуға 25.06.2012 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108¹/₃₂. Қағазы офсеттік.

Қаріп түрі “Times”. Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 21,5.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 219.

“Нұра-Астана” баспасы,
010000, Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 21.
“Астана Полиграфия” АҚ-ның баспаханасы,
010000, Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 21.